

Ә. С. ТАРАҚОВ


ӘЛЕМ
ӘДЕБИЕТІ
ЖӘНЕ
КӨРКЕМ
АУДАРМА



Алматы 2014

Ә. С. Тараков

ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІ ЖӘНЕ
КӨРКЕМ АУДАРМА



Алматы
"Қазак университеті"
2014

ӘОЖ 82/821(100)

КБЖ 83.3(0)

Т 21

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология,
әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі және
Редакциялық баспа кеңесі шешімімен ұсынылған*

Пікір жазғандар:

М. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты
филология ғылымдарының докторы **Г. Орда**
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
филология ғылымдарының докторы, профессор **А. Жақсылықов**

Тарақов Ә.С.

Т 21 Әлем әдебиеті және көркем аударма. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 355 б.

ISBN 978-601-04-0699-5

Шетел әдебиетін зерттеу – үлкен, ауқымды, үздіксіз жалғасып жататын үдеріс. Классикалық шығармалардың құндылығы мен маңыздылығы қашанда биік. Ежелгі әдеби мұралар мен фольклордан бастау алған әлемдік әдебиеттің тарихын, қалыптасу кезеңдерін, жанрлық ерекшеліктерін, ондағы әдеби ағымдар мен түрлі мектептер және шетел әдебиеті туралы оқулықтар, оқу құралдары қазақ тілінде жарық көруде. Автор бұл монографиясында Еуропа (Ежелгі грек және Рим, ағылшын) және Америка әдебиетінің қалыптасып, даму кезеңдерін қамти отырып, ежелгі антик және Рим әдебиетінің үздік үлгілеріне, олардың аударылу жайына, аудару туралы пайымдаулардың сабақтастығына тоқталады. Кітаптың ауқымды бөлігі ағылшын және америка әдебиетіне арналған. Зерттеуші қазіргі жаһандану дәуірінде белгілі биік ағылшын тілді әдебиетке аса көңіл бөлген. Әр кезеңдегі ел әдебиетін әлемге танытқан таланттардың шығармашылық өмірі мен таңдаулы туындыларын талдай келе, автор олардың орыс тілінен сатылы жүйеде қазақша тәржімеленуіне және аударылу деңгейіне, көркемдік-тілдік сапасына зер салады. Аудару теориясы мен ережелерін негізге ала отырып, аудармашы ізденісін, шеберлігін, тәржімелеу тәсілі мен техникасын сараптап, бағалайды. Аудару кезіндегі қателік түрлері мен олардың туындау себептерін анықтап, оны түзету амалдарын көрсетеді. Автор көптеген әдебиеттер мен зерттеулерден басқа заманауи шетелдік газет-журналдар материалдарын қарастырған. Монография жоғары оқу орындарының болашақ әдебиеттанушы, аудармашы, аударма зерттеуші студенттері мен магистранттарына арналған.


ӘОЖ 82/821(100)

КБЖ 83.3(0)

© Тарақов Ә.С., 2014

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2014

ISBN 978-601-04-0699-5



КІРІСПЕ

Әлем әдебиеті – сан салалы, әр кезеңде жаңарып, толығып отырады. Оны бірнеше ғалымдар зерттеп жазғанымен, үздіксіз жалғаса береді. Әр елдің әдебиетіне өзімен іргелес, көршілес, мәдениеті дамыған елдердің сөз өнері ықпал етумен бірге, жекелеген акын-жазушылар шығармашылығын жетілдіруге де зор әсерін тигізеді. Шығыс пен Батыстың өркениет әлеміндегі сан-салалы байланыстардың аясында қашанда алдыңғы орынға әдебиет шығады. Қазақ әдебиетінің Шығыс пен Еуропа мемлекеттерімен, байланысы зерттелінгенімен, Азия, Африка, Америка құрлықтарымен байланысы әлі жан-жақты зерттеуді, талдауды қажет етеді. Оның өзі ұзақ та ыждаһатты зерттеуге негізделеді.

Әлем әдебиетінің қалыптасу, даму кезеңдері, ағымдары, бағыттары, классиктер шығармашылығы жайлы монографиялар, оқулықтар, зерттеу еңбектер бар. Бұл жағынан келгенде Батыс мемлекеттері және Ресей қалыптасқан дәстүрді үнемі жетілдіруде. Кеңестік кезеңде кейбір капиталистік елдер әдебиеті идеологиялық көзқарас тұрғысынан қаралды. Бұл жекелеген шығармаларға да қатысты болды. «Шетел әдебиеті» немесе «Әлем әдебиеті» пәндері қазір жаңа уақытқа сай жазылып, жаңаша көзқараспен бағалануда. «Шетел әдебиеті» пәні Қазақстанның жоғары оқу орындарында оқытылып жүр, бұл салада қазақша жазылған оқулықтар мен оқу құралдары, зерттеулер бар. Бірақ әрбір халықтың әдебиетінің қалыптасып, дамуына үлес қосқан акын-жазушылар қаншалықты қамтылғанымен, негізінен алғанда шығармашылық қызметі жан-жақты талдауды талап етеді. Солай болуы заңды да.

Кітапта кенестік кезеңдегі классикалар аудармалары талданады. Көлеміне сай барлық аударылған туындыларды талдап, бағалау мүмкін емес. Аударматану ғылымының талаптары аударма теориясы әрі лингвистика заңдылықтары бойынша кеңінен зерттеу қажеттілігі де уақыттың өткір талабы. Кейбір аудармаларға жалпы сипаттама жасалса, басым көпшілігі тереңдей талданды. Әлем әдебиетіндегі XX ғасырдың соны мен XXI ғасыр басындағы танымал акын-жазушылар шығармашылығы жаңа еңбек жүгін көтеретіндіктен, оған тоқталмадық. Еуропадағы француз, неміс, испан, итальян әдебиеті және аталған ел акын-жазушыларының қазақша аударылған шығармаларын талдау жеке зерттеу нысаны болмақ.

Монографияда әлем әдебиетінің дамуына айрықша ықпал еткен ежелгі антик және Рим әдебиеті жайлы арнайы тарау бар. Батыс әдебиетінің көпшілігі осы елдердің ежелгі мұралары арқылы дамудың жаңа бағытына бетбұрды. Антикалық әдебиеттер аудармасы қысқаша ғана талданды. Олай болу себебі әрбір шығарма жеке талдап, саралауды қажет етеді.


Еуропа, ағылшын әдебиеті жөніндегі тараудың ауқымды бөлігін Шекспир шығармашылығы алады. Шекспир – Еуропа көркем сөз өнеріне үлкен ықпалын тигізген ұлы акын, драматургиясына тигізген пайдасы ұшан-теңіз. Шекспир шығармаларының қазақша аудармалары қарастырылады. Бұрынғы және кейінгі қазақшаланған драмаларды толық сараптау мүмкін емес.

Ағылшын поэзиясының классиктері Дж. Байрон, Р. Бернс жырларының қазақша аудармалары талданады. В. Скотт, Д. Дефо, Дж. Свифт, Ч. Диккенс т.б. ағылшын әдебиеті классиктерінің қазақшаланған туындылары таныстырылады. Орысшасымен салыстырыла, аударылу деңгейі сарапталады. Ағылшын және америка әдебиетінің таңдаулы туындылары кенестік кезеңде көптеп аударылғанымен, тәуелсіздік жылдары кітап шығару ісінің тоқырауына байланысты біраз тежеліп қалғанымен, кейінгі 7-8 жылда қайта жанданды. Әрине, Батыс әдебиетіндегі классикалық шығармаларды түгелдей тәр-

жімелеу мүмкін емес. Соңғы жылдары оқырмандарға кеңінен танылған ағылшын тілді жазушылар кітаптары екішеліп, іріктеліп аударылуда.

Монографияның көлемді бөлігін АҚШ және Англия әдебиеті алады. Американ әдебиеті – дәстүрге де, классиктерге де, жанрға да бай әдебиет. Ол өзінің даму тарихынан бастап бүгінгі дейін жеткен биігінен төмендеген емес. Кейінгі жылдарда американ, ағылшын, испан жазушылары туындылары тікелей түпнұсқадан тәржімеленуде. Бұл аударматануда жаңа талдауды қажет етеді. Әлі күнге оқырман қызыға оқитын Э. По, Дж. Лондон, М. Твен, Т. Драйзер, Э. Хемингуэй, Г. Лонгфери т.б. классиктер шығармашылығы зерттеуде қамтылған. Аудармаларына талдау жасалғандықтан, қазақшаланған бар шығарманы сараптау бір монографияда мүмкін емес. Бұл – жаңа зерттеулердің үлесі.

Француз, неміс, испан, итальян әдебиеті де Еуропада өз даму жолымен, жанрлық әралуандығымен ерекшеленеді. Оларды талдап, зерттеу жеке бір еңбекті қажет етеді. Сондықтан монографияда негізінен ағылшын, американ әдебиеттерінің тарихын, қалыптасу, даму заңдылықтарын хронологиялық сипатта қарастырдық. Жекелеген классиктер шығармаларының аудармалары талданып, бағаланады. Бұл талдаулар болашақ аудармашыларға, зерттеушілерге бағыт береді, жаңа ізденіске жетелейді деп үміттенеміз.



I

ЕЖЕЛГІ ГРЕК ЖӘНЕ РИМ ӘДЕБИЕТІ, АУДАРМАЛАРЫ

Ежелгі грек әдебиетінің тарихы

Грек әдебиеті – ежелгі, тарихы терең, бай әдебиет. Ол б.д.д. I мың жылдықтан бастап, қазірге дейінгі уақытты қамтиды. Осы уақыт аралығында грек халқының өміріндегі тарихи жағдай түп-тамырымен өзгерді, тіл де айтарлықтай өзгеріске енді. Алайда, оның даңқты өткен кезендерімен, ұлттық тарихи сана бірлігімен идеялық байланысы тұрақты сақталынып қалды. Грек әдебиеті үлкен 4 кезенді қамтиды.

1) Құл иелену қоғамымен сәйкесетін антикалық кезең – ең ежелгі уақыт (б.д.д. X-IX ғасырдан б.д.д. IV ғасырдың басына дейін, оған феодалдық құрылысқа ауысу кезені қысқаша қосылады). IV ғасырдан б.д.д. VI ғасырдың басына дейін;

2) Византиялық кезең – Юстиниан билігіндегі (527-565 жж.) феодалдық византиялық империяның қалыптасуындағы уақыттан бастап, 1453 жылғы Константинопольды (Византия) түріктердің жаулап алуына дейінгі уақыт.

3) Түрік билігіндегі кезең – 1453-1829 жылдар;

4) Жаңа гректік кезең – түрік билігінен азат етуден бастап (1829), қазіргі күндерге дейін.

Аталған 4 кезеңнен әлемдік мәдениет пен әдебиет тарихы үшін айрықша маңызға ие: біріншісі – антикалық кезең. Антикалық кезеңдегі грек әдебиеті жоғарғы сапалы мазмұндық

құрылымдағы көркемдік құндылығымен бүкіл Еуропа әдебиетіне үлкен ықпалын тигізді. Сөйтіп, еуропалық мәдениет тұтастай алғанда антикалық мәдениеттің негізінде жасалды. Қоғамдық санаға, ойлау жүйесіне, тілге, көркем бейнеге антикалық мәдениет айқын әсер етті.

Жана еуропалық тарихта, әдебиет пен өнерде, тіпті жеке-кей алғанда саяси өмірде антикалық мұраттар мен антикалық түрлерді қайта жасауға деген ұмтылыс ерекше қуатқа ие болған кезеңдер де бар. Бұған XIV ғасырда Италияда басталған гуманизм мен қайта өрлеу дәуірін, XVII және XVIII ғасырдағы классицизм дәуірін, 1789 жылғы Француз революциясына дейін жеткізген XVIII ғасырдағы Ағарту дәуірін атауға болады. Антикалық мұраттар мен образдардан Еуропаның әдебиеті, өнері мен ғылымының ұлы өкілдері: Данте, Петрарка, Микеланджело, Шекспир, Мильтон, Байрон, Рабле, Расин, Мольер, Вольтер, Э. Роттердамский, Рейхлин, Лессинг, Гете, Шиллер және талай талантты тұлғалар шабыттанды. Грек әдебиетінің жоғары маңыздылығын орыстың көрнекті жазушылары мен сыншылары да мойындаған. Атап айтқанда М.В. Ломоносов, А.Н. Радищев, А.С. Пушкин, Н.В. Гоголь, В.Г. Белинский, А.И. Герцен, И.С. Тургенов, Л.Н. Толстой, А.М. Горький және басқалар.

Антикалық әдебиеттің тарихын зерттеу кезеңі қайта өрлеу дәуірінен басталады, бұл кезеңде ғалымдар антикалық жазушылар шығармаларының мәтіндерін жинап, зерттеді. Мәселен, XVIII ғасырдағы классицизм дәуірінде француз драматургтері П. Корнель, Ж.Б. Мольер, Расин және басқалар антикалық мұраларды кеңінен пайдаланды, оның заманына қажеттілігін, рухын түсініп, одан жарқын үлгі алды.

Антикалық Грекияның тарихы құлдық қоғам орнағаннан басталады. Грек мемлекеті мен қалалары IV ғасырдың соңында анағұрлым күшті, барынша ынтымақты мемлекет Македониядан жеңіліп, оның билігіне бағынды. А. Македонский қол астында Грекия ғана емес, бүкіл Парсы мемлекеті қарады. Патша өлімінен кейін бірнеше ірі мемлекеттер монархиялық басымдылыққа ие болып, б.д.д. II ж.ғасырдың барысында

Римге де бағынды. Грекия тарихының бұл кезеңі эллинизм дәуірі деп аталады. «Эллиндік» немесе «классикалық» деп аталатын дәуірде Гомер, Пиндар, Эсхилл, Софокл, Эврипид, Аристофан, Платон, Аристотель, Демосфен, Минандр және тағы басқа таланттардың шығармашылық қызметі өркендеді.

Грек халқының саяси бірлігі болмады, сондықтан олар «полистар» деп аталатын шағын саяси қауымдастықты құрап, Жерорта, Қаратеңіз, Мәрмәр, Азау теңіздерінің жағалауында өмір сүрді. Алайда, әртүрлі қауым болуына әрі тайпалық бөлектенуге карамастан, гректер өз тарихының гүлдену кезеңінде ұлттық және мәдени бірліктің ең жоғарғы сапасына жетті.

Тілі бойынша ежелгі гректер үнді-еуропалық топқа енеді. Грек тілінің грамматикалық құрылысы италяндық, кельттік, германдық, славяндық, үнді, ирандық және бұл топтың басқа тілдеріне барынша жақындайды. Грек тілінің сөздік құрамында басқа тілдердің бұрынғы мекен еткен тұрғындардың және тіпті Кіші Азияның да элементтері бар. Кейінгі зерттеулер көрсеткендей, түркі сөздері де кіріккен. Жаңадан табылған б.д.д. II мыңжылдыққа жататын криттік, микендік, пиластық жазбалар грек тілінің жарқын үлгілері болып табылады. Ежелгі грек тілі үлкен лексикалық және морфологиялық байлыққа ие. Оның сөздігі ойдың бар мүмкіндіктегі иірімдерін жеткізетін синонимдердің молдығымен ерекшеленеді. Гректің классикалық әріптік жазуларының ең көне үлгілері б.д.д. XVIII ғасырға дейін болған. Әріптердің атаулары (альфа, бета, гамма, дельта және тағы басқа) олардың сызбалары грек алфавитінің семиттік шығу тегін көрсетеді, бәрінен бұрын Финикиядан шыққан. Бұл жазуды VII ғасырда ақын Архилок пайдаланды.

Грек тарихының ежелгі кезеңінде Грекияның әр облысында өзінің меншікті алфавиті болғанымен, жекелеген әріп түрінің құрамында айырмашылық бар. Тек қана 403 жылы Эвклидтің архонты кезінде Афинада 24 әріптен тұратын понийлік алфавит ресми түрде қабылданды. Осының салдарынан шіркеулік славяндық және орыс алфавитінің негізі қаланды. Оңтүстік

Италияда кеңінен қолданылған халкидтік алфавит негізінде латын алфавиті құралды. Бастапқыда жекелеген құжаттармен әдеби шығармалар теріге, жөке қабығына, кенеп пен балауыз қағаз кестелерге, тағы басқа материалдарға жазылды. Заңдар мен басқа құжаттар ағаш тақталарға ойылып жазылды, олар ұзақ уақыт сақтауға есептелінді, көбінесе тас немесе тіпті мәрмәр, қола плиталарға қашалып жазылды. Кейбіреулері бүгінге дейін жетті.

Египетпен сауда қатынасының дамуы – жазу материалының ереше түрі – папирусты пайдалану мүмкіндігін берді. Папирус египет камысының өзегінен алынған талшықтан әзірленді. Б.д.д. III ғасырда Пергам қаласында (Кіші Азияда) жергілікті тұрғындар ойлап тауып пергамент (пергами) деп атап кеткен арнайы бөлінген тері қолданылды. Пергаментке жазылған жазбалар мәтіннің ұзақ сақталуын қамтамасыз етті, сондай-ақ мұндай кітаптар анағұрлым сәнділігімен ерекшеленді. Кітапты алғашқы көшірушілер құлдар болған. Орта ғасырда көшіріп жазумен монахтар жиі айналысты, шығармаларды көшірушілер оған діни қызығушылығымен қарады, материалистік мазмұндағы шығармалар жойылды. Шындығына келсек, қолмен көшіріп жазуда мәтіндерде көптеген бұрмалаулар мен қателер кетті.

Грекияда мәдениеттің дамуына байланысты кітапқа деген сұраныс артты, кітаптардың бағасы көтерілді. Тіпті б.д.д. V ғасырларға дейін білімді адамдар кітап жинады. Ең алғашқылардың бірі болып трагик ақын Эврипид айтарлықтай кітапхана жасады. IV ғасырда философ Аристотельдің үлкен кітапханасы болды. Кейбір кітаптар біртіндеп атакты Александрия кітапханасына апарылды. Аристотель қаза тапқаннан кейін кітаптары қолдан-қолға таратылды, ақырында б.д.д. 83 жылға дейін рим колбасшысы Сулла Афинаны талқандағаннан кейін, оны Римге әкетті. Б.д.д. III ғасырдағы Александрия «патшалық» кітапханасы – қоғамдық кітапханалардың ең ірісі, беделдісі.

1453 жылы түріктер Византияны (Константинополь) жаулап алғаннан кейін грек ғалымдарының көпшілігі Батысқа, ең

бастысы Италияға, одан Францияға, Германияға, тіпті Ресейге кетіп қалды.

Ежелгі грек әдебиетінің негізі көзі ретінде философ Аристотельдің «Поэтикасы» мен «Риторикасы», Платонның «Протагор», «Георгий», «Феэот», «Федр», «Ион», «Мемлекет» және басқаларын, Дионис Галикарнастың шешендік шығармаларын, Страбонның (б.д.д. I ғасыр) «Географиясын» Павсанидің «Грекияға сипаттамасын», т.б. атауға болады. Антикалық әдебиеттің айтулы өкілдерінің бірі – б.д.д. шамамен VIII-VII ғасырда өмір сүрген ақын әйел Сафо. Оның одалары кезінде ел жүрегінде жатталды. Орыстың көрнекті ақыны Г. Державин 12 жыл бойы ақын өлеңдерін аударумен айналысқан.

Б.д.д. VII ғасырда өмір сүрген грек ақыны Тиртей туралы аңыздар мол. Соның ішінде оның үгіттік ықпалдағы өлеңдері қызықты. VII ғасырда спартандықтар өздерінің көршілері мессендіктердің құнарлы жерін жаулап алу үшін ұзаққа созылған кескілескен ұрыс жүргізген. Мессендіктер қатты қарсылық көрсетіп, спартандықтарды ауыр жеңіліске ұшыратады. Дельфийлік көріпкел абыздың кеңесі бойынша спартандықтар афиналықтардан көмек сұрайды, ал олар болса, мазақтағандай ақсақ мұғалім Тертейді жібереді. Тертей өзінің жырларымен спартандықтарды жігерлендеріп, олар дұшпандарын тасталқан етіп жеңген. Алайда кейбір шындыққа келмейтін аңыздарда Тертей спартандық болса керек. Бір болжамда Тертей Милеттен шыққан, Спартаға қоныс аударған деседі. Тертей жырлары патриоттық рухымен күшті. Ол «ұрыстан бас тартқан немесе соғыс алаңынан қашып шыққан қорқақтар мәңгі маскара болады, жастар алдыңғы шепте жүруі қажет» деген ой айтқан. Тертейдің өлеңдері Грекияда әйгілі болғаны сондай, әскерлер ұрыс алаңында шабыттану үшін айтқан, оны патриотизм үлгісі ретінде IV ғасырда мектепте оқып жаттатқызған.

Филолог, классик әрі есептеу техникасының маманы Дейвид Раккард (АҚШ) 1976 жылы «Ивик» атындағы компьютер жүйесімен ежелгі грек, ежелгі еврей, латын тілдеріндегі жазылған шығармаларды текстологиялық зерттеуге арналған жұмысты аяқтады. Бүгінгі таңда АҚШ-та көптеген ғылы-

ми оқу орындарында, әсіресе классикалық филология бөлімдерінде «Ивик» жүйесі қызмет етеді. Калифорния университетінде «Ежелгі грек тілінің тезаурусы» құрастырылды. Филадельфия университетінде ежелгі грек аудармашылары аударған әдеби ескерткіштердің алғашқы мәтіні мен кейінгі нұсқалары салыстырылып, талдау жүргізілген.

Эллинизм әдебиеті және әлем мәдениеті

Грекияның үлкен бөлігін IV ғасырда басып алған Филипптен кейін ұлы әрі мұрагері Александр Македонский Индияға дейін созылып жатқан шығысты жаулап алумен бірге, онда гректердің едәуір бөлігін апарды, көптеген қалалар салғызды. Бұл қалалар грек мәдениетін тарату орталығына айналды. Сонымен бірге Грекия мәдениеті Шығыспен де етене араласып кетті. Өйткені А. Македонский шығысты (Египетті) жаулап алғаннан кейін көптеген гректер сол өңірге қоныс аударды. Афинадан қуылған Дмитрий Филерский Птоломей кенесімен Александрияда ғалымдар мен акындарға, суретшілерге жағдай жасау мақсатында Ғылым академиясы тектес ерекше мекеме құрылып, «Музей» деп аталды. Мұны оның мұрагері Птоломей II жүзеге асырды. Музей б.д. III ғасырға дейін император Аврелиан жойғанша тіршілігін жасады. Музей жанынан ғалымдар мен акындарға пәтер бөлінді, материалдық жағдай жасалды. Бұл жерде ғылыми зерттеуге арналған зертханалар, зоологиялық, ботаникалық бақтар, обсерватория, кішігірім театр орналасты. Эллинизм дәуірінде кітапхана ісі жүйелі дамыды. Біртіндеп идиллия, буколистік немесе бақташылық поэзия дамыды.

Эллиндік әдебиетте проза басым болды. Философия, шешендік өнер бұрынғысынша Афинада шоғырланды. Бас ғылыми орталық Александрияда орналасты. Птоломейдің ұсынысы бойынша грек әлемінің барлық түкпірінен ғалымдар шақырылды. Олардың арасында әлемге әйгілі Эвклид, Архимед, Эратосфен, Аристарх Самосский, Аристарх Самофракийский, кейіннен қосылған Клавдий Птоломей бар. Эллинизм поэзиясының ірі өкілі

– Каллимах, «Аргонавтика» поэмасының авторы Аполоний Родосский, идиллия жанрының негізін қалаушы Феокриттер болды.

Грек әдебиетінің ең соңғы жаңалығы – әдебиетке романды енгізуі. Роман аталуы гректің емес, ортағасырдікі. Бұл түрді гректердің өздері бірде драма, бірде эпос немесе жай ғана әңгіме баяндаушы деп атады. Романды әлеуметтік-саяси, тұрмыстық, жалған немесе авантюралық, эротикалық деп бөлді. Грек романдары туралы әлі де талас туындауда. Негізінен олар үлкен фантастикасымен ерекшеленеді. Бізге жеткен ең ірі роман Гелиодордың «Эфиопиктер немесе Феаген және Харикея» деп аталса, (III ғасырдың соңы, IV ғасырдың басы), қызықты сюжетті бұл роман Торквато Тассо, Шекспир, Кальдерон, Расин т.б. классиктер мен XVII ғасырдың басқа да ромانشыларына қатты ықпал етті. Үлкен көркемдік қуаттағы Лонганын «Дифнис пен Хлоя» романы да танымал. Әсіресе көркемдік сұлулығы көп бөлігін ерекшелеп тұрады. Адам сезімінің, көңіл-күйінің көктем мезгілімен, табиғатпен астастырыла суреттелуі сондай тартымды. Бақташылық сарын басым, ол буколистік поэзияны еске түсіреді. Мәтіні ырғақтық прозаға жақын. Фэспид немесе Фэспис (б.д.д. VI ғасыр) – бірінші грек трагикі. Одан кейін Эсхил мен Софокл есімдері аталады.

Филология туралы ғылым Александария дәуірінде Ежелгі Грекияда қалыптасты. Ғалымдарға туған әдебиетінен, ежелгі гректердің шығармаларынан қасиетті дегендерінің дәл мәтінін айқындап әрі бірыңғай жинау үшін қажет болды. Ең алдымен Гомер поэмаларын талдап, түсіндіру уақыт талабынан туды. Міне, осы кезде талдаушылар, текстологтардың бірнеше мектебі қалыптасты. Одан әрі филологиямен шұғылдану Еуропаға бет алса, қайта өрлеу дәуірінде ежелгі мұраларды оқып үйрену ізгілікті жолға қойылды. Филолог-гуманистер ежелгі грек және латын мәтіндерін түсініп, оларды аудару үшін талдау қажеттілігін терең ұғынды. Антикалық тілмен жұмыс негізінде бірқатар қиындықтар кездесті. Ғалымдар алдында сөздік те, грамматика да, тіл туралы ешқандай оқулық, зерттеу болған жоқ. Біртіндеп ол Еуропадағы классикалық филологияның қалыптасуына оң бағыт нұсқады. Сөйтіп, ежелгі ғы-

лыми шығармаларды, философия, математика, жаратылыстану, ғылыми еңбектерді, т.б. көркем әдебиетті дербес шығарма ретінде үйрену XVIII ғасырдың соңында классикалық филологияның көне мұраларды зерттеуде айқындалды. Бізге жеткен ежелгі әдеби, тарихи құндылықтарды тану, талдау, түсіндіру филологиялық білім қажеттілігін алға қойды.

Грекиядағы драманың қалыптасуы ұзаққа созылды. Көп жылдар бойы жетекші орында эпос пен лирика тұрды. Оларға өз кезегінде фольклор үстемдік етті. Мифология грек фольклорында ерекше орын алды. Грек мифологиясы ежелгі басқа да халықтар сияқты қоршаған әлемді ұғынуға, түсіндіруге ұмтылыстан туындады. Әлемнің қалай жаратылуы, грек құдайлары мен батырлары, әдет-ғұрыптардың қалыптасуы мифологияның өзегі болды. Драманың қалыптасуы батырлық эпостар, «Иллиада» мен «Одиссея», өсиеттік эпос, Гесиод поэмалары (б.д.д.7 ғ.дейін), сондай-ақ 6-ғасырдағы грек ақындарының өлеңдері ықпал етті. Б.д.д. 7-6 ғғ. Грекияда әлеуметтік төңкеріс жасалды, құл иеленушілік біржолата жойылды. Осы кезде пайда болған Дионис культі трагедия, комедия жанрында дамыды.

Грек өнері – өнер атаулының ішіндегі тазасы және оның нормасы мен алғашқы үлгілері. Грек туындылары өзінің табиғи болмыс-бітімімен ешкімге еліктемеген, ешкімге ұқсамаған, дербес, ешқандай қоспасыз, өзіне тән даралығы мен дербестігі бар, өзіндік түрлері мен үлгілерді бойына сіңірген өзгеше өнер мұралары. Мұны көптеген зерттеушілер анықтап отыр. Орыс драматургы А. Афиногенов грек өнері «мақсатты даналық пен таза ойлардан тұрады. Еліктеуді Римдіктер жасады» деп ерекшелігін анықтап көрсетеді. Орыс оқымысты-ғалымдары да өз әдебиетін жасау кезінде антик және рим әдебиеті мен мәдениетінен айқын бағыт-бағдар іздеді. Ломоносов классикалық көне мұрадан өз мұратын тапты. Ол грек және рим жазушылары «сөз өнері ғылымында ең жақсы және сенімді үлгі көрсеткенін» атап жазды. Оған антик мәдениеті саяси мұраттарына да қызмет етті. Ежелгі антик әдебиетіне қызығушылық Еуропа елдерінде ерекше сипат алды. Сонау

XV-XVI ғасырда Сенеканың барлық трагедиялары испан, ағылшын тілдеріне тәржімеленсе, XVII ғасырда француз тіліне аударылды. Антик және Рим әдебиетінің мәдени мұраларының маңыздылығын айқын түсінген, басқа ғылымдарды меңгерумен бірге М. Ломоносов XVIII ғасырда «Медеядан», «Етейск Геркулесінен» және «Троя» аруларынан үзінділер аударған.

XII ғасырдағы грузин ақыны Чахрухадзе де антикалық әдебиет алыптарын ардақтап, жырлаған

«Сократ та даналық лаулайды,
Гомер жырларымен баурайды,
Энес ойлары заңғарға заулайды», —

деп грек ойшылдары мен ақындарының талант ерекшелігін айқындап көрсеткен. Барлық Еуропа әдебиеті өзінің дамуы мен қалыптасуында грек әдебиетінің ықпалын сезінді. Бертін келе, олар шығыс, араб, әдебиетінің бай қазынасынан өзіне керегін сәтімен ала білді.

Әлемнің ойшыл, әдебиетші ғалымдары грек әдебиетіне деген ерекше көзқарастарын өздерінің таным-түсінігі, көзқарасы тұрғысынан таразылады. Мысалы, Д. Дидро «Антик суреткерлердің туындылары неліктен ұлы? Өйткені барлық осынау суреткерлер философия мектебіне барды» деп ежелгі грек мектептерінде шешендік өнермен бірге, философияны оқытудың болашақ оқымысты ғалымдарға, әсіресе ақын-жазушыларға айырықша ықпалы болғанын айқындайды. Поляк әдебиетінің классигі А. Мицкевич: «Гректер поэтикалық сөзді дамудың жоғарғы дәрежесіне дейін жеткізді. Ақындар қасаң тілді батыл елестетуімен, құштарлық сезімімен, романтикалық сипатта мәнерледі» деп жазды. Шын мәнінде грек әдебиетінің басты құндылығы Еуропа елдерінің мәдениетінде өзінің айтулы рөлін ойнады.

Гетенің Эккерманмен әңгімесінде әлем әдебиетінің туындауы туралы тұжырымдай келіп, тамаша кейіпкерлер бейнелеуімен ерекшеленген ежелгі антикалық әдебиетті үлгі етіп ұстана отырып, әдеміліктің жоғары үлгілері мен классикалық

мұраттары тек антикалық гректерде ғана болғанын айырықша атайды. Кейбір әдебиет зерттеушілерінің бұған қарсы ой айтқанына қарамастан, ежелгі грек әдебиетінің әлем әдебиетінің дамуына орасан зор үлес қосқанын ешкім жоққа шығара алмайды.

«Грек әдебиетінің сөздің толық мағынасын халықтың санасын, әрі тұтастай өмірін, діни, азаматтық, саяси, ой-өріс, адамгершілік, әртістік, отбасылық өмірін бейнелегенін «айта келіп, В.Г. Белинский» грек әдебиетінің тарихы оның мемлекеттік немесе саяси тарихымен тығыз әрі ажырағыссыз байланыста»-деп жазды (502 с.). Ол грек поэзиясының алғашқы қалыптасу тарихына тереңдеп зерттеу қажеттілігін көрсетті. «Оны үнді, араб поэзиясының алғашқы қауымдық тарихымен салыстыра қарасаңыз, бейнелеу теориясы үшін одан қаншама деректер таба алар едіңіз» деп пайымдады. Алайда ғалым пікірінде жаңсақтық бар. Грек поэзиясы ой тереңдігі мен айқындылығынан алға шыққанымен, араб поэзиясы бейнелеудің көркемдік үлгілерімен әрі эстетикалық-этикалық қуатымен дараланады. Антикалық дәуірдегі жазушылар өз заманының оқиғаларын бейнелеуге ұмтылды. Олар оқиғаның жағдайдың бояуын қалыңдатпай, нақты, шынайы болмыста көрсетуді көздеді. Көркемдік болжамға барған жоқ. Тарихи туындыларда көркемдік қиялдан бойын аулақ салды. Олар тарихи оқиғаларды шынайылығымен бұрмаламай, анық та қанық жеткізуге ұмтылды. Антиқ әдебиетінің әлі күнге дейін әлемдік мәдениетте зор маңызын сақтауы да осыдан.

Сонан кейін романтика гректерде анағұрлым жоғары болды. Болашаққа деген асқақ мұрат, жігерлі ұмтылыс басым еді. «Грекияда махаббат сол кезден-ақ өз дамуының жоғарғы мезеті болып үлгерді. Ол онда сұлулық мұратына деген ағартушылық және рухтандырушы сезімдік ұмтылыс болды» деп В.Г. Белинский даралап көрсетті. Антиқ әдебиетіндегі тағы бір мықты, қуатты мұрат – Отанға сүйіспеншілік, елді, жерді қорғауға деген зор құлшыныс. Бұл, әсіресе тарихи туындылардың өміршең өзегіне айналды. «Адам бейнесі жарқын да асқақ сипатта болды, ол грек өнерінде жоғарғы мұрат-

тағы сұлулықты бейнелеуді көздеді. Грек өнерінде символика мен әжуалау біткен еді, өнер өнер күйінде қалды. Мұның себебін түсіндіруде оны әлемге кеңінен таралған мифтерден, терең де толық дамыған әрі айқын мағынадағы грек дінінен іздеу керек» деп грек көркем әдебиетінде құдайлар бейнесін дәріптеу мен өнегелеудің керемет үлгілері көрініс тапқанын ерекшеледі.

Грек әдебиетінің тереңге тамыр жайып, берік негіз қалауы шын мәнінде музаның барлық түрлерімен, әсіресе музыкамен байланысында. Мәселен, лирикалық поэзия ежелгі гректерде өзінің атауын ішекті аспап лирадан алды, ямб ямбакадан, ал эллегия жанры фригийлік флейтадан алды. Жырдың әдетте әуездік декламациясы әдетте лираның әуезімен сүйемелденіп отырды. В.Г. Белинский осыған қатысты бір ойында: «Өнердің, көркемөнердің дәрежесіне шарықтай алмаған поэзия әдебиетке жатпайды, сөз өнері саласына жатады. Мұндай поэзия халықтық деп аталады, сол мағынада алғанда гректерде тіпті не халықтық поэзия, не сөз өнері болған жоқ, бірақ көркем поэзия мен әдебиет болды» деп жіктеп көрсетеді (506 с.). В.Г. Белинский ежелгі грек өнері жайында «жоғарғы өнер, кез келген өнердің нормасы мен бастапқы үлгісі» деп айырықша даралайды. Олардың өзгешелігі де барлық басқа элементтердің оларға жат екенін, өзіндік дербес, таза, қоспасыз, түр мен үлгілері бар өнер болғандығын талдап көрсетеді де: «Олардың тағы бір табиғи қыры – мақсатты даналық пен таза ойлардан» тұратындығын, еліктеуді римляндықтар ғана жасағанын» пайымдайды. Осы тұрғыдан келгенде ежелгі грек әдебиеті де шығармашылық өнердің өзгеге ұқсасмас талай тамаша үлгілерін жасауымен дараланады. Сөз өнерінің ғажайып туындыларын жасауда олар шығармашылық бәсекеге батыл барды. Поэтикалық, драмалық күрделі композициядағы, тартысты сюжеттегі туындылар жасады.

О. Уайльд «барлық гректер суреткер, сыншы болды» дей келе, александриялықтардың арасынан шығармашылыққа бейімділердің көркем сынға керемет көңіл бөлгенін, стиль мен мәнер жайлы ойлап, толғанғанына тоқталады. «Өнер

өзінің түрімен гректердің сыншылық санасына міндетті» деген тұжырымды нақтылаған автор, эпос, лирика, тұтастай алғанда драма, оның құрамындағылардың бәрін қамтығанда бурлеск, идиллия, романтикалық роман, шытырман оқиғалы роман, эссе, диалог, шешендік жанр, лекция, эпиграммамен біз оған міндеттіміз» дейді.

Антикалық әдебиетті Ш. Уәлиханов та қызыға зерттеп, «Халық байлығы – малшылық» еңбегінде сәнді ертоқым кигізіп, сәнделген өгіз үстінде желіп келе жатқан сұлу дала аруын «Юпитер алып қашқан Еуропадай көрінер еді» деп суреттеген. Грек мифологиясын, миф сюжеттері мен сарындарын шығарма желісіне кіріктірген.

Антикалық әдебиет, мәдениет кемеңгерлері, Гомер, Софокл, Сократ, Платон, Ксенофонт, Аристотель ықпалы Абай шығармаларынан да байқалады.

Грек поэзиясында ақын қыз Сапфоның есімі ерекше аталады. Оның бүркеншік есімі Мадлена Сикодери. Антик заманында Сапфоның поэзиясы ерекше таңданыс туғызды. Сол кездің ғұламалары ақын қызды оныншы муза деп те атады. Император Август билігі кезеңінде өмір сүрген тарихшы Страбон «біз поэтикалық шеберлік жағынан онымен теңдесе алатын бірде-бір әйелді білмеппіз» деп жазды. Ал Сапфоның замандастары афиналық архонт Солон оның жырларының қалай әуендетілуін біліп, өзіне осынау керемет жырларды үйретуге шақырған. Өйткені «оны жаттап алғым келеді, сонан соң өлермін» деп айтыпты.

Сапфоның шығармашылығы да көптеген антик драматургтері тәрізді қазба жұмыстары кезіндегі табылған папирустар мен пергаменттері арқылы белгілі болып отыр. Оның осында жазылып қалған өлең үзінділері бізге жетті. Қазір басылып шыққандары 264 фрагмент, 63 жеке жолдар болса, тек 3 өлең ғана тұтастай шыққан. Осынау үзік дүниелер антикалық ақын қыздың поэтикалық мәнерінен түсінік береді. Әйтсе де соңғы ашылым өлеңінің санын төртке жеткізіп отыр.

Біраз уақыт бұрын археологтар папирусқа оралған египет мумиясын тауып алады. Ондағы жазбаларда б.д.д. III ғасыр



көрсетілген екен. Осыдан бірнеше жыл бұрын ғалымдар Майкл Гроунолд пен Роберт Дэниел бұл мәтіндерді Сапфоның туындыларының фрагменттері екенін пайымдады. 1922 жылы табылған папирустағы үзінділер мен оны салыстыра келіп, зерттеушілер осылардың бәрі аяқталған өлеңді құрайды деген тұжырымға келеді. Өлең 12 жолдан (6 буын) тұрады. Бастапқы шумақтардағы бірқатар жолдар өшіп қалған, алайда олар жырды толық қабылдауға кедергі келтірмейді. Қарттықтың жақындап келе жатқанына жанымен толғанған Сапфо оның болуға тиіс нышандарын санап шығады да, мойынсұнуды қолдайды. Бұл ежелгі грек лирикаларында жиі кездесетін көрініс. Сапфо өз пайымдауларын мифология туралы талдаулармен толықтырады, Троя патшасының тамаша ұлы Титон туралы аңызға тоқталады. Оған таң арайының тәңірісі Эос ғашық болып, өзіне күйеу болуға көндірсе керек. Оның өтініші бойынша Зевс жігітті мәңгі өлмейтін етіп жасайды, алайда есі кеткен Эос оны мәңгі жас күйінде қалдыруды ұмытып кетіпті. Титон қартайып кетеді. Эосқа оны күту де әбден тойдырса керек, ол өзінің күйеуін ұйықтайтын бөлмесінде есігін тарс жауып тастап кеткен. Содан соң ол біртіндеп семіп, жәндіктердің біріне (цикадаға) айналып кетіпті.

«Иллиада» мен «Одиссея» – ежелгі грек әдебиетінің асыл қазынасы

Грек әдебиеті ескерткіштерінің ең ежелгісі – «Иллиада» мен «Одиссея» поэмалары. Гректер бұл поэмалардың авторы б.д.д. IX ғасырда өмір сүрген соқыр акын Гомер деп санайды. Поэманың көлемі мен жоғары көркемдік сапасы оны жазуға ақынның көптеген уақыт миф пен аңыздардан материал жиганын көрсетеді. Бұл шығармалар көптеген сюжеттер мен образдардың тұтастай қазынасын сақтаған, халық ауыз әдебиеті мол пайдаланылған.

«Иллиада» – әскери тарихи бағыттағы поэма. Негізінен поэмалар Троя соғысына, оның ержүрек батырларына арналған. «Иллиада» атауы Илионнан шыққан. Ол – Трояның екінші

аты. Троя соғысы туралы жазылған ірі туынды. Алайда поэма онжылдық грек-троя соғысын тұтастай жырламаған, тек бір ғана эпизодын сипаттаған. Ақын тәңірге, музаға оны шабыттандыруды, Ахилланың ашуы туралы жыр жазуды, жырының мазмұнын айтып беруін өтініп сұрайды. Осы ашудың сыры 1-жырда баяндалады. Троялықтар он жыл бойы ахейліктердің (гректердің) шабуылына төтеп береді. Ахейліктер жақын маңдағы елді мекендерді жаулап, тонап, қорлап, халқын үнемі тұтқынға алып отырған. Бір қаланы алу кезінде абыз Аполлонға Кристың қызы Хирсеид тұтқынға түседі. Оны қадірлі сый ретінде Агаменнонға береді. Әкесінің тілегіне қарамай, Аполонның баға жеткізгісіз олжаға қызығуы былай тұрсын, керісінше балағаттап, ұрсып, қуып жібереді. Осыған ренжіген абыздың құлшылығы бойынша Аполлон ашуланып, ахейліктерге теңіз дауылын жібереді. Ахил жауынгерлеріне су астында қалу қаупі төнді. Ол пәленің неден келгенін білгісі келіп, жиын шақырады, көріпкел Калхант Агемнонның кінәсін тауып, Христің талабын қанағаттандыру ниетін білдіреді. Бұған ызаланған Агемнон өзінің ашуын Ахилдан алғысы келеді. Хресеиданың орнына Ахилдың жауынгерлеріне тарту етілген қолында жүрген Бирсеиданы тартып алмақ болады. Мұны естіп қатты ашуланған Ахилл өз намысын күшпен қорғауға ұмтылғанда, оны тәңірі Афина жібермейді. Сонда Ахилл өзінің жауынгерлерімен бұдан әрі ұрысқа қатыспайтынын мәлімдеп, мекен-жайына қайтады. Осыдан соң құдайлардың рахымына бөлену үшін құрбандық шалынады. Ахилл Хресеиданы әкесіне жіберіп, Бирсеиданы қайта өзіне әкеледі. Еңсесі түсіп, сағы сынған Ахилдің өтініші бойынша оның анасы тәңірі Фетида Олимпке, Зевс құдайдың алдына барады. Ол Аполлон мен ахей әскерлерін ұлын ренжіткені үшін жазалауға уәде береді. Жыр құдайлардың салтанатын сипаттаумен аяқталады.

Екінші жырда түсіне Зевс аян берген Аполлон троялықтармен соғысты бастамақ болады. Бұл үшін жауынгерлерінің көңіл-күйін білгісі келіп, отанына қайтаруды ұйғарады. Жауынгерлер бұл сынды тура қабылдап, жаппай кемелерге отырады. Үшінші жырда Приамның ұлы Гектордың басшылығындағы

троялықтардың гректермен соғысы баяндалады. Парис босқа қан төгіспей, ахейліктердің кез келгенін жекпе-жекке шығуын өтінеді. Еленаның күйеуі Менелай суырылып шығады. Жекпе-жекке шығу кезінде құрбандық шалынып, келісім жасалады. Менелай жауын жеңгеннен соң, Афродита Паристі бұлтпен бүркемелеп, Трояға Еленаның қоластына алып кетеді. Менелай Паристің қайта кеткенін аңғармай, ұрыс даласын кезіп жүреді. Төртінші жырда Троя одақтастары Пандара жебемен Менелайды жаралап, арадағы келісімді бұзады. Бесінші жыр көптеген троялықтарды, соның ішінде Пандараны да өлтірген грек батыры Диомед батыр жайлы. Ол троя батыры Энейды таспен ұрып жаралайды, оған анасы Афродита тәңір көмекке келіп, ұрыс даласынан алып шығады. Диомед соңынан қуып, ақыры соғыс құдайы Арестің өзін жаралап тынады.

Жетінші жырда Гектордың оралуымен троялықтар басымдылыққа жетеді. Гектор ахейліктерді жекпе-жекке шақырады. Жеребе бойынша Толамонның ұлы Аякс шығады. Қараңғылық түсіп кетіп, жекпе-жек тоқтатылады, батырлар бір-біріне сый беріп, екі жаққа аттанады. Сегізінші жырда Зевстің уәдесі орындалып, ақыры троялықтар ахейліктерді жеңіп тынады. 9-10-11-12-13 жырлар соғыс оқиғасын әңгімелесе, 14 жырда Посейдон гректерді қолдайды. Аякс жекпе-жекте Гекторды таспен жаралайды, оны ұрыс даласынан достары алып шығады. Тек 19 жырда ғана Ахилл Агемнонмен тіл табысуға келіп, одан тарту алады. Алайда соғыс өрті қайта тұтанады. 22 жырда Ахилла Гекторды өлтіреді. Гектор әкесіне, туған-туыстарына беруін өтінгенімен әбден кектенген ашулы Ахилла оның денесін арбаға байлап сүйретіп, ұрыс даласында қорлайды. Ең соңғы 24 жырда қарт Приам құдайлардың қолқа салуымен өлген ұлының денесін алып қайтуға аттанады. Оны Гермес құдай бастап барады. Приамның Ахиллаға өз әкесі туралы тебірене айтқан сөзі қатты толқытып, Гектордың денесін қайтарады. Тіпті оны жерлеуге 12 күн мерзім береді. Поэма Гекторды жерлеуді сипаттаумен тәмамдалады.

«Одиссея» поэмасы – «Иллиаданың» жалғасы, соңы іспетті. Троя соғысы бітісімен грек көсемдері өздерінің жасақтары-

мен мол олжаға кенеліп, тұтқындар алып, отанына қайтады. Бұл оқиғалар бірнеше поэмаларда «Оралу» деген жалпы атаумен сипатталған. Солардың қатарына Одиссея да енеді. Сюжеті айлалы да ақылды Одиссеяның отанына, Итакаға оралуы жырланады. Алғашқы жырда Итака аралындағы оқиға бейнеленген. Троя соғысы аяқталуына 10 жыл өтсе де, Одиссея туған еліне қайта алмайды. Себебі, өзінің ұлы Киклоп Полифемнің көзін ойып алғаны үшін Поссейдон құдай оны қаһарына алады. Бірде Посейдонның жоктығын пайдаланып, басқа олимпиялық тәңірлер оны еліне қайтаруға шешім қабылдайды. Итакада оны сенімді әрі сүйікті жары Пенелопамен әкесіз өскен ұлы Телемах күтіп алады. Сол жердегі ақсүйектер Пенелопаның дәрменсіздігін, Телемахтың жастығын пайдаланып, билікті өз қолдарына алуға әрекеттенеді. Олар Одиссеяның үй қожайыны болып, дегендерін жасайды, думандатып тойлайды. Сонда Одиссеяның жарылқаушысы Афина оның достарының бірі Мента кейпіне еніп, Телемахқа Одиссеяның бұрынғы достарына баруға әкесі туралы қандай да бір дерек алуға ақыл-кеңес береді. Екінші жырда Телемахтың әкесіне аттанысы баяндалады. Сапарға кеме қажеттілігін халықтық жиында айтқанымен мұны ешкім тыңдамайды. Сонда баяғы Ментора болып аян берген Афина оған кеме беріп, жасырын аттануына жағдай жасайды. Алдымен қарт Несторға жолығады, оның ақылымен еліне кеш оралған Менелайға барады. Менелай Египеттен келген Протей қарттан Одиссеяның тірі екенін, Калипсо, Нимфе аралында тұрып жатқанын хабарлайды. Бұл 3-4 жырда баяндалады.

Бесінші жырда тәңірлер Олимпке жиналып, Одиссеяны еліне қайтармақ болады. Нимора Одиссеяға ғашық болып, егер үйленсе, мәңгі өлмейтініне уәде береді. Гермес бұл тәңірдің ісі деп айтса да, Нимора ару көз жасын төгіп, Одиссеядан айырылғысы келмейді. Одиссея кеме жасап, еліне аттанады. 17 күн бойы сәтті жүзіп келе жатқан кемеге кенет қауіп төнеді. Поссейдон мұны сезіп қалып, қатты дауыл тұрғызады. Жырда дауылдың қалай соққаны керемет суреттелген. Кеме қирағанымен де, басқа тәңірлер Одиссеяға Схерию аралына, феакий халқына аман жетуіне жәрдемдеседі.

6-7-8-жырларда Одиссеяның аралға келуі жергілікті патша Алькинаның қабылдауы, той-думан жасауы жырланады. Тойда аэд Демедок Одиссеяның Троядағы ерлік істерін жырлайды, мұны естіген Одиссея көзінен жасы сорғалап, киімімен басын бүркеп жатып қалады. 9-10 жырда Одиссеяның 10 жылдағы сапарда көргені, лотофагтарға келіп, лотос жемісін жеп, дүниеде не болып жатқанын, тіпті отанына қайтуды ұмытқаны, алты серігін жеген ғажайып киклоп Полифенның көзін ойып алуы, Кирки аралында басынан кешкен азап-қиындықтары әңгімеленеді. Түсіне анасы Антиклей, Агамемнон, Ахилл, Аякс енеді, елінде не болып жатқанын сезеді. 13 жырда Феакиліктер Одиссея әңгімесінен кейін кеме жасап, жабдықтап, оны еліне қайтарады. Кемемен түнде Итакаға келеді, ұйықтап қалған Одиссеяны қазына-мүлкімен жағалаудағы үңгірге көтеріп әкеледі. Афина аралға қалың тұман жібермегендіктен, ол туған аралын танымай қалады. Афина Одиссеяны жас малшы кейпіне енгізіп, үйіне қожайын болғандармен күресу жолын айтады, шошқа бағушы Эвмей оны танымастай жүдеу қайыршы күйіне түсіреді. Одиссея оған өзі туралы жалған әңгіме ойлап тауып өзінің мәліметі бойынша Одиссея тірі екенін, жақында оралатынын Эвмейге жеткізеді. Афина Телемахтың түсіне кіріп, Эвмейге барып жолығуды сұрайды. Эвмей арқылы ұлымен Одиссея табысып, өзінің әкесі екенін білдіріп, кек алуды ойластырады. Телемах алдымен сарайға өзі барады, кейіннен Одиссеяны апарады. Жолда Миланфий бақташы оны келемеждейді. Қайыршы кейпінде сарайға келген Одиссея садақа беруін сұрағанда, катыгез Антоний орындық лақтырады. Пенелопа қайыршының Одиссея туралы не хабары барын білгісі келеді. Одиссея сарайда түнеп қалып, қаруларды ішінен түгел алып шығады. Түн жарымда Пенелопаға жолығып, Крит аралынан екенін, Троя соғысынан кейін Одиссеяға жолыққанын, түр-түсін, киген киімін сипаттап, жақсы хабарды естіп, жақында елге қайтатынын жеткізеді. Жарғақ құлағы жастыққа тимеген Пенелопа не тарту етерін білмейді, бала кезінде баққан кәрі күні Эвриплейге Одиссеяның аяғын жууды бұйырады. Эвреплей аяғындағы тыртықтан оның Одиссея екенін байқайды, ешкімге тіс жармауын талап етеді.

Келесі күні Пенелопаға дәмелі жігіттер тағы да сарайда думан жасайды, Телемахты өлтірмек болады. Пенелопа Одиссеяның садағы мен жебелерін беріп, шеңберге тигізу үшін мергендік сайысын өткізуді ойластырады. Кім дәл тигізсе, соған күйеуге шығамын дейді. Ешқайсысының адырнаны тартуға шамасы келмейді, ақыры Одиссея Телемахқа берген садақпен барлық шеңберді дәл көздейді. Сөйтіп, Телемахқа соғысты бастауға белгі береді. Бірден Антоний мен Эвримахты өлтірген соң олар алдында кім тұрғанын сезе қалды. Одиссеяның сатқын бір құлы оларға қару әкеп береді. Ұрыс басталады. Одиссея бәрін өлтіреді. Телемахтың өтініші бойынша тек кеменгер Медонт пен аэд Фемирді өзінің ерлігін жырлап даңққа бөлеу үшін тірі қалдырады. Соңғы XXIV жырда Одиссеяның әкесі Лаэртпен кездеседі, өлген құлдардың туған-туыстары оған қарсы көтеріледі, Одиссеяның әкесімен Телемах сенімді құлдарын ертіп шайқасқа түседі. Басшылары өлген соң, басқалары амалсыз бағынады, келісімге келеді.

Гомер поэмаларын орыс тіліне Н. Гнедич дәл, сәтті аударды. Сол аударманың алғы сөзінде: «Гомер туындысы ежелгі заманның ғаламат энциклопедиясы болып табылады. Гомер затты сипаттамайды, дәл көз алдында тұрғандай көрсетеді, сіз оны көріп тұрасыз» деп бағалаған. «Иллиада» да соғыстың сұрапыл кезеңдері бейнеленсе, «Одиссеяда» да бейбіт өмірдің қиындықтары баяндалған. Ақынның шеберлігі жекелеген көріністерді бейнелеу мәнерінен танылады. «Иллиаданы» В. Жуковский орыс тіліне шебер тәржімалады.

Приам қарттың өзінің ұлын өлтірген Ахиллдың алдына денесін сұрап баруы, қолдарынан сүюі – терең драматизм. Белинский: «Иллиададағы» бейнеленген әрбір кейіпкер грек ұлттық рухын қандай да бір қырын жеткізеді» деп айтқан. Троя патшасы қарт Приам бейнесі – сабырлы және кешірімді, қарапайымдылығымен ерекшеленеді. Басты кейіпкер Ахилл – ерлік даңқына бөленген батыр тұлға. Жауласушы халықтың азаматы болса да, Гектор – Троя соғысының көсемі. Ол қиын сәтте үнемі алда жүреді, соғыс ауыртпалығын мойымай көтереді, көпшіліктің сый-құрметіне, сүйіспеншілігіне бөленген адал қаһарман. Ақын оны ерекше сезімде жырлай-

ды. Жауынгерлік ерлігінің рухы, даңқының мұраты Ахилл болса, Одиссея – ақылы мен айласы бірдей, көп азап тартқан төзімді, табанды, қайсар қаһарман. «Илиадада» ол – тек батыл жауынгер ғана емес, ақылды кеңесші және кез келген алдап-арбаумен күреске әзір тұрған адам. Поэмада оның ерлік істерімен қатар, тапқырлығы, ептілігі, төзімділігі, айлакерлігі сипатталады. Мұндай ерекшелікті тәңірі Афина да одан талап етеді.

Екі поэмада да көптеген қосалқы кейіпкерлер бар. Әсіресе «Иллиада» да олар жауынгерлік болмыс бітімімен танылады. Мысалы, Диомед, екі Аякс, Атрида, Агрей ұлдары – Агаменнон, Менелай т.б. Ал, Телемах Одиссеяның сол кезеңге тән сипаттағы идеалды бозбала бейнесінде алынған. Ол әкесіне көмектесу арқылы өзінің өсіп-есейгенін, ерлік даңқына лайық екенін танытады. Отбасылық сыйластық пен жарастықтың үлгісі – Пенелопа. Ол – ақылды, сұлу, алғыр, төзімді, айлалы, батыл әйел. Андромаха – Гектордың сүйікті, сенімді қалыңдығы. Ол күйеуі үшін жанын беруге әзір, сөзін аямастан әрбір ұрысқа қатысады. Гектор қалаға келгенде алдынан ұлын алып шығады. Ол әке-шешесінен, туған-туыстарынан, ақыры сүйікті Гекторынан айырылып, қайғылы қаза табады.

Поэмалар – грек халқының поэтикалық сөйлеу мәнерінің ежелгі үлгісі. «Иллиада» және «Одиссея» – халықтық дүниетанымын негізіндегі, халықтық қиялдан туған сарындар мен бейнелеу жиынтығында жасалған эпикалық шығарма. Бұл – грек халқының нағыз даналық қазынасы. Платон: «Гомер бүкіл Грекияны тәрбиеледі» деп жоғары бағалады. Гомердің туындылары ұлттық колоритімен дараланады. Демокрит Гомерді «Құдайдың рақымына кенелген. Гомер жекелеген өлендерімен тұтастай әлемді құрастырды», – деп жоғары бағалады. Тәңір дарытқан талантпен, рухани күш-жігерімен ақын керемет те кеменгер шығарма қалдырды. Гомер жайлы Аристотель, Гераклид Понтийский, Платон, т.б. ғалымдар жақсы лебіздерін білдірді. Сонымен бірге шығармаға сындар да айтылды. Көрнекті филолог-ғалым антикалық дәуір әдебиетін зерттеуші әрі аударушы, профессор С.И. Радвич «Біз

Сүлеймен Стальский және Жамбыл сияқты халық ақын-жыршыларының тамаша шығармашылығын білеміз» дей келе, аталған ақын-жыршыларды Гомер бейнесінде көретінін айтады. Италиян классигі Данте Гомерді «ақындардың патшасы» деп айтқан. «Илиада» мен «Одиссея» 1781-1793 жылы И.Г. Фосстың керемет дәл әрі сәтті аударуымен неміс тілінде жарық көрді. Бұл ежелгі неміс поэзиясына деген қызығушылықты оятты. Сөйтіп, 1783 жылы «Нибелунгтар туралы жырдың» тұтастай жарық көруіне игі әсерін тигізді.

«Троя сұрапылы және оның батырлары, Одиссеяның басынан кешкендері», Гомердің «Иллиада» және «Одиссея» поэмаларын орыс тіліне қарасөзбен әңгімелеген В. Тудоровская. Қазақшалаған А. Сейдімбеков. – Алматы: Жазушы, 1988. Гомердің «Илиадасын» Қ. Жұмағалиев, «Одиссеяны» қазақ тіліне Ғ. Қайырбеков аударды. Ол аудару ісіндегі қиындық шығармалардың бізде жоқ буын өлшемі – гекзаметр (он сегіз, жиырма буын) түрінде жазылуы деп біледі. Бұл – бір. Екіншісі – ешқандай ұйкастың болмауы. Үшіншісі – әманда бес жолдан құралып, әр тармағы ерекшелігі еленіп, атап көрсетілді, елді мекендердің грекше аттары мен көптеген құдайлардың есімі үнемі түсіндіріп отыруды қажет еткенін әрі қазақ өлеңіне сыймайтындығын да атап өтеді. Осындай қиындықтарға қарамастан, аудармашы сәтті тәржімалаған.

Аристотель

Ежелгі грек әдебиетінің ұлы философ, жазушы ретінде Платон есімі айрықша аталады. Платон жасында ақын, музыкант, суретші, атлет, яғни сан қырлы талант болса, оның Академия бойынша шәкірті Аристотель – нағыз антикалық энциклопедияшы, бірнеше ғылым түрін меңгерген әмбебап тұлға. Ол Тагира қаласында А. Македонскийдің тәрбиешісі Филипп Македонскийдің патша сарайындағы дәрігер отбасында туып өскен.

Аристотель шын мәніндегі философ әрі жан-жақты ірі ғалым болды. Ол философиядан басқа, логикамен, этикамен, психо-

логиямен, риторикамен (шешендік өнер) және поэтикамен айналысты. Аристотель 20 жыл бойы Платонның қоластында шәкірт болса да, одан кейінгі жылдары өз бетімен үлкен істер тындырды, тіпті ұстазының идеалистік философиядағы негізгі тұжырымдарына қарсы шықты. Аристотель материализмді жақтаушы ретінде өнер шығармаларының мән-маңызына, ақындық шеберлікке эстетикалық талап тұрғысынан қарап, бірқатар еңбектер қалдырды. Өнер теориясы саласында Аристотель көптеген құнды ойлар айтты. Әсіресе оның эстетикалық көзқарастары айқын танылатын еңбегі – “Поэтика” трактаты. Бізге бұл кітаптың бірінші бөлігі ғана жетті, комедияға арналған екінші бөлімі сақталған. Аристотель бұл еңбегінде әдемілік негізі туралы мәселе қозғап, өзінің алдындағы Платон мен Сократтың әдемілік ұғымы қайырымдылық ұғымымен үйлеседі деген ойларына терең талданған тұжырымдарымен қарсы тұрды. Аристотель өнер табиғатқа шығармашылық еліктеуден туады, ол адамдарға өмірді тануға көмектеседі деген қорытындыға келді. Ғалым эстетикалық ләззаттың танымдық құндылығын мойындады. Өмірге еліктеу өнерде түрлі жолдармен, ырғақ, сөз, үйлесіммен болады деп есептеді. Ол өнерде жинақтау мен көркем қиял міндетті деп санады.

Ол “ақынның міндеті – шынайы болып жатқан жағдай жайында жеткізу емес, алдағы болатын жағдай туралы айтуы тиіс” деген тұжырым жасады. Тарихшы “болып өткен оқиғаны жеткізеді, ақын алдағы болатын оқиғаны, жеткізеді” деп тарихшы мен ақынның тарихи танымын даралайды. Аристотель өнердің бар түрінен ақындықты жоғары қояды да, поэзия түрінен трагедияны бәрінен биік деп есептейді. Оның ұйғарымынша эпоста ұшырасатын трагедия оқиғаны бейнелеу болса, ол лирикада эмоцияны бейнелейді. Ол трагедияда іс-әрекеттің бірлігін сақтауды талап етеді. Ол мекен, орын бірлігі туралы ештеңе айтпаған, уақыт бірлігіне айрықша мән бермейді. Фабуладан кейін екінші орынға мінез-қылықты қойды. Аристотель трагедия кейіпкері идеялды да, күнәлі адам да болмауы тиіс, олар жақсы адам болуы қажет, адам болғанда, өз еркімен немесе еріксіз әлдебір қателік жіберген адам бол-

ғаны дұрыс. Тек осы жағдайда ғана ол көрермендердің қорқыныш және азап шегу сезімін қозғайды. Ал Аристотель ойынша дәл осы сезім көрермендердің жанын тазартады (катарсис). Трагедияда бейнеленген тамаша адам әлдебір жағдайды бақытсыздыққа ұшырайды немесе мүлде өліп те кетуі мүмкін. Мұндай трагедия көрермендердің кейіпкерге деген аяушылығын туғызып, қандай да бір қателігін жасамауға, ондай жағдайға тап болмауға сенім орнықтырады. Дәл осындай мінез-құрылымының үлгісі – Аристотель көзқарасында Софоклдің осы аттас трагедиясындағы Эдип патша бейнесі. Ол бақытты өмірден бақытсыздыққа душар болған кейіпкерлер мінез-қылығын жасағаны үшін Еврипидті “ақындардың ішіндегі қасіреттісі” деп санайды.

Ол трагедияның тілдік құрлымына зер салады. Ол трагедияны көркейту аясында тілдің көркемдік құралын пайдалану деп түсініп, метафораны аса бағалайды. Ол тілдің көркемөнер құралдарынан бөлек, жалпыға ортақ қолданылатын сөздерді де пайдалануды ұйғарады. Аристотель трагедияны эпостан маңызды деп атайды, эпоспен салыстырып қарағанда шағын көлемімен сахналық іс-әрекетпен көпшілікке үлкен ықпал жасайды деген ойға негізделеді. Аристотельдің «Поэтикасында» әдеби теориялық тұжырымдар қамтылған. Әйтсе де драма туралы ойлары әлі де құнды. Ол «драмалық шығармалар динамикалы болуы қажет, ол адамдардың іс-әрекетін, күресін көрсетуі міндетті» дейді. Бүгінгі уақыт терминологиясын қолданып, драмалық шығармалардағы өткір тартыстың ашылуын талап етеді. «Драма көпшілікті тәрбиелейтін құрал» деген тұжырымы құнды да өміршен.

Адамды эстетикалық тәрбиелеу мәселесінде “Саясат” еңбегінде айырықша тоқталды. Ол антикалық әдебиетте барлық әдеби шығармаларға арналған бейнелеудің көркемдік құралының маңызы туралы айта келіп, көркем шығарма стилінің ең құндылығы айқындылық деп ерекшелейді. Бұл грек классикасының теоретигіне тән сипат еді. Стильдің айқындылығы жөнінде Аристотель “Шешендік өнер” кітабының III-бөлігінде көбірек тоқталған.

Аристотель “Поэтикасы” антикалық әлем өнерінің теориясын бейнелеуімен биік. Ол осы арқылы өмірдің негізгі тұжырымдарын жеткізді. “Поэтика” XVII ғасырдағы классицистер мен XVIII ғасырдағы ағартушылар үшін бірден-бір құнды теориялық зерттеу болып табылды. Аристотель “Поэтикасын” алғаш орыс тіліне Б. Ордынский аударды. Н.Т. Чернышевский алғысөзінде бұл ғылыми еңбектің маңыздылығын жоғары бағалады.

Аристотельдің «Риторикасы» – шешендік өнердің қасиетін бағалайтын зерттеу. Аристотель риториканы сендіру өнері, сендіру логикасы деп айқындайды. Ол шешендік өнер эстетикасының ең басты мәселесі ретінде әдемілік мәселесін көтереді. Аристотель пайымдауынша әсемдік адамның жеке басы үшін жасалмайды, басқалар үшін жасалады. Әсемдік атаулының бәрі қайырымды істерден тұрады. Оның тағы да бір көтерген маңызды мәселесі – стиль. “Риториканың” үшінші кітабы осыған арналған. Сөйлеудің өзіндік тәсілі, мәнері ретінде стильдің орнын ерекше атап көрсетеді. Ол стильде прозалық, поэзиялық, трагедиялық, т.б. түрге бөледі. Аристотель стильдің тұжырымдылығын әрі терең айқындылығын алға қояды. Мәселен классикалық стиль айқын, қарапайым, бәріне түсінікті, ешқандай жасанды болмауы тиіс. Жақсы стильдің ұзақ болуы да қажет, ықшамдылық өлшемге сай болу керек дегенді айтады. Классикалық стиль поэзияға, шешендік сөзге, жалпы алғанда өнер шығармаларының бәріне де тән.

Аристотельдің жан-жақты, терең білімі әдеби сынға қатысты ой-пікірлер айтуынан да байқалады. Әсіресе ол Гомер шығармашылығын зерттеп, биік бағалады.

Аристофан комедиялары

Аристофан б.д.д. 446-380 жылдары өмір сүрсе керек. Ежелгі Афинадағы театр қойылымдары Дионис құрметіне арналған бүкілхалықтық мерекенің үздіксіз бөлігіне айналды. Дионис немесе Вахк, Бакх, Бахус – жүзім құдайы немесе жүзім сабағының құдайы. Мұнда драматургтар арасында көркемдік шы-

фармашылық сайысы өтті. Б.д.д. V ғасырдың үшінші ширегінде, яғни Аристофанның шығармашылық кемелдену кезінде Леней мен Ұлы Дионис мерекелерінде үш комикалық акын сайысқа түскен. 10 аттикалық округтен арнайы таңдалынған төрешілер алқасы оларға өзара орын бөлген.

Бірінші сыйлық – автордың ірі жеңісі, екіншісі – айтарлықтай айырықша табыс, үшіншісі – соншалықты сәтсіздік. 427 жылы 19 жасқа толмаған Аристофан Ленейде өзінің тұңғыш комедиясын қойған. Бірақ бөгде есіммен ұсынған. Өйткені мұндағы өнер сайысына егде жастағы дарындар қатысатындықтан, Афина театр ісін басқаратын лауазымды адамдар оның жасына қынжылыс білдіруі мүмкін деген күдіктен қауіптенген. Екі тәжірибелі қарсыласымен бәсекеде екінші орынды жеңіп алады. Келесі жылы Ұлы Дионисий мерекесіне қуатты теңіз мемлекеттері орталығы Афинаға көптеген одақтас қалалар мен мемлекеттердің елшілері келіп қатысқан. Аристофан жаңа комедиясын ұсынған еді, бағы жанып бірінші сыйлықты иеленді. 423 жылы «Ахарняндықтар», 425 жылы «Салт аттылар» комедиясы табысқа кенелді. Бәрінен бұрын Аристофан 25 жылдай африналықтардың алдында сайыс сайын шығармаларын ұсынған бұл жанрдың жүйрігі, Катинді қапы қалдырған. Әйтсе де келесі 423 жылы Аристофан өзі шығармаларының ішіндегі үздігі саналған «Бұлт» комедиясымен қатысып, үшінші орыннан бірақ шықты. 422 жылы бірден өз атымен жазылған «Алдын ала сайыс» комедиясын, (қолжазбасы сақталмаған) және досы, актер Филонид есімімен комедиясын бәсекеге ұсынып, екеуі де бірінші сыйлықты иеленді. Аристофанның кейінгі табыстары белгісіз. 405 жылы Ленеяда қойылған «Бақалар» комедиясы бірінші сыйлық алып, көпшілік талабымен театрда қайтадан қойылған.

Аристофан 40 жылдық поэтикалық қызметінде 40 шақты комедия жазған. Оның соңғы екеуін сахнада қоюға ұлы Араротқа берген. Қарт драматургтың соңғы шығармашылық қажыр-қуатының айғағы болған шығармалар арқылы атағын шығарғысы келген. Алайда оның біреуі б.д.д. сақталмағанымен, Араротқа алғашқы бас сыйлықты алуға ықпал еткен.

Аристофан комедияларына тән ерекшелік әрқайсысы прологпен басталады. Бұл кейінгі драматургтерге үлгі болған. Оның әрбір комедиясы өзіндік әрі қайталанбас көркем жанрдың бірден-бір ескерткіші болып табылады. Аристофан комедиялары б.д.д. V ғасырдың соңғы ширегі мен IV ғасырдың басындағы Афинада қалыптасқан тарихи жағдайларды қамтыған. Афина демократиясының дағдарысының сыртқы көрінісі саналатын Пелопоннесс соғысы (б.д.д. 431-404) сол кездегі Грекиядағы екі мемлекет арасындағы билік бәсекелесі Афина мен Спарта арасында өткен. Соғыс Аттиланың елді мекен тұрғындарын қатты зардап шектірген. Мәселен, «Бейбітшілік» (б.д.д.425 және 421 жылдар аралығында жазылған шығарма) Афина мен Спарта арасындағы бейбіт келісім қарсаңында жазылған. Өйткені 10 жыл қырқысқан 2 мемлекет бір-бірін жеңе алмаған. “Мисистрата” комедиясы Пелопоннесс соғысының алғашқы 10 жылына арналған. “Мисистратаны” қазақ тіліне М. Базарбаев аударған.

Автор комедияларының сюжеттік ерекшелігі – фантастикалылығы. Драмаларда өмір шындығымен қатар, қиял қоспалары да араласады. Афинаның күнделікті тұрмысы көрініс тапқан. Керемет лирик ақын. Автордың шығармаларының фантастикалылығы “Ахарняндықтар” комедиясында аңғарылады. Афиналық бір жер шенеунігі мемлекеттің әскер саясатына наразы болады, спартандықтармен бейбіт келісімге келеді, Грекияның барлық көрші аймақтарының тұрғындарына арналған базар ашады. Айналада соғыс жүріп жатқанда, ол селолық мереке өткізіп оған азғырушы аруларды қатыстырады. Еуропа мәдениетінің ежелгі аттикалық комедия түрлері шын мәнінде қайталанбайтын құбылыс болған. Сондықтанда Аристофан тәжірибесін саналы түрде меңгеруге Э. Роттердамский, Рабле, Расин, Гейне, Роллан ден қойса, Салтыков-Щедрин, Маяковский, Брет оның жетістіктерінен өздеріне бағдар жасады. Аристофан драмаларында күлкілі көріністердің қуаттылығы – адамға деген сүйіспеншілік билік пен байлық жиғандарға деген жеккөрініш, өздерінің игіліктері үшін

халықты алдап-арбап, тұтастай елді соғыс өртіне шалдықтыратындарға қарсы күрес. Талантты ақынның бұл сезімі талай ғасыр өтсе де, әлі күнге суыған жоқ.

Адриан Пиатровский Аристофан комедияларын аударумен 10 жылдан астам айналысқан. Ол орыс оқырмандарына ежелгі түпнұсқаның рухы мен стилін жеткізе білді. Пиатровский аудармасы бәрінен көркемдік тұтастылығымен, колориттік бірлігімен, ежелгі аттикалық комедияның композициялық және стилдік ерекшелігін түсінумен маңызды. 1934 жылы жарық көрген Аристофанның 2 томдығымен танысқан оқырман алғаш рет комедияның толық аудармасын қолға тигізді. Аудармада түпнұсқаның айқын образдылығы, бай метафоралылығы, күрделі және әркілы ырғақтылық құрылымы сақталған. Аудармашы сәтті баламаларды таба білген, ежелгі ақынның байқала бермейтін сөз өнеріндегі қиялының жемісін орысша шынайы ұғынған. Ежелгі грек тілінің бар құпиясын аудармада көрсетуге тырысқан. Аристофан сөз өнеріндегі образдылықты дәл жеткізу үшін басы артық синонимдерді қолданған. Түпнұсқадағы образдылықты соған сәйкес ұғымдармен байытқан. Мұнымен бірге Пиатровский антикалық ұғымға сәйкес келмейтін мәтіндерді кейде өз түсінігіне сай бейімдеп, әдейі түпнұсқаның эмоциялық дыбысталуын күшейтеді. Түпнұсқада Аристофан кейіпкерлерін “едят”, “спят”, “бродят”, “кричат” Пиатровский тәржімесінде “жрут”, “лопают”, “дыхнут”, “шляются”, “орут” деп берілген.

Софоклдің драматургиялық даңқы (Б.д.д. 496-406 ж.)

Перикл дәуіріндегі қару-жарак шебері қожайындары отбасында туып, өсіп, жақсы білім алған Софоклдің суреткерлік таланты ерте шындалды, Саламин жеңісін мадақтаған жасөспірімдер хорына 16 жасында жетекші болды. Өз трагедияларында өзі ойнады. Ол 120-дан астам трагедия жазғанымен, бізге жеткені жетеу. Софокл мемлекеттік өмірге белсене араласып, жауапты қызметтер атқарды, стратег (әскербасы) болып тағайындалып, Афинадан бөлінбек болған Самос ара-

лы билігіне қарсы саясатқа қатысты. Софокл адамға, оның жандүниелік күйзелу-қобалжуына ерекше көңіл бөлді. Эсхил сияқты Софокл де құдайдың құдыретіне қатты сенді, Софокл сахнаға 3 актерді шығарып, трагедияның диалогтық бөлігін кеңейтіп, хор партиясын азайтты. Декорациялық кескіндемені енгізді. Фиван топтамаларынан анағұрлым белгілері – «Антигона», «Эдип патша», «Колоннадағы Эдип». Оларда негізінен Фиван ұрпағына тап келген бақытсыздық сипатталады.

Гректің атакты драматургтерінің екіншісі Софокл б.д.д. 496 жылы Афинадағы Колона деген мекенде туды. Оның ең соңғы тамаша хор әнімен танымал туындысы «Колонадағы Эдип» туған мекенінің атын шығарды. Софокл драматургиялық таланты жағынан ұстазы Эсхилден де асып түсті. 468 жылы құрамына «Триптомм» трагедиясы енген тетрологиясымен алғашқы табысқа жетті. Мұнда ол антикалық аңызды қайтадан мазмұндады. Деметра тәнірдің жергілікті тұрғындарға жерді игеру ісін бастағаны өзек болуымен пьесаның патриоттық мәні артты. 441 жылы стратег қызметімен Перикл патшасымен бірге Самос аралына қарсы шайқасқа қатысты. Перикл – өте білімді, алдыңғы қатарлы ақсүйек тұқымынан шыққан, сезімтал саясаткер, жақсы қолбасшы және өмірдің қайшылықты жайларын жедел жөнге салатын билеуші ретінде танымал. Билік кезіндегі 500-429 жылдары Грекияның түрлі облыстарының көрнекті ғылым және өнер қайраткерлерінің басын қосып, елдің сәулет өнерін, әдебиеті мен мәдениетінің барлық түрін гүлдентуге басшылық жасаған. Самостағы таңдаған стратегиясының сәттілігі жайлы «Антигона» трагедиясында бейнеледі. Алайда әскери талантымен айрықша танылмаса да, қазына және стратег қызметіне (қызметке жеребе тәсілі емес, көпшілік дауыспен қол көтеру арқылы) тағайындалуы материалдық жағдайының жақсы болуына мүмкіндік туғызды. Ол бүкіл өмірін отанында өткізді, халықтың құрметіне бөленді. Замандастарының айтуынша сыртқы тұлғасының әдемілігіне сүйкімділігі сай келген. Ұлы Дионисидегі драматургтер бәсекесінде 18 жеңіске жетсе, Ленеяда 6 рет табыс тұғырына шыққан.

Софокл кезінде 123 драма жазған, бізге жеткені жетеу. Хронологиялық тұрғыдан реттесек: «Аякс», «Трахиняндықтар», «Антигона», «Эдип патша», «Электра», «Филогетт», «Колонадағы Эдип». Қойылған мерзімі белгісіз. Тек қана «Филогеттің» 409 жылы, ал «Колонадағы Эдиптің» ақын дүниеден қайтқан соң 401 жылы қойылғаны анық. 1911 жылы драматургтің «Ізашар» сатиралық драмасының анағұрлым үзіндісі жазылған папирус табылған. Зерттеушілер пайымдауынша ертедегі шығармалары болса керек. «Аякстің» сюжеті финикалық «Кіші Илиада» поэмасынан алынған. Ахилл өлімінен кейін Аякс одан соңғы айбынды батыр екенін біліп, оның мал-мүлкіне иеленуге ұмтылады. Алайда оның бәрі Одиссеяға берілген еді. Аякс бәрін өлтіріп, игілікке кенелсем дегенімен, Афина кедергі келтіреді, қой отары мен сиыр табынын құртып жібереді. Ақыры Аякстің өзін-өзі өлтіруге бел байлауы, Одиссея және әйелі Текмесс, сенімді жауынгерлері араласып, райынан қайтарады. Аякстің адамгершілік жеңіске жетуімен трагедия аяқталады.

Драматургтің «Электрасы» – Эсхилдің «Хоэфорасымен» сюжет жағынан ұқсас. Мұнда басты кейіпкер Орест емес, оның қарындасы Электра. «Филолент» «Кіші Илиада» сюжетіне негізделген және де Эсхил мен Эврипид бұрын әзірлеген сюжет болатын. Оқиғаға негіз болған жылан шағып, уын қайтару үшін емдеуге алыс аралға жіберілген Филонтетке берген Гераклдың садағы мен жебесі Троя соғысы үшін қайтару әрекетімен туындайды. Оқиғаға Одиссея, Ахилдың ұлы Неоптелен араласады. Геракл алып туралы мифтер топтамасынан алынған сюжет «Трахиняндықтар» деп аталады.

Софоклдің әкесі Софилл дәулетті, қару-жарақ шеберханасының қожайыны болған. Софокл жақсы білім алды. Гимнастикамен айналысып, музыканы меңгерген. Кейіннен өзінің драмасының лирикалық бөлігіне музыкалар құрастырды. Софокл қартайса да, драмалар жазудан жалықпады. Әдеби қызметінен бөлек, отанының саяси өміріне белсене араласты, бірнеше рет түрлі мемлекеттік лауазымды орындарға, эллиндік қазына комиссиясының төрағалығына тағайындалды.

Софоклдің негізгі өмірі Афина мемлекетінің жоғарғы гүлдену дәуірімен сәйкеседі. Өмірінің соңғы жылдары Софокл бүкіл Грекияны қамтыған өзара қырқыстағы Пелопоннес соғысының куәгері болды. Ол соғыстың аяқталуына 2 жыл қалғанда б.д.д. 406 жылы дүниеден өтті.

Эсхилл тәрізді Софокл де трагедияларына дәстүрлі мифологиялық сюжеттер енгізді. Ол антикалық драмаларға бірқатар жаңалықтар қосты. Ол хорды бастапқыдағы 12 адамның орнына 15-ке дейін жеткізді, хор трагедияда қосалқы рөл атқарды, әндері едәуір қысқарды. Софокл рөлде ойнайтын адамдар санын қысқартып, 3 адамға дейін жеткізді. Ол театрлық декоративтік кескіндемесін енгізді. Драматург ежелгі мұраларды жоғары бағалады. Антикалық әдебиет авторларына Ақций, Сенека т.б. қайта өрлеу дәуірі ақындары мен жазушыларына, XIX және XX ғасырлардағы классицизм өкілдеріне Софокл ықпалы күшті болды. Оның образдары мен сюжеттерін Корнель, Вольтер, Лессинг, Гете, Шиллер, Гельдерлин, Гоголь т.б. авторлар пайдаланды.

Софокл орыс драматургиясында Сумароков, Озеров, Катевин шығармаларында жарқын із қалдырды. Трагедия әйелдер хоры бойынша Гераклдың қалыңдығы Деянира тұратын Трахиян қаласының атымен аталады. Алыс елге сапарға кеткен Гераклды 15 ай күткен Деянира ұлы Гилді әкесін іздеуге жібереді. Осы кезде жаушы келіп жетеді де, Гераклдың мол олжа мен Иола атты аруды қолға түсіргенін хабарлайды. Деянира Иоланың патша қызы екенін, сол үшін Гераклдің Эхалинию қаласын жаулап алу мақсатын көздегенін кездейсоқ біледі. Күйеуінің өзіне деген махаббатын суыту үшін кентавр Нестің қаны сіңген жейдесін жібереді. Бұдан бірнеше жыл бұрын Гераклдың жебесі тиіп, өліп бара жатқан Несс оның қанында сондайлық күш барын айтып үлгереді. Кенеттен ол Гераклдың қаза тапқалы жатқанын естиді. Әлгі жейдені кигенде денесіне жабысып, жандыра бастаған. Суыт хабар есінен тандырып, өзінің де ажалына себепкер болады. Ақыры тірі қалған Геракл әйелінің өліміне себепкерден кек алуға келгенде, оның да дүниеден өткенін біледі. Сөйтіп, бәріне өзін кінәлі санап, шың басына апарып, жағып жіберуін өтінеді.

Аталған топтамасының ішіндегі анағұрлым танымал трагедиясы – «Эдип патша». Эдип әкесі Лаияны өлтіріп, Иокастаның шешесіне үйленеді. Сөйтіп ауыр қылмыс жасайды. Сюжет шириға келе, осы қылмысты біртіндеп ашады. Фиваның патшасы болған Эдип бірнеше жыл билік құрады. Кенеттен елде жұкпалы ауру таралады. Бұған себеп – бұрынғы патшаны өлтірген Лаияның оралуы. Эдип оны іздестіре бастайды. Өлімге куә құлдың патшаның малын бағып тауда жүргені анықталады. Осы арада көріпкел Эдипке «өлтірген өзін» деген болжамын білдіреді. Алайда Эдип бұған онша нана қоймайды, бұл тартысты өзінің жиені Креонт жағына қарай бұрады. Иокаста Эдиптің көңілін жайландыру үшін әрі көріпкелдің сәуегейлігінің сандырақ екенін жеткізеді. Лаиядан болған ұлына қатысты басынан өткен бір оқиғаны айтып береді, яғни ұлдың сұмдық болжамын орындаудан қорқып, көзін жоюды ойластырады, ақыры үш жолдың қиылысында әкесін қарақшылар өлтірген екен. Бұл сөзден кейін Эдип бір күні сол жерде бір қадірлі ер адамды өлтіргенін еске түсіреді. Сөйтіп, сол өлтірген адам Фива патшасына деген көңілге күдік ұялатады. Иокаста оның көңілін аулайды, бақташының сөзіне қарағанда қарақшылар көп болғанын айтады. Бұл кезде Коринфтен келген хабаршы (жаушы) Эдип өзінің әкесі деп санаған Полип патшаның өлгенін хабарлайды. Бұдан кейін Эдиптің оның асырандысы болғаны айқындалады. Фивалық бақташыны сұраққа алғанда шындық ашылады. Лаия өлтіруге бұйрық берген бала сөйтіп, әкесін өлтіріп, анасына үйленген өзі болып шығады. Сұмдыққа шыдамаған Иокаста өмірін қияды, Эдип соқыр болып, елден қуылады.

«Колонадағы Эдип» соқыр Эдиптің қызы Антиканың жетектеуімен Колонаға келіп, Афина патшасы Тезейдің қол астын паналағанын, Креонт патшаның өзі өлсе орнына Эдип келеді деген сәуегейліктен секемденіп, оны Фиваға қайта алмақ болғанын, Тезейдің бұл қысымға төзбей, өз дегенінен қайтпағанын баяндайды. Содан кейін ұлы Полиник інісі Этеоклға қарсы жорыққа аттануға бата сұрап келгенде, ол екеуіне де қарғыс айтады. Ұлы кетісімен құдайлар шақыруымен

Эвменидтегі қасиетті тоғайға барып, мәңгілік көз жұмады. Трагедияға Колона аңыздары алынған.

«Антигона» трагедиясының сюжетіне «Эсхилдің Фиваға қарсы жетеу» трагедиясының соңғы бөлімі пайдаланылған. Мұнда ағайынды Полиник пен Этеокл жекпе-жекте өледі, қарындасы Антигонаның Полиникті жерлеу рәсімі, Креонттың Антигонаны өлім жазасына кесуі баяндалады. Көріпкел Тирессий Креонтты ақылға көндіру үшін өзіне жақын адамдарынан айыратыны айтып, қаталдығынан қайтармақ болады. Креонт оны босату туралы шешімге келгенде, Антигона өліп жатқанын көреді. Трагедия соңында өзі ұлы Антигонаны, күйеуі Гемон, сүйікті жары Эврика өзін-өзі өлтіреді. Креонт жалғыз қалып, сағы сынып, тағдырдың қатал жазасын алады.

Софокл қатал билік пен үстемдік етуді жек көрді. Ол сол дәуірдің зұлым билеушілерін ұнамсыз түрде бейнелеп берді. «Аякстағы» Атрида мен «Колондағы Эдиптегі», «Антигонадағы» Креонттың қатыгез бейнесін жауыздық істерімен бірге сомдады. Тұтқынға түскен қыз-келіншектерді қорлау, күзеттегілерге қысым-қиянат көрсету, халықтың көзқарасын менсінбеу (Гемон сөзі), Креонт тәрізді залым патшалардың жексұрын мінез-қылықтары сипатталды. Софокл байлықтың жолын қуушыларды адал еңбекпен таппағандар қатарында ұнамсыз кейіпте таныды. Соғыс пен бейбітшілік тақырыбында акын көз көрген заман шындығын көрсетті. Бұған «Аяк» трагедиясы жатады.

«Эдип патша» трагедиясы – әлем әдебиетіндегі керемет шығарма ретінде бағалы. Оған еліктеушілерде аз болған жоқ, бірақ бұл трагедияның негізгі идеясын дұрыс түсінбегендіктен, қайшылықты туындылар жазды. Ол Шиллердің «Мессиндік қалыңдығынан» бастап (1803), Клейстің «Пенфесилея», «Проффенштейн әулеті», Вернердің «Жиырма төртінші акпан» шығармасына қатысты. Алайда бұл драмалар Софокл трагедиясынан елеулі ерекшеліктерімен бөлектенеді. Софоклдің драматургтік дара бітімі – тағдырдың құбылмалығы мен адамның тәңір еркіне тәуелділігін көрсете білу. «Егерде Лаия ұлын үйде қалдырған болса, ұлы әкесін танып, оны өлтірмес

еді. Егерде Эдип жалған әкесінен қашып кетпегенде, өзінің нағыз әкесін өлтірмес еді. Бұл дегеніміз трагикалық ирония. Софокл оны соншалықты шеберліктен пайдаланды» деп жазады проф. С.И. Радциг. Алайда Софокл трагедияларында халықтық қаһармандар да аз емес. Соның бірі – Эдип патша. Ол – дана патша, бір кездері елге төнген қатерлі аурудан мемлекетті құтқарып қалады әрі сол арқылы халық ықыласына бөленеді. Иокаста – Эдиптің анасы әрі әйелі ғана емес, қаншама тағдыр тезінен өткен тұлға. Әйелдер бейнесінен тартымдысы – Электра мен Антигона. Мифте бұл кейіпкерлер айқын көрсетілмеген, ақын оларды драмалық басты бейне бітімінде сомдады. Антигона махаббат үшін ғана күреседі. Поленикті жерлеу үшін қолдан келгеннің бәрін жасайды. Креонттың денесін далаға тастауға қарсы тұрады. Қалайда каталдығымен ықтыруға тырысады. Хор Антигона мінезінің каталдығын айғақ етеді. Өлімге бара жатып, қаншама қуаныш дарытқан өмірге де ризалығын білдіреді.

Софоклдің жоғарғы көркемдік маңыздылығы басқа трагедиялық ақындарға қарағанда ойын образдармен жеткізді. Оның кейіпкерлері өмір тартысына өздері араласып, бәріне эзір тұрады. Олар адамдардың жандүниесіне жақын тұлғалар. Теріс әдет-қылықтары түңілдіреді, жақсы қырлары баурап алады. Оның шығармаларын Аристофан және басқа да ежелгі грек комедиясының өкілдері мойындап, бағалады. Диоген Лаэртский оны «трагикалық Гомер» деп атады. Аристотель оны үлгі тұтты. IV ғасырдың соңында Эсхил мен Эврипидтің қатарында ұлттық үлгілі ақын деп аталды, әрі Ликругтің ұсынысымен Афина театрында ескерткіш қойылды. Оның пьесалары кезінде жиі қойылды, әлем театрынан, әсіресе, Еуропа сахналарынан түскен емес. Мендельсон Эдип патша мен Антигонаға арнайы музыка жазды. Рим жазушылары Цицерон, Вергилий, Гораций, Овидийлер жоғары бағалады. Пьеса қазақ тіліне аударылып, М. Әуезов атындағы Қазақ академиялық драма театрында талай қойылды.

Еуропада қайта өрлеу дәуірінде Софоклге қызығушылық артса, классицизм дәуірінің барлық ақындары Корнельден

Вольтерге дейін оның шығармашылық ықпалын сезінді. Оны Буало жоғары бағалады, Расин ұстаз санады. Италияда оған Альфиери еліктесе, Германияда Лессинг зерттеуін арнады. Гете Эккерманмен әңгімелесуінде Софокл трагедияларының мән-маңызын талдап өтті. Гельдерлин мен Гегель де айырықша ықыластанды.

«Әйтсе де Софокл Эсхилден гөрі анағұрлым мықты. Онда – этика, хорлар мен баяндау бар. Ал, мынада іс-әрекет пен динамикада, диалогтар жекпе-жектегі семсердей жарқырайды, перипетия, апат, жазалау драманың барлық элементтері, мінез-құлықпен араласып кеткен» деп орыстың белгілі драматургі А.Афиногенов өзіндік көзқарасын білдірді.

Эзоп – мысал жанрының атасы

Мысал – халық ауыз әдебиетінің көне туындыларының бірі. Онда жан-жануарлар эпосының сипаттары сақталған. Яғни алғашқы қауымдық кезеңдегі аңшылар мен малшылардың өмірімен байланыста туындаған. Билік басындағы адамдардың алдындағы жәбірленушілердің дәрменсіздігі туралы грек ақыны б.д.д VII ғасырда өмір сүрген Гесиод бұлбұл мен қаршыға туралы мысалында өткір бейнелеген. Зерттеушілер тұжырымынша бұл алғашқы мысал үлгісі. Гесиод – бізге шығармалары бірден бір жеткен грек ақындарының ең ежелгісі. «Еңбектер мен күндер» поэмасының авторы.

Халық арасына кеңінен таралған мысалдар б.д.д V ғасырдағы фригийлік бүкір құл Эзоп атымен байланыстырылды. Эзопқа қатысты қара сөзбен жазылған мысалдардың тұтастай жинағы сақталды. Алайда жинаққа кірген шығармалар біркелкі емес, белгілі сюжеттерге құрылған жақсы мысалдардан бөлек қарапайым анекдоттар да бар. Мұның өзі бір ғана автордың шығармасы емес екендігін білдіреді. Эзопқа қатысты мысалдарда оқырмандарға таныс көптеген қызықты сюжеттер ұшырасады. Мәселен “Жүзімдік пен түлкі”, “Қасқыр мен козы”, “Ат пен есек”, “Қасқыр мен тырна”, “Қарға мен түлкі” т.б. Ал Францияда Лафонтен, Германияда Лессинг, Ресейде

И.И. Хемницар, А.Е. Измайлов, И.А. Крылов және басқа да мысалшылар белгілі. Қазақтың көрнекті педагог-ғалымы Ы. Алтынсаринде Эзоп мысалдары ұшырасады. Эзоп мысалдарын қазақ тіліне өлеңмен әрлеп, сюжетін дамытып, философиялық ой түйіндеп Ө. Тұрманжанов тамаша аударды. Кейіннен проза тілінде шағын мысалдары тәржімаланды. Ө. Бөкейханов Эзоптың 72 мысалын аударды.

Эзоп – грек халқының өте ерте заманда өмір сүрген, аңызға айналған ұлы мысал жазушысы. Ол жөнінде шынайы, дәл деректер жоқ. Гректің кейбір тарихшы ғалымдары Эзоп деген мысалшы, жазушы болған емес, халық өзі жасаған, өз туындыларын Эзоп дейтін адамның атымен жариялаған деген пікірге тоқталады. Геродот, Плутарх т.б. тарихшылар айтуынша Эзоп б.д.д. өмір сүрген. Көне шежірелер мен ежелгі әдеби мұраларда Эзоп Самоец Иадмонның қол астындағы құлы болған. Ол кейінірек Эзоптың басына бостандық берген. Эзоп Лидия патшасы Крезаның сарайында қызмет еткен, адал еңбегі бағаланып Дельфия абызына сый-сыяпат апаратын елшілікті басқартқан. Ол мұнда ұзақ тұрмаған. Адалдықты, шындықты, адамгершілікті сүйетін от тілді, орақ ауызды Эзоп абыздың халықты тонап-қанап жатқанына қарсылық білдірген. Олардың жағымсыз мінез-қылықтары мен іс-әрекетін өткір әжуалайды. Ақыры олар Эзопты дін жолынан тайған, құдайдан безген деп айыптап, биік жартастан құлатқан.

Эзоп мысалдарының жалпы саны – 650-дей. Француздың атақты мысалшысы, жазушысы Лафонтен, орыс халқының әйгілі мысалшысы, И.А.Крылов Эзоп шығармасынан үлгі алған, еліктеп шығарма жазған, мазмұнын пайдаланған. Эзоптың мысалдары орыс тіліне Ресейде І Петр патша билігі кезінде аударылды. Қазақ тіліне алғаш Крылов мысалдары негізінде ұлы Абай аударып жеткізді. «Эзоп мысалдары» 1962 жылы Алматыда Ө. Тұрманжанов аударуымен басылып шыққан. Кейін кара сөзбен ағылшын тілінен С. Ақатаев аударды. (А., Жалын, 1976).

Әрбір мысалдың мазмұны тәрбиелік, тағылымдық сипатымен ерекшеленеді. Мысалы, “Екі жолдас” әңгімесі орман ара-

сында келе жатқан екі жолдасқа аю кезігіп, біреуі ағашқа шығып, екіншісі амалсыздан өлген болып жата калғаны, сөйтіп өзінде, досында құтқарғаны әңгімеленеді. Мысал соңы:

Жолдасы серігіне айтты сонда,
Бұрылып қайта түсіп келіп жолға.
Қиын жерде жолдасын қиып кетер
Жаманға, – деді – сірә, сен жолдас болма!

Шумақ «Жақсы жігіт досының қамын ойлайды, жаман жігіт өзінің басын ойлайды» – деген халық мақалымен мазмұндас «Екі жолдас» әңгімесі Ы. Алтынсарин аудармасы арқылы оқырмандарға жақсы таныс. «Құмырсқа мен инелік» мысалында ала жаздай еңбек еткен құмырсқаның азық жиғаны ойынсауық қуып жүріп, арып, ашығып, тоңған инеліктің адал еңбекке ортақтасуы өзек болған.

Құмырсқа сондай айтты инелікке!
Біреуден сұрап алған дүниелік пе?
Қамдамай қыс азығын жазда неге?
Сандалып, сағым қуып жүрдің текке?

Бұдан басқа тәржімеленген мысалдар: «Бұғы мен лағы», «Қасқыр мен тырна», «Ат пен есек», «Ит, қораз, түлкі», «Торғай мен түлкі», «Арыстан мен түлкі», «Лақ пен қасқыр», «Ит пен сурет», «Бұғы», «Қабан мен түлкі», Ағаш кесуші мен емен. «Мысық пен торғай», «Қасқыр мен кемпір», «Арыстан терісін киген есек», т.б.

Эзоп мысалдарын ежелгі рим ақыны Федр латын тіліне аударса, Мартин Лютер ағылшын тіліне тәржімалады. Олар орыс аудармасына алғаш рет 1607 жылы Ф. Гохбинский нұсқасында жарық көрсе, кейіннен Р.Б. Тарковский қайта аударды. 1962 жылы М. Лодамир аударып шығарды.

Эзоп мысалдары адамдарды ізгілікке, өзара сыйластыққа, бір-бірін құрметтеуге шақырады, адамгершілік қасиеттерге дәріптеумен маңызды. Сондай-ақ еңбекқорлық пен жалқаулық, адалдық пен арамдық, жақсылық пен жамандық, мейірімділік

пен катыгездік, адам басындағы жағымды қасиеттер мен жаман әдеттер карама-қарсы сипатта алынған. Әр мысал шағын, мағынасы терең, қызықты сюжеттен тұрады. Адамға ой салады. Тәрбиелік, танымдық рухы күшті. Көптеген аудармашылар мазмұн жағынан байытып, тереңдетіп, өз шығармаларына пайдаланды.

«Екі қораз» мысалында тауық үшін таласып, төбелесіп, кәрі қоразды жеңгеніне мақтанып, масаттанып отырған жас қоразды бүркіт шыңнан құлдилап келіп алып кетеді. Мысал соңы:

Мақтану пайда бермес аса іскер,
Өзінді мазакқа сап әлек егер.
Бойыңнан, күшіңнен тыс асып кетсе,
Мерт етіп мақтан кейде түпке жетер.

«Лақ пен қасқыр» – небәрі 4-ақ шумақ. Үй төбесінде тұрған лақ төменде жайымен кетіп бара жатқан қасқырды мазактап, кекетіп күледі. «Қасқыр андағы мазактап тұрған лақ сенің орның емес» – дейді.

Шыкса биік орынға,
Надандар өстіп мақтанар.
Ақылынан жаңылып,
Әл келмесін бас салар, –

деп қорытындылайды. «Ит пен сурет» мысалында:

Көпірден ет тістеп өте берді,
Суретін суға түскен көзі көрді.
Танымай өзін-өзі өзге ит көріп,
Ойланды етін тартып алып жеуді.
Тап берді суретіне аузын ашып,
Аузынан еті түсті болмай нәсіп.
Аңқайып нысапсыз ит қала берді,
Әкетті толқын етті алып қашып, –

деп автор ашкөздік пен қомағайлықтың ақыры қиянат-қорлық екенін түсіндіреді.

«Түлкі мен барыс» мысалында екеуі бір-бірінің сұлулықтарын салыстырып, өзара таласады. Арыстан шұбар терісіне мақтанса, түлкі «сенен кем емеспін» деп арыстанға тиіседі. «Болса да сыртың сұлу, ішің ұлу», келмейді менімен ақылың тең» – деп өзін ерекшелейді. Мысал терең философиялық түйінмен тұжырымдалған.

Әрқашан сырт алдампаз жарқыраған,
Ағын су терең болмас сарқыраған,
Болмайды қызғалдақта жұпар иіс.
Ақылы, жаны сұлу – артық адам.

Адам көркінің сұлулығынан гөрі ақылы, ішкі жан дүниесінің әдемілігі дәріптеледі, өнегеленеді.

«Қыс пен көктем» мысалы табиғаттың екі мезгілінің айтысы іспетті. Екі мезгілде адам баласына тигізген пайдасын мақтанышпен білдіреді. Қыс болса өзінің ақ қар, суық аязымен, ызғарымен қаһар көрсетіп, адамдарды қысып, қорқытып, үйінен шығармай ұстайын десе, көктем мезгілі келгенде халық қуанып, қарсы алып, арқа бойы жеңілдеп, көңілі судай тасып, қуанып қалатынын жеткізеді.

Қыстың көзі – қырау,
Жаздың көзі – нұр-ау.
Қыста барша қысылар,
Сондықтан жазға ынтызар.

«Ағаш кесуші мен еменде» еменді кесіп, құлатып, өзінің бұтағынан жасаған сынамен қақ жарып, отын еткен балташыға ренішін білдіреді. Сөйтіп бүгінгі қоғамда өткір мәселе, экологияны сақтауды сол кезден-ақ қозғаған.

Қасыңнан көрген қиянат,
Жаныңа онша батпайды.
Жақыннан көрген қиянат,
Жаныңды езіп таптайды.

Қорытындысы:

Қарсыласқан жау емес,
Достан тартқан зар күшті.

Айтысып жатар дау емес,
Күйдіріп кетер ол ішті.

Сонымен бірге, «Жалған достан жау артық», «Қадір білмес туғаннан, Құнынды білер дос артық» деген халқымыздың мақал-мәтелдерінен мағыналық сарын сезіледі.

Эзоп мысалдарының өнегелік сипаты терең және өміршен. Эзопты замандастары және одан зерттеушілер талантты, мысал жазушы деп бағалап, оның туындыларынан тәлім-тәрбиелік үлкен ләззат алғанын атап көрсетті. Эзоп адамдардың қателіктерін, жаман әдет-қылықтарын өткір әзіл мен ащы мысқылмен шенеп, кемшіліктерін түсінуге шақырды. Эзоп мысалдарының қазақша аударылуы – ұқыпты зерттеуді қажет етеді.

Эврипид – ойшыл философ, ақын

Ойшыл философ, ақын Эврипид б.д.д 485-406 жылдар шамасында өмір сүрген. Ол – философ – материалист Анаксагордың шәкірті. Эврипид тікелей мемлекеттің саяси өміріне қатынаспады, қоғамның оқиғаларымен бетпе-бет араласты. Эврипид замандастарындай даңққа аса бөленген жоқ. Ол небәрі 5 рет марапатталды. Соңғысын дүниеден өткеннен кейін алды. Өлерден бұрын Афинаны тастап, македон патшасы Архелайдың сарайына келеді. Ол 92 драма жазды дейді. Соның 18-і ғана бүгінге жетті.

Драматург адамдарды шынайы болмысында бейнелеуге ұмтылды. Оның трагедияларының кейіпкерлері – мифтік бейнелер. Сол кезеңдегі ақындардың өнегелі ойларын, ізгі мақсатқа ұмтылыстарын, адамгершілік құштарлықтарын көрсетті. Эврипид саясаттың түрлі жолымен халықты алдап, үкімет басына келген, өз мақсаттарынан басқаны білмейтін сәуегей саясатшыларды өткір шенеді. Ол, сонымен бірге адамдардың билік басына келуін шығу тегіне қарай бағалауға қарсы болды. Эврипид драмаларындағы жағымды кейіпкерлер байлыққа шексіз құмарлық қылмысқа апарып соғады деген философиялық ой айтады. Эврипидтің құлдарға деген қатынасы назар аударарлық. Құлдық – бұл әділетсіздік және

қысым көрсету, табиғатта адам біреу ғана, егер ол құл болса, қайырымды жан иесі болса, еркін адамнан қай жері кем деді. Пелопонесс соғысындағы оқиғаларды өз трагедиясында жиі көрсеткенімен, жандүниесі соғысқа қарсы болды. Эврипид Софоклге карағанда адам жанына тереңдеп үнілді. Ол антика дәуірінде адам мінез-құлығының психологиясын ашып қоймай, кейіпкерлерді психологиялық дамуда алғаш көрсете білді. Аристотель Эврипидті ғасырлардағы барлық грек драматургтерінің ішіндегі талассыз трагедияшылы деп атады.

Әсіресе Эврипид трагедияларында әйелдер айқындылығымен бейнеленді. Ол әйел психологиясының нәзік білгірі саналды. Эврипид, Софокл өз трагедиясын қою кезінде үш актермен ғана шектелді. Эврипидтің ең белгілі трагедияларының бірі – «Медея»(б.д.д.451жыл). Оның сюжеті аргонавтар туралы мифтер топтамасынан алынған. Отбасылық қақтығыстарға арналған трагедияларының бірі – адамгершілік, ар-ұждан мәселесі қозғалған «Авлийдегі Ифигения». Трагедия Эврипид көз жұмғаннан кейін қойылған. Даңқ Эврипидке дүниеден өткен соң келді. Б.д.д. IV ғасырдың өзінде оны ұлы трагик ақын деп атады, бұл бағалау әлі күнге сақталуда. Эврипид классикалық грек трагедиясы кезеңін аяқтады.

Ежелгі гректер Эврипидті «сахна философы» деп айтады. В.Г. Белинский оны «Грекияның ең романтикалық ақыны, терең ойлы философы» деп бағалады. «Шын мәнінде ол тамаша ақын ғана емес, көрнекті ойшыл саналады. Алайда ол өзінің философиялық жүйесін жасай алмады, бірақ өз заманындағы даналық ойлардың үздік жетістігін меңгерді және көркемдік құралдармен өзінің поэзиясын халық санасына жеткізе білді»-деп жазады антикалық әдебиет аудармашысы әрі зерттеушісі, профессор С.И. Радциг.

Эврипид – Ежелгі Грекияның ең соңғы ұлы ақындарының бірі. Ежелгі «Өмір жазбаларында» ол Саламин жеңісі салтанат құрған күні б.д.д. 480 жылы Саламин аралында дүниеге келген деседі. Алайда бұл дәл дата емес, «Паростық хроникада» 484 жыл деп көрсетілген. Эврипид – Кликтода көкөніс са-

татын жай ғана дүкенші Миесарха немесе Миесархиданын отбасында туған деп айтылады. Бұл дәлелдің өзі де жеткіліксіз, өйткені комедиядан алынған. Нақтырақ мәліметтерде ол аксүйек тұқымынан шыққан, тіпті Аполлон Зостерия храмында қызмет еткен. Ол керемет білім алды, философтар Анаксагор мен Архелайдың, софылық ілімді насихаттаушылар Протагор мен Продиктің досы болды, сол кездегі ең бай кітапхананың бірін иеленді. Сондықтан оның трагедияларында ғалымдар арасында жиі пікірталас туындап, драмалық тартысты шиеленістіріп отырады. Ол ешқандай қоғамдық өмірге араласпады. Салқынқанды, самарқау мінезді ақын әйелдерді ұнатпаған. 411 жылы Аристофан «Фес-мофориядағы әйелдер мәселесі» трагедиясында өздеріне әртүрлі жала жапқаны үшін Эврипидті жабылып, ұрып-соғып, өлтіруге әрекеттенген әйелдер бүлігін ұсынды. Афинадағы Пелопонесс соғысы жылдары Эврипидтің жағдайы жақсы болды. 408 жылы егде жастағы ақын Македония патшасы Архелай шақыруын қабыл алып, сол жерде өмірінің соңына дейін тұрды. 406 жылы қайтыс болған Эврипидтің өлімі туралы қауесет көп, бірінде оны ит талап өлтірді десе, екіншісінде әйелдер жабылып өлтірген дейді.

Алғашқы табысқа «Паросс хроникасы» трагедиясымен 441 жылы кенелді. Өмірінде үш рет бірінші жүлдені жеңіп алса, екі рет дүниеден өткеннен кейін «Вахканкалар» және «Авлийдегі Ифигения» драмасы үшін алды.

Жазған 92 шығармасының 18-і ғана бүгінгі заман игілігіне айналды. Атап айтқанда: «Алкестида» – 438 ж., «Медея» – 431 ж., «Киклоп», «Гекуба», «Геракл», «Жалбарынушылар» 424 – 411 ж., «Орест» – 408 ж., «Вахх арулары» мен «Авлийдегі Ифигения» – 405 ж. Бұл драмалар сюжеті түрлі мифология топтамасынан алынған, оның 9-ы Троя топтамасын құрайды.

Ең ертеректе сақталған пьесасы – «Алкестида». Фессалия патшасы Адметтің Апполонға көрсеткен діндарлығы үшін Адметтің орнына егер адам таппаса ажалы жақындатылады. Ажал келген кезде Адмет өтінген адамдардан немесе қарт ата-анасынан ешкім келісім бермеген. Оның жас калыңдығы

Алкестида оны өлімге бас тіктірген кезде Геракл келіп, бірден думандата бастайды. Бір құлдан оқиғаның мән-жайына қанығып, дереу қабір басына келіп, ажал құдайын аңдып жүріп жекпе-жекке шығып, құрбандыққа жанын қиғалы жатқан қалыңдықты тартып алып күйеуіне қайтарады. Бұл негізінен комедиялық сахналарды қамтыған сатиралық драма саналады.

«Медеяда» ақын аргонавтардың саяхаты туралы мифті пайдаланды. Ясон Колхидадан алтын жабағыны Ээт патшаның сиқырлы қызы Медеяның көмегімен алып қайтады. Ол жігітті талай қатерден құтқарады. Ақыры оны билік тағына отырғызу үшін туған қаласы Иолканың патшасы Ясонның ағасы Пелиді қыздарының жәрдемімен өлтіреді. Осынау зұлымдықтан кейін Ясон мен Медеяны тастап, Коринфке қашып келеді. Аяр Ясон Медеяны тастап, Коринф патшасы Креонттың қызына үйленбек болады. Медеяның мінез-қылығын білген сенімді құлдары бір сұмдықты сезеді. Патшаның өзі барып қызға дереу қаладан кетуін өтінеді. Медея бағынған болып, бір күнге кешігіп шығуға рұқсат сұрайды. Афинадан келген патша Эгеймен арадағы әңгімеден оның баласы жоқтығына күйінгенін естіп, ер адам үшін баланың өмірдегі орны қандай екенін ұғынады. Афинадан өзіне жайлы қоныс тауып алып, Ясоннан үйлену тойына сыйлық апаруға рұқсат алады. Келесі сахнада жаршы Медеяның айлалы сыйлығынан қалай көз жұмғанын хабарлайды. Алайда қатыгез Медея кек алуды мұнымен тыймайды, ол енді Ясонды жығылған үстіне жұдырық сілтеп, оның балаларын тартып алып өлтіруді көздейді. Сүйкімді балаларға сұмдық жасауға алғашында батылы бармайды. Алайда бар күшін бойға жиып, ойға алған зұлымдығын жасап тынады.

Ясон патшаның өліміне күйініп әрі патша туыстарынан балаларды қызғанып, оларды құтқаруға жандәрмен жетеді. Әйтсе де бәрі кеш еді. Медеяның зұлымдығы сондай, балалардың денесін жерлеуге де бермейді. Ол өзінің атасы жіберген таңғажайып арбамен Күн құдайына қарай ұшып кетеді.

«Ипполита» Тезей аңызы негізінде жазылған. «Киклоп»

сатиралық драмасы бұл жанрдың барлық үлгісін өнбойына жинақтаған «Одиссея» поэмасындағы Полифем киклопты соқыр жасайтын IX ғасырдың сюжетіне негізделген. «Гераклдер» драмасында Геракл балаларының тағдыры бейнеленген. Геракл өлгеннен соң барлық жерге билігін жүргізген Эврифей балаларын өлтіруге бел байлайды. Анасы Алкмен және досы Иолай бастаған балаларын Афина патшасы Демофонттан көмек сұрайды. Ол балаларды карамағына алады. Отбасын құтқару үшін Гераклдің бір қызы Макария өз еркімен құдайдың құрбандығына бас тігеді. Ақыры бұл шайқаста Эврисфей жеңіліп, тұтқынға түседі, Алкмена оны өлтіруге әкетеді. «Жалбарынушылар» – Фивкке қарсы 7 патшаның жорығы жайлы тарихты қамтыса, «Троя арулары» – троя әйелдерінің хорына арналған. Трояны алғаннан кейінгі таңсәріде тұтқынға түскен атакты аруларды көсемдердің бөліске салу кезіндегі оқиғадан өрбиді. Соғыстың басты кінәлісі Еленаны өлтірмек болған Менелайдың сұмдық ойына ару сұлулығы кедергі келтіреді. «Андромахлада» Гектордың жесірінің тағдыры, Ахилдың ұлы Неоптелде құлдыққа берілуі жайлы сюжет алынған. «Электрада» анасының ақылымен кедей жігітке тұрмысқа шыққан Электра Оресті Клиемнестраны өлтірілуі сюжетке өзек болса, «Орест» трагедиясында анасын өлтірген ақымақтық қылмыстар үшін Орест пен Электраны Аргос тұрғындары соттап, таспен ұрып өлтіруге шешім қабылдайды. Олар ендігі көмекті Менелайдан күтеді. Халық жиналысында екеуін өлім жазасына кеседі. Олар енді бұдан құтылу жолын іздеп, Еленаны, қызы Гермионмен бірге кепілдікке алып, өлтірмек болып қорқытады әрі сарайды өртемек болады. Бұл тартыс Аполонның келуімен, тәңірдің еркімен олардың басына азаттық берумен тәмамдалады.

Эврипид шығармаларында құлдық мәселесін де қозғаған. «Құлдардың еңбегімен еркін адамдар өмір сүреді» деген ой туындатты. Өз еркімен өлген Алкестиданың «Өмірден басқа қымбат ештеңе жоқ» деген сөзі өмірді бағалауды меңзегендей.

Эврипид шығармаларында кейіпкерлер әлемі әралуан әрі бай. Мәселен Ипполитті алайық. Ол аңшы, өмірін табиғат

аясында өткізеді. Ол аң тәңірі ғана емес, табиғат тәңірі ретінде Артемида ару-тәңірге табынады. Ол адам аяғы баспайтын көгалды аралап, гүлдерден тәңір үшін өрім жасайды. Ипполит тәңірді көрмесе де, даусын естіп шаттанады. Табиғатта сол кездегі философтар өздерінің биік мұратын көрді. Ипполит – әйелдердегі өзінің мұратына бөтен құштарлықты жек көрді. Ұялу – оның туғаннан бойына сіңген қасиет. Ол ғалым, философ болып көрініп, өкіметпен, құрметпен, даңқпен санаспады. Оның да ұнамсыз қасиеті ашылады. Ол өзгелерді өзіне қаратқысы, бағындырғысы келеді, «мен» деп өзін өзгелерден даралағысы келеді. Оның ойы күнге шарықтап көтерілу немесе жер астына түсу. Тәңірлермен бірге көк тіреп тұру, басқа ешкімді қатарына қоймау. Міне, өзімшілдік әсіреленген күлкілі көрінісі.

«Медея» трагедиясындағы Ясон – нағыз мансапқұмар жан. Ерлік жасағанымен, әйелінің арқасында құтқарғаны ұмыт қалып, оны патшаның қызы үшін тастаудан аянбайды. Ол әйелінің көмегінсіз ештеңе жасай алмасын біледі. Ол үшін және балалар үшін жаңа некеге отырмақ болғанын айтып, Медеяның алдында екіжүзділікке барады. Оның әлсіз жері – балалар. Ол балалар тағдырын ойламай, жана ұрпақ көрмек ниетімен тағы да өзімшілдігін жасайды. Медея оның осал тұсын дөп басып, опық жегізеді. Жан-жүрегі күйзелген, жалғыз қалған Ясон тағдырдың тауқыметін тартады. Эврипид грек әйелдерінің тұрмысындағы жайсыз жағдайларға алаңдайды. Күйеуге шыққан әйелдердің басқа ортаға тап болуы, олардың өмірі бір-қатар шарттармен шектелгенін өткір көрсеткен. Тіпті, Медея бала туу соғыста шайқасуға қарағанда да ауыр іс десе, «Ипполиттағы» Федра: «Біздің өмірімізде сағымдар көп, ұзақ әңгімелесу, іс-әрекетсіз отыру – тәтті у» деп айтады.

Қызғаныш пен кек Медея бейнесінде шарықтау шегіне көтерілген. Өйткені Ясон үшін қылмысқа барды, бәріне көнді, сенімі мен сүйіспеншілігін арнады, талай рет құтқарды. Ол одан тек сенімді болуды қалады. Алайда Медеяның зұлымдығы мен зымияндығынан оның еркін өскенін, ешқандай тәрбие көрмегенін де ақын трагедияда аңдатады. Эврипид музы-

камен көп айналысқан, трагедияда музыка басты орын алады. Ол арияны басты кейіпкерлерге жиі енгізеді. Эврипид халық әндерінің сарындарын кеңінен пайдаланды.

Эврипид өзінің замандастарына жеткілікті түсінікті болмады әрі бағаланбады да. Тек Сицилияда ғана Эврипидке қызығушылық айрықша болды. Сицилияның сәтсіз жорығы кезінде тұтқынға түскен кейбір афиналық жауынгерлер олар еркіндік алғаннан кейін өздерінің естерінде сақталған Эврипидтің трагедияларының үзінділерін қожайындары үшін жазып алған. IV ғасырда оның шығармалары үлкен табыспен пайдаланылды. Бұл кезде Эсхил мен Софокл өздерінің атақ-даңқын әлсірете бастап еді. Ол бұл уақытта өз заманымен үндес әрі түсінікті болды. IV ғасырдың соңында басқа атақты драматургтер тәрізді оған да Афина саябағында ескерткіш орнатылды. Эврипид трагедияларының даңқы эллинизм кезінде дүрілдеп шықты, олар грек театрларының сахналарының салтанатын асырды. Адам жанын түсіну, тұрмыстық құбылыстарды жеткізуге бейімділік, сюжеттің шынайылығы, оқиға тартысын қызықты жасау, қарапайым тіл, сөйлеу тілінің мәнерлігі т.б. ерекшеліктер негізінде Эврипид тұрмыстық комедиялар жазды. Эврипидтің атак-абыройы туралы IV ғасырдағы жазбалар мен вазалық кескіндемелер айғақтайды. Оның көптеген шығармаларынан үзінділері египет папирустарында сақталған.

Эврипид Римде де бірінші римдік драматургтер сайысы арасында да үлкен атаққа кенелді. Кейінірек рим драматургтері оның трагедияларын жиі өндеп, өзгертіп пайдаланды, драмалық сарындарын өз шығармаларына кіріктірді. Мысалы, Энний «Авлийдегі Ифигенияны», Энний, Овидий, Сенека «Медеяны» қайта өндеп шықты. «Ипполитаны» Сенека қайта жазып шығып, «Федра» деп атап, трагедияның екі редакциясын да пайдаланды. Қайта өрлеу дәуірінде Эврипидке қызығушылық қайта артты. Руччеландтың «Ифигениясы» – осының жарқын үлгісі. Әсіресе классицизм негізінде оның шығармасына құштарлық арта түсті.

Эврипид Корнельге («Медея»), одан да зор Расинге («Федра»), «Андромаха», «Ифигения», «Фиваида немесе ағайынды

дұшпандар»), одан кейін Вольтерге («Меропа» және «Орест») драмаларын жазуға айрықша ықпал етті. Оны Гете жоғары бағалады, екі «Ифигенияның» негізінде өз «Ифигениясын» жасады. Шиллер «Авлийдегі Ифигения» мен «Финикандық аруларды» аударумен бірге, «Миссиндік қалыңдық» драмасын жазуда соңғы шығарманың сюжетін пайдаланды. Эврипидке неміс романтиктері де алдымен Тик, кейіннен австриялық ақын Грильпарцер ықылас аударды. Эврипид талантына ағылшын ақындары Байрон, Шелли, Делавинь, Леконт де Лиль, Катюль Мандес және басқалар бас иіді. Эврипидке Ресей ақын-жазушылары да құмартты. П.А. Катенин «Андромаханы» оның трагедиясы негізінде жазып шықса, көптеген жеке шығармаларының аудармалары оған деген сүйіспеншілікті танытады. Эврипидті орысшалауға И.Ф. Анненский ерекше еңбек сіңірді әрі сол заманнан жеткен трагедиялар сюжетін дамытып, өзі де еліктеп шығармалар жазды.

Эврипид Эсхилмен, Софоклмен бірге б.д.д. V ғасырдағы ұлы тарихи ақындар санатында ғана емес, ешкімді теңдестірмейтін ұлттық ақындардың бірі болып тарихта мәңгі қалды. Эврипидтің «Медеясы» мен «Троя аруларын» ақын Қ. Жұмағалиев сәтті аударды.

Ежелгі Рим әдебиеті

Антикалық деген сөздің өзі грекше ежелгі деген мағына берсе, ежелгі грек әдебиетін рим әдебиетінен бөлек алып қарауға болмайды. Олар әлеуметтік дамудың бірыңғай кезеңін өткерді. Алайда Рим әдебиетінің үш өзіндік ерекшелігі бар:

Бірінші ерекшеленетін қасиеті – рим әдебиеті грек әдебиетімен салыстырғанда, анағұрлым кеш қалыптасты, сондықтан ол анағұрлым танымды. Рим әдебиетінің алғашқы ескерткіштері б.д.д. III ғасырда жасалса, грек әдебиетінің алғашқы жазба ескерткіштері б.д.д. VIII ғасырда белгілі болды. Рим әдебиеті әлемдік деңгейге грек әдебиетінен 400-500 жылдан кейін көтерілді. Осыншама аралықта рим грек әдебиетінің ғасырлық дамуын пайдаланып, оларды жетік меңгеріп, бұл

негізде өзінің анағұрлым танымды, дамыған әдебиетін жа-сап алды. Рим әдебиетінің бастапқы калыптасу кезеңінен-ақ гректік мәдениеттің ықпалы айқын аңғарылады.

Рим әдебиетінің екінші ерекшелігі – антикалық тарихтын Грекия үшін құлдырау уақыты болған кезеңде калыптасып, гүлденуі. Бұл – эллинизм кезеңі. Сондықтанда әдебиет пен тарихта эллиндік-римдік кезең деп айтылады.

Эллинизм – ірі құл иеленушілікпен сипатталады. Грек әде-биетінің классикалық кезеңінің құлдыраған уақыты осы б.д.д. IV ғасыр. Бұдан арғы классикалықтан кейінгі кезең эллинизм деп аталады. Ірі құл иеленушілік қоғамның орна-уы ірі жер иеленушілікке алып келді. Мұның өзі террито-рияны кеңейтуді қажет етті. Гректің шығыс елдерін жаулап алуы грек және шығыс әдебиетінің жақындасуына себебін тигізді. Сондай-ақ грек, рим романдарының дүниеге келуі тура эллиндік-римдік дәуірге тап келді. Бұл кезеңде Гре-цияда әдебиетпен бірге Евклидтің геометрия, Архимедтің математика, тарих, география, философия т.б. ғылым сала-сынан еңбектері жазылды. Демек, Рим әдебиетінде эллиндік әдебиет басым.

Эллиндік кезеңнен басқа кештеу шығу тегіне байланысты үшінші ерекшелігі бар: Рим әдебиеті әсіресе драма жанрында грек әдебиетіне жай ғана еліктегенімен, бітімі бөлек туын-дылар жасады. Мысалы Плавт пен Теренций комедиялары Менандрдың жаңа аттикалық комедияларына ептеп еліктесе де, өзіндік ізденістегі шағармалар. Вергилийдің «Энейді» де Гомер мен Аполлон Родосскийге құр еліктеу ғана. Рим әдбиетінің негізгі кезеңдері мыналар: а) Классикаға дейінгі кезең тамыры терең, халықтың ауыз әдебиеті шығарма-ларынан, сондай ақ жазудың басталуынан сипатталады. Б.д.д. III ғасырдың жартысына дейінгі бұл кезең жай ғана “италий” деп аталады. ә) Алдымен Рим ағымында шағын қалалық қауымдағы ағым калыптасып, кейін бүкіл Италия-ны қамтыды. III ғасырдың ортасында жазба әдебиет дүниеге келді. Ол II ғасырдың I жартысында Римнің Жерорта теңізін жаулап алуынан бастап, II ғасырдың II жартысындағы б.д.д.

I ғасырдың 80-жылдары Азамат соғысының басталуына дейінгі уақытты қамтыды. б) Рим әдебиетінің классикалық кезеңі. Бұл Октавиан Августың бекзада кезеңі-яғни дағдарыс кезеңі, мен республиканың ақырғы құлдырауы. в) Жаңа ғасырдың I жүзжылдығының басталуындағы классикалық кезеңнің құлдырау сипаттары сезіледі. Әдебиеттің бұл дағдарыс үдерісі Батыс Рим империясының құлауына дейінгі жаңа дәуірдің 476 жылына дейін созылады. Бұл уақытта, рим әдебиетінің классикалықтан кейінгі кезеңі деуге болады. Империя гүлденуі б.д.д. I ғасыр әдебиетімен империя құлдырауындағы дағдарыстық әдебиетті айырып алған (б.д.д. II- V ғасыр) жөн.

Рим әдебиетінің ірі тұлғалары: драматург Теренций, шешендік өнер кемеңгері Марк Тулий Цицерон, атақты ақындар Тит Лукреций Кар, Гай Валерий Катул, Публий Вергилий Марон, Квинт Гораций, Флак Август. Ежелгі Рим дәуірінің көрнекті ақыны, сатира, ода жанрында үлкен еңбектер қалдырған Публий Овидий Назон.

Грек әдебиетіндегі Римдік кезең барлық грек аймағының Римге толық бағындыруынан басталады. Грек әдебиеті мен ғылымы Римге жедел табыстар жасады. Грек тілі жоғары қоғамның, алдыңғы қатарлы ақсүйектердің тіліне айналды. Грек әдебиетінің ірі өкілі – Полибий грек ағартушыларының идеясын рим қоғамына таратты. Суырыпсалма ақындардың ішінде Архий ерекшеленеді. Архий поэзиясы рим ақыны Катулдың еліктеушілігін тудырды.

Б.д.д. I ғасырдың соңы мен I ғасырдың басында рим әдебиеті өзінің алтын ғасырын өткерді. Сол кезеңде грек әдебиеті «аймақтық» әдебиет деңгейінде ғана қалды.

Дионсий Галикарнасский әр ғылым саласынан бірқатар еңбектер қалдырды. Әсіресе оның «Ежелгі Рим тарихы» атты 20 кітабының орны ерекше. Оның алғашқы 9 кітабы ғана сақталған. «Хат» атты еңбегінде шешендік өнер мен жазушылық қызметті салыстыра сараптайды. Көп қырлы жазушы ретінде Дамаскіден шыққан Николайды айтуға болады. Оның 144 кітабынан «Дүниежүзілік тарих» кітабы баршаға белгілі. Ежелгі уақыттан б.д.д. 4 ғасырдағы оқиғаларды қамтыған жазушы

алғашқы 120 кітапты өзінен бұрынғы тарихшылар еңбегіне сүйеніп жазса, қалғанында өзі куә болған кезеңдерді сипаттады. Бірақ, бұл шығармалардан үзінділер ғана қалды. Иерусалимдегі Ирода патшаның сарайында өмір сүрген жазушы сарайдағы өмірді драмалық түрде сипаттаса, Юлий Цезардың өлімі туралы да шынайы әңгімелейді. Үзінділер жазушының көркемдік шеберлігіне куәлендіреді. Мұның тамаша тәжірибесін ежелгі грек және рим әдебиеті, өнерінің данышпандары қалыптастырып кетті.

Антик және ежелгі Рим әдебиетінің мәңгілік құндылығы әрі өміршендігі сол замандағы тарихи шындықты дер мезетінде жырлауы. Мұның бір көрінісі сол кездегі ақындар поэзиясынан аңғарылады. Лукан Марк Анней (б.д.д. 39-65) – Рим ақыны. Оның шығармаларынан бір ғана «Фарсалия атты батырлық дастаны сақталып қалған. Ақын онда б.д.д. 49-47 жылдардағы Цезарь мен Помпейдің таласынан туындаған соғысты нақты да дәлелді түрде сипаттап жазған.

Ежелгі Грекия мен Римдегі жазбаша аударма

Аудармашы – адамдар және халықтар арасындағы мәдени, рухани қатынастарды жалғастырушы, дәнекерлестіруші. Аударма әдебиетінің халықтарды идеялық және эстетикалық тәрбиелеудегі маңызы зор.

Жазбаша ескерткіштердің негізін салушы Рим әдебиетінің көшбасшысы Тарента қаласынан келген ерікті грек Луций Ливий Андроник (б.д.д.275-200 жылдарға дейін). Андроник Гомердің «Одиссеясын» латын тіліне аударды. Бұл аударма осыдан кейін 200 жыл бойы рим оқушылары міндетті түрде оқитын шығармаға айналды. Андроник грек шығармаларын рим өмірінің шындығына, мәдениетіне бейімдеп жасауда түрлі тәсілдер қолданды. Ол аудармада ең бірінші болып грек құдайларының аттарын соған сәйкесетін рим аттарымен алмастырды. Транскрипцияның көмегімен ол латын аудармасына экзотикалық реалияларды белгілейтін грек сөздерін енгізді. Грек метрикалық өлшемдерін халықтық сатурнийлік өлеңге

ауыстыру арқылы ол римдік классикалық поэзияның негізін жасады. Гректің 12 комедиясы мен трагедиясын Андроник аударып қана қоймай, бір мезгілде оның қойылымында режисерлік әрі актерлік міндетті де атқарды. Іс жүзінде өзінен кейінгі рим аудармашылары кеңінен қолданған бейімдеу аудармасын алғаш енгізген Ливий Андроник.

Рим аударма саласындағы келесі бір ірі айтулы тұлға – Квинт Энний (б.д.д. 239-169 жж.). Ол өзінің туған тілі окспен бірге, грек, латын, яғни үш тіл меңгерді. Энний өзінің туындыларымен қатар, тәржімелерімен де даңққа бөленді. Ол грек тілін терең білгені сондай, грек шығармаларын ежелгі рим тілінде түпнегізімен дәл де шынайы жеткізе білді. Эннийдің 20 аударма пьесасының 12-сі Еврипид трагедияларынан жасалды, театр саласында оның шығармашылық жетістіктерін пайдаланды. Кейіннен рим сыншысы Ава Геллий (б.д.д. II ғ.) рим әдебиетіндегі архаистикалық ағымның өкілі Еврипидтің аудармашысы ретінде Эннийдің қызметін бағалады, «Гекуба» драмасын атап өтіп, «өлең жатық болғанымен, мағынасы жеткізілмеген» деп сынады. Дамыған дәстүр негізінде грек түпнұсқаларын римдік тәржімелермен салыстыру барысында, римляндар көзқарасы бойынша, аудармалар көбінесе түпнұсқаның сұрқай нұсқасы болып шыққан. Энний сондай-ақ Эвгемердің «Қасиетті тарих» туындысын қайта әңгімелеу және бейімдеу тәсілімен аударды.

Римнің белгілі комедиографы Тит Макций Плавт (б.д.д. III-II ғ.басы) өзінің комедияларын грек шығармалары негізінде контоминация тәсілін қолдана отырып, жекелеген сөйлемдердің жеткілікті дәл аудармасын өзіндік фрагменттер құрастыру жолымен жасады. Бір ерекшелігі, Плавт өзі туындыларын кәдімгідей аударма деп таныды. Оның екі комедиясында: «Плавт жыртқыштар тіліне аударды» деп (яғни латын тіліне) тура айтқан. Бір атап өтерлігі, Плавт өз комедияларының кейіпкерлерінің сөздерінде қарапайым халықтық реңкті әдейі күшейтуі жай адамдар тарапынан жоғары бағаланды. «Жаңа аттикалық комедия» шығармаларының өкілдері Менандр, Посидипп, Алексид, Филемон шығармаларын өзі-

нің шығармашылығында Цецилий Стаций (б.д.д. 220-168 жж.) пайдаланды. Ава Геллидің көзқарасы бойынша, оның аудармаларының уақыты грек түпнұсқаларының алдында көмескіленеді. Орасан зор аудармашылық қызмет Публий Теренций Афраның (б.д.д. 190-159 жж.) үлесіне тиеді. Мәселе аудармасының көлемінде емес, кейбір мәліметтерге қарағанда, Теренций гректерден 100-ге жуық комедия аударған. Жоғарыда аталған авторлардың грек драмалық материалдарын өңдеу тәжірибесін түгел пайдалана отырып, Теренций композициясын жетілдірді, алғаш рет кейіпкерлер аузына мәнерлі әдеби сөйлеу тілін енгізді. Бұл сөздерде қатан, қарапайым халықтық ұғымдар да, тіпті архайзмдер де жоқ болатын. Осылайша сол заманғы әдебиетшілер одан әдеби норманың үлгісін көргісі келді. Теренцийді тіршілігінде ең алдымен білімді аксүйек эллионофилдер ортасы бағалады.

Цезарь Теренцийдің «таза тілін» атай келе, оның «комикалық қуат» жағынан гректермен теңесе алмайтынын айтады. Ал Цицерон Теренцийдің – «өткеннің бәрін мәнерлі бедерлейтінін, әр жерде жағымды үнмен айтатынын» жазады. Оның аударуымен бізге Менандрдан аударған 4 комедиясы толығымен және Аполлодар Критский шығармаларына негіз болған 2 комедиясы жетті. Оның барлығы кейіннен жоғарғы римдік білім беру бағдарламасына енгізілді. Ал оның авторы Теренций, Цицерон, Вергилий, Саллюстийлермен бірге ұлы квадриганың мүшесі ретінде құрметке кенелді. Осындай үлгімен б.д.д. II ғасыр соңында грек тілінен жасалған көптеген аудармалар нәтижесінде әдеби латын тілі қалыптасты.

Грек әдеби мұраларын аударма арқылы игеру рим әдебиетінің өз бетінше құрылуына әкелді. Осыдан да латын тәрізді грек тілі де рим мәдениетінде, қоғамдық өмірінде өзінің айырықша орынын тапты. Грек тілінің мәртебесі екі жақты болып келді, бір жағынан бұл төменгі қауымдар-құлдар тілі болса, екінші жағынан білімді элиталардың тілі саналды. Императорлар Клавдий, Нерон, Адриан, Марк Аврелий грек тілі бойынша сөйлеу мен жазуды меңгеруді ұйғарды. Латын тілі болса, бұдан былай тек қана қарапайым азаматтардың

жыртқыштық тілі ғана емес, қоғамдық өмір мен бай әдебиеттің толық құқықты тілі болды. Бұл уақыт үлесіне мысалға алғанда аударма туралы алғашқы теориялық ұғымдар да жатады. Бұлар атақты шешен, философ және саяси қайраткер Марк Туллий Цицеронға (б.д.д. 106-43 ж.ж.) тән. Аудармамен Цицерон жас шағынан тікелей айналысқан. 16 жасында ол астрономия бойынша жазылған Араттың «Құбылыс» атты грек поэмасын аударса, одан кейін 32 жасында (б.д.д. IV ғасырдағы) Ксенофонттың әйгілі «Үй құрылысы» шығармасын тәржімеледі.

Цицерон сөзбе-сөз, әріптік аударма – тіл жұтандығы мен аудармашының дәрменсіздігінің айғағы деп атады. Ол аудармашыны шығарманың түрін емес, мағынасын жеткізуге шақыра отырып, сөзді есеппен емес, қалай дегенде салмағына қарай таңдауды, аударма тілінің заңдылығымен ілесіп жүруді, сәйкестік таңдау кезінде оқырмандар мен тыңдаушыларға, нақтылы реципиентке бағдарлануды маңызды мақсат деп ұйғарады. Атақты рим жазушысы әрі шешені Цицерон б.д.д. I ғасырда грек шешендері Эсхил мен Демосфеннің сөздерін латын тіліне аударған. Аударма жоғары сапада орындалған. Ана тілі нормалары бұзылмаған. Аудармашының айтуынша түпнұсқаның мазмұны мен түрі толық сақталынған. Сөзді саралап, талғап таңдау барысында латын тілінің сөздік құрылымына сүйенген. Сондықтан ол мәтінді сөзбе-сөз жеткізген жоқ, жекелеген сөздердің мағынасы мен қуатын жалпы бірлікте бере білді. Ол «Оқырман менен дәлдікті есеп бойынша емес, ал егерде солай айту қажет болса, сөз салмағы бойынша талап етер деп ойладым» депті. Сондықтан да Цицерон грек авторларын аударғанда шығармаларының бар құндылықтарын (мазмұны мен түрін, логикалық жалғастықты, мағыналық тұтастықты) сақтаған. Цицерон, Квинталиан және Кіші Плиний аударманы айрықша пайдалы сабақ санады, жазушы, шешен болғысы келетіндердің бәріне аудармада жаттығуды, еңбектенуді талап етті.

Цицеронның «сөз бен сөз, мағына мен мағына үйлесуі» жайлы тұжырымы аударма теориясында негізге алынып,

сәйкестік, баламалық ұғымдарының пайда болуына мүмкіндік туғызды. Сайып келгенде бұл аудармалар халықтар арасындағы мәдениетті дамытып, өркендетумен бірге аударма мәдениетінің тәжірибелік негізін қалады.

Грек сөз өнері, мәдениетінде б.д.д. IV-II ғасырлар байланысының бастапқы сатысында драмалық материалдарды меңгеру басым сипат алса, б.д.д. II ғасырдың соңына таяу лирикалық, гимндік, эпикалық поэзияны аудару басталды. Бұл кезеннің айтулы өкілі Гай Валерий Катулл (б.д.д. 87-57 жж.) саналады. Катулл аз аударса да, оның ең ірі аудармасы Каллимахтың «Береникидің шашы» шығармасы. Әйтсе де оның шығармашылығында александриялық поэзияның ықпалы қатты байқалады. Каллимахтан аударғанда Катулл латынның элегиялық дистихының икемділігін пайдалана келіп, төлнұс-қаныңырғақтық-синтаксистік динамикасын керемет жасай білді.

Б.д.д. I ғасырда рим әдебиеті іс жүзінде грек әдебиетінің барлық жанрын меңгере келе, өз бетінше дами бастады. Енді қоғамға аударма арқылы тікелей ықпалын жүргізе бастады, жанама түрде айтқанда, олардың сюжеттерін негізге алды. Грек авторларынан (контаминация) жекелеген дәл аударылған дәйексөздерін жасалып қойылған эшекейлеп пайдалану тәсілімен толықтырылды. Мәселен Квинт Гераций Флакк (б.д.д. 65-877) ертедегі грек ақындары Архилогтың, Сапфонның, Алкейдің, Анакреонттың, Мимнердің, Пиндардың шығармаларына ара-тұра сюжеттік әрі архитектуралық жағынан жақындады. Метрика жағынан да, стилден де эолийлік ақындарға еліктегенмен, Гораций біржолата еліктеу еркіндігіне елтіген жоқ. Олардың сарындары мен дәйексөздерін шығармаларының лейтмотиві немесе сол тақырыптағы эпитафия ретінде ала отырып, ақын өз бетінше ізденді. Мінсіз түр жасауға, тілдің ықшамдалған мәнерлілігіне қол жеткізді. Гораций шығармашылық түрде грек сюжеттері мен стилистикасының бай қорын пайдалана келе, сол түр мен ойлардың үйлесімділігін тек қана өз шығармашылығына тели отырып, жана әдеби сапаға жетті.

Публий Вергилий Марон да (б.д.д.70-1977) грек материалдарын өз стилін байыту үшін пайдаланды. Ава Геллий Вер-

гилий шығармашылығын зерттеу барысында одан түрлі грек ақындарының материалдарынан көптеп кіріктіргенін әрі өңдеп пайдаланғанын байқаған. Феокриттің «Энлогы» мен «Идиясымен» тікелей байланысы барын қазіргі зерттеушілер атап өтеді. II-III экологтарында құранды өлеңдер деп аталатын контоминациялық тәсілді қолданғанын анықтаған. Алайда Вергилийдің «Георгийі» – диханшылық, жерді игеру жайлы құнды мәлімет беретін керемет поэзия. Автор ғылыми сипат бере отырып, поэзия тілімен көркем жырлады. Грек әдеби көздерін қайта қарастырып, өңдеп, өзінің қайталанбас стилін жасау үшін пайдаланған.

Б.д. I ғасырынан бастап прозалық аударма жетекші орынды иеленді, тіпті б.д. I-ғасырына дейін де тарихшы Сисенна (б.д.д. 118-67 ғғ.) Аристид Милеттің «Милеттің әңгімелерін» латын тіліне тәржімеледі. Басқа жанрлармен қатар б.д. I-ғасырындағы аудармалар арасында роман басым бола бастады. Сонда да Римде небары 2 жеке роман латын тілінде жазылышты: Петронийдің «Сатириконы» мен Алулейдің «Алтын есегі». Қалған танымал романдардың II ғасырда ғана кейбіреулері аударылды. Оларды Юлий Валери мен Иосиф Флави аударды. Олар «Троя соғысының күнделіктері» тәрізді I-ғасырда грек тілінде жазылған еңбектер.

Одан кейінгі дәуірлерде аудармашылығымен танылғандардың қатарында Анций Манлий Северин Бозций (480-524) аса маңызды орын алады. Бозцийдің шыққан тегі – римляндық аксүйектер ортасы. Ол остот королі Афинада білім алды, одан кейін Теодорих сарайы маңында қызмет етті. Кейіннен ол аудармашыны өлтіруді бұйырған. Бозций негізінен философиялық шығармаларды аударған. Атап айтқанда, Пифагор, Птоломей, Никомах, Евклид, Платон, Аристотель т.б. еңбектері. Сөйтіп Рим мәдени өміріне грек философиясын енгізе отырып, ол баға жеткізгісіз ағартушылық шараны орындады. Өйткені рим философиясы негізінен эпитондық болып саналатын. Сондай-ақ Бозций қасиетті дін ұстаушылар тобындағы алғашқы аудармашы. Ол қасиетті Северин деген атпен елге танылған. Кейіннен Италияның клас-

сик ақыны Данте оны шығармасында («Жұ-мақ», X, 123) ұлы даналардың қатарында атай отырып, есімін елге әйгілі етті. Кейінгі кезеңнің тағы бір ірі тұлғасы сенатор – Марк Аврелий Кассиодор (490-575). Оның жетекшілігімен Флавийдің «Иудей ежелгілері» және басқа да көптеген туындылар тәржімеленді.

Қорыта келгенде, жазбаша аударма ежелден екі маңызды міндетті атқарды, біріншісі, ол мемлекеттер арасындағы сыртқы дипломатиялық, экономикалық және мәдени байланыстарды жүзеге асыруға ықпалын тигізді. Өйткені еларалық қарым-қатынас, хаттар алмасу, саяси құжаттар, келісім-шарттар т.б. туындатты. Ел ішіндегі (мәселен Вавилонда) шет тілді тұрғындармен қатынас орнатуға атсалысты. Екіншіден, жазбаша аударманың көмегі нәтижесінде басқа тілдегі ежелгі халықтар әдеби шығармаларымен, философиялық, ғылыми еңбектерімен танысты. Ең бастысы олардың мәдениетінің дамуына аударма қуатты серпін берді. (Шумер-Вавилон, Грекия-Рим).


Әйтсе де әдеби, философиялық және басқа да шығармалардың жазбаша аудармасы кезінде мәдени кіріктіру мақсатында еркін қайта мазмұндау, қайта баяндау, қайта әңгімелеу, мәнерлі дәйексөз жасау, контаминация (құрап, жинау техникасы) әдістері жиі қолданылды. Кей жағдайда аудармашылар қайта әңгімеленген мәтінге өзінің ой-ұғымдарын қосып отырды. Өзіндік мәдениетке бейімдеу әдістемесі кеңінен пайдаланылды. Онда аударма мәтіні оқырмандарға түсінікті болу үшін кісі есімдері де алмастырылды, поэтикалық түр ұлттық ерекшелікке өзгертілді. Жазбаша аудармада кейбір кезде әріптік сөзбе-сөздікке де бет бұру байқалғанымен, мұның өзі мәтінді меңгеру барысында аудармашылардың кейбір аңғалдығынан, самарқаулығынан туындады.

Ежелгі дәуірде аудармашыларды оқыту жазып, көшірулер мектебінде жүргізілуі мүмкін деген болжам бар. Өйткені ол діни бағыттағы оқыту орны болған деген деректерді жинақтай келгенде, ең алғашқы аудармалар ежелгі Римде жасалған (б.д.д. I ғасырда Марк Тулий Цицерон). Осы уақытта аудар-

машылардың алғашқы сындары, бағалаулары туындады. Алғашқы жазбаша аудармаларда түпнұсқалық мәтіннің мазмұнын ана тілдің құралдарымен барынша толық түрде жеткізу бірден жүзеге аспағанымен, соған бағдарлану белең алды. Тәржіме тәжірибесі біртіндеп байып, жетілгенше, аударма әркімнің ыңғайына, мақсат-мүддесіне, мүмкіндігіне қарай жасалды.

Жазбаша аударма орта ғасырда Еуропадағы діннің қуатты құралы болып табылды, Шығыста да айрықша пәрменділігімен ерекшеленді. Жазбаша аударманың бәсекелестік тұжырымы мәдени бейімдеу болып табылады. Барлық аударма дамыған елдерде аудармашылық тәжірибеде өз ұлтының ерекшелігіне бейімдеу, халық түсінігіне ыңғайлау тәжірибесі кең қолданылды. Жазбаша аударманың орта ғасырдағы жоғары мәдениеті еуропа тілдерінің дамуы мен бауын қамтамасыз етті. Түркі тілдес елдердің тілінде кіріккен сөздердің ұшырасуы немесе кейбір славян тілдерінде түркілік сөздердің қолданылуы да халықтардың өзара қарым-қатынасындағы аударманың өзара ықпалынан. Орта ғасырдағы жазбаша аудармаға тән тағы бір өзгешелік – авторлардың санатқа алынбауы, аударма мәтінінде көрінбеуі, сондай-ақ мәтінге түсініктеменің назардан тыс қалуы. Көп жағдайда аудармашылар түпнұсқа деңгейінен шығып, өзінің ой-түсінігімен еркін тәржімеледі. Түпнұсқаны негізге алу, оның мән-маңызына, идеясына, рухына, тілдік көркемдігіне бойлау жетіспеді.

Жалпы аударма тарихы 4 мың жылдай уақытты қамтумен бірге, аударма әркез екі негізгі қызметті: адамдар арасындағы байланысты қамтамасыз ету және ақпараттарды (уақыттағы және кеңістіктегі) жеткізу міндеттерін атқарды. Жазбаша аударма ерекшелігі адамдардың белгілі бір дәуірдегі қатынасындағы жазбаша мәтінге байланысты болды. Оның өзі аталған дәуірге тән діни, әлеуметтік, мәдени түсініктерге негізделді. Сондықтан көп уақытқа дейін адамдардың дұрыс аударма, яғни сәйкес, баламалы, т.б. аударма туралы түсінігі тарихи түрде бірден орныға алмады.



II АҒЫЛШЫН ӘДЕБИЕТІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚША АУДАРМАЛАРЫ

Ағылшын әдебиетінің тарихы мен даму кезеңдері

Ағылшын әдебиеті – әр алуан классиктерімен әрі жанр түрлері жағынан бай, озық әдебиет. Ол дамудың үлкен әрі күрделі жолынан өтті. Ағылшын әдебиетінің тарихы мынадай кезеңдерден тұрады: 1) орта ғасыр әдебиеті бірнеше ғасырды қамтиды (V-XI ғасырлардағы ағылшын-саксон әдебиеті, ағылшын-норман әдебиеті XI-XIII), XIV ғасыр әдебиеті, 2) Қайта өрлеу дәуірі (XV-XVII ғасырлар), 3) XVII ғасыр әдебиеті (ағылшын буржуазиялық революциясының және қалпына келтіру кезеңінің әдебиеті, 4) XVIII ғасыр әдебиеті (Ағарту дәуірі), 5) XIX ғасыр әдебиеті (романтизм, сыншыл, реализм), 6) XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы әдебиет (1871-1917), 7) XX ғасырдағы әдебиет а)1917-45, ә)1945-72, б) қазіргі кезеңдегі әдебиет

Егер XVIII ғасырдағы ағарту дәуірінде сентиментализм әдебиеті орын алса, XIX ғасырда романтизм, сыншыл реализм пайда болды. XX ғасырда сыншыл реализм одан әрі дамып, әдебиетте натурализм, неоромантизм, эстетизм, «Іс-әрекет әдебиеті» ағымдары енді. XX ғасыр әдебиеті модернизм, сыншыл реализммен бірге, социалистік реализм әдістерін де қамтыды.

Ағылшын әдебиетінің ежелгі кезеңі біздің дәуірімізге дейінгі V-XI ғасырларды қамтыды. Осынау 6 ғасыр арасында көптеген әдеби ескерткіштер дүниеге келді. Бұлар негізінен ағылшын-саксон тілінде жазылды. Осының негізінде ағылшын тілі дамыды. Британия аралына ағылшын-саксондар келгенге дейін, оларды бірде кельттер, бірде римдіктер жаулап алды. Дегенмен ағылшын-саксон және юттердің келуі мұнда өзіндік тіл, әдебиет, мәдениет қалыптасуына айтарлықтай ықпал етті. Шамамен XVII ғасырда жасалды деген ағылшын-саксон поэзиясындағы «Боевульф» поэмасы XII ғасырдан бері белгілі. Геат (Гаут) – скандинавиялық тайпаның алып батыры Беовульфтің Данияны қорқынышты теңіз құбыжығы Грендельден қалай құтқарғандығы, еліне оралған соң от шашатын аждаһамен арпалыста, оның уынан қаза табуы екі бөлімде жырланған. Ағылшын-саксон тілінде халықтық поэтикалық шығармалар, өлеңдер мен ерсерілік романдар туындады.

Нормандардың Англияны жаулап алуына байланысты XI-XIII ғасырларда ағылшын әдебиеті жаңа ағымда дамыды. Бұрынғы феодалдық биліктің орнына елдің саяси-әлеуметтік және мәдени өмірінде француз ұлтының ықпалы кеңінен таралды. Ресми тіл ретінде француз тілі жоғарғы билік орындарында үстемдігін жүргізді. Әдебиет үш тілде латын, ағылшын, француз тілдерінде дамыды. Латын тілінде ғылыми еңбектер, тарихи хроникалар, шіркеуге қарсы сатиралар жазылды. Француз тілінде ерсерілік поэзия дамыды.

Ағылшын ұлтының қалыптасуымен тек XIV ғасырда ғана ағылшын тілі негізгі әдеби тілге айналды. XV-XVII ғасырда жасалған ірі шығарма француз халқының батырлық эпосы – Ролланд туралы жыр. XII ғасырда Англияда француз әдебиеті гүлдене түсті. Оның ірі өкілдері – Вас, Бекуа де Сент-Мор, Роберт де Боррон, Мария Французская. Әсіресе М. Французская шығармашылығы ерсерілік поэзияның дамуына себеп болды. Оның кельттіктер фольклорына сүйенген «Ырғай» поэмасы Тристан мен Изольданың махаббатына арналды.

«Тристан мен Изольда» – Батыс Еуропаның орта ғасырлық және жаңа дәуірлік ескерткіші XII ғасырда кельт халқынан шыққан. Алғаш француз ақындары өндегендіктен соларға тән

саналады. XII ғ. 70-жылдары 13 ғасырда Страсбургский өңдеді. Одан кейін ағылшын, испан, итальян XIII ғасыр, (XIV ғасыр), серб XV ғасыр, беларус XVI ғасырда өз игілігіне пайдаланды. А. Шлегель, В. Скотт, К. Иммерман поэма жазды. Фольклоршы ғалым Е. Мелетинский мен француз ғалымы П. Галлиас типологиялық салыстыру жасап, XI ғасырдың ортасында парсы ақыны Гургания «Вис және Рамин» поэмасынан сюжет алған деп табады.

Англияда ұзақ уақыт өзіндік ертегі болмаған, олардың бәрі де шыққан жеріне байланысты шотландтық, ирландтық, уэльстік деп аталған. Мәселен Свифт Ирландияда тұрған кезде «Гулливердің саяхатында» жергілікті ертегілерді пайдаланған. Шотландиялық ежелгі жыр үлгілерін Р. Бернс шығармашылығына ұтымды пайдаланса «ирландық әуендерді» Т. Мур сәтті енгізе білді. Р. Киплинг атакты үнді фольклорынан керемет туынды жазды.

1477 жылы Уильям Кэкстон (1422-1491) Нидерландыдан Англияға өзінің баспа машинасын әкелді. Вестминетерде өмірінің соңғы 14 жылында король мен аксүйектердің 100 кітабын шығарды. Оардың арасында Чосер, Гоуэр, Лидгейт шығармалары бар. Ол француз кітаптарын ағылшын тіліне аударды, Цицерон аудармаларын, Эзоп мысалдарын басып шығарды. 20-дай кітап аударды.

XIV ғасыр әдебиетінде Ленгленд Гауэр мен Чосер Джеффри – ағылшын әдебиетіндегі айырықша тұлғалар. Бұл ғасырда Англияда феодализмнің ыдырап, буржуазиялық-әлеуметтік құбылыстардың белең алуымен әдебиет жаңа сатыға көтерілді. Уильям Ленглендтің «Соқашы Петрдің болжамдары» атты шығармасы 1381 жылғы шаруалар көтерілісіндегі халықтың көңіл-күйін бейнеледі. Ағылшын әдебиеті жанрлық жағынан жаңаша жетілді.

Дж. Чосердің «Кентерберий әңгімелері» – тұтастай ағылшын әдебиетінің тарихын қамтыған туынды. XIV-XV ғасырда халық поэзиясы, әсіресе баллада жанры жұлдыздай жарқырады. Баллада алғашында драмалық мазмұндағы сюжетті жыр ретінде көпшілік дауыспен (хормен) шырқалды. Әсіресе

аты аңызға айналған Робин Гуд туралы балладалар тұтас топтаманы құрады. Ортағасырлық балладалардың сарыны мен мәтінін, «Екі верондык» драмасында «Орман қарақшылары жырын» Шекспир пайдаланды. Отеллодағы «Үйеңкі туралы жыр» – Дездемона әні болса, «Валентин күні» балладасындағы Фрелия әні «Гамлетке» енді. Ағылшын және шотланд халық балладалары орыс акындары мен аудармашыларының назарын қатты аударды. Баллада дәстүріне В.А. Жуковский, А.С. Пушкин, А.К. Толстой т.б. ден қойды. Ағылшын және шотландия поэзиясынан С.Маршак үлкен топтаманы орыс тіліне аударды.

Әсіресе Уильям Уичерли, Уильям Конгриль комедиялары дворян, ақсүйек орталарының жеңіл мінездерін сипаттауға негізделді. Пуритандық идеяны уағыздаушы Джегон Беньян шығармашылығы жаңа қырынан дамыды. Оның «Құлшылық жолы», «Мистер Бэдменнің өмірі мен өлімі» атты тұспалдық негіздегі повестері шындықты іздеушілерді бейнеледі. Қайта қалпына келтіру кезеңінде Джон Драйденнің шығармасына классицизм енді.

XVIII ғасырдағы ағарту дәуірінде ағылшын елі капиталистік даму түріне көшті. Ағарту идеологиясы білімнің түрлі салаларының әрі өнердің дамуының мазмұны мен бағыттарын анықтады. XVIII ғасырда философия, әлеуметтану, саясат, педагогика, әдебиет, өнер (бейнелеу), эстетика жаңа сипатқа ие болды. Өндіріс өркендей басталды, ғылым мен техника қарыштады.

Ағарту дәуірінің басты әдеби бағыттары: классицизм, реализм, сентиментализм, романтизм, оның бастапқы сатысы предромантизм (романтизм басы).

Дәуірдің әдеби өміріне тән сипатты поэзия және айқын құбылыс – ағартушылық реализм, әсіресе Свифт шығармалары жан-жақты философиялық жинақтауларымен, Ричардсон, Фильдинг романдары, Лессинг драмалары өмірдің шынайылығына, тұрмыстық жайларға қызығушылықты айқындайды. Ағартушылық реализмінде проза жанры жаңарды. Оның шытырман, философиялық-сатиралық, отбасылық-тұрмыстық, әлеу-

меттік-психологиялық салалары сараланды. Ерте ағарту әдебиеті 1688 жылдағы революциялық өрлеумен XVIII ғасырдың 30-жылдары аралығын қамтиды. Солардың ішінде классицизм өкілі Александр Поп антикалық дәуір әдебиетін аударумен танымал. «Иллиада» мен «Одиссеяны» аударып отырып, антик поэзияны үлгі етті. Ағылшын реализмін журналистикада Джозеф Аддисон мен Ричард Стиль қалыптастырды. Еуропалық реалистік романның негізін қалаушы – Даниель Дефо, ағылшын әдебиетіндегі ұлы сатиралық дәстүрді дамытушы Джонатан Свифт.

Кемелденген ағарту әдебиетінде XVIII ғасырдағы ағылшын ағартушылық романдары Самюэл Ричардсон, Генри Филдинг пен Тобайас Джордж Смоллет шығармашылығының биігі болды. Ричардсон «Кларисс» трагедиялық романымен бұл жанрды қалыптастырды. Ұлттық және әлемдік әдебиетке Филдинг қомақты үлес қосты. «Джозеф Экдрюстің шытырман оқиғалары» комикалық, «Том Джонс» оқиғасы жеке өмірді суреттеудің соны шешімімен дараланды. «Том Джонс» – Филдингінің үздік шығармасы, Англияның ағартушы реализмі романының асқар биігі.

XVIII ғасыр ағылшын драматургиясы Джордас Лилло, Джон Грей, Ричард Шеридан шығармаларымен дамудың жаңа сатысына өрледі. Кейінгі ағарту әдебиетінде сентиментализм мен дамыған предромантизм сол кезге тән әдеби құбылыс. Сентиментализм ағылшын әдебиетінде (sentiment – сезім) XVIII ғасырдың 30-40 жылдарында дамыды. Джеймс Томсон, Эдуард Юнг поэзиясы осы бағытқа негізделді. Сентиментализм – поэзияда да, прозада да сипат алды. Сентименталистер оқырмандардың жандүниесіне көңілсіздік сарыны мен кобалжу, торығу сезімін туғызды. Село өмірін иддилиялық суретке сыйғызды, буржуазиялық өркениеттегі ықпалымен құрып бара жатқан табиғат сұлулығына тамсанды. 50-60 жылдардағы бастапқы әдебиетте сентиментализм лирикалық жанрда орын алды. Поэзиядағы сентиментализм өкілдері: Джеймс Томсон, Эдуард Юнг, Томас Грей ағылшын романтизмі мен сыншыл реализміне қоса сентиментализмді дамытқан Лоренс Стерн

сентиментальдық юморлық романды қалыптастырды. Вольтер Стернді «екінші ағылшын Раблесі» деп атады. Бірінішіге «Свифтті» шығарды.

Предромантизм (бастапқы романтизм) ағымына тән ерекшелік – фольклорға қызығушылық, скандинавия және кельт аңыздарына сүйену, яғни ағылшын ұлттық мәдени ескерткіштерін пайдалану болып табылады. Макдональд Персидің эзірлеуімен XVIII ғасырдың II жартысында ежелгі халықтық жырлары жинағы жарық көрді. Әсіресе Оссиан туралы поэманы бастапқы романтизм негізінде Джеймс Макферсон кельт эпосынан өңдеді. «Фингалдың баласы Оссиан» туралы шығарманың төлтуынды екеніне күмәнданушылар да болды. Алайда жыр романтизмді бастаушылардың шығармасына өзіндік ықпал етті. Оссиан туралы жырға Байрон мен Гете ықылас қойды. Ресейден Державин, Карамзин, Озеров, Жуковский, Пушкин қызыға танысты. Дүниеден ерте кеткен Томас Чатертонның өлеңдері мен «Бристол қасіреті» балладасы ел өміріне арналды. Онда король Эдуард билігіне қарсы шыққан Чарльз Бовдиннің ерлігі тебіреніспен жырланды. Чатертонның қайғылы да қысқа ғұмыры сол кездегі романтиктер Уордсворт, Колридж, Китстің өлеңдерінің өзегі болса, француз жазушысы Альфред де Виньи «Чатертон» деген поэма жазды.

«Қорқынышты романдар» немесе «қара роман» деген атауға ие болған «готтық романдар» жазуға бір топ қаламгерлер белсене араласты. Ағылшын әдебиетіндегі алғашқы готтық роман Р. Уолполдың «Отранто қамалы». Италиядағы Отранто қорғанын билік буымен заңсыз иеленгендердің қайғылы тағдыры туралы баяндалады.

Бастапқы романтизм ағымның ірі өкілдері Уильям Годвин, Роберт Бернс (шотланд ақыны). Романтизм терминін алғаш қолданған немістер. Оның теориялық негізін ағайынды Шлегелдер, Фридрих және Август Вильгельм салды.

XIX ғасыр ағылшын әдебиетінде романтизмнің қалыптасып, дамуына толық негіз қаланды. Бұл ғасырда феодалдық қоғам буржуазиялық бағытқа біржолата бет бұрды. Романтизмнің негізгі сипаты жеке тұлғаны әлсіз әлеуметтік жағдайына

карамай, өзіндік құндылық тұрғысында бейнеледі. Мұның өзі өткір сынға ұшырады. Романтиктер көркемдік тәжірибе әрі теория негізінде романтикалық иронияны дамытты. Романтик жазушылар өздерінің ішкі дүниесімен жеке бастарын бағалауға ұмтылды. Осыдан романтиктер шығармашылығында лирикалық мінез-қылық калыптасты. Олар өз заманындағы буржуазиялық қоғамдағы романтикалық бағыттарда әртүрлі көзқарас ұстанды. Мәселен Уордсворт пен Колридж алғашында француз революциясын қолдады, кейін консервативтік ұстанымда болды. Байрон, Шелли, Хэзлит француз революциясына бостандық, теңдік, туыстық мұраттарын тудырушы ретінде таңдана қарады. Олардың поэтикалық шығармасында эмоциялық стихия мен елестету ерекше сипатталды. Символ, тұспал, гротеск (үдету) қиял самғауы ерекше көркемдік құралдарды талап етті.

Романтиктер елестетуді танымның жоғарғы түрі санады. Поэтикалық елестетуді ақыл-ойдан биік қойды. Романтизм эстетикасында сұлулыққа сүйсіну ерекше орын алды. Романтизм өмірдің калыптасуы мен дамуын қайшылықты көзқараста қарады. Романтиктер шынайылықты барлық күрделілігімен және қарама-қайшылығымен түсіндіруге ұмтылды. Олардың шығармаларында тарихилық тұжырымы дамыды әрі қайырымдылық пен зұлымдық арасындағы күрделі диалектикалық күрес ашылды. Олар адамның ішкі жандүниесіне тереңдей ене отырып, сезімдерін, ойлары мен тебіреніс-толқуларын ашуға бағытталды. Адам жанындағы адамгершілік құндылықтарды бағалауға ден қойды. Қоғам мен әлем әлдебір әмбебап нәрсе сияқты қарастырылды.

Романтиктер табиғатқа көңіл бөлді, одан үйлесімділік пен сұлулықты іздеді, халықтың шығармашылығына зер салды. Автордың азаматтық ұстанымын көрсететін лиро-эпикалық, философиялық-символдық поэмалар романтикалық әдебиетте жарыса жазылды. Романтиктер көзқарасынша өнерде адамгершілік еркіндік, сезім мен эмоцияның ұштаспауы қажет болды.

Ағылшын романтизмі ұлттық өзгешелікке ие. Әсіресе ағартушылық ойлардың қуаттылығы басым. Ағылшын романтик-

теріндегі сұлулық, адамгершілік мұраттармен астасты. Ағылшын әдебиетіндегі романтизмнің негізін қалаушы – Уильям Блейк. Ол гравер әрі суретші. Өлеңдері өзі дүниеден қайтқан соң жарияланған. Романтизм поэзиясы өкілдері Уильям Уордсворт, Семюэл Тэйлор Колридж, Джордж Гордон Байрон, Джон Китс, Перси Биши Шелли, Вальтер Скотт. В. Скотт: «Маған дерек беріндерші, өзімнің елестетуім-ақ жетіп жатыр» деген.

XIX ғасырдың 30-40 жылдары ағылшын әдебиетінде жетекші бағыт – сыншыл реализм. Ол 40-жылдардың екінші жартысына дейін өркендеді. Бұл жылдары реалист жазушылардың жұлдызды шоғыры жарқырай көрінді. Олар Ч. Диккенс, Теккерей, әпкелі-сіңлілі Шарлотта, Эмилия, Анна, Бронтолер, Элизабет Гаскелл, чартистік қозғалыс жыршылары, акындар – Эрнест Джонс, Линтон, Масси.

Классикалық реализм Англиядағы әлеуметтік және идеологиялық күрестің күшеюімен, демократиялық мәдениеттің дамуымен, өндірістік төңкерісінің (XVIII ғасырлар соңы) елдегі капитализмнің дамуына қуатты серпін берумен байланысты туындады.

XIX ғасырда Англия капитализмдегі классикалық ел атанды. 30-жылдары елде жұмысшы қозғалыстары күшейді. 1848 жылы еуропалық революцияға дейін талай тамаша таланттар тарих сахнасына шықты. Сол жылдың алдында Англияда ағылшын сыншыл реализмінің үздік шығармалары Теккерейдің «Күйбең тірліктің жәрмеңкесі», Ш. Бронтеннің «Джек Эйр» мен «Шерлит», Э. Гаскелдің «Мэри Бартені» жазылды. 1848 жылы Диккенс «Домби және оның ұлы» атты туындысын тәмамдады.

Ағылшын реалистерінің шығармашылығы буржуазиялық идеологтармен шиелініскен идеологиялық күрес жағдайында дамыды. Шығармаларда сол кездегі қоғам өмірі жан-жақты көрініс берді, типтік жағдайдағы типтік мінез-құлықтар шынайы бейнеленді. XIX ғасырдың 40-жылдары ағылшын әдебиетінде роман жанры жандана бастады. Диккенс пен Теккерей, Бронте мен Гаскелл шығармалары өткір әлеуметтік қайшылықтарды дәуірлік шындықты ашуымен күнды.

Чартистік қозғалыс ағылшын жұмысшыларының қозғалысы ғана емес, қоғамдық және мәдени өмірде өркенді өзгерістер енгізді. Бұл жылдары гуманистік рухтағы ағылшын романшыларының тамаша мектебінен шеберлер шыңдалып шықты. Атап айтқанда Элизабет Баррет-Браунинг, Томас Гуд, Эбнезер Эллиот, Эрнест Джонс.

XIX-XX ғасыр әдеби бағыттары. XIX-XX ғасыр аралығында Ұлыбритания бұрынғысынша ең ірі капиталистік әрі отарлаушы ел болды. Осы жылдарда ел өмірінде түрлі өзгерістер жасалды. Өзіндік шығармашылық бағдарлама ұсынған түрлі әдеби ағымдар көрініс берді. Ғасыр шебіндегі негізгі бағыт Диккенс пен Теккерей дәстүрін дамытқан сыншыл реализм болса, бұдан кейін натурализм, неоромантизм дүниеге келді. Ол буржуазияға қарсы пафосымен сыншыл реализмге жақындағанымен, көркемдік бейнелеу жағынан басқаша сипат алды. Шынайы өнерге декаденттік пен ашық түрде реакциялық әдебиет қарсы қойылды. Социалистік қозғалыс әдебиеті революциялық романтикалық және реалистік дәстүрге сүйенді. Бұл жалпы XIX ғасырдың екінші жартысындағы ағылшын әдебиетінде Джон Рескин шығармасында негізгі рол атқарды. XIX ғасырдағы «романшылардың жарқын шоғырының» шығармаларымен салыстыра карағанда, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы ағылшын әдебиетінде сыншыл реализм мен роман жазу өнері жаңа қасиеттерімен айқындалды. Санаткерлік (интеллектуалдық) және психология үдерісі әдебиетке терең енді. Романға драма элементтері енді, оқиғалардың қайғылы жағдайда басталуы әдетке айналды. Кекесін (ирония) орнықты.

Ағылшын реалистері сықақ, әжуаға көңіл аударды. Буржуазиялық шындық терең, шынайы бейнелеудің құралына айналды. Роман мейлі комедия немесе трагедия болсын, өмірді шындық шеңберінде бейнелеу берік тұжырым саналды. Ғасыр шебіндегі сыншыл реализм ұлттық дәстүрлерге ғана сүйеніп қоймады, француз романшыларының шығармаларына, Ибсеннің драматургиясына және орыс әдебиетіне сүйенді. Тургенов, Толстой, Достоевский, Чехов туындыларының ау-

дарылуы жайлы жазылған мақала, кітаптар ағылшын әдебиетінің жаңа әдеби үлгімен танысуына, одан әрі дамуына жағдай жасады.

«Прерафаэлиттік туыстық» ағымы «өнер өнер үшін» деген ойды негізге алып, өнердің әлеуметтік және эстетикалық мазмұнын мойындамады, қоғамдық өрлеуге сенбеді, орта ғасырды өз ғасырына (машиналық) қарсы қойды. Бұл ағымды қолданушы Данте Россети (ақын әрі суретші) және қарындасы Христина Россети.

Прерафаэлиттерге символизм мен эстетизм жақын болса, декадент жазушылар торығушылыққа иррационализм мен мистикалық идеяларды енгізді. Олар «Сары кітап» журналының төңірегіне топтасты. (Уолтер Пейтер, Артур Саймонз, Оскар Уайльд) XIX ғасырдың соңында ағылшын әдебиетінде жаңа әдеби бағыт неоромантизм қалыптасты.

Неоромантиктер шытырман оқиғалы әдебиет дәстүрін қайта жаңғыртты. Табиғаттың таңғажайып жерлеріне сапарға шығып, өмірдің керемет құбылыстарын бейнелеуді көздеді. 80-ші жылдары социалистік идеяның ықпалы жұмысшы табы туралы туындылар жариялануға жалғасты. Олар: Марк Резепофорд, Маргарет Гаркнесс, Уильям Моррис. Роберт Луис Стивенсон, Артур Конан Дойль. XIX ғасырдың 70-жылдарынан бастап, демократиялық идеялар негізінде ағылшын әдебиетінде реализм дамыды. Оның өкілдері Джордж Гиссинг, Джордж Мур, Артур Меррисон. Олар әдебиетті жаңа материалмен байытты, қоғамның демократиялық жақтарына көңіл аударды, жұмысшы табы өмірін бейнеледі. Бұл жазушылар шығармаларында диккенстік реалистік дәстүр француз натуралистерінің ықпалымен бірікті. Дәуірдің демократиялық идеялары Спенсердің позитивтік идеяларымен, реалистік ағым натуралистікпен тұтасып кетті.

Неоромантикалық ағым аясында «іс-әрекет» әдебиеті туындады. Ол Редьярд Киплинг шығармашылығында ерекше орын алды. Бұл ағымдағы неоромантиктер Стивенсон мен Ричард шығармаларындағы «импералистік идеология» үгіттеумен дараланды. Ол импералистік реакцияның басында тұрды, бри-

тан империализмінің барды болды. 1907 жылы «стильдік батылдығы» үшін Нобель сыйлығын алды. Іс-әрекет әдебиетіне ақындар У.Э. Хенли мен Г. Ньюболт та енеді.

XIX ғасырдың үшінші ширегінен бастап Англияда жұмысшы қозғалысының дамуына, социалистік идеялар таралуына, Париж коммуналарының ықпалына байланысты социалистік өнер қалыптасты. Онда жұмысшы табының қызығушылықтары, жаңа социалистік қоғам туралы армандар баяндалды. Социалистік қозғалыс әдебиетінің өкілдері: Уильям Моррис, Роберт Трессол, Джим Коннел, Х. Дж. Бремсбери. Социалистік қозғалыс әдебиетіне Этель Лилиан Войнич шығармашылығы жақындайды.

1917-45 жылдары ағылшын әдебиеті үлкен тарихи оқиғалар кезеңінде тағы бір белеске өрледі. Бұл дәуір әдебиетіндегі негізгі бағыттар: модернизм, сыншыл реализм және қалыптаса бастаған социалистік реализм.

Модернистер өмір суретін беруде «әмбебаптыққа» әуестенді. Бұл бағыттағы жазушылар реалистерге қарағанда өмірге, адам тағдырына басқаша көзқарас танытты. Олар өнерді өмірден биік қойды, әлеуметтік жағдайларды шешуге теріс түсінік танытты. Олар қоғамдық өрлеуге сенбеді, өмірді мағынасыз хаосқа ұқсатты, адам мүмкіндігіне үміт артпады, торығуға, уайымшылдыққа салынды.

Модернизм – қоғамнан, өмірден, қоршаған ортадан адамның ерік-жігерімен алшақтануы, өмірге реніш, риза болмаушылығы. Бұл адамнан дараланған өнер, оның мінез-қылығы мен тағдырын, олардың әлеуметтік шындықтың нақтылы тарихи өзгешеліктеріне бейімделуін ашудан бас тартты. Модернизмнің айырықша белгісі – социалистік мәселеден, ұлттық дәстүрден бас тартуы. Модернистік жазушылар шығармаларының кейіпкерлері қоғам адамы болудан бас тартады. Автордың жеке басы кейіпкердің жеке басын ығыстырып шығарады. Бір сөзбен айтқанда, кейіпкерлер – қоғамнан тыс өмір сүруге бейім адамдар.

Модернизм өкілдері: Джеймс Джойс, Томас Стериз Элиот, Вирджиния Вулф, Дэвид Герберт Лоуренс, Олдос Хаксли.

Ағылшын сыншыл реализмінің осы кезеңдегі қайта дамуымен Бернард Шоу, Джон Голсуорси, Эдвард Морган Форстер, Сомерсет Моэм, Ричард Олдингтон шығармалары қалыптасты.

Социалистік реализм әдебиетінің қалыптасуына Ральф Фокс ықпалы айрықша. Бұл бағыт бір топ қаламгерлерді біріктірді: Джек Линдсей, Джон Корнфорд, Грессик Гибон, Джон Соммерфилд, Люкс Джонс, сыншылар Ральф Фокс, Кристофер Кодуэлл, Томас Джонсон. 1945-1970, 2000 жылдары Англия романдарында драматизм шығарма өзегін құрады. Жазушылар адамның ізгі адамгершілік қасиеттерін кейіпкерлер бойына жинақтады.

Қайта өрлеу дәуірі. XV-XVI ғасырдағы Еуропа елдеріндегі ұлы өзгерістер мен ілгерілеудің жаңа көкжиегіне ағылшын әдебиеті де шарықтай көтерілді. Ғылым мен әдебиетті өнердің буырқанған дамуы деңгейінде Америка құрлығының ашылуы, географиялық жаңа ашылымдар әдебиетте тың серпіліс туғызды. Әсіресе Бэконның философиялық ойлары дәуір дамуында қанат жайды.

Қайта өрлеу Англияға, Италия, Франция, Испанияға қарағанда XVI ғасырда кештеу келді. Елизаветта патшайымның билігі кезінде (1558-1603) Англиядағы экономикалық өрлеу, сауда қатынастарының дамуы, соғыстағы жеңістер ағылшын әдебиетінің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосты. Қайта өрлеу дәуірінің көрнекті өкілі Томас Моор. Оның «Утопиясы» Ф. Бэконның «Жаңа Атлантида», Гаррингтонның «Мұхит» Э. Кабэнің «Икарға саяхат» кітаптарының тууына негіз болды. Сонет жанрын дамытуда Генри Сарри, Филипп Сидни ерекше үлес қосты. Эдмунд Спенсердің шығармашылығы осы кезеңде өркендеді. XVI ғасырда Англияда драматургия жанданды. (Роберт Грин пьесалары) Кристофер Марлоның «Ұлы Темірлан» трагедиясы (1587-1588) атакты қолбасшы Темірге арналған. Марлоның «Доктор Фаустын қайғылы оқиғасы» драмасы Гетенің «Фауст» шығармасына өзек болды. Қайта өрлеу дәуірінің дара таланты У. Шекспир сонеттері дәуірінің шырқау шыңына көтерілді. Бен Джонсонның «Варфоломей жәрмеңкесі» – комедия жанрындағы тың туынды.

XVII ғасырдағы ағылшын әдебиеті 1640-60 жылдардағы буржуазиялық революция оқиғаларымен ерекшеленеді. Бұл ғасырдағы ірі өкілдер Джон Мильтон, Джерард Уинстэнли, Джон Беньян. Ағылшын буржуазиясының идеологиясындағы христиан діні, кальвинизм ағылшын мәдениеті мен әдебиетіне түбірімен ықпал етті. Бұл әсіресе тілдік өзгешелікке байланысты. Сол кездегі көркем публицистикалық шығармалар, жазушылар жасаған сюжет бейнелер «Інжілдің» ықпалымен, інжілдік сөйлеу қатарымен басылды. Мұның өзі аталған қаламгерлер шығармаларына тән. Д. Мильтон Шекспирге арнаған өлеңінде: «Құнды кітаптардағы сенің рухың, біздің жүрегімізге терең бойлады» деп ұлы талантты дәріптеді.

Қалпына келтіру дәуіріндегі әдебиет XVII ғасырдың 60-80 жылдары, яғни Кромвель дүниеден қайтып, билігі құлдыраған соң бағыт алды. Пуритандық ағым кезінде театр қойылымына тыйым салынса, XVI ғасырдың соңы мен XVII ғасырдың басында ағылшын театрлары сахналық безендірілуімен әрі пьесаларының мазмұндық қуатымен ерекшеленді.

1910-40 жылдар әдебиетінде Томас Элиот ақындығымен бірге, музыка, бейнелеу, поэзия өнерін ұштастырды. Джойс Джеймс, Дэвид Лоуренс, Олдос Хаксли шығармашылығы өзіндік ерекшелікке ие. Соңғысы интеллектуалды жанрды дамытты. Б.Джонсон, Т.Смоллет, О.Стерннің «юморлық» дәстүрлерін пайдаланды. Джойстың «Улисс» романының мәні зор.

1950-90 жылдары әдебиетінде антиутопиялық жанрда Орд Элл Джордж, философиялық-этикалық ұстанымдарымен бірге, «Адамзат факторы» шығармасын жазды. Ивайн Во сатиралық реалистік роман дәстүрін дамытты. Перси Чарльз Сноу шығармалары Англиядағы қоғамдық өмірді, отбасылық тұрмыстық жағдайларды, әлеуметтік-тарихи мәселелерді камтиды. «Жаңа толқын» драматургиясы өкілдері Ш. Делени, А. Уэскер, Дж. Арден, Р. Болт және т.б. Айрис Мердоктың «Жүйе астында», «Қоңырау» романдары философиялық, эстетикалық бағыттарымен белгілі. «Қара бекзада» романының тарихи құндылығы – Шекспир шығармаларын қайта жаңғыртуында. Уильям Голдинг романдарында адам, өркениет, адамгершілік мәселе-

лері көтерілген. Джон Фаулз туындыларында «фэнтэзи» жанры өңделініп пайдаланылса, повестерінде кэлттік аңыздар енді. Фаулз шығармалары өнер тақырыбын, суретшілер бейнесін сомдады. Антони Берджес «Күнге ұқсамайды» романында Шекспир тұлғасын кескіндеді. Питер Акройдениң «Оскар Уайльд өсиеті», «Доктор Дидің үйі» романдары сюжеттік-композициялық құрылымымен ерекшеленеді. Грем Свифт романы өмір мен өлім, отбасы тақырыбын қозғайды.

Ағылшын поэзиясында әдебиет тарихына енген дара таланттар: Александр Поп – ағылшын классицизмнің ірі өкілі. Гомердің «Илиада» мен «Одиссея» шығармаларын классикалық рухта аударған талантты аудармашы. Томас Кэмпбелл – ағылшын және шотланд тарихы тақырыбына баллада жазған алғашқы ақын. Перси Биши Шелли – романтик ақын әрі поэзия өнерінің теоретигі. Альфред Теннесси – табиғат әсемдігін жырлаушы. Роберт Браунинг – өмірді шынайы жырлаған талантты ақын.

Шекспир шығармалары – қазақ тілінде

Эвон өзенінің жағалауындағы шағын Стрэтфорд қаласында туып өскен Шекспир жасынан өнердің қасиетін сезінді. Стрэтфорд судағы әрі құрғақтағы ірі сауда орталығы болғандықтан, оған басқа қалалардан актерлер келіп, өнер көрсететін. Шекспир сөзі жауынгерлік мағынасында. Шейк-Спир найзақағар деген ұғымды білдіреді. Ол 37 пьеса, 4 поэма, 154 сонет жазып қалдырды. Екі-үш пьесасы басқа авторлармен бір жазылған дейді. Шекспир – заманының ең атақты драматургі. Ол уақыт тынысын дәл аңдап, көпшілік талапталғамын терең түсіне білген драматург.

Әлем әдебиетіндегі әйгілі классик, көрнекті ағылшын драматургі, ақын – жазушы Уильям Шекспир 1564 жылы 23 сәуірде Стрэтфорд қаласында туған. Ақынның анасы Мария Арден Виликот фермері Роберт Арденнің қызы болса, әкесі Джон Шекспир алдымен жүк сатушы, ал 1568 жылы Стрэтфорд қаласының мәрі болды.

Атақты драматургтің жеке өміріне қысқаша тоқталсақ, 27 қарашада 1582 жылы өзінен 8 жас үлкен Энн Хэтвейге

үйленді. Одан үш бала Сюзанна және Хэмлет пен Джудит атты егіздер дүниеге келді. Ол 1592 жылы Лондонда өзінің жазушылық қабілетімен танылды. 1595 жылы «Джеймс I Королева труппасының қожайындарының» бірінен саналады. 1599 жылы ол «Глобус» театры басшыларының бірі болды, ал 1608 жылы Доминикан театрына ортақ иелік етті. Шығармашылық қызметінің бақытына кенелген Шекспир дәулетті тұрды, жиған қаржысымен дворяндық дәрежеге жетті әрі Стрэдфордтан үлкен үй сатып алды. 1616 жылы 23 сәуірде классик драматург дүниеден өтті.

«Бірінші Фолио» – У. Шекспир дүниеден өткеннен кейін жеті жылдан соң жарық көрген шығармасы. Оны достары даярлап, баспаға ұсынды. Шекспирдің театрға әуестігі талай драма жазуына әкелді: 1576-1610 жылдар аралығында 160 мыңдай адам тұратын Лондонда 18 тұрақты театр жұмыс істеген. Театр атаулары: «Акку», «Глобус», «Қоңырау», «Сұлу қыз», «Бақыт» т.б. Осының өзі-ақ халықтың драмаға ерекше көзқарасын білдіреді. Мұндай театрларға көрермен тарту үшін тартымды туындылар қажет болды. Сахналық сұраныстарды өтеу, көрермен талғамына сай пьеса жазу қажет еді. Шекспир талантының шыңдалуына, сондай-ақ ағылшын әдебиетінің әр жанрадағы негізін салушылардың айтарлықтай ықпалы тиді. Олардың бірқатары Уильямнан бұрын өмір сүрді, кейбіреуі замандас қаламдастар еді. Олар: ағылшын әдеби тілінің негізін қалаушы Джэферри Чосер, ағылшын әдебиетіне Ренессанс поэзиясының үлгісін әкелген, қайта өрлеу дәуірінің ақыны – Томас Уайет. Томастың табандылығы арқасында Англияда көптеген әдеби жанрлар қалыптасты, жаңа поэтикалық түрлер менгерілді. Ағылшын поэзиясына сонетті енгізген Генри Говард болса, оны әрі қарай дамытқан Шекспир. Ал ода жанрына ағылшын ақындарынан алғаш жол салған Эдмунд Спенсер. Оның жыр жолдарының өзгешелігінен «Спенсерлік ұйқастар» деген атау енген. Драмаға ақ өленді пайдаланған Кристофер Марло болса, ағылшын поэзиясынан шетелге ең кенінен танылған, ең көп оқитын ақын Джон Дони (1572-1631). Елде өнер өрістеген кезде үлкен талап биігінен шыққан Шекспир

шығармалары. Англияда Шекспирге қызығушылық артқан кезде Стиль мен Адамсонның «Көрермен» журналында әйгілі драматургтың пьесалары жайлы әртүрлі сын пікірлер айтыла бастады.

Майкл Х.Харттың «Тарихтағы ең ықпалды 100 адамның тізімі» кітабына Гомер, Бах, Бетховен, Вольтермен бірге Шекспирді де енгізген. Алайда зерттеуші У. Шекспир Оксфордтың 17-ші графы Эдуард де Вердің бүркеншік есімі деген тұжырымға тоқталады. Әрі оны нақты дәлелдейді. Шекспир деген саудагер өте білімді адам болған. Сөздік қоры аса бай, латын, француз тілдерін жетік меңгерген, заң терминологиясын жақсы білген, классикалық әдебиетке құштар болған. Алайда оның үш парақ өсиетінде өлеңдер, пьесалар, қолжазбалар жазғаны туралы ештеңе айтылмайды. Тек алған сый-сияпаттары ғана сөз етіледі. Шекспир деген актерді көрдім деген бірде-бір жазба жоқ. Стрэдфордта оқығаны жөнінде де еш дерек жоқ. И. Ньютон, Г. Галилей (Шекспирмен бір жылы туған), 89 жыл бұрын туылған Микеланджело жөнінде ақпараттар жетерлік. Ал Шекспир туралы дұрыс ештеңе айтылмайды. Керісінше Эдуарде де Вер туралы мәлімет молынан ұшырасады. Шырғалаңға толы өмір шындығынан пьесалар көптеп табылады.

Эдуард 1550 жылы туған. Оксфордтың бай, ақсүйегінің 16-шы графының мұрагері. Кембридж университетінде бакалавр атағын алып, Оксфордта оқыған. 21 жасында күтушісінің қызы Анна Сесилге үйленеді. 24-інде Еуропаның бірқатар жерін аралаған. Ол сапарға кеткенде әйелі босанады. Әйелінен күдіктеніп, бала менен емес деп көп уақыт үйіне жоламайды. Ақыры адал жарының жазықсыздығына көзі жетіп, қайта табысады. Шекспир пьесаларында адал әйелді жазғыру оқиғалары жиі кездеседі. Мысалы: «Жақсы біткен шаруаның бәрі жақсы», «Қысқы ертегі», «Отелло». Әйелінен кетіп қалған жылдары Вер королева сарайындағы бір келіншекпен көңіл қосады. Оның нақсүйері мұны сезіп қалып, Эдуардты ауыр жаралайды. Бұл жағдай «Ромео мен Джульетта» оқиғасымен сарындас. Де Вер поэзияға, театрға құмар болған. Әдебиетші достары да көп болған. 1856 жылы королева Елизаветта I оған сол

замандағы ең мол қаржы, жылына 1000 фунт зейнетақысын тағайындайды (Бұл қазіргі 100 мың доллар). Жас кезінде де біраз өлеңдер, пьесалар жазғанымен, оларды өз атынан жарияламаған. Өмірінің соңғы 18 жылында У. Шекспир атымен бірнеше әйгілі пьесалары мен сонеттерін жазған, қолжазбаларын өңдеумен айналысқан. 1604 жылы дүниеден өтіп, Стрэдфорд қалашығы маңындағы Хэкснидегі үйінің жанына жерленген. Англияда бұл кезде Стрэдфорд деген тағы бір қала болған. Ол көптеген шет тілін білген. Сарай өмірімен жақсы таныстығы да білінеді. Жазумен айналысуға уақыты өте көп болған. Айналасында талантты адамдар жүрген. Театрға қатты құмартқан. Сол кездегі текті адамдар дәстүрімен жазғандарын бүркеншік атпен жариялатқан. Есімі елге танымал адамдар сол заманда пьесалар жазғанымен, оларды сахнада қоймаған. Кейіпкерлері сарай маңындағы адамдар болғандықтан әрі үйреншікті оқиға алынғандықтан, ертең күні өзін пьесада танып қалып, сотқа берер деген қауіптен сақтанған.

Шекспир сонеттері ғашығына арналғандықтан, сырым мәлім болар деп әйелімен ренжісуден бойын аулақ салған. Сонеттерінің ер кісіге арналуы да әлдебір құпия сырдың сыртқа өсек болып таралып кетпеуіне байланысты. Қандай шығармасын алсақта талай жыл өмірден өтіп кеткен адамның атымен жариялауды ұйғарған.

Ағылшынның ұлы жазушысы У. Шекспирдің шығармашылығы әлемдік маңызға ие. Маңыздылығы – шығармашылық реализмі мен халықтығына қатысты. Өйткені ол үздіксіз оқыды, ізденді, халықпен етене араласты, өз уақытындағы іс-шараларға белсене қатысты, өмірінің қымбат құндылығын қадірледі, 37 пьеса жазды. Оның шығармашылық жолы үш кезеңнен тұрады. I кезеңі (1591-1601) «Венера және Адонис», «Лукреция» поэмалары, (Овидий шығармасы өзек болған), сонеттері, барлық тарихи хроникалары (пьесалары). «Генрик VI-ның» I, II, III бөлімдері, «Ричард III», «Ричард II», «Король Иоанн», «Генрих IV» I, II бөлім, «Генрих V», үш трагедиясы «Тит Андроник», «Ромео мен Джульетта» және «Юлий Цезарь» драмалары. Бұл жылдары комедиялары «Асауға тұсау», «Жазғы түнгі түс»,

«Венеция көпесі», «Он екінші түн», «Виндзорлық сайқымазақ (қалжыңбас)», «Көп айқайдан пайда жоқ», «Бұл сізге қалай ұнар екен» жарық көрді. Екінші кезең (1601-1608) трагедиялық тартыстар мен түрлі тағдыр кешкен кейіпкерлер тоғыстырылған туындыларды топтастырды. «Гамлет», «Отелло», «Король Лир», «Макбет», «Антоний және Клеопатра», «Кориолан», «Тимон Афинский». Сол сияқты осы кезеңдегі комедиясында «Тройл мен Крессида» мен «Өлшемге сай өлшем» шығармаларында сатиралық элемент енгізген.

Үшінші кезеңде жазғандары: (1608-1682) трагикомедия «Цимбелин», «Қысқы ертегі», «Дауыл». Мұнда қиял мен тұспалдау қатар орын алған. «Генрик VII» тарихи хроникасы – 1613 жылғы еңбек жемісі. Қайта өрлеу дәуіріндегі ағылшын поэзиясының шыңы әрі әлемдік поэзия тарихындағы маңызды кезең, бұл – Шекспир сонеттері. XVI ғасыр соңынан бастап сонет ағылшын поэзиясының жетекші жанрына айналды. Шекспир жазған 154 сонет философиялық тереңдігімен, лирикалық қуатымен, сезімдік драматизмімен, әуезділігімен ерекшеленді. Ол сонет өнерін дамытты.

Шекспир сонеттері – лирикалық өсиет іспетті, кейіпкер өмір туралы өз жүрегінің дүрсілін сездіреді, сезіміндегі қайшылықтарды сипаттайды. Қоғамда қалыптасқан екіжүзділік пен зұлымдықты өткір, ащы айыптаған. Оған адам бойындағы рухани құндылықтар – достық пен махаббатты, өнерді қарсы қойған. Олар өзіндік жан толғанысы, монолог тәрізденеді. Ақын адамның рухани сұлулығын айшықтайды әрі сол замандағы қоғам қасіретін алға тартады. Сонеттің өзіндік құрылымына сай шағын да жинақы түріне терең философиялық ойлар тұжырымдалған. Сонеттер негізінен Италиядан Англияға әкелінген. Сонеттердің жинақылығы мазмұн тереңділігінде, соған сай әуезділігінде.

Шекспир драмалары ағылшын ұлттық театрын қалыптастырды. Ағаш шебері Ричард Бербеджи Шекспир пьесалары үшін арнайы театр салса, кейінгі қойылымдары аксүйектер жиі келетін «Глобус» театрында қойылды. Көптеген шығармаларында өзі де рөл ойнады. Көбінесе, шағын рөлдермен қа-

нағаттанды. А.С. Пушкин оны «данышпан ер-азамат» деп бағалады. Шекспир трагедиялары уақыттың жетекші ағымының көркемдік деңгейі. Шекспир қырағы да әділетті, ол «ғасыр ұлы» ретінде заман қайшылығын өткір көрсете білді.

Егер М. Дәулетбаевтың «Гамлетті» аударуы Шекспир шығармаларын қазақ оқырмандарымен таныстырудағы алғашқы талпыныс болса, М. Әуезов әлемдік ұлы драматургтің тамаша туындыларын тәржімалауымен ұлттық аударма мектебін дамытты. М. Әуезовтің аудармашылық тәжірибесі мен үлгісі Шекспир мұраларының аударылуына шығармашылық күштарлық туғызды, қазақ тіліне төл туындыдай аударуына үлкен әсерін тигізді.

«Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов тәжірибелері өз алдына бір мектеп. Олардың алабөтен ықылас қойғаны Шекспир творчествосы еді. Жалпы, аударма өнерімізде Шекспирдің жолы болып, бағы жанғанын мақтанышпен атағанымыз жөн» деп аударманы Қазақстан мемлекеттік сыйлығының лауреаты, жазушы Ә. Сараев бағалайды. Шекспир шығармаларының жұлдызы жарқырауына Е. Бөкетов, Х. Ерғалиев, М. Мақатаев, Ә. Кекілбаев айтулы үлес қосты.

Трагедия – Шекспир шығармаларының алтын арқауы. Оның кеменгерлігі мен талантының кереметтілігі осы туындыларында танылады. Трагедиялық дүниетаным оның шығармашылығында, әсіресе, XVI-XVII ғасырда айқын әрі тосын қырымен байқалды. Тарихи хроникаларында тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғалардың әрекеттеріне түсініктеме беріп, талдау жасайды.

Шекспирдің тарихи хроникаға назар аударуы ұлттық мемлекетті нығайту үшін күрес кезеңіндегі отандық тарихқа деген қоғамның қызығушылығының артуымен тұспа-тұс келді. Атақты драматург тарихи хроникалардың тарихи сюжетінің негізін Холиншедтің «Англия, Шотландия және Ирландияның хроникалары» атты еңбегінен алды.

Мысалы, «Генрих VI» трилогиясында «Алқызыл және Ақ раушан» арасындағы соғыс кең ауқымда бейнеленген. Ланкастер мен иорктердің арасындағы бітіспес күрес кезеңінде ағылшын барондары бірін-бірі аяусыз құртып-жойды. Шекспир

феодалдардың қанды қырғынын әділ көрсете отырып, екі жақты да өткір айыптады. Драматург феодалдық шығысты жеңіп шығатын күшті корольдік үкіметті жақтады. Сондықтан ол король Генрихтің жауласуын барондармен ымыраға келуге адам ретінде кінәлайды. Король ешқандай зұлымдық іске бармағанымен, мемлекет басшысы болу міндетінен бас тартты, тәж киюді қаламай, қарапайым малшы болуды армандады. Өз билігіне берілген өкіметті басқара алмаған Генрих VI ажалын дарынсыздығынан табады. Тарихи шығармаларда халықтың бірлігі, күш-жігері 11-бөлімде Джон Кэд бастаған көтеріліс көрініс тапқанымен, феодалдар бұл бүлікті бас пайдаларына шешкенін драматург дәл аңғарған. «Ричард III» – құрылымы жағынан трагедия төркіндес. Аксүйектердің қанды бәсекелестігімен өкімет басына көтерілген Ричард Генрих – психологиялық жағынан өзіне-өзі берік, сенімді тұлға. Шекспир Томас Мордың «Ричард III» атты кітабы мен оның билеуші ретіндегі мінез-қылығын барынша әшкерелейді.

Ричард III – ақылды да батыл. Ол өзіне сенбейтін әрі дұшпандық тағылымдағыларды бағындыруға зор жігер жұмсайды. Оның мінез-қылығы – құбылмалы, әркімді адастырып кетеді. Ол король билігіне қол жеткізісімен-ақ өзіндік өкіметін зұлымдық жолымен нығайтпақ болады. Оның қатаң режимі күннен күнге қарсылықты күшейтеді. Жандүниесінің күйзеліске түсуі, қарсыластарының шешімді әрекеті оны тығырыққа тіркейді. Пьеса соңында Ричмонд Ричард III-ті өлтіреді. Бірақ Ричард III-тің сағы сынған жоқ, бәрібір жеңіп шықты деген қорытындыға келеді Шекспир.

«Ричард II» пьесасындағы кейіпкерлер мінез-құлқын бағалаудағы негізгі өлшем – Шекспирдің патриоттық ұстанымы. Сюжеті жағынан драма Кристофер Марлоның «Эдуард дуг» пьесасына жақын. Ол өз еркімен лордтардан дүние-мүлкін тонайды, Глостердің ағасын өлтіріп, өзіне қажетсіз Болингброкты қуғынға ұшыратады. Халық игілігін ойламайды, қылмыс құрсауымен бұқараны бағындырады.

Шекспирдің ең үздік тарихи драмалары – «Генрих IV», «Генрих V».

Генрих IV атанған Болингбрак парсылық тектен шыққан барондармен жауласады. Корольға қарсы көтерілгенімен, бас-басына би болған шонжарлар ымыраға келмей, ақыры ер-жүрек парсы Генрих Хотспер қолынан қайғылы қаза табады.

«Генрих IV», «Генрих V»-те қоғамдағы төменгі топтар плебейлер өмірі бейнеленген. Тарихи драманың реализмі қоғамның көпқырлы әрі көпжақты көрініс табуында. «Фальстафтың фоны» – қоғамның төменгі бөлігінің шынайы өмірлік суреті. Фальстаф – сол кезеңдегі жауынгердің күлдіргі бейнесі. Ол үшін бәрінен ақша қымбат, өмірдің жеңіл жағын жағалайды, қызметтегі кемшілігін құлық пен алдап-арбаумен бүркемелейді.

«Генрих VIII» тарихи туындысы Шекспир шығармасының соңғы бейнесінде Флетчермен бірге жазылды деген сөз бар.

«Қателіктер комедиясы», «Екі верондык», «Виндзорлық калжынбас», «Он екінші түн» – комедия жанрының жарқын үлгілері. Г. Гейне оларды «Шекспир комедияларының сикырлы бағы» деп атаған. Ол Шекспир комедияларының негізін гүлден-гүлге қонған «шындықтың құнарына ара-тұра жанасып, өткен ала шұбар көбелектің ұшқалақтығына» теңейді. Мысалы, «Он екінші түні» Банделлонның бір новелласының сюжеті бойынша жазылған. Комедияда Шекспир адам жүрегіне терең енеді, адам мінез-құлығының тосын жайларына, сезімдер аумалылығына тоқталады. Комедия түйіні тағдыр қандай тәлкекке салмасын, адам өз бақыты үшін өзі күресуі тиіс.

Шекспир шығармасының бастапқы кезеңінде «Тит Андроник», «Ромео мен Джульетта», «Юлий Цезарь» трагедиялары – бір-бірінен бөлек, өзіндік бітімді дүниелер. «Жазғы түнгі түсте» көктемгі сәуір-мамыр айларындағы мереке оқиғалары алынған.

«Тит Андроник» – Сенека трагедиясының дәстүрінде жазылған «қанды трагедия» жанры. Бұл пьесаның эпизодтық сюжеті – бірімен-бірі жалғасқан өлім. Т.Андрониктің 20 ұлы, қызы, ақыры өзі және басқа кейіпкерлер ажалын табады. Қолбасшы Тит – Рим алдындағы өзінің патшалық міндетіне адал болғанымен, айлакер де зұлым Сатурнин мен Тамор және Мавр Аронмен бетпе-бет күресте қанша табанды, мықты болса да жеңілуге мәжбүр.

Шекспирдің «Ромео мен Джульетта» трагедиясы – осы жанрдың барлық ерекшелігін қамтыған күрделі шығарма. Шекспир шығармасына сюжеті жағынан итальяндық авторларға жақын-дайтын Артур Бруктың «Ромео мен Джульетта» атты поэмасы пайдаланылған. Драматург оны идеялық жағынан жаңартып, көркемдік шеберлік биігінде өзгертіп шықты.

В.Г. Белинский сөзі «Шекспирдің Ромео мен Джульетта» драмасының пафосы махаббат идеясын құрайды». Шекспирдің «Юлий Цезарь» атты тарихи драмасын С.Сматаев қазақша тәржімеледі.

Трагедия болғанымен кейде комедия да араласады. Ромео мен Джульеттаның қасіретті өліміне Монтекки мен Капулеттидің отбасылық өзара жауласуы ықпал етеді. Отбасы арасындағы жанжал Тибальто мен Меркуцио сияқты жастардың өмірін қыршынынан қияды. Бұл жауласуға герцог та, қалалықтар да тосқауыл қоя алмайды. Ақыры Ромео мен Джульеттаның ажалы ғана Монтекки мен Капулеттидің арасындағы араздықты тияды.

Ғашық жастардың биік те жарқын сезімі өз мақсатына жете алмағанымен, адамзат өміріне өшпенділіктің қандай өкініш әкелетінін ұғындырады. Сүйіспеншілік, бақыт үшін күрес жолындағы ескі мен жаңа түсініктердің өткір тартысына құрылған бұл пьеса адамзат сезімінің өміршең және тамаша екендігінен тағылым түйдіреді. «Ромео мен Джульетта» лирикалы, ол жастық поэзиясымен нәрленген, адам жанының парасаттылығын, махаббат күшінің жеңімпаздығын асқақтатады. Трагедияда Ренесанс дәуіріндегі адамның жан сұлулығы жарқырай ашылады. Ромео мен Джульеттаға деген махаббатты оның өмірін айшықтады, сөйтіп оны батыл да күшті адам етіп шыңдады. Махаббат жолында азап тартса да, алған бетінен қайтпаған Ромео сарқылмас жігер иесі, табанды, алғыр да айбынды жан. Джульетта өлімін ол батылдықпен көтере біледі. Джульетта үшін махаббат ерлікпен пара-пар. Джульетта Ромеоны сүйемен бірге, қоғамдық дәстүрдің қаталдығына қарсы тұрады. Адамға деген сыйластық пен сүйіспеншілік – оның жүрегіндегі қос жұлдыз.

Махаббат сезімі арқылы Джульеттаның жандүниесі айнадай жарқырайды. Ол өзінің жігітінің сенімділігіне, адалдығына, табандылығына тәнті. Махаббатқа деген адалдық жолында өзінің ар тазалығын, жандүниесінің сұлулығын сақтап, асыл мақсат биігінде құрбан болды.

Монах Лоренцо – жастар жүрегін, жандүниесін түсінген, заман ағымын аңғара білген, олардың мұраттарына жетуіне камқорлық танытуына ұмтылыс танытқан парасатты бейне.

Пушкин бұл трагедияны «Шекспирлік сұлулықтағы тамаша туынды» деп жоғары бағалады.

«Юлий Цезарьда» драматург Плутархтың «Салыстырмалы өмірбаяндық жазбалар» еңбегі пайдаланды. Пьесада халық бірінші рет басты кейіпкерге айналады. Драмада билік басына келуде Брутпен көзқарасы сәйкеспеген Цезарь ірі саяси қайраткер болмысымен, өзінің асыл ойларымен өнеге қалдырады.

Шекспирдің шығармашылық өмірінің екінші кезеңіндегі «Гамлет» трагедиясында әділетсіз қоғамда өткір ойларымен шындық іздеген тұлғаның күресі сомдалады. Шығарма Саксон Грамматиктің «Даналықтар тарихы», Бельфордың «Трагедиялық повесі», Томас Кидтің «Испан трагедиясы» және бізге жетпеген Гамлет пьесасы негізінде дүниеге келген. Гете трагедияны таза психологиялық шығарма деген пікірге сүйенді. Гамлет мінез-қылығынан ерік-жігерінің әлсіздігін аңғарады. Ерік-жігерінің әлсіздігі Гамлеттің рухани дамуына ықпал еткенін В.Б. Белинский атап өтті. И.С. Тургенов тұжырымдауынша: «Гамлет ақыл-ойдың адамы болғанымен, дәрменсіз жан». Сервантестің «Дон-Кихотымен» салыстыра келіп: «Дон-Кихот – ақылы аз болса да, жігері жалынды, өмірге құштар» дей келе, «Гамлет бұқараға пайдасыз, Дон-Кихот халықты іске құлшындырды» дейді. Шын мәнінде Гамлет – жігерлі, іскер, табанды тұлға. Шындықты іздеуде, адалдық үшін күресте ол жанын аямайды. Іштей ойланып-толғанып және толқығанымен, Гамлет зұлымдықпен күрестің анағұрлым сенімді ықпалын іздейді.

Гамлет – мақсат жолына берік, алған бағытына батыл ұмтылған қайсар да қажырлы жан. Оның қателігі дүниенің

әділетсіз жағдайын қалай өзгертуді білмей, өзінің ойластырған амалдарының түкке жарамсыздығын біліп, торығуында. Ойы терең адам өзінің дұрыстығын өліммен ғана дәлелдеуі керек деген түсінікке тіреледі. Сондықтан ол зұлымдықты жеңе алмайтынын мойындайды. Клавдия өлімінен кейін де зұлымдықтың жоғалмайтынын аңғарады.

Гамлеттің гуманистік сипаттағы тамаша адамдық болмыс-бітімін бедерлейтін мұраты: «Что за мастерские создание – человек! Как благороден разум! Как беспределен в своих способностях! Как точен и чудесен в действиях! Как он похож на ангела глубоким постижением! Как он похож некию бога! Краса вселенной. Венец всего живущего!» деп адам жаратылысын, әлемін сипатын ұлылық көкжиегіне көтереді.

Гамлет монологтары – жансырының нәзік иірімдері.

Жеке адам мен қоғам арасындағы тартыс «Король Лир» трагедиясының өзегі. Әділетсіз қоғамдағы адамзат құндылығының ерекшелігі қамтылған. «Король Лир» – әлеуметтік трагедия. Қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік топтардың арасындағы бітіспес күрестің жалғасуы. Ежелгі серілік құрметтің өкілдері: Лир, Глостер, Кент, Олбени, буржуазиялық әлеуметтің жыртқыштары: Гонерилья, Реган, Эдмунд, Корнуол. Осы екі топтың қоғам дағдарысындағы қақтығысы.

«Макбет» трагедиясында – Макбет, билеуші әрі баскесер. Ол жауыздық жолына бірден түспейді. Бұл бейне – трагедияда ішкі әлемінің бар күрделілігімен, қайшылықтарымен, динамикалық дамуында ашылады. Макбет алғашқыда күшті де батыл, батыр бейнесіне көрінеді. Оның адамгершілігі зор, жаны жомарт. Ол даңққа өз ерліктерімен жетеді. Өзінің күш-қабілетімен даңқ тұғырына өрлеуге құштар. Атаққұмарлық үшін Дунханды өлтіруге дейін барады. Макбет енді жауыздыққа жандүниесімен ұмтылады. Ақыры көпшіліктің ашу-ызасын тудырып, өзін қарсы қойған даңққұмар, билеуші зұлымдықтың заманына тигізген қасіретінің құрбанына айналады. Қылмыстық жолмен билік басына келудің, қан төгудің ақыры өзіне-өзі қол жұмсауға апарды.

Ағылшын әдеби сыншысы У. Хэзлит «Макбет» атты мақаласында «Макбет» және «Лир», «Отелло» және «Гамлет» –

міне, көпшіліктің көзқарасы бойынша Шекспирдің 4 басты трагедиясы. «Лир» – құштарлықтың қуатты қызығушылығымен таңқалдырса, «Макбет» елестетудің жаркындылығымен және іс-әрекеттердің ұмтылысымен, «Отелло» қызығушылықтың өрбуімен және жігерлі сезімдердің алмасуымен, «Гамлет» ойлар мен эмоциялардың нәзік түрде дамуымен таңқалдырады. Ол – біздің бірден-бір трагедия жасаушымыз. Оның пьесалары тіпті жанға және ақыл-ойға, танымға ықпал етеді. Ол нені бейнелесе де, біздің жүрегіміздің тереңіне бойлайды, біздің өзіндік тәжірибеміздің бөлігі болып қалады» дей келе, ұлы классик шығармаларының бір-бірін қайталамайтын дара бітімін, өзгешелігін, ол баяндайтын адамдармен бұрыннан танысып жүргендей, тіпті сол оқиғаға араласқандай сезінетінін, ақынның алуан үлгіде табиғатпен еш шектеусіз бәсекелесуге бірден-бір қабілеттілігін айқындап көрсетеді. Шекспир драмаларының қай-қайсысы да өзіндік құнды дүниелер. Олар оқырмандарды да, театр көрермендерін де өз ғасырынан бері баурап, барған сайын тартып келеді. Талантты драматург туындылары – мәңгілік мәдени мұра.

Негізінен Шекспир үлкен де күрделі характердегі қайраткер әрі күшті адамдарды, ақыл-ойы терең, атақ-даңққа құштар әрі зор абыройлы, ізгі мақсатқа ұмтылған тұлғаларды сомдауымен ерекшеленеді. Шекспир трагедиясына тән сипат – адам болмыс-бітімінің құндылығы, адам мінез-қылығының қайталанбауы және даралығы, оның ішкі әлемінің байлығы. Шекспир сюжеттік-комедиялық құрылымдағы трагедияның жаңашылы.

«Отеллоны» аударудағы М. Әуезов шеберлігі

Мұхтар Әуезов қазақ театрларында аударма пьесалар қоюды репертуарларды молайтудың, актер шеберлігі мен білімін көтерудің сара жолы деп түсінген. Ол орыс драматургиясының таңдаулы туындыларын аударып қана қоймай, шетел әдебиетіндегі шоктығы биік классикалық шығармаларға да ден қойды. Н. Погодин, К. Тренев, В. Киршон, В. Прустың

және Гоголь, Шекспир тәрізді әлем классиктерінің драмалық шығармаларының өркениетті елдердің театр репертуарларына берік енгенін студент кезінен сезінді. Аударма пьесаларының маңыздылығы жайлы «Оларды қою арқылы әң әуелі біз қазақ жұртшылығын неше алуан тарихпен, неше түрлі ұлттардың, қоғамдардың, таптардың өмірімен таныстырамыз. Сол орталардағы қоғамдық мінез-құлық, мүсін-пішіндерді танытамыз» деп жазды.

«Отеллода» трагедиямен қатар нәзік сезім, ой тереңдігі, ақ өлеңмен жазылғын асқақ поэзия үлгісі бар. Шекспирдің көптеген нақыл сөздері ағылшын халқының мақал-мәтелдеріне айналып кетті. Бір ғана «Гамлеттің» өзінен туындаған өнегелі сөздер ағылшындардың сөздік қорын байытты. Шекспир шығармаларында өз заманындағы халық мақал-мәтелдерін мол қолданған. Ұлы драматургтің бұл ерекшеліктері қазақ аудармасында толық сақталып, көркемдік баламасымен берілген.

М. Әуезов драманың атауларына өте мән берген. Комедия атауы «Асауға тұсау» талантқа тән тапқырлық. Пьесаның театр сахналарында ұзақ жыл үзбей қойылуы – атауының көрермендерді қызықтыруында әрі ұлттық ұғымында. Қазақ театр өнерінде Шекспир шығармаларының аударылуы – үлкен мәдени жетістік. Б. Пастернак бір мақаласында «Шекспирді аудару еңбекпен талантты талап ететін жұмыс. Бұл күн сайын мәтін бойынша алға жылжу және аудармашыны автордың бұрынғы жайкүйіне қайта келтіру» деп жазды.

Мұхтар Әуезов аударған драмалар: Шекспирдің «Отелло», «Асауға тұсау», А. Афиногеновтың «Қорқыныш», Гогольдың «Ревизор», К. Треневтің «Любовь Яровая», Н. Пагодиннің «Ақсүйектер» пьесалары. Қай аудармасы да өз заманында, кейінгі уақытта да өміршең, өзекті мәселелер көтеруімен құнды.

Шекспир шығармалары адамның мінез-құлқын терең, жанжақты бейнелейді. Драмада мінез-құлықтар қайшылықтары кейіпкерлердің іс-әрекетінде, тартысты, шиеленісті оқиғаларда ашылады. Шекспир реалист суреткер, оның драматургиясы адамзат әлеміндегі жиынтық бейнелерден құралады. Француз

әдебиетінің классигі Луи Арагон М. Әуезовтің тілінде гомерлік үлгі барын айтқан. Бұл үлгі аудармаларында да айқын танылады.

У. Шекспирдің «Отелло» трагедиясы 1622 жылы Лондонда жарияланған. Ол 1603-1604 жылдарының арасында жазылды. 1604 жылы 1-қарашада Король Яков-1 қатысуымен Уайтхоллдың ескі банкет залында қойылды. Драматург трагедияның сюжетін белгілі итальян жазушысы, философ ғалымы Джамбаттиста Джиральди Чинтионың Мантуеде шыққан «Экатоммитти» атты новеллалар жинағынан алған. 1795 жылға шейін Шекспирдің көзі тірісінде новеллалардың бірде біреуі ағылшын тіліне аударылмаған. Французша аудармасы 1580 жылы шыққан. Шекспир француз тілін жақсы білген. Новелла оқиғасында ізгілікті жас венециан кызы венециан армиясында қызмет еткен маврға күйеуге шыққан. Ақыры күйеуінің қызғанышы арудың ажалымен аяқталады. Қыздың есімі – Дездемона. Шекспир осы есімді қалдырып, қалғандарын түгел өзгерткен. Дездемона – грек сөзі, махаббаттағы өлім мен қызғаныш деген мағына береді. Стивенстің айтуынша Яго мен Отелло есімдері ағылшынның «Опасыздық үшін Құдай жазалаған» деген новелласынан алған. Алайда драматург Чинтио новелласындағы адам қатігездігінің натуралистік суретпен бейнеленуіндегі сирек кездесетін қабілетті дамытып, шырқау шегіне жеткізген.

Шекспирдің бұл трагедиясының орыс тілінде 20-дан астам аудармасы жасалды. Алғаш 1808 жылы Ж.Ф. Дюсистиң французша жасалған нұскасынан аударылды. В.Г. Белинский 1845 жылы «Отеллоның» Ресейде бағы қалайда ашылмай жатыр» деп ашына жазды. Бұл бұған дейінгі И.А. Вельяминов, И.И. Панаев, А.Е. Студитский, В.М. Лазаревский аудармаларына қатысты айтқан пікірі еді. Вельяминов пен Панаев трагедияны французша бейімделген түріне негіздеп, прозалық аудармасын жасады. А.Е. Студитский тәржімесі поэтикалық жағынан әлсіз шықты. В.М. Лазаревский аудармасы Белинский талдағандай: «солғын, кедір-бұдыр, өмір мен қозғалыстан айырылған, тек сөздер мен сөйлемдері ғана естіледі, бірақ поэзия жоқ және ең алдымен, шекспирлік поэзия жоқ».

1864 жылы сол кездегі танымал аудармашылардың бірі П.И. Вейнбергтің тәржімасы дүниеге келді. Алғашында аударма немқұрайды қабылданды. Оқырмандар онымен жақсылап танысқаннан кейін бұрынғы аудармадан артықшылықтары айқындалды, сөйтіп трагедия бірнеше рет қайта басылды. Зерттеушілер Вейнберг аудармасында бір ғана «Отелло» монологының соншалықты дәл аударылғанын, әсіресе, бірінші бөліміндегі өлеңдерінің жатық әрі әуезділігін, қабылдауға, оқуға жеңілдігін көрсетеді. Аудармашы монологқа өз жанынан жолдар қосқан. Мұндай жолдар аудармада мол. Трагедияны 1930 жылы А. Радлова аударса, 1968 жылы Б.Л. Лейтин тәржімеледі. Әйтсе де зерттеушілер кейінгі М. Лозинский аудармасын түпнұсқаға балама деп бағалайды. Оның аудармасы түпнұсқамен көркемдік деңгейінде сәйкес, монологтық, ырғақтық құрылысы ұқыптылықпен берілген. Аудармадағы бір кемшілік – көнерген лексикалардың қолданылуы.

Зерттеушілердің айтуынша, 1930 жылдардағы аудармалардың ең дұрысы және дәл аударма А. Радлованікі. М. Әуезов осы аударманы негізге алған. 1939 жылы баспадан жеке кітап етіп шығарған: А. Радлова аудармасы Шекспир шығармаларының 1936 жылы шыққан 8 томдық толық жинағына енген. М. Әуезов осы нұсқадан ақ өлең түрін сақтай отырып, еркін аударған.

Шекспир шығармаларына пайдаланылған түріктердің Кипрге шабуылы – 1570 жылғы тарихи оқиға. Алайда «Отеллода» суреттелетін оқиғалар шартты түрде Италияда өткенімен, қатысатын адамдардың ұлттық құрамын пьесаны оқи отырып, айқындау қиын емес. Венеция армиясына қызмет етуді бастағаннан-ақ Отелло маврлардың арасында болған. Пьесаның қалған кейіпкерлері – венециандықтар. Тағы бір шындық Ягонның айтуынша Кассио-флорентиялық.

Шекспир шығармасында Отелло ісі де, жүзі де қара кейіпте көрінеді. Белгілі ағылшын сыншысы Дж.М. Метьюс «Отеллодағы» ең бастысы пьесаның бас кейіпкерінің терісінің түсі» дейді. Кейіпкер нәсілінің қаралығы әлі күнге дейін пікірталас тудырып келеді. Италиян новелласында өзінің ішкі табиғаты жағынан қатыгез қылмыскер маврды драма кейіпкері ретінде

алған, Отелло – кара нәсілді, бірақ жаны жарқын керемет адам. Яго – ақ нәсілді болса да, арам пиғылды, зымиян, ой сезімдері жиіркенішті, кара ниетті. Пьесаның бүкіл образдық жүйесі ақ пейілді мен кара ниеттілердің карама-қайшылығына, жан-дүние тартысына құрылған. А.С. Пушкин: «Отелло – табиғатынан қызғаншақ емес, керісінше ол ақкөңіл. Шекспирдің ұлы шығармасы қызғаныштың трагедиясы ғана емес, ең алдымен алдауға түскен сенімділіктің трагедиясы» деп бағалайды.

Англиядағы еркін жаңа өнердің туын көтерушілер Шекспир талантына бағынды. Олар Шекспир есімін биікке көтерді. Ұлттық және халықтық театр үшін күресте Шекспирді өздеріне сенімді тірек санады. Шекспирге шын мәнінде халық шығармашылығы айқын әсер етті, оның ұлылығы халқынан, өмірден үйренуінде. Ол сарайлық немесе белгілі бір қауымның жазушысы болған жоқ, ағылшын қоғамындағы түрлі келеңсіз жайларды, ұлттың мінез-құлығын әр түрлі материалдық негізде шынайылықпен жеткізді. Сонымен бірге римляндықтар тәрізді басқа да халықтың мінез-бітімін тарихи сипатта көрсете білді. Наполеон трагедияны «ұлы адамдар мектебі» деп атады. Ол Мәскеуге соғыс қаупі төнген кезде саяси саналылықпен атакты «Француз театрының кодексі» еңбегінде мынадай ой білдірді: «Одан корольдер мен оның қол астындағылары үйренуі тиіс. Патшалар трагедияны қолдауға және таралуына міндетті. Ондағы дүниелерді талқылау үшін ақын болуы қажетсіз. Өмір мен адамдарды білу ғана жеткілікті емес әрі азамат болу қажет. Трагедия жаныңды жылытып, жүрегінді тебірентеді. Ол жаңа қаһармандарды жасауы мүмкін әрі жасауы да тиіс». 1880 жылы И. Тургенев А.С. Пушкинге жазған хатында: «Шекспир шынайы мағынасындағы халықтық ақын» деді.

Шекспир шығармалары касталарға, аксүйектерге арналған жоқ. Ол халық үшін жазды, көрермендерге қызмет етті. Оның драмаларының күрделілігі ойының, дүниетанымының тереңдігінде. Пішіні қарапайым. Шығармаларының табиғи әрі қарапайымдылығы халыққа түсінікті болуында. Шекспирге дейін де Англияда драматургия болған, «Глобуска» дейін де театр құрылған. Алайда Шекспир нағыз ұлттық драматургия-

ны жасады. Ағылшын театрын әлемдік биікке көтерді. Мұндай деңгейге одан кейін ешқандай талант жеткен жоқ.

Шекспир өз дәуірінде әдебиетке ұлы өзгеріс жасады. 16 ғасырдағы әдебиетке, драматургияға, театрға деген күрт бетбұрыс Шекспир есімімен тығыз байланысты. Шекспир тек трагедия жазып қоймады, комедиялық жанрға да белсене араласты. Ол өмірдің қасірет-қайғысын, қуаныш-шаттығын бірдей көре білді. Тіпті кейбір драмасында екеуін қатар өзек етті. Оның талантының шындалуына антикалық драматургия ерекше әсер етті. Өйткені ежелгі грек драматургтері комедия мен трагедияны қатар алып жүрді.

Шекспир шығармаларының тілі – өмірден алынған нақты іс-әрекеттің тілі. Шығармаларымен жете танысуға өмірдің өзі мәжбүрлейді. Оның шығармаларының жинағына алғы сөзінде Джонсон өз тұжырымын жасайды: Адиссон «поэзия тілінде сөйлейді», Шекспир «өмір тілінде сөйлейді», өйткені оған «өнер жете алмады». Бұл – ұлы драматург шығармашылығына берілген үлкен мадақтау.

Шекспир туындыларын аудару оңай емес. Аудармашылардың батылы жете бермейді. Шығармаларының тілі қаталдау келеді. Оны жұмсартып, боямалап, әсірелеуге болмайды. Көптеген аудармашылар оны бұрмалайды, сөйтіп шынайы болмысынан, рухынан айырады. Шекспирдегі қатал ұғымдағы сөздер белгілі бір мақсатқа көзделген. Софоклдың «Эдип патшасында» күңгірт, меңіреу деген сөздер екі жүз тоқсан рет қайталанады. Бұл арқылы Лайяның сұмдық әрі жексұрын өлімі ашылады. Шекспир сөздері оқиғаны дәл бейнелейді, ол өмірдің қатігездігін, адамдардың жауыздығын көрсету үшін әдейі қатал сөздерді қолданған.

Шекспир – халықтық ақын. Ол өз туындыларында адамдар бойындағы ізгілікті, ең жақсы қасиеттерді бейнелеумен бірге, зұлымдықтар мен зымияндықтарды әшкерелейді. Ол Гобстың «адам адамға қасқыр» деген сөзін негізге алып, адамдар арасындағы түрлі қайшылықтардың мәнін ашты. Оның шығармашылық даралығы – драмаларының халықпен бірге біте қайнасып, бірге өмір сүруінде, тіршіліктің алуан қыр-сырларынан үйренуінде.

Шекспир трагедияларының тілі – нағыз шынайы өмір тілі. Ол ағылшын әдеби тіліне, стиліне үлкен өзгеріс енгізді. Өз дәуірінің, қоғамының шындығын нақты көрсете білген пьесаларымен әлем әдебиетінде бірден-бір классик драматург болып қалды. Шекспирдің шығармаларының қазақ тіліне аударылуы ұлы акынның әдеби мұраларымен қалың оқырманның танысуына жарқын жол ашты. Оны алғаш аударған Ә. Бөкейханов, М. Дәулетбаев, М. Әуезов. Мұхтар Әуезовтің аударуындағы

«Оттело» трагедиясының аударылу сипатын талдауда біз Радлова мен Әуезов аудармасына қоса, 1970 жылдардағы ең үздік саналған М. Лозинскийдің тәржімесін қатар салыстырдық. Өйткені А. Радлова аудармасын кейіннен К. Чуковский қатты сынап, көптеген кемшіліктерін көрсеткен еді. Лозинский аудармасы ағылшын тілінен тікелей жасалған, баламалы аударма. Осылай салыстыру мақсатымыз – екі аударма түпнұскалық негізге қаншалықты жақын және алшақтығын анықтау.

А. Радлова	М. Әуезов	М.Л. Лозинский
<p>Что делать? Это зло военной службы – По дружбе, по записному производству. Не так, как прежде, где второй за первым.</p>	<p>Қайтесін қызметтің со-ры осы! Достықпен, сәлем хатпен өсіреді, Бұрынғы болса реті-мен. Бізге де кезек келер еді.</p>	<p>Злу не помочь. В том и проклятье службы. Что движуться по пись-мам, по знакомству. А не по старинству, когда за первым идет второй.</p>

Радлова диалогты «Не істеу керек?» деген сауалмен бастайды. Әуезов мұны «Қайтерсің» деп бір ғана сөзбен берген. Радлова «производство» сөзін қолданған. Бұл кейіпкердің сөйлеу тіліне сәйкеспейді. М. Лозинский оны жылжыту, өсіру ұғымында жеткізген. Бұл жағына келгенде М. Әуезов нұсқасы ұтымды шыққан. Диалогтің соңындағы «біріншіден кейін екінші» деген тіркесін кезек деп берген. Аудармада нақтылау тәсілі сәтті қолданылған. Радлова «военная служба» деп аударса, Лозинскийде жай ғана «служба», М. Әуезовте «қызмет».

Родриго диалогы аударылуын салыстырайык:

А. Радлова	М. Әуезов	М.Л. Лозинский
Ты говорил, его ты ненави́дешь. Скорей я был палачом его.	Өлердей өшім сол деп ен. Мен жендеті болар ем өйткенше.	Ты клялся, что тебе, он ненави́стен. Я стал бы лучше палачом его.

Радлова сен жіктеу есімдігін екі рет қолданып, тавтология жасаған. Лозинскийде шұбалаңқы, М. Әуезов ойды нақтылап жеткізген. Екінші диалогтағы екі кейіпкер арасындағы тартыс сөз қақтығысында анықталады.

А. Радлова	М. Әуезов	М.Л. Лозинский
Не говори, мне очень неприятно. Что ты распоряжаясь, как хозяин моими деньгами, об этом знал.	Өкпелеймін мен саған. Алтынымды қалтамнан Өз мүлкіндей көруші ен. Ұятың қайда біліп жүріпсің.	Не верю, нет. И мне обидно, Яго. Что ты развязывая мой кашель, Как если бы он был твой, все знал.

Орысша нұсқасының бірінде әмиан, екіншісінде ақша айтылса, М. Әуезов алтын сөзімен берген. Алтын Ресейде кезінде ақша бірлігі болған. Радлова «маған өте ыңғайсыз, айтпа мұны. Өз ақшамды қожайындай иеленіп алдың» десе, М. Әуезов оны «өз мүлкіндей көрдің» деп мағыналық сәйкестікте жеткізген. М. Лозинскийде Ягоға ренжу, өкпелеу айтылса, Радловада бұл кездеспейді. Әуезов түпнұсқа тілінен тәржімелемесе де, түйсік тереңдігімен ақша жүргенде араздық орын алатынын аңғартып, өкпелеу етістігін орынды қолданады.

Пьесада Родриго Ягонның таныстыруынан соң Отеллоға қызғанышын білдіреді. Осы сөздер аудармалары:

М. Лозинский:	А. Радлова	М. Әуезов
Как все таки удачлив толстогубый. Вот ловкость!	Какой счастливец, толстогубый! Уж если тут везет.	Бакытын-ай! Көнтек ерін неменін. Дегеніне жеткені-ай!

Ағылшын тіліне тікелей тәржімеленген орысша нұсқаларға карағанда М. Әуезов кейіпкер ойын дәл жеткізген. Отеллоның қызғанышы, кекесіні орысшадан гөрі қазақшасында акпараттық нақтылығын сақтаған. Радловада «Уж если тут везет» деген сөйлем немқұрайдылықты білдірсе, М. Лозинский ой асқақтығын «Міне ептілік! Міне пысықтық» деп берген. М. Әуезов суреткерлік сезімталдықпен диалогтың интонациясын сәтті берген, «дегеніне жеткені-ай» сөзі алдыңғы оймен ұштасып, кейіпкердің пиғылын анық ашқан. «Көптеп ерін» тіркесін талғаммен ала білуі де әр сөздің мән-мағынасына терең көңіл бөлгендігін аңғартады. Ара-тұра ұлттық колоритті де орынды пайдаланған. XVI ғасырда жазушылар «мавр немесе қара мавр» деп негрлерді атаған. Эфиоп сөзі «қара мавр», «көптеп ерін» мағынасында.

Брабанцио сөзі:

М. Лозинский	А. Радлова	М. Әуезов
Где брат мой? Ах зачем она не ваша? Искать пойдем в разбивку. Вам известно, где можно бы настичь ее и мавра	Зовите брата! Лучше бы нам досталось... Во все концы бегите. Вам известно, где нам теперь схватить ее и мавра.	Шақыр інімді. Бүйткенше сізге тисе етті. Шап жан-жаққа. Білесіз бе, маврмен екеуін қай арадан ұстаймыз.

Алғашқы қаратпа сөздің интонациясы үш аудармада үш түрлі. Қазақшасы мағыналық жағынан орысшасымен сәйкеседі.

А. Радлова	М. Әуезов
Но ваша дочь, без нашего согласия, я повторю тяжко провинилась. Связав долг, разум, красоту, судьбу. С бродягою, бездолжным чужеземцем. Чужим везде «Скорей же все узнайте»	Зор айыпқа батыпты. Ар, ақыл, көрік, тағдыр баршасын. Қанғыған, елсіз бөтен жат біреуге ұсыныпты.

Долг – парыз, борыш, міндет ұғымының орнына М. Әуезов «ар» сөзін алған. Пьеса мазмұнында адамгершілік, ар-ұят жоғары қойылған. Парыз, борыш ұғымынан гөрі бұл сөз өзін

мағыналық жағынан толық ақтап тұр. Мұнда адалдық, абырой басты сипат алған. М. Әуезов автордың түпкі ой-мақсатын терең түсінген.

М. Әуезов шпаганы сапы деп алған. Бұл атау кейінгі кездері спортта қолданылып жүр. Сол сияқты салют, крепс, дуговой сияқты орыс сөздері сол күйінде берілген. Отеллоны іздеп жүрген көпшілікке Яго: «Тауып алармыз десендер, қуғындарым гостиницаға беттесін» деп айтады. Қазақ тілінде қонақүй, мейманхана баламасы болғанымен, аудармашы бұл сөзді тікелей сол кездегі халықтың ауызекі айтылуына негіздеген. М. Лозинский аудармасы: «Чтобы вам настигнуть Мавра, ведите поднятых людей к «Стрельцу». Мұндағы «Стрелец» - қонақүйдің аты. А.Радлова аудармасы: «Найти его хотите, к Стрельцу направьте вы за ним погоню». Аудармашы Стрелец сөзін тырнақшаға алмаған, нені атағаны белгісіз. Ешқандай сілтеме бермеген.

Мысалы Стрелец – 16-17 ғасырдағы орыс әскери полкі. Москва стрелецтері. М. Әуезов қонақүй атауының көрерменге түсініксіздігін біліп, гостиницаны сақтаған. Брабантионың сөзі Лозинский аудармасында: «Как ты узнал ее. Обман безмерный! Что вам она сказала? – Света больше!». Радлова нұсқасы өзгешелеу: «Узнал ее? Как страшно обманула...что вам сказала? Фонарей! Фонарей!». М. Әуезов мұны: «Таныдың ба өзін? Не деген алдау! Сізге не деді өзі? Фонарь әкел» деп жеткізген. М. Лозинский нұсқасы ағылшынға жақын болғандықтан, жарық сөзі орынды қолданылған. Радлова бұл сөздің мағынасын түсінбей, фонарь терминін қолданған. Ол кезде фонарьды қолданбайтынын аңғармаған. Осындай зат, бұйым атауларының дұрыс алынбауы пьесаның шынайылығын бұзады. Тағы да Брабантио сөзі: «Эй! Запалите трут! Свечу подайте! Разбудите слуг! Мне и во сне похожее приснилось. Уже меня предчувствие гнетет. Огня! Огня!» (М. Лозинский). Дәл мағынасында: «Білтені тұтатындар, шырақты әкеліндер, құлдарды оятындар». Шырақ жағу жөнінде өтініш айтылған. Трут – шырақ білтесі. Тағы бір мағынасында – фитиль. М. Әуезов Радлова аудармасының негізін сақтап, ықшамдап жеткізген. «Шакпакты ендеше,

әкел жарықты. Оят барлық құлдарды. Шошып едім түсімнен. Тіпті ауызға алсам, жан түршігед. Жарық қайда! Жарық!» Аудармашының шеберлігі кейіпкер сөзін дәл жеткізуімен байқалады. Радлова аудармасын салыстырайық: «Скорей огонь! Давайте факел! Слуг. Будите всех! Недаром видел сон... Меня гнетет одна лишь мысль об этом». М. Әуезов диалогтардың мағыналық ерекшелігімен бірге, ақ өлең үлгісін үнемі сақтап отырады. Поэтикалық көркем де мәнерлі жолдар.

Отелло өмір жолы аудармада таныстырылады.

М. Лозинский	А. Радлова	М. Әуезов
<p>Я объявляю, что жизнь моя исходит. От царственных мукей, мои дела. Беседовать достойны с гордым счастьем, Мной завоеванным, и знаешь, Яго, Не полюби я нежно Дездемону, Я бы свою бездомную свободу Не утеснил за все богатство моря.</p>	<p>Открою я, что царского я рода, С ним буду говорить, как равный с равным. Лишь по заслугам и по праву счастья Прекрасного достиг я. Знай же, Яго, Что не люби я милой Дездемоны, Я незамкнул бы жизнь, не ограничил, Бездомною и вольною мою. За лучший клад морской.</p>	<p>Шахзадалық тегімді де ашармын. Тен сөйлесіп көрермін. Ұлы баққа жеткенде, Еңбегіммен, орнымменен жеткенмін. Білесің бе, Яго! Ғашығым сүйікті Дездемона болмаса, Өміріме тұсау сап, Түз құсындай емін-еркін күнімді Теніздегі хан казынасына бермес ем.</p>

Орысша нұсқаларында үйсіз-күйсіз, өз бетімен жүрген Отелло сипатталса, М. Әуезов аудармасында ой-мақсатына жетуге ұмтылған жігерлі Отеллоны көреміз. Бұл – Отеллоға тән ағынан жарылу. Кіршіксіз көңілдің таза, мөлдір сыры. М. Әуезовтің ұлылығы – кейіпкер сөздерін ұлттық ұғымға жақындатумен бірге, Отеллоның кескін-келбетін бедерлі бейнелеуінде. Орысшасына қарағанда, қазақша мағынасы айқын, жинақы. Түз құсы, хан қазынасы – ұлттық ерекшеліктегі сөздер. Аударманы оқығанда Шекспир кейіпкерлері қазақша сөйлеп тұрғандай сезіледі. М. Әуезов Отеллоның патша тегін айтудан гөрі, шы-

ғыстық тумысы шахтың ұрпағы екендігін көрсетуді көздеген. Отелло үшін М. Лозинскийше барлық теңіз байлығы түкке тұрмайды, ал А. Радловада теңіздің ең жақсы деген қазынасынан артық. М. Әуезов мұны шығыстық үлгіге жықынлатып, хан қазынасына балаған. Радловада бақыт заңдылығы делінсе, Лозинский де «асқақ бақыт». Өйткені ол – ағылшын тілінен тікелей аударған. М. Әуезов ой астарын терендетіп, ұлы бақты түйіндейді. Орысша аудармаларда Отеллоның еркін жүріп, тұрғаны берілсе, М. Әуезовте бейнелі шыққан. Түз құсына теңестірген яғни қыр даланың еркін самғаған құсына балаған. Ұтымды балама.

Брабанцио, Родриго, Венеция дожы, Яго Отеллодан ақыл-кеңес сұрай келгенде, ол былай жауап береді:

Простите, служба или весть о деле
Меня с постели подняли? Забота и Всеобщая?
Нет личная печаль.
Стремится разрушающим потоком.
И поглощает прочие несчастья.
Нисколько не слабея! (А. Радлова).
М. Әуезов кейіпкер сөзін айқындап, аша түскен.
Маған қажет сіз едіңіз, таксырым!
Кешіріңіз қызмет пен іс пе еді?
Мені орнымнан тұрғызған?
Қамы ма еді жалпының?
Жок? Өз басымның қайғысы
Селдей басып барады.
Өзге барлық қайғыны
Жалғыз есті жұтады.

Аударма шебері Әуезовтей-ақ болсын! «Меня с постели подняли» деген жолды «мені орнымнан тұрғызған» деп аударған. Қазақы мәтін айқын, ұғынықты. Мені төсегімнен тұрғызған дегеннен гөрі осы дұрыс. Өйткені төсектен тұрғызу кейде ауру адамға қатысты айтылады. «Стремится разрушающим потоком» – дәл сөзбен аударсақ, «жойқын тасқын ағынындай» деген ұғымда. М. Әуезовте селдей басып барады – жинақы да дәл. Венеция дожы ойы:

Где нет лекарств – там грусть неизлечима
Коль понял все летят надежды мимо.
Когда несчастьем праздным плачем вторим,
Мы умножаем горе не вым горем.
Над неизбежным что нам плакать даром?
Стерков удар, смеемся над ударом.
С презренным кто смеется вору вслед.

Радлова аудармасын классик жазушы ұлттық сөз өрнегімен келісті көркемдеген. Дож: рұқсат болса, сіз үшін бір сөз айтайын:

Сізден кешірім алуға.
Асықтар есеп болар!
Дәруі жок болғанда
Бәрі мәлім болғанда.
Қасіретке дауа жок,
Үміт шетке таяды.
Көздің жасын қайғыға серік еткенде,
Тек қайғыға қайғы қосамыз.
Келмеске неге жылаймыз?

Мәтіндегі ойды түсініп, мағынасына тереңдеп бойлаған. Дездемона әкесі үйінде тұрсын дегенде, Брабанцио қарсылық білдіреді. Бұған Оттелло да келіспейді. Дездемона сүйіктісінің сөзінен аса алмайды. Өзінің қалауын білдіріп, әке өтінішіне қарсы болады. Отеллоны сүйетіндігін айқын жеткізеді:

Чтоб с мавром жить, его я полюбила
Об этом бурный вихрь моей судьбы.
Уж миру потрубил; душа моя
Прекрасный доблести его покорна;
Дело Отелло – воеет его лица!
И подвигам его и славе я.
Свою судьбу и сердце посвятила
И если здесь, как мирный мотылек
Останусь я он на войну пойдет
Лишь того за что его люблю я.
И тяжело мне будет это время,
Разлуки с милым. С ним позвольте ехать.

М. Әуезов аудармасында Дездемонаның кіршіксіз жүрегінен жалындаған сезімі сәтті:

Бір болам деп мен маврды сүйгенмін
Оны ойнақы тағдырым.
Дүниеге паш етті. Жаным менің.
Ерлігіне табынған.
Жаны болса Отеллоның
Міне тұрған жүзінде
Ерлігі мен абыройына осының
Тағдырымды, жүрегімді арнағам.

Аудармашы «бурный вихрь моей судьбы» дегенді «ойнақы тағдырым» деп қысқа да ұтымды қолданған. Бурный вихрь – қатты жел немесе алай-дүлей сокқан боран. Ойнақы тағдыр – тағдыр тұрлаусыздығының әдемі баламасы. Сондай-ақ слава данқ-атақ болса, аудармашы абыроймен алмастырған, арға да, атаққа да ортақ ұғым. Оттелло Дездемонаны Ягоға тапсырады, кейін сәті түскенде қайта жүздесерін білдіреді. Сөз кезегінде Оттелло «Их привезли в час благоприятный» дейді. «Благоприятный час» – қолайлы, ыңғайлы, орайлы уақыт ұғымы. Осыны аудармашы «Қайырлы сағатта жеткіз аман екеуін» деп мағынаны нақтылай түскен. «Қайырлы сағат» – бақытты кездесу нышаны. Аудармашы талантына тән ұтымдылық, ұқыптылық.

Драмалық шығармаларда кейіпкерге мінездеу, жасалады, ол кейде көңіл-күймен сабақтасып, жағымды-жағымсыз сипат алса, кейде сүйсініспен жеткізіледі. Оттелло жанарының әдемілігі Яго мен Кассио көзқарасында:

Яго: А какие у нее глаза! Мне кажется что они зовут на соблазнительные переговоры.

Кассио: Зовущие глаза. Но мне кажется, что в то же время очень скромные.

М. Әуезовте:

Яго: Көзі қандай десенші! Көңіліме сырласуға шақырып тұрған сияқтанады.

Кассио: Шақырғаны көздер! Бірақ сонымен қатар момын көздер.

Сырласуға етістігі әдемі алынған. Соблазнительный-еліктіргіш, қызықтырарлық. Оттелло жанарының сүйкімділігі ерекшеленеді.

Драмадағы ішкі толғаныстар аударылуына көңіл бөлейік:

Кассио: Доброе имя, доброе имя, доброе имя! О, я потерял свое доброе имя. Я потерял бессмертную часть своего существа, я осталась одна животная. Моя доброе имя, Его , мое доброе имя!

М. Әуезов: Абыройым, абыройым көрнекті. Ол абыройдан айырылдым ғой!

Бойымдағы өлместеген қасиеттен айырылдым, өлексем қана қалды. Абыройым, Яго, абыройым!

Доблесть – айбын ерлік, батылдык болса, Кассио мұнда адамгершілік, абыройымнан айырылғанына өкінеді. Аудармашы адамның жеке атак, даңқынан гөрі ар-ұждан, абыройын биік қойған. Абыройды жоғалту – адамдыктан жүрдай болу. Яго:

Достаточно бегат бедняк довольный
И беден, как зима, богач первейши,
Боящийся всю жизнь что станет бедным. О небо защити
ты весь мой род.
От ревности!

Қазақшасы:

Бірза кедей бармен теңіз
Өмір бойы қорқынышы жоқтың боса
Тұттай сорлы біріңді бай,
О, тәңірі, нәсілімді
Қызғаныштан сактай гөр!

Кенестік діни атеизм ықпалы көркем аудармадан нақты көрінеді. А. Радлова құдай, тәңірі ұғымын аспанмен астастырады. Әдетте көкке, күнге табыну, күн тәңірі – түркілік таным түсінікке тән. Орысшасында оны ағылшын драмасының кейіпкерлеріне телуі дұрыс емес. М. Әуезов орысша аудармадағы кейбір кателіктерді байқап, біліп, орынды түзеткен.

Яго адам тағдырына немқұрайды қарайды. Оған адам жанын жаралау түкке тұрмайды. «Онда жүрек деген немене, қолыма ұстап қарғаға шоқытып жүрсенші» деген сөзінде жандүниесінің қатыгездігі, қараниеттілігі сезіледі. Акын Том Грей-

дің бағалауынша «Шекспирдің тілі – біржақты әдеби тіл емес, нағыз халықтық табиғи тіл, дәуір тілі. Халықтық дейтініміз, оның кейіпкерлері еркін әңгімелесіп, көсіле сөйлеп, тебірене толғануында».

Диалогтарда мақал-мәтелдер, идиомалар жиі кездеседі. Бұл кейіпкер ойын жеткізудегі тиімді тәсіл, сол кезге тән ерекшелік. Ягоның: «О, мир чудовещный! Смотри, смотри, опасно честным и правдимым!» сөзі бір қарағанда қарапайым нақылға ұқсайды. Философиялық ой бар. Мұны Шекспир Оттеллоны қайрау үшін әдейі Яго аузына салған. Қазақшасында:

«О, сұмырай дүние! Көр, көрші міне,
Шыншыл, адал болу қауіп болды» деп тәржімеленген.

Айлакер, сұм Яго арамдық ойларымен Дездемононы қараласа да, Оттелло біразға дейін бұған сенбейді. Бұл Оттеллоның ішкі сырынан, монологынан үндестік тапқан:

Я думаю жена чиста и нет.
Я думаю, ты прав и неправ.
Ты докажи. Ее ведь имя чисто
Как лик Диан, было,- нынче грязно
Черно, как я. И если есть ножи,
Веревки, яд, огонь и реки сыре
Не вынесу. Мне только надо знать
М. Әуезов аудармасы:
Әр айыпты әйелім
Өз ойымша сенің сөзің әрі өтірік, әрі шын.
Көзім жеткіз
Оның аты әулиедей таза еді.
Былғаныпты бүгін менен кара бопты.
Қанжар ма, дар ма, у мен от па
Шыдамаймын жалғыз ғана білу кажет.

Аударма орысшасымен мағыналық сәйкестікте, кейбір өзгерістер де бар. Мұнда Диана тәңірінің аты аталмаған. Бұл Оттеллоның Дездемона атына тағылған айыптауға байланысты ақталуын білдіреді. Яго Кассио садағын сұрткен беторамал деп көрсеткенде ғана Оттеллоның сағы сынып, амалсыз мойындайды.

Оттело: Будь у мерзавца сорок тысяча жизней! Для лишения одна жалка, слаба. Теперь я вижу. Правда все! Смотри любовь свою по ветру развеваю Летит...

Қазақшасы: Қуарғанның қырық мың жаны болса етті? Бірақ жанға кегім қайтіп қанады. Көзім жетті. Бәрі де рас. Қара міне махаббатты желге шашып жіберемін: кетті, әнеки.

Ягоның арамдығы Оттелоның сүйікті аруына деген өшпенділікке қаталдыққа әкелді. Зұлымдық пен аярлық ақыры бір-бірімен сыйлас сүйіспеншілік иелерін арман-мақсатына жеткізбейді. Дездемонаға берген портреттік мінездеу оның болмыс-бітімін бағалау іспетті. Бұл Ягомен арадағы тартысты шиеленістіре түседі. Оттело бірде: «Прелестная женщина!» «Красивая женщина!» аудармасындағы: «Әсем әйел, сұлу әйел, нәзік әйел» деп Дездемонаның өзгеше келбет, көркіне тамсанады. Сұлу кескін-келбетін сипаттау арқылы оның жан дүниесі таза және ісмер, шебер, дарынды екенін еске алады. Орысшасы: Я только говорю, какая она. Искусница, рукодели. Уведительно владеет музыкой. О, она своим пением укротила бы свирного медведя. У него такой высокий, такой богатый, умный воображения». Қазақшасы: Құр ғана бір айтқаным ғой іске шебер музыкаға қандай ғажап еді. О, өзінің әнімен жайын жыртқыш аң болса да, соншалық зор, соншалық кең ақылы мен қиялы бар еді.

Яго барған сайын Оттелоны қайрай түседі. «Бәсе, сонысы әсіресе жаман ғой, «Иә, орасан сүйікті», «Иә, бұнысы сондай маскара». «Онысы, әсіресе маскара!». Ягоның осынау кекесіндерінен Оттелоның Дездемонаға деген ықыласын суытып, кек алуға жаныған жауыздығын көреміз.

Оттелоның Дездемонаны өлтірер алдындағы соңғы шешімі драмадағы ішкі тартыстың шарықтау шегі. Оттело: «Достань, мне какогонибудь яда, Яго, сегодня вечером, я не буду с ней рассуждать, чтобы ее тело и красота не лишили меня снова рас-судка, сегодня же вечером, Яго!

Яго: Не убивайте ее ядом, задушите в постели, в той же самой постели, которую она запятнала».

М. Әуезов мұны қарапайым ұғыммен жеткізген: «Яго, бүгін кешке, маған у тауып берші. Оның денесі есен сұлулығы мен

тағы да естен тандырмас үшін, мен онымен сөз қатпаймын. Дәл бүгін кешке, Яго».

Арамза Яго дегеніне жету үшін қалайда оны өлтіргенін қалайды. Тіпті қалай өлтіру керектігін де айтып салады: «Умен өлтірмеңіз, төсекте, өзі арам еткен төсекте тұншықтырып өлтіріңіз». Оттелло қатыгездігі сүйікті аруын өлтірумен аяқталады. Дездемонаның сөзі «Ертең өлтір. Күндік өмір бер! Жарым сағат тым құрыса! Тым құрыса дұға оқу!» деген жалынышты сөздеріне де қарамайды. Қызғаныштан өзегі өртенген, сезімі суынған Оттелло Дездемононы қылғындырып өлтіреді.

Махаббат пен қызғаныштың қатыгездік қасіреті жайлы трагедия талай ұлттың тіліне аударылып, сахналарында табыспен қойылды. Қазақ тіліне М. Әуезовтың аударуымен бұл драма көрермендерді өзіне тартуда. Шекспир туындылары халықтық сипатымен, ұлттық тіл ерекшелігімен биік. Драмаларының халық жүрегінен табылуы – өмірлік шындыққа құрылуында.

Шекспир тілінің кереметтілігі трагедияның әр көрінісінде байқалады. Мысалы, 3-ші актісінде Отелло жанын жаралаған Дездемонаны қайтарып жібергендегі сөздерін алайық.

Если одичал мой сокол,
Хот пути – струны сердца моего
Я отпущу тебя: Лети по ветру,
Охотьясь на удачу.

Мұндағы тұспалды ой мағынасын әр туындыдағы жеке-леген жолдарға тереңдей мән бере айқындауға болады. Зерттеуші Джонсон және кейінгі әдебиеттанушылар Шекспир сөзінің түрлі құпия сырын ашты. Әдетте сұңқармен саятқа шыққанда оны желге қарай ұшыру қауіпті. Құс тұғырына қайта қонбай, біржолата ұшып кетеді. Драматург Оттеллоның құлазыған көңіл-күйін, ішкі сезім арпалысын бейнелі, әсерлі сипаттаған. Биігінен құлдилаған құс-көңілді қайта аспанға ұшырады. Желге қарсы ұш, қалықта, қонба, деген тілеулестік сезіледі. Бірге тұруға тағдыр жазбайтынын айқын жеткізеді. М. Әуезов Шекспирдің астарлы ойын тамаша аударған.

Жайың болса сұңқарым,
Балақ бауың жүрек қылым болса да,
Жіберермін ыққа қарай,
Бұйырғанын ілерсін.

Балақ бау – сұңқар құстың аяғына байланған жіп. Балақ бауын жүрек қылымен сәтті астастырған. Ұлттық колорит бар. Жазушы аңшылық, саятшылық кәсіпті жақсы білген. Желмен бірге ұш деп тұрған жоқ. Желмен бірге ұшу – бағыттан адасу. Бағыттан адасу – қолына қонған бақыттан айырылу. Ыққа жіберу – өз бағытыңды, бақытыңды табу. Енді бақыт құсым емессің, өз жолыңды ізде деген ой меңзеледі. Шекспирдің тұспалды терең ойларын М. Әуезов аудармашылық талантымен анықтаған.

Жалпы Анна Дмитриевна Радлова аудармасы көптеген қателіктеріне қарамастан, басқа орысша нұсқаларға қарағанда, мағыналық жағынан түпнұсқаға жақындайды. Өзі ақын болғандықтан, Шекспир шығармаларының ерекшелігін сезінген, қайталанбас туындыны өз деңгейінде аударған. «Радлова аудармалары дәл, сонымен бірге түпнұсқадан алынған жансыз көшірме емес, үлкен таланттың шығармашылық жұмысы. Шекспир мәтіндеріне сенімділікті сақтай отырып, Радлова көптеген қуатты сөздердің арасынан оның мағынасы мен мазмұнын айқындап көрсетеді, солардың ішінен анағұрлым айқынын, анағұрлым толыққандысын, анағұрлым шынайысын таңдап алады» деп 1935 жылы зерттеуші О.Литовский бағалаған. Радлова аудармасын кейіннен көрнекті аударматанушы әрі аудармашы К. Чуковский түпнұсқа деңгейінде талдап, көптеген қателіктерін дәлелдеп шыққан. Өз кезінде аударманың дәлдігіне, шынайылығына көз жеткізген М. Әуезов осы нұсқадан қазақшалаған. Ол «Анна Радлова аудармалары біздің дәуірге тағы да Шекспирді ашып берді» деп биік бағалады. Шекспир шығармаларын қазақ оқырмандарына таныстырды. «Оттелосы» мен «Асауға тұсау» драмаларын аударуы қазақ театр өнерінің дамуына игі ықпалын тигізді.

Фридрих Гундольф: «Біз өз дәуірімізден Шекспирге бара алмаймыз, ал Шекспирмен бірге оның дәуіріне бойлай аламыз» деп бағалады. Шекспир әлемі шексіз. Ағылшынның атақ-

ты драматургінің пьесалары жиі-жиі сахналанды. Ерекшелігі ондағы бейнеленген оқиғалар мен жағдайлардың, қоғам және адамдардың өмір сүру салты қаншама өзгерсе де, бүгінгі уақытпен шынайы үндестік табуында.

Ағылшын мемлекет қайраткері Чемберлен Шекспир поэзиясының музыкалық мәнерлілігін ерекшелейді. Классик мұраларының көпшілігі ақ өлең үлгісінде берілген. Әр кейіпкердің сөздері ойына, дүниетанымына, өмірлік көзқарасына, мінезіне үйлесіп келеді. Аудармашылардың Шекспир драмаларының жанрлық сипатына сай трагедия, комедия тіліне ғана емес, кейіпкерлердің сөйлеу тілінің ерекшелігіне де жете көңіл бөлгені жөн. Шекспир драмаларының тарихи оқиғаларға, тарихи тұлғаларға арналуы өз дәуірінің тарихи рухында тәржімелеуді міндеттейді.

«...Адам баласына тән игі парасатты да, махаббат атаулы пәк сезімді де, пасықтықты да, катыгез зұлымдықты да, қорқау мансапқорлықты да бар болмысымен тани білді. Шекспир – өз дәуірінің ұлы шебері дәуірдің кескін-кейпін қалт жібермей таныған сарапшысы» деп Қ. Мұхаметжанов жоғары бағалады. Шекспир шығармалары өміршен. Түпнұсқадан тікелей аударып, қазақ театрына жаңа драмаларын қою қажеттілігі де арта түсуде.

Шекспир сонеттерінің поэтикасы және аударылуы

Сонет жанры XVII ғасырда Италияда қайта өрлеу дәуірінде қалыптасты. Бұл – поэзиядағы ең қиын да күрделі өлең түрі. Сонет – қалыпты лирикалық түр. Ақын айтар ойының мазмұнын 14 жолдық тұрақты өлең шумағына сыйғызуы тиіс. Сонет (итальян) тілінде soneto – шағын ән мағынасындағы тұрақты түрі бар өлең. Ол 4 жолдық (катрен), 2 шумақ, 3 жолдық (терцет) 2 шумақтан тұрады. Буало сонет туралы екі катренді екі ұйқас құрап тұрады, екі терцетпен ой аяқталады, өлең өлшемі, буын саны қатаң заңдылыққа бағынады, сөздер қайталанбайды, сұрқай, қасаң өлең жолдары болмайды, жүз жолдық әдемі сонет поэманы ауыстыра алады деген пікірде.

Сонет итальянша сыңғырлау, сылдырлау ұғымын береді. 14 тармақтан тұратын жырдың шумақтық үлгісі мейілінше күрделі келеді. Тармақтар 2 рет төрт-төрттен, онан кейін екі рет үштен топтасады. Алғашқы төрт тармақта өрбіген ой кейінгі екі қатарлы үш тармақта түйінделеді, тиянақталады. Сонет сыңғырлаған сұлу сөздердің өзара үйлесуі ғана емес, ішкі ұйқас, ырғақ әуезбен үндесуі, ақынның айтар ойын сыршылдықпен әсем де әдемі жеткізу шеберлігін айқындайды.

Сонет, осылайша, ерсерілік мәдениет саласында қалыптасқан жоқ, ғалымдар мен заңгерлер саласында қалыптасты. Фридрих II өнерге әсіресе жаратылыстану ғылымына зор қызығушылық танытқандықтан, Палерма сарайы жанындағы алғашқы сонет авторларына “қолайлы жағдай” жасаған, олар өз ізденісін көрсеткен. Фридрих II-ні бірінші заманауи адам десе, енді біреулері Ренессанстың бірінші адамы деп бағалады.

Итальяндық классикалық сонет түрі екі төрт тармақты, екі үш тармақты a. b. b. a. a. b. b. c. cd. e. d. e; немесе a bab; ab ab ccd; үлгісінде құрылған. Әр өлең қатаң ережеге негізделіп, белгілі бір тақырыпқа қатысты ой қозғайды. Қайта өрлеу дәуірінде еуропалық поэзияға, лирикаға жаңаша дәстүр енгізді.

Сициялық ақын Джаконда да Лентини – XIII ғасырдың басында әлем әдебиетіне алғаш сонет жанрын енгізген ақын. Ол Фридрих II сарайының жанында нотариус болыпты. Одан кейін Петрарка сонетті поэтикалық өнер түрінде дамытты, жанрды өлеңдік биікке көтерді. XVI ғасырда сонет Италиядан Еуропаға кеңінен таралды. Испания, Португалияда Х. Боски, Альмогавер, Л. Каменсу және Лопе де Вега сонетке үлкен үлес қосты. Француз сонет мектебінің өкілдері Матюрьен Ренье, Пьер де Ронсар, Кристофер Марло негізін қалады. Сонет жанрында канондық түрмен дамытқан Г. Сарри үлгісін Э. Спенсер, Дж. Линтон, Уорсворт, Т. Уайет шығармашылық түрде жалғастырды. Петрарка сонетті өзіндік жүйеде құрды. XVI ғасырдың соңында сонет Англияда лирикалық поэзияда айрықша сипат алса, бұл соның алғашқы өкілі Уайеттің еңбегі. Ағылшын ақындары алғаш сонетті итальяндық үлгіде жазды. Кейін қалыпты жана жүйе жасады. Онда үш не төрт тармақты

жыр жолына негізгі ой енсе, соңғы екі шумақ ойды қорытындылады. Бұл Петрарка жасаған жүйеден жеңіл, көпшілік оқуына, ұғынуына түсінікті болды. “Оны Шекспир пайдаланғандықтан да, Шекспир сонеттері” деп аталып кеткен. (А. Аникст). Классикалық итальян сонеттері ережеге сай белгілі бір тақырыпқа бағытталса, Шекспир сонеттерінде төрт тармақты өлең жолы тақырыпты және оның мән-мағынасын білдірсе, одан кейін тақырыптың дамуына, автордың нақты бір шешім қабылдауына ұласып, соңғы екі шумақ нақылдық-логикалық түр ретінде қорытынды ой түйіндейді.

Ағылшын сонетіне жаңа мазмұн, түр беріп жаңартқан – У. Шекспир. Зерттеушілер Шекспир сонеттерінің жазылған уақытын 1592-1598 жылдарға сәйкестіреді. Осы жылдарда ағылшын әдебиетіндегі қайта өрлеу дәуіріндегі поэзияның дамуына орай сонеттердің де серпінді дамуы басталды. Филипп Сиднидің “Астрофил және Стелла” сонеті 1580 жылдары жазылса, бұдан кейін Сэмюел Денол, Томас Уотсон, Барнеби Барнс, Уильям Перси, 1595 жылдары атақты ақын Эдмунд Спенсер, Ричард Барифил, Уильям Смит т.б. сонет жанрында өз қолтаңбасын қалдырды.

Неміс әдебиетші ғалымы И. Бехер: «Сонет бәрінен бұрын тапқырлықты талап етеді. Сонет авторы – бұл бәрінен бұрын конструктор, сонымен бірге сонет шығармашылық поэтикалық конструкция» деген тұжырымға тиянақталады. Ол «Сонет сипаты негізгі поэтикалық түр ретінде, шындық пен әсемдіктің бірігуімен жеткізіледі. Сонет қарама-қайшылықты, поэзия түрі ретінде шындық пен әсемдіктің арасындағы қарама-қайшылықты өз бетінше шеше алады, әсемдікке шындықтың, шындыққа әсемдіктің жарығын енгізуге мүмкіндік береді», – деп ерекшелейді. Осы ерекшелік Шекспир сонеттерінен табылады.

Шекспир сонеттері – ой мен сезім тереңіндегі лирикалар. Ол сонеттерін итальян, француз үлгісінде емес, таза ағылшындық пішінде жазды. В. Разова: «Олар ұлағатты, поэтикалы, нәзік те таңданарлық тегеурінді, сол мезетте-ақ өзінің әуенділігімен, ырғақтарының алуан үлгідегі үндестігімен,

ыкыласынды баурап алады». Шекспир сонеттері түрінің өзгешелігімен әрі әсерлі де бейнелі сөздерінің әуен, ырғағымен, дыбыстық үндестігімен, ой-мағынаны әсем үйлестіруімен әдемі.

«Сонет – поэтикалық даналықтың бейнеленуі. Ол поэтикалық қағидатты жетілдірілген үлгіде ұсынады» – деп тұжырымдайды И. Бехер. Шекспир сонеттері философиялық әрі эстетикалық ой тұтастығынан құралады. Шекспир сонеттері XVII ғасырдың 90-жылдары поэтикалық түр үлгісінде әдеби өмірге кеңінен енді. Уордсворт сонетті «ақын жүрегінің негізгі кілті» деп бейнеледі. Шекспир сонеттері адам жанының тереңіне бойлауымен, жандүние, сезімді сыршылдықпен аша білуімен дараланды. Ол өмірге, адам тағдырына қатысты философиялық ой толғайды. Сонеттерінде махаббат, сұлулық, достық, табиғат, өмірдің жақсылықтары мен қайшылықтары, адалдық пен аярлық, т.б. сол заманның ерекшеліктері шынайы, поэтикалық қуатпен жеткізілген. Ақын адамның ішкі әлеміне, көңіл-күйіне зер салады, сонеттері адам жандүниесімен сырласып жатқандай әсер қалдырады. Поэтикалық туындылардың композициялық құрылымы өзіндік үлгіге, Шекспирлік шеберлікке құрылған. Осындай ғажап, поэтикалық өнер ізденісіндегі туындыларды ағылшын тілінен мазмұн мен түрін, мағыналық сипатын, өлеңдік өлшемін, үлгісімен тәржімелеуде С.Я. Маршак аянбай еңбектенді. Шекспирге дейін де Уильям Блейк, Джон Китс, Редьярд Киплинг, Уильям Уордсворт, Джон Мильтон, Эдвард Лир, Роберт Бернс сияқты ағылшын, шотланд поэзиясының көрнекті өкілдерінің шығармаларын тікелей аударып, мол тәжірибемен, үлкен дайындықпен келді.

Өлең аудармасы – аса қиын өнер. Сонеттерді аудару өзіндік шығармашылық ізденіс пен шеберлікті қажет етеді. Оны аудармашы да мойындайды. «Өлең аудармасы – биік әрі қиын өнер. Біріншіден өлеңдерді аудару мүмкін емес. Екіншіден әркез мұның өзі бұрмалау». Аударманың машакатын көрген ақын әрі аудармашы Маршак. Бұдан бұрын аударған бәсекелестерімен салыстырғанда талант пен ізденісті айқын танытты.

Мұны зерттеуші В. Разова да «Сонеттер сондай еркін әрі шабытты жазылғандықтан да, олар Маршактың түпнұсқалық туындыларымен бір қатарда тұрды» деп ерекшеледі. Зерттеушілер П. Карп пен Б. Томашевский: «Маршак аудармалары кейбір белгілі шегіністерге карамастан, дұрыс табылған интонация арқылы түпнұсқаға жақындайды» деп алғашқы ой-тұжырымдарын білдірді. Маршактың Шекспир сонеттерін сәтті аудару себептері мынада:

а) Аудармашы сонеттегі философиялық ойларды, өмірге көзқарастарды тереңінен түсінген.

ә) Сонеттің барлық топтамасындағы ең негізгі ерекшеліктерін аңғарған.

б) Түпнұсқадағы бейнелеулерді орыс тілінің көркем құралдарымен өз заманының ерекшеліктеріне сәйкестіре, әсерлі де әдемі жеткізді.

в) Түпнұсқаның басты элементтерін әуен, әуез, ырғағы, интонациясын шеберлікпен сезініп, аудармада ұтымды ұштастырды.

Автор бір мақаласында «Аудармамен жұмыс кезінде мен Шекспирдің әрбір жолымен мағыналық сипатына, дыбысталуына әрі Шекспир пьесаларының сәйкестігіне бойладым» деп атап көрсетті. Аудармашы Шекспир сонеттері классикалық дәрежесінде жетуіне терең мән берген. Маршак аудармасы – мұқият ізденіс пен үлкен шеберліктің, Шекспирге деген қуатты құштарлықтың белгісі. Зерттеушілер өзге аудармашылармен салыстыра сараптап, аудармасының басымдылығы философиялық тереңдігінде деп біледі.

Сонет жанры орыс аудармасы арқылы қазақ әдебиетіне де кеңінен енді. А. Садықова айқындағандай, «ғасырлар тезінен өтіп, өзіндік сұрыпталған көркемдік формалық, дәстүрлік үлгідегі, дәстүрлік белгілері сақталған жанр ретінде төл әдебиетке кіріп кетті». 1960-1970 жылдарда қазақ әдебиетінде сонет жанрына қызығушылық артты. Поляк классигі А. Мицкевич сонеттерін Ғ. Қайырбеков, кейіннен Ә.Ахметов тәржімелесе, Шекспир сонеттерін М. Мақатаев пен Х. Ерғалиев аударды. Қазақ әдебиетінде Е. Әукебаев, К. Салықов сонет жазды.

С. Маршак бір өлеңінде:

Я перевел Шекспировы сонеты,
Пускай поэт, покинув старый дом.
Заговорит на языке другом
В другие дни, в другом краю планеты, —

депті. Яғни, қазақшаласак:

Шекспирдің сонеттерін аудардым,
Ақын енді ескі үйін тастасын.
Баска күнде, баска өлкеде ғаламның,
Баска тілде сөйлеуін де бастасын.

Шекспир сонеттері әлемнің талай елінде жанрлық дәстүр қуатымен, ағылшын ақынының шығармашылық ізденісімен өз тілінде еркін тыныстауда.

Шекспир сонеттерінде сүйіспеншілік сезім сыршылдықпен сипатталған. Үлкен драматург «Көп айқайдан пайда жоқ» драмасында Маргарита Бенедитттен «Менің сұлулығымның құрметіне сонеттер жазбайсың ба?» деген өтініш жасайды.

Шекспир сонеттері алуан тақырыпты камтиды. Әсіресе, адамды қоғамдық өмірде не толғандыратынын өткір қозғады. Адамның рухани ізденісі әрі қажымай-талмай шығармашылық еңбектенуі нәтижесінде өмірде өшпес із қалдыруға болатындығын 146-шы сонетінде айтып кетті.

«Над смертью властвуй в жизни быстро течно, И смерть умрет, и ты пребудешь вечно» Х. Ерғалиев өмірдің қасқағым сәт екенін, оны аз ғана күндік ғұмыр ұғымымен алмастырған. Сөйтіп: «Ардақтысың аз күніңді мән біліп, Ажал өлер, сен қаларсың мәңгілік» деп түйін жасады.

Шекспир сонеттерін орыс тіліне И. Мамун, Н. Гербель, П. Кусков, М. Чайковский, Э. Ухтомский, Н. Холодковский, О. Румер т.б. аударған. Ең жақсысы – 1949 жылы жарияланған С.Я. Маршак аудармалары. Ол Шекспир сонеттерінің философиялық тереңділігі мен әуезділігін әдемі жеткізген. Шекспир мұраларын қазақ тіліне аударуда М. Мақатаев пен Х. Ерғалиев

өлшеусіз үлес косты. Х. Ерғалиев сонеттерді түгелдей еркін аударып шықты. М. Мақатаев тақырып қойып аударды. Өйткені Шекспирдің 1963 жылы Мәскеуден шыққан сонеттері соңында тақырып бар. Екі ақынның аудармасы – аудармашылық шеберліктің бәсекесі, таланттарға тән дара қолтаңба.

Мәселен, I-сонет:

Мы урожая ждем от лучших лоз,
Чтоб красота жила не увида
Пусть вянет лепестки созревших роз,
Хранит их память роза молодая.
Х. Ерғалиев аудармасында:
Әсем шыбық өссін дейміз желкілдеп,
Сұлулықты сақтау үшін жүдетпей.
Раушанның солған бірін соңғысы
Жасартады екі арада жыл өтпей,

– делінсе, М. Мақатаев та:

Әсемдіктің солмауы үшін әдетте,
Жаксы ұрықтан жаксы гүл біз дәмекен.
Семгенімен солған гүлдер жапырағын
Жас раушан сақтап оны, сәні еткен.

Маршак аудармасында раушан гүлінің сабағы мен собығы сипатталса, Х. Ерғалиев оны алғашында әсем шыбыққа балайды. Ал Мұқағали орысша мағынасынан алшақтамаған.

Немесе 2-ші сонетті алайық:

Когда твое чело избороздят
Глубокими следами сорок зим –
Кто будет помнить царственный наряд,
Гнушаясь жалким рубищем твоим?

Х. Ерғалиев:

Қырық қыстың қаһарына шыдамай,
Айғыз-айғыз әжім торлап, солды бет.
Пішініне қарап тұрып мынадай
Айтсын кімдер аса сұлу болды деп.

М. Мақатаев:

Қырық қыс кеп, қырық қаңтар бүркеді,
Қырық соқа қырық әжім тіркеді.
Айғыз-айғыз әжіміңнен үркеді,
Хан-сәніңді есіңе алсын кім тегі?

Әрине, Х. Ерғалиевте дәлдік басым, М. Мақатаевта бейнелілік сипаты ерекше. Сұлулықтың шыңын хан сәнімен астастырып, образдылықты күшейте түскен.

Сондай-ақ 11-сонеттегі адам ұрпағының жасампаздығы жайлы ой түйіні Маршакта: Ты вырезан искусно как печать.

Чтобы векам свой оттиск передать – деп тұжырымдалса, Х. Ерғалиев: Ғасырларға қалдырар өз таңбасын, шебер ойған әріптермен тең басың – деп тәржімелеген. Мұқағали мұны нақтылай түседі:

Шебер колмен жасаған бір мәрдейсің.
Ғасырларға өз белгіңді бергейсің.

Осы сарындас 14-сонеттегі алғашқы екі жол түпнұсқада: «Я не по звездам о судьбе гадаю, И астрономия не скажет мне. Какие звезды в небе к урожаю» – деп берілген. Х. Ерғалиев аудармасы: «Жұлдыздарға карап мен бал ашпаймын. Астроном бар демейді жоқ істі». М. Мақатаев «Жұлдызға карап, тағдырға мен бал ашқам, Айтпас шағын астроном ақ аспан» – деп ұтымды ұйқаспен, ішкі ырғақпен айшықтаған. М. Мақатаевтың аудармашылық таланты Шекспир сонеттерін сәйкес аударуда.

Махаббатқа деген көзқарасын ақын: «Я не хочу хвалить любовь мою, – Я никому ее не продаю!» – деп көтеріңкі леппен тұжырымдаған. Х. Ерғалиев оны: «Махаббатым! Сені мақтап жатпаспын, Ал, бөтенге сабаса да сатпаспын» – деп жеткізген. Аудармашы ақынның махаббатқа деген ойын асқақтату үшін сабаса етістігін қосқан. Сөйтіп, орышадан ауытқыған. Мақатаев:

Махаббатым! Мақтап оны жатпаймын,
Махаббатым! Басқа жанға сатпаймын, –

деп дәл аударған. Махаббатты екі рет қайталау арқылы онын касиет-қадірін асқақтатқан. Дәлдікке келгенде Х. Ерғалиев те аудармашылық талантының биіктігін кейбір сонеттерде байқатып отырады.

25-сонет:

Но нет угрозы титулам моим,
Пожизненным: любил, люблю, любим –

деген сүйіспеншілікке сәйкес патетикалық қуатпен аяқталған. Х. Ерғалиев:

Менің мәңгі дәрежеме тимек кім
Сүйіктімін, сүйем әрі сүйемкпін, –

деп поэзиялық пайымдау жасаған. Пожизненный – өмірлік ұғымы болса, оны вечный – мәңгі ұғымымен алмастырған. Алайда, мұнда мәңгі дәрежеден гөрі ғұмырлық сүю сипаты бар.

48-сонеттегі Шекспир шешімі:

Боюсь, и там нельзя укрыт алмаз,
Приманчивый для самых честных глаз!
Х. Ерғалиев түйіндеуінде:
Жүреkte де сақтау қиын алмасты,
Алмас көрсе, адал көз де албасты.

Әрине, приманчивый – алдап, арбаушы немесе еліктіріп елітуші. Албасты сөзі де ойды айқындауда сәтті жасалған. Ақын қорқамын сөзін қалдырып, оны албастымен алмастырған. Ал жүрек жанама сөз емес. Сонетте «Алқынған албырт жүрек махаббаттың тұрағы» деген тамаша тұжырым жасаған.

Жалпы екі аудармада асыл тастың екі қырындай аудармашылық шеберліктің, ізденістің үлгісін айқын таныта алады. Сонеттер поэзия аудармасының талабына сай тәржімеленген. Х. Ерғалиев аудармасы:

Кештім саған сен қайнатқан сорымды
Енді сен кеш есептеспек – орынды!

Осыны Шекспир сонеттерінің орысшасымен салыстырайық:

Я все простил, что испытал, когда-то,
И ты прости, взаимная расплата!

Қазақшасы әрлі де әдемі шыққан. А. Аникст: «Маршак Шекспирдің «Сонеттерін» орыс поэзиясының «бөлігіне айналдырды» деп бағалайды.

«Ромео мен Джульеттаның» Капулетти үйінде өткен сауықкештегі алғашқы диалогтері сонет үлгісінде жазылған. Маршак аудармасында түпнұсканы «әріптік» көшірме күйінде қайталаудан гөрі үлкен поэтикалық дәлдік бар. Әр сонеттің өзіндік айырықша образдық шеңбері мен тенеулер тізбегі бар.

М. Мақатаев мағыналық дәлдігімен, ойдың айқын да көркемділігіне жеткен. Аудармашы сонеттегі ақын ойларының поэтикалық қуатын көркемдік биігін аласартпай, асқақ сыршылдығымен, ойшылдығымен үндестіре білген.

«Шекспирдің әр сөзі сурет» деп танданған XVIII ғасырда ағылшын ақыны Томас Грей. Бұл пікір драмаларына да, сонеттеріне де қатысты. Өйткені ол табиғаттың әсемдігін адам жандүниесінің сұлулығымен астастыра бейнелеуімен дараланады.

Гамлет аудармасы

Шекспирдің «Гамлет» трагедиясын алғаш аударған Мәжит Дәулетбаев. Бұл трагедия 1931 жылы қазақша басылып шықты. Алғы сөзін С. Сейфуллин жазды. Ол аудармаға сын айтты. Бұл аударма туралы талданғандықтан, тоқталмаймыз.

Хамит Ерғалиев Шекспир шығармашылығына сүйіспеншілігін аудармада білдірген. Орысша әрбір сөзді, тіркесті мәтінге сай дәл, беруді көздеген. Мысалы, Б. Пастернакта Горационың Марцелге жауабы:

Подробностей разгадки я не знаю,
Но в общем, вероятно, это знак.
Грозящих государству потрясений, – десе,

Х. Ерғалиевте:

Түбі неге соқтыарын білмеймін,
Тегінде бұл айтуір, мемлекетке.
Төніп тұрған бір нәубеттің белгісі, –

деп тәржімеленген. Қауіп-қатер сөзін нәубетпен алмастырған. Аудармашы орысша нұсқаның рухына бойлап, көркем бейнелердің сөз саптауын, тіліндегі образдылықты сезіне білген. Өзінің ізденісімен, талант ерекшелігімен байыта түскен.

Королева:

Ах, Гамлет, полно хмуриться, как ночь!
Взгляни на короля подружлюбней, –

десе, аудармада:

Беу, Гамлет-ай түн түсіндей түнермей,
Жылы ұшырап қарасаңшы корольге! –

деп ұтымды берген. Интонация да, ой да сақталған. Подружлюбней негізгі мағынасында – достық ниет таныту не жылы шырай білдіру. Бірақ аудармашы «жылы ұшырап» тіркесімен орынды ауыстырған.

Көзіміздің көбейі бол осында,
Тұқымдағы тұңғыш бекзат ұлымыз.

Орысшасында:

Перед нами, здесь, под лаской наших глаз,
Как первый в роде они наш и сановник

Көбей көпшілікке онша түсінікті емес.
Офелия сөзі Б. Пастернакта:

.. Но милый брат
Не поступай со мной, как лживый пастырь,
Который хвалит тернистый путь.
На небеса, а сам в разрез советам,
Повесничает на стезях греха.
И не краснеет

Х. Ерғалиевте:

....Ағатай, тек жалған айтқыш сопыдай,
Алдай көрме, ондай дүние өзгеге.

Макшар жолын мадактап, өзі соған.
Қарсы ғайбат іс қылса да беті бір.
Былы етпейтін.

Советтік кезеңдегі аудармашылар көбінесе діни атауларды бұрмалап береді. Пастырь – жай ғана шіркеу қызметшісі. Оны сопымен алмастыру дұрыс емес. Макшар, ғайбат сөздерін қолданған.

Гамлет айтатын ғибратты, ғақлия сөздер, нақылдар аудармасы көңілге қонымды. Сәтті аударылған. Орысшасынан әсерлі шыққан. Орысша:

Рок совершил,
Что бог судил
Но все равно
Так быть должно
Единственную дочь растил,
И в ней души нечаял.
Қазақша:
Тағдыр басқа салды,
Құдай өзі алды.
Қалай соқсаң, олай соқ,
Жазмыштан озмыш жоқ.
Жалғыз қызы болған екен көрікті,
Жанындай жақсы көріпті.

Сондай-ақ Гамлет пен бірінші актер арасындағы театр, пьеса, актерлік өнер, рөл сомдау жайлы диалогтар теориялық дәріс сипатын сездіртеді. Гамлеттің нақыл сөздері дәл аударуды талап етеді. «Покамест травка подрастет, лощадка с голоду умрет». «Көк шыққанша көтерем аштан өлмек» деп мағыналық сәйкестікке аударылған. Тек «көтерем ат» деп қосарланып берілген жөн еді. Мағынасы түсініксіздік туғызады.

Әр кейіпкердің ой-түсінігіне, жас ерекшелігіне, дәрежесіне сай сөздері де өз деңгейін сақтауы тиіс. Х. Ерғалиев диалогтардың тартыстылығын, драматизмін, өткірлігін түсінген. Оның мағыналық-стистикалық сипатына мән берген. Оны Офелияның сөздерінің берілуінен де көз жеткіземіз. «Скок в

яму, скок со дна, не сломай веретена. Крутись, крутись, прялица, пока не развалиться».

Скок – ыршу, секіру. Аудармашы қарғу синонимін сәтті алған. Балама дұрыс. Офелияның әндетіп салған сөзінің мәнері мен ырғағын жеткізген. «Но Робин родной мой – вся радость моя» – «Беу Робин бауырым – қуанышым дәуірім» деп ұйқаспен ұтымды бейнелеген. Гамлеттің «До чего основателен, бездельник» деген сөзінің қазақшасы: «Мына Мырқымбайың қайтпас кайсардың өзі ғой!». Жалқау арамтамақты Мырқымбайға алмастыру сәтсіз.

«Клянусь богом, Горацио – Оллаһи, Горацио». Дегенімен, дәуір сөзін өмір мағынасында алғаны байқалады. Көптеген аудармашылар тәрізді Х. Ерғалиев те кейде кейіпкер сөздерін тым қазақыландырып жібереді. Осыдан барып ағылшын драмасының көркемдік шындығы бұзылып кетеді. Аудармашы сәйкес әрі еркін тәржімелеген.

Макбеттің мағыналық сәйкестігі

Академик Е.А. Бөкетовтің сан қырлы ғалымдық еңбегімен бірге аудармашылық таланты да «Макбетті» мінсіз аударуынан сезіледі. Аудармашының ақындық қабілеті аудармада айқын танылады. Орысша нұсқада:

Первая ведьма
Мурлычет кот, зовет. Иду!
Третья ведьма
«Зоб жабы». Слышу я в пруду
Қазақшасы:
Бірінші мыстан.
Кеттім!..Мияулап мысық тосып тұр!
Үшінші мыстан. «Бақа да көлде бақылдап» үнін қосып тұр.

Салыстыра қарасақ, мағыналық қуаты сақталған. Жекелеген кейбір сөздердің мағыналық өзгерісі болмаса, орысшасымен толығымен сәйкес шыққан. Шақырады етістігінен гөрі «тосып тұру» уақыт жеделділігін айқындаса, бақаның бақыл-

даған үнін естуден де, үнін қосып тұруы осы бір диалогты жинақтап, жүйелеп, айтар ойды сабақтастырып тұр.

Е. Бөкетов ақ өлең үлгісін сақтаумен бірге, У. Шекспирдің ақындық талантын терең таныған, тіпті кейіпкер сөздерін ұйқасқа құрған. Сол заманда мысық пен бақа сикыршылардың айнымас серігі болған. Аудармашы драмалық туынды сөзінің әр мағынасына көңіл бөлген. Привратникті қақпашы деп алған. Тәржімеге шеберлігі туындыны дәл, баламалы аударуынан аңғарылады. Шалдың Сконға жүріп бара жатқан Роска бағыттаған тілегі ақ батаға да ұқсайды. Орысшасы:

Благослови вас бог
И всех, кто злого случая игру.
Направитъ хочет к миру и добру.
Қазақшада: Сіздерді құдай қолдасын,
Зұлымдық пен қастықты ақтық жеңсін!
Ақты жақтаушыға қыдыр ерсін!

Жүрекжарды ақ тілектің қазақшасы нағыз бата үлгісі. Адалдық, ақ пейілділік ар тазалығы бірінші деңгейге шыққан. Аудармашы жолаушыға серік болар қасиет-киесімен қорғап жүрген Қыдыр бабаны да кейіпкер аузынан жеткізді. Ақтың жолын жақтаушы, арман-тілегін қолдаушы, сапарының сәттілігіне тілекші Қыдыр бабаны енгізу арқылы, ағылшын драмасын қазақ өміріне жақындатуға тырысқан. Жолға шығып бара жатқан жақын, жанашыр адамға берілген ыстық ықылас көңіл пәктігімен пайымдалған. Аудармашының леп белгісін қоюы да осының айғағы.

Мальколмның өз мінін мойындай отырып, корольдің қандай болу керектігіне анықтама беруі де ұтымды. Мальколмның қолына билік тисе, қатыгездік, жауыздықпен ел басқарғысы келетін пиғылы да сезіледі.

Пастернакта:

Достоинств нет во мне, вот в чем беда. Что требуется королю? Правдивость, разумность, справедливость, доброта. Бесстрашье, постоянство, благочестье. А я – собрание всех обратных свойств. Нет, обладай я королевской властью, я б в царстве все

перевернул вверх дном, нарушил нравственность, покой порядок.
И молоко согласия вымил в ад.

Е. Бөкетовте: Ең жаманы – менің бойымда адамгершілік жоқ.
Корольға қандай қасиет керек, адалдық, ақылдылық, әділеттілік, парасаттылық. Батылдық, тұрақтылық, тазалық,

Менде бұларға кереғар қасиеттер ғана жиналған.

Жоқ, егер мен патша болып билік құрсам,

Мен дүниенің бәрін төңкеріп, тыныштық, ар-ұят, тәртіптілік сияқтының барлығын жоқ қылып, татулықтың ақ сүтін. Төгер едім дозаққа.

Кейіпкердің алға қойған мақсаты, дүниетанымы осынау сөздерінде айқын аңғарылады. Е. Бөкетов орысшасындағы ой астарына терең үніле отырып, ондағы мағыналық ерекшелікті толық сақтауға ұмтылған. Әрбір сөздің салмағын, мәнін аңғара отырып, оны қазақшасында айнытпай, тура берген.

Макбеттегі әр кейіпкер сөзі ерекшелігін сақтаған. Ең бастысы диалогтардағы ақ өлең үлгісі өзіндік деңгейде берілген. Б. Пастернактың аудармасымен әбден танысып, оның өзге аудармалардан ерекшелігін жете сезінген. Мүмкіндігінше орысшасымен лексикалық-семантикалық деңгейін сақтау аударманы шынайылығына жеткізген.

Макдуф. «О бедный край! – «Қайран елім!» деп тәржімеленген немесе Мальколмның мына бір сөзі орысшасындай бейнелі де дәл берілген

Когда их выяснят, со мною рядом.
Макбет, как он ни черен, станет бел.
Я сам. Моим порокам нет числа
Когда снег, и вам покажется овечкой.

Қазақша аудармасы:

Менен (Макдуфтың «Жамандықты кімнен көреді?» дегеніне орай)

Бойымда менің қырсық көп
Сол қырсықтар күш алса,
Қап-қара деген Макбетің менің жанымда
Қардай аппақ, қойдай момын боп шығар.

Аудармашының қойдың момындығын қоса көрсетуі диалогтің өткірлігін күшейтіп отыр. Мальколмның «Мне правда дорога, как жизнь» деген шынайы, жүрекжарды сөзі «Мен үшін адалдықтан артық зат жоқ» деп аударылған. Макбеттің өмір туралы ойлары, түсінігі өзінің жүріп өткен жолын аңғартады. «Өмір – елес, адам – сахнадағы ойыншы». Ойнады, күлді, секірді – сағаты бітті сонымен» деп Шекспирдің даналық ойларға құрылған сөз саптау мәнерін еске түсіреді. Немесе Мальколм қолы «Бирнам орманы» көшіп келе жатқандай болған хабарды естігендегі: «Қажыдым, тойдым, әбден, өмір дейтін бүлікке».

Бізәлімын, кектімін осы пәни тірлікке» деп ең соңғы қажыр-қайратын бойға жиғандай жан сезімін білдіреді.

Е. Бөкетов қазақ көркем аудармасы туралы бағалы ойлар айтқан. Көркем аударма мәселелері туралы тың тұжырымдар білдірген. Аударманың ұлттық деңгейін сараптап, саралап, оның болашағы туралы батыл ой қозғаған, өзі де белсене араласқан. Э. Золяның әңгімелерін орыс тілінен сәтті, сәйкес аударған. Техника ғылымдарының маманы, көрнекті қайраткер, ғалым аударманың үлкен шығармашылық іс екенін, оған айрықша мән беру қажеттілігін өз аудармалары арқылы дәлелдеп көрсетті.

«Ромео мен Джульетта» аудармасы

Көрнекті жазушы, талантты драматург Әбіш Кекілбаев – аудармашылық шеберлігімен оқырман ықыласына бөленген суреткер. Шеберлігінің жарқын қырын Шекспирдің әлемге әйгілі «Ромео мен Джульетта» атты махаббатнамалық тамаша туындысын тәржімелеу үдерісінен табамыз. Аудармашы орысша нұсқадан еркін аударған. Осынау ғашықтық ғаламатының хикаяларын барынша қазақы ұғымға сай жасаған. Орысшадағы ойды ұлттық сөз саптау тәсілімен мағыналық жағынан жақындатқан. Шекспир тілінің байлығын, ой астарын айқын ұғынған. Оны ұлттық сөз байлығымен берген. Шекспир ойын тіл жауһарларымен жарқыратқан. Қалыпты тіркестер қанатты сөздерге айналған, даналық қағидалар дара бітімімен бөлектенеді.

Мысалы Ромеоның Бенволиодан уақыттың қанша екенін білгеннен кейінгі «Как долог час песни!» деп қайтарған жауабы аудармада:

«Желаяк уақыттың аяғына,
Жем түскендей көрінеді», –

деп бейнелі де бедерлі фразеологизмдік сипатта берілген. Ромео: «Да, и томлюсь тоскою по любви» – десе, аудармашы мұны «Махаббаттың тұңғиығы тұншықтырып барады» деп сағынышты сүйіспеншілік сырын сездіртеді. Түпнұсқадағы махаббат жайлы Ромео ойлары өмірлік ұстанымдай ұғынылады. Аудармада дәл берілген.

Махаббат деген тәйірі –
Иіс тиіп есеңгірегендей сандырақ.
Ойынның түбі өрт екенін білмес о жарлық
Көз жасынан көл тұрған бір қасірет,
Мәңгірген ойдан шыққан өнбес мәнсіз қиял бір.
У мен дәрмек араласқан кермек су.

Б. Пастернак аудармасы: «Что есть любовь. Безумье от угара. Игра огнем ведущая и пожару». Алғашқы екі жолдан-ақ тәржімеші таланты танылады. Бенволион сөздері қалай тамаша берілген. Ең бастысы орысшасымен мағыналық жақындықта. Орысшасы:

Огонь огнем встеречают,
Беду – бедой и хворью лечат хворь.
Круженьем вспять кружение прекращают.

Қазақшасы:

Оттың емі оттан, судың емі судан.
Қасарысқанға қасарыс, қасірет те қайсарлықтан қаймығар.

Соңғы сөйлем аударылмағанымен, сөйлем жіпке тізген моншақтай дауыссыз дыбыстар үндестігімен (аллитерация) үйлесім тапқан.

Итак, покуда второпях и вкратце – деген сөйлем.

– Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні – деп тұрақты сөз тіркесімен тиянақталған. Кейде аудармашының тілі Шекспирден де өткір. Ағылшын акынымен шешендік өнердің бәсекесіне түскендей. Мысалы, Күтуші сөзі: Ойбай-ау, қызым, құдай берді десенші. Одан асқан жігіт болушы ма еді! Ондай еркекті жердің шарын жеті айналып шыққанда таба алыпсың ба?!

Сұлу болғанда сурет дерсің, сурет?!

Орысшасы:

Кормилица! Ну, это барышня моя, мужчина на славу! Такой мужчина, что обьедешь целый свет – лучшего не сыщешь. Не человек, а картинка.

Орысшада адам емес, сурет дерсің» деп аударылса, қазақшасы: «Сұлу болғанда сурет дерсің» деп әсерлі берілген. Сурет сөзіне мән беру арқылы автордың түпкі ойын дәл сезінген. Күтуші сөзіндегі: Цветок, нет слова. Слова нет цветок. Яғни, гүл атауы Еуропа халықтары ұғымындағы ару бейнесі, Ә. Кекілбаев оны құспен алмастырып: «Құс болғанда қандай?!» деп тапқырлық жасайды. Ұлттық колорит дарытады. Ромео монологы қандай дәлдікпен, поэтикалық айшықпен аударылған. Ромео мен Джульетаның диалогтері сезім пәктігіне, көңіл ақтығына, махаббат шаттығына толы. Орысшасы: Ромео. Мой друг, клянусь сияющей луной, Посеребрившей кончики деревьев.

Джульетта:

О, не клянись Лунок в месяц раз. Меняющейся, – это путь и изменам.

Қазақшасы: Бұтақтарын құр көмкерген бакпенен. Аспандағы алтын аймен ант етем.

Джульетта:

Айына бір құбылатын
Айды аузыңа ала көрме

Брат Лоренцо – Лоренцо пірәдар деп аударылыпты. «Навязала себе сокровище!» деген астарлы сөйлем – «Жерден жеті коян тапқандай қуанып ең!» деп аударылған. Тибальттың оралғанына байланысты Бенволио сөзіне Ромео жауабы:

Жағасы жайлау. Жетісуін жайрандап?
Біреу өлсе, бұл жүр міне сайрандап.
Қайырымдылық қал сен енді адыра...

Орысшасы:

Как навредим и на вершине славы?
А тот убить. Умолкни доброта!

Мағыналық қуаты жөнінен кейіпкерлер тілі Б. Пастернактан гөрі Ә. Кекілбаев та бейнелі. Джульеттаның Тибальтты Ромео өлтірді деген сөзді естігендегі екеуара диалог әр жолы көркемдік бейнелеу құралдарына толы. «Ол осынау у жа-сырған гүл ме еді! Аждаһа ма еді ажарымен арбаған! Періште боп көлгірсіген пері ме! Қойдан момын көрінетін бөрі ме! Тәңір құсап тәлімсіген тәйтiк пе! Сырты жылтыр, іші сымпыл сілімтік! Әрі әулие, әрі әзәзіл жымысқы! Тысы сылқым, іші кикым кітаптай...».

Ә. Кекілбаев сөздерінің байлығы, тіл шеберлігі аудармада айқын көрінеді. Лоренционның сөзінің салмағы басым, адамға ой тастайды. Орысшасы:

Свою природу и любовь и ум.
Не ползуюсь своим тройным богатством,
Подобен ты скупку – ростовщику.
Твоя природа – восковая кукла,
Когда бесстрашьем оживлена,
Твоя любовь – игра напрасной клятвой...

Қазақшасы:

Адамдықты, махаббатты, ақылды.
Жөн болмас өйтіп тәрк еткен.
Қасиетінді пайдаланбасаң үш бірдей,
Бұл дүние үшін сен
Секілдісің шық бермейтін Шығайбай,
Қуыршақта да бар құр қаңқа,
Адамды адам ететін тек тәуекел.
Тәуекелсіз махаббат –
Баланың ат ойыны, баксының жыны әншейін.

Бекерге ант берудің әлегі – дегеннен гөрі баксының жыны әншейін деп алмастырған.

Парис пен Джульеттаның диалогы – екі қарама-қарсы бейненің ішкі тартысы, жолығысуы. Автор осы диалогпен Паристің жандүниесін, дүниетанымын жақсы ашқан. Аудармашы диалогты тіпті көркем тілдің керемет байлығымен әсерлі берген. Әзілмен әрлеп, өткір тілмен өрнектеген.

Парис. Как вы от слез горючих похудели! Қазақшасы: Жылай-жылай кетіпсіз арықтап Джульетта. Орысшасы: Я не была и раньше хорошо. Аудармасы: Бұрындары онша емес-тұғым көрікті. Орысшасы: Парис. Зачем наружность портите вы ложью? Наружность – сыртқы келбет, сыртқы бейне, қазақша ажар болып аударылған. Өйтіп өз ажарыңызға өзіңіз жала жаппаңыз Джульетта. Орысшасы: Я на свое лицо не клеветчу. И, думаю своим чертам – хозяйка. Қазақшасы: Өз көркімді мінеп тұрған өзім ғой, Өзім жайлы не десем де, еркім өзіме де емес пе? Аударма орысшасымен сәйкеседі.

Парис. Они мои, а вы черните их. Қазақшасы енді сіздің ажарыңыз – мына біздің базарымыз. Мұнда қаралау ұғымында алмаған, базар ұғымында Паристің кекесіні білінеді. Қазақшасы ойнақы, әсерлі. Күтушінің Джульеттаны оятардағы сөзі сыпайылықпен, әзілмен әрленген. Сударыняны бикеш деп алған. Алайда аудармада реалия қолдануда қателіктер бар. Ол аудармада байқалынбайды. Тек зерттеушілер көзіне бірден түседі. Первый музыкант: значить, трубы в футляру. И по домам? – Ә. Кекілбаевта: Бірінші музыкант, сырнайымызды құндағынан шығармай, үйді-үйімізге тарайтын түріміз бар-ау. Өйткені, күмістің сынғыры құлаққа сондай жағымды.

Мұндағы труба – керней, сырнай емес, сырнай – басқа музыкалық аспап. Мұндай музыкалық аспаптарды аудармада ауыстыру ұлттық танымға жақындату болса керек. Оқырман сырнайды (гармонды) ағылшындардың ұлттық аспабы, екен деген ойға келеді. Аудармада реалияларды қолдануда ұлттық ерекшелігін ескеру керек. Әрбір зат-бұйым түпнұсқа атауымен жеткізілуі тиіс. Бұл автордың ой-ниеті болғандықтан, өзгертпей беру қажет.

Шекспир ойлары – канатты, қуатты, халықтың тіл байлығының жемісі «Король Лирді» алғаш Т. Есімжанов аударды.

Аудармашылық талантын Ә.Кекілбаев «Король Лир» трагедиясын аударуда да дәлелдейді. Глостер диалогын:

«Что при самом внимательном разборе нельзя сказать, какая лучше» – «Жіліктің майлы басының кімге түскені белгісіз» деп ұлттық сөз өрнегімен айшықталса, «Я так часто краснел, признаваясь в этом, что постепенно перестал смущаться»- «Бұрын мұндай сұраққа қызарқтап калушы едім, қазір бетімнің қытығы кашайын деген бе, қысылмайтын болыппын» – деп орыс тіліндегі ойды кеңейтіп жеткізген. Ә. Кекілбаев аудармаларының сүйсіндіретіні, жай тіркес айшықты тіркеске, мағыналы мәтін нақышты, нысаналы өмірлік тұжырымға айналған. Гонерилья мен Лир арасындағы сыйластық сөздері әке мен қыз арасындағы құрмет ықыласындай. Гонерилья:

Моей любви не выразить словами.
Вы мне милей, чем воздух, свет очей
Ценней богатств и всех сокровищ мира,
Здоровья, жизни, чести, красоты.
Я вас люблю, как не любили дети
Доныне никогда своих отцов.

Аудармасы:

Сізді қалай сүйетінімді айта алам ба сөз тауып,
Беттің ары, көздің нұры,
Жеті мүшенің саулығы, Әке сіздің бір басыңыздан садаға!
Ықылым дүние орнағалы
Туды ма екен, сірә, перзент
Мендей сүйген әкесін

Ал, Лир тілегі қызына деген сүйіспеншілік қана емес, ақ батадай арналы. Аударма орысша нұсқадан да үздік шыққан.

Король Лирдің балаларына берген уәдесі де қазақша көркемдік ерекшелігімен аударылған. Орысшасы:

Отдаем тебе. Весь этот край от той черты до этой, слепою
тенью, полноводым рек,
Полями и лугами. Им отныне Владей навек с супругом и детьми.
Аудармасы: Балам онда, мына жатқан.
Сайын дала, самиян көл, ну шалғын мен жасыл орман.
Бердім саған қосағыңмен коса ағарып,
Ұл өсіріп, қыз өсіріп,
Игілігіңе пайдалан.

Эдмундтің монологындағы «Природа, ты мое, богиня! Я
лишь тебе послушен» сөзі:

«Уа, табиғат, менің тәңірім бір өзін,
Өле-өлгенше өтем саған табынып»,

– деп көркем де келісті аударылған.

Ә. Кекілбаевтың акындық дарындылығы аудармадағы сай-
қымазақ сөздерін әрі өлеңдерін беруде айқын танылады.

Орысшасы:

Слушай, дяденька
Наживайся тайком,
Не мели языком,
Меньше бегай пешком,
Больше ездй верхом,
Не нуждайся ни в ком,
Не водись с игроком,
Не гуляй, искути,
А сиди взапрети:
Двадцать на двадцати
Сможешь приобрести.

Аудармасы:

Ендеше көкем тыңдай ғой.
Тыныш жүріп байып ал да тымпиып,
Аузыңды ашпай жайыңа жүр монтиып,
Ертелі-кеш жаяу жортып сымпиып
Ерінгенде атқа қонғын компиып.
Ешкімменен алыспа

Қаңғып кетпе басына.

Тыныш болар жаның, түгел болад малың.

Король мен сайқымазақ диалогы жай әзіл ғана емес, өткір әжуаға ұласқан. Аудармашы кекесінді, тұспалды ойларды аңғарып, табиғи қалпында аударған. Ақ өлең үлгісінде жазылғандықтан, қазақшасы еркін жасалған. Орысшадағы кейбір сөздер түсіп қалған. Шекспир драмаларында етістіктің молынан қолдану ерекшелігін білген. Ә. Кекілбаев тымпыып, монтиып, сымпыып, компиып етістіктерінің сатиралық сипатын сезініп, дұрыс қолданған.

«Двадцать на двадцати, Сможешь пробрести» мәтінін тыныш болады жаның, түгел болады малың» деп сәтті аударған. Мал – қазақша дүние, дәулет, байлық ұғымын береді.

Сайқымазақ сөзінің әзіл-әжуалық бойлаған.

Сайқымазақ. Егер адамның миы басына бітпей, өкшесіне бітсе, ақылына ешқандай күс бітпеген болар еді.

Лир. Жок, бәрібір бітер еді.

Сайқымазақ. Ендеше сені құттықтаймын. Миыңыздың сыртынан кебіс киіп бекер әуре болмайсыз. Немесе:

Сайқымазақ ... Адамның мұрыны неге қақ беттің ортасына орналасқан, білесің бе?

Лир. Жок.

Сайқымазақ. Екі жағына екі көз орналастыру үшін. Мұрыны иіс сезбеген, көріп алсын көзбенен.

Сайқымазақ. Сен осы жетіқаракшыда неге жеті жұлдыз бар екенін білесің бе?

Лир. Сегізінші жұлдыз жоқ болғасын

Лирдің Гонерияға айтқан сөзін жыр үлгісінде ғана емес дауыссыз дыбыстар үндестігімен қалай әсерлі жеткізген.

Ендеше, кызым, ердім саған.

Елу көнер жиырма бестен екі есе, егер көп болса,

Екі есе иман жүзді екенсің бұл қыздан. –

деген дыбыстық әуезділіктегі диалог әсерлі. Осындағы «ты в два раза лучше» сөйлемін «екі есе иман жүзді» деп адамгершілік мағынасында тереңдете түскен.

Кейіпкер сөздері кейде дидактикалық ойларға құрылады. Акыл-кеңес, өзара сыр-сұхбат күйінде адамның жандүниесі жарқырай көрінеді. Дүние, байлық соңына түскен шарап пен құмар ойынына құштар, әйел көрсе көрсеқызар, мақтаншак, ұшкалак, өтірікші, жалған уәдеші, нағыз сұмырай.

Кейіпкер сөздері қазақы мәтелдермен алмастырылған. Кенттің «Одна чета столь разное потомство» деген накыл сөзінің аудармасы: «Бір биеден ала да туар, құла да» деп өлеңдік үлгісін сақтаған.

Король Лирдің әйел затына берген бағасы – оның ішкі ашудың буыркануы іспетті:

Тусандар тек ұл туындар.
Солдат керек отанға,
Мынау, ұрғашы деген дозақы.
Бет-аузына карасаң – тұнып тұрған иман, рахым,
Періште деп қаласың,
Төсекте көрсең ал енді,
Құтырған құзғын сияқты.
Тірілей қақтар сөлінді.
Әйел деген әуелден
Тең жартысы – пенде де,
Тең жартысы – пері ғой,
Бір сәт көрер қызықтың
Өмір бақи қинайтұғын кері ғой
Өрт де содан, дерт те содан, тажал да содан, ажал да содан,
еркек деген пақырдың өлгенше шертер шері ғой.

Лирдің соңғы сөзінің бірінде мынадай жол бар. Орысша нұсқада:

Как будто мы поверенные божьи.

Аудармада:

Тәңірінің секілді екі ғайып ерен шілтені.

Бұл Корделиямен өзіне қатысты сөз. Ғайып ерен шілтені деген діни ұғымды басқа діндегі адам аузына салу артық. Әйтсе де кейіпкер сөздері кейде накылға да айналып кетеді.

Эдмунд: Пойдеш и выше, если все исполнишь. Аудармасы: Орындасаң бұйрықты – Тасың өрге домалайды шынымен немесе: Жалость неприлично военному – Жауынгерге жараспайды жасықтық» деп дыбыстық жүйесін сақтап, мәнерлі тәржімаланған. Суреткерлік таланттың аудармашылық талантпен ұштасуы домбыраның қос ішегіндей қатар өрілген. Шекспирдің аудармасы классик пен талантты аудармашының сөз сайысына айналғандай. Аудармашы тапқырлығы, шеберлігі, алғырлығы, көңіл көрегендігі, сезімталдығы, тілінің байлығы екі құнды драмалық шығарманы керемет тәржімелеуінде.

Аудармашы кейде еркін аударды: Король Лирдің ақтық сөзі орысшада:

Мою бедняжку удавили! Нет, не дышит!
Коню, собаке, крысе можно жить.
Но не тебе.

Аудармада:

Бейшара баламды қылғындырып өлтірді,
Құрт-құмырсқа көріп жатқан жарықты
Қарағым-ай, бұйыртпады-ау өзіне.

Жалған дүниенің қадірін, қымбат құнын ұғындыратын жолдар аудармада шынайылығымен жеткен.

Шекспирдің «Король Лир» драмасы сахнаға лайықталған аударма. Аударма бірде Б. Пастернак нұсқасына сәйкесіп отырса, кейде аудармашы ұлттық ерекшелікке бейімдеп жіберген. Ағылшын классигінің екі драмасының қазақша аудармасы ұлттық театрға сәтті қосылды. Бұл – аудармашы Ә. Кекілбаев ізденісі мен шеберлігінің нәтижесі. Ә. Кекілбаев Шекспирдің «Кориоланын» да қазақшалады.

Ғ. Мүсіреповтің аудармадағы еркіндігі

Шекспирдің драмалық шығармалары негізінен ақ өлең үлгісінде жазылған. Ғабит Мүсірепов «Антоний мен Клеопатраны» дәстүрлі ақ өлеңді проза тілімен алмастыра аударған.

Түпнұсқаның негізін сақтаған. Ұлы шығарманың рухына бойлай білген. Оны казак тілінің бар құнарымен көркемдігін еш кемітпей ұлттық сахнаға сәйкес аударған. Мысалы Антоний сөзін алайық.

Какова!
Но все к лицу упрямце-царице:
И гнев, и смех, и слезы каждый след
Ее запальчивости совершенство.

Қазақшасы:

Падиша ханым не айтса да, қалай айтса да жараса береді.
Кәрленсе де, күлсе де жыласа да – бәрі келісімді.
Әрбір асқақ қылығын – бір көркемдік.

Мұнда «Какова!» (тандану сезімін білдіретін сөз аударылмаған. Клеопатраның сөзі «Келіп жатқан елшілермен көтересің де» деп берілген. Орысша нұсқада: «Беседою с послами». Ой көңіл көтеру емес, елшілермен өзара әңгімелесу жайында. Алайда осы сөздер қалып кеткендіктен, диалог түсініксіз шыққан. Предсказатель – болжал деп аударылған. Көпшілікке белгілі көріпкел, сәуегей атауларының синонимі ретінде берілген. Хармиананың Алексасты мадақтауы орысшаға сәйкес. Орысшасы: «Свет Алексас, прелесть Алексас, самый рас-самый Алексас, более чем какой-нибудь Алексас».

Қазақшасы: Күнім, жарығым, Алексас, алтыным Алексас! Алексас біткеннің ішіндегі ең Алексасы, Алексас!

Алайда алтын сөзі прелесть сөзімен алмасқан.

Болжал сөзіндегі «мен сиқыршы емес, көрегенмін» деген сөйлемі орысшада жоқ. Кейбір кейіпкерлердің сөздерін тастап кеткен, ықшамдап аударған. Мысалы, Энобарбтың диалогы: «Ну что же, повелитель принеси богам блокадарственную жертву». Қазақшалағанда: «Амалың не, әміршім, тәңірлеріне рахмет айтып, құрмалдық бер» деп түсінікті аударылғанымен, одан кейінгі бір сөйлем мүлде қалып кеткен. Мұның өзі диалогты ықшамдаудан туған шешім. Аудармашы кейде ұлттық колоритті, атауларды кейіпкер аузына салады.

Антоний:

Веления жизни, милая царица,
Настойчиво зовут меня к делам.

Аудармасы: «Айналайын падишам, мені алкымнан алып шақырып жатқан өмірдің әмірі». Орысшасында күтіп тұрған қыруар істің маңызыдылығы айтылса, қазақшасында өмірге қатысты қосылған. Кейде қысқартулар контекстегі ой тұтастығынан байқалмағанымен, орысшасымен танысу барысында қажеттілігі бірден сезіледі. Цезарьдің хабаршыға берген жауабы:

Мне надо было это раньше знать
Завещано седою страиною:
Кто наверху, тот плох, а был хорош,
Пока взбрался. Кто скатился сверху.
Опят приятен. Вот любовь толпы.

Аудармада: «Мен оны ертерек білуім керек еді. Мансап биігіне өрлеп келе жатқанда жақсы-ақсың. Биікке жеттің сенен жаман адам жоқ. Құласаң – тағы да жақсысың. Көп тобырдың мінезі осы ғой». Осындағы «Завещано седою старинною» сөйлем бөлігі аударылуы керек еді. Жоғарыдағы сөздер Цезарға тікелей қатысты болып кеткен. Алайда осы сөйлем Цезарьдың халық нақылын, сөздерін көкейге түйіп өскенін әрі өмір тәжірибесінің молдығын да көрсетеді.

Аудармашы бірінші перденің 3-ші көрінісін екінші перденің 1-көрінісі деп пьеса құрылымына өзгеріс жасаған. Біраз көріністерді аудармай тастап кеткен. Екінші перденің 5 көрінісімен жалғастырып жіберген. Кейіпкерлер сөздерінде қысқартулар көп. Элбарбтың бір сөзі: «Тупая мысль, как притупленный меч». Ол «Топастанған ой тот басқан қылыш қой» деп тәржімеленген. Кейде бір диалогты екінші бір көрініспен жалғастырып жіберген.

Аудармашы тарапынан кеткен қателіктер де бар. Мысалы Антонийдің Скао ерлігін бағалауы. Орысшасында:

Я вознагражу тебя.
За бодрость однократно, а за храбрость
В десятерном размере

деп берілсе, аударма да: «Көңілінің көтеріңкілігі үшін бір наград, өжеттігі үшін он наград бердім». Әңгіме сый-сияпат тарту туралы. Көрермен не оқырман мұны орден, не медаль деп ұғынып қалуы мүмкін. Бодрость – сергектік, тіпті кайсарлық, өрлік десе болады. Мұнда көңілдің көтеріңкілігі – бодрое настроение айтылмаған. Осы сөйлемнен кейін аудармашы 8-ші көріністегі кейіпкер сөзіне өз ойын қосқан.

«Мой соловей! Их уложили спать». Бұл – Антонийдің жігерлі үні. Аудармада: «Тендесі жоқ бұлбұлым! Жайраттың жауды» болып ұтымды шыққан. Антоний өлімін естігенде Цезарьдың оған айтқан мадақтаулары да әсерлі әрі дәл. Орысшасы: «Антониева смерть не что-нибудь. Полмира заключало это имя» немесе «И сердце чьим огнем мое горело» қазақшаланғанда «Антонийдің өлімі әлдене емес. Оның аты – дүниенің қажартысы емес пе! Менің жүрегім сенің жүрегінің отымен қызушы еді» деп образдылық сақталған. Алайда аудармашы трагедияны ұлттық сахнаға бейімдеген, үлкен тарихи драма толық, тұтас аударылмаған. Аудармашы драматург болғандықтан, күрделі дүниенің ықшамдылығына көңіл бөлген. Өйткені трагедия сонындағы Цезарьдың қорытынды сөзі мүлде аударылмаған.

Жазушы Ә. Сараев Ғ. Мүсірепов аудармасы жөніндегі пікірінде «Түпнұсқадан бір елі төмен түспей мөлдіреп тұрған жоқ па?» деп жоғары бағалапты. Біріншіден, трагедия түпнұсқадан, ағылшын тілінен тікелей тәржімеленбеген. Екіншіден, аударма Б. Пастернактың орысшасына негізделгенімен, аудармашы еркін аударған, бейімдеу тәсілін қолданған. Дәстүрлі ақ өлең үлгісі сақтала бермейді. Дегенімен, «Антоний мен Клеопатра» трагедиясы аудармасы Шекспир шығармалары шоғырында лайықты орнын алады.

Шекспир – орыс аудармасында

Кавказ Балтық жағалауы елдері Шекспирді өз тіліне орысша нұсқаларынан аударды. Әлемдік көркем аудармада дәл орыс тіліндегідей Шекспир шығармалары молынан аударылған емес. Әр ғасыр Шекспирге өз қолтаңбасын қалдырып отыр-

ды. Орыс аударматанушылары өз тіліне аударған драмалық туындыларды талдап, бағалап, аударма сапасын сараптады.

Орыс аудармасы арқылы алғаш оқырмандар «Гамлет» және «Отелломен» танысты. «Ескертпе» басылымында «ол өте қуатты комедия» деп таныстырылды. Шекспир драмалары ағылшын журналы арқылы XVIII ғасырда алғаш французша, содан кейін немісше, ең соңында орыс тіліне аударылды. Француз драмасының композициясы, сюжеттері өзгертілді. Немісше мағынасында екі түрлі талданды. Біріншісі – «Гамлет» немесе «Отелло туралы комедия», екіншісінде – «Гамлет немесе Отелло комедиясы». Аудармашы Гамлет пен Отеллоны латынша комедия авторы деп екінші нұсқасына тоқталды. Ағылшын тілінен орыс тіліне ең алғашқы аударма мәтіні 1616 жылы Мәскеуде жасалды. XVII ғасыр соңында ағылшын баспаларынан шыққан кітаптар Мәскеудің мемлекеттік және жеке кітапханаларынан орын алды.

XVIII ғасырда Ресейде аударма ісі қатты дамыды. Аударманың әмбебап мектебі қалыптасты. Оған 1698 жылы I Петр патшаның Англияға сапары ықпалын тигізді. Ол бірнеше ондаған мамандық келерін өзімен бірге алып барып, ағылшын мәдениетімен, өнерімен таныстырды. Театрум мен хоромин салу қолға алынды. Ресейдің Британиядағы өкілі болған Антон Кантемир (1708-1744) аудармамен айналысқан. Ресейде сол ғасырда дипломатиялық тіл француз тілі болған. XVIII ғасырдағы ағылшын поэзиясының аудармалары аудармашылардың түпнұсқа тілін білмеуінен француздан жасалды. Сондықтан да поэзия көп өзгеріске түсті. Көбінесе қара сөз прозалық сипатта жетті. XVIII ғасырда орыс көркем аудармалары классицизмнің эстетикалық нормаларына бағынды да, көп жағдайда түпнұсқаны қайта жасау және түпнұсқаға еліктеу болып қалды. Мысалы 1748 жылы А.П. Сумороков Шекспирдің «Гамлетін» қайта өзгертті, тек жекелеген бөліктері ғана трагедияны байқатты. Оның тақырыбы да өзгерді, таққа талас махаббат пен парыз арасындағы тартысқа ұласты. Пьеса Гамлет пен Офелияның некелесуімен аяқталады.

Аударманы классицизм поэзиясының ағымдарына жақындатуға тырысқан тәржімешілер өлең өлшемін де өзгертті. Бес

буынды ақ ямбаны қатар ұйқастағы он екі буынды өлеңге алмастырды. Орыс аудармашылары осылайша XVIII ғасырдағы француз классиктерінің трагедиясын ұлттық жырларына жақындатты. XVIII ғасырдағы аудармалар түпнұсқадан емес, француз, неміс аудармаларынан орысшаланды. Француз, әсіресе неміс аудармалары арқылы 1780 жылдары Екатерина II Шекспирге еліктей бастады. 1786 жылы Петербург сахнасында И. Эшенбургтің немісшелеген «Міне себет пен төсек-орын қандай болуы керек» пьесасы қойылды. Бұл Шекспирдің қайта жасалған «Виндзорлық әзілқойлары» еді.

XIX ғасырдың басында И. Вельяминов «Отеллоны», Н.И. Гнедич «Король Лирді», С.И. Висковатов «Гамлетті», П.А. Корсаков «Макбетті» орыс тіліне аударды. Төрт аудармашы да түпнұсқа тілінен тәржімелемеді. Жан Франсуа Диосистің французша бейімделуіне сүйенді. 1830 жылы Макбетті аударған А.Г. Ротчев Шиллердің немісше нұсқасына негізделді. Аудармашылар Дюсис пен Шекспирге де телініп қалмады, еркін тәржімеледі.

Романтизм дәуірінде біртіндеп аударманың жаңа қағидалары қалыптасты. Нысаналы дәлдікке жету мақсатында просодиялық түрді, образдарды, сөз саптауларды дәл жеткізу көзделді. Мұның өзі ана тілін есепке алмастан, механикалық сипатта орындала бастады.

Алайда түпнұсқалық дәлдік, түпнұсқаға негізделу арқылы Шекспирдің шығармаларын «таза үлгіде» орыс тілінде жасау қолға алды. 1820 жылдары 30-жылдардың соңында Шекспирді аударуға М.П. Киреевский араласты. Әрқайсысы дербес тәржімеледі. Төрт аудармашы да бірыңғай қағидатқа сүйенді. Олар прозаны прозамен, өлеңдерді өлеңдермен дәл аударуға тырысты. Аудармалар кітапқа емес, театр сахнасына лайықталып жасалды. Алайда театрлық қойылымда кейбір аудармалар ықшамдалды. Мәселен, 1837 жылы Н.А. Полевой тартымдылыққа ұмтылып, күрделі образдарды жеңілдетті. Түсініктеме беруді талап ететін детальдарды алып тастады, өлең өлшеміне өзгеріс енгізді (ямбаны хореймен алмастырды). Тіпті кейбір екінші дәрежелі кейіпкерді трагедиядан алып тастады. Оның негізгі мақсаты – көрермендер қабылдауына жеңіл кәдімгі

әңгімелесу мәтінін жасау. Шекспир трагедияларын Н. Полевой калың көпшіліктің түсінігіне оңайлатты. Нәтижесінде Шекспир драмасының атағы орыс қауымына кеңінен танылды.

Орыстың демократ ақындарының бірі – М.И. Плещеев «Шекспирді аудару үшін бойындағы барлық батылдықты сезінетіндей болуың керек» деді. Ұлы ағылшын драматургінің классикалық туындыларын әркім қабілет-қарымымен, шама-шарқымен аударды. Біреулері көркемдік сипатын сақтауға тырысса, екіншілері драмаларының тілдік ерекшелігіне көңіл бөлді. Алайда алғашқы аударма үлгілері тым еркін жасалды. Халықтың ой дүниесіне жақын аудармалардың бірі – Н.А. Полевойдың «Гамлеті». Орыс фольклор зерттеушілері «Офелияның әнін» Сібір қыздарының аузынан жазып алған. Ешқандай аударма екенін білдірмеген, кәдімгі өз туындысындай етене сіңісіп кеткен.

Б.Л. Пастернак театрға негіздеп аударды. Ол Шекспирді өз дәуірінің тілімен емес, өзі қалай жазса, сол тілмен тәржімеледі. Пастернак аудармада «сөз өнерін емес, өмірдің әсерін беруге» ұмтылды. Оның диалогтары өткір де табиғи сипатымен ерекшеленді. Ол Шекспир драмаларының кейіпкерлерінен бастап, тәржімені түпнұсқа мәтініне емес, өзінше жасады. Ол түпнұсқаны барынша еркін аударды. Шекспир мәтіндерінің қатарын өз уақытының рухымен үндес жолдары ауыстырып отырды. Осынау алмастырулар өз негізінде дұрыс саналғанымен, заманауи театр талаптарына келмейтінін зерттеушілер атап өтуде. Көптеген театрлар Пастернак аудармасын сахнаға қойып жүр. Классик ақын тәржімелеген «Гамлет» бойынша фильм де түсірді. Пастернак аудармасының театрға лайықтығын білгендіктен, қазақ аудармашылары соған сүйеніп, Шекспир драмаларын қазақшалады. Театрлар әлі күнге сол аудармаларды сахналап келеді.

Шекспир шығармалары жер шарының әр елінде аударылып, сахналанды. Бұрынғы аударамалар талданып, зерттеліп үлгермей, ағылшын тілінен тікелей тың тәржімелер жасалды. Германия, Франция, Ресейде міне үшінші ғасыр Шекспир туындыларының жаңа аудармасы үзбей жалғасуда. Шекспир аудармалары зерттеушілерді, лингвистер мен әдебиет-

танушыларды қызықтыра түсуде. Мысалы, Антониода «Шекспир шығармалары» атты мақалалар жинағы жыл сайын шығып отырған.

Ресейде Шекспир аудармалары барған сайын жаңарып барады. Кейінгі мәліметтерде ХХ ғасырдың соңына таман Шекспирдің кейбір драмаларының аудармасы қырыққа таяу. Бір «Гамлет» толығымен 20 рет аударылыпты. Н.Х. Кетчер, А.Л. Сокольский, П.А. Канчин әр жылдары Шекспир туындыларын тұтастай тәржімелеген. Сондай-ақ Щепкина-Куперник, Лозинский, Маршак аудармалары өзінше дүние. 2000 жылдардан бергі жасалған жаңа аудармалар да аз емес. Алайда филологтар мен аударматанушылар үшін басты міндет – жаңа тәржімелерді сараптап, талдаумен бірге, бұрынғы аудармаларды салыстыра зерттеп, ең жақсысын, кемшілігін, т.б. қырларын дәлелдеу.

Шекспир драмаларын ағылшын тілінен қазақша аудару – күрделі іс. Өйткені ақ өлең үлгісіндегі трагедия мен комедияның бейнелі, өткір, табиғи тілін сақтап, жеткізу үшін де ана тілінің байлығын керемет меңгеру әрі Шекспирді түсіну қажет.

Ресейдегі Шекспир аудармаларының тарихы А.П. Сумороковтан (1748) басталады. Орыс аудармашылары Шекспир әлеміне құлшына ден қойды. Трагедияның мазмұнының байлығы мен тереңдігі міне үшінші ғасырға қарай аудармашыларды тартып келеді. Мысалы, «Гамлеттегі» «Бар болу, не жоқ болу» монологы. Оның идеялық және көркемдік тұтастылығы аудармашыларға дербес шығарма ретінде тануға мүмкіндік берді. Монологтың 35 аудармасы бар. Олар орыс әдебиеті дамуының әр кезеңдеріне, сондай-ақ түрлі әдеби бағыттар мен мектептерге қатысты. Зерттеушілердің талдап, тұжырымдауынша А.П. Сумороков, П. Карабанов, С.И. Висковатов, Ю.А. Нелодинский-Мелецкий аудармасы қайта жасалған. М.П. Вронченко, М.А. Загуляев, С.А. Юрьев, Д.В. Аверкиев, М.Л. Лозинскийдікі түпнұсқаға жақын аударма, Н.А. Полевой, П. Попов, Н.П. Гнедич, А. Месковский, Б. Пастернак аудармасын еркін деуге болады. А.А. Петров, Н.Х. Кетчер, А.М. Данилевский, В.В. Чуйко, П.А. Каншин, М.М. Морозов прозалық үлгіде тәржімелеген.

Аудармашылар бір-бірінен талант, кәсібилік және танымалдық жөнінен де ерекшеленеді.

Аудармаға басқа мамандық иелері де араласты. Мысалы, М.П. Вронченко – әскери географ, геодезист Н.И. Гетчер – медик. Ал А.И. Кронеберг, М.Л. Лозинский, Б.Л. Пастернак талантты ақындығымен қоса, тәржімемен де атағы таралды. Шекспирдің «Гамлетіндегі» әйгілі монолог аудармасының ең жақсысы Вронченко, Полевой, Кронеберг, Лозинский, Пастернактыкі. Әр аударманың жетістіктері де, кемістіктері де бар.

Шекспир – Кавказ және Орта Азия тілінде

Шекспир орыс тіліне ерте аударылғанымен, Кавказ халықтары да сонау XIX ғасырдың алғашқы ширегінде әйгілі драматург туындыларымен таныса бастады. Кавказ елдерінде Шекспирді аударуды армяндар бастады. Орта Азия елдерінде бұл дәстүрді қазақ ақын-жазушылары бастаған болатын. Алғаш рет Шекспир армянша (грабарда) Индияда Калькуттаның «Штемаран» апталығының беттерінде жарық көрді. 1821 жылы «Екі верондық» пен «Жазғы түнгі түс» және басқа пьесалардан үзінділер аударылған. 1831-53 жылдары Мәскеудің Лазарев институтының оқытушысы проф. Лекртич Эмин Шекспирдің «Ромео мен Джульетасы», «Генрих IV» пен «Юлий Цезардің» жекелеген бөлімдерін аударды. 1862-1887 жылдары «Венециялық көпес», «Гамлет», «Ромео мен Джульетта», «Отелло», «Макбет», «Ричард III», «Король Лир» бірінен соң бірі аударылды. Ол бұған дейін Шығыс елдерінің бірде-бір тіліне аударылмаған еді. Армянның атакты аудармашысы Ованес Массон ағылшын, француз, неміс, араб, парсы тілдерін жетік білген. 50 томдай ағылшын, француз кітаптарын шах кітапханасы үшін аударған. «Гамлет» – 8, «Отелло» – 7, «Макбет» – 6, «Венециялық көпес» – 6, «Ромео мен Джульетта» – 5, «Юлий Цезарь» – 6, «Король Лир» – 4 рет аударылған. Аветик Исаакян Шекспирдің 12 пьесасын аударды.

Грузин тіліне Шекспирдің «Ромео мен Джульеттасын» 1841 жылы Дм. Кипиани аударды. 1852 жылдан ай сайын шы-

ғатын Грузиядағы «Дискари» («Арай») журналында 1860 жылға дейін «Гамлет», «Ромео мен Джульетта», «Екі верондық», «Юлий Цезарь» аударылып басылды. Илья Чавчавадзе мен Иванэ Мачабели «Король Лирді» бірігіп аударды. Ағылшын, француз, неміс тілдерін жетік білетін И. Мачабели «Гамлет», «Макбет», «Ричард III», «Отелло», «Юлий Цезарь», «Король Лир», «Кориолон» пьесаларын аударды. Шекспир сонеттері кеңестік кезеңге дейін грузинше аударылды. XIX ғасырда Шекспирді өз тілдерінде сөйлеткен Кавказ халықтары оны театрларында сахналады.

Орта Азия елдерінен «Гамлетті» алғаш қазақ тілінде Мәжит Дәулетбаев аударса, өзбек тілінде 1934 жылы Абдулхамид Сулейменовтің (Шолпан) аудармасы шықты. 1940 жылы Ғафур Ғұлам «Отеллоны» аударды. Ал «Отеллоны» бұған дейін Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов қазақшалаған. 1946 жылы Махмұд Шейхзаде «Ромео мен Джульеттаны» аударды. Алайда бұған дейін Н. Баймұхамедов қазақша тәржімелеген еді.

Байрон поэзиясындағы романтизм

Атақты ағылшын ақыны Джордж Гордон Байрон – 1788 жылы Лондонда туып, балалық шағын Шотландияда өткізгенімен, 1809 жылдан өмірінің соңына дейін Испания, Италия, Албания, Грекия елдерін аралаған. Жасынан адалдықты, шындықты сүйген, ерлік рухын аңсаған алғыр ақын аксүйектер әулетінен шыққан. Ол лордтық мәртебеге ие болса да, берік бағытынан ауытқымады. Лордтық билеуші топтарымен елдік мақсат-мүдде үшін ашық күресті. Азаттықты армандаған ақын шет елдерді аралау сапарында саяси-әлеуметтік күресті қолдап, жыр жазды. Байрон шығармашылығының дені соғысқа, қоғамдағы әділетсіздікке қарсы жазылған. Олар: «Чайльд Гарольд сапары», «Теңіз көкжалы», «Гяур», «Шильон тұтқыны», «Қола ғасыр», «Дон-Жуан», «Мазепа», «Абидосс қалыңдығы», «Қияметтің көрінуі», «Ирландия аватарасы», «Минерваның қарғысы», «Альваның Оскары» т.б. дастандары, «Каин», «Манфред» сияқты драмалық дастандары, өлеңдері. Европаның көптеген

талантты ақындары оны «ой-пікірді билеуші» деп өздеріне пір тұтса, Пушкин мен Лермонтов т.б. орыс әдебиетінің классиктері поэзиядағы ұстаз санады.

13 жасында Харроудағы ақсүйектер мектебіне түскен ақын оқуда үздік атанды, аяғы ақсақ болса да атқа жақсы шаба білді, бокспен айналысты, әсіресе жүзуге қатты құмартты. Ол Еуропадағы атакты жүзгіштердің бірінен саналды. Теңіз бұғаздарын жүзіп өткен. 15 жасында ол көрші Ньюстедтегі Мэри Гаворт атты қызды ұнатады. Олардың достасуына «зұлым лорд» атанған атасының інісі Уильямның Мэридің атасын өлтіруі себеп. Балалар бір-біріне Ромео мен Джульеттаның тағдырына ұқсастығын айтып жүргенімен, олардың махаббаттарына ешкім кедергі келтірмейді. Өзінен 2 жас кіші әрі әдемі болса да ақсаңдап жүретін ақынды көрген Мэри өзінен үлкен жігітке тұрмысқа шығады. 10 жыл тұрып бала сүйгенімен, бақытты бола алмайды. Байрон 1805 жылы Кембридж университетіне түседі. Осында жүріп, тарихты, заңды оқиды, шешендік өнерді үйренеді.

«Чайльд Гарольд» романы бір жылда 5 рет шыққан. «Бір тамаша таңда танымал болып ояндым» дейді ақын. Поэма Италияда жазылған. Үйреншікті өмір сүруден жалыққан табанды Чайльд алыс елдерге сапарға шығады. Оның жаны құштарлыққа толы. Ол табиғаттан жанына тыныштық іздейді. Оның жандүниесін қоғамдағы түрлі кереғарлықтар, қайшылықты жайлар мазалайды. Ол қиянатпен, қатыгездікпен күреске шықпағанымен, қоғамдық ортаға сырттай көз тігеді, оның қасіретті жағдайын ойталқыға салады. Кейбір қасиеттері жағынан Чайльд Гарольд бейнесі авторға жақындайды. Кейіпкердің жүрген жолдары ақын аралаған елдермен сәйкеседі. Жекелеген өмірбаяндық деректер, жалғыздық сезімі, жоғарғы ортадан кашу, сол уақыттағы Англиядағы екіжүзділікке қарсы наразылық – автордың өмір жолымен өзектес, мақсат-мұратымен мағыналас. Сол кездегі ауқымды оқиғаларға арналған поэма азаматтық пафосқа құрылған. I-II жырларда Еуропадағы басқыншылық соғысқа қарсы халықтық көтеріліс мәселесі көтерілген. 3-4 жырларда кейіпкер бейнесі автордың жандүни-

есімен жақындасады. Өмір туралы лирикалық толғаныстарда автор үні асқак жаңғырығады. 4-жырда Италияның тарихы мен мәдениеті, итальян халқының мұн-мұқтажы камтылған. Поэма автордың азаттық аңсаған арманын паш етеді.

Байрон өмірінің соңғы жылдарында ең ірі әрі эпикалық поэмасы «Дон Жуанды» жазғанымен (1818-1823), оны бітіре алмады. 16 жырды жазып, 17-сінде өмірден озды. «Дон Жуан» – көп қырлы туынды, онда сатиралық келемеждеу де бар, лирикалық шегініс, философиялық ойлар тоғысқан. Поэманың бір-қатар тараулары шынайы деректерден тұрады, яғни шынайы бейнелердің прототиптері алынған. Мысалы Дон Жуанның анасына донна Инессаның мінез-кылығы жақын. Дон Жуанның әрекеті Суворов армиясында қызмет еткен Ришельенің кейбір қылықтарымен ұқсас. Поэма тұтастай романтикалық туынды болғанымен, реалистік сипат сезіліп отырады. Реализм кейіпкерлердің лирикалық сезімінде, құштарлық алауындағы монологтық толғаныстарда, дүниетанымының үйлесімсіздігінде байқалады. Поэманың лироэпикалық құрылымы лиризм мен сатираның бір арқауға өрілуіне негізделген. Дон Жуан – өмірлік қызығушылықтары мол, асыл-арман, зор мүдде көздеген қарапайым көпшіліктің бірі. Оның шынайы мінез-құлқы буржуазиялық ақсүйектер қоғамымен ашық тартыста айқын ашылады. Ол – адамгершілік болмысымен замандастарынан биік тұрған тұлға. Бірақ өмір сүру жолында сезімдік рахатынан айырылмау үшін амалсыз сол ортаның жағдайына бейімделді. Байрон поэмалары Еуропа жастарының тұтастай бір толқынының дүниетанымына үлкен ықпал етті.

Орыс тіліне Байрон өлеңдерін В.А. Жуковский, М.Ю. Лермонтов, А.Н. Плещеев, К.Д. Бальмонт, С.Я. Маршак, В.В. Левик, Б. Пастернак, Н. Гнедич, Г. Шенгели, В. Луговской және т.б. тәржімеледі. Байрон шығармалары туралы А.В. Луначарский, В.М. Жирмунский, М.П. Алексеев, А.А. Елистратов, М. Курчикян, Р.М. Самарин, А.А. Аникст, Н.Я. Дьякова, Ю.М. Кондратьев т.б. жазды.

Байронның шығармашылық ашылымы – жоғары сезіммен, эмоциялық леппен, өмірге деген қызу құштарлықпен, бостан-

дық жолындағы күресті бейнелеудегі жоғары трагизм мен драматизммен ерекшеленетін лиризм, саяси өлеңдері мен поэмаларындағы өткір сатира өзінің халықтық сипатымен серпінді. В.Кюхельбекер «Байронның өліміне» атты өлеңінде: «Батыл жандарды кескіндеуші бард» деп бағалаған. Белинский де жақсы лебіз арнады. Байронның революциялық романтизмі дүниежүзілік маңызға ие. Оның шығармашылығы – Англия ұлттық әдеби мұрасының ең жарқын беттері. Ол стансалар, эпиграммалар да жазды. 1813-1814 жылдары ақын шығыс тақырыбына шығармалар арнады: «Гяур», «Абидосс калыңдығы», «Корсар», «Лара», «Коринф», «Паризна». «Лара» мен «Паризнадан» басқасындағы оқиға Түркия мен Грекияда өтеді. 1814-1815 жылдары «Еврей әуендері» әуелеген кезең. 1816 жылы Анабелла атты аруы Ада есімді қызымен оны тастап кеткен. Әйелінің айтуынша оның ақыл-есі дұрыс болмаған. Дәрігерлер тексергенде ешқандай сырқат сезілмеген, бәрі дұрыс болып шыққан. Бірақ көңілі суынған Байрон қайта қосылмады. 1816 жылы Англияны тастап, Швейцарияға, Женеваға барады. Ақсүйек тұқымынан шыққан өзімен мақсаттас, тағдырлас Перси Биши Шеллимен (1792-1822) танысты. Достасып, көрші тұрады. Швейцарияда ақын «Шильон тұтқыны» мен «Манферд» атты драмалық дастан жазды.

«Шильон тұтқынын» В. Жуковский орысша аударды. Бұл аударма шеберлігінің шыңы болды. Персимен бірігіп Италияда ағылшын тілінде журнал шығармақ болған. Римдегі оның мәрмәр құлпытасында «Перси Биши Шелли – жүректердің жүрегі» деген жазу тұрды. Әрбір ұлы ақынның ұлылығы, оның қасіреті мен қуанышы қоғам өмірімен, тарихымен терең тамырластығында. Тап осындай өмірі де, шығармасы да тарихи қоғам өмірімен тығыз байланысты орасан зор ақын – Байрон болды» деді. Г. Белинский.

Байрон поэмаларындағы Шығыс тақырыбы

Байрон шығармашылығында шығыс тақырыбы ерекше орын алады. Ақын 1809-1811 жылдары Жерорта теңізіне, Осман

империясына Константинопольге дейінгі бірқатар аймақтарға сапарға шыққан. Бұл сапары «Чайлд Гарольд» поэмасының бастапқы бөлігінде аталады. «Дон Жуан» поэмасында да Шығыс эпизодтары ұшырасады. Коммикалық поэма «Бепподан» да шығыс тақырыбын табуға болады. «Үнді әуендеріне арналған» стансаларында, «Еврей әуендері» топтамасында ақынның шығыс тақырыбына айырықша құмартқанын байқатады.

1816-1817 жылы Венецияда жүргенде Байрон армян тілін үйренген. Романтизм дәуірі ағылшын әдебиетінде Шығысқа деген қызығушылықты өрлетті. Шығыс еліне, мәдениетіне қызығушылық жағынан Гете мен Байрон ұқсастығы аңғарылады. Гете 1821 жылы «Батыс-Шығыс диуанын» жазған. Шығыстық образдылық ақын поэмаларының сюжеттері мен тақырыбынан орын алған.

Ағылшын әдебиетінде шығыс тақырыбына алғаш шығармалар арнаған Ройджерс Саути. Ол араб («Галаба жаулап алушы») 1801 және үнді мифологиялық сарындары бойынша («Келамның қарғыстары») (1810) поэмаларын жазды. Р. Саути қателіктерін зерттеген Байрон шығыс тақырыбын жаңа поэтикалық мазмұнда жырлауға ұмтылды. Байрон әр поэмасына жанрлық атаулар берді. Мысалы «Гяур» (кәпір) – түрік повесінің фрагменті», «Абидосс қалыңдығы» – түрік повесі. Байронның шығыс елдеріне сапары оның дүниетанымына, көзқарасына әсер етті. Байрон түрік сөзінің түптөркінімен барлық мұсылман қауымын атады. Албан отбасынан шыққан, мұсылман дінін қабылдаған, алғашында бұзақылар мен қарақшылардың басшысы болған Али-паша Янинскиймен танысты. Али пашаның кейбір ерекшеліктері «Абидосс қалыңдығындағы» Гяффир бейнесінде кездесіп қалады.

Сәлім мен Гяффир билікке қарсы күресте қарсыласқанымен, әлеуметтік істерде жеке тартыстың шеңберінде қалған. «Корсар» (1814) поэмасының кейіпкері Сейд пашаға корсардың басшысы болғаны үшін қарсы тұрады. Пашаға қарсылығы арқылы адамзатқа қарсылығы сипатталады.

«Ларада» (1815) шығыс тақырыбы жанама түрде алынған. Поэма кейіпкері, көп жылдан кейін өз иелігіне қайта орала-

ды. Шығыс тақырыбындағы поэмаларда Байрон билікке қарсы күрестен бөлек, мінез-қылықтар қактығысын да көрсетеді.

«Коринф» дастанында (1816) Альп өз Отаны Венециан республикасынан қуғын-көріп, түріктерден панатабады. Түрікармиясында беделді әскери басшы болған Альп Коринфті қоршаудағы ұрысқа қатысады.

Байрон – ағылшын әдебиетінде танымал әдебиетшілерден шығыста болған бірден-бір ақын. Ақынның шығысқа деген зор қызығушылығы «Манфред» (1817) поэмасында байқалады.

«Гяур» поэмасының кейіпкері Христиан, күшті, қаһарлы сүйген қызы Лэйланы батырып жібергені үшін Тасанды ажал құштырады. «Абидосс қалыңдығын» Т. Молдағалиев, С. Жиенбаев «Альванның Оскарын» Ж. Өмірбеков аударды.

Байрон халық поэзиясына бала шағынан, мектепте жүрген кезде қызыққан. А. Веселовскийдің айтуынша болашақ ақын шотландтық ежелгі мұраларға, тарихи жырлар мен аңыздарға айырықша құмартқан. Оның деревня балаларымен ойнауы, теңізге шомылуы, жазда тауда болуы әрі күтушісі Мей Грейдің оған көне мұраларды жиі айтуы ақындық қабілетінің ұшталуына әсер еткен. Солтүстік Шотландиядағы Лох на Гар тауында қарағайлы орманда балалық шағын өткізген ақын әсем табиғатты жырға қосқан. Ол шотланд волынкасының әуезін тыңдап, халық жырлары мен ертегі-аңыздарын көкейге сіңіріп өсті. Есейе келе, ақындық таланты қалыптасқан кезде де фольклорға қызу құштарлығы арта берді.

Ол ел аузынан естіген шығыс және батыс фольклоры негізінде бірқатар поэмалар жазды. Шотланд халықтық мұраларын тыңдап өскен ақын оны өз шығармашылығына да қабыстыра білді. «Чайльд Гарольд» поэмасының бірінші жыры «Қайырлы түнде» ол «Лорд Максвелдің қоштасуы» атты шотландық балладаны пайдаланды. Шотландық балладаларды жинап, бастырып, оны шығармашылығына кеңінен пайдаланған В. Скотты «Ескі балладаларға» еліктеп қайталау мен өзінің күмәнсіз ірі дарындылығын төмендетпеуге кеңес берді» деді. Британ бардтары» сатиралық өлеңін В. Скотқа арнады. Алайда көп шығармаларында ежелгі ағылшын поэзиясының сарыны бар.

1809 жылы Байронның алғаш Испанияға, содан кейін Гибралтар бұғазы арқылы Шығысқа, Кипр мен Албанияға сапары этнограф-фольклоршы ретінде жаңа қырын танытты. Ол елдің тұрмыс-жағдайымен, жырларымен, би түрлерімен, ұлттық киімдерімен танысты, көріп байқағандарын қағазға түсірді. Оған Гобгауз көмектесті. Ол жазба кітапшамен бірге үлкен альбомды ала жүріп, суреттер салды. Албанияның тамаша табиғатын көрген ақын жаңа грек тілінің элементтерін меңгерді, қиын болса да албан тілін үйренді. Оның лингвистикалық қабілеті зор еді. Венецияда салыстырмалы түрде армян тілін үйренсе, Мальтада арабша сабақ алды. Ақын Коллонна мүйісіне бара жатқан жолда жолсерік мұсылмандармен әңгімелесіп отырған. Екеуін өзіне қызметші етіп алған. Шығыс тақырыбындағы поэмаларының жазылуына ежелгі аңыз, ертегілермен, жырлармен таныстығы ықпал еткен. Мысалы, «Гяурдегі» әңгіме түрік балықшысы атынан баяндалады. Ол барлық оқиғаның куәгері ретінде қатыстырылады. Поэманың соңғы ескертпесінде ақын «Гяурға» пайдаланған оқиғаны сапарлас серіктерінің бірінен естігенін айтады. Ол албан жырларын жатқа білген. Байрон – ағылшын әдебиетінде батыс пен шығысты тоғыстырған В.Скоттың дәстүрін дамытушы.

1816 жылы Швейцариядағы Женева көліндегі саяхатта Байрон Шеллиді жанына серік еткен, оның әйелі Меру мен сіңілісі Клерді алып жүрген, оларға албан әндерін орындаған. Оны осындағы достары «Алба» деп атауы «албандық» тектен шыққандығын аңғартады.

Ол жаңа грек, роман тілін үйренумен бірге, жыр аударып та көрген. Ол түпнұсқамен, француз аудармасымен Гунгелдің «Морейге саяхат» кітабында шыққан. Байрон герман, роман халықтық поэзиясына да қызыққан, оларды ел аузынан тыңдаған. Әсіресе Кельнде жүрген кездерінде немістерден естісе, Тироль жырларымен Швейцарияда ықыластанған.

В.М. Жирмунский «Классикалық ақын алдында нысаналы мақсат болады. Ол – аяқталған әрі жетілдірілген өнердің тамаша туындысын жасау. Керемет сәулетші ретінде ол ғимаратты тұрғызады, ең маңыздысы ғимараттың тепе-

теңдік заңына бағынып тұруы. Керісінше, ақын-романтик өз шығармасында бәрінен бұрын бізге өзі туралы баяндауға, өз жандүниесін ашып беруге ұмтылады. Ол бізді сезімталдық тереңіне, болмыс-бітіміндегі адамгершіліктің өзіндік үлгісіне уағыздайды әрі соған жақындатады. Ол қуаныштан шаттанды немесе жан дертінен айқайлайды не жылайды... ол ... үйретеді және әшкерелейді» деп айтқандай, Байрон жандүниесінің рухани байлығын, арман, мұратын, сезім-сырын өлең, поэмаларында ашық та айқын, батыл да белсенді көрсетті. К. Рылеев оны «Шарықтаған ақыл-оймен ғасырды нұрландырды» десе, А. Пушкин «Жүйткіп аққан жұлдыздардың жалынына» теңеген.

Байрон поэзиясының қазақшалануы

1937-38 жылдары байрондық үлгіге еліктеп Т. Жароков, Қ. Аманжолов, Қ. Бекхожин, А. Жұмағалиев өлеңдер жазды. Байронның «Чайльд Гарольдінен» Қ. Бекхожин үзінділер аударды. Байрон өлеңдерін аударуға қазақтың атакты ақындары қатысты. Олар: Т. Жароков, Қ. Бекхожин, Х. Ерғалиев, С. Мәуленов. Одан кейін Ғ. Қайырбеков, І. Мәмбетов, Т. Молдағалиев, С. Жиенбаев, Ж. Өмірбеков, Т. Исмаилов, Т. Шопашев қатысты. «Поэзиядағы аудармашы бәсекелес» деп Жуковский айтқандай, «Шильон тұтқынын» (А. Жұмағалиев) кейіннен Ғ.Қайырбеков, «Теңіз көкжалын» (І. Мәмбетов) қайта аударып шықты.

Байронның алғаш Абай Лермонтов аудармасындағы «Көңілім менің қараңғы, бол-бол ақын» өлеңін қазақшалады. 1960 жылы «Жазушы» баспасы Байронның I томдық таңдамалыларын шығарса, 1965 жылы «Еврей саздары» атты өлеңдер жинағын шығарды. 1997 жылы «Теңіз көкжалы» деген атпен Ғ. Қайырбеков аудармасы жарық көрді.

Байрон аудармасы туралы Ғ. Қайырбеков ойы: «Өте киналғаным да рас. Бар мүмкіндігінше өлеңнің түрін, өлшемін, ырғағын, әсіресе бейнелі сөздерін айнытпай сақтау оңай емес. Одан соң аса биік рухын, күш-қуатын, қиял-сиқырын сақтау одан

да қиын. Әрине, нағыз керегі соңғысы ғой. Мен екі жағын да алып жүруге күш салдым».

Байрон поэзиясы – биік көркемдіктің үлгісі ғана емес, азаматтық асыл-ойлардың, күрескерлік рухтың озық үлгісі. Ақындардың одан үйренуге құштарлығы да, аударуға ынтығуы да осында. «Әйтсе де романтикалық поэзияны негізінде романтик ақындар немесе соған рухымен жақындайтын ақындар аударуы керек. Аударма тілінде және оның кейіпкерлерінің күрделі де қарама-қайшылықтағы романтикалық қабылдауын жасау айырықша қиындық туғызады» деп өзбек аударма зерттеушісі Ш. Батырова орынды айтқан. Ғ. Қайырбеков жасаған аудармалар да бірлі-жарымды кемшіліктеріне қарамастан, тұтастай алғанда толыққанды тәржіме деуге әбден келеді. Аудармашы бұрынғы қателіктерді түзей отырып, ақынның поэтикалық әлеміне, романтикалық рухына бойлаған.

«Чайльд Гарольдтың сапары» поэмасындағы Чайльд – ақын ғана емес, музыкант, әнші. Ақын лироэпикалық жанрды дамытумен бірге, оның мазмұнын да тереңдетті. Еуропаның біраз елдерін (Испания, Германия, Португалия, Албания, Италия) аралаған Гарольд бейнесінде халықтың тарихи оқиғалар мен жағдайдағы рөлі қоса орын алған. Ең негізгісі бейбітшілік мәселесіне басты мән берілген. Көркем тілмен жырланған поэма ақын талантының шеберлігін айғақтайды. Поэма аудармасы биік рухын сақтаған жағдайда халық жүрегіне жатталады. «Чайльд Гарольд сапарындағы» «Қоштасу әні» кейіннен орыс халқының сүйікті әніне айналды. С. Торайғыров Байрон шығармаларын орыс тілінде оқыса, А. Ғалимов «Шильон тұтқыны» поэмасын қазақша аударып бастырған.

Орыс ақыны М.Д. Львов Байрон поэзиясының қазақ тіліне аударылуы туралы жыр арнап, өз тебіренісін былай жеткізеді.

Аудармасын жүрегіммен түсінем,
Таныс әрі мәңгі өлмес ырғағы.
Тыңдаңыздар, ақындар мен халықтар,
Байрон бүгін казактарша жырлады.

Ақындық талантын аудармашылықпен ұштастырған Ғ. Қайырбеков көркем аудармада мол дүние қалдырды. Ол

проза аудармасында Р. Ғамзатовтың «Менің Дағыстаным» (екінші кітабын), М. Бунин, М. Горький, Короленко И. Франко әңгімелерін және Л. Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» романының үшінші кітабын аударды. Ақынның аудармадағы басым үлесі – поэзиялық туындылар. Атап айтқанда: Дж. Байрон, А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, Н.А. Некрасов, А. Блок, Е. Исаев, Мақтымқұлы, Рудаки, Ғ. Ғұлам, О.Туманян т.б. Әр ақынның әдебиетте алатын биік орны бар. Ғ. Қайырбеков классиктерді, тандап тәржімелеген. Оның аудармашылық таланты Байрон шығармаларын тәржімелеуден байқалады.

Орыс аудармасында В. Жуковский ағылшын классикалық поэзиясының өз үн-ырғағымен, поэтикалық қуатымен, бейнелі, бедерлі тіл нақыштарымен оқырмандарға жеткізді. Байрон өлеңдерінің қазақ тіліндегі алғашқы аудармасының биік деңгейде табылмауы аудармашыға үлкен жауапкершілік жүктеген. Байронды қайта тәржімелеуге Ғ.Қайырбеков аянбай тер төкті.

Байронның «Кадикстің қызы» өлеңін ағылшыннан орысшаға Л. Мея аударған. Қазақ тіліне аударған ақын тақырыпты «Кадикс қызы» деп алуына болар еді. Алайда аудармашы басқаша алған. Орысшасы:

Не говорите больше мне,
О северной красе британин.
Вы не извели вполне,
Все обояние Кадинсаки.

Қазақшасы:

Айтпашы Британның кермиығын,
Солтүстік сұлуларын кой, мактама.
Кадикс аруына соның мыңын,
Алмас ең, көрсең өзің байқап қана.

Ақын өлең өлшемін, ырғағын, ойын пайымдай келе, жырдың поэтикалық қуатын арттырған. Байрон Кадикс қызы британ сұлуларынан көркі мен келбетін ерекшелесе, аудармашы оны классикалық шығыс поэзиясы үлгісінде тәржімелеген. Соңғы екі жол О. Наямның қазақша аудармасына ұқсас. Аудар-

машы түпнұсканың көркемдігі мен әсерлілігін, бейнелілігін сақтады. Кадикс қызын Британ кермиығы деп даралайды. Әрі Солтүстік сұлуларынан ағылшын қыздарының сұлулығын ерекшелейді.

Келесі шумақтың орысша нұсқасы:

Лазури нет у ней в очах,
И волоса не золотятся.
Но очи искрятся в лучах,
И с томным оком не сравнятся.

Қазақшасы:

Жок, рас, көзінде оның өткір жалын,
Алтындай жарқырамас шаштарың да.
Қара көз дәт шыдатпас от болғанын,
Білесің, кара кірпік ашқанында.

Аударма нұсқаларын салыстырсақ, бірінші жолдағы лазур қазақшасында өткір жалынмен алмастырылған. Орыс аудармасында үшінші жолда көзінде жалын ұшқындап тұрғандығы – қажыған, шаршаған жанармен тең келмейтін сәті жеткізілген. Мұнда көкшіл көзді ағылшын аруы сипатталса, қазақшасында шығыс сұлулары жырланғандай әсер қалдырады. Екінші тармақтағы «Алтындай жарқырамас шаштарыңнан» басқасы орысша мағынасынан алшақ.

В. Жуковский – ағылшын поэзиясын шебер аударушы. Байрон шығыс тақырыбына көптеген шығармалар арнаған, көркімен көз арбаған шығыс аруларын да бейнеленген. Дәл осы өленде ағылшын аруы бейнеленіп отыр. Қайырбеков еркін аударған. Келесі шумақта испан қызы жырланғандықтан осы шешімге келген.

Орысшасы:

Испанка словно Прометей,
Огонь похитила у неба,
И он летит из глаз у ней

Стрелами черными Эреба.
А кудри-ворона крыла:
Вы б поклялись что их извыви
Волною падая с чела
Целуют шею, дышат живы.

Қазақшасы:

Бейне бір Прометейдей от ұрлаған,
Испанка жайдың оғын алған көктен,
Сол оты ұшып оның жанарынан,
Садақтай өңменінді тесіп өткен.
Қарғаның қанатындай тұлымдары,
Қалар ең іш өртеніп, күйіп, пісіп.
Бұрандап төске жығылады,
Жатады ақ тамақты сүйіп, құшып.

Аударманың алғашқы шумағы ұтымды шыққан. Аудармашы Эребтің кара жебелерін қалдырып, Прометей отынан алынған жайдың оғына теңестірген. Оның өткір де отты жанарын сипаттаған. «Садақтай өлеңінде тесіп өткен» деп бейнелеген. Садақ атылғанмен, одан ұшатын жебе екені ескерілмеген. Осындай логикалық қателік жақсы аударманың әсерін кемітіп тұр. Эребтің кара жебесі – акынның поэтикалық ізденістегі тенеуі, жырдың образдылығын әлсіреткен. Алайда кейінгі төрт шумақ орысша нұсқадағыдай жырдың көркемдік қуатымен үндестік тапқан.

Классикалық поэзияны аудару – нағыз таланттың ісі. Өлең аудармасы өте қиын. Мұны Ғ. Қайырбеков те мойындайды. Тіпті киналғанынан болар? «Қазаққа Байроннан не пайда? Қаншама жиған сөз қорым кетті десеңізіші!» деп өкінуі өлең аудармасының азаптылығына көзі жеткендік. Пушкин, Некрасов, Лермонтов, Бунин, Брюсов, Блок, Есенин, Петефи, Мицкевич шығармаларын аударған акын мол тәжірибесін Байрон туындыларын да көрсеткен.

Дж. Байрон өлеңдері мен поэмасының алғашқы аудармасы «Еврей әуендері» деген атаумен 1960 жылы шықты. Мұнда М. Қаратаев пен Қ. Бекхожиннің «Өр дауысты ұлы акын»

мақаласы шығармашылығын таныстырады. Г. Қайырбеков аудармасы араға 37 жыл салып, 1997 жылы жарық көрді. «Теңіз көкжалы» таңдамалы шығармалары «Жалын» баспасынан шықты. Байронның дастандарынан «Чайль-Гаролдтың сапар шегуін» аударған Қ. Бекхожин, «Мазепа» мен «Арал», «Дон Жуанды» Г. Қайырбеков, «Теңіз көкжалын» І. Мәмбетовпен бірігіп тәржімалады. «Гяур-Кәпірді» С. Жиенбаев, Т. Молдағалиев, «Минерваның қарғысын» С. Мәуленов, «Қола ғасырды» Т. Исмаилов аударды. «Абидосс қалыңдығында» Сәлім әкесін өлтіргені үшін ағасынан кек алады.

Байронның «Құрметті Легион жұлдызы» өлеңін Тайыр Жароков еркін аударған. Кейбір образдарды, теңеулерді өз қабылдауымен, түсінік-танымымен өзгерткен.

Орысшасы:

Цвет алых солнечных лучей,
Цвет синих ангельских очей.
И покрывала белый цвет,
Которым чистый дух одет,-
В соединенье трех цветов
Сияла ткань небесных снов.

Қазақшасы:

Онда алқызыл күн жүзі,
Әлі періште нұр көзі
Және ақшыл ауаның
Мың құлпырған бояуын
Көркем, сұлу үш бояу,-
Кемпір косак үш тарау...

Бірінші жолдағы «Цвет алых солнечных лучей» аудармада «Онда алқызыл күн жүзі» деп берілген. Дұрысы: Алқызыл күннің нұр жүзі.

Екінші жол толық бейнелілікте жеткізілмеген. Үшінші шумақтағы покрывала, одет (жамылғы, киіну) – өлеңге жай алынбаған. Аудармашы орысшасынан өзгертіп жіберген. Ешқандай кемпіркосак туралы айтылмаған. Ақын Байрон поэзия-

сын өзінің ой-түсінігіне бейімдеген. Сол сияқты «лит славу», «ерлік жұлдызының сәулесі құйды» деп шұбалаңқы шыққан. Бұдан гөрі ұтымды теңеу табуға болар еді. Орысшадағы «Комета небес рождена» баламасы – «құйрықты жұлдыздың аспанда тууы». Аудармада жұлдыздың жерде сөнугі сипатталады. Ақын көктегі құйрықты жұлдызды сәтті тапқан. Орысшасы:

Бессмертиев огне твоём,
Героев души светят в нём,
И рокот славных ратных дел
Твоею музыкой гремел;
Вулкан, горящий над землей,
Ты жгла лучами взор людской.

Қазақшасы:

Сәулең өшпес жануда,
Сонда тұр ең жаны да,
Даңқты зор батырлық
Жырында да жатыр нық.
Ерлік көздің отынан
Жерде жалын атылған.

Бір қарағанда алғашқы шумақтардың мағынасы жақындағанымен, соңғы шумақтардағы поэтикалық қуат, ақындық пафос мәнерінде берілмеген.

Байронның «Шильон тұтқыны» – тарихи поэма. Азаттық үшін күрескен Франсуа Бонивар теңіз жағалауындағы түрмеде 6 жыл зұлымдықты, қаталдықты, езгіні бастан өткереді. Автор дастанда қоғамдағы әділетсіздікті, озық ойлы азаматтардың қудаланып, қайғылы тағдыр кешкенін өзек еткен. Орыс тіліне поэманы Владимир Жуковский шебер аударып шықты. Қазақ тіліне алғаш Абдолла Жұмағалиев, кейін Ғафу Қайырбеков аударды. Зертеушілердің айтуынша Жуковский де қателік кеткен. Мысалы: «Нас была шесть – пяти уже нет» деген жол түпнұсқада «seven» – «жеті» болуы керек екен. Яғни Вонибардың әкесі және бес туысының осынау теңіз жағасында

жартастағы тар, ылғалды, суық, қапас тас түрмеде азап шегіп дүниеден өткенін, жанындағы серігімен екеуі ғана қалғанын аянышпен жырлайды. Түпнұсқадан тікелей аударылмауынан осындай жаңсақтық кеткен. Түпнұсқаны әр аудармашы әртүрлі қабылдайды. Орыс тіліндегі қателік басқа нұсқаларында да қайталанатын. А. Жұмағалиев те: «Алтау едік – бесеуі жоқ» деп аударылған. Ғ. Қайырбеков те солай:

Алтау едік, бесеу кетті.
Тәңірім жастай өлім несіп етті.

Шағын да мазмұнды, романтикалық рухқа толы поэманы Ғ. Қайырбеков жақсы тәржімелеген. Мұны А. Жұмағалиев аудармасымен әрі орысшасымен салыстыру барысында көз жеткіземіз.

Орысшасы:

То страшный мир какой-то был,
Без неба, света и светил
Без времени, без деньги и лет,
Без промысла, без благ и без.

Байрон қолданған параллелизм, салыстыра сипаттау А. Жұмағалиев аудармасында байқалмайды.

Қазақшасы:

Жылусыз өмір өлшеуі жоқ,
Өлшеуі жоқ айсыз, күнсіз.
Қаңғыр-күнгір құр жаңғырық,
Мылқау дүние қалды тілсіз.

А. Жұмағалиев – талантты ақын. Қ. Аманжолов дастанына өзек болған қаһарман тұлға. Бұл аударма 1940 жылдары жасалды. Аударма теориясы да, тәжірибесі де қалыптаса қоймаған кезеңнің туындысы. Ғ. Қайырбеков алғаш ақынның шығармаларын аударуға қатысты. Кейіннен Байрон поэзиясына қайта оралды. Бір өзі аударып шықты. Байрон поэзиясының роман-

тикалық асқақтығы, шабытындағы күрес пен құштарлықтың қызу жалыны әсер етсе керек. Мұны ақын да атап өтеді. «Менің ақындық тұрпат, стилімнің өзі де Байронға бір табан болса да жақын еді, сол көп жәрдемдесті. Қызығып, ынтығып, шабыттанып жарысып істедім. Өйткені мен Лермонтовты жасымнан сүйіп өсіп ем, ал Лермонтов шынында да, Байронның бір жағы сынары секілді еді. Ақындық рухы, күші, серпінімен тура айнымайды десе болады».

Американдық ақын, әдебиеттанушы, сыншы Т. Элиот Байронның соңғы жыры «Дон Жуанды» «ағылшын қоғамын сатиралық бейнелеуімен Англияның бүкіл әдебиетінде өзіне ештеңені теңдестірмейді» деп бағалады.

Р. Бернс поэзиясы – қазақ аудармасында

Әлем әдебиетіндегі поэзияның керемет шебері шотландиялық атақты ақын Роберт Бернс 25 қаңтарда 1759 жылы Аллозуей елді мекенінде туды. Әкесі кедей фермер еді. Бернстер отбасы ауыр жағдайда өмір сүрсе де, әкесі Роберт пен Гильбертті кешкісін әлсіз майшам жарығымен оқытты, арифметиканы үйретті. Ал ағайынды 7 және 6 жасар екі ұл жас кезінен әкесінің шаруашылығына көмектесті. 18 жасар мұғалім Джон Мердокпен танысу, яғни әкесінің үйге жалдап шақыруы Роберттің әдебиетке құштарлығын арттырды. Талантты жас, кейіннен белгілі педагог аталған Мердок Робертті өлеңдер мен прозаны зейін сала оқуға, әр сөзін ықыласпен мән беруге үйретті. Біртіндеп француз тілін, әдеби ағылшын тілін меңгеру әдебиетке деген талабын ұштады. Роберт Бернс өз бетінше латын тілінен сабақ берген ұстазына өзінің Цезарьдан жасаған аудармасын көрсеткенде, ол аударма әдемілігіне таңданды. Бернс 14-15 жастан бастап жазды. Шотланд халқының жырларынан тамыр алды. Роберт отыра қалып, қалың ойға батқан кезде інісі Гильберт өлең шығаруға кірісетінін сезіне қоятын. Өлеңді ол алқапта жұмыс істеп жүріп шығарды. Оның өлеңдері жеңілдігімен, түсініктілігімен, халықтығымен ерекшеленеді.

Ақынның алғашқы кітабы шыққанда фермерлер, шаруалар ауыр жұмыстан тапқан ақшаларын жақсы кітапқа аямай жұмсады. Батыл да байсалды, табанды да тәкаппар талант эдинбургтік мырзалардың, байлардың да жиі қонағы болды. Кездескендер оның қарапайымдылығына таңданды. Оның қара көздері жасындай жарқырап тұратын. В. Скотт «Өзін қызықтыратын нәрсені әңгімелеген кезде, оның көзі алаулап кететін» деп жазды. «Мен үшін үлкен қуаныш адамдардың әдет-ғұрпын, мінез-құлығын үйрену» – депті ақын хатында. Роберт табиғат көркіне таңданды, сұлулығына сүйсінді, тамаша сәттерін санаға түйсінді. Ақын қатты ауырып, киналса да қолынан қаламын тастамады. Үміт оты сөнуге таяғанда: «Мен аурудан өлмеймін, аштықтан өлемін» – деп жабырқай жазды. Алайда, ақын азап тартса да адалдығынан айнымады. Шотланд халық жырларының жинағын шығаруды қолдап, баспаға өлеңдерін тегін берді. Ағылшын газеттері өлеңдеріне үлкен қаламақы төлеп жариялаймын дегенде де, Роберт үйінде бірде-бір пений болмаса да, одан бас тартты. Ақын өмірден өткен соң даңққа бөленетініне сенімді еді. Қоғамның ықпалды тобының арасынан оны қолдайтын ешкім табылмады. Қайсар ақын ешкімнің алдында бас имеді. Көзі тірісінде замандастары оны өмірден түнілген, бейшара кейпінде көріп, түрлі лақап сөздер шығарды. Оны дұшпандары бұзылған адам санағанымен, достары үлгілі отағасы, тамаша ақын екенін әркез дәлелдеп жүрді. Ақын дүниеден қайтқан күні сүйікті жары Джим бесінші ұлын дүниеге әкелді. Достары оларды камкорлыққа алды. Көп жылдан соң Бернстің атағы Лондон сарайының айналасына жайылған кезде, король ақын жесіріне зейнетақы тағайындады. Роберттің сенімді серігі бұл камкорлықтан бас тартты. Өйткені көзінің тірісінде жоғарғы билікке бас иіп көрмеген ақын рухын, даңқын сатқысы келмеді. 66 жасында дүниеге келген егіз ұл, қызды өз есімдерімен Роберт және Джим деп атаған.

Бірде Бернс театрға кіргенде оркестр «Тәңір, корольді сақтай гөр!» діни әнін орындаса керек. Ақын бас киімін шешпестен, француз революциясының «Саіға» әнін дауыстап шырқаған. 1976 жылы 21-шілдеде ақын дүниеден өткенде жиналған

халық «Біздің ақынымыз кім болады?» – деп қинала көзге жас алған екен. Ақынды жерлеуге 12 мыңнан астам адам қатысқан.

Бернс шығармашылығы – оның ауыр тағдырының қағазға түскен сырлары. «Бернс тумысынан кедей болды, қажеттіліктен акциздік черновникке айналды» деп жазған. Балаларын және әйелін бағып асырау үшін Дамфрис қаласына барып, ұсақ акциздік черновник болып орналасқан. Кильмаркен қаласының баспаханасында басылған алғашқы жинағы оны даңққа бөледі. Роберт жырлары – Шотланд халқының өмірі мен тыныс-тіршілігінің айнасы. Ақын халықтың қалың ортасында жүрді, ар-ұяты, үні, жүрегі болып қалды.

Бернс поэзиясы өзінің мөлдір лиризммен, қарапайымдылығымен, кең қарымдылығымен қызықтырады. Бернстің өлең тілінде өнер-өрнегі, мәнерлігі байқалмайды. Көбінесе көпшілікпен шынайы әңгімелесу, пікірлесу тәрізденеді. Ақын өлеңдері Ресейде алғаш XVIII ғасырдың соңында аударылған. С. Маршак аудармасы ақын шығармашылығының идеялық бағыт-бағдарын, әрі тарихи, ұлттық өзіндік сипатын, көркемдік стилін дәл аша білуімен құнды. С. Маршак Бернс өлеңдерін аудару кезінде түпнұсқасының әуенділігіне, әуезділігіне назар аударды. Әуен – әр өлеңнің көркемдік бояуы. Бернстің лирикалық жырларын аударудың басты қиындығы – табиғи үйлесімділік пен күнделікті сөйлеу тілінің музыкалық әуезділігімен тікелей ұштасуы болатын. Алайда Маршактың аудармаға машығы бұл мехнатты жеңіп шықты.

Аударманың шебері әрі зерттеушісі К. Чуковский «Маршактың аудармасынан ешқандай аударма екенін сезіне алмайсын» десе, Б. Бухштаб «ол біздің ел үшін Бернсті қайта ашты» деген лебізін білдірді.

Англияда «Таймс» газетінің авторы Л. Хайлдың Бернсті екінші дәрежелі провинциалды ақын ретінде атауы Англияда Шотланд ақыны поэзиясы жөнінде өткір пікірталас өрбітті. Бернсті қолдап-қолдаушылар С. Маршак аудармасына сүйеніп, шотландық ұлы ақынның жырлары поэтикалық өзіндік ерекшелігімен ашылғанын дәлелдеген. Ал, А. Твардовский «Осы бір аудармалар сондай таңданарлық, еркін поэтикалық тілде сөйлеуді меңгергеніне қарап, Бернс орысша өзі жазып берген тә-

різді» деп аударманың түпнұскалық құндылығына пара-пар жасалғанын айрықша бағалады. Бұл поэзия өзінің ерекше құрылысымен, ұлттық колоритімен дараланады. Маршак аударған Бернс жырлары жоғары мәдениет деңгейіндегі өз уақытындағы поэзияның шеберлік шыңы, оның баға жеткізгізсіз құндылығы әрі кеңес ақындарының үздік түпнұскалық шығармаларымен бір қатарда тұруында.

Маршак:

Хорошо, что, чужим языком ты знаком,
Но не будь во вражде со своим языком

деп аудармада қос тілді терең білуді тұжырымдайды.

Аудармашы Р. Бернс поэзиясының рухын, поэтикалық қуатын, көп бейнелі интонациясын, әуезділігін, табиғи үнін дәл жеткізді. Шотланд ақынының жауһар жырларының шаттығына шаттанып, мұңына мұңайып, сезімділігіне елтіп, жандүниесіне тереңдеген С. Маршак аудармасы – түпнұсқаны көркемдік-поэтикалық дәлдікте жеткізудің үздік үлгісі.

Көрнекті ақын Қуандық Шанғытбаев та ғажап поэзияны төл тілімізге тамаша аударды. Аудармашының түпнұсқаға адалдығы, ақын өлеңдеріне құрметі – аударманың түпнұсқаға сәйкестігінде ғана емес, өлеңдегі образдылық пен көркемдікті сақтауында. 1979 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан кітаптың беташарындағы «Жарлы жомарт» өлеңінен

Мейлі, мейлі,
Мейлі екен,
Тоймасын асқа көзіміз,
Алтынға басқан мөр ғой мал,
Сол алтын мына өзіміз,-

деген үзіндіні келтірген көрнекті ақын Ж. Молдағалиев: «Осы шумақтардан бастап-ақ көңілімдегі қобалжу сейіліп, Бернс көзіме жылы ұшырап сала берді. Қазақша мүдірмей сөйлеп тұр және қазақ баласының да сонау заманғы тұрмысын біліп, сөйлеп тұрғандай» деп аудармаға сүйсініспен пікір айтты. Сонымен бірге «әр өлеңнің орысша атының да көрсетілуі,

бұдан былай да қолдануға тиісті нәрсе» деп жақсы қырларына тоқталды. Маршак аудармада Бернсті ғажайып орыс ақыны жасаса, Шаңғытбаев шеберлігімен Шотланд поэзиясының тарланы «тілге жеңіл, жүрекке жылы» тиетін жырларымен өлеңсүйер қауым көңіліне ұялады.

«Жарлы жомарт» – «Честная бедность» өлеңінің аударылу сапасы жоғары. Шаңғытбаевтың аудармадағы қоңыр үні жүрекке жылы тиеді. С. Маршак:

Кто честной бедности своей,
Стыдится и все прочее
Тот самый жалкий из людей,
Трусливый раб и прочее.
При всем, при том,
При всем, при том,
Пушай бедна мы с вами.
Богатство –
Штамп на золотом,
А золотой –
Мы сами.

Қ. Шаңғытбаев:

Жоктан адал кім сана,
Қысылса егер дейді екен.
Ол нағыз сорлы бейшара,
Су жүрек дейді, дейді екен.
Мейлі, мейлі, мейлі екен,
Тоймасын асқа көзіміз,
Алтынға басқан мөр ғой мал –
Сол алтын мына өзіміз

Ақын «жоктықтан адал кім сана» деп «кто честный бедности» баламасын дәл берген. Ұялудан гөрі қысылу етістігі сәтті синоним. Өйткені кедей адам жоктықтан қысылады. «При всем, при томды» – басқа аудармашы «мейлі екен» деп жеткізе алмайтыны анық. Қ. Шаңғытбаев «Мейлі, мейлі, мейлі екен» орысша нұсқада екі жолмен қайталанып берілген тіркесті бір

жолға сыйғызған. Орысшада «Богатство – Штамп на золотом» делінсе, аудармашы байлықты малмен ауыстырған. Сәтті жасалған балама. Өйткені, Бернстер отбасының шағын шаруашылығы, карауында малдары болған. Тіпті жақсы көретін қойы өліп қалғандағы ақын зары өлеңінде аянышты күйде сипатталған. «А золотой – Мы сами» аудармасы: «Сол алтын мына өзіміз». Адам қадірі алтыннан да ардақты деген астарлы ұғым бар.

Егерде В. Жуковскийше «поэзиядағы аудармашы бәсекелестігін» ескерсек, Бернсті ұлт тілінде сөйлетуде Маршак та, Шаңғытбаевта бір-бірінен оза шауып қалыспайды. Оны басқа да аудармасынан байқаймыз.

Орысшасы:

Судите не по платью,
Кто честным кормится трудом,-
Таких зову я знатью!

Қазақшасы:

Киімге карап сынамаң,
Күнелтсе де адал еңбекпен,
Әнекей сол ғой шын адам.

«Знать» – С.Ожегов сөздігінде – буржуазиялық дворяндық қоғамдағы ақсүйектер өкілі, билік тобындағы жоғары қауым. Егер де ақын өмір жолына қарасақ, ол ел билеушілерін, байларды шенеп, мінеген.

Аудармашы ақын өмірбаянымен жете танысқандықтан да, оның ойын дөп ұққан. Адал еңбекпен күнелту арлы адамның ісі екенін дәлелдеп, шын адалды алға шығарады. Бай адам деп ол мол дүние жиғанды емес, адал еңбекпен күнелткенді жоғары қояды. Өлеңдегі филолсофиялық тұжырымдар аударылуында дәлдіктен басқа, ой тереңдігін ұғымға айшықтау мәнері Қ. Шаңғытбаевта айқын, ажарлы.

С. Маршакта:

Настанет день и час пробьет,
Когда уму и чести.

Но всей земле придет черед.
Стоят на первом месте
Могу предсказать я.
Что будет день,
Когда кругом.
Все люди станут братья!

Қ. Шаңғытбаевта:

Күніміз әлі-ақ туады:
Жайқалып жердің жүзінде.
Салтанат санат құрады.
Ақыл мен ынсап түбінде,
Бір кезде жерде бар адам,
Шегінен туыс болмаса,
Туу бетіңе де, маған!

Ақын аудармада еркін көсілген. Честь – адалдық, әділдік болса, оны ынсаппен ауыстырған. Ақыл мен ынсаптың күні туатын кезін, жердің жүзінде салтанат құратынын поэтикалық айшықтау жасаған. Маршактағы нұсқасында ақын адам баласының бір-біріне туыс болатын кезін болжап отырса, Шаңғытбаевта тіпті уақытпен бәстесіп жатқандай, өзін сенімді куәгерлікке тартады. «Туу бетіңе де, маған!» – ұлттық колорит айшығы. Аудармадағы ақын табысы. Мұндай поэтикалық аударма қуантады. Соның бірі – «Старая дружба» – «Ескі достық» өлеңі.

Орысшасы:

За дружбу старую
До дна!
За счастье прежних дней!
С тобой мы выпьем, старина,
За счастье прежних дней.

Қазақшасында:

Сол достық үшін – қағып сал,
Баяғы бақыт кезі үшін.
Қояйық алып, кәні шал,
Баяғы бақыт кезі үшін!

Аударма дәл де нақты. Интонация, ырғақ сақталған. Аудармада еркін көсілген аудармашы орысша нұскасымен деңгейлес жеткізуімен түпнұсқаға адалдығын аңғартады. Орысшасында:

Был честный фермер мой отец,
Он не имел достатка,
Но от наследников своих,
Он требовал порядка.

Қазақшасында:

Әкем бір адал шаруа – тын,
Ойламай өтті мал камын.
Уыстап шашау шығармай.
Ұстады бірақ балларын.

– деп аударылған.

Бернстің әкесі балаларын оқытып, тәрбиелеуімен бірге, жасынан еңбекке бейімдеген. Қазақтар балалар дейді, баллар – қырғыз сөзі. Аудармашы ұйқас үшін алған. Бұл шумакты аудармашы оқырман ұғымына бейімдеген. Орысша нұсқадағы ойды сәйкестікте беруде Қ. Шаңғытбаев Маршактан қалыспайды,

И так и сяк пытался я,
Поправиться фортуне.

– деген жолдардың қазақшасы бейнелі де бедерлі:

Тағдырға қайтсем жағам деп,
Тауға да соктым таска да.

И так и сяк немесе такой – сякой, такое-сякое кандай да бір ұнамсыз қатынасқа білдірілген қалжың ұғымындағы сөз – олай да бұлай. Егерде орысша нұсқадағы ойды тура мағынасында айтсақ: «Тағдырға қалайда жағамын деп, олай да, бұлай әрекет жасап көрдім» деуге болар еді. Ақын оны «басын тауға, тасқа соққанын» – яғни тұрақты тіркеспен ойды тиянақтаған. Аудармашы ұлттық

тіліміздің байлығын кеңінен пайдаланған. Поэтикалық тәсіл аударманы ажарлайды.

Маршакта:

О, ты, кто властен и богат!
На много ль ты счастливей?

Қ. Шаңғытбаевта:

Бишікеш өңкей, байшікеш,
Нең артық бізден сіздерден?

Аудармашы «Бізден соншалық бакыттысың ба?» деген емеурінді казакша жеңіл түсінікке сыйғызған. Билік пен байлыққа құмартушыларды сынаған өлеңде бишікеш, байшікеш сөздері сирек қолданудан, құлаққа тосындау естіледі. Аудармада поэтикалық сәтті баламалар аз емес. Солардың бірі мына шұмақтардың казакшалануынан байқалады.

Орысшы:

Пусть денег куры не клюют
У баловня удачи,-
Простой, веселый, честны люд
Тебя стократ богаче!

Қазакша:

Байлығың шіріп жатса да,
Қызғанып оны қызбаймыз,
Ақжаркын, адал, қаралар,
Мың есе мына біз баймыз.

Люди – адамдарды қаралармен ұтымды ал-мастырған. Өйткені ақынның қандай қауымның өкілі екенін аудармашы қапысыз түсінген. «Куры не клюют» тұрақты тіркес. Мұны дәл мағынасында, болмаса қисынсыз ақша деген ұғыммен жеткізуден гөрі, шіріп жатқан байлықпен алмастыру ұлттық ұғымға жақын. Алайда орысша аудармадағы кейбір қателіктерді казакша мәтінде аудармашы тігісін білдірмей, жатық етіп жіберген.

Р. Бернс дүниеге келгеннен кейін тағдырын болжаған балгер:

Баланың алақанын көріп,
Болмайды осал бұл кісің,
Есімі болсын Робин-деген екен.
Орысша аудармада:
Мальчишка будет не дурак,
Пускай зовется Робин!

Әрине балгер балғын болашағын болжағанда ешуақытта есуас, жынды болады деп кесіп айтпайды. «Бұзық болар» деуі мүмкін. Ағылшын мәтінінде дәл осылай болуы күмәнді. Егер аудармашы орысшасын қайталаса, өлең сенімсіздік туғызар еді.

Халық батыры Макферсонның ажал алдындағы ақтық сәтіне арналған өлең тақырыбы – «Макферсон перед казнью». Қазақша «Макферсон – дар алдында» өлең түсініктемесінде ақын батырдың өлім жазасына кесілгенін, дұшпандары дарға асып өлтіргенін айтқан.

Орысшаға карағанда қазақша тақырыбы нақты. Өлең мазмұнын ашады.

Орысша нұсқада:

В полях войны среди мечей,
Встречал я смерть не раз,
Но не дрожал я перед ней-
Не дрогну и сейчас!

Қазақшасында:

Қанды да қылыш жорықта.
Ажалға талай жолыққам,
Болған жоқ көзім тарыққан-,
Қазір де солай қорықпан!

Үшінші жол мағынасынан ауытқып, еркін берілмегенімен, басқа жолдармен ұтымды ұштасқан. Орысшасынан гөрі қазақша мәтіні поэтикалық қуатымен күшті. Төрт жол, төрт ұйқас, өлең мағынасы қандай айшықты берілген!

Қайсарлық, батырлық рух сипаты ақынның сезімімен үйлескен. Шаңғытбаев аудармашыға тән шеберлік үлгісі бұл!

Маршакта:

Да, это я, моя любовь,
А ты – моя награда.
За честно пролитую кровь,
И лучшей мне не надо.

Қ. Шаңғытбаевта:

Өзіңмін, өзім – жарым шын,
От кешіп, өткен кез үшін.
Төгілген адал қан үшін,
Ең қымбат сыйым өзіңсің.

Жолдар алмасқанымен мағыналық сәйкестік сақталған. «Махаббат» - «Любовь» өлеңіндегі:

Будь счастлива, моя любовь,
Прощай и не грусти

– деген жолдарды Жанеркем қош бол, күрсінбе, деп бір жолға сыйғызған. Қуандық Шаңғытбаев өлеңдегі даналық ойларды, философиялық тереңдігімен шебер аударған. Мысалы, «Стакан вина и честный друг» өлеңіндегі:

Мы ловим радости в пути,
Пугливо наше счастье,
Оно исчезнет – найти,
Его не в нашей власти,

– деген философиялық ой тереңдігін жеткізуде өлеңнің мағыналық иіріміне бойлаған. Оқып көрелік:

Шаттықты жолда-ақ қағармыз,
Үркек қой бастан бағымыз.
Жоғалса бақыт, табармыз,
Қай жерден оны тағы біз?

Қазақшасы орысша нұсқадағыдай көңілге қонымды, ойға оралымды. Сол сияқты:

Богатым быть я желал,
Великим быть –пожалуй! – деген қағидалы ой:
Бай болу жоқ-ты ойымда
Атақты болу бір басқа!

– деп аудармашы мағынасынан сәл ауытқыған. Ақын мұнда бай болуды мұрат етпегенін, ұлы болып қалу ізгі тілегін жеткізіп отыр. Орысшасында атақты, әйгілі деп тұрған жоқ. Сондықтан осы жолдарды нақтылай түскен жөн еді.

Қ. Шаңғытбаев табиғат көріністерін аударуда сыршылдық сипатымен көрінген. «Бруар өзенінің зары» өлеңі – соның дәлелі.

Маршак аудармасы:

Ко мне влюбленные весной,
Придут на берег тайно.
И встретятся в тишь лесной,
Как будто бы случайно.
Оберегая их покой,
Росы роняя слезы,
Благоуханною рукой,
Прикроют их березы.

Шаңғытбаев тәржімесі:

Көктемнің кезі болғанда,
Ғашықтар келіп жиекке,
Кездесе жым-жырт орманда,
Қалама орман жүректе!
Желекке қайың көз жасын,
Жұпары жерге төгіліп,
Оларды көзден қорғасын.

«Шықтың көз жасы» – поэтикалық деталь, әдемі бейнелі тіркес. «Көздің сұғынан қорғау» ұғымын айтқызбай-ақ білуге болады. Бұл – табиғатқа аялы қамқорлық қажеттілігін сезіндіретін, экологиялық танымды тереңдететін лирика. Осындағы

жыр соны тіпті туған өлкеге, балаларға, ұрпаққа бағытталған аманат, аталық ақ тілек тәрізді.

Орысша:

Пусть как цветы в краю родном,
Растут ребята наши,
Пусть будет крепче,
С каждым днем.
И с каждым часом краше!

Қазақша:

Құлпырып туған өлкеде,
Балалар мәз боп ойнасын.
Ержетіп, еркін еркелеп,
Күн асқан сайын жайнасын!

Шумақтар мағыналық жағынан орысша нұскасымен дөп келеді. Баламалы, сәйкес аударма. Дәл аударма десе де болады. Тек орысшадағы крепкий – күшті, мықты, шымыр деген сөзді қазақшадан таба алмаймыз. Ақын мұны еркелей сөзімен алмастырған. Аудармадағы «Ер жетіп, еркін еркелеп» деген сөз өте сәтті шыққан. Дыбыстарының үйлесуі, ішкі ырғақ, әуезділік бар. Екінші орысшасындағы растут сөзінің орнына ойнасын деген етістікті алып, өсу, ержету ұғымын келесі жолға сәтті сәйкестірген.

Төртінші шумақта күн сайын жайнауы аздай, сағат сайын жайнасын деуі де ақын мақсатты түрде қолданса да қазақы ұғымға жеңілдеу. Балалардың өсуін дәл ертегі кейіпкерлеріне жақындатып жібергендей әсер қалдырады. Қ. Шаңғытбаев күн асқан сайын жайнасын деп ойды ширықтырып, шарықтата түседі. Гүлді айтпаса да, жайнасын етістігінің астарында гүл барын оқырман көкірегі сезеді.

Талантты ақын, аудармашы Қ. Шаңғытбаевтың Роберт Бернсті қазақшалау мәнері осындай. Бернске деген Маршак махаббатына Қуандық құштарлығы қосылып, шотланд ақыны қазақ тілінде еркін де әдемі, әсерлі де мәнді сөйлеген.

Неміс зерттеушісі Эккерман «Гетемен әңгімелесу» кітабында Бернсті ұлы жасаған, өсіп-есейген, еңбек еткен ортасы, қарапайым халық екенін айта келіп, оның жырларының ел аузында жиі айтылуын ұлттық тіл байлығының сарқылмас көзімен ұштастырады.

Аудармада кейде түпнұсқадан ауытқу, еркіндік байқалғанымен, Р. Бернс поэзиясы мәнерлі де көркем, мазмұнды да әсерлі күйінде қазақ оқырмандарына жеткен. Поэтикалық аударманың қыр-сырын терең меңгерген Қ. Шаңғытбаев тәржімелері талантына куә етеді. Шығыс шайырларының шуақты шумақтарын шабыттана, шырайын бұзбай аударып, ұлттық поэзияның поэтикалық үлгімен байытқан көрнекті ақын Батыс классикасын тәржімелеуде де тапқырлығын, қабілетін қарымын қапысыз танытқан.

1827 жылы Гете Эккерманмен әңгімесінде Р. Бернс поэзиясын қарапайым еңбек адамдарының, халықтың жырына айналғанын, жасынан тыңдап өскенін, халық мұраларындай қабылданатын ұлылығымен қымбат екенін атап өткен. Гете жырының қуаты мен ұлылығы да халықпен етене әрі берік байланысында, ажырамас бірлігінде. Оның өлеңдері алқаптағы шаруалар да, таудағы бақташылар да, малшыларда жаттап, айтып, әнге қосып шырқады.

Ресейге Р. Бернс бірден танылған жоқ. Ең алғашқы өлеңдері ақын қайтыс болғаннан төрт жылдан кейін сентименталистік «Иппокрена» немесе «Утехи любовслова» журналында «Томсонның құрметіндегі өлеңдер» деген атаумен жарияланды. Көп уақытқа шейін Бернс деп жазылып келді, алғаш орыс романтизмінің көрнекті өкілі соқыр ақын Иван Козков Бернстің «Субботний вечер поселянина» өлеңін еркін аударып, өз жанынан шумақтар қосты. ол бұл өлеңді жақын досы Александра Военковаға арнады. В.Г. Белинский Козков өлеңін аударма емес, осы ақынға еркін еліктеу деп көрсетті. Зерттеуші «Поэзияның тек пен түрге бөлінуі» мақаласында Бернсті Шекспирмен қатар қойды.

«Борнис» атты ауқымды мақала жарияланды. Алайда бұл очеркте автор Бернсті французша аударған Леона де Вайя

болғанымен, редактор О.И. Сенкковскийге телінді. Онда ағылшын поэзиясында Шекспирден кейін Бернсті қатар қойды. Ақын жырларын ерекшелейтін қасиеттер: түрлі сезімталдық, сүйіспеншілік пен жеккөрушілікке жайылған жүрек, кең мағынада, әйелдерге, Отанға, табиғатқа деген махаббат. Жаны жайдары, әзілқой, көпшілікпен тіл табыса білетін адамгершілік құндылықтары да ел арасында сүйікті ете түсті. Орыс аудармашысы прозалық ырғақпен стильде «Джон Аркадан» атты белгілі балладасын аударып, мақалаға қосты. Аударма өте дәл жасалды. Ұлы украин ақыны Т.Г. Шевченко Р. Бернспен өзінің жақындығын сезініп, халықтың тілімен керемет жырлар жазды. Шотланд ақынын «халықтық әрі ұлы ақын» деп мадақтады. Некрасов та Бернс поэзиясын аударуға талпынғанымен, пәлендей сәтті шықпады. 1856 жылы «Современниктен» Бернстің 6 өлеңі ақын-аудармашы М.Л. Михайлов аудармасында жарияланды. Гейне және басқа да шетелдік ақындар өлеңін тамаша тәржімелеген. М.Л. Михайлов Бернсті орыс тілінің сөз құндылығымен алғаш рет жеткізді. Ол ақынның өмірлік ақиқаттығы, гуманистік пафосын дөп басып, поэзиясының драматизм мен түрін дәл жеткізді.

1930 жылға шейін Михайлов шығармалары баспа бетінен түспеді. Бұдан кейін В.С. Курочкин, Д.Д. Вейнберг аударды. 1960 жылдары В.Д. Костомаров та аударды, ол кезінде жинаққа енді. Алайда оның аудармасында Бернс жырларының әлеуметтік өткірлігі жойылып, көркемділігі мейлінше кемиді. Зерттеуші Утина Бернстің ақындығын бағалай келе, қараңғы халық өміріне тереңдей еніп, оны жырлап, шабыттанғаны басты мәні санаса, қоғам қайраткері, зерттеуші М.К. Цебрикова «халық күштері адасқан дәуірінде қоғамдық ойларды оятуда» деп айтады.

Н.И. Строженко 1893 жылы мақаласында оны кеменгер тума талант ретінде бағалай келе, мол білім алмаса да, халық өмірінен үйреніп, білгенімен-ақ, ақындық терең түйсіктілігімен ерекшеленгенін, табиғат пен өмірді жүрегімен мейірлене сүйгенін атап өтті. «Адамзатқа махаббат оның жүрегінің діні болды» деп пайымдады. Ақынның 100 жылдығынан кейін

поэзиясына ыкылас арта түсті. Танымал орыс ақындары жана аудармаларын жасады. Солардың бірі Ольга Рюмина басқаларға қарағанда мүмкіндігінше сәтті аударды. Алайда бұл аудармада да қателік кетті. Рюмина Бернс өлеңдерін қысқартты, өз жанынан жолдар қосты, метрикалық түрін өзгертті. Н. Нович, Н.Н. Бахтин, А.М. Федоров аудармалары өте сәтсіз шықты. Кеңестік өкімет жылдары Р. Бернс поэзиясын аударудың жана кезеңі басталды. 1918 жылы «К солнце» журналында Л.Н. Андрусен өлеңдерінің аудармасы басылды. 1919 жылдары бұрынғы аударма өлеңдер жинақталып, жеке кітап болып басылды. Шиллер, Гольдони, т.б. батыс еуропалық ақындарды аударған Т.Л. Щепкина-Куперник (1874-1952) 74 өлеңін бірінші рет аударды. Ол акын жырларына тереңдей бойлап, халықтық жыр үлгісін, құрылымын сақтады. Алайда өлең түріне мән бермеді.

Шотландық классик жырларының барлық құндылығымен жеткізген керемет тәржіме С. Маршак (1867-1964) үлесіне тиді. Акын, драматург, аудармашы ретінде әлемнің көптеген ақындарының жырларын орысша сөйлетті. Блейк, Байрон, Киплинг, Льюис Кэррол, т.б. бар. 1937 жылдан бастап, Бернсті ол жүйелі аударды, 1947 жылы шағын аудармалар жинағы шықты. 20 жыл аудару кезінде 215 шығармасын аударған. Оның поэтикалық талантының Бернспен туыстығы әрі халықтық жырларды жан-тәнімен сүюі, акын жырларының стилін, образдылық жүйесін, сезімдік сипатының қарапайымдылығын, драматизмін, өлең қозғалысын, әуезділігін түпнұсқалық туындымен толыққанды тәржімелеуге негіз қалады. Маршак аудармасы орыс мәдениетіне жаңа тыныспен енді. Композиторлар Д.Д. Щостакович, Г.В. Свиридовке әуезділік, ырғақтылығы ұнап, бірнеше шығармалар жазды. 1940 жылы ағылшын сыншысы Лайонел Хойл Лондонның «Таймс» газетінде «ағылшындарға түсініксіз» деген отандастарының ренішті пікіріне Маршактың керемет аудармасын қарсы қойды. 1959 жылы Маршак Шотландиядағы Бернс федерациясының құрметті төрағалығына сайланды. Маршак аудармасымен қатар, әр жылдары Э. Багрицкий, С.Б. Болотон, Т.С. Сикорский, И.М. Ивановский, В.В. Рогов,

С.А. Орлов, Д. Багнов аудармалары жасалды. С.В. Петров аудармасы орыс үлгісіндегі жаңа тәжірибе болса, М. Федотов бірінші рет Бернсті тәржімеледі.

Сол кездегі кеңестер одағында Бернс екінші отанын тапты. Ол көптеген ұлттардың сүйікті ақынына айналды. Өлеңдері орыс тілінде көптеген мың таралыммен шықты. Бірқатар зерттеу еңбектер жазылды. Р.Я. Райт-Ковалева «Тамаша адамдар өмірі» сериясымен ақын өмірбаянын жазды. Орыс аударматанушылары Бернсті керемет тәржімелеген Маршакты мақтаныш санаса, орыс, шығыс поэзиясын шебер қазақшалаған Қуандық Шаңғытбаев Р. Бернсті ұлтымыздың мәдени қазынасына сәтті қосты.

Даниель Дефо – реалистік роман шебері (1660-1731)

Жаңа дәуірдегі еуропалық реалистік романның негізін қалаушы Даниель Дефо. Ағартушылық роман тарихының алғашқы баспалдақтарынан бастап, XIX ғасырдың әлеуметтік реалистік романына дейінгі аралықтағы ағылшын прозасының дамуындағы тұтастай дәуірде Д. Дефо шығармашылығының маңызы үлкен. Дефо өзін Шекспирмен салыстырды, ортасы да, тағдыры да ортақ, тек Шекспир заманынан жүз жылдан кейін ағылшын әдебиетінің көрнекті суреткері қатарына қосылды. Дефо 350-ден астам шығарма жазып қалдырған. Алайда барлық мұраларынан айырықша аталатыны – «Робинзон Крузо» романы.

Дефо романды жанрлық түрлі тәсілдермен байытты. Шытырман оқиғалы, өмірбаяндық, тәрбиелік, психологиялық, тарихи, саяхаттық, қылмыстық романдар суреткердің талантының сан қырын айғақтайды.

Дефо – ағылшын журналистикасын дамытушы. Ол қоғам өмірін қалай жақсарту жолдарын іздестіріп, күрескерлік мұратқа ұмтылды. Отандастарының ағарту ісіне, әйелдердің білім алуына, түрлі қауымның қызығушылықтарына көңіл бөлді. Тағдыр тауқыметін тартқан адамдар: соқырлар, саныраулар, ақыл-есі кемтарлардың қал-жағдайы, коммерсанттар әдебі т.б. мәселелер оны толғандырды, қолына қалам алдырды. Ағылшын

шіркеуінің билік етуіне қарсы батыл күресті. Өзі жазған көптеген памфлеттерге атын қоймаса да, халық авторын білді, құштарлықпен оқыды. Бірнеше рет тұтқындалды, түрмеге де отырды, алайда қайсар талант тайсалмады, өмірлік мұратына адалдық танытты.

Оның әдеби қызметі 1697 жылы «Жоба туралы тәжірибе» памфлетінен басталды. Дефоның даңқын дүбірлеткен дара туынды – «Робинзон Крузо» романы. Бірінші бөлімін ол 59 жасында жазып бітірді. Романның II-ші бөлімі 1720, III-бөлімі 1721 жылы жарық көрді. Дефо «Робинзонның бастан кешкендерінің» әр сөзі шындық деп сендірсе, мұның бәрі жалған екендігін дәлелдеу үшін Свифт «Гулливердің саяхаттарын» жазды.

Дефо – тұңғыш кәсіби жазушы. «Робинзон Крузо» сол замандағы алғашқы классикалық ағылшын романы ғана емес, журналда нөмірден нөмірге жалғасып басылған бірінші роман.

XVIII ғасырдың ортасында американ философы әрі публицисі Генри Торо өз еркімен Робинзон тағдырын өткергенмен, ең басты мәселе адамдармен қарым-қатынастың жоқтығына киналған.

Романның тууына негіз болған 1713 жылы «Англичанин» журналында жарияланған журналист, жазушы Ричард Стилдін «Александр Селькирктің тарихы» атты очеркі. XVIII ғасырдың басында талай сыннан өткен «теңіз көкжалы» адмираль Уильям Дампьер Тынық мұхитына кәсіпшілік сапарға аттанады. Сол кездегі жүзу сапары әдетте тонаушылықпен, қарақшылықпен бетпе-бет келетін. Кемеде кездейсоқ тәртіпсіздіктер де болып жататын. Теңізшілер қашатын Чили жағалауындағы Хуан Фернандес архипелағындағы Мас-а-Тьерра аралында штурман А. Селькирк өз еркімен қалып қояды. 4 жыл 5 айдан кейін жартылай қарақшылық бағыттағы капитан Вудз Роджерстің басқаруындағы кеме аралға тап болады. Аралдан ішетін су іздеп жүріп, Селькиркке кездейсоқ жолығады. Бұл жайлы Вудз 3 жылдан кейін өз жолжазбасында баяндайды. Роджерспен бірге барған капитан Кук те Ларго қаласындағы Файф графтығына қарасты шотландиялық А. Селькирк туралы

хабарлайды. Екі капитан бұл тағдырға екі түрлі көзқараста болған. Кук «Теңізші теңізші болғасын тірі қалу амалымен қолынан келгеннің бәрін жасады» десе, Роджерс осынау тарих тағылымынан өзіндік тұжырым түйген. Ричард Стиль қызықты очерк етіп суреттеді. Дефо бұл очеркті жанрлық тұрғыдан ғана емес, оқиғалық мазмұн жағынан барынша дамытты. Тынық мұхиттағы оқиғаны Атлантқа ауыстырды. Болған оқиға мерзімін 50 жылға кейін шегіндірді. Кейіпкерлердің аралдағы мерзімін 7 есеге ұзартты. Оқиғаларды суреткерлік елстетумен, көркемдік қиялмен байытты. 28 жылдың ішіне қоғамнан тыс өмір сүру Робинзонға оңайға соқпады. Дефо алғаш рет шығармашылығында еңбектің жасампаздығын айырықша көрсетті. Табиғатпен бетпе-бет жалғыз қалған Робинзон қаншама қиындық көреді. Оның ұзақ жылдар аралда тірлік кешіп, аман қалуына тек еңбек, болашаққа сенім көмектеседі.

Жұмамен кездескен Робинзон оны алғашында өзіне күл етуді көздегенімен, бірте-бірте әр нәрсеге бейімділігін байқап, жас жігітті қамқорлығына алады, кәсіп үйретеді, дінді уағыздайды. Дефо романы тұспалдау тәсіліндегі туынды. Алыс аралда адамның жалғыз тіршілік кешуі, біртіндеп жаңа ортаға табиғатқа бейімделуі, Жұмамен кездесуден кейінгі өмір ағысының жаңа арнаға түсуі қызықты баяндалады. Адамзаттың өмірін, адамзат тарихын терең астарлы бейнелеп сипаттаудың шебері ретінде танылады. Бұдан кейін дүниеге келген Дефо шығармалары: «Моль Флейдерс», «Полковник Джек» – тарихи, шытырман оқиғалы, «Капитан Сингльтон» – теңіздегі шытырман оқиғаға арналған, «Дүрбелен жылдың күнделігі», «Кавалер мемуарлары» – тарихи романдар. Алғашқысына В. Скотт қатты құмартыпты. «Робинзон Крузо» – ағылшын әдебиетіндегі алғашқы классикалық роман саналады. Дефоның атақ абыройын асырған бұл кітап дүниежүзілік әдебиеттің ірі шығармаларының қатарындағы қадірлі қазына.

Д. Дефоның қазақша аударылған шығармалары: «Робинзон Крузоның өмірі және оның басынан кешірген оқиғалары», «Теңізде жүзуші Робинзон Крузоның өмірі мен басынан кешкен тамаша оқиғалары. Қысқартып қайта жазып шыққан

К. Чуковский. – А. 1951. Робинзон Крузо 4-басылым. – Алматы, 1980.

Дефо пуритан отбасынан шыққан. Англияда пуритандарды кальвинистер деп атаған. Швейцарлық уағыздаушы Ж. Кальвинистің жолын жалғастырушылар. Олар тек кана «католик дінімен» ғана күрескен жоқ, оны «әзәзіл діні» деп атаған. Англиядағы ағылшындардың дінге сенушілігіне қарсы шықты. Олар ағылшын дінінде көптеген католицизмнің қалдықтары бар деген ойда болды. Пуритандар көсемі Оливер Кромвель және оның жыршысы, ұлы акын Джон Мильтон. Пуритандар 1649 жылы төңкеріс жасады. Діни ұрандар алып шықты. Кейін олар үнемі қуғынға ұшыраған.

Хуан Фернадес архипелагында үш арал болған. Ең ірісі – Мас-а-Тьерра. Команда суға барғанда ол ешкі терісінен киім киген жабайы түрде болды», – дейді. А.Селькирк кораблі «Бес порт» деп аталады. Капитанмен керісіп, жағада қалуды ұйғарған. Оған ешкім қарсы келмеген, Інжіл мылтық, оқ-дәрі, темекі, төсек-орын, киім қалдырған. Соңғы сәтте шешімнің осылай біткенін түсінген Селькирк қайтуға ниет білдірген. Бұл кезде кеме желкенін көтеріп, жағадан алыстап кеткен. Ол жас кезінде теңізші болуды армандаған.

Мас-а-Тьерра жартасында теңізшілер А. Селькирктің атына ескерткіш тақта қойған. Шотландиядағы Робинзон мейманханасында мүсін мен ескерткіш тақта қойылған. Селькирк тұрған орын Робинзон Крузо шығанағы аталады.

Алғашқы кітаптан кейін оқырмандар романның жалғасын талап еткен. Алайда екінші кітап сәтті шықпады. Сыншылар Робинзонды Дон-Кихотпен салыстырды. «Бұл кітапта қиялдың бір тамшысы жоқ» деген Дефо. Сервантеспен салыстырусыз-ақ Дефо өзінің жіберген қателіктерін мойындаған «Бұл онша маңызды емес, ең бастысы шындыктан шегінбеу» деген тұжырымды ұстанды. Свифт Дефоны «сауатсыз жазғыш» деп айыптаған. Стивенсон «Қазына аралында» Робинзонмен қатар тұратын шотландиялық мінез-қылық жасасам деген. Диккенс «Дефо сезімсіз жазушы» деп сынады. Көрнекті сыншы Лесли Стивен де кәте көзқарас болды. Ол Дефоны «Бұл әлі өнер

емес, Дефода «роман өнері» болған емес» деп айыптады. «Робинзон Крузо» Ресейде алғаш рет француз тілінен аударылды. XVIII ғасырдың 60-жылдары Яков Трусов аударған. XIX ғасырдың 40-жылдары ғана ағылшын тілінен тәржімеленді. Л. Толстой «Р. Крузоны» ерекше ынтызарлықпен оқыған. Қандай сын айтылса да, «Робинзо Крузоның бастан кешкендері» – әлем оқырмандарының ең сүйікті кітаптарының бірі. Ағылшын тілінен оны қазақ тіліне қайта аударудың уақыты да келді.

Жазушы Ньюингтон Гринде диссиденттер семинариясында бірге оқыған жолдасы Тимот Крузоның фамилиясын кейіпкер етіп алған. Бұл ағылшын сөзі немістің «крейц» «kreuz» және «крейцен» – to cross не to cruise «крестить – шоқындыру» деген сөзіне жақындау.

Ағылшын реалистік ағартушылық романы бірінші кезеңде шытырман оқиғалы-өмірбаяндық жанрда дамыды. Мұндай роман жазған алғаш Д. Дефо болатын. Лондон саудагері Джеймс Фоның ұлы Даниель қуғын-сүргін көргендіктен, Дефо болып жазады. Дефо – Англиядағы журналистика негізін қалаушы. 1704 жылы ол «Франциядағы істер және артта қалған Еуропаға шолу» деген аптааралық газет шығарды. Ағылшын журналистикасының негізі 1709-10 жылдары Стиль мен Аддисон шығарған «Мылжын» және «Көрермен» журналынан басталады.

1685 жылы жас Дефо Карл II Стюарттың некесіз туған ұлы герцог Монмаут бастаған Яков II корольдың қатал және реакцияшыл саясатына қарсы көтеріліске шығады. Көтеріліс басылып, Монмаут жазаланады, оның жақтастары қуғынға ұшырайды. Дефо қашып кетеді. 1688 жылы үкімет басына Вильгельм Орланский III келіп, даңқты революция басталғанда оған қолдау білдіріп, «Таза қанды ағылшын» өлең-памфлетін арнайды. 1697 жылы «Жоба туралы тәжірибе» еңбегінде жетекші ойларды алға тартты. Ол құдай әйелдерді ерлермен тең жаратқан, олар үй тірлігімен, бала өсірумен айналыса бермей, қоғамда қабілетін көрсетуді қозғады. Ол банк және қамсыздандыру қоғамдары туралы нақтылы ұсыныстар жасады. Пуритандықтарды қудалау туралы жазған мақаласы

үшін ол қанша жасырынса да, 1703 жылы Ньюгейт түрмесіне қамалды. Оны ұстауға 50 млн фунт стерлинг тігілді. Маскаралық бағанасына 3 рет таңылса да, талантты памфлетші сағын сындырмады. Масқара бағананың гимнін жазды. 1703 жылы алаңға шығарғанда, әйелдер оны шок-шок гүлмен көмкеріп, таңылған бағанаға гирлянд әшекейледі. Маскаралық бағанасындағы салтанатты көрген үкімет оны өмірлік түрмеге отырғызудан бас тартып, бостандыққа шығарды.

Д. Дефонның әдеби мұрасы 400-дей. Олар: памфлет, эссе, тарихи-этнографиялық еңбектер, табиғат апаттары туралы шынайы және қиялдан туған дүниелер, саяси шолулар, сатира, роман. Ол I Петр тарихына назар аударып, қайраткерлік қызметінің Англия үшін пайдасы тигенін, швед королі Карл II-нің басқыншылық шабуылынан сақтап қалғанын жазды. 1723 жылғы жазылған кітап аты: «Москваның қазіргі патшасы Петр Алексеевичтің өмір тарихы мен қызметі».

Оның атақты «Робинзон Крузо» және «Моль Флендерстің қуаныштары мен қайғылары» кітаптары данқ әкелгенімен, пайдаға кенелтпеді. Дефо қарыз алушылардан бас сауғалап, жалғыздықта, қайыршылықта көз жұмды. «Робинзон Крузо» саяхаттық роман деп аталады. Бірақ шытырман оқиғалы шығарма емес. Өйткені аралдағы 25 жыл ішінде ешқандай қатерлі оқиға бола қоймаған. Робинзон мен Жұманың дін жөніндегі пікірталастары да пуритандық ілімді анықтауға негізделген. Оған алғашқы үйреткен сөзі «мырза». Бұл сөзімен отарлаушылардың қатыгездігі мен қан төккіш әрекеттеріне қарсылық білдіреді. Романның 1719 жылы I-II-бөлігі, 1720 жылы III-бөлігі шықты.

Романның екінші кітабындағы Ресей туралы тарауда Р. Крузоның Қытайдан өткен сауда керуенін көшпенділер тайпасының өкілі бастап жүргені айтылады. Осында қазақ жері туралы мәліметтер кездеседі. Романда керуенді байтақ жермен бастап барған жолбасшыны ағылшын жазушысы қазақ деп атап көрсетеді. Қытай мен Ресей аралығындағы кең байтақ жер қазақ даласы, демек жолбасшы қазақ болғанын Ш. Сәтбаева дәлелдейді.

Д. Дефоның «Робинзон Крузосына» ұқсас шығармалар бұдан бірнеше ғасыр бұрын болған. XII ғасырдағы араб жазушысы Ибн Бафидің «Тағдыр тоғыстырғандардың бейнесі туралы» шығармасында адамның жалғыз тірлік кешуі сипатталған.

Д. Дефоның бұл романы оқырмандарды ғана емес, қолына қалам ұстағандардың талайының қиялына қозғау салған. Ағылшын детективті жанрының белсенді өкілі У. Коллинз «Робинзон Крузоның бастан кешкендерін» балалық шағынан оқыған. «Ай сәулелі асыл тас» романында кейіпкері Габриэльдің ақылшысы, жанашыры, жарғақ құлағы жастыққа тимей оқитын кітабы «Робинзон Крузо» болуы – жазушыға сүйіспеншілік белгісі. Ол романда Робинзон Крузоның сөздеріне, оқиғаларына жиі оралған. Л.Н. Толстой да бұл романды қызыға оқыған. Өмір бойы қолынан түсірмеген.

Д. Дефоның «Робинзон Крузо» романын алғаш 1843 жылы голланд және ағылшын тілдерінің аудармашысы П.А. Корсаков аударды. Бұл аударма 1904 жылға дейін 3 рет басылды. Ең алғашқы аударма француз тілінен қысқартылып жасалған. Аудармашы – Я.Трусов.

1814 жылы Я. Ланген түпнұсқадан аударды. Алайда бұл аудармалар толық әрі дәл емес еді. 1902 жылы М.А. Шишмарева және З.Н. Журавская аудармасы жарық көрді. 1931 жылы А.А. Франковский түпнұсқамен салыстырып, редакциялап жаңа нұсқасын жасады. Көптеген қысқартуларды қайта қосты. «Робинзон Крузо» романының I томы 1935 жылы, II томы 1936 жылы қазақ тілінде аударылып шықса, 1952 жылы 2-томы біріктіріліп, редакцияланып қайта басылып шықты. 1980 жылы оқырмандарды баурап алған классикалық туынды 4-рет баспадан жарық көрді. Аударған Абдолла Құлыбеков. Аудармада түпнұсқаның стилі үнемі сақтала бермейді. Аудармашының ойдан қосып, өзіндік толықтырылулары мол. Мұның өзі қайта әңгімелену тәсілімен аударылғанын аңғартады. Ағылшыннан орысша аударған М. Шишмарева. Сөйлемде логикалық қайшылықтар, дұрыс құрмаған контекстер де кездеседі. Мысалы: «С этим решением я вошел в лес» деген сөйлем аудармасы «Осы қаулыға келдім де, ақырындап ағаштың ішіне кірдім».

Аудармада бірнеше семантикалық, стилистикалық, логикалық қателіктер бар. Біріншіден, решение қаулы емес – шешім, ендеше тіркес осы шешіммен, бұл оймен т.б. болуы керек. Дұрысы: «Орман ішіне кірдім». Ақырындап аудармашы өз жанынан қосқан сөз. Ағаш-тың ішіне кірдім – қайшылықты ұғым туғызады. Аудармадағы бір ғана қателік шағын сөйлемдегі ойдың логикасын бұзып тұр. Орысшасы: «Когда Пятница расправлялся с пятью беглецами, я вытащил нож и перерезал пути, которыми были стянуты руки и ноги бедного пленника». Қазақшасы: «Қалған бесеуін Жұма жұмыстап жатқанда, мен келіп сорлы тұтқынның қол-аяғындағы тұсауын кестім». Біріншіден, сөйлем орысша мағынаны бере алмаған. Жекелей сөздердің аударылуына келсек, расправлялся – сазайын тартқызып, екіншіден «мен пышағымды суырып алып» деген сөйлем қалып қойған. Үшіншіден, тұсау атқа салынады, адам аяғына бұғау салады не байлайды. Аудармашы орыс тілін жете меңгермеген. Аударма солғын, толық мағынасында шықпаған. Орысша нұсқасымен салыстырғанда мейілінше еркін аударылған.

Аудармада орысшасына үйлеспейтін сөздер, тіркестер, сөйлемдер жеткілікті. Соның бірі «Бүгін жанбыр жауды, ауа жаңырып, бойым салқындады». Орысшасы: «Сегодня шел дождь: он о чем освежил меня и охладил землю». Мұнда жауын соншалықты өзін сергіткен әрі жерді де салқындатқан. Орысшасы: «Теперь про меня можно было буквально сказать, что я своими руками добываю свой хлеб» – «Енді мені ой сабаз-ай, өз нанын өзі тауып жеген жігіт екен деп айтуға болады». Сөйлемнің грамматикалық құрылымы дұрыс емес. Ой сабаз-ай - артық, қажеті жоқ. «Какое игрелище судьбы человеческой жизни» – «Адам тұрмысының тағдыры ойыншық кой». Мұнда тұрмыс емес, өмірі, тағдыр айтылған. Интонациясы дұрыс емес. «Как только прекратились дожди и погода установилась, я начал деятельно готовиться к дальнему плаванию». Қазақшасы: «Жаңбыр басылып, ауа райы жөнделгесін, жолаушы жүруге әзірлене бастадым». Ауа райы жөнделді деп қазақ айтпайды.

Түпнұсқада мұндай бұрмаланған сөйлемдер көп. Мысалы: көп жер ұзап, көп ұзамай-ақ көзден таса болды – они почти скрылись из виду. Қарапайым тіркестер мағыналық жағынан бұрмалаған. Аударманы қорытындыласақ:

1) Аудармашы тек оқиғалар мен сюжеттерді қызықтап, жеке-леген сөйлемдердің мағынасын дәл, сәйкес бермеген.

2) Автор ойын жете түсінбеген әрі орысша жақсы білмегендіктен көптеген қателер кеткен.

3) Орысша сөйлемдер мүлде бұрмаланып, аударылған. Романның көркемдік-стистикалық сапасына елеулі нұқсан келтірген.

4) Аудармашы мәтінде өз жанынан жаңа сөздер, тіркестер, сөйлемдер қосып толықтырған. Бұл – аударма теориясынан хабары жоқтығын, классикалық туындының ерекшелігін білмейтінін байкатады. Жазушының тиянақты оймен тұжырымдалған қалыпты стилін өрескел бұзған. Қызықты сюжеттері оқырманды баурап алғанымен, аударма тілі көркем туындыға мүлде сәйкеспейді.

Аудармашы ана тілін білгенмен, әдеби тілді жетік меңгермеген. Аударманың орысшасымен сәйкеспеуінің бір себебін әдебиеттің қалыптасу кезеңінде тән жағдай деп білеміз. Өйткені әлемдік классиканы жаппай аудару науқан алған кезде, елдегі қоғамдық-саяси жағдайдан, сталиндік жазалау зардабынан талай тәжірибелі, білікті аудармашылардан айырылды. А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, Ж. Аймауытов, М. Дулатов қалыптастырған аудармашылық дәстүр жалғаспай қалды. Бұл кезеңдегі аудармаларды сараласақ, нағыз көркем аударма талаптарына сәйкес келмейді.

Аудармашының өз жанынан қосқанын екі бөлімнің қазақша мәтіндерін салыстырудан көз жеткізе аламыз. Орысша: «Так как в семье я был третьим сыном, то меня не готовили ни к какому ремеслу и голова моя с юных лет было набита всякими бреднями». Всякими бреднями қазақшасы: «қайдағы бір сандырактармен». Аудармасы: «Үй ішінде үшінші бала болғасын, мені ешбір өнерге үйретпеді және өзім де өнер үйренуге ұмтылмадым, өйткені әрнемені бір ойлап, белгілі бір нәрсеге қол

артпай, әуре-сарсанмен басым катып жүрді, бұл маған жасымнан-ақ тап болып еді». (10 б.) Мұнда ремеслео-колөнері. Аудармада өнерден гөрі кәсіп сөз болған. Өнер бірнеше рет қайталанып, тавтология жасалған. Мағынасы үйлеспейді. Орысша: «Через несколько дней от моей решимости не осталось и следя: короче говоря, через несколько недель после моего разговора с отцом я во избежание новых отцовских увещаний решил бежать из дому тайком» (с. 23).

Қазақшасы: «Бірнеше күн өтті, берген уәдеден жанылдым, серттен тайдым, баяғы қиял қайта басты, өтінгенмен рұқсат етпейтіні өзіме мәлім, енді не де болса үй ішіне көрінбей жасырынып қашуға айналдым».

Мәтіндегі ой негізі сақталғанымен, аудармашы сөйлемді өз бетінше түрлендіруге тырысқан. Мұның өзі жатық аударылған сөйлемдерден де байқалады. «Алла» деуге әліміз келген жоқ, қайық төңкеріліп, бәріміз де суға баттық. Сонан соң қайтып бір-бірімізді көре алмадық» сөйлемі орысшасында: «Мы не успели крикнуть «Боже»-как очутились под водой, далеко от шлюпки, и друг от друга». Мұндағы «Құдайым-ай», «Тәңірім-ай!» мағынасындағы сөз орнына «Алла» алынған. Діні, тілі басқа ұлттың бұлай сөйлеуі оқырманды иландырмайды.

Мына нақылдың аударылу сапасын саралайық «Внезапная радость как и скорьб ума лишает»: Аудармасы: «Қуаныш кенет кездесе, қорқыныш сықылды ақылдан адастырады». Скорьб – қайғы, қасірет, қорқыныш – страх. «Қуаныш келсе тосыннан, қайғыдай жанды шошытар» деп аударылғаны дұрыс еді. Аудармашы діни реалиялардан жиі қателеседі. Бұл – дінге атеистік көзқарас ұстанған советтік идеология ықпалы. Мысалы:

«Алла-ай, сонау жерден жиекке қалай жеттім» дедім. Орысшасы: Я сказал себе: «Боже! Каким чудом мог я добраться до берег?». Аудармашы Құдай ұғымын Алла атауымен алмастырған. Бұл мәтіннің көркемдік шындығына күмән келтіреді. Мұндай қателіктерді әр сөйлемнен кездестіреміз. Мағыналық жақындықтан сөйлемдерді сирек те болса таба аламыз.

«Я отлично выспался» – «рахаттанып тұрып ұйықтадым». «Я посвятил этот день строгому посту и молитвам». Бұл күнді тек ораза ұстап, құдайға құлшылық етуге арнадым» т.б.

Д. Дефоның бұл романы ағылшын тілінен қайта аударуды қажет етеді.

Джонатан Свифттің сатиралық дәстүрі (1667-1745)

Ағылшын әдебиетіндегі сатиралық ұлы дәстүр Свифт шығармашылығымен тығыз байланысты. Ағарту дәуірінің бастапқы кезеңінде-ақ жазушы феодализм қалдықтарына қарсы батыл күресті. XVIII ғасырдың ірі сатиригі Свифт әлеуметтік-саяси сарындағы тақырыптарға батыл бет бұрды, оның шығармалары азаматтық, рухтылығымен айрықшаланды. Ол ағылшынның ішкі саясатын, парламенттік жүйесін, отарлық және басқыншылық соғыстарын, діни кикілжіңдер мен тоғышарлықты, мәдениетсіздікті аяусыз сынады. Халықтың еркіндікке қызығушылығын, азаттық күресін қолдады. Свифт сатирасы философиялық-саяси сипатымен өткір. Ол тұспалдау жасаудың шебері. Бейнелеудің тұспалдау тәсілін қолдана отырып, ол бір құбылыстың астарында екінші құбылысты суреттейді, кейде шынайылық шеңберінен шығып кетеді. Ол жасаған фантастикалық бейнелер, суреттеген таңғажайып шытырман оқиғалар мен саяхаттар өмірлік шындыққа жақын.

Дж. Свифт Ирландияда, Дублинде туған. Шығармашылық жолын 1690 жылы бастаған. Оның шығармашылық белсенді жанры – памфлет. Алғашқы памфлеттері 1704 жыл жарияланды («Кітаптар күресі» және «Бөшке ертегілері»). Өзі пастор қызметшісі отбасында туып өскен, діни білім алып, дін жолында жүрсе де, «Бөшке ертегілерінде» дінді өткір сын садағына алды. Оның сатиралық памфлеттерінің терең сырын замандастары жақсы түсінді. Анна патшайым сатирик туындыларымен танысып, оны Лондонға жолатпауға тырысқан. XVIII ғасырдағы ағылшын әдебиетінде памфлеттің жетекші жанрға айналуына Дж.Свифт еңбегі зор. Ол осынау жанрды публицистикалық жанрдан көркем шығармаға сәтті енгізді.

Памфлет дербес көркем-сатиралық және саяси-идеологиялық жанр ретінде дамып, XVIII ғасырдағы ағылшын ағартушы-жазушыларының шығармалары арқылы классикалық түр деңгейіне жетті. Бұған Свифт памфлеттері елеулі ықпал етті. Жазушы 1700 жылдан бастап Ирландияда Ларакор деревнясында тұрды. Лондонмен байланысын үзбеді. Патшайым Анна мен торий министрлері Свифтті өздеріне сыбайлас жасауға әрекеттенді. Оған үкіметтің «Экзэминер» журналын редакциялауды да тапсырды. Джонатан мұны өз еркімен атқарды, бірақ ақшалай сыйақы алудан бас тартты. Тіпті журналда жүріп-ақ үкіметті сынауын тоқтатпады. «Шұға сатушының хаты» атты памфлеті (1724 ж.) жазушының атағын аспанға шығарды. Ирландияда құнсыз мыс бақырдың орнына ағылшын көпесі Вуд оны қаңылтырдан ойып жасамақ болған. Ирландиялықтарды тонап, байыған пайдакүнемнің әрекеті Англияның отарлық саясатын әшкерелеуге таптырмас материал саналады. Памфлет карапайым тілмен жазылған. Ең бастысы шұға сатушы нағыз ұлт патриоты ретінде халықтың кедейшілік жағдайын айтып, мұндай сорақылыққа қарсы күреске шақырады. Жағдайдың шиеленісуінен үрейленген үкімет Свифт памфлетінің нәтижесінде Вудті қаңылтыр тиын жасау құқығынан айырады. Қасиетті Патрик соборының деканы Джонтан Свифт Ирландияның нағыз ұлттық батыры атанады. 1726 жылы Англияға оралған кезде халық оны шіркеу қонырауларын қоныраулатып, құрметтеп қарсы алады. Жанашыр жазушыға қамқорлық жасайды, оны қорғап қолдайды.

Ағарту дәуірінің әдебиетінде «Гулливердің саяхаты» романы маңызды роль атқарады. Жанрлық жағынан әрі памфлет, әрі роман. Гуливер бейнесі барлық оқиғалардың қалың ортасында, баяндаушының образдылық тұтастығында танылады.

«Гулливердің саяхаты» – Англиядағы роман жанрының қалыптасу кезеңіне тән шығарма. Ағарту әдебиетінің бастапқы сатысындағы философиялық-саяси сатиралық роман. Бір карағанда шығарма шытырман-фантастикалық сипаттағы саяхатты суреттейді. Баяндаудағы соны шешімдер, фантастикалық оқиғалар, әр алуан кейіпкерлер оқырманды баурап алады.

Гулливердің саяхаты дүние, әлем туралы адам түсінігін байытады. Романда адамзат білімінің салыстырмалылығы жайлы мәселе қойылған. Ергежейлерді негізге алған жазушы сол кездегі Англияның әлеуметтік қоғамдық құрылымын бейнеледі. Ергежейлердің тәртібі, заңы, әдет-ғұрпы, монархиялық құрылыс, парламенттік партия мен шіркеу арасындағы келіспеушіліктер әжуаланған. Жазушының қоғамдағы әділетсіздікке қарсы үні ащы да айқын, әжуа, сықақ түрінде, айтылады.

Дж. Свифттің «Гулливердің оқиғаларына» француз классигі Ф. Рабленің «Гаргантюа мен Пантагрюэль» романы әсер етті. Сатиралық-фантастикалық жанрадағы бұл кітап авторға айырықша ұнаған. Шығармада «Робизон Крузонын» әсері байқалады. Әсіресе оның саяхаттары мен жалғыздығы жағынан, басқа да оқиғаларынан Гулливер мен Робинзонда ұқсастықтар бар. Роман ағылшын қоғамының өмірі шындығымен ашылған. Англия мен Франция арасындағы 100 жылдық соғыс, католиктер мен протестанттар арасындағы діни кикілжің сатиралық сипатта бейнеленген. Дж. Свифт антикалық әдебиетті жақсы білген. В. Белинский «Гулливердің саяхатын» сол дәуірге тән XVIII ғасырдың ақиқат романы деп бағалады. Сатиралық-фантастикалық роман жанрында Свифттен ешкім аса алмады. Алайда, еліктеушілер де бар. Мысалы, В. Ирвингтің «Нью-Йорктың тарихы», А. Францтың «Пингвиндер аралы», Г. Мелвилдің «Моби Дики», сатиралық тұспалдау түрінде бейнеленген К. Чапектің «Саламандралармен соғыс» романдары. Бұл жолды Вольтер «Задиг» және «Кандид» романдарында жалғастырды. Г. Уэльстің ғылыми-фантастикасы мен С. Батлердің әлеуметтік фантастикасына бағыт берген Свифт романы.

Свифттің шығармалары ағылшын жазушылары арасынан ең алғашқылардың бірі болып XVIII ғасырда орыс оқырмандарын қызықтырды. Дублинде Л.М. Аринштейннің «Ресейдегі Свифттің әдеби даңқы» мақаласы шықты. Ағылшын сатиригінің шығармашылығын жақсы білетін В.С. Муравьев монография жазды. Свифт шығармалары 1730 жылы ең алғаш неміс, француз тілдеріне аударылды. М. Ломоносов «Гулливердің саяхатын» неміс аудармасынан оқыған. «Еңбексүйгіш ара» академиялық

журналында жазушының «Бөшке туралы ертегі» памфлеті аударылды. 1770 жылы «Гулливердің саяхаты» бұрмаланып аударылды. Алғаш француз аудармасынан жасалды. Ең алғаш романды француз, латын тілдерін жетік білетін Е.Н. Коржавин орысша тәржімеледі. Дефонтен француз аудармасы негізінде орысша нұсқасын жасады. Оның аудармасы кейбір көркемдік құндылықтармен ерекшеленеді. Дефонтен аудармасы барынша еркін жасалды, көп өзгерістерге түсті Александр I патшалық кезінде екінші шығарылымынан кейін Коржавин қайта аударды. 1793 жылғы басылымда Свифт өмірбаяны толық берілді. Осылайша XIX ғасырдың басында Свифт Ресейге жақсы танылды. 1810 жылы В. Жуковский «Вестник Европа» журналында Кантемир туралы мақаласында сатира жайлы сөз қозғап, Свифтке арнайы тоқталды. Ақын аудармашы, журналист А.Ф. Воейков алғаш «Мың бір түндегі» теңізші Сандуваттың саяхаттарын ұната келіп, Свифттің «Гулливердің саяхаттарына» айырықша құмартқан. Ол романды балалар ертегісіне ұқсатып, бейімдеп аударды.

Свифт шығармашылығы – ағылшын реализмінің маңызды кезеңі. Күлкілі шығармалардың шебері, атанған ол сатиралық алуан тәсілдермен туындыларын айшықтаған классик суреткер сапында әлем әдебиетінің алдыңғы қатарынан көрінді. Дж. Свифт – ақын, көсемсөзші, жазушы. Джонатан Свифт шығармаларынан қазақ тіліне аударылғаны – «Гулливер лилипуттар арасында» (Аударған І Оспанов), А., 1939, Гулливердің саяхаттары» (Ауд. С.Ищанов) А., 1951. Аудармашы мүмкіндігінше шығарманың мазмұнын жеткізуге тырысканымен, қайта әңгімелеу тәсілімен тәржімелеген. Осыдан барып орыс тіліндегі тіркестер, тиянақты ойлар мен көркем сөйлемдер солғын шыққан. Ара-тұра орысшадағы ойды дәл беруге ұмтылыс бар. Аудармашы жазушының стиліне мән бермеген. Күрделі, құрмалас сөйлемдер тұтастығы сақталмаған, жай сөйлемдерге бөлген. Сәтті аударылған сөйлем сирек. Мысалы: «Я лег на траву, которая была здесь очень низкая и легкая, и заснул так крепко, как не спал никогда в жизни» (161 с.). Қазақшасы: «Мап-майда аласа шөптің үстіне жатып, тәтті ұйқыға шомдым, шы-

нымды айтайын, өмірімде мұндай ұйықтаған емеспін» (21 б.) Көкмайса - мягкая – жұмсақ мағынасында алынған, шөп аласа өскендіктен мап-майда болатыны белгілі. Жұмсақты мап-майдамен ұтымды алмастырған. Аударма еркін жасалған. Заснул – қалғу. Сөйлемдерді аударуда инверсиялық жүйені қолданған. Әрі қысқартып жіберген. Кейбір сөздерді, тіркестерді қалдырып кеткен. Орысша нұсқада: «В то же мгновение я почувствовал, что на мою левую руку посыпались сотни стрел, которые кололи меня, как иголки; после этого как у нас Европе стреляют из мортир..» (162). Аудармада: «Сол минутта оң қолыма жүздеген садақ оғының инедей қадалғанын сездім, оның ізінше екінші дүркіні келіп, тағы қадалды. Бұл рет атылған оқ европалықтардың мортирден атқаны сияқты жоғары атылды». Сол сәтті сол минуттамен алмастырса, орысшасында оң қол емес, сол қол айтылған. Европалықтардың емес, біздің Еуропада болуы керек. Соңғы сөйлемде үш рет атылған, атқаны, атылды етістігі қайталанған. Бұл – тавтология, ұғынықты ойды көмескілеп тұр. Аудармада көп қателіктер бар. Реалиялар дұрыс берілмеген. Аударма сәтті шықпаған.

Сыншыл реализмдегі Р. Стивенсон

Ағылшын әдебиетіндегі сыншыл реализм өкілдері: Роберт Луис (Льюис) Стивенсон, Артур Конан Дойль, Редьярд Киплинг. Р.Л. Стивенсон – неоромантикалық бағыттағы жазушы, ақын, әдеби сыншы. Жазушыны негізінен адамгершілік мәселелері толғандырған. Бұл мәселені шешуде қаламгер романтиктер дәстүріне сүйенген, әсіресе Достоевский шығармашылығының ықпалы байқалып тұрады. Стивенсон роман жанрын шытырман оқиғалы, драмалық және характерлер романы деп үшке бөлген. Стивенсон қаламынан бірнеше шытырман оқиғалы шығармалар жазылды. «Қазына аралы» (1883), «Ұрланғандар» (1886), «Катриона» (1893), «Қара жебе» (1888), «Баллантрэ қожайыны» (1889). «Қара жебе» мен «Баллантрэ қожайыны» кітаптарында автор тарихи деректерді негізге алғанымен, тарихи оқиғалар бар болмысымен суреттелінбеген.

Жазушы тарихтың аясында өткір драмалық оқиғаларды ер-жүрек, батыл адамдар мінез-қылығын бейнелеген. Қайырымдылық пен әділеттілік үшін күресте кейіпкерлер қауіп-қатерге барады, зұлымдық пен қаталдықты қайсарлықпен жеңіп шығады. Кейіпкерлердің романтикалық арманы мен өрлігінің астарында автор адамгершілік құндылықтардың, жоғарғы өнегелік мұраттардың салтанат құруын сипаттайды.

«Сөзбен өмір сүремін». Бұл – жазушының өмірлік мұраты. Бақытты да қуанышты тірлік кешкен Стивенсонның тырнақалды туындысы «Жол туралы» очеркі. 1873 жылы «Портфолио» журналының қарашадағы нөмірінде шықты. Екіншісі – «Оңтүстікке қоныс аударғандар». Алғашқы әңгімесі – «Франсуа Вионның түнгі баспанасы» 1877 жылы жарық көрді. Одан кейінгілері «Шаһризаданың жаңа ертегілері», «Ертегілер» деп аталады. Очерктері жолсапарына, саяхаттарына арналған. Алғашқы сапары Шотландияны аралаудан басталған. Жазушы 1883 жылға дейін 3 кітап шығарғанымен, «Қазына аралын» алғашқы кітабым деп атаған. Кітап автор абыройын асырды. Стивенсонның талантты жазушылық қырын танытты. «Бұл балалар туралы кітап болуы тиіс еді, демек ешқандай психологиялық және стилистикалық сұлулық болмауы керек, әйелдер қатыспады» дейді. Алғаш роман «Теңіз аспазы» деп аталып, «Янг Фолкс» журналында басылды. Роман жанры жөнінде түрлі таластар туды. Алайда сыншылар жасөспірімдерге арналған шытырман әдебиет деп таныды.

Стивенсонның «Қазына аралы» американдық жазушыларды, әдебиетшілерді қатты қызықтырды. Кітап жайлы әркім жақсы лебіздерін білдірді. Мысалы, Генри Джеймс «міне енді ғана бір мезгілде менің Роберт Льюс Стивенсонның таңғаларлық кітабын оқып бітіруіме тура келді. «Қазына аралы» бұл – баяндау. Менің «Қазына аралын» таңғаларлық кітап деп айту себебім, өйткені, авторы оны алдына қойған міндеті үдесінде жетілдіре түскен тәрізді» деп шығарманың көркемдік идеялық ерекшелігін айқындады. Дж. Голсуорси бала кезінен түрлі шытырман оқиғалы саяхат, тарих туралы жазылған кітаптарды қызыға оқығанын айта келіп, «Стивенсон бірінші дәрежелі жазушы» деп мәртебеледі.

Алғашқы тарауларын Англияда, Америкада Давоста жазып бітірді. 1882 жылы Давоспен біржолата қоштасқан қаламгер Шотландияға оралды. Жаймашуақ жазда «Франшардың қазыналары» туындысын жазып тастады. Оның «Қара жебе» тарихи романы оқырмандар ынтасын аударып, жазушылық талантын жарқыратты. «Қазына аралы» «Капитан Джордж Норт» деген бүркеншік есіммен басылды. «Қара жебе» тарихи роман болса, «Қазына аралы» қарақшылар мен алтын іздеушілердің басынан кешкен «қиял ғажайыптары». «Катриона». «Ұрланғандар» романының жалғасы. Әңгімелері мен өлеңдерінде ол халықтық ырым-сенімдерді жаңғыртты. Романдарында қоғамдық және отбасылық тарихты пайдаланды. «Жазушы өзі тұратын аймақты бес саусағындай білуі керек» деді. «Қазына аралы» орыс тіліне аударылған. Стивенсонның тұңғыш шығармасы Англияда жарияланған. Роман 3 жылдан кейін 1886 жылы «Вокруг светаның» орысша қосымшасында жарық көрді. Белгілі баспагер-ағартушы Л.Ф. Пантелеев алғашында жазушының 4 томдық шығармалар жинағын жарияласа, П.А. Сойкин 12 томдық туындыны басып шығарды. 1957 жылы Л. Борисов «Катрион туының астында» атты Стивенсон жайында роман жазды. «Қазына аралы» туралы фильм Ұлы Отан соғысы жылдары шықты.

«Баллантре қожайыны» – сөзсіз ең үздік кітап. Менің ойымша жазушының ойлап тапқаны әлі сонша жеткілікті түрде бағаланбаған тәрізді. «Баллантре қожайыны» – авантюралық романның ерекше үлгісі, ең жоғары дәрежесіндегі ойластырған дүние» деп жазған неміс ғалымы Б. Брехт. Роберт Льюис Стивенсонның «Қазына аралы» романы Вальтер Скоттың «Айвенго», Майн Ридтің «Жұмбақ салт атты» таңғажайып қызықты хикаяларға толы тамаша шығармаларымен әлем әдебиетінің алтын қорына қосылды. Стивенсонның шығармасы Англияда жарияланғаннан 3 жылдан кейін 1886 жылы «Вокруг светаның» қосымшасында жарық көрді. «Қазына аралы» романы әр тілде 10 рет қайталана басылды. Ең жақсы аударма К. Чуковскийдікі. Стивенсон шығармаларынан «Қара жебе», «Қазына аралы» романдары қазақ тіліне аударылды. «Қазына

аралын» алғаш аударған – Абдолла Құлыбеков. Роман 1965 жылға дейін 2 рет басылды. Кейіннен романды Қадыр Дәуітов қайта аударды. Аударма 1982-2002 жылдар аралығында 3 рет басылып шықты. Белгілі әдебиеттанушы, сыншы Т. Жұртбай аудармаға катысты былай тұжырымдайды: «Балалар сусап отырған «Қазына аралын» қайта тәржімалаған журналист-аудармашы Қ. Дәуітов сенімді ақтаған. Түпнұсқаның он екі де бір нұсқасы жоқ, кедір-бұдыр бұрынғы «Қазына аралы» қазір сыдыртып жақсы оқылады». «Аударма» баспасы шығарған романның алғы сөзінде: «Аудармашы Қ. Дәуітовтың аудармасымен шығарылған бұл туынды қазақ әдебиетінің аударма қорына қосылған сүбелі үлес болып саналады» деген пікір бар.

Жазушы: «Егер мен осы шығармамен жеткіншектерге ұнамасам, онда қазіргі кезде шынайы жеткіншектер жоқ деген ойдамын» деп өз мақсатын білдіріпті. «Қазына аралы» қиялдан туған туынды. Р. Стивенсонның айтуынша «Ол сүйікті жарымен еріп келген 13 жасар Ллойд Осборн екеуі тату-тәтті өмір сүріп, ержеткен. Еденде жатып «Теңіз оқиғалары», «Жасырылған қазыналар карталары», «Теңіз қаракшылары» ойындарын ойнаған. Ллойд қарға ұқсас аралға түрлі суреттер салған, қиялы жүйрік қаламгер оны ойда дамытып, сюжеттер жасаған, әр кеште отбасында дауыстап оқып, талқылаған. Автор кітап эпиграфында «Л.О. мырзаға арналады» деп атап көрсеткен.

К. Чуковский аудармасы бойынша А. Құлыбеков қазақшалаған мәтіндерді салыстыра талдасак, кейде мағыналық сәйкестік үнемі сақтала бермейді. Орысшасы: «Стояла холодная зима с долгими трескучими морозами и бурными ветрами. Было ранее январское морозное утро. Бухта поседела от синея» (16 с.)

Қазақшасы: «Қыс өте қатты болды, ұзаққа созылған қақаған аязды, дауылды боранды күндер бітпей тұрып қалды». Қаңтар айының бір күні болатын, таңертең мезгіл, аяз шытынап тұр. Шығанақ маңы қырау бүркеніп алған, аппак. Сөйлем шұбалаңқы боранды күндер тынбады» деп тиянақтау керек еді. Екінші сөйлем тым ұзақ. Бухта шығанақ емес, сонан соң оның қыраудан ағарып тұрғаны анықталған. Аударма мағыналық жақындықта емес. Алдыңғы сөйлемде де күндер туралы айтылмаған.

Ай аты аталуының қажеті де шамалы. Кейіпкерлер тіршілігі теңізбен байланысты болғандықтан, өз кәсібіне бейімдеп сөйлейтінін ескеру керек еді.

– Так всегда с джентельменами удачи. Жизнь у них тяжелая, они рискуют попасть на виселицу, но едят и пьют, как боевые петухи перед боем (с. 69).

Қазақшасы:

– Олжашыл джентельмендердің өмір бойғы көретіндері осы ғой. Оңай күнкөріс жоқ, дар тозағына қай күні ілінер екенбіз деп үнемі қыл үстінде жүреді, ал бірақ енді ішіп жеуге келгенде, төбелесер алдындағы әтештердей, лық тояды шіркіндер (80 б.).

Жизнь у них тяжелая деген тіркестерді антонимдік аудармамен «оңай күнкөріс жоқ» деп берген, сөйлем бөлігінде ұлғайту (генерализация) қолданылған. «Ал лықа тояды шіркіндер» аудармашы ойынан қосылған. Олжашыл джентельмендер – қарақшылардың лақап аты. Алайда оны «жолы болғыш» не «олжалы» деген дұрыс.

XIII тарау орысшасынан «начались мой приключения на суше» делінсе, қазақшада «Менің құрылықта бастан кешкен оқиғаларым қалай басталды». Суша – құрылық емес, құрғақ жер. Осындағы «Пролив был превосходно закрыт со всех сторон. Он терялся среди густых лесов. Леса начинались у самой линий пролива. Берега были плоские. А вдаль амфитеатром поднимались холмы» деген бұғаз суреттемесі бар. «Бұғаз жан жағы тұмшаланған, жабық екен. Айнала қоршаған қалың орманнан бұғаз тіпті көрінбейді. Судың жиегінен-ақ орман басталады. Жағалау жайпақ, жазық жер. Әріректе амфитеатр тәрізденіп, төбе бөктері көрініп тұр». Аудармашы сөздер, тіркестер қосқан. Айнала сөзі тұрған соң, қоршаған етістігін қолдану артық. Жағалаудың жайпақ, жазықтығын нақтылап жеткізген. Одан алыстау тұста жоталардың қатарласып, қатпарлануы сипатталған. Орысшасыда амфитеатр тәрізденіп қырат, жоталардың іркес-тіркес орналасуы сөз болған. Көрінуі айтылмаған. Басы артық ақпараттың қолданылуы кейде дәлдіктен ауытқуға апа-

рады. А. Құлыбеков еркін аударғанымен, түпнұсқадан ауытқыған. Қ. Дәуітов Стивенсон шығармаларының рухын, стильдік мәнерін жете сезінген. Алайда дәлдік баламалық үнемі сақталмаған. Әрине, аудармашының кейбір еркіндігі автордың стилін, интонациясын бұзған. Аудармашы қызықты, шытырман оқиғалы шығарманы көркем тілмен келісті аударған. Стивенсондық жеңіл, ырғақты мәнерлі тілді ана тілінің байлығымен әдемі бейнелеген. «Қазына аралы» романының қазақша аударылуына салыстырмалы талдау жасайық.

К. Чуковский нұсқасында: «Все доктора бездельники, а этот ваш здешний доктор – ну что он понимает в моряхах?» деген капитан сөзін Құлыбеков: «Доктор атаулының бәрі оңбаған. Осы әлгі сіздің доктор бар ғой, моряктар туралы не біледі?» деп аударса, Дәуітов «Доктор атаулы құрлықтан басқа ештеме көрмеген көртышқан емес пе? Ал сіздердің ана докторларыңызды алайық – ол теңізшілер жайында не білуші еді?» деп біреуі докторды оңбағанға теңесе, екіншісі көртышқан деп атаған. Орысшасында арамтамақ, жалқаулар ұтымды берілсе, қазақ аудармасында лексикалық-семантикалық өзгеріс бар. Доктордың Сильверге берген кеңесінің орысшасы: «Ладно, Сильвер,-ответил доктор, – если так, я дам еще один совет: когда отыщете тайник, держите ухо востро». Құлыбеков аудармасы: «Жарайды. Сильвер, солай болса, ізденіз, – деді доктор. Бірақ, менің сізге айтатын тағы бір ақылым бар: қазынаға жақындаған уақытта, дауыстан сақ болыңыздар, – деді». Дәуітовте: «Жарайды, Сильвер олай болса, іздей беріңіздер, – деді доктор. Онда бір айқай естісеңіздер, соған көңіл бөлгейсіз». Екі аудармада орысша мағынасы өзгертілген. Іздесу етістігі қазынаға қатысты айтылған. Дәуітов «соған көңіл бөлгейсіз» деп тәржімалаған. Орысшадағы «я дам вам еще один совет» сөйлемі Құлыбековте аударылған, Дәуітовте кездеспейді. «Держите ухо востро» – жан-жаққа қарау, қауіптену сақтану ұғымында. Қазақы ұғымда «құлақтарың түрік жүрсін».

Орысшасы: «Но сама бухта была длиннее, уже и, по правде говоря скорее напоминала устье реки, чем бухту» сөйлемінің

Құлыбеков аудармасы: «Бірақ бухтаның өзі ұзыншалау, шынын айтқанда, өзеннің құйылысы сықылды». Дәуітов: «Бірақ бұғаздың ұзыны ұзын болғанмен, ені тым тар екен, тіпті шындап келгенде, бұл бұғаз деуден гөрі өзеннің сағасына көбірек ұқсайтын болып шықты». Аудармашының «бухтаны», «бұғаз» деуі қате. Өйткені «бухта» – кеменің тоқтайтын тұрағы, ал «бұғаз» – орысша «пролив». Құлыбековте ықшам да нақты. Длинное – ұзыншалау емес, ұзындау. Ал орысшада бұғаз ені айтылмаған. Бұл ақпаратты аудармашы өзі қосқан.

Орысшада: «Он поднял руку возвысил голос, готовясь вести свой отряд в наступление» сөйлемін Құлыбеков: «Осыны айтып, қолын көтеріп, дауысын күшейтіп, бізге қарсы отрядын бастап шабуыл жасауға әзірленді» деп аударған. Дәуітов аудармасы: «Ол отрядын дайындап, қолын көтеріп, даусын көтере сөйлейді». Екі аудармада қателіктер бар. Құлыбеков «бізге қарсы» және алдыңғы диалогта «осыны айтыпты» тіркестерді қосқан. Ал Дәуітовте отрядты шабуылға дайындағаны түсіп қалған. Мағынаның негізгі бөлігі осы еді.

Капитанның «қара төбет қайда?» деген сұрағына доктор Ливси: «Здесь нет никакого пса, кроме того, что грызет вас изнутри» деп тіл қатады. Құлыбеков: «Сізден басқа бұл жерде ешбір арқадағы төбет жоқ», – деп сөйлем мағынасын түсінбеген. «Арқадағы төбет» қандай мағынада? Автордың ойы – капитанның бір стакан арақ ішсе, тағы ішкісі келе беретін ішімдікқұмарлығы. Мұнда «арқаныздағы төбет» емес, «ішіңіздегі төбет» деп алған жөн еді. Екі аудармашы орысша мағынаны түсінбей, бұрмалаған. Сөйлемнің ішкі мағыналық астарын аңғармаған. Орысшасы: «Слово «ром» и слово «смерть» для вас означают одно и тоже». Дәуітов аудармасы бұл сөйлем: «Ал енді, айтпады деменіз, оллаһи шыным: сіз үшін «ром» деген сөз де бір, «ажал» деген сөз де бір». Аударушы ағылшын халқына үйлеспейтін «оллаһи» сөзін қосқан. Оллаһи – ұлттық колорит, мұнда еш рөл атқармайды. Оның үстіне ол мойындау ұғымында. Құлыбеков аудармасы: «Арақ деген сөз бен өлім деген сөз, сіз үшін бәрі бір сөз». Тавтология да, логикалық

қайшылық та бар. Құлыбеков «метканы» қалдырып, «Қара метка» деп аударса, Дәуітов бұл қателікті түзеп, «Қара таңба» деп берген. Әрине Құлыбеков қателігін баспа редакторы түзетуі тиіс еді. Ол кезде арнайы аударма редакторы болмаған. Романдағы географиялық атаулар, авторлық жанама бұркеншік есімдер А. Құлыбековте бұрмаланып кате аударылса, бұл оқылдықты Қ. Дәуітов түзеген. Мұны арнайы жасаған кестеден байқай аламыз.

Орысшасы	А. Құлыбеков	Қ. Дәуітов
«Бизань-мачта»	«Бизань-мачт»	«Бизань-дінгек»
«Пьяная бухта»	«Пьяный бухта»	«Мастар шығанағы»
«Буксирная голова»	«Буксир Бас»	Тіркеме тау
Тринидад	Тринидада	Тринидад
«Подзорная труба»	«Подзорный труба»	Қарауыл Дүрбі
«Остров Скелета»	«Скелет аралы»	«Қанка аралы»

Сөйлемнің синтаксистік құрылымы өзгергенімен, мағынасы сақталған. «Біздің біреуімізге жолықпақсыз-ау, тегі, – деп сұрады. Әйтеуір жаманат жеткізуден аман шығарсыз?» Келесі диалогта аудармашы осы үдерісті жоғалтып алған. Орысшасы: «Вот именно – ответил незнакомец, размахивая своей треугольной шляпой, чтобы привести в движение душевной лесной воздух и предоставив слушателям решать, и какой части относится его замечание». Қазақшасы: – Тап солай, – деді әлгі кісі қапырық ауаны үшбұрышты шляпасымен желпіп. Бірақ ненің тап солай екенін анықтап айтпады. Аудармашы бейтанысты әлгі кісі деп алған. Сөйлемде семантикалық әрі логикалық қайшылық бар. Біріншіден, қапырық ауаны желпіп емес, қапырық орман ауасын өзіне желпіген қимылды нақтылау қажет еді. Сөйлем соңы ашылмай қалған. Тындаушылардың жасаған қай ескертпелерді лайық көретіні айтылған. Шляпа – қалпақ екенін ескермеген.

Аудармашы мәтіндегі дәлдікті үнемі сақтай бермейді. Мұндай қателіктердің ұшырасуы бір себептен аударманың арнайы редактор қолынан өтпеуінен. Әйтсе де, кейбір төл, төлеу сөздер баламалы. «Ал мен сізбен келісемін не ойыңызды құптаймын» деуден гөрі «дұрыс айтасыз» тіркесі мақұлдап, қостаудың белгісі. Сізбен жіктеу есімдігін қолданбаған. Өйткені рөлдік қатынастағы сыпайылық мәні айтасыз етістігінде тұр. Аудармашы орысшасын қатаң сақтау тұжырымын нық ұстаған. Жекелеген зат, бұйымдардың атауы дұрыс берілмеген. Мысалы, «ганшпуг» деген қару «шоқпар» деп алынған. Ганшпуг – сөздікте сүмбі, ал Дәуітов берген сілтемеде ауыр жүк көтеретін тетік. Ал шоқпар – қазақтарда жорықтарда, соғыста пайдаланған жуан, мықты ағаштан жасалған қару түрі. А. Құлыбеков аудармасында орысшасы сол күйінде қалған. Жаңа аударма теорияға негізделіп, ізденіспен жасалған. Дегенімен, А. Құлыбеков аудармасы кезінде оқырмандар қолынан түспеген кітаптардың бірі. Ал А.Қ. Дәуітов алғашқы аударманың қателіктерін түзеткен. Орысшаға сәйкес жаңа нұсқа жасаған. Екі аударма да өз уақытында оқырман талабын өтеді. Балалардың қызыға оқитын сүйікті кітабына айналды.

Артур Конан Дойль (1859-1930)

А.К. Дойль – фантастикалық, детективті және тарихи романдарымен танымал жазушы, әрі ақын. Оның шытырман оқиғалы детективті повестері мен әңгімелерінің кейіпкері – қылмысты ашушы Шерлок Холмс. Эдгар Поның дәстүрін дамытқан К. Дойль детективті жанрдың жаңа үлгілерін жасады. Суреткер шеберлігі – шығармашылық шешімділігінде, сюжеттік сонылығында, тапқырлығында, ізденушілігінде. Ол кейіпкерді қандай да бір қылмыс құпиясына бірден бойлатпайды. Оқиғаның мәнін, сырын ашу барысында кейіпкерді күрделі де қиын сынақтан өткізеді, шырғалаңға салады. Шерлок Холмс әр оқиғаны көзге елестетеді қиялмен шолады, қылмысты іздеу жолында жанын шүберекке түйеді. Ол – тапқыр әрі байқампаз. Батыл қимыл әрекеттің, өткір ойлардың, ты-

нымсыз ізденістің адамы. Небір шиеленіскен қылмыстардың түйінін шешуде ақыл-ойының тереңдігімен, тосын тәжірибелерімен басым түсіп жатады.

Шерлок Холмс туралы алғашқы повесі «Этюд в багровых тонах». Ысылған, кәнігі қылмыс іздеуші Шерлоктың әркез қасынан табылатын досы доктор Ватсон да оның зерек зердесіне, терең түсінігіне, алғыр ақыл-ойына, тапқыр танымына таңданады. Ватсон жазушының өзі дейді зерттеушілер. Әрине, Шерлок Холмс ойдан, қиялдан жасалған бейне емес. Өмірде болған Джозеф Беллдің шынайы прототипі. Детективті шығарма болғасын, автор кей тұста кейіпкер әрекетіне оқырманды қызықтыру үшін ойқиялымен оқиғаны дамытады. Шерлок Холмс – табанды да қажырлы іс-әрекеттегі қайсар тұлға. Оның ой-мақсаты – шындық пен әділеттіліктің туын көтеру. Шерлоктың жеке болмыс-бітіміне, шындықты іздеу, қылмысты ашу, зерттеу, түпнегізін анықтау, әшкерелеу, қиянат-азап көріп, жәбірленгендер тағдырына ара түсу тән.

А.К. Дойльдің қылмыстық оқиғаларға арналған шығармалары: «Шерлок Холмстың бастан кешкендері» (1891), «Баскервилей – ит атауы», «Шерлок Холмстың оралуы» 1905, «Шерлок Холмстың сот тәжірибесіндегі бір жағдай» (1925), «Шерлок Холмстың архиві» (1927). 1898 жылы «Бригадир Жерардың ерліктері» мен «Стонның туыстары» атты повесі жарияланды. Жазушы Шерлок Холмстың бастан кешкендерін сипаттауды біржолата тоқтатпақ болып, 1893 жылы «Холмстың соңғы ісі» деген әңгіме жазған екен. Алайда оқырман Холмсқа қатты құмартқаны сондай, шытырман хикаяларын жалғастыруды талап етті. Тіпті «Ақырғы әрекет» әңгімесінде талай сұмдық қылмыстық оқиғаларды ұйымдастырушы полковник Джеймс Мориартимен жекпе-жек шығып, Шерлок шыңырауға құлап қаза табады. Оқырмандар жазушының бұл шешіміне қарсы шығады, оның қалайда тірі қалуын қалайды. Жазушы «Ессіз үй» әңгімесінде Уотсон мен Шерлокты көшеде біраз жылдан кейін қайта жолықтырады. Шерлок Мориартимен жекпе-жекте жапонның «баритсу» деген күрес әдісімен күзге құлатып, өзі де оның жолдастарының атқылаған тасынан әзер

кұтылып шыныраудан жартаска өрмелеп түсіп Флоренциядан бірақ шығады. Шерлок Холмстың оқиғаларын үнемі жаза беру жазушыны жалықтырады, сөйтіп ол қызықты мазмұнын біртіндеп жоғалта береді. Оқырманның ықыласы да кеми түседі. К. Чуковский оның бүкіл әлем оқырмандарына бір ғана Шерлок Холмстың авторы ретінде әйгілі болғанын айтып, «Ол ұлы жазушы болған жоқ, оны ағылшын әдебиетінің Свифт, Дефо, Фильдинг, Теккерей, Диккенс тәрізді данышпандармен салыстыруға болмайды» деген қорытындыға келеді.

Алайда «Шерлок Холмстың бастан кешкендері» оқырмандарды керемет баурағаны сондай, оны өмірде тірі көргісі келген талап-тілектер толастамаған. Ақыры автор райынан қайтып, әңгіме сюжетіне өзгеріс енгізуге мәжбүр болады. Әлдебір кездейсоқ жағдаймен ол ажалдан аман қалады.

1887 жылғы Ш.Холмс туралы алғашқы повесін жас дәрігер әдебиетке құмарлығынан емес, ақша үшін жазған. Сондықтан оны «Этюд в багровых тонах» деп атаған. Ол өзінің кейіпкерлерінің ықпалынан шыға алмады. Бір оқиғадан соң бір оқиға қуалап, оның ерлік істерін көрсете берді. Біршама әңгімелерін жазып болған соң, Холмсты өлтіріп, біржолата кейіпкермен қоштасқысы келгенін анасына жазған хатында көрсеткен. Ең соңғы Мориартимен болған айқаста ажал құшқан Шерлоктің оқиғаларын шорт тыйғанымен, оқырман да тыным таптырмады. Американдық пайдакүнем баспагер Шерлок Холмс туралы әр жаңа әңгімесіне 5 мың доллар тігіп, қайта жалғастыруына мәжбүрледі.

1900 жылы К. Дойль әскери дәрігер ретінде ағылшын-бур соғысына қатысады. «Ұлы бур соғысы» атты кітабы соғыстағы британ үкіметінің әрекеттеріне арналған. Отаршылдық езгіге қарсылығын ол «Конгодағы қылмыс» кітабында батыл білдірген. К. Дойль 70 кітаптың авторы. Ғылыми-фантастикалық шығармалары: «Ұрланған белбеу» (1913), «Жоғалған әлем» (1912), Бұлар Г. Уэлстін әңгіме, повестерінің ықпалымен жазылған.

Шерлок Холмс туралы шығармалар жазған кабинеті «қалпына келтірілген» Лондонда мемлекеттік музей бар. Швейцарияда баласы тұрған үйде К.Дойльды еске алатын музей

жұмыс істейді. Шерлок Холмс әсерімен Ж. Сименон комиссар Мегре туралы роман жазса, А. Кристи детективті жанрды жаңаша жалғастырды. «К. Дойль әрқайсысы типке немесе символға айналатын кейіпкерлерді сомдады» дейді ағылшын жазушысы әрі сыншысы Г. Честертон.

Әкесі Джон Джойль – ұсақ католик дінбасы отбасынан өскен, тегі ирландық. Арғы тегі нормандық. Суретші анасы – Марианна Конан төрт баланы: Джеймс, Ричард, Генри, Чарльзды дүниеге келтіріп өмірден өткен. Чарльздың әйелі – Мэри Фолн Артур. Алғашында өзінің жан жолдасы, қызықты оқиғаларды әңгімелеуші кейіпкерді Ормонд Секкер қойсам дейді. Кейіннен өзінің әдеби-ғылыми қоғамдағы досы жас дәрігер Уотсон (Ватсон) еске түседі. Сөйтіп, кітапта доктор Джеймс Уотсон есімі пайда болады. Зерттеушілер пайымдауынша, Уотсон көп жағдайда жазушы келбетіне жақындайды.

Уотсонның прототипі жазушының ұлы куәліндергендей, бұрыннан таныс досы, майор Вуд болған көрінеді. Сом тұлғалы, мұртты «онтүстік теңізде» алған жаракатымен жүрген шымыр денелі адам болған. Африкадағы тонаушылық жорықтарға қатысқан.

Холмс есімін таңдауы да қызық. Алғашқы таңдаған атауы – Шернфорд Холмс. Жазушы ұйғарымынша бұл есім қылмыстық оқиғаларды ашатын кейіпкерге еш үйлеспейді. Оған жақындау болғанымен, дәл, ықшамды есім емес. Автор ұзақ ойланып, іздестіру нәтижесінде ирландық есім Шерлокқа тоқталады. Сөйтіп, Шерлок Холмс есімді әдеби кейіпкер пайда болады. Жазушының сол кездегі ең сүйікті жазушылары Мередит пен Стивенсон. 1891 жылдың соңында доктор А.К. Дойл Шерлок Холмстың небір қауіпті де қатерлі оқиғаларға толы іс-әрекеттері арқылы атағы жайылды. А.К. Дойл – мамандығы дәрігер. Лондондағы дәрігерлік қызметі мандырымды табыс әкелмеді. Оған аурулар көп келе қоймады. Бос уақытының бәрінде кітаптар оқып, әңгіме-очерк жазумен айналысты. Медицина техникумын оқып жүрген кезінде бір күні ақылы-есі кеміс, қиялилау өзіне сабақ берген ұстазы Джозеф Белл есіне түсе кетеді. Ол байқампаз әрі «дедуктивті әдістін» көмегімен

өмірдің өте шиеленіскен күрделі мәселелерін шешуге қабілетті еді. Сөйтіп ұстазын болашақ повесінің бас кейіпкері етіп белгілейді.

А.К. Дойль Швейцарияға шаңғы спортын әкелген жазушы. Ол туралы замандастарының жақсы пікірлері де жеткілікті. «Конан Дойль күшті де сүйкімді тұлға болды» (Патшалық Ресей кезіндегі профессор Ковалев). «К. Дойльға жетерлік адам болған да емес, болмайды да» (Джеймс Барри).

К. Дойль өлең де жазған. Соңында үш том өлеңдер жинағы қалған. Ол американдық атакты жазушы Э. Поның детективті жанрын ағылшын әдебиетінде қалыптастырған Уилли Коллинздің шәкірті. «Бейкер – стрит дәрушісі» атанған Ш. Холмстың қызықты хикаяларын құрастырған, есімі әлемге танымал қаламгер. Кейіннен Ш. Холмстың атына тергеу ісіне көмек сұраған жүздеген хаттар түскен. Бұл Шерлокқа деген оқырман құштарлығы. «Мен математикке ұқсаймын. Мені бір ғана мәселе, қиын есепті дұрыс шешу мәселесі ғана қызықтырады, ол шешімнің адамдарға қалай әсер ететіндігінде шаруам жоқ» – депті жазушы.

«Шерлок Холмс хикаялары» қазақ тілінде 1968 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан. Орышадан аударғандар: Қамқа Орманбаева, Тұрсынбек Кәкішев. Аударма тілі жеңіл, автордың стильдік ерекшеліктері сақталған. Ара-тұра қателіктер де бар. Ақырсы сөзін көп қолданған. «Айналайын, Холмс! Аллам-ай, Элен» деген ұлттық ұғымдағы сөздер кездеседі. Фазан,бутылка т.б. орыс сөздері аударылмаған. Бұл Қ. Орманбаева аудармасына қатысты.

«Голубой корбункол» тақырыбының аудармасы – «Көк гауһар» Холмс пен Райлер арасындағы диалог сәйкестікте берілген. Орысшасы:

- Убирайтесь! – проговорил он.
- Как сэр?... О, да блогословит вас небо!
- Ни слово! Убирайтесь отсюда!

Қазақшасы:

- Жоғалт көзінді!-деді
- Қалай, сэр... О, көсегең көгерсін!

– Жап аузыңды! Өшір қараңды!

«Пестрая лента» аудармасы – «Шұбар лента». Жекелеген сөйлемдердің аудармасын салыстырайық:

Орысшасы:

– Холмс сразу вышел с кровати, чиркнул спичной и яростно хлестнул своей тростью по шнуру.

Қазақшасы:

– Холмс орнынан атып тұрып, сіріңке шағып жіберді де, сабауымен бауды салып кеп жіберді. (119 б.)

Бұл мәтінде сабау сөзі дұрыс алынбаған. Сабаумен жүн сабайды. Мұнда кәдімгі таяқ көрсетілген.

Дегенмен Т. Кәкішев аудармасы тартымды оқылады.

Орысшасын аударуға Н. Войтинская, Н. Емельянинова, Н. Гвоздарева, Д. Лившиц, Т. Рузская, В. Штешель т.б. қатысты.

Редьярд Жозеф Киплинг – жаңашыл жазушы (1865-1936)

Р. Киплинг – неоромантикалық «іс-әрекет әдебиеті» өкілі. Ол Стивенсон мен Конрад сияқты империалистік идеологияны уағыздады. «Үстіне ешқашан күн түспеген» Британ империализмнің құрылысшысы атанды. Киплинг дүниетанымының қарама-қайшылығын А.И. Куприн: «Редьярд Киплинг» атты (1908) мақаласында жазушының әдеби қызметін бағалай келіп, «Киплинг өз отанының әділетсіздігіне де көзін жұма қарайды» деп атап көрсеткен. Киплинг – прозашы, әрі ақын. Бірнеше өлеңдер жинағы шыққан. Әңгімелер жинағы да бар. Көптеген әңгімелерінің оқиғалары Үндістан жерінде өтеді. Өйткені жазушы 1865 жылы суретші отбасында туған, Англияда білім алған. Оның танымал шығармалары: «Джунгли кітабы», «Джунглидің екінші кітабы». Екінші кітапқа да үнді фольклорының бай қоры пайдаланылған. Романдары «Жарық өшті», «Ержүрек капитандар» және «Компания», «Ким».

«Джунгли кітабының басты кейіпкері – қасқыр тәрбиесінде өскен Маугли – батыл да тапқыр бала. Ол айлакер әрі зұлым Шерхан атты жолбарысты, өзінің қамқорлығын көрген достары дана піл Хатхи, аю Балү, кара қабылан Багираның,

көкжал Акеланың көмегімен жеңіп шығады. Аяулы аруға деген сүйіспеншілік сезімі оны андар мекендеген ортадан кетуге мәжбүр етеді. Джунгли тіршілігін біржола тастаған Маугли адамдар арасына оралумен махаббат алауын мәңгілікке жағады. Әйтсе де бөрілер өздерінің түлегінен мүлдем түңілмейді. Жас отбасында дүниеге келген сәбилерін күтімге алып, көмектерін көрсетеді.

Киплинг шығармашылық қадамын газетте репортер қызметінен бастады. Сан түрлі мамандық иелерінен түрлі тағдырмен бетпе-бет жүздесті. Үндістан оны тәрбиеледі, талантын шыңдады. Көптеген философиялық ойлары осында туындады. Ол шығыс пен батыс мәдениетінен қатар сусындады, Үндістан оны музасының шабыт қайнары болып қалды.

Редьярд – саяхатшы, суреткер. Ол көптеген жерлерді аралады, талай тарихи ескерткіштермен, көне әдеби, мәдени мұралармен танысты. Оның алғашқы жолжазба очерктері «Марктың хаттары» деп аталады. Жолжазба мақалалар ағылшын жазушыларының сүйікті жанрларының біріне айналды. Оның «Джунгли кітабынан» бұрын жазған әңгімелері мен очерктері мол таралыммен жарық көрді. 1889 жылы Англияға сапар шеккен Киплинг жол бойы Қытайды, Жапонияны, Гонконгты, Англияны аралады. Бұл кезде ол 24 жаста болатын. Киплинг очерк, әңгіме жанрына белсене араласты. Поэзиясы романтикалық қуатымен, шындықты өткір өзек етуімен ерекшеленді. Ол өлеңді прозалық үлгіге жақындатты. Ақын өлеңдерінің өзегінде адамзаттық өнеге өрнектелді. Оның өлеңдерінің стилі мен мазмұны жанаша, тегеурінді болды. Ағылшын оқырмандары мұндай дүниемен бұрын таныс емес еді. Киплинг – поэтикалық жанашылдық бағытымен ұлттық ақынға айналды. Үкімет оның әдеби шығармашылығын әркез бағалап, сыйлықтарға ұсынғанымен, ол одан бас тартты. Тек академиялық лаврды ғана қабылдады. Жазушының атақтан бас тарту себебі мемлекеттік сыйлықтар алған жағдайда, бір партияға мүше болатын еді. Екіншіден, ол жүйелі университеттік білім алды, академиялық дәрежедегі білімді аңсады. 1907 жылы ол Нобель сыйлығын алды. Редьярд өзінің бақытты өмірін өлеңінде жарқын сезіммен жазып кетті.

Под широким и звездным небом. Выройте могилу и положите меня. Радостно я жил и радостно умер, И охотно лег отдохнуть».

Киплинг бағасын өз заманында алды. 1890 жылы Г. Джеймс Стивенсонға жазған хатында Киплинг «біздің уақытымыздың жұлдызы... керемет бөбек» деп атады. Стивенсон да оны «ертеден көзқарасымен танылған әралуан дарын» деп бағалады. Джордж Мур «Басқалар да әдемі жазды, бірақ ешкім де дәл ондай жомарттықпен жазбады. Ол тілдің бар байлығын пайдаланды» десе, Куприн оның дара стилін құрметтеді, бай лексиконын ерекшелеп, оны Мопассан, Чеховпен қатар қойды.

Уильям Сомерсет Моэм (1874-1965)

Әлем оқырмандарына кеңінен танымал жазушы С. Моэм – көп қырлы талант. Ол драматург, романшы, новеллист және сыншы. Жазушы негізінен реалистік тұжырымдарға сүйенді, алайда оның көркемдік тәсіліне натурализм, неоромантизм, модернизм ықпал етті.

1917 жылы Британ барлау қызметінің тапсырмасымен Россияда жүрді. I-II дүниежүзілік соғысқа қатысты. Кейіннен Британ барлау қызметінің Германиядағы агенті болды. Жазушы өмірді жақсы білу үшін қоғамдық істерге белсене араласуы керек деп ұйғарды. Саяси қызмет оның шығармашылығын карама-қайшылыққа ұрындырды. Ол саясатты өтпелі, көркем шығармаларға қажетсіз деп санады, оның ойынша ең ұзақ өмір сүретін – сұлулық әлемі. Соғыс пен бейбітшілік тақырыбы оның «Жауынгерлік қызметі үшін», «Өткір пышақтар» шығармасында, отарлық мәселе «Макинтош», «Жаңбыр» әңгімелерінде көтерілген. «Көрінбейтін» және «Жауынгерлік қызметі үшін», «Шеппи» пьесаларында I дүниежүзілік соғыс жылдарындағы әлеуметтік тақырыптағы мәселелер қозғалады. Көптеген драмалық шығармаларында уайым, торығу сарыны басым. Буржуазиялық қоғамдағы азғындықты, арамдықты, зұлымдықты әшкерелейді. Моэмнің ең үздік романы – «Адамзаттық құштарлықтың азабы». Өмірбаяндық шынайы тәрбиелік дәстүрде жазылған роман. Т. Драйзер бұл романды айрықша бағалады.

Моэм шығармасы драмалық негізімен ерекшеленеді. Роман-дары: «Ай мен бақыр». «Боянған бетперде», «Театр». Моэм өз заманына тән драматизмді айқын көрсете алған жоқ. Өзінің айтуынша «Ұлы жазушылардың өзінде біз табатын жылылық, кенінен адамгершілік және рухани айқындылық жоқ».

С. Моэм Парижде Британ елшілігінің заң кеңесшісі отбасында туған. 18 жасында Анлияға оралған. Оның үш бауыры зангер болған. Өзі бұл жолға түспеді. «Мен тек жазушы болуды ғана қаладым, бірақ сондай жасқаншақ едім. Бұл уақытқа дейін, яғни 18 жасар жігіттің жақсы отбасында тәрбиеленіп, кәсіби әдебиетші болуы естілмеген жай еді» дейді.

Бастауыш мектеп, Королева мектебін бітірген ол Кембридж университетінде оқудан бас тартады, әулие Фома ауруханасы жанындағы медициналық мектепте оқиды. Жазуды сонда бастайды. Әңгіме, пьеса үшін сюжет жазған. Ол Свифт, Драйден, Филдинг, Диккенс, Достоевский, Л. Толстой, әсіресе Мопассанды ұстаз санады, шығармашылығын қадірледі. 1920-30 жылдары жазған драматургиясы «Шеңбер», «Цезардың қалыңдығы», «Сенімді әйел», «Қасиетті жалын». Ағылшын әдебиетінде шағын әңгіме жазу шебері Диккенс, Стивенсон, Конрад болса, С. Моэм әдебиетте әңгімелермен танылды. С. Моэмнің алғашқы әңгімесі – «Жаңбыр». Британ отаршылдарының жат жерліктерге көрсеткен озбырлығы, тәкаппарлығы, қиянаты көп әңгімелеріне өзек болған.

М. Мағауин С. Моэмнің «Сары», «Қарасу», «Ел шетінде», «Мистер Білгір», «Материал іздеу жолында», «Хат», «Болмашы оқиға», «Оралу» әңгімелерін қазақ тілінде сәтті сөйлеткен. 1964 жылғы Мәскеуден шыққан «После дожди» кітабы негізінде аударған. Орыс тілінен аударғандар М. Беккер, Н. Галь, И. Красногорская, Н. Чернявская. Әңгімелерінде буржуазиялық отбасын, қоғамды өткір әжуалайды. Жекелеген әңгімелерін аударғандар: М. Бижанов «Жазмыштың жетегінде», Ө. Есенбаев «Тұйықтан шығу».

Мағауин аудармада автор стилін сақтаған. Аударма сатылы, орысша нұсқадан жасалды. Аудармашы автордың шығармаларымен терең танысып, оның шығармашылық бағыт-бағ-

дарын айқын аңғарған. Сомерсеттің стилдік-көркемдік құрылымының ерекшелігін бай да бояулы тілімен оқырманға жеткізген. Мәтіннің аудармадағы құндылығы оның түпнұсқаға сәйкестіріліп берілуі болса, бұл жағынан Мағауин шеберлігін танытқан.

Шынайы аударма түпнұсқа мәтінінің баламалық нәтижесіне негізделеді. Аудармада автор стиліне деген барынша дәлдік сақталған. Аудармашы кей сөйлемдегі мәтінге қосалқы қызмет ететін сөздерді сұрыптап, ықшамдаған. Әңгімелердегі табиғат көріністерін, кейіпкерлер портретін, жекелеген көркем детальдарды, психологиялық жағдайларды суреткерлік сезімталдықпен көркем тәржімелеген.

У. Фолкнер: «Моэм Америкада да танымал. Оның алғашқы шығармалары кейінгісінен күштірек, менің ойымша Моэмнің «Томас Манға әлдебір жақындығы бар» деп неміс жазушысымен шығармашылық туыстығын, тіпті оның «Венециядағы өлім» новелласымен «Жаңбыр» әңгімесінің ұқсастығын айтады. Әдебиеттер байланысында мұндай ұқсастықтардың болуы заңды. Мәселе, жазушының сюжетті күрделендіріп, шиеленістіріп, оған жаңа фабулалық сипат беруінде. Алайда мұны бүкіл С. Моэм шығармашылығына таңуға болмайды.

С. Моэм әңгімелерінде махаббат, адамдар арасындағы сыйластық қатынасы, қиын да күрделі тағдыр тартысы, өмірдің алуан сәттеріндегі қым-қуыт күрес, байлық пен бақыттың бәсекесі өткір сюжеттік желіні құрайды. «Шабыт көзі» әңгімесі шығармашылық еңбектің ауыр да азапты қырларын, жазушы әйелдің тіршілік жолындағы ұмтылыстарын әңгімелейді. «Сальваторе», «Луиза» «Санаторий» әңгімелері өмірлік мақсатқа бет бұрған бағытта тағдырға қойылған тосқауыл – адамдардың тіршілікті түсінбеуі, жеке бастың қызығымен айналаға мән бермейтін жайларды баяндауымен ұтымды.

Орысшасы: «Зато в конторе «Рипли, Джойс и Нейлор» царил-а приятная прохлада; после слепящей пыльной улицы тут, казалось, было темно, после неумолчного уличного шума, как – то особенно тихо.

Аударма: Ал «Репли, Джойс және Нейлор» кеңсесінде ауа жанға жайлы қоңыр салқын еді; күн шақырайған шандақ көшемен салыстырғанда қаракөлеңке, сырттағы тынымсыз гүіл, ың-жың үн естілмейді, құлаққа ұрған танадай».

Аудармашы «Как-то особенно тихо» сөйлем бөлігін «Құлаққа ұрған танадай» тұрақты тіркесті баламалы берген.

Орысшасы: «Всегда стоит поставить себя на место другого, и не скрою от вас, что будь я прокурором, я бы обратил особое внимание именно на это.

Қазақшасы: «Қашанда, мәселеге басқа біреудің көзімен қараған теріс емес; шынымды айтайын, егер прокурор мен болсам, осы бір жайға ерекше назар аударар едім».

Аудармашы сөздік қорының байлығымен ана тілінің мүмкіндіктерін жете пайдалануымен орысша мағынасын жақсы жеткізген. «Поставить себя на место другого» сөйлем бөлігі мағыналық жақындықта «мәселеге басқа біреудің көзімен қарау» деп аударылған.

Алайда қателіктер де бар. «И не скрою от вас» деген оқырманға қарата айтылған ойлар түсіп қалған. «Сіздерден жасырып қайтейін», не «сіздерден жасырған болмас» деп баяндауы керек еді. Аудармашы антонимдік аударма жасаған.

Кеңестік кезеңдегі аудармаларға ортақ бір жай шетелдік және жаппай қолданыстағы орыс сөздерінің сол күйінде берілуі. Өйткені, ол кезде олар қазақшаланбады. Сондай-ақ мәтінде кездесетін ағылшын тіліндегі фрау, сэрс, бой, саронг, коктейль, анчоус, гольф, теннис, поккер, виски, мистер, даяк, тайма, леди, баккар ұлттық колорит болғандықтан, ағылшын халқына тән тағам, ойын түрлері және т.б. ақпарат береді. Реалиялардың сақталуы аударманы түпнұсқа табиғатына жақындатып тұр.

Аудармада мынадай орыс сөздері де кездеседі: округ, солдат, ванна, коридор, туфли, смокинг, порт, полк, клуб, иллюстрация, хроника, мода, веранда, костюм, стакан, портвейн, лакей, князь, семья, стол, почта, пакет, номер т.б. Бұлардың сол күйінде сақталуы ол кезде баламасы болмады. Жалпыға бірдей халықтық тілде әрі баспасөзде қолданылды. Аудармашы осыны ескерген.

С. Моэм көптеген елдерде болған. Шығармаларында табиғат көріністерін беруде өзіндік көркемдік тәсілімен дараланады. Бұл оның теңіз суреттерін немесе қыр-даладағы мезгіл, көріністерін бейнелеуінен байқалады. Аудармашы табиғат көріністерін, кейіпкерлер портретін, олардың ішкі сезім сырларын, көңіл-күйі баяндауда жазушылық талантын көрсетеді.

Орысшасы: На закате темно-синее море окрашивалось в цвет красного вина, как море гомеровской Греции, в Лагуне же оно переливалось всеми оттенками, от аквамарина до аметиста, и изумруда; а лучи заходящего солнца на короткое время пределяли ему вид жидкого золота. В море были кораллы всех цветов: коричневые, белые, розовые, красные, фиолетовые. Они были похожи на волшебный сад, а сновавшие в воде, рыбы – на бабочек. Все это напоминало сказку в которой очень хорошо было купаться.

Қазақшасы: Қара көк мұхит күн батар алдында Гомер заманындағы грек теңіздері сияқты, қып-қызыл шарап түстес боп келетін-ді; бұл кезде шығанақ алдымен жасыл, содан соң көк-жасыл түске еніп, асыл тастай жүз құбылатын, ал күн ұясына конған сәтте көшпелі сұйық алтындай, аппақ, қызғылтым, қан қызыл, көкшіл түсті коралл тастары сикырлы бақтар іспеттес, ал ерсілі-қарсылы жүзіп жүрген балықтар көбелектерді еске түсіреді. Осының бәрі ертегі тәрізді-тін.

Орысшасымен қазақшасын салыстырғанда, аударма – баламалы. Орысшада теңіздің сан құбылған түсі асыл тастардың жарқырай құбылуы сұлулық сипатымен мазмұндалса, қазақшасы мағыналық қуаты жағынан пара-пар. Аудармада «Как море», «Гомеровской Грекия» тіркестер тіпті орысшадан әсерлі. Мағауин «Гомер заманындағы грек теңіздері сияқты» деп сәтті аударған. Лагуна атауының түсіп қалғаны болмаса, аударма орысшасымен семантикалық-стистикалық әрі функционалдық балама деңгейінде. Жазушының көркемдік елестетуі мен сезімталдығы ерекше рөл атқарған. Теңіз табиғатының әсемдігі бүкіл сұлулық, көрінісімен, түрлі түске құбылу сипатымен көрінеді. Аудармада мұндай сәтті пейзаждық суреттемелер мол. Әр пейзаждық бейнелеулер көркемдігімен, әсерлігімен ерекшеленеді. Жазушының

биік таланты аударма өнерінде де айқын танылады. Мұндағы дәлме-дәлдік пен баламалық, сәйкестік үлгілері көркем аударманың теориялық ережелерімен жақсы таныстықты әрі аудару шеберлігін де толық көрсетеді.

Орысшасы: Недели превращались в месяцы, прошел год.

Қазақшасы: Күнді күн, айды ай қуып қас қаққанша бір жыл өте шықты.

Аудармашы генерализация (ұлғайту) тәсілін жақсы пайдаланған. Жазушылық ізденісі аудармада да айқындалып тұр. Сөйлемнің эмоциялық-экспрессивтік сипаты да күшті. Апталар деп алмай, күнді күн деп алған. Орысшасы: А дальше повсюду росли кокосовые пальмы, грациозные, тщеславные как женщины.

Қазақшасы: Сымбатты, тәкаппар да асқак он екіде бір гүлі ашылмаған сұлу қыз тәрізді.

Ағылшыннан орысша тікелей аударылғандықтан, кокось пальмасы сымбатты әйелдерге теңестірілген. Сондықтан он екіде гүлі ашылмаған сұлу қыз деп бейнеленуі сөйлемнің ақпараттық нақтылығы мен шынайылығын бұрмалаған. Аудармашы «әйел» туралы айтылғанын аңғармаған. «Он екіде гүлі ашылмаған сұлу қызға» балаған.

Орысшасы: Не девочка, а персик, – сказал Нельсон, судовой приказчик «Моаны».

Қазақшасы: Қыз емес қызыл алма, – деді «Моана» кемесінің приказчигі Нельсон.

Орысша нұсқасында жергілікті жерде өсетін жеміске қызды теңесе, қазақшасында көпшілікке жақсы таныс қызыл алмаға баланған. Аудармашы осылайша прагматикалық балама жасаған. Алайда автор шабдалыға теңеу арқылы өз ұстанымын білдірген.

Орысшасы: Шкипер сунул руку в карман брюк и с трудом – он был толст, а карманы у него были не сбоку а спереди – вытащил большие серебряные часы. Взглянув на них, он перевел взгляд на заходящее солнце.

Қазақшасы: Шкипер шалбарының қалтасына қолын салып, әрең-әрең дегенде, – ол жуантық адам еді және қалта жанында емес, алдында-тын, үлкен күміс сағатын суырды. Уақытты білген соң еңкейіп бара жатқан күнге көз тастады.

Аударма дәлме-дәл, орысшасымен мағыналық стилистикалық баламалы. Дәлдік тыныс белгілеріне дейін нақтыланып тұр.

Шкипер іс-әрекеті орысшасымен сәйкес. Дегенімен сөйлемде қалтасының тарлығынан қолын әрең салғаны айтылса, қазақшасында үлкен күміс сағатын суырып алғанын аңғарамыз. Алайда мұны үлкен кате демесек те, аударушыға байкампаздық аса қажет. М. Мағауин портреттерді, кейіпкерлердің келбет-көркінің ерекшелігін көркемдік елестетумен мейілінше сәйкестікте бере білген. Бұған мысалдарда жеткілікті.

Вальтер Скотт – тарихи романның атасы (1771-1832)

Х. Пирсон В. Скоттың өмір жолын зерттеген. В. Скоттың әкесі – фермердің ұлы – мамандығы адвокат болған. Сөзіне берік, сенімді, кристалдай таза, адал адам болған. Өзінің жанындағылар одан көп айлық алатын болған. Ешқандай қулық-сұмдықты білмеген. Вальтер отбасындағы 9-шы бала, 1771 жылы 15 тамызда туған. Бұл күні бұдан екі жыл бұрын Корсикада Наполеон Бонапарт есімді бала дүниеге келген. Анасы Анна - Эдинбург университетінің медицина профессоры Джон Резерфордтың қызы, қарапайым, ұсақ-түйекке мән бермейтін көпшіл әйел болыпты. Әпкесі Джэннет оған көне балладалар оқып берген. Оң жақ аяғының буын етінің семіп калуынан, өмір бойы ақсаңдап жүрген. Біртіндеп тұруды, жүруді, жүгіруді үйренген. Бес жасынан қызбалығымен танылған. Кішкентайынан тағы бір атасы Роберт Скоттың Сэндинеудегі фермасында балалық шағы өткен. Тивиота мен Твиди жазығы, Эльдон жотасы, Ламмермур, Галла, Этрика, Ярроу жағалауындағы таулар, өзендер де қызықты балалық шағы өткен. Атасы Роберттің Шекспир театрына алып барған сәт мәңгілік есінде қалған, жаңа өмірдің есігін ашқандай әсерде болған.

Кішкентай кезінде шопанмен бірге қой бағуға барған. Бір күні ол фермада ұзақты күн болмай қалады. Әпкесі Джэннет күн күркіреп, жауын басталарда іздеп барса, найзағай әр жарқ еткен сайын «Тағы», «Тағы!» деп алақанын соғып шалқасынан шөпте жатқан Вальтерді көреді. Анасы «Қозым менің» деп еркелеткен.

Алғашқы махаббаты – Джесси. Бірақ ол студент медикке тұрмысқа шыққан. Сүйікті жары Шарлотта Шарпантье француз, ағылшын тәрбиесін алған. Өз фамилиясын ағылшынша Карпендер деп өзгерткен. «Момын, жарқын жүзді» қыз болған. Дауншер әкесінің досы, соның қамқорлығымен өскен. Үйленерде рұқсат сұраған. Скотт ұзақ ашуланбаған. «Ашуға уақыт жұмсауға өмір сондай қысқа» депті. Скотт өзінің даналығын Бернспен қалай салыстыратыны жөнінде Баллантайн қойған сауалға: «Мұнда қандай салыстыру болсын! Мен оның тырнағына да тұрмаймын» деп жауап берген. Әдебиетті ақындықтан бастаған Вальтер сол жылдары Байронның жырда жұлдызы жарқырап тұрғанын біліп, онымен бәсекелесуді жөн көрмеген. Байрон оны ең ашық, ең лайық, ең көзтартарлық тұлға деп білген. «Скотт өзі арқылы соншалықты әдемілікті, соншалықты адамның әдемі болу қажеттігінің үлгісін көрсеткенін дәлелдей аламын. Мен оны білемін, мен онымен кездескенмін» деп жазған. 1823 жылы ұлымен біраз Еуропаның жерін аралаған.

Ол Римде және Гетенің Веймарында болғысы келген. «Фауст» авторы дүниеден өткен хабарды естігенде, қолын бір сілтеп, Отанына жетуге асыққан. «Гетені аяймын! Алайда ол өз Отанында көз жұмды ғой. Абботсфордқа қайтайық!» – депті. Гала жазығына келгенде, Скотт оянып кетіп, мінгірлеп бірнеше жердің атын атаған. Эльдон жотасы алдыдан айқара көрінгенде, ол желпініп кетсе, Абботсфорды көргенде серпіліп, қуаныштан айқайлап жіберген. Дәрігер, Лохкорт, Джон Никольсон күймеден шығып кетпесін деп күшпен басып отырған. Ол өзі салған жеке үйде, ағаштарды көзі қимай қараған. Күшіктері жүгіріп жетіп, қолын жалағысы келгенде еңіреп жіберген. Бір күні бақ ішінде қыдырып келіп, қалғып кетеді де, оянған соң, жазу үстеліне отырғызуды өтінген. Оның қолына қалам берген, бірақ құлаған. Оның мазасызданып әрі асығып-абыржығанын Локхорт айтқан кезде «Қабірде жатамын» деп жауап берген. 1832 жылы 21 қыркүйекте түстен кейін ұлы жүрек өзінің дүрсілін тоқтатты. Ол балаларына өз өлеңдерін оқымаған. Джон Краббтың өлеңін оқып берген. 9 жасар ұлы Чарль әкесіне адамдардың оған көп келетінін, неге таңданатынын сұрағанда, Чарль «Аң аулағанда ол

бірінші болып қоянды байкап қалады» десе керек аңғалдықпен.

Скотт өз өлеңдерін бағаламаған. Қыздары София, Анна, ұлы Чарль. Шотландиялықтардың сүйікті кейіпкері ел мақтанышы Вильям Уоллес – ержүрек жауынгер әрі шотланд халқының ұлттық қаһарманы. Оны шотландтық «Робин Гуд» деп мақтаныш тұтқан. XV ғасырдағы менестрел Соқыр Гарридің «Уоллес» поэмасы тәкаппар Шотландияның енесі түскен шағын бейнелеген. Поэма Р. Бернс пен В. Скотт шығармашылығына айырықша ықпал еткен. «Макферсонның коштасуы» атты халықтық шығармада Робин Гуд қарақшы бейнесінде берілсе, В. Скотт «Айвенгода», «Роб Ройда» Роб Ройды халық азаттығының күрескері бейнесінде сомдаған. Ол жайлы поэмалар мен балладарды пайдаланған.

В. Скоттың шығармашылығы ағылшын әдебиетінің дамуына айрықша ықпал тигізді. Романтизмнен реализмге өту кезеңіндегі әдебиеттің жетістігіне Скотт қосқан үлес зор. Оның романдарының жазылу тәсілі мен стилі – күрделі құбылыс. Ол XVIII ғасырдағы жазушылардың жетістігіне сүйенді. Генри Филдингті өзіне ұстаз тұтты, оның «Том Джонс» романының сюжет желісінен, баяндау тәсілінен көп нәрсе үйренді. Алайда оның шығармашылығы роман жанры дамуының жаңа дәуірінде абырой асқағына аспандады. Көркемдік шеберлік жағынан қаламдастарынан қалыспаған Скотт тарихи туындылардағы тарихилықтың тереңдігімен, роман құрылымын және кейіпкерлер мінез-қылығын анағұрлым жаңа тәсілде жетілдіруімен олардан асып түсті. Сондықтан ол – әлем әдебиетінде тарихи романның негізін қалаушы, зор қадір-құрметке бөленген суреткер. Белинскийдің айтуынша «Скотт – жаңа еуропалық өнерге тарихи және әлеуметтік бағыт» беруші. Әрі әйгілі сыншы бағалауынша «сол замандағы өмірдің құпиясын кемеңгерлікпен болжаушы».

Скоттың ұлылығы мен мықтылығы романшы ретінде тамаша көркемдік шеберлікпен кітаптарында өткеннің оқиғаларын шынайы суреттей білуінде. Әрі оқырманды тарихты үйренуге философиялық түрде шақырады, әрі оқиғаларға тұжырым түюге дағдыландырады. XIX ғасырдың ірі сыншылары мен жазушылары оның романдарын биік бағалады. Пушкин Скотты Шек-

спирмен салыстырды, Белинский «өнер саласындағы Колумб» әрі тарихи романның «Шекспирі мен Гомері» деген пайымдау жасады. Стендаль да айырықша атап өтті. Бальзак оны ұстаз санады. П. Мериме, В. Гюго, Альфред де Вини, О. Бальзак еліктеп, шығармалар жазды.

Скоттың тарихилығы XIX ғасырдағы реалистік романның дамуына айрықша рөл атқарды. Шотландияның Эдинбургінде дүниеге келген Скотты туған елінің өткені, тарихы жас кезінен қызықтырды. Ол алдымен шотланд фольклоры жинады, ел арасынан балладалар мен жырларды жазып алды, тарихи оқиғалар болған жерлерді аралады: Шотландия, Англия және басқа да Еуропа елдерінің тарихын жүйелі түрде оқып зерттеді. Халық шығармашылығы Скотты романтикалық балладалар жазуға шабыттандырды. Жас жазушы Шотландия фольклорынан бөлек Еуропа елдерінің Англия, Германия, Испания, Франция, Италия әдебиеттерімен жақсы танысты. Гетенің драмаларын, Бюргердің балладаларын, Пассоның поэмаларын қызыға оқыды.

1802 жылы Скотт шотланд халықтық жырларының 2 томдығын «Шотланд шекарасының жырлары» деген атпен жарыққа шығарды. Халық поэзиясының бұл ескерткіштері бай тарихи материалдар негізін құрады. Бұдан кейін Скотт 1805-13 жылдар аралығында «Соңғы менестрел жырлары», «Айдын аруы», «Мармион», «Рокби», «Аралдың билеушісі» атты поэмалар жазды. Аталған поэмаларда шындықты бейнелеуде тарихи деректер қамтылуынан бөлек, болжам да, көркем қиял да араласты. Мұның бәрі тарихи романдарға әзірліктің басы болатын.

Өзінің романдарында Скотт маңызды тарихи оқиғаларға тоқталды. Ол әр дәуірдегі әлеуметтік күштердің қақтығысын көрсетті. Адамзат тарихында әлеуметтік тартыстарды Скотттай шебер әрі дәл ашқан жазушы болған емес. Гете: «В. Скотт өзіне ешкімді тендестірмейтін ұлы талант» деп атады. Жазушының ұлылығы халықтық қозғалысты шынайы көрсетумен қатар, айрықша халықтық мінез-қылықтарды табиғи түрде бейнелеуінде. Әр адам тағдыры тарихтың дамуымен бірге қарастырылды. Сонымен бірге суреткер сол кездегі адамдардың тұрмысын, олардың әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін, тари-

хи кезеңдегі тілдік қатынастарын, дәуір мен ұлттың колоритін тамаша бедерледі. Скотт романдары этнографиялық сипатымен де құнды, онда үлкен шеберлікпен соғыс және жанрлық сахналар көрсетілген, кейіпкерлер портреті мен жағдай, олардың іс-әрекеті, табиғат сұлулығы сезімталдықпен суреттелген.

Скотт 29 роман, бірнеше әңгіме, повесть, поэзия жазды. Көптеген романдары Шотландия, Англия, Франция тарихына арналған. Олар «60 жыл бұрын», «Гай Мэннеринг», «Пуритандық», «Антиквариат», «Роб Рой». Англияның өткен тарихы «Айвенго», «Монастырь», «Аббат», «Кенилворд», «Будсток», «Ламмермур қалыңдығы», «Эдинбург» романдарында бейнеленді. Ал «Квентин Дорвард» романы Франциядағы Людовик XI-дің билігі кезіндегі оқиғаларға арналған. Қазақша аударылғандары – «Квентин Дорвард» романы. Орысшадан аударған: М. Мамажанов А., Жазушы: 1987. «Айбынды батыр Айвенго», Ә. Атығаев А., 1981. Бұл роман 1936 жылдан бері үш рет басылып шықты. «Пуритандық» / Аударған Б. Әдетов. А., Аударма, 2008.

«Айвенго» романы 1820 жылы небәрі 3 айда жазылды. Жазушы онымен бірге басқа романын қатар жазды. Романдағы оқиға 1194 жылда, Арыстан жүректі Ричардтің Англияға оралуымен байланысты өрбиді. Елге келген соң інісі Джон екеуі таққа таласады. Сол сияқты корольдік өкіметті, өз билігін сақтап қалуға тырысқан нормандық барондардың, шонжарлардың көтерілісімен күресуіне тура келеді. Шығармада бір мезгілде ұлттардың алауыздығы, саяси қайшылықтар, төменгі топтың әлеуметтік қарсылығы, мемлекеттік жүйенің жоқтығы, бір ұлтқа бірігу қажеттілігі, ортақ тілге ену мәселелері сөз болады.

Қарама-қайшы ортаның күрделі қалпыстарын бейнелеуде автор Шекспир хроникалары мен трагедияларының тәжірибесін кеңінен қолданды. «Айвенгоның» көптеген кейіпкерлері Шекспирдегі белгілі бейнелерді еске түсіреді. Мысалы: принц Джон – қарсыласының әлсіз буынын, қоластындағылардың қателіктерін аңдып, өз мақсатына зұлымдықпен пайдаланатын әккі де сұмпайы Ягоны, Клавдияны, Эдмундты елестетеді. Ал, Ревекканың әкесі қарт Исаактың қызына деген әкелік махаббаты үлкен. Ол өзіне пайдалы істен тартынбайды, бірде бетеге-

ден аласа болып жарамсақтана қалады, бірде табандылық танытып, даналық ойларымен қауіптен құтыла алады. Вамбо болса – өткір ойлы, тапқыр, білгір, зерделі. Оның айтқан нақылдары ой тереңдігімен ерекшеленеді. Тіпті диалогтарда король Ричардпен анағұрлым жоғарғы қатардағы тұлға тәрізді. Мансапқұмар, көрсеқызар Бриан де Буанельбер мен Ревекка арасындағы тартыс аярлық пен ақылдықтың, жауыздық пен адалдықтың күресіне ұқсайды. Ричард бейнесін жасауда автор көптеген халықтық балладаларды пайдаланған. «Айвенго» есімін автор ежелгі жырдан алған. Атақты Хемпдендегі үш поместье жер иелігінің аты: Тринг, Винг, Айвенго.

Ол Шотландия тарихы мен көптомдық «Напалеон Бонопарттың тарихы» атты еңбек жазды. Скотт тарихи туындылары тән тәсіл – тарихи дәлдік. Ол «Айвенго» кітабындағын алғысөзінде романшы тарихты өз уақытындағы адамның көзқарасымен қарастыруы керек деді. Мұны ол бұдан кейінгі шығармасында берік ұстанды. Скоттың әрбір романы оқырмандар алдына маңызды тарихи оқиғалар мен үлкен адамгершілік сезімнің тұтас әлемін ұсынады. Скоттың романшы ретінде жарқын шеберлігі «Роб Рой» мен «Айвенго» романдарында жарқырай танылды. Византия тарихына «Граф Роберт Парижский» романы арналды.

«Айвенго» романына XII ғасырдың соңындағы оқиғалар өзек болған. Англияны мекендеген ағылшын саксондар мен XI ғасырдың соңында оларды басып алған норманн басқыншылары арасындағы күрес кезені қамтылған. Тарихи оқиғалармен қатар крепостной шаруалар мен шонжарлар арасындағы әлеуметтік тартыстар күрделі туындыны толықтырған. Романда кейіпкерлер мол. Ортағасырдағы қанды оқиғалар, күрделі кезең бейнеленген.

В. Белинский В. Скотты «шығармашылықтың ұлы шебері» десе, романдарын «шындықтың айнасы» деп бағалайды. Атақты сыншы «ол өнерге тарихи бағыт берген ғасырдың органы мен жарқын жыршысы» деп біледі. «Данышпан дарын ретінде өзінен кейінгі романшылардың бәрінен жоғары тұрады» деп, романның бұл түрін алғаш жасағанын атап көрсетті. А.С. Пушкин

«В. Скотт шығармаларының кереметтілігін бұрынғы уақытты, тарихи құбылыстарды еш көшірмесіз сенімді, нысаналы бейнелеуінде» деп тұжырымдады.

В. Скотт романдары – әрқайсысы өзінше бір күрделі дүние, ел тарихының көркем мазмұндалған беттері. Автор кейбір оқиға, жағдайды кейіпкерлер диалогымен, кейде авторлық баяндау, сипаттаумен талдап түсіндіреді. Шығармалар ел тарихының маңызды тұстарынан бөлек, сол кезеңдегі ел тұрмысын, мәдениетін, этнографиясын көрсетуімен де құнды. Бенгаль тілінде дүниеге келген алғашқы тарихи сюжеттегі романдардың ең үздіктерінің авторлары «Скотттық» деген ат алды. В. Скотт Үндістанда да ерекше құрметке ие. Ол кезде Үндістанда нағыз тарихи роман жасау мүмкін емес еді. Үнді тарихы жете зерттелінбеген болатын. Үнді тарихи романдарына Скотт кітаптары зор ықпал етті.

Енді «Айвенго» романы аудармасын талдайық.

Орысшасы: Уже не знаю, – угрюмо сказал Гурт, - хорошо ли. Я сделаю, если укажу дорогу к дому моего господина таким людям, которые хотят требовать то, что другие ради получить из милости.

Қазақшасы: Оншасын біле алмадым – деді, – Гурт қабағын түйіп, ал енді берсе қолымнан, бермесе жолынан деп тұрған адамға жөн көрсетуіміз қалай болар екен, сірә.

Аударма орысшасымен мағыналық жақындықта болғанымен, маңызды ақпараттар түсіп қалған. Оншасын сөзі де өзін ақтамайды.

Орысшасы: Наши турецкие пленные в своей неукротимой ярости кажутся страшни самого одинакого, пробыв два месяца у меня в доме под руководством моего смотрителя за не волни-ками, они становились смирными, послушными, услужливыми «даже раболепными» – деген күрделі аралас құрмаласқа құрылған сөйлем аудармасы: Біздің түрік тұтқындарымыздың ызакорлығы долданған уақытта жаратқан жалғыздың қаһарынан да асып түсетін шығар: дегенмен солардың өздері де бір, екі ай біздің жалаңтөстердің теперішін көргеннен кейін бетегеден биік, жусаннан аласа дегендей жуасып, құрдай жорғалап шығады (22 б.).

Біріншіден, оншасы емес, онысын, екіншіден, угрюмо – қабағын түйіп, емес, орысшасында «Хорошо ли, я сделаю» деп нақты әрекет сипатталса қазақшасында «қалай болар екен, сірә» деп күмәнді оймен берілген. «К дому моего господина» мүлде жоқ. Ол – диалогта негізгі ақпараттардың бірі. «Таким людям, которые хотят требовать то, что другие ради получить из милости» – «берсе қолынан, бермесе жолынан деп тұрған адамға» деп тұрақты сөз тіркестерімен сәтті берілген.

Аудармашы тұрақты тіркестер мен идиомаларды ұтымды пайдалаған. Сөйлем мағыналық жағынан орысшасына сәйкес. Ішінара кейбір сөздер, тіркестер сәтті шықпаған. Орысшасында «пробы, два месяца» десе, қазақшалағанда «бір-екі ай» деп мерзім нақтылығы сақталынбайды. «у меня в доме» – «менің үйімде», бұл ақпарат жоқ. «Моего смотрителді» – біздің жалаңтөстер деп жіктеу есімдігін дұрыс қолданбаған. Смотритель – күзетші, қарауыл, ал жалаңтөс сөзі оқырманның бәріне түсінікті емес. Сөйлем соңындағы «становились смиренными, послушными, усужливыми и даже раболепными» – «бетегеден биік, жусаннан аласа дегендей жуасып, құрдай жорғалап шығады» деп бейнелі берілген. Алайда мұндай тәсілге жүгіну автор стилін, тарихи мәтін шынайылығын бұзады.

Қай аудармада да портреттік сипатау, мінездеулерді беру қиын. Бұған авторлық сипаттау, бейнелеумен үйлесімді сөзді дәл табу керек. Седриктің портретінің орысша сипатталуы:

По лицу Седрика была видно, что он человек прямодушный, нетерпеливый и вспыльчивый. Среднего роста, широкоплечий, с длинными руками он отличался крепким телосложением человека, привыкшего переносить суровые лишения на войне или усталость на охоте (58 с.).

Қазақшасы: Седриктің мінезі тезқатар, ашуланшақ кісі екені нұсқасынан көрінеді. Орта бойлы, қақпақ жауырын, кең құлашты, мығым денелі, соғыстың ауыртпалығына да, аңшылықтың шаршап-шалдығуына да төзе беретін мықты адам (28 б.).

Прямодушныйдан басқасы орысшасымен мағыналық баламалықта. «Широкоплечийді, «қақпақ жауырын» десе, «крепким телосложением» – «мығым денелі» мағыналық балама сақталған «тезқатар» – вспыльчивый сөзіне балама ретінде алынған.

Орысшасы: «Обувь его была из тончайшего испанского сафьяна». Қазақшасы: «биязы испан сафьянынан тігілген шекейме етік». Мұнда аяқ киім жалпылама сипатталған, қандай түрі екені нақтыланбаған. Аудармашы шекейме етік түрін қолданған. Мұны әркім түсіне бермейді. Оқырманды қинайтын тұсы осы. Аудармашы реалияны дұрыс бермеген.

Қылжакбас, сайқымазақ Шекспир драмаларында жиі көрінеді. В. Скотт мұны шығармаларында пайдаланған. Вамбаның өзін таныстыруын салыстырып көрейік. Орысшасы:

– Я дурак по праву рождения, – отвечал. Шут зовут меня Вамба, я сын Безмозглого, который был сыном Безголового, а тот, в свой черед, происходил от олдермена.

Қазақшасы:

– Мен шыр етіп жерге түскеннен ақымақ екем, – деді әумесер атымды Вамба қойыпты. Милаудың ұлы болыппын, оның әкесі Басы жоқ екен, ал оның бабасы баяғы зеңгі бабадан тарайтын болса керек.

Аударма мағыналық сәйкестікте шыққанымен, сөйлем соңы шұбалаңқы.

Ровенна портретінің сипатталуы тартымды: Цвет ее кожи отличался ослепительной белизной, а благородные очертания головы и лица были таковы, что исключали мысль о бесцветности, часто сопровождающей красоту слишком белокожих блондинок (68 с.). Портрет қазақшасы: «Оның бетінің ақтығынан ой жанылып, көз таятын, ал бас-бітімі мен бет-нұсқасының әдемілігі көбінесе боп-боздылығымен сұлу саналатын ақшыл арулардың келбетінен мүлдем бөлек болатын» (38 б.).

Портреттік суреттеме орысшасынан солғын шыққан. Бет-нұсқасы тіркесі дұрыс емес. «Басы мен бет жүзі» деп аудару керек еді. Ару көркін сипаттауда аудармашы сезімталдығын, байкампаздығын танытады. Ровеннаның сұлулығын айшықтайтын портреттік сипаттама орысшасы: «Если белизна ее лица и величественная и вместе кроткое выражение голубых глаз». Аудармашы қыздың әдемі жүзі мен жанарының сұлулығын «Сұлудың айдай аппақ жүзі мен аспандай мөлдір көзіндегі алапат пен марапатты көргенде» ұғымында бейнелейді (123 б.). Әрине,

портреттік суреттемеде аудармашы тым әсірелеп жіберген. Кейбір детальдар түсіп қалған.

Тарихи шығармаларда сол замандағы оқиғалар, соғыстар, шайқастар, еңбек, тіршілік әрекеті т.б. мазмұндалады. Оны бұрмалауға, әсірелеуге, не ұлғайтып жеткізуге болмайды. Әр заманның тарихи кезеңінің шындығы сол деңгейде тәржімеленеді.

«Айвенго» романында соғыс суреттері мол. Сондай ұрыстар баяндалатын бір сөйлем орысшасы: Одни лишь маршалы, в полном боевом вооружении, верхом на занованных в панцири и конях, неподвижно, как статуи, стояли у ворот по обоим концам поля (106 с.). Қазақшасы: «Майданның екі жақ шетінде тастан құйған мүсіндей, буырқанған бұрсанған, мұздай темір құрсанған маршалдар ғана қақшиып қалды». Біраз маңызды ақпараттар қамтылмаған. Алғашқысында «ұрыс даласының екі шетіндегі қақпада» делінсе, «майданның» деп аударған. Орыс аудармашысы фронт деп бермеген. Сөз таппағандықтан емес. «Қобыланды батыр» эпосындағы «буырқанған бұрсанған, мұздай темір құрсанған» деген бейнелі жолдарды пайдаланған. Алайда темір сауыттар мен соғыс аттарының жарактануы айтылса, қазақшасында оны маршалдардың киінуімен сипаттаған. Маршалға сілтеме жасалмаған. Оқырман оны жоғарғы әскери дәреже деп ұғынуы мүмкін. Тарихи туындыда басқа бір ұлттың ауыз әдебиеті үлгілерін енгізу автор стилін, ойын бұрмалайды. Әдеби жанрларды аудару теориялық тұрғыдан қалыптаса бастаған кезде аудармашылар реалиялардың діни ұғымдардан жиі қателік жіберген.

Орысшасы: Мой добрый друг (Leucus...) у нас духовных лиц, чтобы дать им лишний случай послужить богу, оказывая помощь его служителям (50 с.).

Қазақшасы: Мейірбан достым ... алланың рахманына ие болу үшін жай пенделер дін иелеріне қызмет етіп, олардың фатихасын алып қалуы керек (20 б.).

Ағылшындар басқа дін ұстанады ескерілмеген. «Алланың рахманына», «фатихасына» сөздерін қолдануы дұрыс емес. Бұл сол кезеңдегі аудармашыларға тән қателік. Коммунистік идеологияның дінді мемлекеттен бөліп тастауы әрі дінге қысым жасауы әдебиетке, аудармаға қатты залалын тигізді.

«Айвенго» романының аудармасы тілінің байлығымен ерекшеленеді. Аудармашы көне сөздерді, тұрақты тіркестерді жиі қолданған. Солардың бірнешеуін атап кетейік: Қасқырлар жәркемдемесе (10 б.). Қанды шелек қаракшылар – дұрысы – қанды шеңгел қаракшылар. Мияу неме, дұрысы: милау неме. Бұлар редактор, корректор тарапынан кеткен қателіктер. Сол сияқты: артықша бешпеш етіп өте беретін, топас қарайтын өлең көз, зербемен талғап алынған, келебіне толтырып, мұғажазаны тартады, шарфтарын бұлғап, шәлісін бұлғап, дәлшіл көз, дәлшілдігін, бұлбұл құстың намысына тиетін мендігерлік шарт, мендікер құл, ақша тапқыштарымның жөдесі, нәуетек, копал Аттелстан, рәтөкпе галерея, мұбарак қол, тұқым-тұғиян (дұрысы тұқиян), о, жүдәлім-ай, қошуақтап ниет көрсеткен, қошуақтай т.б. жергілікті сөз қолданысы бар.

Кейбір жекелеген орыс сөздері; корридор, чулан, кернайшылар (дұрысы-кернейшілер) т.с.с. Адам аттары: Вильгельм Ублюдка – Вильгельм ублюдок, Рыцар Лишенный наследство – Беймұра сері. Мына сілтемені ұғыну қиын. Бекпафиш – тәтті пәреміш, кіріпшеткеден пісірілген нан. Бұл не қылған тарауық ойын-сауық. Француздың түрлі шәлдүрік – шәлдүрігінен, осылайша сембеден кейін т.б.

«Бұл кезде машайық десерлете деседе соғып отыр еді» деген сөйлем орысшасы мағынасынан алшақ, қазақы ұғымға да түсініксіз. Бұл қателер аудармашының тарихи роман жанрының талап-шарттарын білмегендігін көрсетеді. Тарихи туындыда әр сөз, әр деталь оның тарихилығына, шындығына қызмет етеді. Сондықтан, оны бұрмалауға болмайды. Аудармашы осы ерекшелікті ескермеген. Мысалдар келтірейік. Аспандағы күн ұрсын (Джон шаһзада) (142 б.), аттың аруағы көтеріліп кетті. (152 б.).

– Ай досым, қой-сана, енді менің мазамды ала берме! – деді машайық (154 б.).

– Жаратқан жаппар ием, өзі кешірсін (185 б.)

– Сөзіңе кәміл сенемін, сөдеді сері. Сенің бет-нұсқаң адал, жігерлі адамның нұсқасы.(188 б.).

– Сылқым сері – деді оған Ревена, менің кіндік кесіп, кір жуған жерім, өз үйім, өлең төсегім (211 б.)


Байқап отырсақ, аудармашы сөзді кей жерде талғамсыз қолданған. Ағылшын еш уақытта аспандағы күн ұрсын деп айтпайды. Аттың аруағы көтерілуі күлкілі, қой-сана, жаратқан жапар ием, бет-нұсқан адал т.б. тіркестер дұрыс қолданылмаған. Ә. Атығаев қазақ фольклорын жақсы біледі. Мұны аудармадағы эпос жолдарын, тіркестерін қолдануынан бай-катады. «Ну вот, час от часу не легче» сөйлемінің қазақшалануы: «Ал ендеше мұртқа өкпелеп жүргенде, сақал шықты деген осы». Освальдтің сөзін осылай түрлендіру шығарма шындығын бұзады. Мағынасы орысшадан алшақ. Сол сияқты «прикажи выдрать» тіркесі – «жоныңнан қайыс тілдіремін» деп тәржімеленген. Дұрысы – таспа тілу. Осындай керғарлықтар аудармада мол. Сөйлемдердің грамматикалық құрылымдары, синтаксистік жүйесі сақтала бермейді. Мұның бәрі аудармашының теориялық әзірлігінің жетіспеушілігінен. «Я сумею наградить тебя не денгами...» деген Исаак сөзін «сыйға сый, сыраға бал» деген нақыл бар» деп аудару кате. Мақал-мәтелдер, идиомалар, ұлттық колориттер жөнсіз қолданылған. «Со шлемом – этот, тот с копьем спешит» деген «Мына біреу дулығасын қолға өңгеріп, Ана біреу найзасымен ауа тескен» деп аударылған. Паламони, Ариоста өлеңі үзіндісі де лексикалық мағыналық жағынан бұрмаланған.

«Айвенго» аудармасы туралы Т. Жұртбаев: «Кезінде жылы сөз есітпей, елеусіз боп өте шыққан дәмді аудармалардың бірі – Вальтер Скоттың «Айвенгосы» еді. Әбітай Ағытаев ақсақал осы кітап тұсында жаңа қырынан жарқырай ашылған-ды. Аударма өнерінің сыр-қырын үйренем деген талапты жасқа берері мол өнегелі тәржіме» деп бағалайды да, басты кемшіліктері «Шұбалаңқы, тілдік-стильдік жағынан ұғымсыз сөз тіркесі орынсыз тықпалануы», өте жиі кездесетін жүзден астам сөздің бұрмаланып, кате жазылуы» деп көне сөздер баламасы дұрыс берілмеуіне баспаны кінәлайды.

В. Скоттың шығыс тақырыбындағы екі тамаша романының біреуі – «Тұмар». Ол 1189-1192 жылғы үшінші крест жорығы жайлы жазылған. 1825 жылы жазып біткен романда жазушы Еуропа мен орта ғасырдағы араб мәдениетінің қактығысын, шығыс пен батыстың арасындағы шайқасты өткір көрсеткен.

Басты кейіпкерлердің бірі – аты аңызға айналған араб қолбасшысы Саладин. Ол дұшпандарын зор ақылымен, асқан жомарттылығымен жеңеді. Тағы бір кейіпкер шотланд бекзадасының мұрагері Давид, романда ол Кеннет делінгенімен, көп қасиеттерімен ағылшын королі Ричард I арыстан жүректіге ұқсайды.

Романда ортағасыр тарихшылары жазған тарихи еңбектер мен әдеби мұралар – араб, иран-түрік фольклоры, рухани, хадж өлеңдері «Мың бір түн» ертегісі және Фирдоусидің «Шахнамасы» пайдаланылған. Сонымен бірге француз тарихшысы Казначейдің де еңбектері сюжетке енген. «Тұмар» мен «Парм сұлуы» романдары қазақ тіліне түпнұсқадан аударылуы қажет.



III АМЕРИКАН ӘДЕБИЕТІ ЖӘНЕ АУДАРЫЛУ КЕЗЕҢДЕРІ

Американ әдебиетінің даму тарихы

Американ әдебиетінің үлкен даму тарихы бар. Ол әлемдік әдебиетті байытқан, қайталанбас көркем құндылықтар әкелген көптеген жарқын таланттарымен әйгілі. Өзінің даму жолы айқын да қызық. Неміс, орыс, итальян, француз, ағылшын әдебиетінен бір ерекшелігі оның хронологиялық шеңбері ашық көрсетілген. Сонымен бірге ол қоғамдық, саяси, мемлекеттік қызметтегі барлық өзгерістерге орай тәжірибелік сынақтан өткен. Ол ағылшын әдебиетінің отарлау кезеңінен бөлініп шығып, әлемдегі ең ірі әдебиетке айналды.

Америка туралы ағылшын тіліндегі алғашқы кітап – 1588 жылы Оксфорд университетінің профессоры математик Томас Хэрриоттың «Қайта ашылған Виргиния елінің қысқаша әрі шынайы сипаттамасы». Америка әдебиетінің негізгі қалыптасуы XVII саналғанымен, ол көп ғасырлық Еуро немесе Азия, Қытай, Үнді әдеби дәстүрінен ерекшеленеді. Американ әдебиеті Англия әдебиетімен бір кезеңде, яғни ағылшын әдебиетіндегі пуритандық діни ағымның ықпалын бастан өткерді. Яғни ағылшындардың бір бөлігінің Солтүстік Америкаға қоныстануымен тығыз ұштастық тапты. Американдық сөз өнерінің мектебі Англияда басылып шыққан басылымдарға мүлде ұқсамайды. Үш ға-

сырлық даму тарихында әлемдегі ең ірі АҚШ әдебиеті әлі күнге дейін Ұлыбританиямен тығыз байланысты сақтады және сақтап келеді. Американ әдебиеті ірі батысеуропалық француз, ағылшын, неміс, испан, итальян әдебиеті тәрізді ортағасырлық этностық және қайта өрлеу дәуірінің дамуынан кейінгі дәуірде қалыптасты.

XVII-XVIII ғасырда американ халқының қалыптасуына орай бір себептен американ әдебиеті көркемдік сананы дамытуда айқын рөл атқарады. Американ әдебиеті ағылшын әдебиетінің тікелей ықпалымен дамығанымен, түп негізі жергілікті үндістердің ауыз әдебиеті екені белгілі (аңыз, эпсана, ертегі, жырлар). Еуропалықтардың Солтүстік Америкаға аяқ басқанына дейін құрлықта 500-ден астам тайпалар мәдениеті мен үндістер тілі болған. Бірақ жазба әдебиет болмаған. Мұның өзі жергілікті халықтың ауыз әдебиеті бай болғандығын көрсетеді. Әр тайпа өзінің тұрмыс-салтын, кәсібін, табиғатын, құдайға табынуын, тағы басқа жайларды өзек еткен.

XVII ғасырда Солтүстік Америкада ағылшын отарының үш тобы пайда болды. Олардың идеологиялық өмірі әрқилы еді. Солтүстік шіркеу корольдік өкіметтен бөлініп шықты, ондағы рухани өмірде белгілі бір жікшілдік көңіл-күй басым болды. Жаңа Англия отарының негізін қалаушылар көне діни өсиет негізінде жаңа дүние жасағысы келді. Олар жат дінді ұстанушыларға ғана емес, жергілікті үндістерге анағұрлым катал қатынас қалыптастырды. Бұл жердегі әдебиет негізінен теологиялық діни қызметтік шығармалар түрінде дамыды. Қазіргі американдық әдебиеттегі пуритандық ағым бәрінен бұрын жаңа Англиямен тікелей байланыста дамыды. Мұның өзі АҚШ-тың идеологиялық соғыстағы жеңісінен кейін де үстемдік етті.

Орта ғасырлық отарлауда Филадельфия мен Нью-Йорк айналасындағы тұрғындар этникалық құрамы жағынан әрқилы болды. Ұлттық ала-құла идея мен көзқарастар үлкен айырмашылық туғызды. Мұнда Еуропа ағартушыларының көптеген тұжырымдамалары дамыды, ақыры жаңа ағылшындық діни ригоризм мен жанжалға ұрындырды. Күшті діни топ – квакерлер

– барлық діни ағымдарға үлкен шыдамдылық танытып қоймай, үндістердің жойылып кетуіне қарсы тұрды, олармен қатынас орнатуға ұмтылды. Оңтүстікті отарлауда Еуроцентризм Англияға және ағылшын үндістеріне ерекше байланыста өрбіді, дербес әдеби көркем ойдың дамуы жеделдеді.

Америкадағы әдеби үдерістің дамуының тұрақты әрі маңызды бөлігі жергілікті тұрғындар үндістер саналады. Екінші жағынан Американың ұлттық дамуында Африкадан оңтүстіктегі мақта плантацияларын құру үшін әкелген кара құлдар афроамерикандықтар ықпал етті. Көптеген үндістер мен африкалық құлдардың бір ерекшелігі христиан дініне кірді. Африкалық тамырынан, ана тілінен ажыраған олар Құрама Штаттарда музыка және ән негізінде өз мәдениетін қалыптастырды. Ағылшындар Колумбтан 100 жыл кейін Американы ашты, 1585-1587 жылдан кейінгі бірнеше сәтсіз әрекеттің ақыры Джеймстаунға біржолата орнықты.

Ежелгі американ тарихындағы айтулы тұлғалардың бірі – аты аңызға айналған Джон Смит (1580-1631). Ұлттық әдебиеттің басталуы оның есімімен тікелей байланысты. Ол алғашқы тарихи естеліктер жазып қалдырған.

Американ әдебиетінің тарихы мынадай ірі жеті кезеңнен тұрады:

1) XVII-XVIII ғасырлардағы отарлық кезең және тәуелсіздік үшін соғыс дәуірінің әдебиеті.

2) XIX ғасырдың басындағы әдебиет (романтизм басталуы, алғашқы романтизм)

3) XIX ғасырдың орталығындағы әдебиет (романтизмнің соңғы кезеңдері)

4) XIX ғасырдың соңғы үшінші ширегіндегі әдебиет (1865-1898) (реализмнің қалыптасуы)

5) XX ғасырдың басындағы әдебиет (1898-1918) (реализмнің дамуы, модернизмнің қалыптасуы)

6) Екі дүниежүзілік соғыс аралығындағы әдебиеті (1918-1945)

7) Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі әдебиет 1945 және 2000 жылдар аралығы.

Отарлау дәуіріне дейінгі Солтүстік американдық аборигендердің мәдениеті, мифологиясы және фольклоры

АҚШ әдебиетінің тағдырында солтүстік американдық жергілікті халықтардың этникалық мүмкіндігі екі жақты жағдайда сипатталады. Отарлауға дейінгі дәуірде ол американдық мәдениеттің көне негізі болумен бірге, оның дамуының тарихынан бас-тап бүгінгі күнге дейін әр кезеңде жалғастық тапты. Отарлау кезеңіне дейінгі дәуір бағзы заманнан XVII ғасырдың басына дейінгі кезеңдерді қамтиды. Яғни ең алғашқы тұрақты қоныс аударушылардың Еуропадан келуіне дейінгі уақыт. Американы 1492 жылы Колумб ашқаны белгілі. Дегенмен, Жаңа Дүние туралы сипаттамаға дейін де, орта ғасырда, тіпті, оданда бұрын Американы арабтар ашқандығы да айтылып жүр. Бір айқын нәрсе Колумбтың Американы ашуы әлемдік тарихи маңыздағы себеп-салдарларды туғызды.

Ежелгі халықта ұйқассыз өлеңдер, ән үлгісіндегі жырлар болған. Олар там-таммен сүйемелденген. Ең көне әдеби ескерткіш – «Валламолум». Оны XX ғасырдың 20 жылдары жаратылыстанушы К. Рафинеска тапқан. Ол қызыл тізім деген ұғым береді. «Валламолум» өлеңдерінің ырғағы еркін. Мәтінде 87 үндіс көсемінің есімі ұшырасады. Олардың ішінде ерекше аталатыны – Тамененд. Аңыз бойынша ол У. Пенмен бейбітшілік туралы келісім жасаған. Америка революциясы дәуірінде Тамененд бейнесі Американы бағындырушы, Таммани-холл саяси партиясының басшысы әулие Таммани бейнесіне айналдырылды. XIX ғасырда Ф. Купер бейнелеген «Могиканның соңғы тұяғындағы» Таменунд – осы көсем бейнесі.

Алғашқы шыққан кітаптар «Виргиния картасы» (1612), «Жаңа Англияны сипаттау» (1616), «Виргиниялық, Жаңа аңғлиялық және Соммерс аралының жаңа тарихы» (1624) т.б. Пуриандық әдебиет өкілдері: Э. Уинслоу (1595-1655) У. Брэдфорд. Уильям Брэдфордтың «Плимуттағы қоныстанушылар» кітабы – жікшілдер өмірі туралы басты тарихи құжат. Пуриандық әдебиет өкілі Томас Мортонның «Жаңа ағылшындық Хананы» діни кітап. Джон Уинтроп (1588-1649) конгрегациона-

лист идеологы 1630-49 жылдар оқиғалары туралы «Жаңа Англияның тарихы» кітабын жазды. Табиғи және азаматтық еркіндік туралы ой айтты. Томас Шепардтың «Автобиографиясы» (1640) әкесінің ұлына жазып қалдырған өсиеті, басты тақырыбы әкенің құдайға құлшылығы. Американы ежелден қоныстанушы үндістерге яғни отарлаушылар қатынасы. Мэри Роуландсонның «Өкімет пен Құдай қайырымдылығының көрінуі және оның уәделеріне сенімділік» кітабында көрсетілген. Үндістерге тұтқынға түскен жазушы, өзінің басынан өткен жағдайларын жазған. Отарлаушылар идеологиясының негізін қалаушы Уильям Пенн (1644-1718). Жоғары дәрежелі, жоғары білімді ағылшын,көптеген трактаттар мен памфлеттер, жазбалар қалдырды. Джон Локктың досы. Ол үндістердің өмірін, тарихын зерттеп, тілін үйренген.

XVII-XVIII ғасырдың басым бөлігінде Жаңа Англияда пуритандық идеология мен этика басқа аймақтардан гөрі ертерек қалыптасқан. Әлеуметтік және мәдени қауымдастықтың негізіне айналды. Адамның Құдайға деген қатынасы, оған адамның қалай қызмет етуі пуритандық әдебиетте насихатталды. Пуритандық идеологтар өнерге сенімсіздікпен қарады,оның құндылығын бағаламады. Өнерді олар тек еліктіруші, арбаушы деп білді. Олар өнерді өмірден ығыстыруға қанша тырысқанымен, максатына жете алмады. Алайда көркем шығарманы діннің ықпалына толық бағындыра алды. Өнер діни тәрбие мен дінге қызметті ақиқаттардан таратудың қосалқы құралы болып қалды. Пуритандықтардың көркем шығармаға деген рухани қадамы таза пайдакүнемдік сипат алды. Жаңа Англиядағы әдебиетте құдайға құлшылық ету, ақыл-ойды ағарту, жандүниені тазарту өмірлік танымдық мақсатқа айналды. Теологиялық әдебиет өзінің көпүлгілі жанрымен ерекшеленді.

Өздері басты құралы сөзге сүйенген пуритандық авторлар оған образдық жүйені негіз етті, жоғарғы сезімталдық пен тілдің бейнелеу мүмкіндігін пайдалана білді. Олар шығармаларында даналық сөздер мен шешендік өнерді, бейнелі сөйлеу тілі мен әдеби көркем сөз үлгілерін белсенді түрде қолданды. Отарлаудың бастапқы кезеңінің тамаша ескерткіші Уильям Брэдфордтың

«Плимуттағы қоныстанушылардың тарихы» болып табылады (1590-1657). Жаңа Англияның ерте пуритандық кезеңінің ірі өкілі Джон Уинтроп (1588-1649), «Христиандық қайырымдылық үлгілері», «Мейфлауэр келісімі» еңбектерін жазды.

Ағылшындардың алғашқы отары Виргиния болды. 1620 жылы «Мамыр гүлі» кемесі алғашқы отарлаушы пуритандықтарды жеткізді. Олар Бостонға таяу Жаңа Плимутта қоныстанды. Кейіннен Нью Гемпшир, Массачусетс, Род-Айлендтегі пуритандықтар Жаңа Англияны құрды. Жаңа жер шолғыншыларын пионер деп атаған. Олар Кембридже Гарвард университетін құрды. Массэчусетсте ақысыз мектептер ашты. Мектеп пен университеттегі сабақтар шіркеудің бақылауында, діннің үстемдігінде болды. Пуритан зиялылары мұғалім, профессор, жазушы, кәсіби шіркеу қызметкерлерінен құралды. Олар дінді отарлау саясатының бір бөлігі деп қарады. Жазушылар мен уағыздаушылар дінді насихаттады. Әрбір үйде Інжілді оқу дағдыға айналды. XVII ғасырда американдық пуритандық әдебиет діни уағыздар мен памфлеттерді, құдайға құлшылық кітаптарын басып шығарды. Пуритандар – ағылшындық діни және саяси реформаторлар. Жаңа Англия – қазіргі Мэн, Вермонт, Нью-Гемпшир, Массэчусетс, Род-Айленд, Коннектикутті қамтыған, ертеден өндірісі дамыған, рухани өмірімен бай аудан.

Роджер Уильямс – (1603-1683) көрнекті ойшыл, саяси қайраткер. Үндістерді қорғап, оларды туыс санап, ағылшындарға шендестіру жасап өлең жазды. Пуритандық үстемдік оларды тек бір ғана қызметке – үйрету мен насихатқа бағыттады. Бенджамин Томпсон “Жаңа ағылшындық дағдарыс” (1676) сатиралық кітабында мұхиттан тысқары жердегі отарлаудың нағыз суреттемесін береді. Майкл Уигглсуорт шығармаларында «Айыптау күні» пуритандық қағидаларды әшкереледі. Шығарма оқырмандарға өзіндік сипаттағы идеялық сенім орнықтырды. Поэма отарлаған елде 1800 данамен таралды. Бұл – сол кезеңдегі ең үлкен көрсеткіш.

Отарлау кезеңі әдебиетінің ірі өкілі Анна Брэдстрит (1612-1672). Ол «Оныншы муза» кітабымен әйгілі. Эдвард Тэй-

лор – американ отарлау әдебиетіне поэмаларымен әйгілі талант (1692-1729). Ол ХХ ғасырдың ортасында ғана бағаланды. Көзі тірісінде өлеңдері жарияланбады. Ол жазғандарын басып шығаруға да ұмтылмады. 1937 жылы “Нью Игтленд пуртерли” журналы оның өлеңдер топтамасы мен поэмасының үзіндісін жариялаған соң, Тэйлордың поэзиялық мұрасының тағдыры ғажайып үлгіде өзгерді. 1981 жылы үш томдық кітап шықты. Оның «Күнделігі» зерттеушілердің қызығушылығын арттырды. Өлеңдері көбінесе діни бағытта жазылған. Атақты «Медитация» кітабы – Құдайға арналған монологтар тізбегі.

Орта ғасырлық отарлау әдебиетінің алғашқы жазба ескерткіштері (Нью-Йорк, Нью-Джерси, Пенсильвания, Делавэр) діни сипатта жазылды. Оның тәжірибелік міндеті – қоныс аударушыларды өзіне тарту еді. «Нью Йорктің қысқаша сипаттамасы» деген алғашқы еңбек авторы бай жер иеленуші Дениэл Дентон болды. Ол ағылшындардың голландықтардан отар жерді тартып алуынан соң 6 жылдан кейін жазылды. Пенсильванияның негізін қалауға арналған еңбек жазған У. Пеннің 157 шығармасы жарияланды. Бірақ біразы ғана американдықтарға арналды. Нью Йорктің вице-губернаторы Кэдуолладер Колден (1688-1776) – бірнеше ғылым меңгерген талант. Ең атақты шығармасы “Бес үндіс тайпаларының тарихы”.

XVII ғасырдың ортасында американ әдебиетінде көсемсөз дамыды. Оңтүстікке қоныстанушылар әдебиетінде Роберт Беверлидің «Виргинияның тарихы мен қазіргі жағдайы» деген кітабы үлкен рөл атқарды. У. Смиттің «Алғашқы ашылымның тарихы және Виргинияға қоныстану» кітабында 1607-1624 жылдардағы отарлау саясаты қамтылды.

XVIII ғасыр әдебиеті. Бұл кезеңде Тәуелсіздік үшін соғыс (1775-1783) американ отаршылдарының Англияға қарсы соғысы, азаматтық соғысы (1861-1865), одақта қалған АҚШ-тың солтүстік штаттарымен және одан шығып конфедерация құрған оңтүстік штаттармен соғысы болды. Бұл соғыс солтүстіктердің құлдықты жойып, одақты сақтап қалуымен аяқталды. Тәуелсіздік үшін соғысқа елді бастаған американдық ағартушылар еуропалық ақыл-ой дамыған ғасырдың алыптарын жақсы білуге, әсіресе

ағылшын философтары Гоббе мен Джон Локктың еңбегімен танысуға құлшынды. Томас Джефферсон Монтескье мен Локктың еңбегін терең меңгерді. Басқа да американ ағартушылары еуропалық идеяларымен жақсы танысты. Бенджамин Франклин, Томас Джефферсон, Томас Пейн ағартушылық ілімді дамытуға айрықша үлес қосты. Олар оны түп негізімен жаңа ойлармен байытты. XVIII ғасырдың соңындағы саяси, идеологиялық және мәдени салалардың бәрінде де еуропалық философиялық ойлар айқын ықпал етті. Тәуелсіздік үшін соғыс Солтүстіктегі ағылшын отарларын АҚШ-қа біріктірді. Әдеби қатынаста бірлікке бірден қол жеткізген жоқ. Дәл осы аймақта діни прозалық және поэзиялық шығармалардың алғашқы негізі қаланды. Американ романының негізін салушылар: Чарльз Бронден Браун және Жью Генри Брэккендридж, ақындар Филип Френо мен Джон Барлоу өлең жазумен шектеліп қоймай, драмалық туындыларымен театрдың дамуына ықпал етті.

Африкалық құлдар мен үндістер арасында оқитын, жазатын адам болмағанымен, XVIII ғасырда әдебиетке негр ақын қыз Филис Уиттли мен ақын, уағызшы әнұран және діни әндер авторы Джулиттер Хэммен өз қолтаңбасын қалдырды. 1787 жылы Джон Барлоу “Колумбтың көріпкелдігі” атты поэма жазды. Егерде XVII ғасыр әдебиеті діни ақиқаттарды жеткізу құралы болса, XVIII ғасыр әдебиеті ұлттық, қоғамдық, саяси мемлекеттік міндеттерді шешу қызметін атқарды, рухани қызметтің дербес саласы болып жанарды. XVIII ғасырдағы американдық ағартудың басты бағыттарын зерттеген Генри Мэй “Америкадағы ағарту” кітабын жазды.

XVIII ғасырдың 1-ші жартысындағы әдебиет. Джонатон Эдвардс – XVIII ғасырдағы американ әдебиеті мен мәдениетіндегі айтулы тұлға. Оның шығармашылығында пуритандық ой және Жаңа Англияның діни философиялық прозасындағы пуритандық дәстүр өзінің ең шарықтаған деңгейіне жетті. Ол “Жігер еркіндігі”, “Күнәһарлар”, “Жеке сипаттама” т.б. еңбектердің авторы.

Бенджамин Франклин (1706 – 1790) Бостонда қолөнершілер отбасында дүниеге келген. 17 ұл-қыз өсірген отбасынан шыққан. Алғашқы еңбегі «Сайленде Дугуд» очерктер топтамасы. Өз

елінің азаматы, патриоты, мемлекеттік қайраткер, шебер саясатшы, американдық алғашқы классикалық шығарма авторы. Елдегі қоғамдық ойдың дамуына зор үлес қосты. Үндістер мен негрлер өміріне шығарма арнады. “Автобиография” – бірінші америкалық классикалық шығарма. Дэвид Юм Б.Франклинді «Американың бірінші ұлы әдебиетшісі» деп атады. Американың британ отарындағы 1-ші баспа станогы 1638 жылы Кембриджде қойылды. Америкадағы ағылшын тіліндегі алғашқы мәтін – «Азат адамның анты», Массэчусетстің 20 жастан жоғарғы әрбір тұрғыны қол қойған отарлаған елдің толық азаматы болу үшін жазылған құжат. 1639 жылы «Жаңа ағылшындық альманах» басылса, пуритан баспасөз мәдениетінде 1683 жылы шыққан «Жаңа американдық әліппе» жарқын құжат саналады.

Революциялық дәуір әдебиеті. Америка публицистикасының отарлау дәуіріндегі гүлденуі XVIII ғасырдың екінші жартысына жатады. Ұлттық сана-сезім қалыптасқан әрі американдықтардың тәуелсіздігі үшін күрес дәуірі еді. Осы жылдары американдық публицистикада ең кең таралған дәстүрлі эпистолярлық жанр «хат» болды. Оның ең белгілі үлгісі – Дж. Дикинсонның «Пенсильван фермерінің хаты». Ол 1767 жылы желтоқсаннан 1768 жылғы ақпанға дейін «Пенсильвания кроникл» газетінде басылды. Көсемсөз шеберлері Патрик Генри, Джеймс Отис, Сэмюэл Адамс.

Томас Джефферсон – Тәуелсіздік Декларациясының авторы, АҚШ-тың үшінші президенті. Дж. Вашингтон, Дж. Адамс, А. Гамильтон, Дж. Мэдисон, Б. Франклинмен қатар ұлы мемлекеттің «негізін қалаушы – әкесі» құрметті мәртебесіне ие. Виргинияда ықпалды плантатор отбасында туған (1743-1826). «Монтчеллодағы» усадьбасындағы үйін Виргиния университеті негізін қалауға пайдаланған сәулеттік ансамбль жобасының авторы. Жақсы музыкант, палеонтология, геология, этнография, лингвистика саласында зерттеу жасады. Ғылыммен айналысты. Бау-бақша өсірумен шұғылданды, саяжай шаруашылығына құмартты. 1801-1809 жылғы АҚШ президенті. Американдық зерттеуші Д. Мейер Джефферсонды «американдық ұлттық дүниетанымды жеткізуші» деп атады.

Томас Пейн (1737-1809) – Тәуелсіздік үшін соғысқа қатысушы, саясаткер және көсемсөзші. Құрама Штаттар «негізін қалаушы әкелерімен» бірге ұлттық тарихқа енді. Америкаға есейген жаста құл болып келген, жүйелі білім алмаған.

Революциялық поэзия. Американдық фольклорлық дәстүрі. 1763-83 жылғы төңкерісте көптеген кәсіби және белгілі ақындар поэзияға бет бұрды. Олар: Томас Пейн, Джон Дикинсон, Френсис Хопкинсон, Дэвид Хамфрис, Филип Френо, Джоэл Барлоу. XVIII ғасырдың 20 жылдары ғасырлық ағылшын тіліндегі фольклорлық дәстүрге сүйенді. Революциялық кезең әдебиетінде ірі таланттар шықпады. Бірақ патриот ақындар шоғыры көбейді. Натаниэль Найлз, Дж Ледд, Анна Сьюард, Сэмюэль Лоу, Перси Отис. Классцизм рухында жазған Хопкинсон анағұрлым табысқа жетті. Т. Пеиннің «Азаттық ағашы» өлеңі фольклорлық негізде туды. АҚШ ұлттық поэзиясының түп негізін қалаушы – Ф. Френо. Көзі тірісінде 5 кітабы шықты.

«Хартфордтық өткір ойлылар». Олар Тамоти Дуайт, Джон Трамбулл, Джоэл Барлоу – американдық үйірменің мүшелері Хартфордтық әдебиетшілерді «өткір ойлылар» деп атау себебі, көптеген шығармаларында сатиралық нышандар бар.

XVIII ғасырдағы американдық алғашқы роман. 1789 жылы Бостонда кейіннен барып «бірінші американдық роман» аталған Уильям Хилл Браунның «Аяушылық күші» романы жарық көрді. Жарық көргенімен ең танымалы Сусанна Роусонның «Шарлотта Темпл» романы. Браунның басқа да романдары: «Виланд» (1798), «Ормонда» (1709), «Эдгар Хантли» (1799).

Хью Генри Брэккенридж – Шотландияда туған. Ата-анасы кальвинистер, 5 жасында АҚШ-қа келген. Оның Френомен бірігіп жазған романы «Бомбо әкейдің Меккеге құлшылығы», «Американың шарықтаған даңқы» поэмасы 1771 жылы жарияланды. «Қазіргі заман ерсерілігі» романымен америка әдебиетінің тарихына енді. Кітапты құрастыруда жазушы XVIII ғасырдағы ағылшын романдарының үздік мұраларына сүйенді. Жазушы өз романын сатиралық деп атады, саяхатты сипаттауға құрды. Чарльз Бронден Браунның алғашқы эсселер жинағы «Ражодист»

деген жалпы атаумен аталған. XVIII ғасырда драматургиялық шығармалар, әдеби сын қалыптасты. Театр құрылды.

Романтизм. XIX ғасырдың орта тұсы романтизмнің аяқталу кезеңі ұлттық сөз өнеріндегі жемісті жылдар саналды, көрнекті американдық зертеушісі Ф.О. Матисеннің бағалауынша «американдық Ренессанс» аталады. Бұл кезеңде поэзияда Генри Лонгфелло, Джеймс Уиттър және прозада Н.Готорн мен Г.Мелвилль жарқын қолтаңба қалдырды. Құлдыққа қарсы азаматтық үнін асқақтатқан Лонгфелло, Уиттър, Брайант шығармалары американдық әдеби ортада айрықша қолдау тауғызды. Гарриет Бичер Стоудың «Том ағайдың лашығы» шығармасы үлкен құрметке бөленді. Әлемдік әдебиеттегі ең бірінші бестселлер болумен бірге, американдықтарды кара құлдардың тағдырына назар аудартты. Кітап Еуропа тілдеріне аударылды. Алғаш рет әдебиетте құлдық, қанау тақырыбы терең әрі әсерлі суреттелді. Қоғамдық өмірдің дағдарыстық құбылысына барынша терең бойлауымен, жоғары адамгершілік атауымен ерекшеленді. Еуропалық және үндістік фольклорға зер салған Г.У. Лонгфелло поэзиядағы айтулы тұлғаға айналды. Американдық мәдени мұралар катпарындағы жергілікті тұрғындар мәдениетін танытудағы маңыздылығымен ерекшеленген шығарма үндіс мәдени ескерткіші болып қалды.

Американың романтикалық поэзиясын шырқауға шарықтатуға Э. По жаңа эстетикалық түр жасаумен бірге, айрықша метафоралығымен айқындалатын өз жырларымен француз және орыс ақындарына кең көкжиек ашты. Өзіндік үлгідегі готтық әңгімелер авторы, өткір сюжетті, қызықты, оның ішінде детективті әңгімелер мен новеллистика жанрын дамытты. Детектив жанрының тамаша шебері Э. По тек бұқаралық әдебиетке ғана бағдар болып қалмады. Америкадағы өткір сюжетті беллетристиканы жаңа жанрда жасау арқылы еуропалық әдебиетте жалғастық табуына жол ашты. Американдық новеллистикадағы баяндау мектебін Н. Готорн қалыптастырды. Оның атақты «Алқызыл әріп» романында пуритандық төзімсіздікке қарсы бүлік, шіркеу үстемдігін және этикалық тәуелсіздігін сақтап қалуға ұмтылыс жарқын бейнеленді.

Ойшыл суреткер Г. Мелвилль XIX ғасырдың соңында замандастарының зердесінен шығып кеткенімен, XX ғасырда дүниежүзілік жарқын әдеби тұлғаға айналды. Американдықтар үшін әлемді романтикалық түсінікте қабылдау оның «Тайпи» және «Ому» романдарында көрінді. «Моби Дикте» американдық армандаудың қайғылы жағына оқырмандар назарын аудартты. Бастапқы романтизм ұлтты қалыптастыру әдебиеті саналып, мемлекеттің негізін қалауға, жеке мәдениетті жасауға бағытталды. Сөйтіп XIX ғасырдың 30-жылдары ұлттық сөз өнерін тақырыптық және көркемдік ерекшелігімен айқындап, өзінің тарихи міндетін өтеді. Егерде бастапқы романтикада адам – пионер, жаңа жерге аяқ басушы, жауынгер, философ, тарихты жасаушы және өз тағдырының қожайыны болса, енді олардың сыртқы күштерге билігінен, тауқыметті тағдырынан, қоғамдық наным-сенімдерден, діни қағидалар мен жеке бастағы кемшіліктерден тәуелділігі барған сайын өткір сезілді. Купер кейіпкерлері табиғат апаттарымен, жауласушы үндіс тайпаларымен және саяси жаулармен күрессе, Мелвилл кейіпкерлері қайырымдылық пен зұлымдықтың күресімен қақтығысты.

XIX ғасырдың ортасында эстетика әдебиеттің ішкі мәселесі болып қалды, сөйтіп ұлттық мәдениетті қалыптастыру мәселелерінің ерекшелігін сақтауға, оның еуропалық дәстүрмен қатынасына ықпалдасты. Осыған байланысты қоғамда екі қереғар көзқарас туындады. Біріншісі «Жас Америка» тобын құрғандар демократиялық республиканың қызметін бейнелейтін ұлттық болмысқа ие болып, заманауи шындықты жазуы тиіс деді. Бұл ұйымның жетекшісі – көрнекті баспагер, сыншы Эверт Дайкник. Оған Мелвилль, По, Уйтмен қосылды. Романтизмнің «Бостон мектебі» өкілдері «браминдер» деп аталатын топ Лонгфелло, Дж. Уиттгер, Дж. Лоуэлл, О. Холмс әдебиет ұлттық тақырыптар мен мәселелерге шектелмейтін жалпы адамзаттық сипатта болуы тиіс деген тұжырым ұстанды. Гарвардта білім алған ақсүйек ақындар құрған «Бостондық браминдер» Еуропа әдебиетімен, философиясымен жақсы танысып, еуропалық мұраттарды отандастарына насихаттады.

Марк Твен – американ реализмінің негізін қалаушы. ХХ ғасырдың көрнекті жазушылары У. Фолкнер, Ф.С. Фицджеральд, Э. Хемингуэй, Дж. Стейнбек, Д.П. Уоррен шығармаларында романтизм ықпалы байқалады. У. Уитмен классикалық романтикалық дәстүрмен жаңашыл реалистік қадамды әлемді көркемдік меңгеруге өзара тоғыстырды.

Американ романтизмі. Бастапқы американ романтизмнің ірі өкілдері: Вашингтон Ирвинг, Джеймс Фенимор Купер, Уильям Каллен Брайант. Француз ойшылы А. де Токвиль «Американдарда ақын жоқ, бірақ оларда поэтикалық идея жоқ дегенге келісе алмаймын» деп екіұшты пікірге барған. Мелвилль: «Бізге американдық Голдсмиттер керек емес, жоқ дегенде бізге американдық Мильтондар да қажет емес»... Бірде бір американдық жазушы ағылшын немесе француздай жазуға тиіс емес, ол адам тәрізді жазса, тек осындай жағдайда ғана ол американдық-ша жаза алатын болады» деп айтты. Ол өз талдауын алға жылжыту үшін «американдық данышпан ешкімнің қолдап сүйеуін қажет етпейді» деген еліктеуге қарсылық білдірді.

Американ романтизмі тарихымен сәйкесетін ұлттық өзіндік мәдениет үшін күрес ондаған жылдарға созылса, соның басында Эмерсон тұрды. 1837 жылғы оның «Американ ғылымы» атты сөйлеген сөзі әдеби тәуелсіздік декларациясының маңызын арттырды. Эмерсон: «Әрбір дәуір өзінің жеке кітабын жасауы тиіс» деді. Оның «Өзіңе сенімділік» мақаласының мәні зор. 1831 жылы американы аралаған Токвиль: «рух еркіндігі мен сөз еркіндігі толығымен шектелінген Америка сияқты бірде-бір елді соншалықты білмеймін: міне, осыдан да Америкада әлі күнге ұлы жазушылар жоқ. Данышпан әдебиетшілерге еркіндік рухы қажет, Америкада ол өмір сүрмейді» деп жазған 1835 жылы «Америкадағы демократия» кітабында.

Американ романтизмі ХІХ ғасырдың 10-шы жылдары басталып, 30-40 жылдары аяқталды. 1850 жылдан бастап, американдық романтизм қозғалысының қайта өрлеуі басталды. «Американ әдебиетінің энциклопедиясы» 1855 жылы жарық көрсе, американ әдебиеті деген атауды 1829 жылы Сэмюэль Нэпп «Американ әдебиеті туралы оқулар» атты мақаласында атады.

Трансцендентализм қызметі осы мектептің негізін қалаушы әрі басшысы У. Эмерсонмен тығыз қатысты. Ол ХІХ ғасырдың 30-шы жылдары қалыптасты. Американдық романтизм әдеби бағыты философиялық және эстетикалық идеяларға сүйенді. ХVІІІ ғасырдың соңы мен ХІХ ғасырдың бірінші жартысында Еуропа мен Американы шарлаған романтикалық қарсылық қозғалысының бөлігі саналды. Романтизм дәуірі АҚШ-та Германия, Франция, Англиядан кеш басталды. Қозғалыс тарихшысы Г. Годдардың айтуынша «Платондық метофизика құймасы мен пуритандық сана құймасы негізінде» қалыптасты. Алғаш бостондық трансцендентальдық клуб ашылды. Американдық әдебиеті мен философиясының тұтас дәуірінің идеясын құраған клуб жаңа ағылшын жазушылары мен уағызшыларды біріктірді. Трансценденталистер идеялогиясы ұлттық және еуропалық сипат алды. Олардың саналарында платонизм мен неоплатонизмнің қайта тууы орын алды. Тікелей Платон, Плотин, Прокл шығармалыры және антикалық ойлардан нәр алған неміс философиясы ықпал етті. Эмерсон, Торро Олкот шығармаларында платондық оқулардың ықпалы, ақиқат, сұлулық, қайырымдылықтың бірлігіне сенімділік мистикалық түсінікте өріс алды. Олар ойларымен еуропалық және шығыстық неоплатондық дәстүрге жақындады. (Джордано Бруно, Марсилио Фичино, Беркли, Лейбниц, Сағди, Хафиз, Омар Хайям). Олар көне үнділік философияға ерекше құштарлықпен ұмтылды. Немістік идеяларды трансценденталистерге жеткізуші Кольридж бен Карлейль.

Трансцендентализм әдебиеті екі ірі суреткерді берді. Олар: Ральф Уолд Эмерсон, Генри Дэвид Торо. Эмерсон алғашқы шығармасын, үлкен эссесін табиғат атауымен атады. Табиғат мақсаты – Адамға қызмет ету, оның тіршілігіне негіз қалау, адамгершілік және сұлулық туралы түсінігін тәрбиелеу болса, Эмерсонша адамның жандүниесі табиғаттан өзінің сұлулыққа деген шөлін қандыра алуы тиіс. Жазушы адамның құндылығы, оның ар-ожданының айтқанына сөзсіз бағынуы керек деп ұғынды. Оны адам жанындағы құдай үні деп санады. Ол адамның жеке басын тәрбиелеуге, ерік-жігері мен парасаттылығын,

жоғары адамгершілігін тануға шақырды. «Жан тазалығынан басқа қасиетті ештеңе жоқ. Оның әмірін тындасандар, сендер әлемнің қолдауына ие боласындар» деп адамгершілік өнегесін алға қойды. Эмерсон эстетикалық көзқарасында өзінің талантына тән көріпкелдік қасиетін танытты. «Америка – бұл біздің көз алдымызда жазылатын поэма, оған өзінің жыршыларын күтуге аз ғана қалды» деп жазды. Эмерсон эссесінен он жылдан кейін Американ поэзия көгіне жұлдыз жағылды. Уолт Уитмен «Шөп жапырақтарында» Американы жырлады.

1947 жылдан кейін американ әдебиетінде социалистік реализм ағымындағы жазушылар: Джон Рид, Рэндольф Борн, Альберт Уильямс, Майкл Голд 1930 жылдары шықса, аталған ағымды М. Гольд, Миксольтн, Стеффенс т.б дамытты. Әлеуметтік роман шыңына Теадор Драйзер көтерілсе, Эптон Синклер сыншыл реализмнің өкілі, Синклер Льюис дәуір шындығын суреттеу үлгісін көрсетті.

Американ әдебиетіндегі 1920-30 жылдары АҚШ әдебиетінің «Алтын кезеңі» деп аталады. Биік бағалаудың негізі бар. Бұл кезеңде американ әдебиетінде әлемге әйгілі бір топ таңдаулы, тамаша туындылар жазылды. XX ғасырдың орта тұсынан проза жанрын жан-жақты дамытқан классиктер қатарында Шервуд Андерсон, Френсис Скот Фицджеральд, Джон Дос Пассос, Уильям Фолкнер, Эрнест Хемингуэй, Джон Стейнбек, Эрскин Колдуэлл, Альберт Мальцты айрықша атауға болады. Поэзияда Уитмен дәстүрін Карль Эльберг жалғастырса, XX ғасырдың реалистік бағытындағы ірі ақын- Роберт Фрост. Екінші дүние жүзілік соғыстан кейінгі әдебиетте драматургия жанрына Юджин О! Нил, Артур Миллер, Тенесси Уильямс үлкен үлес қосты. Прозада Норман Мейлер, Джеймс Джой, Роберт Пенн Уоренн, Джэром Сэлинджер, Трумэн Капоте, Джеймс Болдуин, Харпер Ли, Джон Алдайк, Сол Беллоу, Карсон Мак Каллерс, Филип Боноски, Ларс Лоренс көркем шығармаларында американ өмірі жан-жақты суреттелді. Әдебиеттану ғылымына Р. Уоррен белсене араласты.

Джек Лондон – көркем проза шебері

Қарапайым отбасынан шығып, бала шағынан тұрмыстың ауыртпалығын тартып, тума талантымен әлем әдебиетінің классигі атанған Дж.Лондон 1876 жылы 12 қаңтарда Калифорния штатындағы Сан-Франциско қаласында туды. Кішкентай кезінен-ақ әдебиетке, кітапқа әуестігін тастамады. Бастауыш мектептен кейін колледжге түсуге жағдайы көтермеген талапты жас отбасын асырау үшін небір қиын жұмыстар істеді. Бірақ қолынан кітабы түспеді. Ауыр тіршілік пен шығармашылық еңбектің азабын қатар көрді. «Жапон жағалауындағы тайфун» атты очеркі Сан-Франциско-Колл» газетінің сыйлығын алғаннан кейін, ол жазуға құштарлығын арттырды. Әңгіме, өлең, поэма жазғанымен, журнал редакциялары жарияламады, колжазбалары қайтарылды. «Мен жазудан бас тарттым, жолым болмайтынын аңғарып, Клондайкқа алтын үшін аттандым» деп жазды. Аляскадағы Клондайк сапарынан Джек мол байлыққа кенелмегенімен, рухани жан-дүниесін байытып оралды. Ой-өрісін кеңейтіп, өмірге жаңа дүниетанымын қалыптастырды.

Американдық жазушылардың қай-қайсысы да қиындық көрді, шығармашылық өмірде дәл Дж.Лондондай ешкім азап тартқан жоқ. Солтүстікке сапарлары бірқатар әңгімесінде әсерлі де нанымды суреттелді. «Қасқыр баласы» («Сын волка») – 1900 жылы шыққан оның алғашқы әңгімелер жинағы. Бір жыл бұрын, 1899 жылы Сан-Франциско журналы «Оверленд манслиде» Аляска саяхатынан жазған бірінші әңгімесі («За тех, кто в пути») – «Жолда жүрген жолаушылар үшін» жарияланды. Журнал бір жыл ішінде «Ақ азу» («Белое безмолвие»), «Қасқыр баласы», «Қырқыншы мильде», «Қиыр шетте», «Священниктің құқы бойынша», «Король әйелі», «Қарлы соқпақтың тағылымы», «Солтүстік Одиссея» әңгімелерін шығарды. Бұлар алғашқы «Қасқырдың баласы» жинағына кірді. «Оның әкесінің құдайы» (1901), «Аяз балалары» (1902) атты жинақтағы әңгімелер дарындақын одан әрі дүбірлетті.

Әсіресе 1903 жылы «Зов предков» – «Тегіне тарту» (1906) кітабы жарыққа шыққаннан кейін оның аты американдық

алдыңғы қатарлы қаламгерлермен бірдей аталды. Солтүстік туралы Лондон «Қар қызы» деген (1903) роман жазды. Әңгіме кейіпкерлері – әр жастағы, мінез-құлқы әркілі, әр ұлт өкілдері, алтын іздеушілер, аңшылар, ит айдаушылар, жол бастаушылар, қаңғыбастар, бүлікшілер. Бірінде адамның батылдығы, екіншісінде қаталдығы бейнеленді. Кейіпкерлердің алтын іздеудегі бастан кешкен шытырман істері, қатал табиғатпен күрес, алтынға құмарлық, өмірге деген жігер, жарқын ұмтылыс айқын да айшықты суреттеледі. Адамның ақшаға, байлыққа ессіз құмартуы кейіпкерлер тартысында сипатталады. Джекоб Кент («Тыртқы бар адам») – лашықтағы адамдарды айуандықпен өлтірген қанішер бейнесі. «Мындаған дюжина» әңгімесіндегі Рассмунсен байлық үшін жолсеріктерін де, иттерді де құрбан етеді, тіпті денсаулығынан да айырылады. Лондон адамгершілік мәселелерімен қатар, дінді де қатал сынайды. Әсіресе «Оның әкесінің құдайы» әңгімесінде дінбасыларды, священниктерді өзінің жүрегінің әмірімен жүрмей, шіркеудің шарт-талабына шырмалғаны үшін айыптайды.

Сонымен қатар жазушы әңгімелерінде үндіс халқы мәселесі де қозғалады. Абыздар мен шамандар туралы шынайы бейнелейді. Мәселен «Киштің ұлы Киш» атты әңгімесінде мистер Браун үндістердің өмірі мен әдет-ғұрпына көңіл бөлместен, христиан дінін үйретуді көздейді. Ол мақсатын түсінбегендермен санаспайды, қалайда дінге бой ұсындыру талабынан қайтпайды. Солтүстіктің қатал табиғатын, жергілікті халықтың бейбіт өмірін, әдет-ғұрпын, күн көріс жайын бұзып, адамдағы тазалық пен мейірімділікті зұлымдық пен қиянатқа ауыстыртқан келімсектердің озбыр да зұлым бейнесін жеткізеді. Дегенмен, Мэйлмют Кид сияқты қысылғанға қол ұшын берген, қайырымды қамқор кейіпкерлер жазушы әңгімелерінде аз емес. Мәселен Кид «Ақ азда» Мэйсонның өлімінен кейін оның әйелі мен баласына жақсылық жасайды.

Қалбыр фабрикасында жұмыс істеп жүрген бала Джек Солтүстікке баруды қиялынан шығармайды. Аталған әңгімелер сол арман-қиялдың жүзеге асуы іспетті. Романтикаға деген сүйіспеншілікті ол өмір бойы жоғалтпады. Дж. Лондонның ой-

ынша романтиктердің басты қасиеттерінің бірі – табанды еңбек ету, кез келген қауіппен қаймықпай күресу. Оның әңгімелерінің кейіпкерлері – ерадамдар ғана емес, сұлу әйелдер. Келбет-көркімен ғана емес, жан дүниесімен, адамгершілік қасиеттерімен әдемі нәзік жандар. Әңгімелерінде кейіпкерлер бойынан қайсарлықты, табандылықты, қандай да қиындыққа қарсы төзетін қабілеттілікті, жігер-қуатты батылдықты көрсетеді. «Священниктің қалауы бойынша» әңгімесіндегі Грэйс Бенгам осындай бейне. Сол жердің байырғы тұрғындары үндістер мен эскимостар өмірі, әдет-ғұрпы «Киштің ұлы Киш», «Ұлы көзбояушы», «Жоғалған бет», «Нам-Бин-Суайт» әңгімелерінде сипатталған. Жазушы үндіс фольклорын сәтті пайдаланған. Олар таза табиғаттағы таза, адал, ержүрек жандар бейнесінде кескінделген.

Солтүстік әңгімелерінде Дж. Лондон прозаның тамаша шебері, көрнекті әңгімеші ретінде көрінеді. Солтүстік сапарына арналған әңгімелерінің оқиғалары бір-біріне ұқсамайды, баяндау, мазмұндау тәсілі әртүрлі. Автор оқиғаларды бірде өз атынан, екіншісінде әңгімелеуші арқылы баяндайды. Әрқайсысында өзіндік мінез, өзіндік баяндау мәнері бар. Кейде әңгімелеуші көз көрген оқиға ортасынан бұрынғы болған жайды шынайы жеткізгендей әсер қалдырады. Бірінде – авторлық баяндау, әңгімелеу қолданылса, екіншісінде оқиғаның желісі диалогтармен сипатталады, бірінде кейіпкерлердің ерлігіне таңдану, сүйсіну байқалса, екіншісінде ұнамсыз бейнелердің теріс іс-қылықтары өткір айыпталады.

Дж. Лондон әңгімелері тұтастай оқырманның жандүниесін тебіренгіп, толқытады. Оқиғалары шиеленісті, тартыстылығымен шарықтау шегіне жетіп отырады. Адам жандүниесі, сезімі, өмірі үшін арпалыстағы психологиялық сезімдер – әңгімелеріне тән ерекшелік. Мәселен «От» әңгімесінде кейіпкер алдымен суықтан жеке басын құтқару мақсатында от жағуға әрекеттенеді. Отты жаға алмаған кезде енді қалайда тірі қалудың амалын іздестіреді. Ақыры аштық пен әлсіздіктен тоңып, ұйқыға беріліп, тіршілікпен қоштасады.

Лондон кейіпкерлерінде көпсөзділік жоқ. Сырттай салқынданды, сабырлы, ештеңеге ренжімейтін, мойымайтын адамдар.

Олар қарбалас, рухани тірлік тартысында бейнеленеді. Солтүстік Алясканың мұзды, аязды даласы, қатты суық. Ақ азу бір жағынан қасқыр ұғымында берілгенімен, екіншіден өлкенің қатал табиғаты әңгімелерде көркем үлгіде кескінделеді. Алпауыттардың, байлардың қарапайым халыққа көрсеткен қиянат, озбырлығы, монополияның қысым көрсетуі ХІХ ғасырдың соны мен ХХ ғасыр басындағы американ әдебиетінде шынайы сипатталды. Джек Лондон капитализмді өткір сынап, халықты күреске жұмылдырды, сөйтіп Америкадағы бірінші әлеуметтік жазушы атанды.

«Теңіз тағысы» романында (1904) солтүстік әңгімелеріне ұқсас жайлар кездескенімен, мүлде бөлек туынды. Бұл – теңіздегі шытырман оқиғалар үлгісінде жазылған роман. Жазушы теңізді жақсы білді, оны ұнатты. Ол романда теңіз ісінің кәсіби білгірі әрі көркем жазу шебері ретінде танылады. Мұнда қатал теңіз апаты мен адамның күресі романтикалық арнада берілген. Тәкаппар теңіз табиғатына адам табандылықпен, қайсарлықпен қарсы тұратын шығармада зұлымдық пен парасаттылықтың күресі тартымды баяндалады.

Жазушы 1902 жылы Оңтүстік Африкаға әскери тілші болып барады. Кішкентай Бур республикасының қуат-күші зор Англиямен тәуелсіздік жолындағы тепе-тең емес күресіне куә болғысы келгенмен, соғыс аяқталады. Алайда ол Лондон қаласын аралайды, тірлігімен танысады. Ағылшын кедейлерінің аянышты өмірін 1903 жылғы жариялаған «Шыңырау адамдары» («Люди бездны») шығармасында көрсетеді. Лондон бұл шығармасын ең үздік туындыларының бірінен санады. 1904 жылы орыс-жапон соғысы басталар шақта Жапонияға сапар шегеді. «Халықтың экономикалық дағдарысын зерттеп білгендей, басқа ешбір кітап жүрегімді мұндай тебіrentкен емес» деді ол. Кітап очерк үлгісінде өткір публицистикалық стильде жазылды. Жазушы очерк жанрын жақсы меңгерді. Балалардың азапты, ауыр еңбегіне «Жолдан тайған» («Отступник») әңгімесін арнады. Әңгіме кейіпкері кішкентай Джонни бала кезінен 6 жасынан бастап жұмыс істеп, 11 және 16 жасында басқа жұмыстарға ауысады. Күндіз жұмыс істеп,

түнде ұйықтаған бақытсыз балалықты аянышты әңгімеледі. Тігін фабрикасындағы тынымсыз тірлік, мардымсыз тамақ, санитарлық жағдайдың жоқтығы балалардың денсаулығына зиян тигізгені сондай, 12 жасар бала 60 жасар қарттың күйіне түседі. Капиталистік жүйедегі балалар еңбегін қанау әңгімеде шынайы сипатталады.

«Темір өкше» («Железная пята») – американ жұмысшы қозғалысының тікелей ықпалымен сол жылдардағы таптық күрес жазылған Лондонның ең айтулы романы. 1905 жылғы орыс революциясы романның жазылуына басты бағдар болды. Джек Лондон – ХХ ғасырдағы капитализм, капитал мен еңбектің қарама-қайшылығы, жұмысшылар мен алпауыттар арасындағы әлеуметтік тартысты АҚШ-та алғаш көтерген жаңашыл суреткер. Роман 1906 жылы аяқталады. Баспалар қарсылық білдіргенімен, 1908 жылы басылып шықты. Шығармада сол кездегі американ халқының өмір шындығы әңгімеленумен, бірге болашақ ел тағдырына болжам жасалады. Капиталистік қоғамдағы ғылымның жай-күйі қозғалады. Джек Лондонмен бір мезгілде Эптон Синклер 1904 жылғы Чикагодағы оқиғаға қатысты «Джунгли» атты роман жазып шығады. Бірақ Лондон романы шынайылық сипатымен ерекшеленеді. Басты кейіпкер Эрнест Эвергард – күрес жолына өмірін арнаған табанды, мақсаты зор адам. Ол білімін үнемі тереңдетеді, фабрика жұмысшыларын капиталистерге қарсы күреске үгіттейді, қарулы күрес ұйымдастырады.

Бұдан кейін жазушы «Ойын» (1905) повесін, «Балық аулау күзетшісінің әңгімелері» (1905) және «Айдың жүзі» 1906 жинақтарын, «Адамға дейін» повесін, «Жол» атты әңгімелер жинағын (1907) жазды. Бұл кітаптар біріне-бірі ұқсамайтын лондондық дара қолтаңбаны танытады. Олар тақырыбы жағынан ғана емес, идеялық бағыты мен көркемдік құндылықтарымен де дараланады. «Ойын» – американ боксындағы адамгершілік туралы спорттық повесть. Джек Лондон – бірнеше спорт түрін менгерген. Ол бокс, семсерлесу, жүзумен айналысқан, атпен серуендеген, батпырауық ұшырудың шебері болған. Оның кейіпкерлері де көбінесе дене бітімі күшті, қуатты,

төзімді адамдар, ескек есуді жақсы меңгерген, бокс тәсілдерін үйренгендер, мерген садақшылар. «Жол» және «Балық аулаушылар күзетшісінің әңгімелері» – өмірбаяндық шығармалар. Соңғысында қалбыр заводында жұмыс істеп жүргенде балық және теңіз жәндіктерін аулауға шыққандағы көз көрген оқиғалар әңгімеленеді. «Жол» бір поездан екіншісіне ұрланып мініп, вагон төбесінде тірлік кешкен қаңғыбастың өмірінен сыр шертеді.

1906 жылы Джек пен зайыбы Чармиан шет елдерге сапарға шығады. Гавай, Жаңа Зеландия, Австралия, Борнео, Суматра, Жапония, Корея, Қытай, Үндістан елдерін және Жерорта теңізін араламақ болғанымен, Тынық мұхит аралында ауа-райы өзгерісінен жазушы ауырып қалады. Австралияда емделіп, 1909 жылы Калифорнияға қайтады. Тынық мұхит аралдары (Гаити, Самао, Фиджи) жазушыға керемет әсер береді. Теңіз тірлігінің қиын жағдайына карамастан, «Мартин Иден» романын жазды. 1908 жылы қыркүйектен 1909 жылдың қыркүйегіне дейін «Пасифик мансли» журналында романның жекелеген бөлімдері басылады. 1909 жылы күзде жеке кітап болып шығады.

Романда Мартиннің ауыр, азапты тағдыры, жазушылық жолының қиындықтары, ақсүйек Морз Эпплгарттың отбасымен араласуы, қызы Руфимен танысуы, екеуінің арасындағы сүйіспеншілік әңгімеленеді. Американдық сыншы М.Гейсмар «бұл өзі туралы жазылған кітаптардың бірі» деді. Көптеген американдық сыншылар романда жазушының өзі бейнеленген деген пікірде. Ал жазушы болса: «Көптеген сыншылар кейіпкерлерімнің бірі Мартин Иден тез арада білім алды деп мінейді. Үш жыл ішінде мен оны жай матростан белгілі жазушыға айналдырдым. Әйтсе де Мартин Иден – бұл менің өзім» деп шындықты жайып салды. Иден өміріндегі көптеген эпизодтар автордың өмірбаянымен сәйкес келеді. Алайда Иден бейнесін тұтастай Лондон деуге болмайды. Көркем бейнеде, шындықтан тыс жайлар қосылары белгілі. Иден өзінің тағдыры жөнінен мұхит пен теңіздерде жүзген, табиғатты сүйген, қарапайым тірлік кешкен, кейін жазушылыққа бет бұрған Герман Мелвилге жақындау. Ол әңгімелер, өлеңдер жазғанымен, есімі

талай уақыт белгісіз қалды. Тек XX жылдан кейін барып, шығармашылығына қызығушылық туды. Демек, Мартин Иден – жинақталған, тың бейне. Әрі американ әдебиетінде үлкен жазушының шығармашылық өмірін толыққанды бейнелеудің алғашқы бастамасы. Онда солтүстік әңгімелеріндегі кейіпкерлерге тән зор қажыр қуаты, мақсатқа жетуге құлшыныс, мұқалмас жігер жинақталған.

Шығармашылыққа құштарлық – Иденнің басты мұраты. Қанша талантты болғанымен оның шығармаларын көп уақытқа дейін редакциялар мен баспалар басып шығармай қайтарып жіберген. Есімі елге белгісіз әрі кедей болғасын ешкім елемеген. Алайда табанды талант тағдыр тосқауылына қасқайып қарсы тұрады, мақсатқа жету жолында аянбай күреседі. Байлық пен даңққа өмірінің соңында кенеледі. Бұл – сол кездегі капиталистік қоғамдағы жазушының тартқан қасіреті, әрі әмбеге аян әлеуметтік трагедия. Әдебиет пен өнерде Иденмен ойы да, мақсаты да ортақ, көп мәселеде жақындасатын бейне Руфи – Мэйбл Эпплгарттың прототипі. Оның сөйлегенде үні әдемі естіледі, ал сынғырлаған күлкісі музыка. Джектен үш жас үлкен. Мәдени ортаның бүкіл болмысы бойынан байқалып тұрғандықтан, Джек оны тәңірдей сүйген. Мартин Иденде сол кезеңдегі америкалық өмірдің көптеген маңызды қырлары сөз болады. Журнал редакциялары мен баспалардың белгісіз жас авторларға каламақы төлемейтіні, қолжазбаны оқымай кері қайтарып жіберетіні т.б. өткір мәселелер көтерілді. Еңбекке деген сүйіспеншілік Мартинді мақсат биігіне шығарады. Тіпті М.Иден бір сөзінде: «Еңбек – жақсы іс, ол адамға мүлде пайдалы – мұны діни уағызшылар айтқан, мен ешуақытта еңбектен қорыққан емеспін және оны құдай көріп тұр» депті. Романды әдеби қауым Джек Лондон көз жұмғаннан кейін ғана мойындады. Ирвинг Стоунның бағалауынша ол «американ жазушыларының тұтастай ұрпағын шабыттандырған» шығарма. Эптон Синклер: «Мартин Иден – Джек Лондонның бірден-бір ең ірі дүниесі. Оған ол өзінің шынайы жандүниесін жұмсады» десе, Мансуэлл Гейсмар қоғаммен жалғыз күрескен жалғыз жазушы жайлы жазылған американ әдебиетіндегі «күшті кітап» деді.

1911 жылы революционерлер туралы жазылған «Мексикандық» новелласы – ең үздік туындысы. «Ұрлық» (1910) пьесасын және роман, повесть, әңгімелер жазып қалдырды. «Күн алаулап тұр» (1910) романы кейін «Жалында уақыт күтпейді» деген атаумен аударылады. Бұл – «Мартин Иденнен» кейінгі бірінші ірі шығармасы әрі американдық қоғамды сынаған жаңа кітап. «Жұлдыздар арасындағы кезбе» («Межзвездный скиталец») (1955) романы фантастикалық бейнелер, мистика элементтері кездесетін еркін елестеу үлгісіндегі шығарма. 1913 жылы «Джон Арпа дәні» өмірбаяндық повесінде ішімдікке қалай құмартқанын, өміріне тигізген зияндылығын жазған 1911 жылы жазылған «Уақыт күтпейді» Клондайк сапарына басқа жанрынан оралуымен маңызды. Роман кейіпкері Дид Мэсон – үлкен бизнесті қаракшылықпен табуға ұмтылған, көрсеқызар жанның бейнесі. Лондонның соңғы романдарының бірі «Ай сәулелі жазық» («Лунная долина») 1913 жылы басылып шықты. Оклэнд маңындағы «Ай сәулелі жазық» деп аталатын табиғаты тамаша өңірдің атымен шыққан кітапта байлық пен ақшаға құныққан тоғышарлардың дүниеге көзқарастары, жат қылықтары аяусыз ашылады.

«Теңіз көкжалы» – Клондайк сапарының әсерімен жазылған. Кеме капитаны Ларсен күрделі мінез-қылықтың, алып күш пен қиянаттың иесі. Лондон бұл повесте теңізге деген шексіз махаббатын көрсете білді. Адамның теңіз сапарындағы психологиялық көңіл-күйін айқын, шынайы көрсетті. Ларсенге қарсы тұрған зиялы әрі парасатты бейне Хеморри Ван Витден және ақын қыз сүйіспеншілігі әсерлі. Кемеден қашып шыққан екеуінің алыс аралдағы өмірі қызықты баяндалады.

Лондонның жан-жануарлар туралы туындыларында адам-табиғат, адам – хайуанат дүниесі арасындағы күрделі байланыстың күрмеуі шешіледі. Жазушы жаратылыстың байқала бермейтін құпия сырларын, адамдар мен қасқырлар, адамдар мен қатал табиғат, адамдар мен иттер туралы әңгімелерінде шеберлікпен баяндайды. Робинзондық тағдырды елестетеді. Ларсен мен Ван Вейденнің тартысы – теңіздегі тағдыр тартысынан бөлек, өмірге деген екі кереғар көзқарастың, адамгерші-

ліктің тартысына айналған. Повесте жазушы шығыс классикасына құштарлығын Омар Хайям рубайларынан мысал келтіруімен дәлелдейді.

Джек Лондон шығармалары көзі тірісінде орыс тіліне аударылды. Кенес өкіметі кезінде оның кітаптары 50 миллионға жуық таралыммен шыққан. 33 ұлт тіліне аударылған. Оның шығармаларын Вл. Маяковский, С. Есенин, А. Грин сүйіп оқыды. Н. Островский, А. Фадеев өзінің әдеби ұстазы санады. Ю. Гагарин ең сүйікті жазушыларының бірінен атады. Ғарышкер В. Попович «Егер Айға ұшу сапарына кітап апарсам, Дж. Лондонның бір томдығын ала кетер едім» деген екен. Л. Андреев: «Джек Лондон – керемет жазушы, талант пен жігердің тамаша үлгісі» деп бағалады.

А. Куприн, М. Горький ол туралы тамаша пікірлерін білдірді. А. Куприн Лондон прозасынан айқындылықты, өзіндік үлгідегі табиғи поэзияны, мазмұндаудың әдемілігін, сюжетінің өзіндік тартымдылығын айрықша атады. 16 жыл шығармашылық қызметінде Джек Лондон 20 роман мен хикаят, 150-ден астам әңгіме, бірнеше пьеса, бірқатар публицистикалық, құжаттық очерк және өмірбаяндық кітаптар жазды. Әңгіме әйгілі болғанға дейін Дж. Лондон азапты да ауыр тұрмыс, шырғалаң шығармашылық тағдыр кешті. Бірақ барлық шығармалары бірдей сәтті емес. Көзінің тірісінде 50 кітабы жарық көрсе, дүниеден өткеннен кейін 7 кітабы басылып шықты.

Джек Лондонда алыптың таңданарлық ақылы мен жігері болды. Ол өз жандүниесімен қатты күрес жүргізді, ол өзінің жалған философиясына қарамастан күресті. Ол Горн мүйісі айналасына саяхатқа аттанды, осынау бірнеше айлар ішінде ештеңе ішпеді, сонда ол өзінің тамаша кітабын «Джон Барлейкорнды» жазды. «Бұл адам қолынан жасалған ең пайдалы әрі ең қызықты шығарманың бірі» деп бағалады американ жазушысы, сыншылық реализмнің көрнекті өкілі Э. Синклер. Ол Джек Лондонның «Мартин Иденін» ең ірі дүниесі екенін, оған жанын салғанын да ерекшелеп өтті.

Дж. Лондон шығармаларының аударылу сипаты

Джек Лондон шығармалары 1922 жылы А.Н. Кудрявцева аударуымен 1924 жылы жарық көрді. Қазақ әдебиетінде алғаш Дж. Лондонның «Қасқыр» әңгімесін (1926 Е. Лани «Бурый волк» т.б.) 1936 жылы М. Әуезов аударды сол жылы «Киш туралы аңыз әңгімесі қазақшаланды. М. Дәулетбаев «Мойындалу» және «Шыда» әңгімелерін тәржімеледі.

Ж. Аймауытовтың бес томдық шығармалар жинағының екінші томында бірнеше аудармалары жарияланған. Дж. Лондоннан аударған «Теңсіз, телегей аттаныс» үндіс халықтарының тағдырына арналса, «Күштілердің күші» Жапония, Қытай мемлекетінің қалыптасуы, ХІХ ғасырдың басындағы тарихи тағдыры жайлы жазушылық ой-толғаныс. Оларды аударуы қазақ халқының ел болып бірігу, ынтымактасу, өркениетті елдерден тағылым алу сипаты сезіледі.

Джек Лондонның әңгімелері 1954 жылғы Москваның «Художенственная литература» мемлекеттік баспасынан шыққан 7 томдық шығармалар жинағының 1-2 кітабы негізінде қазақшаға аударылыпты. Бұл аударма 1960 жылы Алматыда «Таңдамалы әңгімелер» деген атпен шыққан. Аудармашының классик шығармаларын «Мартин Иден» романын аударуынан бастады. Кейбір қысқартулар жасағанымен, ана тілімізде еркін сөйлетуге ұмтылған. Дж. Лондон әңгімелерінің тақырыптарын дәл, дұрыс аударма білген. Атап айтқанда: «За тех кто в пути!» – «Жолда жүрген жолаушылар үшін!», Әйел ерлігі – «Мужество женщины». «Дочь северного сияния» – «Шұғыладан туған», «Нам-Бок – лжец» – «Нам Бок суайт». «Женское презрение» – «Әйел намысы», «В далеком краю» – «Алыс жақта».

Джек Лондон әңгімелері 1899-1902 жылдары жазылған. Аударма сатылы түрде жасалған. Тәжірибесінің толысканы аударма сапасынан танылады. Мысалы: «Жолда жүрген жолаушылар үшін» әңгімесінде кейіпкер Джек Уэтстоидэйлдің портреттік суреттемесінің орысшасымен қаншалықты дәл шыққанын салыстыра көз жеткіземіз.

Орысшасы: Наконец, в дверь постучали – резко, уверенно. Проезжий вошел. Слепленный светом, он с минуты стоял на пороге, так что все имели возможность рассмотреть его. В своей полярной меховой одежде он выглядел весьма живописно. Шесть футов роста, пропорционально широкие плечи, могучая грудь. Его гладкое выбритое лицо ярко покраснелось от мороза, брови и длинные ресницы заиндевели. Расстегнув свой шлем из волчьего меха, он стоял, похожий на снежного короля, появившегося из мрака ночи.

Қазақшасы: Ақырында біреу есікті өршелене қатты-қатты қақты. Жолаушы кіріп келді. Жарыққа көзі шағылысып табалдырықта сәл тұрды. Сол мезетте оны үйдегілер де көріп үлгірді. Ол үстіндегі полюс жақтағылар қиетін тонымен әдемі көрінді. Бойы алты фут, екі иығына екі кісі мінгендей, апайтөс біреу екен. Сакалын әдемілеп қырған, аяз сорған екі беті қып-қызыл, қасы мен ұзын кірпігі қырау-қырау. Қасқыр тұмағын ағытып, ол түн тұңғиығынан шыға келген қар патшасындай көрінді.

Аударма орысша мәтіннен гөрі сапалы шыққан. Сөйлемде қазақ тілінің байлығы тұнып тұр. Мысалы «меховой одежде» - тері тон деп анықтап айтпай-ақ, «полюс жақтағылар қиетін тонымен» деп суреттеген. Сонан соң шлем деген орысшада сәтті берілмеген. Шапка десе де болар еді. Солтүстік халықтары қиетін бет-құлағын жауып тұратын жылы бас киімін орысша шлем деп алыпты. Әрі қасқыр терісінен жасалғаны сипатталған. Аудармашы мұны қасқыр тұмақ деп қазақшалаған. «Пропорционально широкие плечи, могучая грудь» – екі иығына екі кісі мінгендей, апайтөс» деп әдемі берілген. Аудармашы өзге тілді терең меңгерумен бірге, өз ұлтының тілінің бар құнарын пайдалана білген.

Алайда әңгіме аудармасында кейбір жансақтықтар да бар. Вяленный лосось – қақтаған лосось. Мәселен, рождество бірде ұлыстың ұлы күні немесе мәуліт деп алыныпты. Христиан, католик дінінің мерекесін қазақша мұсылмандық мереке атымен ауыстыру қате. Индейцтерді – индейлер деп беру де қате, не орысшасын қалдырып, не үндіс деп алған жөн. Осындағы ән мәтіні де нашар аударылған. Мәтіннен алшақтаған. Мына сөйлемді алайық: «Англичанин Принс провозгласил тост за «дядю Сэма», скороспелого

младенца Нового света, янки Беттлз – за королеву Англию да хранит ее господь!»; а француз Совой и немец – промышленник. Майерс Эльзас чокнулись за Лотарингию», қазақшасы: янки Беттлз Англияны әйел патшасына «жасаған ием жар болсын!» – деп тост арнады: ол француз Совой мен кәсіпші неміс Майерс Эльзас Лотарингия үшін соғыстырып ішіп жіберді. Ағылшын Принц «Жаңа жердің тез жетілген нәрестесі Сэм ағай үшін» деп тост көтерді.

«Сэм ағай» – ел ішіндегі Американың әзіл атауы. Түпнұсқада провозгласил тост – деп айтылса, аудармада тост арнады, тост көтерді деп екі рет қайталанған. «Нового Света» – Жаңа Жер деп алынған. Бірақ Жаңа дүниеге деп тұр ғой. Королеваны патша дегеннен гөрі патшайым деп алу мағынасы жағынан жақындайды. Дегенмен аудармашы тапқырлығы, ізденісі танылады. Мысалы: «Пришельцы из разных стран» мәтінін «Әр елден кұралған жұрт» деп аударған. Мұндай сәтті сөйлемдер аударма табысы.

Орысша: «Наступившие было неловкое молчание быстро рассеялось от его сердечного: «Эге, да у вас весело, ребята!» и Мейллют Кид тот час пожал ему руку. Қазақша аудармада «Тосырқап тым-тырыс болған жұрт, келген қонақ; Еге, жігіттер, көңілденіп отыр екенсіздер ғой!» - деп жылы сөйлегенде, жадырап сала берді, – Мейллют Кид жұрттан бұрын барып оның қолын алды.

Сөйлем тәржімасы әрлі, әсерлі. Қазақы мағынадағы айшықты тіркестер сөйлемнің мазмұнын ажарлаған. Оның үстіне «Эгені» «Ееге» алмастыру ұлттық ұғымға сәйкес. «Ребята» – «жігіттер» ұғымында жарасымды. «Ей богу молодчина!» ризалық ниетті «Кұдай ақына жігіт екен» деп тәржімелеген.

«Қасқыр баласы» әңгімесін аудармашы жақсы аударып шыққан. Мысалы, «Жизнь слишком коротка» деген қысқа сөйлемді «Өмір шіркін өте қысқа» деп берген. Шіркін – тандану, таңырқау сезімін білдіреді. Аңсау, сағыну ұғымын беру арқылы сөйлем мағынасын күшейткен. Шіркін өмір, шіркін жастық, шіркін дүние т.б.

Аудармада бірқатар кателіктер де ұшырасады. Мәселен орысша мәтіні «В Скаффе Маккензи с первого взгляда можно было

узнать пионера, осваивателя земель» сөйлемі қазақшалағанда – «Скрафф Макензидің бір көргенде-ақ жана жер меңгеруші пионер екенін танысыз». Осваиватель – меңгеруші емес – игеруші. Ал, пионер деп жаңа жерді іздеп табушыларды, қоныстанушыларды айтады. Ән айтып отырған топтың өлеңінің нашарлығын, ұнамсыздығын білдірген жазушы ойы орысшада: «Вернее всего, пожалуй, назвать его страшной» – деп баяндалса, қазақша мүлдем өзгертілген. Дұрысы «адамның зәресін алатын зікір» десе болар еді. Бірақ «песни и пляски» дегенді зікір деп алуы нанымды. Өйткені бақсылық бізге шаман дінінен таралған. Ендеше зікір салу бақсылықпен байланысты. Шамандардың зікір салып, отпен аластайтын әдеті болған. Орысшасында дәл бір өнер ұжымы ән салып, билеп тұрғандай елестейді. Қазақша аудармада бәрі нақты да түсінікті берілген.

Орысша: Вот Мойри, - продолжал он, – Злой дух перекошил ей глаз. Даже младенцы пугаются, глядя на нее, и говорят, сам медведь гризли уступает ей дорогу. Қазақшасы: – Мынау Мойра, – деді ол. Жын-пері көзін қисайтып кеткен. Жас бала қарауға қорқады, тіпті көк аю көрсе, оршып жол береді деседі».

Мәтін мағынасына мән берсек, шындығында да пері, жын-шайтанның айдалада түнеп немесе елсіз жерде ұйықтап қалғандардың аузын, мойнын қисайтып, басқа да жайларға ұшырататыны белгілі. Бірақ оршып деген сөз ұғымы әркімге түсінікті емес.

Орысшасы: «Наконец, он гулко ударил себя кулаком в грудь, точно в барабан, и заговорил: голос его звучал глухо, как шум прибоя в пещере на берегу океана.

Қазақшасы: Жұдырығымен дүрс еткізіп – деу дұрыс. Дүрс қойып деп қолданылмайды. Ақыр соңында ол кеудесін жұдырығымен дүрс қойып, сөйлей бастады: дауысы мұхиттың жағасындағы үнгірге соққан толқынның күніренгені сияқты.

Тақырып атаулары: Әйел ерлігі – Мужество женщины – Сила женщины. З. Львовский.

Орысша нұсқаларымен салыстыра саралап көрейік.

Орысшасы: Женщина была маленькая, но сердце у нее было большое, больше бычьего сердца мужчины. У нее было много

мужества ... Но это женщина любила своего мужа могучей любовью – только так можно назвать такую любовь.

Қазақша: Әйел кішкентай ғана кісі болатын, бірақ жүрегі өгіздей, еркектің жүрегінен де үлкен еді. Ерлігі де керемет болатын. Бірақ әйелдің еріне деген сүйіспеншілігі құдірет десе болғандай.

Ә. Оспанұлы «Махаббат құдіреті» аудармасында бұл мәтін «әйел құртақандай ғана-тын, ал ондағы жүрек қатты жалындаған жанартаумен тең десе де болады» деп берген.

Л. Бродскийде: Да, братья моя, женщина она была маленькая, но сердце ее было больше, чем жирное сердце мужчины. Что и говорить, стойкая была женщина! Но любовь в женщине была сильнее всего остального. Не думаю чтобы что-либо было выше любви. Түпнұсқада аударған аудармашы мәтінді өз түсінігімен жеткізген.

«Ақ азу» бес бөлімді повесть. 1948 жылы шыққан ағылшын тілінен Н. Волжина аударған. Өкінішке орай Т. Себепов атақты туындыны өте нашар аударған. Орысша мәтінмен салыстырмай-ақ, аударманың сапасыздығы бірден көзге түседі. Лондон шығармасын өрескел бұрмалаған. Бірнеше сөйлемдерді талдап көрейік. «Иттердің алдында бір кісі жалпақ лыжамен әрең жүріп барады. Иттер өте ажырасып кетті. Кенет қорқып, оттың дәл өзіне тығылып үйме-жүйме бола бастады, адамның аяғының астына да тығылып жатыр. Соған карағанда сенін денеңнің жартысы осы күнде-ақ қасқырлардың ішінде жүрсе керек». «Ол бір мәрте көзін ашқанда, өзіне қарсы қарап, екі оттың аралығында қаншық қасқыр сұқтана қарап отырғанын көрген. Ал тасыр-тұсырдың шығуы қандай кенет болса, тынуы да солай тынды». Сөйлемдердің синтаксистік құрылымының бұрыстығынан бөлек, сөздердің жиі қайталанып, тавтология болуы да автор ойын мүлде көмескілеген. Мысалға алынған сөйлемдердің сапасыз тәржіме екендігіне көз жеткіземіз. Әрбір сөйлем сайын аудармашының сәтсіздігі көзге ұрып тұрады. Логикалық қайшылық көп. Әрине, бұл 1950-60 жылдардағы аударма. Аударма деп атауға да келмейді. Аудармашы жазу өнерін жақсы меңгермеген. «Мартен Иденнің»

орысша аудармалары С.С. Заяцкий (1924), А.П. Колтоновский, В.А. Александрова (1925), Е. Калашникова (1972), Джек Лондонның казак тілінде кейін аударылған әңгімелері: «Мексикалық» (Өлеңмен аударған Н. Сейілханов, Семей таңы, 1988, 9-шілде. Ә. Оспанұлы «Махаббат күдіреті» 1977ж. 21 қыркүйек. Дж. Лондон шығармаларын кейіннен Ә. Жұмабаев, Д. Әшімханұлы аударды.

Поэзия классигі Уолт Уитмен

Американ әдебиетінің ірі шеберлерінің қатарында М. Твен, Дж.Ф. Купер, Г. Мелвилль, Т.Драйзер, Э. Хемингуэйлермен бірге У. Уитмен есімі құрметпен аталады. Оның «Шөп жапырақтары» туындысы – американ әдебиетінің ғана құнды поэзиялық мұрасы емес, әлем әдебиетінің асыл казынасындағы жыр жауһары. Кітапты оқып шыққаннан кейінгі тың әсерін хатында жеткізген ірі американ философы, көрнекті ақын Ральф Эмерсон: «Сіздің «Шөп жапырақтарыңыз» қандай құнды тарту екендігін тек соқыр ғана көрмеуі мүмкін», «даналықпен әрі талантпен жасалған жоғары әрі өзіндік болмыстағы дүние» деп ықылас білдірді. Ағылшынның көрнекті әйел жазушысы, әлемге «Бөгелек» романымен кеңінен танылған Эйтель Войничтің қаламгерлік қолтаңбасының калыптасуына Уитмен лирикалары себеп болған. Жазушы «Мен оның кейбір өлеңдерін жиі-жиі қайталап оқып шығамын және олар маған барған сайын ұнаған үстіне ұнап барады» деп жазған құрбысына.

А.В. Луначарский: «Уитмен «жабық жүректі адам» деген ой айтты. Ақын поэзиясының бар қыр-сырын ашқан көрнекті американдық зерттеуші Гей Аллен «Американ әдебиетінде биографтар мен сыншылар үшін дәл Уолт Уитмендей жұмбақ болған басқа өкілдерді атаудың өзі қиын» деп жүрекжарды лебізін жазды. У. Уитменге арналып 100-ден астам кітап жазылды, оның шығармашылығына арналған мақалалардың өзі сан мыңдаған. Алайда Уитмен шығармашылығына деген теріс көзқарастар да ұшырасты. Мәселен Лесли Фидлер «Шөп жапырақтарының» авторы өмірде де, шығармашылықта да тек қана

қу болды десе, Генри Кенби аталған кітапта АҚШ-тың экспансионизмге, басқа аймақтарды жаулап алуына ұмтылысы көрсетілген деді.

Алғашқы Уитмендер Жаңа Дүниеге XVII ғасырдың ортасында қоныстанды, олар Лонг Айленд аралын иеленді (Ақын оны үндіше «Поманон» атауымен атауды ұнатты). Уолт Уитмен 1819 жылы 31 мамырда Уэст Хиллс бекетінде дүниеге келді. Балалық шағы Лонг-Айленд аралындағы Ван Вилсор фермасында өтті. Кешқұрым өрістен қайтқан сиыр табынына, қалайы және күміс қоңыраулардың үніне, кешкі самалмен гүлдің жұпары бұрқыраған ауаға, батып бара жатқан күнге қызыға қараған бала қиялында болашақ жырлары жалындады. Лонг Айленд бұл жайылым мен егіс даласы, шетсіз, шексіз мұхитпен де жалғасатын. Ол өз өлеңінде «Өсу, денсаулық, еңбек» деген жолдармен балалық өмірбаянын өрнектеді. Ақын табиғатты бала көзімен поэтикалық танымда бейнелеуге ұмтылды.

Ол алғашқы еңбек жолын типографиядан бастамақ болды. Бірақ үнемі бір орынға тұрақтамай, жиі-жиі жұмыс ауыстырды. Уолт замандастарының айтуынша, нағыз жалқаудың өзі еді. Көптеген өмірбаяндық еңбектерде оны «ұлы жалқау» деп атаған. «Ұлы жалқау» ұлы ақындық даңққа онайлықпен жеткен жоқ. Есейе келе саясат пен адамгершілік мәселелеріне араласа бастады, пікірталас клубтарында өз ойын дәлелдеп жүрді. Жасөспірім Уитмен «Лонг-Айленд демократ» газетінде әріп теруші болып жұмыс істеді, кейде әдеби материалдарды жеткізумен айналысты. Жалқаулық салдарынан бұл орыннан да кетуге мәжбүр етті. 20 жасар Уолт өзін кәсіби журналист ретінде таныта бастағанда, 1898 жылы смиттаундық достары оған жеке «Лонг-Айленд» газетін ашуға көмектесті. Газетте өзі редактор, өзі теруші, өзі тасып жеткізуші міндетін атқарды. Алғашқы туындысы «Мұғалім қаламынан шыққан шуақты очерктер» деп аталады. Жас моралшы темекі тартуға, тіпті кофе ішуге қарсы ой айтты. Әсіресе ақшаға құнығуды өткір сынады. Алғашқы өлеңі де осы тақырыпқа арналды. Уитменнің алғашқы поэтикалық шығармалары романтизм рухында жазылды. Ол өмірге көзқарасын Э. По, У. Брайент т.б. романтик ақындар

шығармашылығы негізінде қалыптастырды, олардың поэзиясына еліктеді. Алғашқы көптеген романтикалық өлеңдерін Уитмен 20 жасында жазды. Бізге белгілі өлеңдерінің біріншісі «Біздің болашақ тағдыр» (1838) «Лонг-Айленд» апталығында басылды. Автор 23 жасқа аяқ басқан шақта «Франклин Иванс немесе маскүнем. Біздің уақыт туралы хикаят» атты повесін жазды.

Уитменнің қиялынан туған шығарма ішімдіктің зияндылығын әшкереледі. 30 жасында Уитмен жиі-жиі жыр жазды. Новелла, әңгімеге талпыныс жасап көрді, бірақ табысқа жете алмады.

40 жылдары Уолт ең алдымен журналист, газет редакторы болды. Он жылдың арасында бірнеше басылымда қызмет істеді. Олар: «Нью-Йорк Аврора», «Ивнинг татлер», «Нью-Йорк демократ», «Нью миррор», «Стар», «Бруклин и игл», («Бруклин қыраны»), «Бруклин фримен». Ең соңғы жұмыс орны «Бруклин қыраны» газетіндегі редакторлық қызметін тастауына себеп – консерваторлармен арадағы келіспеушілік, саяси көзқарастарының ымыраласпауы. Ақын құлдыққа қарсы күреске жыр арнамағанымен, оған батыл үн қосты. Алғашында ол аболюционистерді фанатиктер деп атаған болатын. Кейіннен «Қанды ақша», «Достар үйінде жараланды» өлеңдерінде құлдық бұғауынан босануды қолдап, ашық күреске шықты. «Біз қайта түлейміз» – Еуропадағы орта ғасырдағы революциялық қозғалыстарға қосылған ақындық жарқын үн.

«Шөп жапырақтары» жинағы ізгілікті рухта жазылған, адамды, адамзатты сүюдің жарқын мұраттарына құрылған. Уитменнің қарапайым еңбекші халықпен етене араласуы өмірді терең білуіне, әлемді поэтикалық сезінуіне ықпал етті. «Шөп жапырақтары» толық мәтінімен 1855 жылы жеке жинақ болып шықты. Кітапта «Өзім туралы жыр», «Ұйықта-ғандар», «Электр дене жайлы жырлаймын» поэмалары жарық көрді. Екінші рет 1860 жылы басылғанымен, соғыс басталып кетіп, кітап таратылмай, баспа шығынға батқан. Ақынның көзі тірісінде кітап 10 рет қайта басылып шыққан. Уитменнің кітабына Англияда да, АҚШ-та да көрнекті әдебиетшілер дұшпандық пиғылмен қарады. Алғашқы оңды пікірді «Норт американ ревью» журналы жазды. Кезінде танымал әдебиетші Эдвард Хейя «Уит-

мен жырлары өзінің тосындығымен, қарапайымдылығымен және шынайылығымен ерекшеленеді» деп жазды. Ағылшын ақыны Д.Г. Россетти Уитменді «Американың ұлы жыршысы» деп атаған. Оңтүстік Америкалық ақын Сидни Ланьер (1842-1881) «Мен сіздің кітапты оқу арқылы сұлулық сезімін сынақтан өткіздім әрі ләззат алған кешті бастан өткердім» деп шынайы ризашылық білдірген. Алайда ақынның өлеңдік түріне көңілі толмады. Расында да Уитмен өлеңдерінің әр жолы ұзақ сөйлемге ұқсап кетеді.

Ал ағылшын газеттері Уитменге теріс пікірде болды, шығармасын «лас» дегенге дейін барды. Лондон газеті «Критик» «Уолт Уитмен шошқаның математикамен таныс еместігі сияқты, өнермен де соншалықты аз таныс» деп авторды сынға алды. Ол дәстүрлі, пуритандық үлгіде жазбады. Ақын адамның келбет-көркін, ақыл-ойын құштарлықпен жырлады. Мұны жете түсінген «Юнайтед стейтс ревью» журналы «Ақыр аяғында американдық ақын дүниеге келді» деп таңдана тұжырым жасады. Кітапты оқып шыққан философ, ақын Ральф Эмерсон, болашақ ел президенті Абраам Линкольн шынайы, жүрекжарды ойларын білдірді. Генри Ренкиннің айтуынша Линкольн Уитменнің кітабын жоғары бағалап, ұстаным батылдығын, сезімдерді бейнелеудегі тосындығын, сондай-ақ бейнелеудегі өзіндік сипатты ерекшелеп атаған. Эмерсон кітаптың қалың көпшілікке таралуына жанашыр болып, оны философ Томас Карлайлға жіберді. 1856 жылғы 6 мамырдағы жолданған хатта «Шөп жапырақтары» – американдық талассыз кітап деп танылды.

«Шөп жапырақтары» әдеттегі нақылдық түрдегі арнау өлеңдермен басталған. Уитмен тіпті толығымен көне поэтикалық жанрлардан, атап айтқанда ода, баллададан т.б. бас тартты. Ақын жырларының маңызды бір ерекшелігі – «сюжетсіздігі». Оның ауқымды поэмаларының өзінде қандай да бір кейіпкердің өмірбаяндық жолы жалғастықпен сипатталмайды, ақын оқиғаларды бірінен соң бірден өрбітіп әкетпейді. «Өзім туралы жырда» – ақынның кейіпкері, оның философиялық әлемі, болмыс-бітімі барынша толық сипатта ашылады. «Адамның балалары» топтамасы махаббат лирикаларынан құ-

ралған. Оған «Электр дене жайлы жырлаймын» поэмасы енген. «Көтеріліс жырлары» Еуропадағы еңбекшілердің революциялық күресіне арналған. Уитменнің реализмі романтизмімен үйлес әрі онымен қайшылықты. Ақынның ірі шығармасы «Өзім туралы жырда» анағұрлым тұтастықта көрінді. «Өзім туралы жыр» құлдар және құлдыққа қарсы күреске арналған поэма емес. Поэма өзегінде ақынның өзі бейнеленген. Кейіпкерлер көп. Ақын басқаны кім кемсітсе, оның мені кемсіткені деп батыл айтады. Адам болмысы көтеріңкі рухта жырланады. Мұның өзі оқырманды таңдандырады. Ақын «Пионер» өлеңінде Америка құрлығына алғаш қоныстанушыларды, жаңа, батыл, жігерлі адамдар деп бейнелейді. Адамдардың махаббаты мен достығын Уитмен ондаған жырларына арқау еткен. Ол адал адамдағы құндылық пен парасаттылықты биік бағалайды.

Адамдар – асыл қасиеттерін қадірлеп, жыр тілімен өнегелеуші ғана емес, табиғат сұлулығын бейнелі тілмен көркем кескіндеуші. «Қуаныш жыры» поэмасында ақын табиғат көрінісін суреттеудің керемет шебері ретінде танылады. Ол табиғаттағы тыныштықты бағалайтын адамды жиі бейнелейді. Буырқанған дауылды теңіз, жайқалған жасыл майсасы сыңсыған ормантоғайы – ақын жүрегіндегі табиғат сұлулығының сырлы суреттері. Ақын жырын оқып отырып еменді, қарағайлы орманның саясында гүлдің жұпар иісімен, таза ауаны жұтып сейілденгендей әсерге қанығасың. Алғашқы обсерваториялар 1840-50 жылдары Америкада Цициниатиде, Филадельфияда, Кэмбридже ашылды. Уитмен жасынан барлық ғылымдардың ішінде астрономияны ерекше ұнатты. Ол сол кездегі ғылымның жетістіктерін поэзиясына құштарлықпен үйлестіре білді. Сұлулық бар қырынан көрінеді деп эстетикалық талғам биіктігін білдірді.

Уитмен поэзиясы – биік өнер. Ол әлеуметтік көзқарасы жағынан ғана күрескер емес, өлең түрін жанартуымен поэзиядағы күрескер болып қалды. Оның жырдағы «ырғақты стилі» – өзіндік ізденіс жемісі. Ол өте күрделі үйлесімдегі түрлі классикалық өлең өлшемін сәтті пайдаланған. Өлеңдерінің силлаботоникалық өлшемге жақындығы байқалады. Ақын екпінді буындарға, әсіресе, ішкі жолдардағы жүйелі қайталанатын кі-

дірістерге ерекше мән береді. Уитмен өлеңнің ырғақтық өрнегін байытуда осындай кідірістерді орынды пайдаланады. Синтаксистік параллелизм, қайталау өлең өрнектерін күшейте түседі.

Ақын үндістер өмірін де жырлаған. Оны үндістердің қиялы мен тіліндегі поэтикалық сипат баурап алды. «Осцеоло» (1890) өлеңінде ол семинолдар тайпасының көсемі бостандық сүйгіш, ержүрек Осцеолоны бар болмысымен көркем бейнеледі. Ол бірде «Калифорния үлкен және кіші қасиеттілерге негізделген есімдерге басынан аяғына дейін толы. Оларды үнділік атауларға ауыстырып, мүлдем аулақ тастандар. Бірде бір ел төл атауларсыз өлеңдерді жасай алмайды. Қалайда Қасиетті Лаврентийдің орнына Ниагара болсын» – деп Сент-Луис, Жаңа Орлеан, Сент-Поль тәрізді ірі қалалардың атауларын ауыстыру қажеттілігін алға тартты.

Ақынның «Өзім туралы жыры» өз басындағы адамгершілік қасиеттерді, ерекшеліктерді қамтыған. Бір жағынан американдық өмірді жинақтап жүйелеген, қоршаған ортадағы шындықтың көпқырлылығын көрсететейін поэтикалық көркемдіктің айнасы.

К. Чуковский Уитмен өлеңдерін ағылшын тілінен орыс тіліне аударған. Ақын поэзиясына деген сүйіспеншілігін «Уолт Уитмен – менің жастығымның пірі болды» деген сөздерімен білдіреді. Ол 1901 жылы Одесса портында ақынның кітабын оқыған әсерін «Бұл алыптың кітабы ... Мен оның дүниені қабылдаудағы тазалығына таңқалдым және мені қоршаған дүниенің бәріне, жұлдыздарға, әйелдерге, шөптің сабағына, хайуанаттарға, теңіз көкжиегіне, адамзат өмірінің барлық қажетті нәтижелеріне жаңаша көзқараспен қарай бастадым. Мұның бәрі менің көз алдыма сансыз мыңдаған ғасырдың аясындағы миллиондаған күндерді жарқыратып тұрды» деп бөліседі.

1906 жылғы жазған мақаласында К. Чуковский «Уитменді орыс ақыны жасаудың реті келіп тұр» деп аудармаға шындап кірісетінін айтқан. Аудармашы 1907 жылы бірнеше өлеңдерінен үзінділер аударған. Петербург университетіндегі тәржімелеген өлеңдерге көңілі толмай: «Аудармалар әлсіз, маған енді оны оқудың өзі ұят» деп ақталады. Аудармашы кейіннен түпнұсқаға барынша жақындап, оған 1918 жылы сын көзбен қарап, қайта

аударып шыққан. Уитменнің орысша аудармалары 1922-35 жылдары 9 рет басылып шықса, 1944 жылы оныншы рет жарық көрген. Ол бұрынғы аудармаларына қарағанда сапалы да толық болып шыққан. «Американдық ұлы ақынның өлеңдерін барынша толық аударудың танымдық құндылығы да ұланғайыр. Өлеңдер жанрлық белгілері немесе хронологиялық жалғастық бойынша бөлінбеген, өз қабылдауындағы реттілікке сәйкес орналасқан»-дейді аудармашы.

Уитмен поэзияда ең бастысы мағына деп санады, ал әуезділік, терең әрі өмірлік ойларды сүйемелдеу қажеттілігінде оқырман жүрегіне жол табуға көмектеседі. 1881 жылғы «Қазіргі Америка поэзиясы – Шекспир – болашақ» мақаласында осылай жаза келіп, «сол кездегі ақындардың ең басты қателігі – рухани қорқақтық, шынайы сезім мен нағыз патриотизмнің жоқтығы әрі әркімнің өзіндік эстетикалық ауруы» деп атап көрсетті.

Уитменнің Америка поэзиясындағы алатын орны ерекше. Оның поэзиясының көркемдік көкжиегі кең. Поэзиясында Америка ғана емес, Азия, Еуропа құрлықтары сипатталған. Ақын лирикаларының нәзік нақыштары – ізденіс даралығы. Жырлары философиялық ойлардың тереңдігімен ерекшеленеді. Ақынның американдық әдебиетіндегі жаңалықтарын замандастары лайықты бағалады. Ірі әдебиеттанушы Т. Элиот «Уолт Уитмен қазіргі поэзияға үлкен ықпалын тигізді. Бұл мағынада Уитменді соншалықты ірі ақын болмаса да, поэтикалық стилдің шынайы реформаторы сипатында көрінетін Джерард Мэнли Хопкинспен салыстыруға болады»-деп бағалады.

Уитмен поэзиясының басты өзгешелігі – өлеңге өзіндік түр енгізуі. Оның бір жолы проза сөйлеміндей ұзақ. Оны түсініп, түйсіну де оңай емес. Бұдан бөлек американдық поэзиясының көркемдік-идеялық әрі образдық сипатына жаңа өзгеріс енгізді.

У. Уитмен поэзиясын оқырмандарға классикалық сипатында жеткізуге талантты орыс аудармашылары аянбай атсалысты. К. Чуковский классик поэзиясын жанаша аударып шықты. Ағылшын, американдық поэзиясын аудару шебері С. Маршак та Уитмен өлеңдерін аударды. М. Макаев екі атақты аудармашы-

ның талант деңгейін жете білген. Сол аудармаларды ғана қазақшалаған. Уолт Уитмен поэзиясының қазақ тіліне құндылығымен, көркемдік-идеялық мазмұндылығымен, эстетикалық танымдылығымен, философиялық сипатымен сәтті аударылуы – көрнекті ақын, талантты аудармашы Мұқағали Мақатаевтың биік шеберлігі әрі жемісті ізденісі. Ол Уитмен өлеңдерінің ішкі мағынасын тереңнен түсініп және ең сапалы да салмақты аудармаларды дара талантқа тән талғаммен айқын таңдай білді. М. Мақатаев американдық классик ақынның өлеңдерін толық аударуды көздемеді, танымал тәржіме шеберлері С. Маршак пен К. Чуковский аударған туындыларды ғана қазақшалады. Егерде орыс аудармашылары Уитмен поэзиясын қаншалықты дәлдікпен, мағыналық жақындықпен әрі бейнелілік сипатымен жеткізуді дйттесе, М. Мақатаев оны қазақ оқырмандарына барынша жақындатты. Атақты ағылшын ақыны Уильям Уодсворт «Жақсы аударманың өзі жаңғырық» десе, Мұқағали оны поэтикалық тереңдігімен, сыршылдығымен, сұлулығымен көпшілікке жеткізді. Ең бастысы өлеңнің интонациясын, ырғағын, күрделі стильдік мәнерін сактай келе, оны қазақ өлең құрылысына тән ұйқас, ішкі ырғақпен көркемдік көкжиегін айқын танытты. Мәселен «Поэтам который будут» өлең тақырыбын «Болашақ ақындарына» деп мәнін айқындап ашты.

Поэты, которые будут!
Певцы, музыканты, ораторы!

Уитмен поэзиясы орыс тіліне жиі аударылды. Толық тәржімасы 1982 жылы Мәскеудің «Художественная литература» баспасынан шықты. Талантты ақын Мұқағали Мақатаев аударған шағын жинақ 1969 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрді. У. Уитменнің поэзиясы күрделі, өлең өлшемдері өзгеше проза сөйлеміндегі ұзыннан ұзақ бір жолға жетеді. Оны сол қалпында аудару қиын. Басты қиындық түпнұсқа үлгісінде қалса, оқырмандардың түсінуіне ауыр тиеді. М. Мақатаев өзінше тәржімелік тәсіл іздеген. Ақынның философиялық ойларын негізге ала отырып, қазақ өлең үлгісінде көркемдеп қайта

жырлаған. Уитмен поэзиясына талғаммен қараған. Мұны өлең атауларының берілуінен көреміз. «Поэтам которые будут» ақындық жолды қуған талапкерлерге арналған туынды. Аудармашы мұны «Болашақ ақындарға» деп нақтылаған. Ақын өлеңдері бейнелеу мәнерін басты шарт санады. Бұл поэзиясынан көрініс тапқан.

Шабытты шумақтарды аудармашы төл туындымыздай тәржімалаған. Кейбір сөздерді қазақы атауымен берген. Мысалы: певцы – жыршы, музыканты – күйші. Немесе: «Я сам напишу для будущих дней два-три указующих слова» деген бір ғана өлең жолын екіге бөліп «Жөн сілтер бірер сөздерді, жазам да алғы күн үшін» деп, келесі «Кеземін қайта түн ішін» деген поэтикалық жолмен ұтымды үйлестірген. Ақын екі-үш сөз деп санамалап көрсетпей, бірер сөздерді деп ойды жинақтаған.

Соңғы шумақтардың бірінде:

«Вам предоставивь его разгадать и создать отчетливый образ.
Главного жду от вас» (Ағылшын тілінен С. Маршак аударған)

Қазақшасы:

Қалдырып көркем бейнені,
Жаса деп жанды, ірісін,
Сендерден ғана салмақты ой,
Сарыла күту – жұмысым.

Ақын жанын ақын ғана түсінеді. Уитменнің ойына тереңдеп енген аудармашы айқын образ жасауға ерекше мән берген. Ақын поэзияда образдылықты алға шығарады. «Образы» өлеңінде:

Могущество, земное – образы,
Крупный полношарый образ.

Бұл аудармадан өз сипатын тапқан.

«Когда я, как Адам» өлеңі «Адам ата сияктанып» деп тәржімеленіпті.

Орысшы аудармасы:

Когда я, как Адам, крепко выпавшись, выхожу на рассвете, из
лесного моего шалаша,

Посмотри на меня и послушай мой голос, подойди ко мне ближе,

Трон меня, трон моего тело рукою. Не бойся тела моего.

Уолттың осынау ұзақ жолдарын тура тәржімелеу өлеңнің мұндай түрімен таныс емес оқырмандарға ауыр тиеді. М. Мақатаев поэзияны ұлттық ұғымға, нақышка сай аударған. Ақын ойының тұтастығын сақтауға ұмтылған.

Адам Ата сияктанып, ертеңгі алаң-елеңмен,
Ағаштардың аясында сеп-сергек боп келем мен.
Даусымды есті, жақын кел! Үңіл маған, ұстап көр,
Мамықтайын алақанмен сипай бергін, көнем мен,
Жанай өтсем, шошыма сен, жамылғысыз денемнен.

Өлең аудармасында түпнұсқа үнемі сақтала бермейді, бір нәрсе қосылады, өзгереді, бірақ мағына сақталуы тиіс. Мұнда ормандағы лашықтан деген тіркес жоқ. Оның орнына орманның таза ауасын жұтып сергек келе жатқан лирикалық кейіпкерді сеземіз. Келесі екі жол да орысша нұсқасына жақын. Мағыналық сәйкестік сақталған. «Денеме қолыңды тигіз» дегеннен «Мамықтайын алақанмен сипау» сәтті шыққан. Не бойся етістігі қорқу, үрейлену болса, аудармашы шошыма деп алған.

Әр өлеңнің тақырыптық, мазмұндық ерекшелігі бар. Әр өлең белгілі бір тақырып аясында мәселе көтереді, ой айтады. Ақын поэзияда бірнеше саланы, ғылымды қамтиды. Аудармашы Уитмен поэзиясының ерекшелігін терең сезінген. Мұны келесі өлеңдер аудармасынан аңғарамыз.

Я слышал вас, торжественно –
нежные трубы органа в это воскресенье, проходя мимо церкви –

Қазақшасы:

Сені естігем, салтанатты нәзік үні органның,
Жексенбіде жанай өтіп, шіркеу жакта болғанмын –

деп баламалы берілген.

Тақырыптар кейде өз қызметін күрделендіріп жібереді. Соның бір дәлелі – «Шөп жапырақтары». Зерттеуші Н.В. Хоменко дәлелдегендей: «Шөп жапырақтары» – бұл символ. «Жапырақ» сөзі жас өркен мағынасында қалыптасу, өсу қозғалыс үдерісін тұспалдау. Екі сөзде – «Шөп жапырақтары» бірге – үшінші мағынаны да оның бөліктері мен тұтастығының органикалық бірлігін де білдіреді.

«Шөп жапырақтарын» Уитмен өмір бойы қайта жазып, өңдеп, толықтырып, өзгертіп отырған. Оған кейіннен « Өзім туралы жырды» қосқан. Оның жазылуына Р.У. Эмерсонның «Ақын» эссесі себеп болған. «Шөп жапырақтары» – ұлы, қуатты, табиғи туынды.

«Летописцы будущих веков» өлеңінің тақырыбы - «Болашақ ғасырдың шежіресіне» деп тәржімеленген.

Напечатайте имя мое и портрет мой повесте повыше,
Ибо имя мое – это имя того, кто умел так нежно любить.

Қазақшалануы:

Тасқа басып атымды
Суретімді іліндер биігірек төрлерге.
Талып, нәзік кім сүйсе,
Менің атым сол дендер.

Тасқа басу тіркесі аты-жөнді басылымға, кітапқа шығару мағынасында айтылса, ақын портрет сөзін баршаға белгілі суретпен ауыстырған. Жоғары, биікке іліндер деп аударудан гөрі төрге ілу қазақ оқырмандарына түсінікті. Нәзік сүю, талып сүю, құштарлықпен ынтыға сүю арқылы ақынға деген халық махаббатының шексіздігі айқындалған. Орыс аудармасындағы «ибо имя моя – это имя того» деген ақын атын асқақататын тіркестерді махаббат аясына сыйғызған. Өйткені ақын – қашанда халық сүйіктісі.

Поэзияда көз көрмеген теңіздің, мұхиттың суреттелуін аударуда ақындық сезімталдық, қиял, суретшілік таным керек. Бұл – Мақатаев бойында жинақталған ерекшеліктер. Мұны

табиғат лирикасы аудармасынан көреміз. Орысшасы: «О дикая и мрачная буря ночная – о рычающий и бешеный шторм». Жыр жолының тәржімесі: «Түнгі дауыл сұрқай бір еш ырыққа көнбеген». Орысшасында аласұрған, жойқын, сұсты да сұрқай теңіз дауылы бейнеленсе, мұнда барлық бейнелі сөздері түсіп қалған. Түнгі дауылдың ырыққа көнбеуі сипатталған. «На белеющий берег падают капля за каплей, и их поглощает песок». Қазақшасы: «Тамшыдан соң тамшы кеп, жағалауға тамады, құм қылғытып алады». Ал келесі жол аудармасы орысшасымен баламалы. Тек жағалаудың ақ көбіктеніп, ағаратыны айтылмаған. Аудармада бәрін түгендеу мүмкін емес. Аударғанда да, көркемдік сипаты дәл осылай шықпас еді.

Поэзия аударуда толық баламалыққа жету өте қиын. М. Мақатаевтың зор таланттылығы американ классигін орысша аударса да, ақын ойын айнытпай бере білген. Мұнда орган, труба орнына керней үні алынған. Мұндай музыка аспабын арнайы концерт залында ғана көретін оқырманға түсініксіздік туғызады, аудармашы орган үнін ерекшелеген. Органның үні өзінше әсерлі, өзінше әуенді, кейде күніреністі естіледі. Орысша аудармасы:

Осенние вихры, в потьмках, в лесу,
я слышал ваши протяжные вздохи, и была в них такая тоска;

Қазақшасы:

Естігенмін қараңғыда, құйынды күз,
ортасында орманның – күніренген күрсіністен көкірегім толған мұң.

Бір қарағанда ой орысшасымен сәйкесіп тұр. Қазақшасы жатық та жағымды. Бейне органмен сүйемелденіп, айтылып тұрған тәрізді. Келесі шумақ:

Я слышал чудесного итальянского тенора в опере,
я слышал сопрано в квартете;

Қазақшасы:

Операдан ғажайып бір Италия тенорын да тыңдағам,
Квартетте сопрано сыңғыр үнін сырлаған.

Аударма баламалы. Мұны музыкалық білімі бар аудармашы болмаса, дәл осылай сәйкес, мәнерлі, мағынада аударма алмас еді. М. Макатаев Уитменнің поэзиядағы жан сырын және ондағы музыканың ерекшелігін тереңнен сезініп, ақын ой-түсінігіндей аударған.

Ақынның махаббат жырлары жалынды сезім, қызу жан құштарлығына толы. Мұны аудармашы да дөп басып байқаған.

Орысша нұсқасы:

Ты сердца моей любви, тебя тоже я слышал когда ты обняла мою голову,
Слышал твой пульс, как в ночной тишине он звенел над моим ухом
бубенцами.

Қазақшалануы:

Дел-сал түнде махаббатым, басымнан сен құшқанда,
сенің дағы қан тамырың өнбойымда тулаған,
Құлағымның дәл үстінде қоңыраулатып тынбаған.

Орысшамен баламалығы бірден айқындалады. Поэтикалық көркем тілдегі барлық сөздер үйлесім тапқан. Сұлу сөздер сезімді тербетіп, сыңғырлап тұр.

Уитмен жырының тақырыбы сан алуан. Табиғат та, махаббат та, туған жерге, елге, сүйіспеншілік те, әлеуметтік, саяси, азаматтық лирикалар да бар. Сондай өлеңдердің бірі – «Для тебя, демократия» – «Демократия сен үшін». Мұнда Уолттың азаматтық асқақ үні айқын. Адамзатқа демократияны қорғауға жар салып тұрғандай.

К. Чуковский аудармасы:

Вот я сделаю всю сушу неделимой,
Я создам самый великолепный народ из всех озаряемых солнцем.
Я создам дивные страны, влекущие к себе, как магниты.
Сплоченные любовью товарищей,
Дерзновенной любовью товарищей.

М. Макатаев тәржімасы:

Көресіңдер, бөлінбейтін етемін мен құрлықты,
Бәрін жинап, бұрын болып көрмеген, жасаймын халық бір мықты.

Керемет бір ел жасаймын арасынан қыл өтпес,
Біріккен ниеттестердің, ықыластың ерлік мекені.

Аудармада «күнмен нұрланған», «ең тамаша» тіркестері орнына «бір мықты» деп халық сөзіне ұтымды алған. «Бірін-бірі магниттей тартатын» деген бейнелі жолдардың орнына «арасынан қыл өтпес» деген тұрақты тіркеспен баламалы берген. Ақын қайталауларын аудармашы пайдаланбаған. «Приснился мне город» – «Түсіме қала кірді»- өлеңінің орысша бір шумағы:

Мне снилось, что это был город Друзей,
Такого еще никогда не бывало,
и превыше всего в этом городе крепкая ценилась любовь.

Аудармасы:

Мекені екен Достардың түсіме енген сол қала,
жарығында жалғанның бұрын-соңды болмаған.
Сол қалада махаббат барлығына бас болған.

Екінші жолы орысшасынан гөрі әсерлі. Үшінші жолда махаббатың бәрінен де биік әрі күшті бағалануы айқындалса, М. Мақатаев трансформациялық тәсілмен, сәтті алмастырған. Яғни, махаббаттың бәріне бас болғанын, бәрінен жоғары тұрғандығын нақтылап көрсетеді.

Ақынның лирикалық кейіпкерімен сырласатын ішкі монологындағы айтар ойын айқын сезініп, дәл жеткізу аудармашының ішкі сезімін, болмыстық үндестігін қажет етеді. М. Мақатаев У. Уитмен поэзиясының табиғатын тереңнен танып, мағыналық ерекшелігін көңіліне зерделеп түйген. Тағы бір жыр шумағын талдайық:

И я бегу любимого тихого леса,
Я не стану бродить по лугам,
Я не пойду, не разденусь, чтобы встретится с моим любовником – морем,
Я не стану прижиматься моим телом к земле, чтобы тело обновило меня.

Қазақша тәржімесін салыстырайық:

Мен де кетем орманнан, сайрандаман шалғынмен,
Бара алмаймын шешініп, махаббатым-теңізге,
Бой сергітіп, Ана жерге жата алмаймын бауырыммен.

Аудармада «сүйікті, жайлы орманым» түсіп қалған, екіншісінде де «шалғын кезіп жүрмеймін» десе, аудармашы мұны жинақтап бір жолға сыйғызған. Орыс аудармашысы «любовник» нақсүйерім десе, қазақ аудармашысы мұның оқырман түсінігіне тұрпайылығын ескеріп, баршаға ортақ махаббат сөзімен алмастырған. Соңғы шумақта жерге бауырын төсеу ұғымы айтылса, М. Мақатаев оны Ана - жерге әрі бауырыммен жата алмаймын деп әсерлі тәржімелеген.

У. Уитменнің өлендері философиялық ойға толы. Ақынның көреген көңілі кейде алдағы ғасырларды болжағандай. Ой тереңдігі, мағына астарлығы аудармада да абай болуды талап етеді. Сондай бір жыр шумағының орысшасы:

И такие прелестные ветры создает он из тихого ужасного смрада,
И с таким простодушным видом каждый год обновляет
она свои щедрые, пышные всходы.
И только услад дает людям,
а под конец получает от них такие отбросы в обмен.

Қазақшасы:

Не сұмдық сасық иістен соқтырып самал керемет,
Жайдары жүзбен жыл сайын, жаңартып бәрін не керек,
Жайкалып көктеп тұрады салтанатпен төңірек.
Адамдарға соншама ғажайып заттар сыйлайды,
Ақысына олардың коқыстарын жинайды.

Аудармашы «не керекті» алғашқы жолдағы «кереметке» ұйқастырып алған. Уитмен бәрін жаңартып жасау қажеттілігіне тоқталған. Үшінші шумақты жаңару ұғымын толықтырып тұрған «свои щедрые, пышные всходы» тіркестерін күшейтіп, төңіректің салтанатпен жайқалып көктеп тұратыны бейнелі берген. Соңғы шумақ мағыналық жағынан орысшасымен сәйкес. Жырдың сәтті тұжырымы, нақты ой түйіні.

М. Мақатаев поэзия аудармасы туралы зерттеулермен үнемі оқып, танысқан. Ол Уитмен өлендерінің мән-мағынасын терең түсініп сәтті тәржімалаған. Классикалық мұраның құндылығын жете сезінген.

Жыр жаңашылы Лонгфелло (1807-1882)

Көптеген Еуропа халықтарының тілін жетік меңгерген, бірнеше әдеби сыйлықтардың, Еуропа сыйлықтарының иегері ақын, Гарвард университетінің профессоры, Оксфорд және Кембридж университеттерінің құрметті докторы Генри Уодсуорт Лонгфелло – американ әдебиетінің классигі. Эмерсон тілімен айтқанда, «нәзік те сұлу жан» поэзияда жаңашыл, әдемі жырларымен оқырмандарын баурап алды. Ол өзіндік болмыстағы жарқын поэтикалық мұраларының саны жағынан американ поэзиясында Э.По-дан кейінгі орында. Лонгфеллоның поэзиялық туындыларының бәрі жоғары бағасын алған жоқ. Ақын өзінің талантқа тән ізденісімен тез арада классик атанды. Лонгфелло үнемі жазумен айналысты, көп еңбектенді, қартайғанша қолынан қаламын тастамады. Оның қайталанбас ұлттық бояудағы көркемдік идеялық құрылымдағы поэзиясы Уитмен, Фрост т.б. тамаша таланттарды тәнті етті. Ол өмірінің едәуір бөлігін теңізде саяхаттаумен өткізді. Мұның әсері көптеген лирикалар мен балладаларында, поэмаларында теңіз көріністерінің жырлануына әсерін тигізді.

«Мэйфлауэр» («Мамыр гүлі») кемесімен американ жеріне алғашқы пуритандық қоныстанушылар қатарында болашақ ақынның ата-бабалары да болған. Оның эпикалық шығармаларында пуритандық тақырып үнемі көтерілді. Оған Генри есімі бекерге қойылмаған. 1804 жылы Триполиде «Интерпид» атты кемесімен жау қоршауына түскенде берілмей, өзін-өзі жарып жіберген ержүрек ағасы, теңіз лейтенанты Генри Уодсуорт есімін мұрагерлікке алды. Г. Лонгфелло – американ әдебиетінің көрнекті өкілі. Оның есімі дүниежүзі әдеби қауымына 19 ғасырда-ақ танылды. Ақын шығармалары әлем халықтарының тілдеріне бірнеше рет қайта аударылды.

Г. Лонгфелло 1807 жылы 27 ақпанда Портленде қаласында (Массачуссетс штатында) туып, 1882 жылы қайтыс болған. Ол жаңа ағылшындық заңгер отбасында дүниеге келген, 8 баланың екіншісі. 1821 жылы Бодоин колледжінде оқып жүргенде үндістер өмірі туралы тарихи-этнографиялық материалдар

ды зерттейді. Бірнеше тілді жетік меңгеріп, аудармамен де айналысқан. Дантенің «Күдіретті комедиясын» сәтті аударды. «Ловел Пондта жанындағы шайқас» атты тұңғыш өлеңі 1820 жылдың 17 қарашасында жарық көрді. Ол Американың ірі университеттерінде Еуропа елдері тілдерінен дәріс оқыды. Жаңа тілдер кафедрасын басқарды.

Ақынның 1830-40 жылдары жазған шығармалары еліктеу сарынында. «Теңіздің арғы жағында» романы, «Түнгі дауыстар» өлеңдер кітабы «Балладалар мен поэмалары» – шығармашылық алғашқы ізденістері. Ол негрлерді құлдыктан құтқару қозғалысына өзіндік үн қосып, «Құлдық туралы жырлар» (1842) шығармасын жазды. Бұл туынды Лонгфеллоның адамгершілік рухындағы лирикалық поэзиясының жарқын үлгісі. Аталған жыр өткен ғасырдағы орыс демократ зиялыларына қатты әсер етті.

«Балладалар және басқа өлеңдер» (1841) жинағы ақынның эпикалық жанрға, оның ішінде тікелей балладаға бағытталған алғашқы ізденісі. Ол «Браминдер» поэзиясының өкілі ретінде поэзиядағы өзіндік үрдіс жасады. Алғашқы шығармашылық жемісі – ағылшын теңіз балладасы үлгісіндегі «Кешкі жұлдыздың күйреуі» атты балладасы. 1841-45 жылдарда жазған өлеңдерінің арасында «Деревнялық ұста» селолық өмірге, табиғатына арналған әлеуметтік туынды.

Романтикалық сарындағы «Бәрінен де биік!» өлеңі жинақталған мәліметтер негізінде дүниеге келген шығарма. «Адам мақсатымен биік» деген латын нақылының мағынасына терең бойлаған ақындық мұрат астар жырланады. Мұны О. Холмс ақынның үздік шығармасы деп атады.

Ол кельт фольклорына еліктеп жазған Макферсон поэмаларынан үлгі алды. 1855 жылы Лонгфелло үндістердің фольклоры негізінде «Гайавата туралы жыр» дастанын жазды. Ақынның айтуынша, поэмаға америка фольклор зерттеушісі Г. Скулкрафттың еңбектері пайдаланылған. Поэмадағы оқиғалар Жоғарғы көлінің оң жағында өтеді. Гайавата – тарихи есім. 16 ғасырдағы ирокез тайпасы көсемдерінің бірі, алайда поэмада тарихи тұлғадан гөрі аңыздық бейнесі басым.

Бұдан кейін ақын отарлаушы американы олардың жергілікті халықтарға көрсеткен қиянат-зорлығын «Майлз Стендиштің құда түсуі», «Жана Англия өмірінің қасіреті» т.б. шығармаларында бейнеледі. Ақын «Алтын аңыз» поэмасында діни ағымды насихаттады.

Г. Лонгфелло колледжде оқып жүргенде ғылым мен музыка құштарлықтан классикалық тілдерді ықыластана үйренді. Сол кездегі грек, латын тілдерінен жасаған аудармалары журналдарға басылды, оқырмандарға таралды. Ол әкесіне жазған хатының бірінде «... егер мен данқты адам болсам, тек әдеби еңбегіммен ғана атым шығатынына кәміл сенемін» деді. Америка оған ақындық шабыт берсе, Еуропа жас таланттың дүниетанымын кеңейтіп, шеберлігін шыңдады.

Алғашқыда Еуропа романтиктеріне еліктеп, «Теңіз үшін құлшылық» (1835) прозалық очерк жазбаларын жазды. Ақын Гарвард университетінде сабақ оқыта жүріп, Еуропаға екінші рет саяхат шекті. Бұл жолы отбасымен бірге Англия, Дания, Швеция, Голландияны аралайды. Еуропада жүріп алдымен ұлынан, сонан соң жарынан айырылған ақын Бостон көпесінің қызы – Фанни Эпплтонға үйленді. Өзінің бақытты отбасылық өмірін поэзияда сүйіспеншілікпен жырлады. Көп ұзамай бұл қосағынан да айырылған Лонгфелло Кембриджге біржолата оралады. Ол осынау ащы тағдырын неміс романтиктеріне еліктеп жазған «Гиперион» (1839) романында шынайы бейнеледі. Лондонға сапар шеккен ақын Диккенспен танысады. Ол оны таңданарлық «қызықты адам» деп бағалады. Еуропадағы 3 жыл болашақ жазушының өміріне ерекше әсер етті, дүниетанымын қалыптастырды.

Ақындық даңқтың биігінде тұрған Генриді замандастары американо-ақынның классигі десе, кейбір сыншылар Еуропаның мәдени мұрасына тым үйір, айрықша әсершіл, кітапшылдығы басым деді. Оның 70 жылдығында Уитмен «Америка әрі бүкіл дүниежүзі құрметтеп, алғыс айтуға тиіс...» деп жазды. «Гайавата» туралы жыр ақынның даңқын дүниежүзіне шығарды. Ақынның үндістер өмірін, әдет-ғұрпын, тұрмыс тәсілін, діни ұғымын, табиғи ортасын терең білуі поэманың биік көркемдік рухынан танылады. Карелфиннің «Калевала» эпосының поэтикалық өл-

шемі поэманың желісін құрады. Лонгфелло үндістер жайлы көптеген әдебиетті оқыды. 1819 жылы Хеккельвейлердің «Пенсильвания мен көрші штаттар тайпаларынның тарихы, әдет-ғұрпының сипаттамасы» еңбегінің жарыққа шығуы поэманың сәтті жазылуына жәрдемдесті.

«Гайавата» туралы жыр құндылығын алғаш оқырмандар бағалады. Олар бірнеше аптаның ішінде 10000-нан 30000-ға дейінгі данасын сатып алды. Ақынның замандастарының бірі – ағылшын тіліндегі бірде-бір поэманың дәл осылай әйгілі болмағанын, туындыны мүсіншілер, этнографтар, археологтар, журналистер зейін қоя оқығанын ерекшелеп көрсетті.

Г. Лонгфелло шығармаларынан әлемнің көптеген тілдеріне аударылғаны да – осы поэма. Поэманы орыс тіліне аударған И. Бунин 1903 жылы Ресей ғылым академиясының Пушкин атындағы сыйлығын алды. Аудармашы бұдан бөлек А. Мицкевич, А. Тенниссон, Ф. Кош т.б. ақындардың поэзиясын тәржімеледі. И. Бунин поэманың алғысөзінде авторды биік бағалады: «Бұл зор ақындық, адамгершілік ықыласына сай көркем бейнелер мен кесек суреттердің сирек кездесетін сұлулығы. «Гайавата» туралы жырда оны дүниеге әкелген адамның жаны мен талантының ең жақсы қасиеті көрінген».

Лонгфелло – америкалық ақындарынан үндістер тұрмыс-тіршілігіне поэма жазған алғашқы ақын. Ол үндістер фольклорының эстетикалық қарымын пайдаланып, көркемдік сипаттарын поэзиялық ірі туындысында көрсетті. Жергілікті халықтардың аңыз-әпсаналарына, мифтеріне сүйенді. Ол зымиян бейне Манабозаны ирокездік аңыздық-мифтік кейіпкер Хайонваатомен байланыстырды. Үнді мифтерін сәтті өңдеген ақын оған биік поэзиялық сипат беріп, поэманың көркемдік-идеялық деңгейін өрлетті. Музыкант Навадаги – Скулкрафттың роматикалық бейнесі. Кейіпкерлерді ұлттық ерекшелігімен бейнелеу үндістердің тұрмыс-тіршілігін, табиғат көріністерін кеңінен көрсету дәстүрінің құндылығын арттырды.

Көпшілік Лонгфеллоны Американың ұлттық ақыны деп бағалады. Әдеби сыншылар Лонгфелло мен Куперді үндістер өмірінің түп негізін бұрмалап, жергілікті халықтар мәдениетіне

деген қатынаста қиянатқа барғаны үшін қатал айыптады. Алайда романтикалық-эстетикалық үрдісте жазылған поэма үндістер өмірін шынайы көрсете білумен ерекшеленді. Ақын ізімен үндістер өмірі жайлы Харт Крейм мен Мэрри Остин дастан жазғанымен, жергілікті халықтың мұраттарын американдық ұлттық болмыстың биік деңгейіне көтере алмады.

Н. Некрасов Лонгфеллоның өлеңдерін «Современник» журналына аудартып бастырды. Ақын поэзиясын аударуға сол кездегі белгілі ақындар М.М. Михайловский, Д.Л. Михайловский, М.И. Михайлов, А. Майков, А. Фет, т.б. қатысты. Аударманың ең жақсысы – «Гайавата туралы жыр». Ақынды жерлеу рәсіміне жиналған жұрт «Чибиабосша Гайаватаның жоқтауы» деген жырды орындаған. Екі жылда поэманың 100 мың данасы көпшілікке сатылып кетті. Бұл поэма – Америка мен Еуропа көркемдік әлемін, мәдениетін, уақыт пен халықты берік жалғастырған поэтикалық дәстүрлер тоғысындағы мәңгілік құнды мұра. «Алтын аңыздар» драмасы (1850) – діни тақырыптағы туынды. Ақын дүниеден өтерден 9 күн бұрын «Сан Биас қоңыраулары» өлеңін жазып, өзінің асқақ мұратын айғақ етті.

«Бостондық британдардың» беделді тұлғасы – Г. Лонгфелло. Ол АҚШ әдебиетінде ағылшын және американ дәстүрлерін берік қалыптастырды. Оның американдық аңыз-миф үлгісінде жазған поэмалары: «Эвангелина» (1847), «Гайавата туралы жыр» (1855), «Маилз Стендинстің құдаласуы» (1858). Бұл поэмалар еуропалық өлең өлшемінде жазылған. «Эвангелинада» Гетенің «Герман мен Доротея» поэмасының әсері бар.

Г. Лонгфелло поэзиясы сан қырлы тақырыпты қамтиды. Әсіресе, американың табиғат сұлулығы ақын поэзиясында ерекше көркемдік үлгіде жырланған. Орыстың табиғат жыршысы Ф. Тютчевтің пейзаждық лирикаларының жазылуына Лонгфеллоның әсері ерекше. Ақынның өлеңдері Еуропа ғана емес, Азияда да, Қытайда да айрықша бағаланды. М. Горькийдің сүйікті ақындарының бірі – Г. Лонгфелло. Ол «Гайавата туралы жырдың» Ресейде басылуына жәрдемдесті. Жазушы И. Буниннің аудармашылық шеберлігі жайында: «Орыс оқырмандарын Лонгфелломен таныстырған әрі оның идеясы мен

мазмұнын ғана жеткізіп қоймай, өлеңдерінің қайталанбас өрнегін жасап шыққан» деп құрмет танытты. И. Буниннің атағын тамаша аудармашылық таланты айғақ етті. Аудармашы түпнұсқадағы жыр мазмұнын сақтап, оқырманға әсерлі жеткізу мақсатында оның көркемділігіне, ұйқасына, ырғақ интонациясына ерекше мән берді. Акын ойының мән-мағынасын жүрегімен ұғынып, классикалық туындының поэтикалық айшықтарын дәл жеткізе білді.

Лонгфеллоның шығыс поэзиясымен таныстығы кейбір өлең жолдарынан аңғарылады. Мысалы «Балаға» өлеңінде «сенің жарқын жүзің көктемнің жарығындай» деп көктемнің шуақты жайдары күніне балайды, жас Темірланға теңейді. “Ымырттағы жұлдыздар” жырында ымырттағы жұлдыздар – ғашықтардың жұлдызы дейді. Акын өмірдің мәні күресте екенін өз ұстанымында жеткізеді. “Тас пештегі жел”өлеңінде желмен сырласып, “Өмір қиындығына еш мойымайтынын, аяусыз еткен еңбек еш кетпейтінін”, шабыт пен ұмтылыс барда, шығармашылық алауы сөнбейтінін айтады.

Ол «Батыл бол да, сақ бол» деген ежелгі халық өсиетін өлең жолына ала отырып, қандай жағдайда батылдық қажеттілігін еске салады, “асқан батылдық, жауыздық емес, игілік” деп біледі. “Ғұмыр ғибраттары” өлеңінде «Өмір күнәлар ғана емес, өмір дегеніміз ерлік! Онда рух өлмейді, тән өледі. Жол алыс, ал уақыт жүйрік, онда ештенені жоғалта көрме» деп тек батыл алға басуды, мұрат жолында тайсалмай, табанды болуды ұсынады. Бұл өзінің өмірлік мұраты да еді.

«Гайавата туралы жырды» қазақ тіліне Жаппар Өмірбеков аударды. Аудармада И.Буниннен алған тәжірибесінің ықпалы да сезіледі. Ол талантты аудармашы-акынның тәржімелік шеберлігін жете зерттеді. Қиын да күрделі шығарманың түпнұсқалық негізін дәл сақтауға ұмтылды. Мұны ол аударманың алғысөзінде де жазды: «Мен «Жырды» аудару үстінде И.А. Буниннің аудармашылық акындық шеберлігінен үйреніп, алдымен, түпнұсқадағы мазмұнды сақтау, акындық сезімді, суреткерлігін сақтау тұрғысынан өнеге алдым. Алайда, И.А. Бунин

аударманы ұйқасқа емес, ырғаққа ғана құрған. Ал бізде ұйқас-сыз өлеңнің жөнді оқылмайтыны белгілі. Сондықтан ұйқас-тыра аударуға күш салу – шығарманы толық оқып, терең таныса келе, көптеген қиындық кездесті. Ол – ең алдымен, орыс тілінде бар, ал қазақ тілінде кездесе бермейтін хайуанат, құс, өсімдік, жер-су аттары».

Аудармашының орысша нұсқадағы көркемдік ерекшелігін сақтауға бет бұрғанын алғашқы шумақтардың сәтті тәржімеленуі байқатады..

Орысшасы:

Если спросите – откуда.
Эти сказки, легенды.
С их лесным благоуханием,
Влажной свежестью долины
Голубым дымком вигвамом –
Шумом рек и водопадов,
Шумом диким и стозвучным
Как в горах раскатать грома?
Я скажу вам, Я отвечу.

Қазақшасы:

Жұпар исі аңқыған,
Ну орманы сыңсыған,
Салқын самал аңғары,
Көк түтінін көлбеткен
Вигвамдары сән бәрі,
Сарқырама өзеннің
Гүрілдері жүз түрлі,
Секілді күн күркірі.
Осы ертегі, осы аңыз
Қайдан шыққан? – десеңіз,
Жауабын мен берейін.

Аудармашы поэтикалық әр жолды сол қалпында беруге ұмтылған. Алдымен, жер табиғатын таныстыра келіп, аңыз-ертегі туралы жауапты соңына қалдырған. Фольклорлық ұлттық үрдіс сақталған. Тек вигвамға түсініктеме беру қажет еді. Виг-

вам – үндістер мекендейтін лашық. Оны «көк түтінін көлбеткен» деп толықтыра түсуі үндістер тіршілігінен хабар береді. Сарнап аққан өзен мен гүріліне құлақ тұндырған сарқыраманы күн күркіріне теңеп бейнелеу үлгісін әсерлі жеткізген. Тіпті ну орман, салқын самал деген эпитеттермен табиғат көркін ашады. Өлең өрнегін ұлттық тіл байлығымен әрлей түскен.

Мысалы:

От лесов равнин пустынных,
От озер Страны полночной

– деген екі жолды аудармашы бір шумақта берген.

Мүлгіп тұрған нулардан,
Құлазыған қырлардан,
Түн ортасы атанған
Өлкедегі көлдерден.

Аудармашының ұтқаны – үндістер жерінің мүлгіп тұрған орман екенін айқындауы, бос жатқан жазық демей, құлазыған қыр деп дәлелдеуі, әрі ел деп алмай, өлке деп оның атауын ұғынықты бейнелеген. Мұндай сәтті жолдар, шумақтар дастанда мол.

«Трубка мира» тарауының атын аудармашы «Тыныштық корқоры» деп алған. Басқаша атау мүмкін емес.

И. Бунин:

Дым струился тихо-тихо,
В блеске солнечного утра.
Прежде темною полоской,
После – гуще, синним паром,
Забелел в лугах клубами.
Как зимой вершины леса.

Ж.Өмірбеков:

Түтін баяу будақтады.
Таңғы күннің сәулесінде,
Қара кошқыл боп тарады,

Кейін көкшіл бу көмілді.
Көк шалғын да бозғылт тартып,
Қысқы ағаштай тұр мұнартып.

Поэзия аудармасында түпнұсқадағы дәлдікті сақтау қиын. Бірақ аудармашы орысша нұсқаға адалдық танытып, таңғы табиғат көрінісін көркем тілмен кескіндеген. Бунин поэзиясы түрлі түсті бояуларға бай. Алайда ол мұны аудармаға пайдаланбаған. Керісінше, Ж. Өмірбеков бояуға аса мән берген. Дегенімен, соңғы екі жолдың мағынасын аша алмаған.

Аудармашы сәтті балама, тапқыр теңеулермен жырды әрлей келе, кейде ұйқас қуып, көркемдікті кемітіп алады.

Орысшасы:

Дал я земли для охоты,
Дал для рыбной ловки воды,
Дал медведя и бизона,
Дал оленя и косулю,
Дал добро вам и казарку
Я наполнил реки рыбой,
А болота – дикой птицей.

Қазақшасы:

Аң ауласа жерді,
Балық аула көлді бердім.
Бердім, Домбай аюды,
Бұғы менен киік бердім,
Құндыз, үйрек жиып бердім,
Көлге балық лыкыттырдым.

Аудармашы өзенді көлмен алмастырған, алайда хайуанаттарды бейнелегенде бизонды қалдырып кеткен. Бизон – Америкада кездесетін жабайы бұқа. Домбай аю – бәлкім Купер шығармасынан алынған болар. Казарка – қарашақаз. Оны құндыз бен үйрекке алмастырған. Әрине, аталған құстар сазды жерде болатыны белгілі. Соңғы екі шумақ поэзиядан гөрі, сөйлеу тіліне жақын. Сәтсіз алынған.

Қашан да бесік жыры әр халықта әр тілде жырланғанымен, кейде мазмұндау мәнерінде ұқсастық байқалады. Орысша нұсқасы:

В люльке липовой качала,
Усланной кугой и мохом.
Крепче связанной ремнями,
И, качая, говорила.
«Сын!» А то отдам медведью!»
Там баюкая, пела.

Қазақша тәржімасы:

Жөке бесік тербелгенде,
Көкейіне сөз келгенде.
Әжесі дейді былай,
«Ұйықта енді,
Ұйықтамасаң –
Аюға ал деп, берем сені!»
Тербетеді, тербетеді,
Әлдилеп кеп әндетеді.

Аудармашы осынау үлкен классикалық мұраны оқырмандарға түсінікті аударуға ұмтылған. Бесік ішінде жұмсақ қоға мен мүк төсейтіні қалып кеткен.

Құдіретті Гитчи Манито сөзі сәтті аударылған.

Ваша сила – лишь в согласие,
А бессилие – в разладе.
Примирется, о дети!
Будьте братьями друг другу!

Аудармада:

Күштілігің – татулықта,
Әлсіздігің – алалықта.
Тату болып, перзенттерім,
Бауырласқын өзді-өздерің!

Тіпті мағыналық дәлдікті былай қойғанда, сөзбе сөз дәлдік сақталған. Халықтың даналық елді ынтымаққа, бірлікке шақыру болса, бұл қазақшасында да өз мән-мағынасын жоғалтпаған.

Немесе Гайаватаның екі сенімді досының таныстырылуын алайық. Орысша:

Только двое; Чайбайабос,
Музыкант и мощный Квазинд.

Қазақша:

Бірі – әнші Чайбайабос,
Бірі – алып Квазинд дос.

Дос сөзі айтылмаса да, аудармашы оны нақтылап кеткен. Музыкантты әншімен алмастырған.

Аудармашы И. Буниндегі қыз портретін көркем тілмен кестелеген.

Орысшасы:

Онэва! Проснись родная!
Ты, лесной цветочек дикий.
Ты, лугов, зеленных птичка,
Птичка дикая, певучная!
Взор твой краткий, взор косули,
Так отраден, так отраден,
Как роса для нежных лилий,
В час вечерний на долине.

Қазақша нұсқасы:

Онэва-ау! Оян, жаным!
Түз гүлісің нуда өскен.
Балапансың, нәзік жаным.
Торғайымсын қырда әндеткен.
Көзі сенде құралайдың,
Сүйкімдісің, сүйкімдісің.
Гүліндегі терен сайдым
Шын суындай сен мөлдірсін.

Аудармашы түпнұсқадағы образдылықты толық сақтағанда, шумақ эстетикалық сұлулығын айқындар еді. Нәзік лилия (лала) гүліндегі мөлдір тамшының кешкі күн шуағынан нұрланып,

жанып тұрған сәтін өлеңмен өрнектегенде көркемдік көкжиегі кеңейе түсер еді! Сонан соң орысшасында ән салып тұрған жабайы құс делініп, автордың да, орыс аудармашысының да үндіс қызына деген ұстанымын өзінше өңдеген. Қазақ ұғымына жақын бозторғайға әсем үнін теліген.

XXII тараудағы эпилогтағы шумақтарды түпнұсқамен салыстыра кетейік:

И закат огнем багряным,
Облако зажег и небо.
Словно прерий, пылало,
Длинным огненным потоком.

Ж. Өмірбеков осыны қалай жеткізген:

Күн сол сәтте алаулатты,
Шашып нұрын,
Бұйра бұлтқа, көк аспанға,
Отын жакты.
Құдды дала жалын жапқан,
Жанып жатқан.
Секілденді атты толқын,
Шұбап жатқан.

Ақын өзінің кешкі табиғаттан алған әсерін аудармада да айшықтаған. Өлең өлшем ырғағы өзгергенімен, орысшадан көркемдік мағынасы алшақ емес.

Жалпы алғанда, Ж .Өмірбеков И. Буниннің аудармашылық тәжірибесінен үйренген, ізденген. Аударманы ұлттық болмысқа жақындатқан, өлең ырғағына дәстүрлі ұйқас енгізген. Ақындық талантын аудармада сәтті ұштастырған. Аудармашылық өнердің бәсекелестігін сезінген. Лонгфелло – Бунин аудармасында орысша әдемі жырланса, қазақшасында өзіндік өрнек тапты. Қазақ аудармасына қосылған әлемдік әдебиеттің таңдаулы поэзия туындысы. Тамаша табиғат сұлулығы тұнған мына жырлар оқырманды елжіретеді, санасына сәуле себеді.

Жылап ағып жылға бұлақ,
Білдірместей жай сылдырап,

Күмістейін сыздыктан кеп,
Асып түсіп төсемеден.
Тастан тасқа
Құлап ағып кете берген.
Айналада жасыл орман,
Бұтақ біткен судырайды.
Көлеңкеден сығалаған
Жалт-жұлт сәуле ойнайды.

Осында бір тіркесі «жылап ағып» – «күліп ағыпқа» ауысса, өлең мінсіз мүсіндей, сыршыл суреттей жайнап, құлпырып шыға келер еді.

1866-75 жылдары «Гайавата туралы жырды» сол кездегі белгілі аудармашы Д. Михайловский аударғанымен, Буниндей табысқа жеткен жоқ. Г. Лонгфелло «Еуропа ақындары мен поэзиясы» жинағын құрастырды. Аударды. Ақын әлем әдебиетінде өзіндік дара ізденісімен ерекшеленеді.

Детектив жанрындағы Эдгар По (1809 – 1849 жж.)

Эдгар Аллан По – талантты ақын, журналист, әңгіме, новелла жазудың шебері, әлем әдебиетіндегі детектив жанрының негізін қалаушы. Оның көптеген әңгіме, новеллалары ғылыми фантастикаға негізделген. По небәрі 40 жыл ғана өмір сүрді. Э. По 1809 жылы 9 қаңтарда АҚШ-та Бостонда туып, 1849 жылы Балтиморда дүниеден өтті. XIX ғасырда өмір сүрген көптеген американдық жазушылар тәрізді жетімдік, жоқшылық зардабын тартты. Жетімдік Эдгарды ерте есейтті. Тіпті 14-ке келмей-ақ өзінің жиені Виргинияға үйленуі тұрақты отбасын құруға деген талпынысы тәрізді.

Э. По – керемет ақын. Оның поэзиясы өте ырғақты әрі әуезді. Әсіресе «Қарға» өлені (1845) көзі тірісінде де, қазір де оқырмандардан жоғары бағасын алды. Ақын өлендерінің сұлулығы, сыршылдығы сүйсінтеді. Ақын көзқарасында таңдану, таңырқау дегеніміз сұлулықты сезінудің басты сипаттарының бірі.

Э. Поның ақындық таланты әлем әдебиетінде айрықша бағаланды. Солардың ішінде орыс ақын-жазушылары, аударма-

шылары да жоғары пікірлер айтып, поэзиясының ерекшелігін таныды. Мысалы, Ф.М. Достоевский: «Ол адам жандүниесінің ерекшелігін әңгімелеуде байкампаздығымен таңдандырады». десе, К. Бальмонт: «Э. По – маңыздылығы жағынан бірінші әрі XX ғасырдағы бірінші хронологиялық акын-символист». В. Жирмунский: «Америка Э.Поның ұлы акын екеніне мән бермеді. 1880 жылдың соңынан 1910 жылға дейінгі кезеңде орыс символизінің гүлденуіне қатысты орыс оқырмандарының По шығармашылығымен нағыз таныстығы жүріп жатты» деген тұжырым жасады. А. Блок Э. Поның бойынан терең мәдениеттің жасырын құпиясын байқады, тіпті Пушкинмен дәрежесі бір деген ой түйді. Э. Поның «әлемді табындырамын» деген асқақ та данққұмар арманы «Темірлан» поэмасында сипатталған. 1828 жылғы бір хатында: «Мен не жеңуім, не өлуім керек, немесе өз дегеніме жетуім керек, не болмаса өзімді маскаралықпен бүркеме-леуім керек» деп жазған. Ол өзінің бір өлеңінде «данққұмар» болғанын да жасырмай жазды.

Э. По өзінің алғашқы «Темірлан және оның достары» жинағын құпия түрде шығарды. Балалық шағы «Вильям Вильсон» әңгімесінде баяндалады. Оның Оңтүстік Королина жағалауындағы Сэлливен аралында, содан кейін Виргиниядағы теңіз сапары, тіршілігі жоқ, адамсыз әрі әсем табиғат жайындағы «Алтын қоңыз» және «Жартасты тау повестері» шығармаларында романтикалық күштарлықпен баяндалады.

Э. По – ислам дінін мойындаған, Құран қасиетін айрықша сезінген еуропалық таланттардың бірі. 1829 жылғы жаңа поэма-сы «Әл Аарааф» 6 акынның екінші жинағы. Әл Аарааф құранда айтылғандай – ұжмаққа баратын есік. Ол әсіресе осы поэмада айқын көрініс тапқан. «Поэзияны өнер жасайтын дағдылы емес ойлармен үйлескен музыка» деп есептеді.

Э. По өлеңдерін К. Бальмонт пен В. Брюсов бәсекелесе аударды. К. Бальмонттың поэтикалық стилі Поның поэзиялық ықпалымен қалыптасты. Э. По – романтик акын. Оның алғашқы жинағы өлеңдерінен, поэмаларынан құралады. Алғашқы үш жинағына 20 шақты өлеңі мен «Әл-Аараф» «Темірлан» атты поэмалары енген. Оның поэзиясы көптеген орыс акындарына өлең

жазуды үйрену мектебі болды. Э. По журналистикада қолтаңбасын қалдырды. Әдеби сынға араласты. Жазушыларды аямай сынады, өткір пікір өрбітті. Замандасы Уистен Э. Понның сынына іліккен тізімдерді келтіріп «жақсы сыншы болғаны былай тұрсын, оның ақыл-есі сау адам болып қалғанына таңданамын» деп жазды. Шығармасын қанша тас-талқан етіп сынаса да, оның сынын Ч. Диккенс сияқты атактылардың өзі мойындаған. Диккенстің «Барнеби Рафс» романының алғашқы бөлімі Э. Понның сынынан кейін қайта өңделген. Жазушы «өз өмірінің жаңа дәуірін бастауға себепкер» Э. По болғанын ашық айтқан.

Жазушы Америкада бірден бағаланбады, алғаш Францияда, кейіннен Ресейде танылды. Француздың екі ірі ақыны Ш. Бодлер мен С. Малларме шығармашылығын жоғары бағалады. Малларме проза тілімен өлеңдерін аударды. Поль Валери ақынның «Эврика» кітабы туралы мақала жазды.

Э. По әңгімелері – фантастикалық сипатынан бөлек «үрейлі, қорқыныш туғызатын» тосын оқиғаларға толы туындылар. Эдгардың қорқыныш туғызатын әңгімелері Г.П. Лавпрафт және С. Кинг тәрізді авторлардың шығармаларынан оқиғалық даму динамикасы, мазмұндық баяндау мәнері жағынан озық. Ол ғылыми фантастиканы тақырыптық, мазмұндық сипатта байытты. Жазушының фантастикалық әңгімелерінде ХІХ ғасырдағы адамзат ақыл-ойына, ғылыми білімдеріне таңдану байқалады. Э. По адам жандүниесін зерттеуге ерекше мән берді. Бірқатар әңгімелері терең психологиялық талдауға құрылған. Баяндаудағы байыпты, айқын стиль әңгіме сюжетіндегі кез келген ұсақ жайларды түсіндіруге тиянақталады.

Егерде батыс әдебиетінде қылмысты іздестірудің түрлі әрекеттері тақырыбында жүздеген, мыңдаған новеллалар мен романдар дүниеге келсе, сөз жоқ оған Эдгар Понның қосқан үлесі зор. Ол – жанрдың алғашқы негізін салушы, дамытушы. Осы жанрдағы шығармалардың тұңғыш авторы. Понның детективті әңгімелері мен новеллаларының маңыздылығы логикалық құрылымының шымырлығында, мінсіздігінде, сюжеттік сабақтастығының нәзіктігінде, оқиғаларды шебер өрбіте білуінде. Эдгар оларды «логикалық әңгімелер» деп атады. Леон Лемонье

1925 жылы 15 қазандағы «Mercuze de France» журналында «Эдгар По және Франциядағы детективті романның тууы» деген мақаласында «осынау новеллаларында ғылым мен әдебиетті біріктіруге құлшынды» деп орынды атап өтті.

Қалай айтса да Э. По – детективті жанрды жазудың алғашқы ірі шебері, осы жанрдың әлем әдебиетінде өркендеуі оның есімінен басталады. Жазушы әңгімелерінде осы жанрдың негізгі элементтері қалыптасқан. Зерттеуші Д.Г. Неттльтон «Новеллалардың ерекшелігі» атты еңбегінде «По детективті тарихтың қазіргі заманғы мектебінің негізін қалады» деп талантты суреткердің ізденісін ерекшеледі. Мәселен, Францияда оның «Мари Роженнің құпиясы» новелласынан кейін қылмысты іздестірушілер жайлы новеллалар мен романдар қаптап кетті. Әрине, Э. По детективтіновеллаларына қажетті оқиғаларды өз заманының болмысынан ғана алған жоқ. Бұрынғы әдебиеттерді де пайдаланды. Соның бірінде 1846 жылы 15 қазандағы «Revue desdeux Mondes» журналындағы Вольтердің («Задигасына») сілтеме жасаған. 1845 жылы жарық көрген «Мор көшесіндегі кісі өлімі» деген әңгімесінде детективқұмар Дюпеннің бейнесін сомдаса,кейіпкерге қатысты кейбір тәсілдерді Лапластың атакты кітабынан «Essai philosophique surles probabilites» кіріктірген.

Детектив – кезінде шетел әдебиетіне айрықша бедел әкелген жанр. Батыс әдебиетінде қылмысты іздестірушілер таңдаулы шығармаларға конкурс ұйымдастырса, АҚШ-та арнайы клуб ашылды. Клубтың мыңдаған мүшелері қылмыстық тақырыптағы үздік романдарды сараптап, таңдап, көпшілікке ұсынды.

Әрине, шетелдік суреткер үшін детектив жанры шындықты дәлелдеу мен айғақтау болса, По үшін детектив шындықтан бас тарту сипатында болды. Сол кездегі Америкадағы адамдардың нақты өмірін суреттеуден гөрі, оны карама-қайшылықтарымен бейнелеуді жөн көрді. Э. По үшін детективті жанр айналаны қоршаған шындықтың шенберінен шығу мақсатын көздеді. Өмірдің көленкелі тұстарын, өлім мен күйзелуді тағдырдың түрлі тартыстарын бейнелеу – жазушы шығармаларының шымыр өзегі.

Э. По ғылыми-фантастикалық шығармаларымен де белгілі. Ғылыми фантастика қиял ғана емес, таза болжамға негізделеді. Суреткер көбінесе ғалымдарға орын береді, өйткені фантастика батыл ғылыми ойларға құрылады, көрегендік көріпкелдікке ұласады. Мысалы, Овидий біздің жыл санауымызға дейінгі алғашқы жүзжылдықта «Сұйық ауа» туралы фантастика жазды. Екі мың жылдан кейін ағылшын физигі Дьюар оны жүзеге асырды. Сол сияқты Т. Моор, Ж. Верн, Г. Уэллстердің де шығармалары қиялдағы дүниені шындыққа ұластыруымен қымбат.

«Шаһризаданың 1002 түні» (1845) фантастикасында Э. По жүрдек поездарды, орасан зор кемелерді, автоматты есептегіштерді және ара ұяларын, асыл тасты аралдарды, тасқа айналған ағаштар туралы тізіп айтып, оған «ғалымдардың ғылыми деректер» беруін талап етті. Ол кезде әуе шарымен ұшу өмірге кеңінен енсе, «Бұрын болмаған аэростат» әңгімесінде Э. Поның кейіпкері үш бірдей әуе шарымен Атлант мұхитын кесіп өтеді, екіншісінде айға жетеді. «Ганс Пфаллдың кездейсоқ бастан кешкендері» әңгімесінде, көлемі зор әуе шарымен жолаушылар 2848 жылдың 1 сәуіріне ұшып барады. Э. Поның қиял самғауының сипатталуынан бөлек, мұнда ғылыми батылдық, ғылыми шындық, ғылыми сәуегейлік барын сезіне аламыз.

Көлемі жағынан анағұрлым ірісі – «Артур Гордон Пуманның басынан кешкендерін баяндау» шығармасы – таңданарлық оқиғаларға, қорқынышты және ғажайып құбылыстарға толы. Кісі өлімі, қантөгіс, төбелес, аштық пен шөл зардабы, кемелердің қирауы, адамжегіштердің әрекеті, міне осындай сұмдықтар орын алған. Э. Поның ғылыми фантастикалары кезінде шындықтың шеңберінен тыс жазылды делінсе, бүгінгі уақытта, өмір шындығымен үйлесетін туындылар екеніне көз жеткізеді. Ғылым мен техниканың бүгінгі жетістіктері тұрғысынан қарасақ, қиялдан туған туындының қазіргі ғасырмен жақындығы да бар. Оның әңгімелерінің кейіпкерлері зор күш-жігерімен ерекшеленсе, екінші жағынан небір ғажап оқиғаларға батыл, тайсалмай араласуымен дараланады. Өзімен көңіл қосқан

сүйіктісі әрі жиені Виргинияға арналған әңгімелері: «Лигейя», «Морелла», «Элеонора», сондай-ақ «Ашерлер әулетінің құлдырауы», «Метценгерштейн», «Қызыл ажалдың бетпердесі» т.б әңгімелері бар. Әңгімелерінің ішінде «Ашерлер әулетінің құлдырауы» мен «Вильям Вильсон» жоғары бағаланған. Э. Поның өзге қаламгерлерден ерекшелігі әңгімелерінің сюжеттерінің шымырлығы, тапқырлығы, тартымдылығы әрі жинақылығы. Ол қысқа да нақты жазады. Әңгіменің алғашқы жолынан бастап, соңына дейін сюжеттік желі қуатын кемітпейді, оқиғаны ширата баяндап оқырманды еліктіріп әкетеді.

1833 жылы «Бөтелкеден табылған қолжазба» әңгімесі «Сатердей визитор» журналы өткізген байқауда бірінші орынды жеңіп алды. Сол сияқты «Колизей» атты өлеңі бәйгеде озып шыққанымен, жүлде прозасына берілген. Балтиморлық әділқазылар (құрамында Джон Пендльтон Кеннеди бар) Поның әлемге данқын шығарған новеллалары мен әңгімелеріне жарқын жол ашты. Дж. Кеннеди 1835 жылы Т.У. Уайттың «Сазерн литерери мессенджер» баспасына Эдгардың редакторлық қызметке тұруына көмектесті. По 1839 жылдан редакциялаған «Грэйз мэгезин» журналының таралымы екі есеге өсті. 1845 жылы қазанда құлдырап бара жатқан «Бродвей джорнелді» де аяғынан тік тұрғызғанымен, басылым қаражат тапшылығынан шықпады.

Арабеск үлгілеріндегі әңгімелері катарында «Лигейя» мен «Ашерлер үйінің құлдырауын» атауға болады. По новеллаларының дені материалына немесе жанрына карамастан, аңыздық, детективтік, юморлық, пародиялық болып баяндау сипатына сәйкес бөлінеді. Достоевский Поны фантаст жазушы емес, «қыңыр қаламгер» деп атады. Керісінше М.Горький оны «түр (пішін) жасаудың үздік шебері» әрі «нағыз суреткер» деп бағалады.

Детективті тарих пен шытырман оқиғаларға құрылған оның 70 новелласы бар. Поның 30-жылдары «Гротескілер мен арабескілер» атты 2 том жинағы шықты. По сөздігінде гротеск және арабеск термині қатаң шектелген. Ол әсірелеусіз «шындыққа жету мүмкін еместігін» айтады. По тұжырымынша гротеск рационалистік реттілікті теріске шығару болса, арабеск

нәзік эстетикалық құрал ретінде болмыс құпиясына тереңдеу. По «жандүниеге үрей туғызатын» әңгімелерді арабеск аясында мойындады. Бұл әңгімелерде құбылыстардың қайдағы бір мистикалық байланысы ашылумен бірге, дүниенің беймәлім ғажайыптары сипатталынды.

Кольридждің эстетикалық ойлары Поны қиял әлеміне құштарландырды, көркемдік елестету биігіне беттеді. Сөйтіп суреткер сұлулық әлеміне жол ашты. По нағыз өнер «бұл бірлікпен, жалпыға бірдей, шынайылықпен жасалған сұлулық» – деп тұжырымдады. Өйткені, новелланың өзі қысқа мазмұнымен ұтымды. Сондықтан ол өзінің қалыпты тиянақтылығы мен қатал түрдегі шектеулілігін сақтауы керек. Э. Поның нақтылығы мен табандылығы сәл ғана дерек пен құбылысқа назарын аударып, оны сюжеттің шымыр өзегі етіп бекітуінде. Э. Хемингуэй: «Біздің Америкада тамаша шеберлер бар. Эдгар По – тамаша шебер. Оның әңгімелері де тамаша, құрылымы да керемет...» деп бағалаған.

Эдгар По орыс әдебиетінде 1847 жылдардан бастап жарық көре бастаған. Алғаш француздар аударған шығармалары әлем әдебиетінде айрықша бағаланған. Э. Поның есімі АҚШ-тың әдебиет тарихының алғашқы бетінде тұр.

Қазақ тілінде «Алтын қоңыз» деген атпен 1967 жылы жеке кітап етіп шығарылды. Аудармашы Бекмырза Баймаханов. «Алтын қоңыз» әңгімесінде оқиға Чарлстон маңындағы Сэлливан аралында өтеді. М. Твен мен У. Фолькнер ізімен қазына іздеушілік тақырыбын қозғаған әңгіме қиял жемісінен туындаған. Қызықты, тосын жайлармен, құбылыстармен баурайды. Бір сүйсінерлігі, аудармашы Э. Поның шығармасын орыс тілінен, аралық тілден тәржімелесе де стильдік ерекшелігін сақтап, көркем мазмұнына тереңдей бойлап, дәлме-дәл аударуға құлшынған. Мұның ақиқатын «Алтын қоңыз» әңгімесінің аударылуынан табамыз. Оңтүстік Каролинадағы оқиға өтетін Сэлливан аралы оқырманға табиғи болмысымен, өсімдіктер дүниесімен таныстырылады. «Бұл бір алабөтен арал. Өзі ұзындығы үш мильдей теңіздің қайраң құмынан тұрады. Ені тілдей, еш жерде ширек мильден аспайды (11 б.).

Орысшасы: «Это очень странный остров. Он тянется в длину мили на три и состоит потому, что из одного морского песка. Ширина его нигде не принимает четверти мили».

Байқайтынымыз, аудармашының білімдарлығы, байқампаздығы, автор ойын дөп ұға білуі. Странный – ғажайып т.б. сөз орнына алабөтен синонимі алынған, теңіздің қайраң құмнан тұратындығын айқындап жеткізуі де ұтымды. Орысшада еніне қатысты сөз жоқ, аудармашының оны қосуы сөйлемдегі ойды нақтылай түседі. Аудармашының бір ерекшелігі автордың әрбір сөзі, деталі, тіркесіне дейін сол қалпында аударуы. Бұл үшін нақтылау тәсілін сәтті қолданған, синонимдерді дұрыс таңдай білген.

Кейіпкер Юпитердің Легранға қатысты ренішті сөзін: «Оның ізіне ит қосып таба алмайсың!» деп аударған. Орысшасы: «Его и собаками не догонишь!». Қазақша сөйлем нақты. Кейде аударуға қиындау, дәл балама табуға қажетсінетін күрделі, астарлы тіркестер, сөйлемдер кездесіп қалады. Орысша мәтіндегі «В том-то и штука!» дегенді аудармашы «Гәп сонда ғой!» деп түсінікті тәржімелеген. Ұлттық ауызекі сөйлеу мәнерімен үйлесім тапқан.

Тағы бір мысал: Америкадағы қызғалдақтағы ағаш: «Жас кезінде оның діні кедір-бұдырсыз ерекше сылынғыр келеді де, бұтақтары тек шырқау басына ғана шығады» деп сипатталған. Орысша нұсқасы. «В юнном возрасте оно отличается необыкновенно гладким стволом и выгонять ветви лишь на большой высоте». Аударма дәлдігі еш күмән тудырмайды.

Аудармашы шеберлігі адам портретін бейнелеуден де байқалады. Егер негрдің қап-қара өңіне боз деген сөзді қолдану орынды болса, онда Юпитердің жүзі бір сәт алтынның түсіндей «боп-боз» болып кетті» деген сөйлем орысша нұсқадан да әсерлі (19 б.). Алтын мен асыл тастарды көргендегі кейіпкер қуанышы мен таңданысы осылай суреттелген. Орысша мәтінді салыстырайық: «Лицо Юпитера на минуту стало смертельно бледным, если можно говорить о бледности применительно к черноте негра» (244 с.). Боп-боз болып кетті деп сипаттау жайшылықтағы «аппак қудай» немесе «сұп-сұр болды» дегеннен гөрі эмоциялық-экспрессивтік реңкінің қанықтығымен кейіпкер

психологиясын сәтті ашқан. Әдетте аудармада түс, бояу, басқа да кәсіп, зат-бұйым атауларын, ұлттық колориттерді беру қиын. Мысалы: «Гауһар тастар өзінің үлкендігімен, әдемілігімен қайран қалдырды... Біз сандық түбінен жалт-жұлт еткен аса ғажап он сегіз лағыл тас, үш жүз он тамаша інжу, жиырма бір жақұт (жалтыраған жасыл асыл тас) және бір жарқырауық тас таптық» (31 б.). Орысшасы: «Бриллианты изумили нас своим размером и красотой. Мы нашли восемнадцать рубинов удивительного блеска, триста десять превосходных изумрудов, двадцать один сапфир и один опал». Аударма дәл болғанымен, аудармашы тас атауларын шағастырған. Изумруд – інжу емес, зүмірет..

Жалпы Б. Баймаханов аударған Э. Поның «Морг көшесіндегі кісі өлімі», «Мари Роженің құпиясы», «Ұрланған хат», «Бөтелкеден шыққан қолжазба», «Вильям Вильсон», «Қара мысық», «Асқар таулар хикаясы» көркемдік үлгіде орысшаға сәйкес жасалған. Эдгар Аллан туындыларын аудармашы жазушының дара стилімен, әңгіме-новеллаларының сюжеттерінің қызықты, тартымдылығымен, ұлттық тіл бай-лығының құнарлығымен сапалы аударған. Ағылшын тіліндегі түпнұсқамен салыстыру барысында анықталғаны – қазақ мәтіндері аудармасының баламалы, көркем, дәл жасалуы. «Алтын қоңыз» әңгімесін талдауда мұны айқын аңғарамыз.

Қазақшасы: «Қыбын тауып Юпитер өршелене үрген иттің үнін өшірді (26 б.) «Қыбын тауып» – «ебін тауып» деген тіркестің синонимі. «Бәйгіге менің беделім тігіліп отыр деді ол шынайы париждіктерге тән сыңаймен» (86 б.). Аудармада сабат, бойы мен мұғдарлас, сюртуг, нағыз тәлпіш, Жаратушы Жаппар Хак, аң терісіне тыстаған шекпен деген сөздер, тіркестер бар. «Олардың жасаған бірді-екілі жасқаншақ та ебедейсіз әрекеттерімен еш нәтиже шықпады, менің мерейім үстем болып асығым алшысынан тұрды».(162 б.) Сөйлемде тұрақты тіркес аударма ажарын ашып тұр.

Аудармашы портретті, пейзаждарды аударуда шеберлігін танытады. «При этих словах я заметил, что стены водяного ущелья, на дне которого мы находились, озарило тусклое багровое сияние... » (с. 28) деген сөйлем «Сол кезде мен өзім шыңырау

түбіне кеткен сұлу құздың биік кабырғасын күнгірттеу қошқыл қызыл сәуле жарқыратып жібергенін байқадым» деп аударылған (154 б.). Аудармашы орысша нұсқаны терең түсініп, әр сөзіне мән берген. Мәтін көркемдігін, әсерлілігін жеткізуге күш салған. «Его колоссальный тускло-черный корпус не оживляли обычные для всех кораблей резного украшения». Алайда осы сөйлем «Оның күнгірт тартқан қап-қара алып тұлғасы әдеттегі кемелердей оюлап әшекейленбеген» деп сипатталған. Ою – қазақы кол өнер түрі. Оны қолдану артық.

«Я взирал на сладостный рот» деген сөйлем «Мен оймақтай аузына аңтарыламын» деп аударылған. Осы сөйлемнен кейінгі Лигейяның портреттік бейнеленуі тіпті орысшасынан әсерлі. «Ол шынында құдіреттің күшімен жаралған, иілген, үлбіреген үстінгі ерні, кілегейдей мөлтілдеген төменгі ерні, езудегі шұңқыры шырайының құбылысымен ашық аспандай мұнсыз көңілмен айрықша бір рахаттана акшия күлген сәттер де маржандай тістерінің жарқылы қасиетті күн нұрының сәулесінен асып түсетін-ді» (219 б.).

Иілген үлбіреген үстінгі ерні орысшада – великопепной изгиб короткой верхней губы, ол кілегейдей мөлтілдеген төменгі ерні – тихая истома нижней. Рахаттана акшия күлген сәттер – орысшада «самой ослепительной из улыбок» деп сипатталған. Лигейяның сұлу көркін Э. По ақындық талантымен поэзиясында қалай әдемі жырласа, әнгімесінде де сол әсерді сактай білген. Портрет айшықты, ажарлы суреттелген. Орысшада: «Цвет ее очей был блестяще-черным, их осеняли эбеновые ресницы необычной длины» деген сөйлем аудармада: «Қаракат көзі жалт етіп қарағанда шоқтай жанады, оны ерекше Эбен (жылы жақта өсетін ерекше сымбатты ағаш) ағашындай самсаған ұзын кірпіктері қаумалап тұрады». Сөйлем мәнерлі аударылған. Ақынның Шығыс әдебиетімен жақсы таныстығын, ойын аудармашы айқын түсінген. «О, глаза Лигейи! Эти огромные, эти сияющие, эти божественные очи!» деген ару жанарының әсерлі суреттемесі «Шіркін, Лигейяның көздері-ай! Сол бір шарадай, сол бір жайнаған, жайрандаған, жаутаңдаған жанары-ай!» деп әдемі аударылған. Аудармада поэтикалық қуат бар. Дыбыстық

үндестік, ырғаққа құрылған. Орысшада өзгертілгенімен, көркем бейнелеу жасалған. Поэзиялық леп сезіледі.

Орысша нұсқада: «Не одна дева могло сравниться с ней красотою лица» деген сөйлем «Жүзінің ажары жөнінен оған тең келетін бұл жалғанда қыз жоқ еді» (576) деп тәржімелеген. Жүз – ажар мағыналас синонимдер. «Ажарың ашық екен атқан таңдай» деп халық әні «Гауһартаста» айтылады.

Э. По әңгімелері қазақша – шебер аударылған.

Эрнест Хемингуэй прозасының реализмі (1899-1961)

Э. Хемингуэй – Марк Твеннің реалистік және гуманистік дәстүрлерін тікелей жалғастырған ХХ ғасырдағы американың ең әйгілі суреткері. АҚШ-тың ұлттық мәселелері Хемингуэй шығармашылығында шынайы бейнеленді. Реалистік дәстүрге берік классик жазушы өзіндік жаңа стиль қалыптастырды. Бұл стиль суреткер алдына қойған міндеттерді табысты орындауға мүмкіндік берді. Жазушының эстетикасы көркем шығармаларында көрініс тапты. Хемингуэйдің стилі уақыттың күрделілігінде қалыптасты. Екінші дүниежүзілік соғыс жер бетіндегі миллиондаған адамдардың ой-санасына адамгершілік тұрғыдан сілкініс туғызды. Ол қарапайым стильді қолданды. Стилінің қарапайымдылығынан шығармаларын оқырмандар тез түсінді, жақсы қабылдады.

Хемингуэйдің жазушылық бағдары бірінші дүниежүзілік соғыста басталды. Шығармашылық мақсаты – соғысқа қарсылық. Хемингуэй соғысты әркез қасірет санады. Ол көзкөрген соғыс оқиғаларын, көріністерін көркем де шынайы, кестелі тілмен кескіндеді. Э. Хемингуэй көркемдік бейнелеудің түрлі тәсілдерін жетік меңгерді. Бұл тәсілдер: монтаж (құрастыру), архитектоника, кідірістерді, диалогты үзіп тастау, ырғақтар ауысымы және басқа да көркемдеу үлгілері.

1914-15 жылдар аралығында америка прозасында реализм ерекше сипат алды. Екі соғыс аралығындағы кезеңге дейін американдық прозаиктер баяндау тәсілі жағынан біршама тәжірибе жасап үлгерді. Олар еуропалық қаламгерлерге кара-

ғанда көркем туындыда толығымен шынайылықты сақтай білді. Роман жанры шеберлерінің бірі Эрнест Хемингуэй шығармаларының негізгі тақырыбы: соғыс, бейбітшілік, табиғат мәселелері.

Тамаша талант тағдыры қызықты да қасіретті болды. Ол С. Фицджеральд, Т. Драйзер тәрізді XX ғасырдағы басқа да таланттар түлеген Американың орталық батысындағы Иллинойс қаласында дәрігер отбасында туғанымен, балалалық шағын көбінесе Мичиганда өткізді. Ол – отбасындағы 6 баланың екіншісі. Әкесімен бірге жиі аңға шықты, балық аулады. Оук-Парк мектебінде оқып жүріп, «Скритал» және «Трапедия» атты оқушыларға арналған журналдарды шығаруға қатысты. Алдымен Канзастың «Стар» газетінде журналистік қызметін репортерліктен бастады. Кейіннен журналистиканы американдық санитарлық «Чауа» газетінде жалғастырды. Жасынан бокспен айналысып, мықты боксшы атанды. Бұл туралы замандастары естелігінде жақсы айтылған.

Бірінші дүниежүзілік соғыс басталған кезде Қызыл Крестің американдық отрядымен бірге Францияға ерікті санитар болып барды. Соғыста жаракат алып, 6 ай емделді. Содан кейін Италиядағы, Австриядағы ұрыстарға қатысты 1920 жылдары Канаданың «Торонто дейли стар» газетінің Еуропадағы тілшісі қызметін атқарды. Соғыстан кейін Парижде әскери тілші қызметін жалғастырды. Осында Америкадан қоныс аударған Ш. Андерсон, Э. Паунд, С. Фицджеральд, Г. Стайн сияқты ақын, жазушылармен жиі араласты. Оның шығармашылық стилінің қалыптасуына Гертруда ерекше ықпал етті. Джеймс Джойс шығармашылық шеберлігінің шындалуына көмектесті.

Хемингуэйдің алғашқы шығармалары, бітпеген романы, әңгімелері мен өлеңдері 1922 жылы Парижден Лозаннаға әйелі вокзалдан салып жібергенде ұрланып кеткен. Жазушы бұл кезде дипломатиялық конференцияда жүр еді. «Біздегі Мичиганда» ең алғашқы әңгімесі (1921), «Менің қартым» (1921-22) екеуі ғана қалған. Алғашқы әңгімесі 1925 жылғы жинақта жарияланды. Зерттеушілер оның стиліне Г.Стайн мен Ш.Андерсонның ықпал еткенін дәлелді. У. Фолкнер «Бұл соншалықты дамытылған

стиль, автордың алдына қойған қаншама міндеттеріне толығымен бағынады. Осындай үлгімен дамытылған стиль қызмет ете береді. Бұл жазушы жақсы ойластырған және ешқандай қателік жібермеген стиль. Осыны менің ойымша, Хемингуэй меңгерді» деп жазушының стильдік шеберлігін анықтайды. Қаламгер стилінің айқындылығы мен әдемілігі сондай, шығармалары кідіріссіз жеңіл оқылады. Ойда тез сақталады. Ол стильге ұқыптылықпен қараған. Өзі бұл жайлы «Жазушы стилі өзіне тән әрі жеке болмыстық болуы тиіс. Оның бейнелеулері бай әрі толыққанды, сөздері қарапайым да қуатты болуы керек. Ұлы жазушылар керемет қысқа жазу дарындылығын меңгерген. Олар – қажырлы еңбекқорлар, ұқыпты ғалымдар мен шебер стилистер» деп тұжырымдайды. Хемингуэй шығармаларының табиғаты тұтастай философияға негізделген. Адам мен табиғат мәселесі – суреткер туындыларының өзегі. Бұл тақырып әрбір ірі туындысында орын алады.

1924 жылы Парижде «Біздің уақытта» атты прозалық шағын әңгімелер жинағы жарық көрді. Ол прозалық өлең үлгісіндегі 18 миниатюраны қамтыды. Жинақ жазушының стилінің қалыптасқандығын, тақырыбын тапқандығын айқындады. Жинақтағы: «Үндістер бекеті», «Дәрігер және оның әйелі», «Чемпион», «Өте қысқа әңгіме», «Үйде», «Мистер және мисс Элиот», «Жанбыр астындағы мысық» т.б. әңгімелерінде бір ғана кейіпкер Ник Адамс бейнеленеді. Әңгімелерде соғысқа дейінгі және соғыстан кейінгі уақыт қамтылған. Адамс – адам атауынан шыққан. Өйткені қаламгер мәтін астарында қандай да бір құпияны жасыруға құштар еді. Бұл жинақ жазушының болашақ ірі романдарына басталған алғашқы қуатты қадам болды. Хемингуэй новелла жазудың да шебері. Ол әңгіме жанрын өте жоғары деңгейге көтерді.

1925 жылы жазушының «Көктемгі сулар» пародиялық повесі жарық көрді. Бұл кітапта ақжарқын көңілмен бүкпесіз айтылған әдемі әзіл оны басқа шығармаларына ерекшеледі. Біржағынан жазушы стилі мектепте оқып жүргендегі Ринго Ларднер деген бүркеншік есіммен жарияланған пародиялық, юморлық мақалаларындағы көңілді мәнерді еске түсіреді.

«Күн көтеріліп келеді (Фиеста)» 1925 жылы 21 шілдеде басталып, 6 қыркүйекте біткенімен, жазушы оны кейіннен түпкілікті қайта өңдеді. Роман 1926 жылы 22 қазанда жарық көрді. Бірден әдеби сенсация туғызды. Фиеста – Испаниядағы дәстүрлі ұлттық мереке Корида – матадор мен өгіздің жекпе-жегі. Қаламгер әркез адамның батылдығы мен сұлулығын ұнатты. Шығарманың қарапайым баяндалу мәнері оқырманға сөз өнерінің кереметтілігін айқын танытты. Эпиграфына Г. Стайнның «Сендердің бәрін жоғалған ұрпақсындар» деген сөзі алынған. Шығарманың композициялық құрылымы қарапайым. Көптеген ұсақ эпизодтардан құралған. Әсіресе, Бред пен Роберт Кон арасындағы таныстықтың сүйіспеншілікке ұласуы автордың сәтті шешімі. Кон – бейнесі Хемингуэйдің айрықша көркемдік ашылымы. 1927 жылы 14 қазанда «Әйелі жоқ еркектер» атты үлкен әңгімелер топтамасы шықты. Мұндағы «Кісі өлтіргіштер» новелласы әлем әдебиетіне косылған жауһар дүние.

«Қош бол, майдан!» 1928 жылы 1 наурызда басталды. 1929 жылы қолжазба қайта түзетілді. 27 қыркүйекте жарық көрді. Роман әлемдік әдебиетті бірден елең еткізді. Фредерик Генри мен Кэтрин Баркли арасындағы махаббат тарихы өзіндік сипатымен күрделі сюжеттік желіні құрайды. Махаббат желісі поэтикалық мәнерде өрбиді. Мұнда әр деталь нақты, романның баяндалу үлгісі айқын да анық. Шығармада соғыс оқиғалары, оның адамзатқа әкелген қасіреті өткір суреттеледі. Романда өте ауқымды жинақтау жасаған. Сыртқы тарихи оқиғаларды адамдар тарихымен атастыра бейнеледі. Ол адамның соғыс жағдайындағы әрекетін, қилы тағдырын жан-жақты ашады. «Жоғалған ұрпақтың» қасіретті тағдырына соғысты кінәлайды.

«Қош бол, майдан» – әлемдік соғысқа қарсылық үні. Ол үн романда бірден дараланады. Мұның өзі жазушы талантының айғағы. Жазушының көптеген үздік шығармаларынан роман соғыс көрінісін жинақтап, бейнелі кескіндеуімен ерекше. Тағы бір қыры ағылшын, неміс немесе француздың жеке тұлғасы, қасіретті тағдыры ғана көрінбейді, тұтастай сол кезеңдегі тарихи ұрпақтың толыққанды бейнесі сипатталады. Роман мазмұндылығымен,

көркемдік-идеялық сапасы жағынан да, эстетикалық мұратымен де биік. Сюжет құрылымы жүйелі, әр эпизод мазмұнды толықтырып, жетілдіріп тұрады. Тілі таза, бейнелі, ырғақ, монтаж, архитектоника шығармаға биік эмоциялық сипат дарытады. Романдағы таза, нәзік әрі күшті лирикалық желі соғысқа қарсылық. Сыншыл реалистік әдебиеттегі гуманизмді бойына сіңірген роман XX ғасырдың ең үздік шығармаларының қатарынан нық орын алады. Ол соғыс қасіретін шынайы бейнелеумен бірге, адамгершілік қасиеттерді көрсетудің бірден-бір өнегесіне айналды. Роман оқырмандардың айрықша ықыласына бөленді. «Нью-Йорк таймс» газетінде «Ромео мен Джульетта» тәрізді баянсыз махаббатты суреттеген үлкен шығарма» деп бағаланды. Хемингуэй де мұны «Ромео мен Джульетта» туралы қазіргі заманғы хикаят деп үнемі айтып жүрген. Американдық әдебиетші ғалымы Р.П. Уоррен «...Мен бұдан 20 жыл бұрын айтқанымдай, әлі күнге дейін «Қош бол, майданды» өте күшті кітап санаймын» деген биік бағалауын жеткізді.

Хемингуэйдің көп қырлы әрі жаңаша леппен жазылған туындысы – «Тал түстен кейінгі кісі өлімі». Мұнда өгізбен аяқасқа түскен матадорлардың аянышты тағдыры бейнеленеді. 1933 жылы «Жеңімпаз ештеңе алмайды» әңгімелер жинағы жарық көрді. Жазушының Африка сапарынан көңілге түйгендері, аң аулаудағы әсерлері «Африканың жасыл жоталары» (1935) кітабында көрініс тапқан. 1936 жылғы «Климанджаро қары», «Френцис Макомберидің ұзаққа созылмаған бақыты» әңгімелері айтулы сыншылардан лайықты бағаланды. Соңғы әңгімесіне аң аулаудағы қайғылы тағдыр баяндалады.

1937-38 жылдары жазушы Испанияға 4 рет барды. Онда ұзақ уақыт жүрді. Сапар барысында «Бесінші колонна» атты жалғыз пьесасы және бірнеше әңгімелер жазды. Бұлар әдебиетте «Испандық шығармалар» деген атпен ерекшеленеді. Олардың ішінде очерктер мен әңгімелер бар: «Әшкерелеу», «Көбелек пен танк», «Американдық жауынгер», «Испандық репортаж», «Мадридтік шоферлер», «Ешкім ешқашан өлмейді» т.б.

«Қоңырау кімді жоқтап тұр» – 30-шы жылдардағы американдық сыншыл реалистік әдебиеттің қорытындысы. 1939 жылы

1 наурызда басталған роман 21 қазанда бітті. Хемингуэйдің фашизмге өшпенділігі романда айрықша байқалады. Басты кейіпкер – Роберт Джорданның испандықтармен бірге соғыстың қиындығын көруі түрлі оқиғаларда баяндалады. Адамзатқа тигізген соғыс қасіреті – трагедиялық кітап. Туынды Испанияның фашизмді жеңуіне арналған. Жеңіске деген үміт пен сенім роман тарихилығын ашады. Испаниядағы азамат соғысы фашизмге қарсы әлемдік күрестің прологына айналған. Романда бір елдегі соғыстың тигізген ауыртпалығы көтерілгенімен, онда интернационалдық ынтымақ басты сипат алады. Тарихи мазмұны адамзаттық мазмұнмен сәйкескен роман философиялық тереңдігімен дараланады. Романның түрі де, мазмұнды да күрделі. Бұл лирикалық эпопеяның үлкен көркем-дік құндылығы.

Э. Хемингуэй «Менің мақсатым – адамзат өмірі қалай болса, ештеңені де әсірелемей бар бояумен көрсете білу. Өзімді ұлы ойшылдар санатында санамаймын және де адамзатқа ешқандай сенсациялық дүниені хабарламаймын. Әйтсе де, сирек те болса, әлемді жақсы білемін әрі оны мыңдаған түрлі нүктесінен көрсете аламын» – деп жазыпты бір мақаласында. Иностранная литература. Кредо человека. №3 2003). Шын мәнінде жазушы өз сөзінде нық тұрды. Қандай шығарма жазбасын, өмір шындығын ешқандай боямасыз, таза қалпында бейнеледі. Әсіресе, соғыс жайлы туындылары шынайы суреттеуімен дараланады.

«Бар болу да, жоқ болу» (Иметь и не иметь)) романы – соғыс тақырыбын өзгеше сипатта бейнелеген туынды. Жазушының ең соңғы туындыларының бірі – «Өзеннің арғы жағы, ағаштар саясы» (За рекой, в тени деревьев)) романы. Ол 1949-50 жылы жазылған. Мұнда тарихи оқиға жоқ. Италиядағы екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі жазушының көз көрген оқиғаларынан біразы енген.

«Шал мен теңіз» философиялық повесть, оның желісінде ешқандай таңғажайып фантастика немесе өмірден өзгеше оқиға жоқ, өмірдің нағыз шынайы көрінісі. Шал бейнесі алғашқы суреттермеледен-ақ батылдық болмысында бедерленеді. 84 күн жүріп, бірде-бір балық ұстамаған карт кедей балықшы 85-ші

күні орасан зор марлин (жайынды) ұстап, олжаны үйіне әкелуге әрекеттенеді. Табиғат пен адамның бірлігі – повестің идеялық арқауы У. Фолькнер «Бұл ең жақсы дүние» деп мақтады.

1957-60 жылдар аралығында жазушы «Өзіңмен бірге өткізетін мереке» мемуарлық очерктерін жазып бітірді. Бұл оның 1921-26 жылдар-дағы Парижде өткен күндерінің естелігі. Хемингуэй 1961 жылы 2 шілдеде көз жұмды. Ол дүниеден өткеннен кейін 10 жылдан соң «Мұхиттағы аралдар» атты көлемді романы мен бітпеген әңгімелері жарияланды. Ол – адамгершілік асыл мұраттарды, адамдық болмысты, ізгілік қасиеттерді бейнелеген талантты классик.

Э. Хемингуэй шығармаларының қазақшалануы

Суреткердің бірқатар әңгімелері мен повесть, романдары қазақ тіліне аударылды. «Әдебиет және искусство» журналының 1946 жылғы 6 санында «Көпір аузында» атты әңгімесі жарияланды. Аудармашы Бейсенбай деп берілгенімен, оны көрнекті әдебиетші ғалым Б. Кенжебаев аударғаны мәлім. Атақты қаламгердің таңдаулы үш туындысының қазақ тіліне аударылуы біріншіден, оған деген оқырман қызығушылығын танытса, екіншіден, Эрнестің қарапайым да, дара стилі әрі композициялық құрылымының қуаттылығы, мазмұндық-идеялық деңгейінің жоғарылығы болса керек.

Э. Хемингуэйдің «Қош бол, майдан!» романы 1926 жылы АҚШ-та (Флорида штатында) басталып, 1929 жылы Парижде аяқталды. Соғыс тақырыбы оны әдебиетке келген кезінен-ақ толғандырған. Ол 18 жасында бірінші дүниежүзілік италия-австрия соғысына қатысты. Дәрігерлер көзінің жарамсыздығын айтса да, қайсар азамат өз еркімен аттанған. Майданнан ауыр жараланып, елге қайтты, ұзақ уақыт госпитальде емделді. Оған бірінші дүниежүзілік соғыс жайлы жазылған бірден бір ұнаған кітап А. Барбюстің «От» атты романы.

Хемингуэй Италияда госпитальде емделген кезде, Агнесса фон Куровскиймен танысып, бір-біріне ғашық болады. Үйленуге уәделескенмен, Агнесса сөзінде тұрмайды. Осынау сүйіспен-

шілік сюжеті жазушының өмірде көрген-түйгендерімен толысып, «Қош бол, майдан!» романының жазылуына түрткі болады. Бұл шығарма – соғыс пен махаббаттың, өмір мен өлімнің бітіспес күресіндегі тағдыр тартысы. Американдық лейтенант Фредерик Генри мен медбике ағылшын қызы Кетрин Баркли арасындағы махаббат қайғылы жағдайда аяқталады. Екі ғашықтың бейбіт өмір сүріп, бала өсіру арманын бұзған соғысқа жазушы лағнет айтады. Ол аудармашы И. Кашкинге жазған хатында аудармаға деген адал да қамқор көзқарасын жоғары бағалай келе, соғыстың сұмдық зұлымдық екенін, оны жазудың қиын да күрделілігін, соғыс шындығын жазуға үлкен шеберлік қажеттілігін ойға салады.

Романды орысша нұсқасынан қазақ тіліне аударған жазушы, аудармашы Қ. Қараманұлы шығарманың стилін, көркемдік мазмұнын сәтті жеткізуге ұмтылған. Э. Хемингуэй бір сөзінде «Шындықты жазу – бәрінен қиын тақырып» депті. Осынау соғыс шындығы кең мағынада көрсетілген шығарманы аудару – аудармашыға үлкен сын. Аудармашы автор стилін негізінен сақтаған. Мәтіндегі мағыналық дәлдікке, сәйкестікке көңіл бөлген. Әсіресе, кейіпкерлер портретін, оларға берілген мінездежелерді, пейзажды басқа да көркемдік құралдарды баламалы жеткізген. Мысалы: «А вода была прозрачная и быстрая и совсем голубая протаках» деген сөйлем. «Мөлдір де, жүйрік ағыны салаларында көгілдірленіп көрінетін» деп айшықты жеткізілген. Орысшасы: «Над рекой стояли туманы, и на горы напоззали облако». Бұл пейзаждық бейнелеу аудармада баламалылығын сақтаған. Қазақшасы: «Өзен үстіне тұман шумақталып, таудың басын бұлт бүркеді».

Романның көркемдік мазмұнын, стилін, түрлі бейнелеу құралдарын жақсы түсінген аудармашы туындының тартымдылығы мен эстетикалық бітімін сақтауда біршама еңбектенген. Алайда аудармада кемшіліктер де бар. Аудармашы диалектіні орынсыз кіріктірген. Диалектілерді қолдану аударманы оқуды қиындатады. Ондағы мәтін мағынасын көмескілейді. «Мен де соншалықты ауыш емес шығармын» деген сөйлемдегі «ауыш» сөзі оқырмандардың бәріне түсінікті емес. Бұл – диалект.

– Нет ли сыра? – деген сұраулы сөйлем «Сүтсірне табылмас па екен?» деп аударылған. Бұл – ірімшіктің Орал өңіріндегі атауы. Бірақ оны басқа жердегі казак оқырмандары түсінбейтінін аудармашы ескермеген.

Синоним сөздерді сөйлем мағынасына сай тиімді қолдану, бай қорын аудармада ұтымды пайдалану аудармашы шеберлігіне байланысты. Аудармада кейіпкер портретіне қатысты «аласа бойлы» деген сипаттаманы үнемі «бәкене» деп аударған. Дегенмен, тапал, аласа т.б. деп қолданса да дұрыс болар еді. «Пусть каждый защищает свой дом» деген сөйлемдегі «Ондашы, әркім өзінің үйін қорғайтын болсын» деген мәтін мағынасы орысшасына сәйкескенмен, «ондашы» сөзінің қолданылуы дұрыс емес. Мұны олай болса, ендеше, т.б. қыстырма сөздермен ауыстыру керек еді. Орысшасы: «Рома женского рода сказал Риналди», қазақшасы: «Рома әйелдік род» деп аударылған. Бұл оқырманның көркем шығармадан алар әсерін кемітеді. Немесе: «И они даже ночью блестели, как блестит вода перед самым рассветом...» сөйлем бөлігі «Оның шашы түнде жылтырап тұратын, таңатар алдында судың кейде тап осылай жылтырап жататыны барды». Аудармада логикалық қайшылық байқалады. Су жатпайды, ағады, толқиды, т.б.

Кэтрин Барклидің өзгеден ерекше сұлу шашының сипатталуы аудармада сәтті шықпаған. Аудармашы «Таң атардағы судың кейде дәл осылай жалтырап көрінетіні тәрізді» деп сөйлемді инверсия жасап, ықшамдап, жинақылауы қажет еді.

Тәржімеде мағынасы көмескі, логикалық жағынан қисынсыз құрылған мәтіндер біршама. Мысалы: «Әулие формалы френчмнің сыртында салбырап қалған сон, өңірімді ашып, көйлегімнің жағасын ағытып, Әулие Антонийді ішіме түсірдім» (44 б.) деген сөйлем негізі Кэтрин ырымдап берген Әулие Антоний бейнесі бар медальон. Біріншіден, көйлек жергілікті диалект. Ер адамның киімі болғандықтан жалпыға түсінікті жейде сөзімен ауыстыру керек еді. Соңғы сөйлемнің орысшасы: «Опустил святого Антония под рубашку», қазақша мағынасында: «Ішіме түсірдім емес», «жейдемнің ішіне салдым» деседе, сөйлемдегі ой мағынасы айқындалады. Сөйлемнің екінші бөлігіндегі

Әулие Антоний алдында мен жіктеу есімдігі сұранып тұр. Аудармашы кейбір сөздердің баламаларын бірде орысша берсе, бірде аударған. Рюкзакты бірде өз мағынасында атаса, бірде жолқапшық деп балама жасаған. «Сабан туннельдің төрт бұрышты дарбазасы» деген сөйлемдегі дарбаза – өзбек сөзі. Оңтүстік өңірдің қазақтары колданады. Мұны қақпа деген жөн. Аудармада кейбір өрескел қателіктер ұшырасады. Мысалы: «Свинейший Ринальди» деген қаратпа сөз «шоп-шошқа Рианальди». Мұндай қос сөз колданылмайды. Сондай-ақ «Теперь слишком толстая и похожа на матрона» деген сөйлемді «Қазіргі тым жуандап кеттім, аумаған матрона болып қалдым» деп тәржімелеген. Әйел ешуақытта жуандап кеттім демейді. Сөйлемді «толып кеттім» деп өңдегенде мағынасы нақты болар еді. Сондай-ақ «публичный дом» – «зинақорлар үйі» деп қате алынған. «Дай мне черпак» деген диалог «Маған бақырашты бере тұршы» деп аударылған. Мұндағы бақыраш көпшілікке түсінікті емес. Шөміш, ожау деген дұрыс.

Э. Хемингуэй шығармаларының қазақ тіліндегі ең көлемді аудармасы болғандықтан, роман әдебиетімізде өзінің тиісті орнын алады. Жазушының соғыс қасіретін жеткізген осынау күрделі романындағы шындықты сәйкес тәржімелеген. Шығарманың қызықты сюжеттері, тартымды оқиғалары аудармада өзіндік мәнерін, ерекшелігін жоғалтпаған. Қателіктердің орын алуы – аударманың арнайы редакторлық сараптаудан өтпеуі, редакцияланбауы.

«Шал мен теңіз» повесін ағылшын тілінен орысшалаған – Е. Гольшева, Б. Изакова. Повесті белгілі ғалым, жазушы, сыншы, аудармашы Нығмет Ғабдуллин қазақ тіліне аударды (1966 ж.). Ол 1927 жылы 26 желтоқсанда Көкшетау облысы, Рузаев ауданы, Шұқыркөл деген ауылда туған. 1950 жылы Абай атындағы Қазақ педагогика институтының (қазіргі Абай атындағы ҚазҰПУ) филология факультетін үздік бітірді. 1950-1962 жж. «Қазақ әдебиеті», «Жұлдыз» журналдарында қызмет атқарды. 1964-1966 жж. «Қазақ әдебиетінде» бас редактордың орынбасары болып, ал 1966-1969 жж. бас редактор болды. 1969 жылдан бастап Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық

университетінде ұзақ жылдар ұстаздық еткен. Г. Марковтың екі кітаптан тұратын «Жер құты» романын, М. Шагинянның «Ульяновтар семьясы» атты кітабын, В.Быковтың «Альпі аңызы», «Атар таңға аман жетсе» повестерін қазақшаға аударған.

Жазушы повесте адамның қажыр-қайратын дәріптеп, дүниеде оны жеңетін күш жоқтығын меңзейді. Бұған шалдын: «Бірақ құдайға шүкір, балықтар қанша епті, қанша алып болса дағы оларды өлтіретін адамзаттан ақылды емес» деген сөзі дәлел. Шал әрекетінің дұрыс еместігін түсінсе де, қалай да балықты әкелгісі келеді. Қартайса да қажырынан қайтпағанын айғақтағысы келеді. «Мұным қиянат болса да, бұған адамның құдіретін танытамын» деген ішкі монологы осы мақсатын аңғартады. Адам қанша епті, мықты болса табиғат алдында дәрменсіз екенін Хемингуэй повесте философиялық астармен жеткізеді. Хемингуэй бұл повесть туралы «Шал мен теңіз» бүкіл өмірімдегі еңбекті көрсеткім келген кітап. Онымен жұмыс істеу қиын тиді. Маған кәрілік таяп қалған еді» деді. Жазушы «Даналық кемелденген ақыл-ойдың тағдырға тартқан соңғы тартуы» деп жазғанындай, ол – суреткерлік шеберлігі мен ізденісінің шарықтау шегінде жазылған кемел туынды. 1936 жылы Хемингуэй «Эсквайр» журналында Гольфстримдегі балық аулау эпизодынан очерк жазды. Бұл очерк повестің негізгі сюжетін құрады. Повесть 1951 жылы 17 ақпанда бітті. 1952 жылы «Лайф» журналында басылды. Д. Уолдмеир повесті екінші деңгейде реалистік әңгіме және символдық шығарма ретінде оқу керек деп жазды. Бұл повесть алдымен Пулитцер сыйлығын, кейін Нобель сыйлығын алды.

«Шал мен теңіз» повесінде Сантьяго есімді кубалық қарт балықшының ұзақ сәтсіздіктен кейінгі теңізден үлкен жайын балығын аулап алғаны баяндалады. Ол бар күшін жұмсап, алып балықпен айқасқа түсіп, ақыры үшінші тәулікте қайыққа тіркеп үйіне әкеле жатады. Жағаға жақындағанда акулалар балыққа тап береді. Шалдың өз басын құтқарудан басқа амалы қалмайды. Жазушы оқиғаны қиялдан құрастырған жоқ. 1948 жылдан бастап біраз уақыт Гавана жанындағы Финка-Виджя қалашығында балықшылар тұрағына жиі барып тұрған, олармен

әңгімелескен. Оның бос уақытында аңға шығып, балық аулаумен айналысуы осындай тамаша туынды жазуға әсер етті. Повестің баяндалу мәнерінде Хемингуэйге тән суреткерлік сипат сезіледі. Балық аулаудағы жанталас, акулалармен қатерлі айқас, қарт балықшының қайсарлығы мен қажырлылығы мазмұндалған шынайы оқиға тартымды да қызықты. Бұл жайында қаламгер «Мен нағыз балықшыны, әрі нағыз баланы, нағыз теңізді және де нағыз балықты, нағыз акуланы беруге тырыстым» деп жазды.

1920 жылы Мичиганда жүрген кезінде балықшылар туралы очеркін бастаған. 1936 жылы «Көгілдір теңізде» атты очеркі «Эсквайр» журналына жарияланды. Бұл очерк болашақ повестің жазылуына ықпалын тигізді. «Бір жолы Кабаньяста бір шал өте үлкен маринді ұстап алып, қайықпен әкеле жатады. Екі күннен кейін балықшылар шығыс жағалаудан 60 миль қашықтықтан қарт балықшыны тауып алады. Балықтың басы қайыққа байланған екен. Жартысынан азы ғана қалыпты. Салмағы 800 фунт тартқан балықты шал күн-түнімен аңдып, терең теңізде жүргенінен карамастан, қайықпен соңынан қуған. Ақыры гарпунмен ұрып, қайыққа байлап әкеле жатқанда акулалар жабылып кеткен. Сөйтіп шал Гольфстримде шағын қайықта балықты арашалау үшін де, әрі өз өмірі үшін де айқасқа түскен. Шалдың үшкір темір сырықпен, гарпунмен оларды сұққылап, ескекпен ұрғанына карамастан, акулалар өткір азуымен балықты паршалап жіберген. Балықшылар шалды тауып алғанда, ол өзінің қарттығына карамастан алып балықты сақтай алмағандығына күйініп, еңіреп жылапты».

Хемингуэй повесінде американ әдебиетінің көрнекті маринист суреткер Г. Мельвилдің дәстүрін жалғастырған. Қарт балықшының ой-толғаныстары повесте тіпті сюжет шеңберінен шығып кеткен. Мұның өзі жазушының жалпы моральдық, философиялық ізденісімен байланысты. «Шал мен теңіз» Г. Мельвилдің «Моби Дик» повесімен мазмұндас. Повесте моральдық, философиялық эссенің элементтері енгізілген. Тіршілік үшін күрес, кәсіпке сүйіспеншілік, мақсатқа жету табандылығы оқырманға қызығушылық туғызады. Балықшы сәтсіздік себебін өзімен бірге баланы ертіп апармауынан, жалғыздығынан, өзімшілдігінен көреді.

«Шал мен теңіз» бір қарағанда қарт пен қатыгез теңіздің арасындағы тартыс іспетті. Повесть 1952 жылы қыркүйекте алдымен, Нью-Йорктің «Лайф» апталығында басылған, содан кейін жеке кітап болып таралған. 1952 жылы туынды үшін жазушыға АҚШ-тың Пулитцер әдеби сыйлығы берілді, екі жылдан кейін халықаралық Нобель сыйлығын иеленді.

Атақты шығарманы қазақ тілінде 1966 жылы қазақ тіліне аударған белгілі жазушы, әдебиетші ғалым Н. Ғабдуллин. Қаламгердің шеберлігі әрі ізденісі туындының тамаша аударылуына негіз қалаған. «Шал мен теңізде» ол тұтас өмірді, сенімді, үмітті және шешімділікті бейнеледі» деп қаламгер талантын бағалады.

Зерттеуші Т. Сейвори: «Аударма түпнұсқаның сөзін жеткізуі керек немесе аударма түпнұсқаның мағынасын жеткізуі керек. Мағыналық дәлдікке қойылған тұжырым әркез сәйкес емес» депті. Аудармада жазушы негізінен дәл аударған. Еркіндік те байқалады. Сәтті баламалар тапқан. Э. Хемингуэйдің тартымды стиліне нұқсан келтірмеген. Автордың оқиғаны баяндау үрдісін, оқиғалық желісін, сюжеттік ырғағын сақтаған. Аударма жеңіл оқылады. Әсіресе, қарт балықшының портретін әсерлі, әдемі бейнелеген. «Шалдың өні де, киімі де – бәрі де тозған, көнерген, тек көзінде ғана ерекше нұр бар, теңіз түстес жанары қайсар адамның қалпын танытады». Қарттың қайсарлығы қандай тұлға екенін айғақтайды. Қарт балықшы теңізге жалғыз шыққанда да өзінің кәнігі тәжірибесіне, кәсіпқойлық машығына сенеді. Мұны тәржімеде барабар жеткізе білген.

«Я же, – подумал старик всегда закидываю свой снасти точно. Мне просто не везет. Однако, кто знает? Может, сегодня счастье улыбается. День на день приходится. Конечно, хорошо, когда человеку везет».

Аудармада: «Қармақты дәл-ақ серпіп аламын. Тек жолым болмай жүр, – деп ойлап өтті шал. – Бірақ, кім біледі? Мүмкін бүгін бір ризық бұйырар. Бір күннен бір күннің айырмасы бар ғой. Әрине, күнде жолың болғанға не жетсін!»

Аудармашы автор ойын жете ұғынып, ана тілінің бай қорымен шығарманы шырайландыра білген. «Ол бақытты күлімдеткен

жок», «бір ризық бұйыра» деген ұлттық детальмен айшықтады. Мұндай сәтті баламалар туындыда жеткілікті.

Орысшада: «Потом он поглядел назад и обнаружил, что земли уже не видно. Невелика беда, - подумал он. Я всегда смогу вернуться, права не огне Гаваны». Аудармада: «Бір мезгілде бұрылып, арт жаққа көз салып еді, су жиегі көрінбеді. Е, қайтер дейсің. Гавана шаһарының түнде жарқырайтын жаркылын бетке алып жүзсем, жағаға қайткенде тура шығамын», – деп ойлады қария. Аудармашы «жер көрінбеді» десе болар еді, одан гөрі «су жиегі» тіркесі ұтымды шыққан.

«Луна вопиует море, как женщину – думал старик» деген сөйлем. Қазақшасы: «Аспандағы ай теңізді арудай балкытып, тербетеді деп ойлады шал» – деп берілген.

Шал мен баланың немесе құс, акула арасындағы диалогтың аударылуы да аудармашы шеберлігін аңғартады.

– Рыба, – сказал он я тебя очень люблю и уважаю. Но, я убью тебя, прежде, чем настанет вечер.

– Әу, балық, – дейді шал. – Мен сені өте жақсы көремін һәм құрметтеймін. Бірақ сені қас қарайғанша өлтіремін.

«Әу, балық» деп диалогты әрлендіруі де сәтті. Немесе «...Но это же рыба, если она так тянет»! деген сөйлем «Қайықты осылай сүйретпеген балық – балық па, тәйірі!» деп қазақшаланған. Сөйлем орысшадан әсерлі де тартымды. Тәйірі – картқа тән сөз қолданысы. Диалогқа жарасып тұр.

Аудармада кемшіліктер де бар. «Запас» сөзін өте жиі қолданған. «Сказал старик вслух» деген сөйлемді «шал үндеп» деп аударған, дұрысы, іштей ойлады, ішінен айтты болса керек. «Фокусты» тақыс деп аударған. Немесе тақыс болар деген тіркес бар. Бұл әркімге түсінікті емес. «Связка тонкого тросса лежала в крупной корзине» аудармасы «жіңішке тросс жұмыс корзинаның ішінде жатыр». Корзина «кәрзеңке» немесе «себет». Орысшада себеттің көлемі, үлкендігі айтылған. «Благородица дева, радуйся, благодатная Мария, господь с тобою» деген балықтың өлімін тілеп, Жаратқанға жалбарынған карттың сөзі «Жалғыз хақ өзің жар бола гөр, біздей міскін-пақырыңа мейірінді төк» деп ықшам аударылған. Мұнда тәңірі Мария анаға жалбарынатын діни уағыздар дәл берілмеген.

Аудармашы «Еще какихнибудь два, три круга и рыба будет моя» деген сөйлемді «Балық енді мықтағанда екі-үш айнарлар, сонан соң қанжығама байланар» деп ұйқастыра жеткізген. Бір қарағанда балықтың қанжығаға байлануы логикалық жағынан қисынсыз. Қазақы ұғымда саятшылық дәстүр-салтта қанжығаға аңдар мен құстар байланады. Әрине, мұндай санаулы қателіктер сапалы аудармаға мін келтіре алмайды. Мысалы, «Дентусо (акуланың түрі – исп.) – подумал он – чумо на твою мать» - деген балағат мағынасындағы сөйлем «Дентусо тұқымын құрсын» деп сыпайы, жатық тілмен тәржімеленген. Аудармада «зәуеті», «нән балық» деген сөздер қолданған. Мұны әркім түсіне бермейді. Макрель, тунец, альбокоре, марлин т.б. балық атаулары мен багор, гарпун деген орысша сөздер бар. Алайда Дентусо, Галонос т.б. атаулар сол күйінде алынған. Шал мен құстың арасындағы диалог адам мен табиғаттың ақыл-оймен терең сырласуы, сұқбаттасуы. Өзіндік психологизммен оқырманды баурап алады. Бұл шебер аударылған.

Қаламгердің «Климанджаро – қарлы тау» туындысында жазушы Гарридің бай қызға үйленіп, өзінің талантын байлықтың құрбаны еткені баяндалады. Ол аста-төк шалқыған байлық пен дәулеттің буында өзінің асқақ арманын ұмытады. Ақыры аянышты тағдыр кешеді. Өткір сюжетке ұштасқан ішкі психологиялық драматизм – шығарма өзегі. Ал «Праздник который всегда с тобой» (1954) шығармасы өнерге шексіз адалдықпен берілген, соның жолында өмірін, талантын арнаған жас жазушының қаламдастарымен қарым-қатынасына құралған. Классикалық туындыны аударуға үлкен жауапкершілік, мол тәжірибе, биік талант керек. «Климанджаро – қарлы тау» повесі мен «Қызығы мол сол жылдар» әңгімелер топтамасын Н. Әбуталиев аударған. Біріншіден, повесть атауы дәл берілмеген. Автор географиядан бүкіл әлемге танымал Климанджароның қарлы, ызғарлы табиғатын алмаған, керісінше, Африканың аптап ыстығындағы қарды экзотика ұғымында алған. Жазушы Гарридің өмірінің соңғы кезеңдерін, әйелімен арадағы сүйіспеншілік қарым-қатынастарын бейнелеген. Шығарма аудармасы сәтті шықпаған. Аудармашы кейбір орысша

мәтіндерді өрескел бұрмалаған. Өз жанынан сөйлемдер қосқан. Бұл көркем шығарманың шынайылығын бұзады. Кейде тіпті мағынадан тым алшақтаған. «Города и виллы» деген шығарма атауы «Қала мен жайлау» деп аударылған. Вилла – қала сыртындағы сәнді де сәулетті салынған, ерекше үлгідегі саяжай. Жайлау – қазақ халқына тән малшылардың жазғы қонысы. Аудармашы мұны виллаға алмастырған. Енді бірде ранчоны да жайлауға тенеген. Аудармада әші, ауқат, әжің-гүжің, шекірішін т.б. диалектілер кездеседі.

Сөйлемдердің аудармасын салыстырайық: «Как-то раз зашел разговор на тему, что господь бог ни посылает человеку только то, что он может перенести» деген сөйлем бөлігін «Алла Тағала пендесіне тек төзуге болатын ауру ғана жібереді» деп өрескел бұрмалаған. Бұл классикалық туындыға қиянат. «Эзра Паунд және дарын иесі» әңгімесінде диалогке орысша нұсқасында жоқ «Алда риза болсын» деген сөзді қосқан. Аудармада мұндай ойдан қосылған сөйлемдер жиі ұшырасады. Орысша мәтінде «И косили длинны волосы» деген жапон суретшілеріне қатысты сөйлемді «бәрі де өз елінде ақсүйектер деп есептелініп, шаштарын қимай салпылдатып, тұлым өсіріп жүретін» деп тәржімеленген. Мәтінде жапондықтардың ұзын тұлым қоятындығы айтылған, салпылдатып деген етістік мүлдем жоқ және ол шашқа келмейді. Гарридің: «Я хорошо выпалась, ты далеко забралась» деген сөзі «Бек жақсы ұйықтаппын. Ұйқым қанып қапты» деген сөздері орысша нұсқасынан басқаша шыққан. 13-бетте «Шабыт болғанда ең бір тұрпайы, дөрекі шабыт мені билеп алған. Дөрекі, тұрпайы болғанмен де, тасыған шабыт» деген Гарридің сөздері орысша нұсқасынан мүлде өзгерген. Орысша мәтінде шабыт туралы сөз жоқ. Әңгіме поэзия жайында. Шабыт ешуақытта тұрпайы, дөрекі болмайды. Шабыт – құдіретті дүние. Аудармашылық жасандылықтар көркем шығарманың шынайылығына нұқсан келтіреді. Аудармада «Ер азаматтың бейшара жұбайлары» деген тіркестер бар. Мұнда логикалық қайшылық бар. «Жұбай» деп ер азаматқа айтады. Әйелге «зайып» сөзі телінеді.

«Алдамшы көңіл көктем» әңгімесіндегі диалогтың қазақшасы: «Чинк сонда мұны «Сен-Бернарды башмақпен аралап

өту» деп атаған еді. Сол башмақты ұмытқан жоқсың ба?» Орысша нұсқасын салыстырсақ; кейіпкер сөзі жинақы берілген: «В туфлях через Сен-Бернар. Помнишь свой туфли». Туфлиді башмақпен алмастыру – үлкен қате. Әрбір заттың, киімнің атауына балама табылмаса, сол күйінде қалдырған дұрыс. Мұны аудармашы ескермеген. Мысалы: «а мостовой бродят голуби» деген сөйлемді аудармашы «Көшенің ортасымен көгершіндер қытқыттап шұбырып» деп мағынасын өзгертіп жіберген. Көгершін қытқыттамайды. Екіншіден, көше бойымен емес, көпір жиегімен өтіп бара жатқан. Мұндай өрескел қателер аудармада аз емес. Аудармашы сөйлемнің мағыналық дәлдігін, сәйкестігін сақтамаған. Сондықтан түрлі грамматикалық, стилистикалық, логикалық қателіктер ұшырасады. Аударма зерттеуші С. Талжанов «Классиктердің шеберлігі олардың кейіпкерлерінің сөзі өзіне лайық, бойына шақ тұратындығында» деп ерекшелейді. Шығармадағы әр сөз көркемдік шындыққа, кейіпкерлер мінез-құлығына, іс-әрекетіне негізделетіндіктен, аудармада мағыналық дәлдігін, шынайылығын сақтауы тиіс.

Уильям Фолкнер – адамгершілік жыршысы

У. Фолкнер Оңтүстік Америкада Миссисипи штатында Оксфордтан 30 миль қашық Нью-Олбененде 1897 жылы 25 қыркүйекте туды. Ол осында біраз өмірін өткізіп, дүние салды. Фолкнердің арғы бабалары Британ тәжін кигендердің сұңқарларын күтіп, баптаған. Фолкнер деген фамилияның өзі де бұрмаланған «Фолкнер» ғә сұңқар ұстаушыдан шықты» деген бір дерек бар. Екінші бір мәліметте Фолкнер ирландиялық Ольстердің тумасы делінеді. Отбасылық аңыздың бірінде арғы тегінің француз екендігі айтылады. Гугеноттар алғаш Англияға, содан кейін АҚШ-қа қашып барған. Жазушы шыққан тегін шотландық деп үнемі айтқан. Оның атасы (арғы атасы полковник) Оксфордтағы округтік орталықтағы ықпалды тұлғалардың бірі болған. У. Фолкнердің балалық шағы Йокнататофтағы орманды, жыралы, түлкілер жортып жүрген әрі арғы аталары салған темір жолың бойында өткен. Оның 15 романы мен 50-дей әңгіме, повестерінің оқиғалары осы жерден алынған.

Ол балалық шағында түлкі аулаған, әуе шарымен ұшқандарды тамашалаған. 1908 жылы 11 жасында Оксфордтағы Линч сотына, одан кейін 17 жасында одан да сұмдық сотқа қатысады. Осы бір қанды оқиға оның есінде мәңгі қалады. Оның күтушісі Кэролайн Кэррден құлдық кезеңдері жайлы, аталарынан Азамат соғысы, құл негрлерден Миссиссипидігі үндістер тұрған алыс уақыттарды естіп қанығады. Фолкнер балалық шағынан оқуға бейімделеді, алты жасынан оқиды. Миссиссипидегі университетті бітіреді. Ол ұшқыш болуды да армандайды. Бірақ ұшақ штурвалына отыру үміті кейін орындалады. Бірінші дүниежүзілік соғыс басталғанда өз еркімен майданға барғысы келген Ульям бойының аласалығы мен денесінің әлжуаздығынан әскер қатарына алынбайды. Ол Канадаға барып, әскери-әуе корпусына қабылданады. Соғыс аяқталып, корпус тарайды да, курсант Фолкнер бірде-бір рет әуеге көтеріле алмай арманда қалады. Хемингуэй тәрізді жазушылықты үйрену мақсатында Еуропаға, Парижге келеді. Осында өлеңдерін, «Жаңа орландық» очерктері мен «Жауынгерлік марапат» романын жазады. «Москиттер» романын бастап, аяқталмаған үшінші кітабы «Элмер» романын жалғастырады. «Жауынгерлік марапат» – соғыстан мүгедек болып оралған жауынгердің әріптестерінен ешқандай қолдау, құрмет көрмеген қорлық тірлігін баяндайды.

Фолкнердің жазушы ретінде қалыптасуына 1925 жылы американдық талантты жазушы Шервуд Андерсонмен таныстығы ерекше ықпал жасайды. Оны жазушы «өз буынының әкесі» деп атайды. Ш. Андерсон «Жазушылық марапат» кітабының шығуына ғана емес, Ульямның «өзіндік стилі бар нағыз жазушы» болуына үлкен жәрдемін тигізді. 1929 жылы романдарының алғашқысы «Сарторис» шықты. Ол Ш. Андерсонға арналды. Содан кейін «Айқай мен ашу» романы жарық көрді.

Ол кейбір романдарын сағамен кездесу үшін қайта толықтырды, өңдеп шықты. Романға алғашқы әңгімелері мен повестерінің сюжеті пайдаланылады. Мәселен «Авессалом! Авессалом!» (1936) романына күшейтілген көріністі әбден ашынған кедей-жалгердің өзінің қожайынын шалғымен шауып өлтіретін «Уош» әңгімесін қайта өңдеп қосты. «Аю» дербес повесть болғанымен әрі «Кірсеңші, Мойсей» (1942) романының

бір бөлігі. 1930-40 жылдары жазушы шығармашылық тоқырауға ұшырады. Бұрынғы кітаптары қайта басылып шықпады. Содан кейін Голливудте сценарий құрастыруға қатысты, сценарий емес, тек қана диалогтарын жасады. «Фильмдер фабрикасы» сюжет жасауды өзгелерге тапсырды. 1942-48 жылдары оның небәрі 3 әңгімесі баспасөзде жарияланды.

У. Фолкнердің әдеби тағдырының дұрыс бағыт алуына сырттай танысқан тәжірибелі әдебиетші, сыншы және баспа кеңесшісі Малколм Каули. 1930 жылдары Каули Фолкнердің көптеген кітаптарын рецензиялайды. 1944 жылы «Ньюрипаблик» журналының әдеби бөлімін басқарады. Сол кезде суреткердің көркемдік шеберлігін лайықты бағалау үшін үлкен мақала жазбақ болады. 1930 жылдары Фолкнер алғашқы кітабынан кейін оқырмандар мен сыншылар назарынан тыс қалады. Сол кезге дейін шығарған 17 кітабынан Нью-Йорктің көпшілік кітапханасында небәрі 2-ақ кітабы, ертеде шыққан «Жасыл бұтақ» өлеңдер жинағы мен «Деревнушка» романы бар еді. 1944 жылы «Таймсбук ревью» журналында жарық көрген мақала оны Еуропаға танытты.

1940 жылы оған қазіргі заманғы американ прозасы шеберлерінің бір томдығын құрастыру тапсырылады. Фолкнердің байырғы жанашыры Каули бұл серияға жазушының 1 томдығын енгізуді ойластырады. Ол Фолкнердің бірде-бір шығармасын кітап саудасынан, не болмаса кітапхана каталогынан таба алмайды. Әлгі кітаптар өзінің қолында болып шығады. Жазушымен хат алмасып, оған алдағы уақытта серпіліс берумен үміттендіреді. Баспа да бұған қарсылық білдіре қоймайды. 1946 жылы шыққан бір томдығы шын мәнінде Фолкнердің әдеби тағдырын шешеді. Бірақ бұл том Фолкнерге табыс әкелмейді. Белгілі романшы, ақын, сыншы Роберт Пени Уор-реннің баспасөзде қолдау көрсетуі Фолкнердің биік беделін дәлелдейді. Бұл том бір жағынан университет студенттеріне оның шығармаларын зерттеудің оқу құралына айналды. Бұдан кейін 1948 жылы «Аруақты қорлау» романы оқырманға деген ұмтылыстың басы болды. Бұл 1931 жылғы жарық көрген «Святилища» романынан кейін жазушы оқырмандар алдында үлкен табысқа кенелді.

1940 жылдардың екінші жартысында АҚШ-та нәсілшілдік жанжалдар өрістеуі, негрлер мәселесі, ішкі тәртіп, соғыс, бұрынғы Солтүстік пен Оңтүстік арасындағы Азамат соғысын еске түсіріп, саяси қақтығыстарды өршітті. Осы тұста Р. Райттың «Қара түсті бала», (1945) Льюистің «Кингсблад – корольдер ұрпағы» (1947) романдары шықты. «Аруакты қорлау» – жазушының 16 жасар баланың нәсілшілдікке көзқарасымен берілген жаңа роман. Бала кара түстілерге жасалған қиянат-қорлыққа қарсы тұрып, негрлерді қанаушылықтан құтқаруға катысады. Роман композициясы негізінде фильм түсіріледі. Оған Оксфорд тұрғындары қатысады. Жазушы бала кезінде Линш сотына қатысушылардың алдында болған шындықты ашады.

1948 жылы Фолкнер Американың өнер және әдебиет академиясына сайланады. Бір жылдан кейін Американың бірінші әдеби сыйлығын алады. Осы жылдардан бастап ол АҚШ-та ғана емес, шетелде кеңінен таныла бастады. Шетелдегі беделін мойындаушы мемлекеттердің бірі Францияда А. Камю, Жан Пол Сартр жазушыға ерекше ықылас танытады. 1950 жылы оған «Заманауи американдық романды дамытудағы дербес көрнекті шығармашылығы үшін» халықаралық Нобель сыйлығы берілді. Өмірінің соңғы 10 жылында суреткер шығармашылық еңбегін қорытындылап, трилогия жазып бітірді. «Обособняк» романы (1959) – сол трилогияның соңғы кітабы. Алайда бұл соңғы шығармасы емес. Жазушы дүниеден өтерден бір ай бұрын «Тонаушылар» романын баспадан шығарды. «Обособняк» романы кедейленіп, қайыршыланған Американың бір қойнауында тірлік кешкен фермер мен ғасырлар аралығындағы жаңа адамдарының өміріне арналған Сноукстың зұлым тобырын әшкерелейді. Фолкнердің шығармаларының дені өзі туып өскен Американың оңтүстігіне Йоннататофына, нәсілшілдікке, құлдыққа, адамдардың қанаушылығына қарсы жазылды.

1930 жылдан бастап, Хемингуэй шығармаларымен бірге әңгімелері орыс тіліне аударыла бастады. 1934 жылы американо-новеллалары антологиясында Фолкнердің жазушылық талантына жақсы сипаттама берді. Оның шығармалары 1957 жылдан бері орыс тіліне жиі аударылды. 1958 жылы И. Кашкин

әзірлеуімен әңгімелер жинағы шықты. Содан бері Фолкнердің шығармалары тұтастай орыс тілінде жарық көрді. Ол Нобель сыйлығын тапсырғанда «Мен әрқашан ар, ұят, шындық, азап шегу, құрмет пен қайғыны көтере білу, бақытсыздық пен әділетсіздікке қарсы тұру туралы жаздым. Онда қандай да бір марапат үшін емес, ізгіліктің өзі үшін жолға түскен адамдарды бейнеледім» деп шығармашылық мақсатын білдірді. Өмірдегі шындықты шығармада айнытпай бейнелеу басты мұраты болды. Оның шығармашылығы біржақты тақырыпқа құрылмады. Өмірдің әр алуан мәселелерін қамтыды.

Жазушы Нобель сыйлығын алған кезде, Миссисипи штатының ірі газеттерінің бірі қызғаныштан түрлі пікірлер айтты. 1951 жылдан бастап Еуропада, әсіресе, Франция, Германия, Ресейде қаламгер шығармаларына қызығушылық ерекше болды. Фолкнердің қоғамдық ұстанымы күрделі, қайшылықты, әркілі болса да, ол адамгершілікті бәрінен биік қойды. Жазушы 1925 жылы Англия мен Америкада Ресейдегідей төңкеріс жасау қажеттілігін айтты. 1938 жылы Испания республикасын қолдап, фашизмге ашық қарсылығын білдірді. Нәсілшілдікті әшкерелеу, негрлерді құлдықта ұстау мәселелесі оның басты тақырыбына айналды. Фолкнер үнемі Бальзакты және француз қоғамының сан түрлі тірлігін нанымды бейнелеген «Адамзат комедиясын» биік бағалады. Ол Э. Колдуэл, Т. Вульф, Дж. Пассос, Джойс кітаптарын қызыға оқыды. «Айқай мен ашу» романының екінші бөлігін, Квентин әңгімесін Джойсқа тән мәнерде жазды. Жазушы өзі жақсы білетін американдық қоғамның шындығын айқын көрсетті. «Адам – арал емес, әркім адамзат алдында жауапкершілік арқалайды» деп жазды.

Оның әр әңгімесі – бір-біріне ұқсамайтын ерекше дүниелер. Әр кейіпкерінің мінез-құлығы нақты іс-әрекетте танылады. Фолкнер баяндаудың көркемдік тәсілін меңгеріп, оны шығармаларында кеңінен қолданды. 1955 жылдан бастап ол Америкадағы жазушы беделінің төмендеуі ел мәдениетінің қажеті еместігіне қынжыла ой айтты. Бұл оның «Американдық арман: оған не болды?» мақаласында өткір көтерілді. Ол американдық жазушылардың болашақ тағдырына алаңдады. Фолкнер шығармаларының кейбіреуі қазақ тіліне аударылды.

Т. Драйзер туындыларындағы Америка шындығы (1871-1945)

Көп балалы отбасынан шыққан, жасынан қиындық көрген 19 жасар Теодор жұмыс істей жүріп, кітап оқуын да жалғастырады. Оған Л. Толстойдың «Крейцер сонатасы» және «Иван Ильичтің өлімі» шығармалары керемет ұнады. Ол газет мақалалары мен очерктерді үзбей оқиды. Олардың түрі мен стиліне зер салды. Мектепте оқып жүрген кезінде Чикаго кітапханасынан Диккенс, Лонгфелло, По, Купер, Скотт, Готторн, Теккерей шығармаларымен танысады. «Дейли Ньюс» газетінде белгілі репортер Юджин Филданың репортаждарына қатты қызықты. Фермаларға жарна жинаушы болып орналасқан Теодордың бос уақыты көбейіп, өнер институтына әрі көпшілік кітапханасына жиі барып тұрды.

1892 жылы табанды жас екінші дәрежелі «Дейли глоб» газетіне жұмысқа орналасады. Алғашқы тапсырма 120 дана кітап сату болса, мұны табысты орындайды. Кейіннен газетте репортердің үйренушісі міндетін атқарады. Әдеби редактор Джон Максвелл оған репортаж, мақала жазу тәсілдерін үйретеді. Шопенгауер, Спенсер, Вольтер шығармаларын оқуға кеңес береді. Ол қажырлы еңбегімен, ізденісімен газеттің толық репортері болады. Бірте Максвелл оған «Саған тағдыр жай ғана репортер болуды емес, жазушы болуды маңдайыңа жазған» депті талант мүмкіндігін байқап. 1892 жылы ол Сент-Луистағы «Глоб-демократ» газетінде бағын сынайды. Ол анасынан адамдарға аяушылықты, еңбексүйгіштік пен армандауды бойына дарытса, әкесінен адалдықты, табандылықты, шынайылықты қалыптастырды. Алдымен репортер, кейін театр сыншысы болған Теодор 1895 жылы 1 қазанда жарыққа шыққан «Эври манс» газетінің редакторлығына тағайындалады. 1895-1905 жылдар американ журналистикасының гүлденген кезеңі. Журналдар молынан жарық көрді.

Драйзердің алғашқы әңгімесі «Ұмытылғандар» 1896 жылы жарияланды. «Эври манс» газетінде Драйзер прозасы жиі шықты. Брет Гарт пен Стивен Крейннің әңгімелерін жариялайды. Таралымы 65 мыңға жетеді. 1897-99 жылдардағы американ журналдарындағы Драйзердің 100-ден астам мақалалары мен ре-

портаждары шыққан. Оның әңгіме жазуына кездейсоқ танысқан досы Артур Генри үлкен көмегін тигізеді. Алғашқы әңгімесі «Шуақтағы құл иеленушілер» деп аталса, кейінгілері «Негр Джеф», «Дүние және сабын көбігі», «Қасапшы Рогаумның есігі» т.б. әңгіме сюжеттері жазушының өмірден байқап-көргендерінен алынған.

«Керри қарындас» романының жазылуына бауыры, әнші, композитор Пол Дрессер әңгімелері және өзінің музыканттар мен әртістер өмірін жақсы білуі себеп болды. Роман композициясына қарындасы Эмманың тағдыры алынған. 18 жасар Королина Ливер – Керри Чикагоға жұмыс іздеп келіп, тағдырдың небір сынағын өткереді. Керри – Эмманың әдеби бейнесі. Роман 7 айда жазылып бітеді. Артур Генридің ұсынысымен романды жазушы қайта жалғастырады. 1900 жылы романды «Харперс Энд бразерс» баспасына ұсынады. Американың көрнекті реалист-жазушысы, Драйзердің өзі романдарын жоғары бағалаған Фрэнк Норрис романда «керемет жергілікті колориті мен әрбір бетінде танытқан қажырлылығы мен шынайылығына» таңданды. Ол: «Бұл – нағыз оқырманды баурап алатын, біздің бұрынғы оқығандарымыздың кез келгенінен гөрі көп әсер беретін кітап. «Америка туралы кітап» деп жоғары бағалады. «Керри қарындас» Драйзердің алғашқы ірі шығармасы ғана емес, оның өмірлік философиясының дамуының жарқын кезеңі. Керри табысқа жетсем деген ұмтылыстың, американдық байлық пен даңқы жайлы құрғақ қиялдың құрбанына айналады. Бар меңгерушісі Герствуд та ақшаға құнығып, ақыры қаңғыбас аталады.

1900 жылы қыркүйекте роман Англияда басылады. Ағылшын сыншылары романды жақсы бағалады. «Манчестер Гардиан» газеті нағыз «американ тарихы» деп атап өтті. Лондонның «Дейли хрониклы» роман авторын «нағыз суреткер» десе, «Атенсум» Э. Золяның «Нана» романымен бір қатарға қойды. Бірінші таралымы тез тарап кетеді. Баспагер В. Кейнеманн Фрэнк Даблдейге жазған алғыс хатында «Драйзер мырза шексіз қабілетті автор. Сізді осындай жазушыны ашқаныңызбен шын жүректен құттықтаймын. Сізге оны қалайда жарнама-

лау керек» деп сүйсініс білдірген. Осы жылдары ол «Бұзақы» және «Күнәһар қыз» шығармаларын жаза бастайды. Кейіннен Драйзер «Керри қарындасты» өз қаражатына шығарады. 1900 жылдары моральдық жағынан теріс ықпал тигізген роман 1907-11 жылдары американ баспасөзінде жоғары бағаланады. Роман 1911 жылы ағылшынның «Акадети энд литератюр» басылымында ең үздік 20 кітаптың бірінен саналады. «Англиядағы бұған дейін шыққан реалистік романның ішіндегі үздігі» ретінде мадақталады. Нобель сыйлығының лауреаты Льюис 1937 жылы «Керри қарындас» – Драйзердің алғашқы тамаша романы» деген лебіз білдірді.

1907 жылы Драйзер «Делинейтер», «Дизайнер» және «Нью айдиал вуменс мэгэзин» бұқаралық әйелдер журналын шығаратын «Баттерик» коммерциялық журнал бірлестігінің бас редакторы қызметін атқарады. Драйзердің ұсынуымен журналдар бірлестігіне жетім балаларды әрбір үйдің асырап алуы ұйымдастырылады. Бұл жалпы ұлттық шараға айналады. Журнал бастамасын президент Теадор Рузвельт қолдап, 1909 жылы ұлттық конференцияда Балаларды құтқарудың жалпы ұлттық лигасы құрылады.

1911 жылы «Дженни Герхардт» романын жазып бітірді. «Данышпан» романы тамызда тәмамдалады, баспа «Қаржыгер» романын бітіруді өтінеді. Чикаголық «Ивнинг пост» газеті «Дженни Герхардт» романына тұтастай бет арнап, «Ұлы кітап» деп атады. Дженни – кедей американ қызы, арман-мұраты асқақ жан. Қайырымды, таза, қарапайым қыздың бай фабрикант баласы Лестер Кейнмен арадағы тартысы буржуазиялық қоғамның катал кейпін, өмір шындығын бейнелеген. «Дженни Герхардт» романы көптеген өмірбаяндық деректерді камтыған. Мұнда Герхардтар отбасының тағдыры сипатталады. Отбасындағы әке Уильям Герхардт өміріндегі Джон Пол Драйзерге көбірек ұқсайды. 18 жасар жігіт заңның әділетсіздігіне ренжіп әрі жалпыға бірдей әскери міндеттен бас тартып, алдымен Парижге, сонан кейін Америкаға кетеді. Теадор Англияда біраз жүргеннен кейін, Франция, Италия, Германия, Голландия, Монакоға сапар шегеді. 1912 жылы сәуірдің ортасында Драйзер «Титаникпен»

мұхитқа сапар жасамақ болады. Қаржы тапшылығынан «Крунленд» кемесімен аттанады. 23 сәуірде Нью-Йоркке келген ол «Титаниктің» суға батып кеткенін естиді.

«Қаржыгер» («Финансист») – жалпы ұлтқа кеңінен таралған орасан зор қаржы монополиясының қызметі жайлы жазылған жазушының бірінші ірі шығармасы. Алғашқы екі кітаптан мүлде өзгеше. Роман кейіпкері кәсіпкер Фрэнк Алджериян Каупервуд – жинақталған типтік бейне. Оған байлыққа құштарлық, айналасындағы адамдарға алыпсатарлықпен құныға айналысу тән. Ол өз мүддесінен басқа ештеңемен санаспайды, заңға да бағынбайды. «Қасқырлармен өмір сүру – қасқырларша ұлу» деген ойды негізге алды. Қаржы ісіндегі шектен тыс байлыққа ұмтылу ақыры дағдарысқа ұшыратып, түрмеге жабылуымен тынады. «Қаржыгер» Драйзердің американ әдебиетіндегі реалистік бағыттың бірден бір үздігі екендігін көрсетті. Бұл роман өзінің өміршеңдігімен қазіргі уақытта да оқырмандар арасында ерекше беделге ие. «Титаникте» қаламгер американ империализмнің зымыян келбетін, үлкен бизнестің жыртықшылығын әшкерелейді. Оның «Қаржыгер», «Титан», «Стойк» романдары «Тілек трилогиясы» деген топтаманы құрайды. Бұл шығармалар америкадағы капиталистік қоғамның шынайы бет-әлпетін әлеуметтік сипатта кеңінен көрсетеді. Сонымен бірге жұмысшылар өмірі де шынайылығымен бейнеленген.

«Данышпан» («Гений») романы 1915 жылы баспадан шықты. Романның негізгі тақырыбы – буржуазиялық қоғамдағы талантты суретшілердің тағдыры. Кітап кейіпкері – өзінің жақсы танысы, досы, жерлесі суретші-иллюстратор Франклин Бутс. Ол Чикаго, Сент-Луис, Нью-Йоркте газет-журналда қызметте жүргенде В. Зоннтаг, Ф. Макнорд т.б. суретшілермен жиі араласты. Шеберханаларында болып, қоғамдағы өнердің рөлі жайлы өзара пікірталас өрбітті. Жазушы суретшілер және көрмелер туралы очерктер жазды. Роман кейіпкері Юджин Витла бала кезінен табиғатты сүйіп өскен жан. Ол табиғат сұлулығын бейнелеуге құмар. Мұражайларды, сурет көрмелерін аралап, өнер институтының ақылы курсына түседі. Орыстың соғысты бейнелеушісі В.В. Верещагиннің суреттер көрмесінен үлкен әсер

алады. Ю. Витла еңбекқорлығы мен талантының қадіріне жетпей, байлық пен даңқ қуып, қайғылы тағдыр кешеді. Ол нағыз өнер туындысын тек доллармен ғана бағалауға құмар. Кітапты 1911 жылға дейін бітіргенімен, 1913-14 жылдары қайта жазып шығады. Кейіпкер тағдырының ауыртпалығын суретшілік өнермен астастырады. Кітапты сыншылар қатты сынағанымен, жазушы «Маған бәрінен бұрын «Данышпан» ұнайды. Оған өзімнің жан-дүниемді арнадым» деп жазды.

Драйзердің әңгімелерінің көлемі ұзақ, көбінесе, әйел тағдырына, махаббат мәселесіне арналған. Олар: «Западня», «Оливия Бранд», «Эрнита», «Эрнитина Рона Мэрс», «Ида Хошавут». Жазушының әңгімелеріне қарағанда романдары құнды да маңызды. Драйзердің 1931 жылғы публицистикалық жинағы «Қасіретті Америка» деп аталады. 1941 жылғы жинағы «Америка құтқаруға тұрады» деген атпен жарық көреді. Ол американ империализмін, алпауыттар мен ел билеушілерінің зұлымдық, жауыздық іс-әрекеттерін, жұмысшыларға көрсеткен қысым-қиянатын аяусыз айыптады.

С. Льюис Нобель сыйлығын алған сөзінде «Менің ұлы әріптесім Шервуд Андерсон Драйзерді біздің бас жазушымыз деп мәлімдеді. Мен оны қуанышпен қолдаймын, “Керри қарындас” – Драйзердің алғашқы тамаша романы және егерде мистер Драйзерді сыйлыққа ұсынған болса, онда Америкада күнкілдер естілер еді, Драйзердің стилі сондай ауыр, салмақты, өйткені Драйзер сөзді сезінуді білмейді, оның романдары күмәнсіз шұбалаңқы” десе, Андерсон “Драйзер” мақаласында юмор жоқтығын қиын тағдырымен байланыстырады. Оның бірде жетімдер үйіне кіргенде көзінің жасы бетін жуып, қиналып кеткенін жазады.

«Американдық трагедия» романы 1925 жылы жазылды. Алғашында С. Льюис романды ұнатпай, рецензия жазудан бас тартады. Ливрайт «Американ трагедиясы» деп аталуына қарсы болады. Айтуға қиын есім болғандықтан, «Грифите» деп өзгертуді талап етеді. Жазушы бұған келіспейді. Ливрайт «Эвин», не «Вернер» деп атауды ұйғарады. Алайда жазушы романды бұрынғы атауымен қалдырады. Кітапта сол кездегі қоғамдағы әлеуметтік жағдай, дін, махаббат, саяси өзгерістер суреттел-

ген. Ең басты оқиға – өмір сүру және жастар арасындағы махаббат мәселесі. Драйзер архивінде бір-біріне ұқсас махаббат қасіреті жайлы 15 оқиға болған. Барлық оқиғалардың түйіні – байлық пен мансапқұмарлық, өз бетінше тірлік кешу және өзіне кедергі келтірген адамнан қылмыс жолымен құтылу т.б. Байлық пен билікке ұмтылу жолында небір қылмыстардың жасалуы американдық қоғамдағы қалыпты жағдай. Жоғарыдағы оқиғаға дәрігер, чиновник, дін адамдары қатысқан. Американдық қоғамның XX ғасырдың басындағы болмысы бейнеленген туынды «Американдық трагедия» деп аталды. Романның ауқымды бөлігі Робертаның өлімі мен Клайдты соттауға арналды. Республикалық прокурор О. Мейсон бейнесі өз ісінің үлкен шебері ретінде суреттелген. Соттағы сөйленген сөздер Честер Джилеттің сот залындағы айтқандарының нақты көшірмесі. Алтыншы тарауға священник Преис Браун жасаған қылмыстық оқиғалар алынған.

Романның жазылуына себеп сол кезеңдегі дамыған экономикалық күштердің адамды, қоғамды рухани жағынан аздырып, тоздыруы еді. 1860-1914 жылдары АҚШ бұрынғы кішігірім аграрлық отар елден өндірісі қарқынды дамыған іргелі мемлекетке айналды. 1860 жылы халқы 31 миллионнан 1910 жылы 76 миллионға бір-ақ көтерілді. Өндірістің дамуы жұмыссыздықты арттырды. Адамдардың күнкөрісі қиындады. Қоғамдағы кереғар жайларға жазушылар үнсіз қалмады. Алғашқылардың бірі болып Т. Драйзер осынау өткір, өзекті мәселені көтерді. «Американдық трагедия» бірден әдеби сенсацияға айналды. Автордың атағы әлемге жайылды. «Нейшн» журналы «біздің замандағы американдық ұлы роман» деп бағалады. «Нью Йорк таймс», «Уорлд», «Вашингтон дейли ньюс», «Герольд трибюн» және т.б. газет-журналдарда мақталған мақалалар жарыса жарық көрді. «Драйзер – данышпан деген сөздің биік мағынасындағы тұлға» деп жазды романды оқыған Г. Уэльс.

Романның табысы – кәдімгі америкалық қоғамдағы өмірдің шындығы, қарапайым американдық жеткіншек тағдырының нанымды суреттелуі. Алайда романға бірқатар сындар айтылды. 1926 жылы «Меркурий» журналында Генри Менкен «әдеби тә-

сiлдiң жоқтығын айыптап» түрлi кiнә тақты. Ол романдағы 385000 сөздiң 250000 артық деген қорытындыға келдi. «Американдық трагедия» қанша сыналғанымен, ХХ ғасырдағы iрi американдық романы. Жазушы романды жазар алдында Ф.М. Достоевский, Э. По шығармаларын оқыған. Драйзерге Раскольников бейнесi қатты әсер еткен. Клайд бейнесiн сомдауда Достоевский романынан көп нәрсе үйренген. Сыншы Дэрроу Драйзердi «трагедия шеберi» деп атады. Оның «Керри қарындасы» американдық әдебиетiндегi зор құбылыс болды. «Американдық трагедия» авторынсыз американдық әдебиетiн орыстың «Қылмыс пен жаза» немесе француздағы Флобердiң «Бовария ханымсыз» елестету мүмкiн емес» деп жазды әдебиеттанушы С. Батурын.

Романда дiни отбасында өскен, сана-сезiмi төмен, балалық шағы кұр уағыз айтумен өтiп, айналадағы өмiр өзгерiсiнен хабарсыз қалған Клайд Гриффитистiң тағыры баяндалады. Тұрмыс жағдайына қарамастан, ол асқақ арманға ұмтылады. Байлыққа кенелiп, сұлу қыз сүйiп, үйленiп, шексiз бақытқа жетудi ойлайды. Алғашында қаладағы қонақ үйдiң қызметшiсi бола жүрiп, кiлең жеңiлтек, азғын топтың ортасына тап болады. Аяқ асты қайғылы жағдайға ұшырап, содан қашып үлкен дәулеттi ағасын паналайды. Жаңа қалада, жаңа ортада қалыпты тiршiлiк бастағанымен, ақыры қылмысқа ұрынады. Бай ағасы фабрикасына жұмысқа орналастырады. Қарапайым отбасыдан шыққан Робертомен танысып, екеуi бiр-бiрiне ғашық болады. Алайда Сондра Финчли деген дәулеттi адамның қызымен танысып, ол Клайдты ұнатып қалады. Жiгiтке мол ақша берiп, билiктегi беделiн биiктетпек ниетiн бiлдiредi. Бұл кезде сүйiктi қызы Роберта ауыр аяқ болады. Байлық пен билiктiң буына мастанған Клайдтың арам ойы Робертаны өлтiрiп, Сондрамен бақытқа жету. Некелесемiз деп уәде берiп, қайықпен серуендеу кезiнде фотоаппарат штативiмен ұрып, суға батырып жiбередi. Робертаны құтқаруға мүмкiндiгi жетсе де, жақсы жүзе алатын жiгiт арам ойдан қайтпайды. Ақыры Клайдтың қылмыстық iсi әшкереленiп, сотқа тартылады. Романда сот үдерiсi ұзақ мазмұндалғанымен, адам тағдырына жанашырлық пен аяушылық, қатыгездiк пен зұлымдық тартысы қатар өрбидi.

«Американдық трагедия» адамның өмірге, тағдырына қанағаттанбауын, қызғанышын, қиындық туғанда өз басын арашалауға әрекеттенуді, т.б. оқиғаларды бейнелейді. Американ қоғамына тән байлық пен билік бәсекелестігінде қарапайым еңбекшілердің, кедейліктің зардабын тартып, түрлі қиындықпен азап шеккенін өткір сипаттайды. Роман композициясына өмірде болған бірнеше оқиға алынған. Соның бірінде 1906 жылы Шастер Джилет деген біреу Грейс Броун деген қызды өлтіреді. Жазушы қылмыстық оқиғаларды мұқият зерттеп, сот ісінен кейбір жекелеген деректерді пайдаланады. Мысалы Роберта хаты Грейстің Джилетке жазған хаттарынан сөзбе-сөз алынған, ал өлім оқиғасы дәл Броун өлімімен сәйкеседі.

Драйзер – натуралист суреткер, натурализм – өмір құбылыстарын, оқиғаларды табиғи қалпында баяндауды мақсат ететін бейнелеу тәсілі. Натурализм – 19 ғасыр соңында, 20 ғасыр басында Францияда қалыптасқан әдеби бағыт. Мұны көптеген американдық жазушылар шығармашылық ұстанымының негізі етіп алды. Солардың бірі – Т. Драйзер. Ол адамдарды неғұрлым қуатты әлеуметтік және экономикалық күштердің дәрменсіз құрбаны ретінде қарастыратын, әлеуметтік мәселелерді айқын сипаттайтын әдеби бағыт. Жазушы өмірлік шындықты көркем шығармаға ұтымды пайдаланып, оқиғаны нақты да тура баяндап шыққан. Ол осы жағынан келгенде натуралист жазушы Э. Золя шығармашылығымен таныс болмаса да, одан ерекшеленеді. Негізінен реалист суреткер Бальзакқа жақындайды. «Өмір дегеніміз, менің түсінігімде, ақырғы сәтте бағынбай кететін ұйымдастырылған үрдіс. Адам эмоциясы мен өмірлік қимыл әрекетін ешкім де өзгерте алмайды» дейді 1927 жылғы 5 қаңтардағы хатында. Драйзер романға бұдан басқа да оқиғаларды, соның ішінде, медицина факультетінің студенті Карлайл Харристің және священник Ричардсон мен Эвис Линкел арасындағы оқиғаларды негізге алған.

Драйзер алдыңғы екі романда қарама-қайшы салыстыру тәсілін қолданды. «Американдық трагедия» романы – бұл тәсілді көркемдік меңгерудің алғашқы нышаны, мұнда пейзаж көркемдік тұтастықтың картинасын жасауда маңызды рөл атқа-

рады. Биг-Бери көлінің табиғаты оқиға жайынан хабар беретін сипатта суреттелінеді. Табиғат аясы оқиғаны талқылап, түсіндіруге қатысатын куәгер іспетті жанды дүниеге айналған. Роман қайыршылық пен кедейліктің және байлық пен дүние-қоңыздықтың қарама-қарсы екі әлемін өткір бейнеледі. Роман оқиғасы біртіндеп дами отырып, оқиғалардың тартыстылығын өткірлей түседі. Автор бірде Клайд тағдырына ортақтасқысы келсе, бірде оның зұлымдық істерінен жаны түршігіп, жек көреді. Романның композициялық құрылымының кереметтілігі өз алдына, осынау қасіретті оқиғаның шарықтау шегі сәтті шыққан. Кітап атауы алдымен, «Күнәһар», «Сағым» содан кейін «Американдық трагедия» аталды.

Драйзер – кең қарымды қаламгер, ол өмірдің барлық қырын кеңінен қамтып, соншалықты дәл бейнелеуге бейім. Американдық эстет сыншылар кезінде «Драйзерде ешқандай стиль жоқ, ол суреткер емес, фотосуретші ғана» деген пікірлер айтты. Әйтсе де жазушы стилі бұл сипаттау мен баяндаудың әдемілігінен, тіркестердің әсемдігінен және сюжеттің жеңілдігі мен тартымдылығынан тұрмаса да, ол өзіндік қолтаңбасы бар суреткер. Драйзердің стилі – натуралистік стиль, ол өмірлік шындықты айнытпай, дәл бейнелеуге бағытталған. Ол роман жазудың нағыз шебері. Әрбір шығарма сайын үздіксіз ізденген талант. Кейіпкерлердің ішкі жандүниесін жан-жақты ашады. Оларды іс-әрекеттің түрлі көріністерінде сипаттайды. Сондай-ақ адамның мінез-қылықтарын, өмірлік ұстанымдары мен түрлі қайшылықтарын, мақсатты ұмтылыстары мен қателіктерін жан-жақты суреттейді.

Белгілі американ сыншысы Генри Менкен 1945 жылы Драйзер дүниеден өткеннен кейін: «Ол ұлы суреткер болды. Оның буынындағы бірде бір американдық жазушы ұлттық сөз өнерімізде мұндай жарқын және тамаша із қалдырған жоқ» деп жоғары бағалады. Драйзер романдарының ішінде «Американдық трагедия» – қоғамдық өмірді және еңбек үдерісін, әлеуметтік жағдайды терең психологизммен бейнелейтін құнды шығарма. Роман – 20 ғасырдағы американ әдебиетіндегі сыншыл реализмнің таңдаулысы. У. Фолкнер Драйзердің шығарма-

шылық тәсілі мен мәнері өзгеше болса да, оны өз ұстаздарының қатарында атады. Ол «Шервуд Андерсон өз буынындағы американ жазушыларының әкесі болса, Теодор Драйзер әдеби қатынас жағынан үлкен ағасы, ал Марк Твенді барша жазушылардың атасы деуге болады» деген пайымдау білдірді. Жазушының үлкен досы Дж.Г. Робин: «Драйзер қолына қалам алса тек шындықты жазады» деген лебізін жеткізді.

Т. Драйзердің мол туындыларының ішінен «Американдық трагедиямен» «Керри қарындас» қазақшаға аударылды. Ағылшын тілінен З. Вершинина мен Н. Галь бірлесіп аударған «Американдық трагедия» романы 1950 жылы Мәскеудің «Художественная литература» баспасынан жарық көрді. Қазақ тіліне аударғандар: Т. Аққұлов, Ф. Дінісләмов, екінші аудармасын Т. Исмаилов жасады. Алғашқы аудармада аудармашылар 874 беттен тұратын кітапты толық аудармаған. Екінші кітаптың 40 тарауынан бастап аударған. Аударма Робертонның аяғы ауыр болған кездегі оқиғалардан басталған. Мұндай ірі, күрделі классикалық шығарманы қазақшалауда сәтті ізденістермен бірге, кемшіліктер де орын алған. Орыс аудармасындағы кейбір күрделі құрмалас сөйлемдерді дәл бергенімен, ойды шашыратып алған. Мәтін мағынасын толық жеткізбеген, кейде өз жандарынан сөздер қосқан. Мысалы 16 беттегі «Роберто эн салып жүр, құтылмайтын сын сағатқа тап болып еді» деген сөйлем орысшасында жоқ. «Страхи Роберты» деген тіркес «Роберти көзіне қос көрініп» деп аударылған. Аудармадағы мұндай сәтсіздіктер әр бетте кездеседі. Мысалы «Это туманное предложение о кратковременные поездки» деген сөйлем бөлігі «Азмаз уақытқа үйіңе барып кел деген айлалы ұсынысы» деп берілген. Орысша нұсқасынан біраз ауытқыған. «Все позаботившись как то о своем гардеробе» деген сөйлемді «үске киер киім-кешегін сайлап алмай» деп берген. Сөйлем мағынасының дәл шықпауы өз алдына, «үстіне» сөзі «үске» деп қате жеткізілген. Орысшасы: «Клайд с отращением вспомнил жалкую захолустную глушь под Бильцем». Қазақшасы: «Бильц түбіндегі онаша жарлы деревняны аза бойы қаза тұрып есіне алды» (21 б). Мәтін мағыналық-логикалық жағынан дәл құрылмаған. Мұнда дерев-

ня емес, азып-тозған, ескірген Робертонның әке-шешесі тұратын шағын фермерлік жүдеу үй сөз болады. «Жарлы деревня» деген тіркес сәтсіз алынған. Аудармашылар оның адамға қатысты қолданылатынын ескермеген.

Романдағы әдемі табиғаттың көрінісін суреттейтін пейзаж аудармасы сәтті шыққан. Орысшасы: «Яркое солнце заливает кристальным светом зеленую лужайку, протянувшуюся от высоких елей и серебрянным водам озера». Қазақшасы: «Айнадай жарқыраған күн нұры биік шыршалардан күмістей жалтылдаған көл суына созылған жасыл шалғынды кристалдай құлпыртады» (35 б.). Орысшасы: «Деревиe такие зеленые кругом все цветет. Когда подходишь к окнам, слышно, как в саду жужжать пчела». Қазақшасы: «Ағаштар жасылға малынып, төңірек тегіс гүл атқан. Терезеге таянсаң-ақ бактағы аралардың гуілі келеді құлакқа» (21 б.). Алдыңғы сөйлемде табиғат көрінісі орысша нұсқасына сәйкес берілген. Екінші сөйлемдегі суреттеме сәтті шыққанымен, «жасылға малыну» тіркесі сөйлем мағынасын өзгертіп тұр. Мұнда жасыл желекке бөлену ұғымы айтылған.

Романда кейіпкерлер сөздері мол. Әр кейіпкердің өзіндік сөйлеу ерекшелігі аудармада шынайылығымен берілуі тиіс. Орысшасы: «Откуда ты знаешь, может быть, я на днях выйду замуж. Счастье приходит к тому, кто умеет ждать». Аудармасы: «Сен қайдан білесің, бәлкім мен жуырда күйеуге шығармын, - дедім. Сабыр түбі – сары алтын, сарғайған жетер мұратқа». Робертонның құрбысымен сырласуы аудармада орысша нұсқасымен баламалы жеткізілген. Аудармашылардың тапқырлығы қазақы нақылды кейіпкер сөзіне ұтымды пайдалануы. Мұндай сәтті сәйкестіктер аудармада аз емес. Алайда кейбір қателіктер де орын алған. Мысалы «Джил встречает его веселым возгласом. Привет, Клайд! Где вы пропадали? Я вас, кажется, сто лет не видел». Аудармасы: «Джил оны көңілдене дауыстап қарсы алды. – Хэлло Клайд! Қайда жоғалып кеттіңіз. Көрмегелі жүз айдың жүзі болды ғой, Сізді». Аударма орысша нұсқасымен мағыналық жағымен толық сәйкеседі. Алайда қазақшасында кейбір ауытқулар бар. Орыс аудармашылары ағылшынша «хэллоуды» әдейі оқырмандар

ұғымына лайықтап, «привет» деп берген. Қазақ аудармашылары ағылшын тілінде алған, сілтеме беруі керек еді. Кейіпкердің «жүз жыл көрмеуі» кекесінді мағынада алынған. Аудармашылар мұны түсінбеген. Мағынасын бұрмалап, 100 айға теңеген.

Романда авторлық баяндауларды аударуда кейбір кемшіліктер орын алған. Мысалы орысшасында: «Все же она любила его и впервые за всю жизнь неумолимая, суровая действительность нанесла ее так жестокий удар, ворвавшись в ее веселый, легкомысленный мирок». Қазақшасы: «Әйтсе де соны сүйіп еді-ау Сондра! Міне енді өзінің сол көңілді де ұшқалақ тіршілігі саялаған аядай мекенге аяусыз да қатал шындық баса көктей ене, алғашқы бір ауыр гүрзісін көміп те жіберді бейбаққа».

Сөйлемнің бастапқы бөлігі орысша нұсқасына жақынданымен, аудармашылар мәтін мағынасын күрделендіріп жіберген. Мағынасы сәйкеспейді, ауызекі әңгіме түрінде сипатталған. Аудармашылар кейбір құрмалас сөйлемдерді сол күйінде аударғанмен, сөйлемдегі ой түсінікті емес, көп жағдайда өз жанынан сөздер, сөйлемдер қосып, орынсыз әсірелеген. Басты кемшіліктерінің бірі – әлемге әйгілі классикалық туындының толық аударылмауы. Аудармашылар кітаптың бастапқы тарауларын тастап кеткен.

Аудармашылардың тағы бір киналатын тұсы – реалиялар. Әсіресе, кеңестік кезеңдегі коммунистік идеологияның дінге атеистік теріс көзқарасының салдарынан діни ұғымдар бұрмаланып аударылған. Мысалы: «Но, Боже, что это! – «Астапыралла, мынау не?», тағы басқа діни атауларды аудармашылар исламдық ұғыммен берген. Кейбір тіркестер мүлде бұрмаланып кеткен. Мысалы нескладный отец – салпы етек әке, две недели – екі жұма, какая выдержка – темірдей беріктік, легкая как перышка – қауырсындай ғана салмағы бар, дорогая мамочка – қымбатты маматай, милый – сәулем-ай т.б. Мысалы: «Предательская красота этой бухты!» – «Осы шығанақтың ару көркі оның басын сиқырлағандай-ақ!» Мұнда шығанақтың аяр көркі туралы айтылған. Аудармашылар мұны түсінбей мағынадан ауытқыған. Мақал-мәтелдер аудармасы сирек болса да, дәл берілген. Мысалы «Пришла беда – отворяй ворота» – «Пәле келсе – қақпанды аш».

Т. Драйзердің шығармалары сол кезеңнің шындығын көрсетумен бірге, адамзаттық үлкен мәселелерді көтеру арқылы бүгінгі заманмен де үндестік табуда. Оның «Қаржыгер» романы мемлекеттердегі қазіргі экономикалық қаржы дағдарысымен сәйкеседі. «Керри қарындас» романын казак тіліне Қ. Мәдібай аударды.

Марк Твен шығармаларының реализмі

Сэмюэль Ленгхорн Клеменс (Марк Твен) (1835-1910 жж.). Сэмюэль Клеменс 1865 жылдан Марк Твен деген бүркеншік есіммен әлем әдебиетінде әйгіленген классик жазушы. Ол Миссури штатындағы Ганнибал қаласында туып өсті. Бұрынғы деректерде Флорида штатында туды депті. Твеннің стилі негізінен табиғи американдық ауызекі сөйлеу стиліне тән. Бұл американдық қаламгерлерге өздерінің ұлттық сипатын жаңаша бағалауға мүмкіндік берді. Сөйтіп олар ағылшындардан қалыспай, әдемі жаза алатынын дәлелдеді. Твен және басқа американдық жазушылар үшін XIX ғасыр соңындағы реализм жай ғана әдеби әдіс болған жоқ, шын мәнінде олардың жазу мәнеріндегі ескі шарттарды бұзған бірден бір тиімді тәсіл саналды. Ол терең әрі еркін сипат алды да, қоғаммен ашық қайшылыққа шықты.

Марк Твен шығармасында XIX ғасырдағы американ әдебиетіндегі екі негізгі ағым ерекшеленеді. Оның бірі – көпшілікке кеңінен таралған әзіл, екіншісі – ұлттық колорит мектебі, басқаша айтқанда – регионализм. Осынау туыс бағыттар 1830 жылы қалыптасқанымен, оның терең тамыры байырғы жергілікті ауызекі сөйлеу дәстүрінде жатты. Дегенмен Твен ықпалымен жаңа жердегі солтүстікте Джонсон Купер, Джордж Вашингтон Харрис, Огастес Лонгстрит, Томас Бенгз т.б. юмористер сияқты оңтүстіктегі Твен және Фолкнер, басқа да көптеген жазушылар шығармасында комизмнің жылы ағысы пайда болды.

«Букс энд букмен» журналына берген сұхбатында У. Фолкнер Твеннің ерекшелігін өте дәл әрі шынайы айқындады: «Шервуд Андерсон менің заманымдағы американдық жазушылардың әкесі және менің ұрпақтарымның құндылығы болып табылатын

әдеби дәстүрдің негізін қалаушы. Бірақ осы уақытқа дейін оны лайықты бағалаған жоқ. Мен айтар едім, Теодор Драйзер әдеби қатынасы жағынан оның үлкен ағасы саналса, ал Марк Твенді жазушылардың әкесі деуге болады».

Т. Драйзер «Екі Марк Твен» мақаласында (1935) ұлы американдық жазушысын «ірі әрі уайымшыл ойшыл» деп атады. Сондай-ақ, ерекше раблелік қуаты жағынан эзілқой дарын, парадокс, әсірелеу және өткір қалжың иесі екенін айтты. Марк Твен – шығармашылығымен американдық әдебиетіне дамудың сапалық өзгерісін жасады. Ол – ұлттық көркем прозадағы реалистік дәстүрдің империализмге және монополизмге қарсы публицистика негізін қалаушы. Твен ағылшын тілді әдебиет ауқымында американдық ұлттық стилді қалыптастырды. АҚШ тарихындағы аса көрнекті халықтық, ұлттық жазушыға айналды. Көзінің тірісінде атақ-даңқы шыққанымен, жазушының ұлылығы бірден мойындалмады. Ұзақ уақыт оны юморлық жанрдың шебері ретінде таныды. Туындыларындағы күлкі астарындағы терең әрі ащы мағынаға мән бермеді.

М. Твеннің әдебиеттегі орнын американдық жазушылар – Драйзер, Хемингуэй, Стейнбек, Фолкнер дәл айқындады, әдебиетте ұстаз санады. Американдық сыншысы М. Канлиф Твен туралы «ол халықты сүйді» десе, Р. Спиллер «Өз уақытының және халқының әрбір дерегі мен көңіл-күйіне сүйенді, М. Твен халықтық суреткер, халық жасаған тарихты әңгімелеуші... оның өнері табиғи жанды тұтастықтан тұрады. Әркез олар халықтың үні болды» деп бағалады. Американдық әдебиетінде сыншылар еріксіз халықтық ұғым атауын М. Твенге телді. Шығармашылығының зор халықтық қуатын аңғарды. Немістің классик ақыны Ф. Шиллер ұйғарымында: «Марк Твен – американдық әдебиетінің ірі юмористерінің және реалистерінің бірі». У. Хоуэлс «Американдық әдебиетінің Линкольны» десе, У. Фолкнер: «Марк Твен – бірінші нағыз американдық жазушы және біздің бәріміз оның мұрагерлеріміз, оның ісін жалғастырушыларымыз. Твенге дейін американдықпыз деп келген жазушылар шын мәнінде дәл олай бола алмады, олар еуропалық әдебиетке, еуропалық мәдениетке сүйенді. Тек Твенмен, Уолт Уитменмен ғана нағыз өз

болмысындағы американ әдебиеті жасалды. Уитмен шындығында Твенге дейін жазуды бастағанымен, американ әдебиетінің өмір сүретініне сенімді емес еді. Твен мұны алғаш сезінді, бірден-бір негізін қалаушысына айналды. Сондықтанда оны мен американ жазушысының әкесі санаймын, алайда бірінші американ жазушысы емес» деп пайымдады.

XX ғасырдағы реалистік американ әдебиетінде түрлі стилдік дәстүрлер қалыптасқанымен, олардың бәрі Твеннен асып түспеді. Т. Драйзер, Э. Хемингуэй, не Фолкнер, Т. Вульф, не Дж. Дос Пассос, не Эрскин Колдуэлл, сөз жоқ, ұлы жазушының шығармашылығындағы «Гекльберри Финнен» әсер алды. Американ реализмінің поэтикасы М. Твенге негізделді. 1860 жылдан бері американ новеллаларында күрт бетбұрыс басталды, зерттеуші Ф.Л. Патти сөзімен айтқанда: «бірінші рет американ әдебиетіне шынайы реализм табанды түрде енді». М. Твен новеллалары да У.Д. Хоуэллс, Г. Джеймс тәрізді реалист жазушылар шығармаларындай «нақтылығымен», «баяндаудың өміршеңдігімен», «детальдардың шынайылығымен» дараланды. Новеллаларының құрылымдық сипаты – бірінші жақтан баяндау. Өзінің жазба кітапшасында: «Үшінші жақтың сөзі жағымсыз, тек дәл сөз ғана мағына береді» депті. 1860-73 жылдары новеллалар жазған қаламгер кейін ірі шығармаларға ден қойды. Я.Н. Засурский пайымдауынша М. Твеннің талантына тән ерекшелік – американ қоғамындағы өмір құбылыстарын кең ауқымда қамтуы, әдеби шеберлігінің бай диапазоны, қолданған жанрларының әралуандығы.

Твен әңгімелерінің көркемдік әлемі сол уақыттағы американ өмірін барынша шынайы әрі толық бейнелеуінде. Ел тұрмысы мен әдет-ғұрпы, бизнес пен саясат, таптарға, нәсілге, ұлтқа деген көзқарас нақты бейнеленген, көптеген дәл детальдармен түйінделген. Твеннің әзіл әңгімелерінің қалыптасуына пародия және комедиялық публицистикамен бірге, анекдот ықпал жасаса, тіпті сол кездегі АҚШ-қа тән анекдоттарды біріктіріп беруді Твен енгізді. Мысалы «Суық тигенді қалай емдейді» шағын әңгімесінде (1863) 9 анекдот бар. Твеннің әзіл новеллаларының классикалық үлгісінің жарқын мысалы – «Калаверастың атакты

секіргіш бакасы» (1865). Бұл әңгіме жазушыға үлкен абырой әкеледі. Твен негрлер және алтын іздеушілер фольклорында ұшырасатын анекдоттарды пайдаланды.

«Таңқаларлық Гондур республикасы» (1875) әңгіме-памфлет, «Питкерндегі ұлы революция» – аңыз-новелла (1879). Американдық күлдіргі фольклоры рухындағы твендік юморлық әңгімелер: «Менің сағатым» (1870), «Шаштараздар туралы», «Сұхбат алушымен сұхбат» (1875), «Велосипедтің ұрлануы» (1880), «Миссис Мак Вильямс және найзағай» әңгімелерінің кейіпкерлері күлкіге кенелтеді. Твеннің күлкілі новелла-аңыз топтамалары: «1 млн фунт стерлинг банк билеті», «Эскимос қызының романы», «Тірі ме, өлі ме», «Гединбергті бұзған кісі», «30 мың долларлық мұрагерлік» 1892-1904 жылдары жазылған. Бұл новеллаларында ақшаның адам жандүниесін қалай бұзатындығы, қоғамдық қатынастарға жік салатыны әсерлі суреттеледі.

Твен 1866 жылы алғашқы шетелдік сапарын «Сакраменто юнион» газетінің тілшісі ретінде Сандевич (Гавай) аралынан бастады. Өзінің ұзақ өмірінде жазушы Италия, Франция, Испания, Германия, Швейцария, Англия, Грекия, Ресей, Түркия, Палестина, Египет, Индия, Австралия, Тасмания, Жаңа Зеландия, Оңтүстік Африка, Шри-Ланка және Атлант мұхитының аралдарына саяхат шекті.

«Миссисипидегі өмір» – саяхаттық жолжазба кітабы. Жазушы лоцман кезін әркез сүйсіне еске алған. Ол өз кәсібін құштарлығын Гоуэльске: «жазушылықты тастай салып, егер келіссе, бір минут болса да лоцмандық жұмыс үшін қияр едім» деп жазыпты. Кітаптағы көптеген эпизодтар жазушы өмірінің шындығы болғанымен, идеялық қайшылықтар да бар. Алғашқыда кітап аздап қысқартылғанымен, 1944 жылғы жарияланымда олар қайта қосылған. Твен лоцманның еркіндігі жөнінде асыра айтқанымен, лоцмандар кәсіподағы туралы пікірін американдық жұмысшылары қызу қарсы алған.

1867 жылы «Кванер-сити» кемесімен «Альта Калифорния» газетінің өкілі ретінде Жерорта теңізінде жүзіп қайтады. 1869 жылы алғашқы қолжазба очерктері жарияланды. Очерктер көпшіліктің ықыласына бөленеді. 1878 жылы Еуропаны

екінші рет аралап, «Еуропаны жаяу кезу» деген жазбаларын жариялайды. 1894 жылы жер шарын аралаудан алған эсерлері 1897 жылы жазылған сапар қорытындысындағы «Экватор бойынша» деген кітабына енеді. Сонымен қатар ертегі, фантастика, аңыз, тарихи роман жанрындағы «Бекзада және қайыршы», «Артур король сарайы» жанындағы Коннектикуттан шыққан янки», «Жанна д'Арк», «Құпия бейтаныс» романдарын жазды. Саяхаттық романдарында, жолжазбаларында көрген-білгендерін әзілмен де жеткізеді. Марк Твеннің өмірбаяндық шығармаларының, жоғарыда аталғандар қатарына сапарнамалық туындылары да енеді. Сонымен бірге «Салт жүру» (1872) жазылды. Батыстағы алтынға деген құнығушылық, кәсіпкерлік пен байлыққа ұмтылу «Алтындалған ғасыр» романында бейнеленеді. «Миссипидегі өмірден» кейінгі шығарма – «Геккльберри Финнің басынан кешкендері». Өмірбаяндық туындыларды американ әдебиетіне әкелген анық негізін салушы Б. Франклин мен Джеферсон. Автор: «Атап өтетін жай, өмірбаяндық романымда балалық шағым – ең поэтикалық әрі ең тың бөлімі» деп даралайды.

Ол – американың билеуші тобының екіжүзді қараниеттілігін, дүниеқұмарлығын эшкерелеген реалист әрі сатирик жазушы. Твен американдықтарды «доллардың құлы» деп санаған. Марк Твен сатирасы, мыскылы өзінің «Автобиографиясында» айқын көрінді. Өмірбаян жазбалары жазушыдан көкейкесті ойын ашық, іркіліссіз баяндауды қажет етсе, автор ішкі жандүниесін терең аша отырып, қоғамдық ұстанымын айқын білдірді. Б. Франклин өмірбаянында американдықтар қарапайым, ұстамды деп бағаланса, Твен әлемдегі ең дөрекі халық деп ашық айтқан.

«Салт жүру» кітабында 1861 жылы ағасының соңынан Калифорнияға алтын іздеп, содан кейін Гавай аралына барғаны камтылады. Сэмюэль Клеменс кәнігі автор ретінде жастық шағында көз көрген жайларды қызықты әңгімелейді. Твеннің екінші өмірбаяндық кітабы «Миссисипидегі өмір» (1883) қоғам мен адамның өзара қарым-қатынасын көрсетуге арналған. Үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімі «Миссисипидегі бұрынғы уақыт» – очерктер топтамасынан тұрады. Мұнда жазушы бала-

лық шағының қызықтарын баяндайды. Кітапта жас Сэмнің лоцман, матрос, капитан болуды армандауы, Миссисипи өзеніндегі табиғаттың адам қолымен бірнеше жылдан кейін қалай өзгергені қозғалады. Онда оңтүстікте испандықтардың үндістерді қалай тонап, кескілеп, қорлағаны, оларды христиандыққа күштеп бағындыруы, ал оңтүстікте ағылшындар оларды зұлымдықпен қырып-жойғаны, бір-біріне айдап салып, арақ-шарап беріп іштей бүлдіргені, әдейі ауру таратқаны сөз болады. «Миссисипидегі өмір» нақты тарихи материалдар негізінде публицистикалық және құжаттық проза тілімен жазылған, көптеген маңызды мәселелер көтерген.

Жазушының «Автобиография» кітабының алғашқы үзіндісі 1870 жылы басылып, 80-90 жылдары жалғасып, 20 мемуарлық очерктер қосылған. «Автобиографиямен» жұмыс 1903-04 және 1906 жылдары жалғасып, 1906-1909 жылдары стенографисткаға ауызша баяндауымен өмірінің соңына дейін созылған. Твен өмірбаянның бастапқы тарауларын өзі дүниеден қайтқаннан кейін жариялануын аманаттаса, жекелеген бөлімдерін 50,70,100 тіпті 500 жылдан кейін шығаруды өтінген. «Автобиография» 1924, 1940, 1954 жылдары үш рет қайта басылды. Екінші басып шығарушы Бернард де Вото «Марк Твен – сөнбеген жанартау» ес деді.

Автор «Том Сойердің басынан кешкендері» кітабы алғысөзінде ондағы оқиғалардың көпшілігінің шындықтан тыс, екі-үшеуі өз басындағы оқиға, қалғандары достарының өмірінен алынғанын, Гек Финн мен Том Сойердің өмірде болғанын жазады. Үш досының бейнесін тоғыстырған шығарма балалар мен қыздарға ғана емес, ерлер мен әйелдерге де арналған. Жазушы өз есімін Гекл Финнге ауыстырып, Ганнибалда тұратын туысы кедей Том Бланкеншипті Том Сойер деп атаған. Кітапта Марктің жақын достары Джон Бриггз, Норвалд Брэйди Гулл т.б. достарының өмірі алынған. Ағасы Орион, қайырымды, тіл алғыш інісі Генри Сид атауымен кітап кейіпкерлеріне айналған. Том Бланкешип туралы жазушы: «Ол өз бетінше жүретін, өзін еркін сезінетін бала. Ол сауатсыз, жуынбайтын, үнемі арып-ашып жүретін, бірақ жүрегі алтын еді. Ол ешкім шектемейтін

еркіндікке телінді, бүкіл округ бойынша нағыз еркіндікке бет бұрғанның бірден-бірі еді, сондықтан ол үнемі тұрақты, беймаза бақытпен рахаттанды, ал бәріміз оған құштарлана қызғанышпен карадық» деп жазды.

1870 жылы жазушы Билам Роджерс атты кішкентай баланың Эмма атты қызды ұнатқаны, қарақшы болу арманы жайында әңгіме жазды. Мұндай оқиға автордың басынан өткен. Яғни Роббин Гудке еліктеген, қайыршы балалармен дос болған. Қаламгердің шытырман балалық шағы Том Сойердің жарқын балалық шағымен ұштасады. Ол «Інжілге» және сол кездегі Христаның құдай ретінде шығуына күдік туғызатын дінге қарсы эсселерін 2006 жылдан бұрын жарияламауға қарсы болды. Өйткені әйелі Оливи дінге қатты сенетін.

1907 жылы «Капитан Стромфилдтің жұмаққа саяхаты» алғашында мемуар ретінде жарық көрді, оны өзі дүниеден өткеннен кейін жариялауға рұқсат берді. Өмірбаяндық жанр іс жүзінде айқындалмаған, бірақ эссе, философиялық, тарихи, әлеуметтік шығармалармен, өсиетпен, күнделікпен, романмен қабысады. Твеннің тарихи романдары онша көп емес. Бұл «Ханзада мен қайыршы» повесі (1882), «Коннектикуттан шыққан Артур король сарайы жанындағы янки» (1889) «Жанна д'Арк» романдары (1896). М. Твен сатираларымен қатар, саяси памфлеттерімен де танымал. Бұл жанрда 1896-70 жылдары белсене жұмыс істеді. Олар: «Комелдор Вандербальтке ашық хат» (1869), «Баланың ренішті қудалануы» (1870), «Түзетілген катехизис» (1871) және «Мен хатшы болып қызмет атқарғанда» (1870) очерктерінде памфлет жанрының сипаты байкалып тұрады. Шындықты, халықтың көзқарасын дәл көрсете білу Твеннің саяси сыншылық, адамгершілік ұстанымдарын айқындайды.

Жазушының 1868-70 жылғы памфлеттерінде нақты адамдар, оқиғалар, сандар мен деректер жинақталған. «Фактілер», «Жақындағы отставка туралы фактілер» үндістерге қарсы әскери экспедицияны әшкерелесе, «Менің сенаторға қалай хатшылық қызмет еткенім жайлы факт» американ саясаткерлерінің небір жағымсыз әрекеттерін әшкерелейді. 1900 жылғы памфлеттері өркениеттің игілігі мен империялық амбицияларды талдауға

арналған. Мысалы «Таңқаларлық Гондур республикасы», «Патша монологы», «Бельгиялық король Леонольдтың монологы», «Генерал Фанстонды қорғау жолында» әзілмен әрленген. Твеннің ең соңғы шығармалары: «Құпия бейтаныс» және оның екінші нұсқасы «Мектеп сырғанағы». Жазушы мұнда Том Сойер мен Гек Финн бейнелеріне қайта айналып соғуды көздеген. Шекспир шығармалар жинағын құрастырушы болған. Шығармаларында әзілді өмір шындығымен сәтті қабыстырған қаламгерді «Невададан шыққан жабайы әзілқой» деп атаған. Жазушы дүниеден өткеннен кейін қызы Клеменс мұраларына иелік еткен.

Нобель сыйлығының лауреаты Элиот американ әдебиетінің қалыптасу негізін атақты үштік – По, Уитмен, Твенмен байланыстырады. Ол «Американ әдебиеті және американ тілі» мақаласында «Твен мен Готорнды қатар қоя отырып, Твен стиль шебері ретінде одан озғанымен, адам жанын түсінуде қалып қойды» десе де, екі суреткерді айқын мәндегі ұлттық колоритті жазушы деп ерекшеледі. Геккльберри Финн мен Том Сойер туралы кітаптар американ жазушыларын жаңа ізденіске жетеледі. У. Фолкнер американ әдебиетінің дамуына жаңа леп енгізген М. Твеннің осынау атақты романдарын жоғары бағалады. «Марк Твен – нағыз тұңғыш американдық жазушы» деп айтты. 1935 жылы Эрнест Хемингуэй «Барлық американ әдебиеті Марк Твеннің бір ғана «Геккльберри Финннің басынан кешкендері» кітабынан шықты» деп тандаулы туындыға тамаша тұжырым қорытты. М. Твен – шын мәнінде әлемдік әдебиеттегі алып.

1861-65 жылдары АҚШ-тың одақта қалған солтүстік штатынан шығып, конфедерация құрған оңтүстік штат арасында азамат соғысы болған. Солтүстік жеңіп, құлдықты жойды, одақты сақтап қалды. Соғыс Американың тұтастығын құруға үлесін қосты. «Том Сойердің басынан кешкендерінің» жалғасы «Геккльберри Финннің басынан кешкендері» қазақ тіліне аударылды. Ә. Сатыбалдиев әңгімелерін аударған (А. 1968). Ж. Сәрсен «Ханзада мен қайыршы» (А. 1960) шығармасын тәржімалады. Бұдан басқа «Том Сойер іздеуші», «Том Сойер шекараның арғы бетінде», «Простофили Вильсон», «Автобиография» кітаптары

балалық шағына арналған. Осынау ерекшелігі арқылы ол шытырман оқиғалы әдебиеттің шеберіне айналды.

М. Твеннің «Гекльберри Финнің басынан кешкендері» романын белгілі журналист, жазушы Мұса Дінішев қазақ тіліне аударған. Ағылшыннан орысшалаған Н. Дарузес кітапты еркін аударған. Балалар ұғымына түсінікті жеткізуге ұмтылған. Аударма қызықты оқылады. Өйткені К. Чуковский де, Н. Дарузес те танымал аудармашылар әрі балалар жазушыларының стилін сақтауға М. Дінішев әжептеуір еңбектенген. Кейде мәтіннің мағыналық ерекшелігі бұрмаланған жайлар да ұшырасады. Бірінші тараудағы Мисс Уотсон Гекльберридің орындықта тыныш отырмай мазасын алғандағы ескертпесін аудармашы орысшадан өзгертіп тәржімалаған.

«Не клади ноги на стул Гекльберри.» – «Аяғыңды былғандатпай отыр Гекльберри!»

«Не скрипи так, Гекльберри, сиди смирно.» – «Бүкіреймей отыр Гекльберри!»

«Не зевай и не потягивайся, Гекльберри, веди себя как следует.» – «Сұлап жатып алғаның не, Гекльберри? Осы сенін жақсы мінез үйренетін күнің болады ма екен?». Салыстыра қарасақ, кейбір сөздер орысшасынан мүлде бұрмаланған. Аудармашының кейде сөйлемді әспеттеп, әрлеймін деп мүлде қатыссыз жайларды енгізгені байқалады. «Тут она пустилась рассказывать про рай, и пошла и пошла. Будто бы делать там ничего не надо – знай прогуливаться целый день с арфой да распевай, и так до окончания века». Қазақшасы: «Ал мисс Ватсон ол дүние туралы айта бастап еді, тыным таппастан қанқылдап ала жөнелді. Онда сопылардың бар бітірген жұмысы арфасын құшақтап аспанды кезіп жүру әрі ән салу дейді». Сопы немесе хәлпе – мұсылман дініндегі оқымысты, білімді адам. Мәтінде аспанды кезу туралы сөз жоқ. Ғасыр біткенше немесе өмірінің соңына дейін деп тұр. Балалар ойына күмән туғызатынын аудармашы аңдамаған.

Автор белгілі бір мақсатқа қарай кейіпкер есімін немесе жекелеген сөздерді қайталайды. Аудармашы мүмкіндігінше оны сақтауы тиіс. Бұл – аударма заңдылығы. Алайда, аудармашы-

ның тиянақты, тұжырымды ойға құрылған сөйлемге орынсыз қайталау жасауы оқырманды мезі етеді. М. Твен мәтінде «Раза три или четыре я пробовал вымолить себе и крючки, но почему то ничего не вышло» деп қысқа, нұсқа берілген (с. 15). Аудармада: «Құдай маған қармақ берер ме екен деп жалбарыным келіп, жалбарыным келіп, үш рет пе, төрт рет пе жалбарыным, ал қармақ келмеді» (156.) Аудармашы еркіндікке беріліп, түпнұсқадан алшақтаған. Үш рет жалбарыну етістігін сәтсіз қолданған.

Аудармашы автор стилін өзгерткен, кейде құрмалас сөйлемнің құрылымын бұзып, жай сөйлеммен тиянақтаған. Түпнұсқадағы мәтінге ойларын қосқан. Мұны аудармашы шығарманың тартымдылығын арттыру үшін қолданған тәрізді. Негізінен, Твен тілі – баршаға қарапайым, халықтық, түсінікті тіл. Марк Твен нақыл сөздерінің бірінде аудармаға қатысты бір әдемі ой айтылыпты: «Аударма әркез шығарманы өзгертеді, сөйтіп оны мүлде басқа бір қырына ығыстырады, осындай жолмен шығарма құндылығы арта түседі, біз бір шығарманың орнына екі шығарма алатын боламыз».

Гек пен негр Джимнің достығы құлдыққа қарсы күрестен көрінеді. Алайда мұндай қоғам американдық реакционерлер мен нәсілшілдерге ұнамады. 1870 жылдардың басында Нью-Йорктің білім беру жөніндегі басқармасы «Гекльберри Финнің басынан кешкендерін» қаланың бастауыш және орта мектептері оқитын кітаптар тізімінен сызып тастаса, телеқойылымда негр Джимнің бейнесі алынып тасталған. У. Фолкнер: «Адамдар Гек Финді әлі ұзақ оқитын болады» десе, Дж. Голсуорси «Гекльберри Фин» мен «Том Сойерге» ерекше құштар болған. Негр Джим мен Гектің диалогы – кәдімгі балалардың пікір таластыруы. Бірі – ақылды, оңы мен солын танитын, зерек, зерделі болса, екіншісі – ауыр тұрмыс қажытқан, ештеңкеден хабары жоқ, момын ересек жігіт.

– Гек мысық адам ба?

– Жоқ.

– Олай болса, мысыққа адамша сөйлеудің де керегі жоқ. Сиыр немесе мысық адам емес қой.

– Жок, сиыр – кәдімгі сиыр.

– Олай болса сиырдың мысықша немесе адамша сөйлеуінің ешбір қажеті жоқ. Ал, француз адам ба?

– Адам болмағанда ше?

– Адам болса неге адамша сөйлемейді? Соны білуге болар ме екен, Гек.

«Том Сойердің басынан кешкендері» алдымен жазылған, «Гекльберри Финнің басынан кешкендері» оның заңды жалғасы, Сэмнің балалық шағының қилы-қилы қызықтары мен қиындықтары баяндалады. М. Жанғалин Марк Твенді қазақша сөйлетуге ұмтылған, қателіктер де бар. Түпнұсқадағы мәтін тіркес, детальдар, жақсы, жеңіл аударылған. Балалардың оқуына ыңғайлы. Сөйлемдердің ырғағы сақталып, әрбір оқиға, эпизод сюжеттік желілер оқырманды қызықтыра тартады. Кейбір сөз, тіркестер ұлттық колоритпен берілген. Сәтті баламалар да бар. Мысалы: «Удивительно, куда мог деваться этот мальчишка!» Қазақшасы: «Япырау, қайда жоғалып кетті бұл бала!» Удивительноны – Япырау одағайымен алмастырған. Сәтті балама. Таңдану сезімін әсірелеп тұр.

Әдемі аударылған сөйлем көңілге қонымды. Мысалы: «А, ну тебя, Гек Финн, что толку с тобой разговаривать? Ты уж, кажется, совсем ничего не понимаешь – будто круглый дурак.» Қазақшалағанда: «Сенімен сөйлесіп те керегі жоқ, Гек Финн. Сенде ми жоқ, дәнене де түсінбейсің». Осында бала мағынасы түсінікті. Диалогтағы «круглый дурак» тіркесін «барып тұрған есалаңсың» немесе бұдан басқаша берсе болар еді, аудармашы оны «сенде ми жоқ» деп бұрмалаған.

Марк Твеннің әзілге шеберлігі шығармаларының шырайын ашып, оқырманды еліктіріп кететінін зерттеушілер лайықты бағалаған. Аудармашы романдағы диалогтарды аудару барысында кейіпкерлердің аңғал да пәк ойларын, әзілін жеткізуге тырысқан.

Аудармашы туындының түпкі ойын, мазмұнын үнемі түсіне бермейді. Шығарманың шытырман оқиғаларын, портреттерін, суреттемелерін, мінездемелерін, диалог, монологтарын, авторлық баяндауларды орысшаға жақын жеткізген. Мысалы: «Үсті-басы су болған Томнан апасы мұның себебін сұрағанда

мектепте қатты ыстық болғанын сылтауратып құтылып кетеді. Құлығын білген ол «неге өзенге шомылмадың?» – дейді. Том жауабы орысша мәтінде:

– Нет, тетя, не очень. Қазақшасы: – Жоқ апа, онша зауқым болған жоқ.

Аудармашы автор ойының астарын ұғынған. Жаз мезгілінің кешкі көрінісі әдемі суреттелген. «Летние вечера тянутся долго. Было еще совсем светло» Қазақшасы: «Жаз күндерінің кеші ұзақ. Айнала әлі жарық». Орысшада төрт сөз қолданса, қазақшасында да төрт сөз алынған. Екінші сөйлемді ықшамдап, жинақылаған. Мұндай жинақылық диалогтарда да байқалады:

– Будешь дурака валять и побью.

– Ну да видали мы таких.

– Мен сені сойып саламын.

– Паһ, көргенбіз сендейлерді!

«Ну да – Паһ» деген одағай сәтті алынған. Таңдану, кекету мағынасын береді. «Қарай гөр, Солай ма» деп қолданса да болар еді, бірақ «Паһ» баланың мінез-құлығын, эмоциясын ашуда ұтымды алынған, ішкі характерлік тартысты ширықтырып тұр.

Әр туынды оқырманға тәлім-тәрбиемен қатар эстетикалық ләззат дарытады. Әдемілік әлеміне баурайды. Көктемнің жаймашуақ күніндегі таңғы тіршілік сәтінің бейнеленуін салыстырайық: «В каждом сердце звучала музыка, а если это сердце было молодо, то песня рвалось с губ. Радости была на каждом лице и весна в походке каждого. Белая акация стояла в полном цвету и ее благоухание разливались в воздухе». Мұны М. Жанғалин жақсы аударған: «Әр кезде музыка сазына бөленіп, балалардың көкірегін кернеді. Бар адамның жүзінде қуаныш ойнап, әр қадамнан көктем лебі сезілгендей. Акация гүл жарып, ауада жұпар иісі қалықтайды». Мәтінде табиғат көркі мен адамдар көңіл күйі әлемі үйлесім тапқан. Жұпар иіс құбылып тұр дегеннен гөрі, «қалықтады» етістігі ойды әсерлендіреді. Суреттеменің тіл өрнегі де нақышты. Мысалы: «не надо была слушаться» қазақшасы: «әй дейтін әже, қой дейтін қожа жоқ» тұрақты тіркеспен баламалы берілген.

М. Дінішев аудармасы орысшадан еркін тәржімеленген. Аудармашы кейбір сөздерді, сөйлемдерді өз ойымен өзгерткен. Әрине, балалар әдебиетін аудару қиын. Марк Твеннің екі шығармасы балалар ұғымына сай қазақшаланған. М. Жанғалиннің аудармасында мағыналық бұрмалаулар кездесіп қалады. Аудармадағы басты қателіктердің бірі діни ұғымдарға байланысты. Мысалы, «Проповедник читал текст из библии» деген мәтін қазақшаланғанда Шарифатшы «Таураттан үзінді оқып» делінген. Біріншіден, шарифат ислам дініне қатысты «Інжіл мен Таурат» әекеі бөлек діни кітап. Проповедник – уағызшы, уағыз айтушы. Кейбір орыс сөздері немесе тіркестер кате аударылған. Алайда Т. Жұртбаев аударманы: «Том Соьердің бастан кешкендері – уақыт сынынан сүрінбей өткен аударма» деп бағалады. Бұл аударманы Б. Аманшин кезінде сынады. Алайда екі аударма да уақыт сынын көтерді.

Ф. Купердің «Правда» газетінде тарихи романдары

Әлемге әйгілі американ әдебиетіндегі романтизмнің айтулы өкілдерінің бірі – Джеймс Фенимор Купер. Ол қаламдас серігі В. Ирвингпен бірге АҚШ-та ғана емес, Еуропаға да кеңінен танылып, американ әдебиетіне дүниежүзілік даңқ әкелді. Купер шығармалары Европаның көптеген тілдеріне аударылды. Қазақ оқырмандары атақты жазушының екі көлемді шығармасымен орыс аудармасы арқылы танысты. «Могиканның соңғы тұяғы» романын Телман Жанұзақов қазақшаласа (Алматы. «Жазушы», 1973), «Аңсоғар» романын Жолболсын Шайғақов (Алматы «Жазушы», 1982) сәтті аударды.

В. Ирвинг – тәуелсіздікті жеңіп алған Американың алғашқы кәсіби жазушысы. Ирвинг пен Купердің шығармаларын зерттеушілер оларды ағылшын әдеби дәстүріне жақындықта қарады. Ағылшын жазушыларымен өзара сабақтастықта салыстырды. Ирвингтің алғашқы кәсіби американ жазушысы аттану себебі, ол АҚШ-та тұңғыш рет әдеби еңбектің пайдасын көрді. Ол американдық тарихи роман жанрының негізін салды, бірақ тарихи роман жазған жоқ.

Америкада тарихи роман негізін қалаған Дж.Ф. Купер. Ол Еуропаға кеңінен танылды. Купер Құрама Штаттарға роман жанрын тарихи, теңіз, әскери, шытырман оқиғалы негізінде дамытты. Суреткер американдық әдебиетте үндістер өмірінен бірінші болып қалам тербеді. Егерде Ирвинг ағылшын қоныс аударушыларының Америкадағы тарихи жолын, американдық аталу себебін мазмұндаса, Купер еуропалық келімсектердің үндіс тайпаларымен арақатынасына назар аударды. Ежелгі қоныстанушылар мен келімсектер арасындағы өркениеттің өзгешелігін өзек етті. Ирвинг мен Купер американдық прозасындағы роман мен новелла жанрын әлемге танытуға елеулі еңбек сіңірді.

Джеймс Фенимор Купер (1789-1851) – бай жер иеленуші, сот қызметкері, әрі конгресс мүшесі Уильям Купердің отбасында 1789 жылы 15 қыркүйекте дүниеге келді. Нью Йорк штатындағы Отсего көлінің жағалауындағы Куперстаун шағын қалашығы – оның туған жері. Бұл елді мекен жерді игерген әкесінің құрметіне аталған. Жергілікті “академияны” (Куперстаундағы бастауыш мектептер осылай аталған) бітіріп, одан Олбанидегі мектепті тәмамдап, Джеймс Иеиль колледжіне түскенімен, екі жылдан соң, орынсыз қалжыңы үшін жазаланды. Бұған ашуланған әкесі сот қызметкері Купер 17 жасар ұлдың мінезін түзету мақсатында Англиядан Испанияға баратын “Стерлинг” шағын сауда кемесіне матрос етіп жібереді. Бір жыл теңіздегі қызметтегі әсер оған маринистік шығармалар жазуға көмектесті. Ол теңіз бен теңізшілер туралы 11 туындының авторы атанды. Атлантикада жүзу сапарын аяқтаған болашақ қаламгер бірнеше жыл Онтарио жағалауында мичман қызметін атқарды. Бұдан кейін үйленіп, отбасын құрды, бір-жолата жазушылықпен айналысты.

Ол көп уақытқа дейін күнделіктері мен хаттарын, сын мақалаларын бүркеншік есіммен жариялаған. Джеймс бірде іштей оқып шыққан ағылшын романындай кітап жаза алатындығын арадағы таласта дәлелдегісі келген. Ол американдық ағартушыларының туындыларымен, сол кездегі американдық әдебиетімен жете танысты. Ағылшын прозаик, ақын, драматургтарының шығармаларын, әсіресе Спенсер, Шекспир, Бэньяді оқы-

ды. Ең алғашқы данқ талантқа 1821 жылы “Шпион” романымен келді. Кітап сол кездегі ең биік 9 мың дана таралым үш рет басылған. Роман негізінде Нью – Йорк сахналарында бірнеше рет пьесалар қойылды. XIX ғасырдың басындағы ең белгілі американдық суретшісі Гудзон мектебінің негізін салушылардың бірі Уильям Данлеп роман оқиғаларынан өз суретіне сюжет жасады.

Роман ықпалымен АҚШ-та жылына 78 тарихи туынды жазылды. Қанша сыналса да көптеген қаламгерлер үшін “Шпион” өздерінің жеке шығармаларының дүниеге келуіне бағыт берді. Әдебиетші Ф. Грей 1816 жылы “Ел алдындағы парызды өтеу үшін жазушылар оның тарихын бақайшығына дейін білуі керек” деп жазды. “ Шпион ” романының табысқа жетуін Купер шығарма сюжетіне қызықты әрі онша белгісіз оқиғалардың алынуымен сабақтастырады. Жазушының “Лайонел Линкольн” романының сәтсіздікке ұшырауы себебін “Шпиондағыдай” белгілі оқиғаларды қамтымай, тарихи деректерге аз жүгініп, дағдылы бағыттан ауытқуымен түсіндіреді. Тарихи рух «Шпион» романында сюжеттің дамуын анықтайды. Кейіпкерлердің өткір тартысы, махаббат сезімдері жарыса өрбиді. Әрине, жазушының өмірбаянын алғаш жазып, жарияланған қызы Сьюзеннің айтуынша отбасылық әңгімеде Вальтер Скотт романдарының кейіпкерлері жиі аталатын. Оның кейіпкерлерінің Скотт кейіпкерлерімен ұқсастық жақтары бар. Скоттан алған тәжірибенің Купердің көркемдік әлеміне тигізетін ықпалы айырықша. «Шпион» романы үшін кейіннен зерттеушілер оны «американдық В. Скотт» деп атады. “Гей-денмауэрді” жазу барысында автор Скотт романдарына ұқсастыруды көздегенін жасырмайды. “Шпион” романының басты кейіпкері Гарви Берг – атакты адам, жоғары шенді офицер емес, білімі жоқ, сөйлеген сөзі берекесіз, ұсақ саудагер.

Американдық тарихы туралы көп жылғы ой оның «Аңсоғар» романының туындауына негіз қалады. Жазушының атакты “Пионерлер”, “Могиканның соңғы тұяғы”, “Прерии”, “Ізкесер”, “Аңсоғар” романдары басты кейіпкер Натаниэл Бампоның төңірегіне құрылған оқиғалармен сабақтасады. Ол Ұлы Былғары байпақ, Сұңқаркөз, Ізкесер, Ұзын Карабин т.б. есімдермен роман серияларын жалғастырады.

“Пионерлер” романы арқылы Купер әдебиетке “американдық саяхат” немесе “американдық қашу” деген сарын енгізді. Бас кейіпкер Темплтонның басынан кешкен оқиғалар 41 тарауды құраса, алғашқы үш күніне 19 тарау арналған. Кітап кейіпкері сот қызы Элизабеттің 19 тарауда “Өркениет табиғатты қалай ығыстырып барады” деген сөзі бүгінгі күнге айтылғандай әсер қалдырады. Купер романдарымен бірге американ әдебиетіне өткір трагизм таралды. Уақыт өте келе ол американ романтизмінің құндылығына айналды.

“Шпионнан” басталып, Былғары байпақ туралы жалғасқан романдарында жазушы Жаңа Дүниені жаулаушылардың үндістер тұқымын қалай құртып, жойғанына, әділетсіз әрекетіне, табиғатқа жасаған тағылық істеріне батыл қарсы тұрды. Купердің табиғатқа деген суреткерлік ұстанымы барлық Еуропаның ағартушылық дәстүрін тереңдетті. Қарт әрі сауатсыз аңшы Былғары байпақ романда “Орман мен құстар құдайдың жаратқаны емес пе? Оны пайдаланындар, бірақ бекерге құрта бермендер” деп өткір ой тастады. Купер дүниеден қайтқан бір жылдан кейін Эмерсон бұл ұлттық романды ағылшын тілді халықтардың бір ауыздан бағалағанын сүйсіне жазды.

«Могиканың соңғы тұяғы» – Купердің ең атақты романы. Әлем әдебиетіне барынша кең таралған туынды. 1821 жылы жарық көргеннен кейін роман толық немесе қысқартылып талай рет аударылды, қайта түзетілді, қайта мазмұндалды. Бір орыс тілінде 50 рет басылған. Үндістер өміріне арналған бірден бір пентологиялық роман. 1757 жылы ағылшын, француз соғысы, үндістердің өмірі, идеологиялық әрі сюжеттік ауқымда кенінен алынған. Негізінде мочеган тайпасы аталса да, Купер оны могикан деп өзгертті. Романға кіріспес бұрын жазушы XIX ғасырдың 20 жылдарындағы АҚШ-тағы үндістер мәселесі бойынша барлық тарихи, этнографиялық және географиялық әдебиетпен жете танысады. Жазушы қызының айтуынша, ол бұл тақырыптағы Эквелдер, Шарлевуа, Пенн, Смит, Элиот, Колден еңбектерін оқыған. Лонг, Льюис, Маккени жазған тарихпен танысқан. XVIII ғасырда делаварлардың көшіп жүруі, протестант миссионері Дж. Эквелдер еңбегінде қозғалғанымен, ол

туындыда толық көрінбеген, жекелеген бөлімдерде ғана камтылады.

“Аңсоғар” романы (1841) Фенимордың әлемдік даңқын тағы да өрлетті. Негізгі оқиға соғысқа алғаш араласқан Наттидің жас досы Чингачуктің гурондар тұтқынына түскен қалыңдығын құтқаруға көмектесуден өрбиді. Марч пен Хаттердің үндістерге деген теріс түсінігі, оларды терілерінің түсіне қарай бөлуі Наттиды қарсы шығуға жетелейді. Оларды терілерінің түсіне қарай емес, жасаған ісіне қарай бағалау керек дейді. Гарри ойынша үндістер хайуан сияқты, оларды хайуан аулап құртқандай жоя беруге болады. Олар үндістерге деген жеккөрушілік әрекеттерімен, жағымсыз қылықтарымен әшкереленеді. Алайда “Аңсоғар” тұжырымдамасы Гарри Мирттың тұжырымдамасынан фабулалық деңгейде салтанат құрады. Бұл “поэтикалық әділеттілік”, өйткені Купер романтикалық эстетика нормасына сәйкес, өз шығармаларында әділетсіз әрекеттерге қарамастан жүзеге асыруды көздеді. “Аңсоғар” пентологияның қорытындысы. Былғары байпақ туралы романдар “әлеуметтік шытырман”, “әдет-ғұрыптық” т.б. түрге бөлінгенімен, оны автор өзінше ойлап тапты. А.С. Пушкин “Купер өзінің соңынан еліктеушілер тобырын ерткен Валтер Скоттың шәкірті әрі жолын қуушы тамаша романдар авторы” деп бағалаған. XX ғасырдағы көрнекті американдық тарихшысы Фрэнсис Паркмен «оның тарихи романдары американың өркениетіне, тарихына әрі үндістерге деген қатынас тұжырымдамаларына ықпал етті» сөзеді. Жорж Санд, Дюма, Белинский, Бальзак т.б. жазушылар жақсы пікірлер айтты. А. Кольцов “данышпан” деп атады.

Неміс тарихи роман шебері Л. Фейхтвангер «Америкадағы нағыз бірінші тарихи романды Джеймс Фенимор Купер жазды» депті. Теңіз саяхаттары, маринистика тарихының әдебиеттегі дербес бұтақтары Купердің “Лоцманынан” (1824) басталады. Алайда, романшы Д. Дефоның (“Капитал Сингльтон”, “Робинзон Крузо”) Смолеттің “Родерик Рэндомның бастан кешкендері”, Скоттың “Қарақшы” сияқты шығармаларына сүйенгенімен, теңізді, теңізшілерді, табиғат пен оқиға тартысында бейнелейді. Аталған шығармаларға салыстыру жасалғанда Купердің

кітабының тең жартысы теңіз эпизодтарын суреттеуімен олардан асып түседі. “Қызыл теңіз қаракшысының” 4/3 бөлігі теңіз оқиғаларын сипаттайды. Аталған туындылар атакты теңізші Поль Джонсқа арналған. Купер теңіз тіршілігінен 11 роман жазған. Куперді байрондық кейіпкердің күші, рухы, мақтанышы, еркіндігі еліктірді. «Қызыл теңіз қаракшысындағы» бүлікші бейнесі байрондық дәстүрден дарыған. Купер 32 роман жазғанымен, бәрі жоғары бағаланған жоқ.

“Шпион” кітабы барлаудан оралып келе жатқанда ағылшындарға қолға түсіп, 1771 жылы 22 қыркүйекте асып өлтірілген 20 жасар капитан Натан Хейлдің қайғылы өмірін қамтиды. Бұдан бұрын Уэстчестер графтығының қарапайым, ұсақ фермері құпия агенттердің бірі Джейдің тарихы ерекше қызықтырған еді. Романды 1820 жылы жаз, күз айында жазып шықты, 1821 жылы рождестволық мереке қарсаңында “Шпион немесе бейтарап территория туралы хикаят” романы американдық сауда орындарына түсті. Ұсақ саудагер Гарви Бергтің ағылшындар бұрын иеленген өңірдегі құрылықтың әскердегі құпия агенттіктегі қауіпті қызметтері туралы әңгімеленеді. Ол – елі үшін жанын қиған өз отанының нағыз шынайы патриоты.

Дж. Ф. Купердің «Зверовой или первая тропа войны» романын орыс тілінен қазақша аударған Жолболсын Шайқақов. (Аңсоғар. А. Жалын, 1982-440 бет). Өлең мәтіндерін Т. Тұяқбаев аударған. Байрон, Шекспир өлеңдері аударылса да, аудармашы қайта аударуды көздеген. Аударма оқырманға түсінікті, жеңіл. Орыс тіліндегі сөйлем құрылыстарын толық сақтаған. Автор стилін жеткізуге ұмтылған. Алайда, кейбір сөйлемдерді еркін аударған. «События производит на воображение человека такое же действие, как время» деген сөйлем «Оқиғалар да адамның ой-санасына уақыт сияқты әсер етеді»деп тәржімеленген. «Людей люблю – природа ближе мне»деген өлең жолы «Бұл өмірде бар сүйетін адамым, Табиғатпен қалсам, бірақ оңаша»деп аударылған. Поэзиялық шығармалар еркін аударудан, кейде үйлесе бермейді. Диалогтар аудармасын салыстырайық.

– Ты знаешь это место? спросил тот, кого звали Зверобоем.
Или кричал просто потому что увидел солнце?

– Бұл жерді білесің бе? сөдеп сұрады әлгі Аңсоғар аталғаны.

– Әлде тек күнді көргесін айқайлағаның ба?

Бұл баламалы аударма. Орысша нұсқасымен мағыналық сәйкестігін сақтаған.

Адам аттарын түсінікті аударған. Мысалы, Гарри Непоседей-Гарри Ұшұқалақ, Гарри Торопыгой-Ала өкпе Гарри.

Жергілікті биологиялық атаулар аударуға қиын. Мысалы:

– Да, вот другой дуб и другой хемлок, любовно обнявшись, как два братца или пожалуй по ласковее, чем иные братья.

Қазақшасы:

– Ал мына емен мен мына хемлок ше, тең өскен ағалы адамдардан бетер аймаласуын қарашы.

Хемлок-қылқан жапырақты ағаш түрі. Аудармашы сілтеме бермеген.

Орысшасы:

– Пусть меня повесят, если я вижу здесь что-нибудь, кроме деревьев, которые столпились вокруг нас самым странным образом.

Қазақшасы:

– Бытысып тұрған ағаштардан басқа ештеме көрсем көзім шықсын.

Мұнда орысша нұсқадағы сөйлем мағынасы толық берілмеген. Орысшасында өзін асу туралы айтылса, қазақша мәтінде өзгеріп кеткен. Аудармада трансформациялық тәсіл қолданған. Тағы бір диалогты талдайық:

– А кто такой этот Чингагчук, о котором ты так много толкуешь, Зверобой? сө спросил Непоседа, направляясь к выпрамленным деревьям.

– Аузыңнан тастамайтын сол Чингагчугің кім өзі, Аңсоғар? сө деп сұрады Ұшқалақ өзі түзеткен ағашқа беттей беріп.

Сөйлем орысша мағынасымен толық сәйкеседі. Аудармашы ондағы ақпараттың барлығын қамтыған.

Романда табиғат суреттемелері жиі. Мәселен:

«Вся земля казалось одетой в праздничный наряд из зеленой листва» сөйлемі қазақшаланғанда:

«Барлық жер ағаш жапырақтарына малына оранып, жап жасыл» болып алған.

Аударма орысшасымен стилистикалық-семантикалық құрылымы жағынан баламалы. Бұл – аудармашының ізденісі. Мұндай ізденіс аудармада аз емес. Соның бірі – мына диалог:

– Это зрелище согревает душу! – воскликнул Зверовой.

– Мына көрініс көңіл елжіретеді екен! – деді Ансоғар

Фенимор Купердің «Последний из могикана или повествование о 1757 годе» романын 1961 жылы ағылшыннан аударған Е.М. Чистякова-Вэр және А.П. Репина. Т. Жанұзақов «Могиканның соңғы тұяғы» деп аударған. Аудармашы әр тараудың басындағы Шекспир өлеңінен, драмалық шығармаларынан алынған үзінділерді тастап кеткен. Аударманы барынша еркін жасаған, кейбір күрделі құрмалас сөйлемдерді бөліп аударған. Мысалы: «Это местность представляла дня перед движения войск также удобство, что ими нельзя было пренебрегать» – деген сөйлемді – «Бұл атырап көп әскердің жүріп-тұрысына қолайлық еді» деп ықшамдаған. Аударма нақтылау тәсіліне жақын.

«Близ южного края озера Шамплейн с ним сливаются хрустально ясные воды озера Хорикен – «Святого озера» деген табиғат суреттемесі «Түстік жағынан Шамплейнге мөп-мөлдір таза сулы Горикан көлі – «Киелі көл» келіп қосылады» – деп мағыналық баламада берілген. Аудармашы мәтінінің оқырманға түсініктілігіне көңіл бөлген. Мәселен «бесчисленными островами» тіркесі «быжырқаған ұсақ аралдар» деп аударылған. Быжырқаған сөзін «сансыз көп» деген тіркестің орнына ауыстырған. «Лес сомкнулся, скрывая от глаз отряд» деген сөйлем аудармасы: «Жасақ орман құшағына еніп, көзден ғайып болды». Сөйлемдегі ой сақталған.

II тарауда мынадай жыр жолдары кездеседі. Орысшасы:

О как отрядно это –
Жить в братстве и труде
Как будто благовония
Текут по бороде!

О, дүния еңбекпен,
Бауыр басқан – бақ кандай!
Хош иісті жұпар су
Сакалыңнан ақкандай!

Мұнда өлең шумағы өте сәтті шыққан!

Диалогтар аудармасы аудармашылық ізденісті қажет етеді. Романдағы диалогтар тәржімасы негізінен сәтті шыққан. Қателіктер де бар. Орысшасы:

– Вы хотите видеть когонибудь из нас? – спросил Дункан, когда странный всадник подъехал и задержал лошадь – Надеюсь, вы не привезли нам дурных известий? – деген кейіпкер сөзінің қазақшасы:

– Келенсіз шабандоз қатарына тақап кеп атының басын тартқанды Дункан одан.

«Алиса не сдержала смеха – Алиса сықылықтап қоя берді» деп тәржімеленген. Сықылықтап етістігі ару психологиясына үйлесімді. Орысшасы: Я согласен с вами, Алиса, – ответил Хейворд. Қазақшасы: Дұрыс айтасыз, Алиса, – деді Хейворд. Что этот молодой могиканин на разочарует нас и доказать что его наружность не обманчива – сөйлемнің тиянақты ойға құрылған бөлігі. Аудармасы: «Сөйтіп түсі жақсыдан түңілме» деген әйелдің дұрыстығын дәлелдеген. Алайда мәтел түсі жақсыдан емес, «Түсі игіден түңілме» болса керек.

«Хоть это и не стулья из красного дерева» – деген сөйлем «бұл шошқа көнімен қапталған орындықтай емес, – деп берілген. Мұнда орындықтың немен қапталғаны айтылмаған. Бұл сәйкес заттың қызыл ағаштан жасалған ерекшелігі айқын. Аудармашының шошқа терісін не үшін алғаны белгісіз. «Алиса, мое дорогое дитя, любимая сестричка, и вы тоже, майор Хейворд, помогите мне советом» сөйлемі. «Алиса, ардағым менің, айналып кетейін сіңілім, сіз де, майор Хейворд, айтыңдаршы ақылдарыңды» деп аударылған. Бұл сөйлемде аудармашы кейіпкер сөзін әсі-релеп, рөлдік қатынасты өзгерткен. Қазақшасында «айналып кетейін сіңілім» деген ұлттық колориттің берілуі ойды айқындап, әдемілеп тұрғанмен, сүйікті, сүйкімді сөзі дұрыс еді. Диалогта Алисажан деген еркелету ұғымын бөлек шетелдік кейіпкерлерге қолдану қажет емес. Оқырмандар мұндай сыйластық, сыпайылық қарым-қатынасы американдарда бар деу мүмкін.

Дж. Рассел Лоуэл “Сыншылар туралы аңыз” еңбегінде «Алты кітап жазған мына Куперге Скотқа жетуге әлі ұзақ өмір бар» десе, жазушы да: “Мен оларға ұзақ даңқ уәде ете алмаймын, бірақ мен қолмен жазылған басқа шығармалардан гөрі ұзақ сақталып қалатынына сенімдімін” деп өзінің атакты 5 кітабы-

ның болашағына болжам білдірді. В.Г. Белинский: «Шындыққа жақындап келсек, Куперді В.Скотпен салыстырғандай Вальтер Скотты Купермен теңестіруге тиіс емеспіз. Олардың әрқайсысы, өзінше ұлы, әрқайсысы өзінше дербес және табиғи бітімді, жоғары дәрежелі, ал шығармашылық қуаты бойынша, олардың екеуі де өнер саласындағы ұлы әлемдік құбылысқа жатады» деп жоғары бағалады (472 с.).

М. Твен Купердің кейбір кемшіліктерін көрсеткенімен, ең бастысы жас жазушыларға үлкен үйрену мектебі екенін айтты. «Өйткені оның әр туындысы өзінің ерекше құрылымымен, өзінің сонылығымен қызықты» деп айқындады.

Аболиционизм күрескері Гарриет Бичер Стоу

Л. Толстой «Өнер дегеніміз не?» еңбегінде XIX ғасырдағы «Құдайға деген сүйіспеншіліктен туындайтын және діни өнердің сөз өнері саласына жақындығымен ерекшеленетін жоғарғы үлгідегі» шығармалар қатарында Гюгоның, Достоевскийдің туындыларымен бірге, Г. Бичер Стоудың «Том ағайдың лашығы» романын атады. Бичер Стоудың өзі «Оны құдай жаратты» деп ағынан жарылды. Қаламгер діни көзқарастарына беріктігін ұстана отырып, қара құлдың аянышты хал-жағдайын көзбен көріп, олардың азапты тіршілігін «Том ағайдың лашығында» айқын да батыл баяндады.

Гарриет Бичер Стоу (1811-1896) Коннектикут штатындағы Личфилд атты шағын қаладағы священник Лайман Бичердің отбасында туды. Ағалары діни уағызшы болды. Генри Уорд Бичер сол кезден атақты американдық шешен ретінде зор құрметке кенелді. Гарриеттің күйеуі – діни қызметтің профессоры Кальвин Стоу. Ата-аналарының оған Кальвин есімін беруі де пуритандық дәстүрлердің жаңа отарлаған өңірдегі күші мен беріктігін байқатады. Гарриеттің әкесі қызының таланттылығына көзі жетті. Егерде ол ұл болып туылғанда, барлық ұлды көлеңкесінде қалдыратын еді деп мадақтады. Гарриет үй тіршілігімен айналыса жүріп, аздаған бос уақытын сәтті пайдаланып діни мазмұндағы әңгімелер мен мақалалар жаз-

ды. Олар «Евангелист» және «Годидегі бикелер журналы» басылымдарында жарияланды. Тұрмыс күйбеінен гөрі шығармашылық еңбектің жанына жақындығын аңғарған талантты қыз 31 жасында күйеуіне «Өмірдің жарымын сүріп біттік! Біз үлгеріп жасаған не бар? Бәлкім өлуге әзірлік жасаған жөн шығар» – деп тірліктен түңіле хат жазғанымен, ұзақ өмір сүрді, әдебиетте таңданарлық тартымды туынды қалдырды. Кентуккидегі құл иеленушіліктің қасіретін көзбен көрген қаламгер, қашқын құлдармен әңгімелесе жүріп, олардың ауыр да азапты өміріне қанықты. 1845 жылы ол құлдар тағдыры тақырыбына қалам тартып «Жедел түрдегі босату» мақаласын жариялады.

1850 жылдары Бичер-Стоудың Жаңа Англияға қоныс аударуы қашқын құлдар туралы заңның шығуымен сәйкес келді. Гарриетт құлдықтан құтқарылғандарды күштеп, ерін әйелінен, анасын балаларынан айырып, оңтүстікке қуған қатыгез, тағылық әрекеттер жайлы жүздеген хаттар алды. Болашақ жазушы қайын сіңлісіне аболиционалистер ісіне көмектесуді өтініп тебіреністі хат жазады. Өзінің әдеби дарыны жоқтығын өкінішпен айта келе, «құлдықтың қандай қарғыс атқыр дүние екенін барлық ұлт білетіндей» бір дүние жазуын өтінеді. Хат Гарриетті қатты толғандырады. Құлдық тәңірі ісі деген түсінікпен шіркеуге барған Гарриет ендігі өмірін роман жазуға біржолата арнайды. Бұл қадамын Бичер-Стоу отбасы түгел қуаттайды. Үлкен әпкесі көрші бөлмеге ауысып, үй тірлігін қолға алса, күйеуі колледждегі өз кабинетін қарамағына береді. Он ай бойы тапжылмай жұмыс істеген Гарриет алғашында «Бұйым орнында жүрген адам» атауымен әр біткен тарауын аболиционалистер газеті «Нэшнлэраға» жіберіп отырды. Газет романды апта сайын басып шығарды. Роман газет оқырмандарының бірден ықыласына бөленеді. «Том ағайдың лашығы» деген жаңа атаумен Стоу эзер дегенде бір баспадан шығарады. 1852 жылы қиындықпен шыққан кітап ерлізайыпты Бичер Стоуға орасан зор табыс әкеледі. Бірінші аптада таралымы 10 мың роман жыл аяғында 300 мың данаға жетеді. Бұдан бұрын «Інжілден» басқа бірде-бір кітап АҚШ-та мұндай таралымға ие болмаған екен.

Романның дүбірлеген даңқы Америкадан тыс елдерге тарап, тез арада 37 тілге аударылады. Француз аудармасы бір мезгілде үш газетте жарияланған. Британияда кітап 20 жыл ішінде 1,5 миллион таралыммен 40 баспада басылса, Берлинде «Том ағайдың лашығы» деп көшеге роман атауы қойылған. Еуропада тіпті осындай атаумен дүкендер мен мейрамханалар көбейген. Кітап туралы Жорж Санд, Алфред де Мюссе, Гейне, Тургенев және басқалар жылы лебіздерін жолдады. Бичер Стоудың Еуропаға сапары саяхаттарының салтанатқа ұласады. Лондоннан Шотландияға бет алған Гарриет отырған поезды көру үшін мыңдаған адамдар түнде шағын станцияларда тапжылмай күтіп тұрды.

Кітапты оқыған аме-риқандықтар құлдыққа деген қатынастарын бірден өзгертті. Елдегі қоғамдық көзқарасқа сүйеніп, президент сайлауына түскен Линкольн кезекті жеңісін Бичер Стоудың романымен астастырды. Ол Гарриетті: «осынау үлкен соғысты бастаған кішкене әйел» деп атады. Линкольн армиясының жауынгерлері жол дорбаларына әскери азық-түлікпен бірге, «Том ағайдың лашығы» кітабын аркалап жүрді. Соншалықты серпінді қоғамдық қозғалыс туғызған дәл осындай бірде-бір шығарма американдық әдебиетіндегі бұған дейін де, одан кейін де болған жоқ. Әдеби сында, әдебиеттану ғылымында роман біржақты, үгіттік сипаттағы туынды саналды. Жақсы кітапты сынға алушылар да табылды. Мысалы, 1882 жылы В.Л. Паррингтон: «Ол көркемдік шеберліктің құпиясына соншалықты бойлай алған жоқ. Жазушы әйелдің зор дарындылығына қарамастан, оның әдеби еңбектері сәтсіздікке ұшырады» десе, 20 жылдан кейін ол романды «әлсіз шығарма» деп тағы сынады. Көрнекті ақын негр қызы Ленгстон Хьюз романның басты құндылығы «тартымды сюжеті», «тебіренететін деректері», «нақты мінездемелері», «әзіл араласуы» екенін айта келіп: «бұл кітапқа тамырланған махаббат, жылылық, адамгершілік, міне, жүздеген жылдар бойы Бомбейден Бостонға дейінгі жандарды жақындастырып келеді» деп айрықша бағалады.

Роман жөніндегі талас әлі де толас таппауда. Әртүрлі тұжырымдарды тоғыстыра түйіндеген Д.С. Райнольд «Том ағай-

дың лашығы» – ақиқаттың аз ғана бөлігін жеткізетін сұрқай сентименталдық роман» дей келіп, соғыс алдындағы Америкадағы метафизикалық және әлеуметтік қайшылықтар орасан зор эмоционалдық күшпен таңылған. Мұнда күдік пен сенім, бүлік пен ымыраласу тас-талқан ету ағымдары мен тұрақтылыққа жету аралығындағы тартыс ондаған жылдар бойы американдық реформаторлықтың негізін айқындаған тартыс бейнеленеді» деп жазды. «Американдық ренессанстың тереңінде» кітабында (1988 жыл).

Еркіндік пен құлдық мәселесін Бичер Стоу барлық деңгейде: саяси, экономикалық, адамгершілік, философиялық және діни деңгейде шынайы көрсете білді. Роман бүкіл әлемде қызу пікір туғызды әрі АҚШ-тағы құлдық жүйе өзгертілгеннен кейін де таза аболиционистік романдарды көбейтті. ХХ ғасыр үшін Саймон Ленгрид плантациясы Освенцим мен Актеніз каналы қасіретін қайталаса, қатыгез қадағалаушы Самбо мен Квимбо – зұлымдық пен жазалаудың қанқұйлы бейнесі болып танылды. Бичер Стоу құлдық туралы соншалықты жиіркенішті де жеккөрінішті түрде жазды.

Том тартқан тағдыр тауқыметін талантты суреткер аянышты да айқын айшықтады. Том ағай – қайырымды, қарапайым романтикалық бейне, «қара христос». Ол көркем бейне ретінде Купердің Натти Бампосынан кем түспейді. Ленгри романтикалық зұлымдықтың нағыз бейнесі болса, Кассиси – қара түсті ханым, Кішкентай Ева – күнәсіз, пәк балалық мұраттарының романтикаға жинақтап енгізілген бейнесі. Бичер Стоу кейіпкерлерінің ықпалы У. Фолкнер туындыларында сезіледі. У. Фолкнер автордың шындық жағдайдан ешқандай айғағы болмағанын, тек біреулерден естігенін жазғанын айта келіп: «Алайда бұл салқын рационалдық ойлаудың өнімі емес. Кітап қызуқандылықпен жазылған, ол жазушы жүрегінің жылуымен жылынған. Жазушы әйел өзін толғандырған тарихты ғана айтып берді. Ол өзіне сондайлық қорқынышты, сондайлық қайғылы көрінген жай, сондықтан ол өзіне міндетті түрде жазу керектігін сезінді» деп нақты көзқарасын жеткізді.

Бичер Стоу – сюжет кұрудың керемет шебері. Ол «шаһризадалық әдіс» деп аталатын үлгіні өте қабілетті түрде пайдаланды. Күлкілі әрі қайғылы, драмалық немесе бейтарап, эмоциялық ауқымдағы эпизодтарды кейіпкер тағдырына ортақтастырып, олардың ойын үмітке жетелейді. Шығармадағы қаншама ауыр тағдыр, өткір тартыс, махаббат қасіретін тебіреніссіз оқу мүмкін емес. Толстой «Том ағайдың лашығын» оқып отырып, көзіне жас алыпты. Кейбір қазіргі оқырмандар жазушы мелодраматизмдігімен, сентименталдылығымен, жылатуға әуестігімен есіркегісі келгенмен, кезінде американ оқырмандары жанына жас алып оқыған дүниеге Еуропа емірене елтіді.

«Том ағайдың лашығынан» кейін Бичер-Стоу құлдыққа қарсы тақырыпты жалғастырып, 1853 жылы құжаттық-публицистикалық «Том ағайдың лашығына» апарар кілт» атты зерттеуінде романның шынайылығын дәлелдейтін көптеген деректер келтірген. Сөйтіп оңтүстіктік идеологтар күмәнмен қараған романның ақиқатын айғақ етті. «Дред немесе қарғыс атқыр саз туралы хикаят» романында (1856) Бичер-Стоу Том ағайға балама кейіпкер сомдады. Кейіннен ол Жаңа Англияның әдет-ғұрыптарын сипаттауға ұмтылды. «Священниктің құдаласуы» (1859), «Орр аралынан алынған маржан» (1862), «Олдтаунның байырғы тұрғындары» (1869), «Поганук тұрғындары» (1878) және басқалар. «Священниктің құдаласуы» романында діни зорлық жүйесіне күйрете соққы береді. Шығарма «Том ағайдың лашығындай» американдықтардың ақыл-ойында төңкеріс жасап, олардың санасын сілкінтті.

Жазушының 70-жылдардағы шығармашылық мәнері Уильям Хоуэлстің үлгісіне жақындауының да себебі бар. Мұндағы көтерілген мәселелер: отбасылық өмір, балалар тәрбиесі, әйел еркіндігі. Хоуэллс те осы тақырыптарды көтерген болатын. «Менің әйелім және мен» (1871), «Нәзік билеуші» (1871), «Біз және біздің көршілер» (1875) – Гарриеттің бұл романдары АҚШ-тағы азаматтық соғыстан кейінгі әйел теңдігі үшін қозғалысты жандандыруға ықпал етті.

Бичер Стоудың «Байрон ханымды қорғау жолында» атты кітабы Еуропада болған сапарында, ағылшын ақынынан ажы-

расқан жесіріне танылған түрлі айыптауларға байланысты қоғамдық көзқарасқа қарсылық білдіреді. Американ әдебиетінде ұлттық өмір мен қоғамдық санадағы маңызды мәселелер көтерген автор ретінде Бичер Стоу жетекші орында нық тұрады. Алайда әлем әдебиеті оны «Том ағайдың лашығы» романы үшін мәңгілікке құрметтейді. Өйткені ол бір ғана Америкадағы құлдық қасіретін ащы әшкерелеумен бірге, адам құқығын қорғау мәселесіне әлемнің назарын аударды. Ол – құлдыққа қарсы шыққан қажырлы күрескер ғана емес, азаппен арпалыстағы аналар мен балалар тағдырын жүрек толқытарлық тебіреніспен жеткізген әйгілі жазушы әйел.

Гарриет Бичер Стоудың романын алғаш «Том ағайдың балағаны» тақырыбымен Шәкәрім Құдайбердіұлы аударса, 1950 жылы «Том ағайдың лашығы» атауымен жаңа аудармасы жарық көрді (Еркебай Қойшыбаев). Кітапқа жазушы туралы К. Чуковскийдің мақаласы берілген. Аудармада сол жылдарға тән көптеген кемшіліктер бар. Мәтіндік өзгертулер, автор стилін бұрмалау, сөйлем мағынасын өз түсінік ұғымына сәйкес өзгерткені байқалады. Кейде оқырманға бейтаныс диалектілер енгізген. Ұлттық колоритті де талғамай қолданған. Кейбір тіркестер баламасы түпнұсқадан алшақ. Аудармашы романды өз түсінігімен мазмұндап шыққан. Аударманы кезінде Т. Ахтанов өткір сынады.

Габриэль Гарсия Маркестің шеберлігі

Халықаралық Нобель сыйлығының лауреаты, колумбиялық талантты жазушы, XX ғасыр әдебиетіне «Жүз жылдық жалғыздық» атты тамаша туынды тарту еткен Габриэль Гарсия Маркес 1928 жылы Аркатака атты шағын провинциялық бекетте туды. Жазушы шығармашылығы екі кезеңнен тұрады. Біріншісі 1947-1951 жылдары жарияланған әңгімелері. Бұл әңгімелерімен-ақ қаламгер калың көпшілікке танылып үлгерді. Ол «Көк иттің көзі» деген әңгіменің атауымен топтастырылып, жеке кітап болып шықты. Жалпы жазушы «Жүз жылдық жалғыздыққа» дейін 4 кітап жазған. Оның бәрі де оқып үйрену,

тәжірибе жинақтау негізінде өзіндік рөл атқарған. Алғашқы әңгімелерінің өзінде жазушы көркемдік ойдың қуаттылығымен, сөз саптауындағы ешкімге ұқсамайтын мәнерімен көрінді. 1940-42 жылдары Барранкильдеде иезудтік Сан Хосе мектебінде оқып жүрген кезінде ата-анасынан, поэзия әлемінен сусындаған болашақ жазушы «Хувентуд» атты мектеп газетіне алғашқы шығармаларын жазды. 1943 жылы Сипакирде интернатта оқуын жалғастырумен бірге, әдеби ортада дүниетанымын танытты. Оның әдебиетке құштарлығына колумбиялық поэзия ағымы “Пьедро и Сьело”(“Тас және аспан”) әсерін тигізген. Бұл – 1930 жылдары әдебиетке келген белгілі испан ақыны Хуан Рамона Хименес жинағының атауы. Испандықтар Гарсия Лорка, Рафаэль Альберти, никарагуалық Рубен Дарио, испандық-американдық ақындар Пабло Неруда және Вальеко Валамир суреттерінің көзқарасын қалыптастырып, әдебиетке бағыттады.

Алғашында Г. Маркес драма және өлең жазудан бастайды. Жас кезінде австриялық классик жазушы Ф. Капканың шығармашылығымен танысу тәжірибесінде алғашқы әңгімелерін жазуға ниеттенеді. «Үшінші рет бас тарту» әңгімесі «Эль Эспентадор» газетінде жарияланады. 1947 жылы Боготадағы ұлттық университеттің заң факультетінде оқуға түскен жазушы Достоевский, Толстой, Диккенс, Флобер, Стендаль, Бальзак, Золя тәрізді әлемнің классиктерінің туындыларына ерекше зейін қояды. 1948 жылы «Универсал» газетінде әдеби мәселеге қатысты ой-толғаныстағы очерк жазады. Журналистика жанрларында нағыз әдебиетші екенін танытты. Алғашқы еңбегі «Қаланың мың тұрғындары, біз дағдыланғанбыз» деп аталады. Онда қала тірлігіндегі әскери жағдай, коменданттық сағат әңгімеленеді. Ол газеттік шығармаларын «Септимус» деген бүркеншік есіммен жариялаған. Халық өмірімен, мәдениетімен газет жұмысы барысында терең таныса жүріп, болашақ әңгімелерінің сюжетін әзірлейді. Қысқа новеллалардан бастап, бірнеше әңгіме жазды. Әрине, оған Кафка, Фолькнер, Хемингуэй, Сартр ықпал еткені белгілі.

1954 жылы Маркес Колумбия астанасы Боготаға келіп, «El Espertadeor» гезетінде мақалалар жазады. Ол журналистика-

мен айналыса жүріп, ел өмірімен жақын танысады. Жас журналист Колумбияның қай қиырына іссапармен не саяхатпен барса да, өзін репортаждарында өткір көрсетті. Оның газетте жазғандарын сол кездегі беделді зиялылар мен танымал қаламгерлер оқып, болашақ жазушылық мүмкіндігін байқады. 1955 жылы «Менің басымнан өткендер туралы шындық» очерктер топтамасы жарияланды. Кейіннен бұл серия «Кеме күйреуінде тап болудың әңгімесі» атауымен кітапта жарық көрді. Г. Маркестің мерейін үстем еткен «Жүз жылдық жалғыздығы» 1970 жылдарға таяу Америкадағы жарияланған соң атағы әлемге жайылды. Испан тілді әдебиет тарихында маңыздылығы жағынан Сервантестің «Дон Кихотынан» кейін екінші кітап саналған бұл роман 35 тілге аударылып, жалпы таралымы 30 миллионға жеткен.

Әңгімелерінің тақырыбы ажал, адамның өмірге үміті, соның жолындағы арпалысы. Атасы мен әжесінің, әсіресе әжесі Транкилиана Котестің айтқан аңыздары, әңгімелері оның санасында сақталды. Кейбір оқиға кейіпкерлері «Жүз жылдық жалғыздық» романына енді. Ол бұл романды 20 жылдай жазды. Алғашқы «Үй» романын, сыншылар Фолкнердің «На смертном одре» (1930) романымен ұқсас деп тапты. Тіпті «Жүз жылдық жалғыздық» Фолкнерге еліктеп жазылған деген пікірлер де айтылды. 1982 жылы Нобель сыйлығын алғанда да, ол Фолкнер есімін бірнеше рет атайды. Маркес – сыншы. Ол Луис Харска «Фолкнерді оқи отырып, мен жазушы болуға ұйғардым» десе, кейіннен «Менің басты мақсатым Фолкнерге еліктеу емес, оны күйрету. Оның ықпалы мені күйретті» дегенімен, Нобель сыйлығын алардағы сөзінде оны ұстазы санаған. Оның «Донья Барбара», «Кантакларо», «Канайма» романдарында өзіндік миф виоленция жасаған. Виоленция – нақтылықты түсіндіру. Фантастикалық шынайылық – бұл оның көптеген шығармаларының құрылымдық өзегі. Фантастика мен шындық, оның кітаптарында араласып кеткен. Кейде ойдан құрастырған оқиғалар көрінісі бар. Бірақ, олар шындықтан аулақ емес.

«Жүз жылдық жалғыздық» романы 1967 жылы жарық көрді. Ол ұзақ жылғы табанды еңбектің жемісі. Оның шығармашылық өнерінің ерекшелігі ХХ ғасырдағы батыстың ірі жазу-

шыларынан Джойс, Кафка, Т. Манн тағылым алуы проза мен поэзияны тығыз ұштастырды. Мәселен ол «Патриарх күздері» атты жаңа романын қолға алғанда, 1975 жылы жазылып жатқан жолдар, өлең өлшеміне түспесе екен деп тілеген. «Осенний Патриарха» романын К. Юсуп шартты түрде «Ел ағасының еңкейген шағы» деп аударды.

«Жүзжылдық жалғыздық» баяндау шеберлігімен ерекшеленеді. Г. Маркес бұл романды «болашақ поэзиясы» деп атаған. Мұндағы сөйлемдер прозалық баяндау заңдылығымен құрылған. «Жүз жылдық жалғыздық» адамзат тіршілігінің бастапқы кезеңінен қазіргі уақытты кеңінен қамтыған. Бар дәуірдің философиялық, поэтикалық бірлігін жинақтаған адамзат өмірі туралы туынды. Жазушы Алесь Адамович Г. Маркес адамтанудан адамзаттануға ауысты деген дәл әрі тұжырымды анықтама берді. Роман өмірсүйгіштікке, болмыстың шексіздігіне деген сезімге толы. Жазушының кейінгі кездегі әңгімелері «Жүз жылдық жалғыздықпен» тақырыптас, сарындас болса, басқаларында «Патриарх күзі» романына ұқсайтын тұстары бар. Мәселен ол 1981 жылы жазған «Күні бұрын бізге белгілі бір өлімнің тарихы» повесінде мифтің қалай жасалып, қалай құралатынын керемет көрсеткен. Бұл романды Ш. Айтматов адамдарды біріктіретін роман деп бағалады.

«Жүз жылдық жалғыздық» – жазушыны жас кезінен толғандырған туынды. Халықтық мифологиялық сананың сарындары сезіледі. Бұл – поэтикалық фантастиканың буырқанған стихиялы құбылысы. Бұл роман халықтық болмысты қиял мен ойдағы көркемдікке кестелеген көрінісі. Мұнда отбасылық эпопея негізгі сюжеттік желілерді байланыстырады. Мұнда антикалық әдебиет ықпалы, мифология терең орын алған. Полковник Аурелиана Буэндиа ұрпақтарының тіршілігі мен қасіреті яғни билік алдындағы күйреу арқау болған.

Г.Г. Маркес аударманың қиындығы туралы «мұның өзі өте қиын әрі ең бір қадірсіз және ең жаманы ақы пұлы төмен жұмыс» деген аяушылық ойын білдіріпті.

Қазақ тіліне әлемге әйгілі туындыны “Аударма” баспасының редакция алқасының төрағасы, белгілі жазушы, аударма-

шы, Кенес Юсуп аударды. Аудармашы «Қазақ әдебиеті» газетіне берген сұхбатында «Маркестің «Жүз жылдық жалғыздығын» аударуға қазақ тілінің күш қуаты, күдіреті жетпейді» деген сөз мені қайрады. Жазушының көркемдік шеберлігін, шығармашылық биігін игеріп, ділін, тілін меңгеру қажет болды. Колумбияның жұртына, салт-дәстүрлеріне, ең ақыры табиғатына дейінгі көптеген дүниелерді, Маркес туралы жазылған шығармаларды оқуыма тура келді. Нәтижесінде жұртшылық күткендей жасауға қол жеткіздім деген ойдамын» депті. Романның стильдік күрделілігін, композициялық құрылымдық ерекшелігін зерттеп, түсінікті, еркін тәржімелеген.

ҚОРЫТЫНДЫ

Әлем әдебиеті алып бәйтерек іспетті. Сан-салалы мәдениеттер мен тілдер тоғысында үнемі жаңаланып отырады. Тамыры тереңге таралған. Елдер мен мемлекеттердің өзара мәдени қарым-қатынасы нәтижесінде аударма ісі де дамып, жаңа биікке көтерілуде. Аударма әр ғасырда мәдениет кеңістігінде сөз мүмкіндігін көрсетті. Жазу мәдениетінің кеңінен дамуы, кітаптардың шығарылуы, таралуына байланысты қоғамдық өмірде әдебиеттің рөлі артты. Көркем әдебиеттің елдер арасында кеңінен таралуы халықтарды өзара жақындастыруға, ұлттық құндылықтарды сақтап, жинақтауға, т.б. сан-салалы істерге зор ықпалын тигізді.

Аударма арқылы халықтар бір-бірімен етене жақын араласумен бірге, мәдени құндылықтарды меңгеріп, игіліктерін де көрді. Мұны біз ежелгі антик әдебиеті тарихынан да, ежелгі Рим ойшылдары, ақын-жазушылары шығармаларынан да көз жеткізе аламыз.

Антик әдебиеті – бай да дәстүрлі әдебиет. Бірақ әлі қазақша толық әрі жүйелі аударылмаған. Шынайы, таза өмір шындығын көрсеткен драмалардың құндылығы зор. Олардың кейбіреуі әлі күнге көптеген мемлекеттерде театр репертуарынан түспеуде. Ежелгі грек, сак мәдени байланыстары да соңғы кездері жаңаша зерттелінуде. Аристофанның комедиялары мен Софоклдің, Эврипидтің т.б. драматургтердің шығармалары тіршіліктің алуан мәселелерін камтиды. Осынау драмаларда адамгершілік мұраттары айқын орын алумен бірге, кейіпкерлер диалогтарында даналық ой-тұжырымдар түйінделіп оны нақтылай түседі.

Гомердің «Одиссеясы» мен «Илиадасы» әлемнің бірқатар елдерде зерттелінген. «Одиссеяның» біздің «Алпамыс батыр» эпосымен ұқсастық жақтары да зерттелуде. Эзоп мысалдарының маңыздығы өзінен кейін әлемнің әр елінде осы жанрдың дамуына ықпал етуінде.

Ежелгі Рим әдебиеті де алдыңғы антик әдебиетінің бай үлгілерінен өзінен қажеттісін сіңіре білді. Ол өз кезеңінде, одан кейін де Еуропа елдерін мәдениетінің жаңаша өзгеруіне қуатты серпін берді.

Вергилий, Овидий еңбектерінің құндылығы әлі өз биігінде. Ежелгі грек және Рим әдебиетінің асыл қазыналарын тәржімалау арқылы Еуропа, АҚШ басқа елдер өз әдебиетінің мықты іргетасын қалады. Аталған елдердің әдебиетін дамытуға еңбек сіңірген акын-жазушылардың жекелеген шығармалары қазақ тіліне әр жылдары аударылғанымен, жеткілікті деңгейде талданған жоқ.

Еуропа әдебиетінің (батысы мен шығысының) өзара ықпалдастығы көптеген зерттеулерге өзек болғанымен, олардың қазақша аудармалары енді саралана бастады. Әлі аударылмаған қаншама кітаптар бар. Бірақ олардың ішінен оқырманға ең қажеттісін және біздің ұлттық ерекшелігімізге жақынын аудару тиімді болар еді. Кеңестік кезеңде көркем аудармаға мемлекеттік деңгейде көңіл бөлінді. Бірқатар шетел классикасының таңдаулы туындыларының тәржімалануы ұлттық қазынамызды толықтырды. Ежелгі антик және Рим акындарының, драматургтерінің шығармаларын екшеп, аудару – қазақ әдебиетінің басты міндеттерінің бірі. Ағылшын және американдық әдебиеттері қазақ тіліне басқа елдер әдебиетіне қарағанда неғұрлым көп аударылды. Кейбір кемшіліктерге қарамастан аудармалар сапалы жасалды. Бұл аудармалар дипломдық жұмыстарда, магистрлік диссертацияларда сарапталып, талданып, бағалануда.

Американдық әдебиеті түрі мен жанрлық ерекшелігі жағынан бай болумен бірге, әр кезеңде ұлттық өмірді шынайы суреттеуімен де маңызды. Орыс тіліне мол әрі жиі аударылғанымен, қазақ тіліне толық тәржімаланбады. Кезінде қазақ аудармашыларының мүмкіндігі деңгейінде ғана аударылды. Басқа халықтар әдебиетіне қарағанда шетелдік әдебиеттің едеуір мол аударылуы кеңестік идеологияның әдебиетті басты құралы санап, мемлекеттік оған зор көңіл бөлуімен байланысты. Бізде Оңтүстік Америка елдерінің шығармалары сирек тәржімаланған. Г. Маркес, Х. Борхес, П. Коэльоның жекелеген туындылары және Куба әдебиеті болмаса, Бразилия, Аргентина, Мексика, Чили т.б. халықтар әдебиеті оқырмандарға жете таныстырылған жоқ. Бұл елдер әдебиетін түпнұсқадан тікелей

аудару тәжірибесін жүзеге асыру уақыты келді. Сондай-ақ ағылшын және американ әдебиетіндегі классикалық шығармаларды оқырман талғамына лайықтап, түпнұсқалық тілде тура тәржімалау дәстүрге енуі қажет. Француз, испан, итальян, чех, болгар, поляк, венгер т.б. халықтар әдебиетінен кеңестік кезеңде белгілі бір әдеби күндерге, атақты ақын-жазушылардың мерейтойына қатысты жекелеген кітаптары немесе туындылардың үзінділері, өлең топтамалары ғана іріктеліп аударылды.

Ағылшын, американ, неміс әдебиеттері сатылы жүйеде қазақшаланды. Неміс, француз, ағылшын тілінен сирек те болса шығармалар тікелей тәржімеленді. Бірқатар шығармалардың әлі күнге дейін оқырман қызығушылығын туғызуы аудармашылардың тәжірибелігі мен таланттылығына байланысты. Бір монографияда барлық аударылған шығармаларды толық талдап, нақты бағалау мүмкін емес. Шетелдік ақын-жазушылар шығармаларының аудармаларын лингвистикалық әрі филологиялық талдау дипломдық және магистрлік, докторлық жұмыстарда қарастырылады. Монография көлеміне, ықшамдылығына байланысты, аудармаларды аударматану ғылымының барлық заңдылықтарымен жүйелі талдау жалғастырылады. Жекелеген әлем әдебиетіндегі әйгілі классиктердің шығармаларын түпнұсқамен салыстыра, салғастыра отырып, жан-жақты аударма теориясы ережелерімен талдап, зерттеу – болашақ зерттеушілердің ісі.

Әлем әдебиетінің көркем аудармасы – үздіксіз жалғаса беретін үдеріс. Ол әдебиет өмір сүрген кезеңде еш үзілмейді. Қазіргі уақытта әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да аударма ісі бөлімінде ағылшын, американ, неміс әдебиетінің аудармаларын орысшасымен ғана емес, түпнұсқасымен салыстыра саралап дәстүрлі түрде жалғасуда. Бұл көркем аударманың дәлдік, сәйкестік, баламалық әрі прагматикалық, т.б. теориялық мәселелерін айқындап айқындауға мүмкіндік беруде.

ӘДЕБИЕТТЕР

Антикалық және ежелгі Рим әдебиеті

1. Тудоровская Е. Грек сұрапылы және оның батырлары. – А.: Жазушы, 1974.
2. Эзоп пен Толстой 17 мысал Аударған Қырбаласы Мембас, 1925.
3. Эзоп мысалдары. Аударған О. Тұрманжанов. – А., 1962.
4. Эзоп мысалдары. Аударған С. Акатаев. – А., 1972.
5. Эллада ерлері. Аударған Т. Әбдіков, – А.: Жалын, 1979.
6. Тудоровская Е.А. Ежелгі Грекия мифтері мен аңыздары. – А.: Мектеп, 1980. – 504 б.
7. Античная литература / под ред. проф. А.А. Тахо-Годи М. Просвещение, 1980.
8. Чистякова Н.А. Эллинистическая поэзия. – Л., 1989.
9. Античная басня. – М. Худ.илт, 1991.
10. Еврипид. Медея. Елена. Троя арулары. – А.: Жалын, 1986.
11. Еврипид. Трагедия. – М.: Искусство, 1980.
12. Ежелгі Грекия мифтері мен аңыздары. – А.: Мектеп, 1980.
13. Эсхил. Бұғаудағы Прометей. Трагедия. – А.: Жалын, 1975.
14. Одиссейдің бастан кешкендері кара сөзбен әнгімелеген Е.А. Тудоровская, орыс тіліне аударған А. Сейдімбеков, – А.: Жазушы, 1974.
16. Античная литература Греций. Хрестоматия. – М.: Высшая школа, 2002.
17. Радциг С.И. История древне греческой литературы. – М.: Высшая школа, 1992.
18. Анпеткова – Шарова. Античная литература. – Л., 1989.
19. Античная культура: литература, театр, искусство. – М., 2002.
20. 8. Эсхил Трагедии. Античная драматургия. – М.: Искусство, 1978.
21. 9. Публий Овидий Назон. Наука любви. Элегии и героиды. Перевод с Латинского. – Новосибирск, 1990.
22. 10. Софокл. Трагедии. – М.: Искусство, 1979.
23. 11. Овидий Публий Өлендер (Орысшадан аударған: К. Мырзалиев). – Астана: Аударма, 2002.

Ағылшын әдебиеті

1. Аникин Г.В., Михальская Н.П. История английской литературы. – М. Высш. шк. 1975. – 528 с.
2. Клименко Е.И. Традиция и новаторство в английской литературе. – Изд. Лен. университета, 1961.

3. Урнов М.В. Веки традиции в английской литературе. – М.: худож. лит., 1986.
4. Гражданская З.Т. От Шекспира до Шоу. – М.: Просвещения, 1992.
5. Д.М. Урнов Робинзон и Гулливер. – М.: Изд.Наука, 1973.
6. Джонатан Свифт. Сказка бочки, Путешествия Гулливера. – М.: худ. лит., 1970.
7. Даниель Дефо. Робинзон Крузо. История полковника Джека. – М.: худ. лит., 1970.
8. Даниель Дефо. Робинзон Крузо I-II том. Ауд. А. Құлыбеков. – Алматы, 1952.
9. Джонатан Свифт Гулливердің саяхаттары / ауд. С. Ишанов. – Алматы, 1951.
10. Шекспир В.Тандамалы I-т. – А.: Жазушы, Шекспир В. Тандамалы драмалары, сонеттері, 1981. II-т. – А.: Жазушы, 1982.
11. Шекспир В. Избранные произведение. – М.: Худ. лит., 1952. Перевод С. Маршак (сонет), Б. Пастернак, Т. Щепкина – Куперник.
12. В.Скотт Айбынды батыр Айвенго. Роман 2-басылым / ауд. Ә. Атығаев. – Алматы, 1981.
13. Хескет Пирсон, Вальтер Скотт. – М.
14. Дж.Диксон Карр, Хескет Пирсон. Сэр Артур Конан Дойль. – М.: Книга, 1989.
15. Зарубежная литература. Воронеж. «Родная речь» 1994. От Эсхила до Флобера.
16. Ю.Д. Левин Восприятие английской литературы в России. Исследования и материалы. Ленинград «Наука» Ленинградское отд. 1990. – 288 с.
17. Олдингтон Р. Стивенсон. Портрет бунтаря. – М.: Книга, 1985.
18. Редьярд Киплинг. Восток есть Восток. – М.: худ. лит., 1991.
19. Карр. Джон Диксон Жизнь сэра А.К. Дойль. – М.: Книга, 1984.
20. Скуратовская Л.И. Творчества Диккенса. – Днепропетровск, 1969.
21. Урнов М.В. Неподражаемый Ч. Диккенс – издатель и редактор. – М.: Книга, 1990.
22. Честертон Гильберт. Чарльз Диккенс. – М.: Радуга, 1982.
23. Дубашинский И.А. Вильям Шекспир. – М., 1978.
24. Р. Нұрғалиев Шекспирдің қазақша тұңғыш аудармасы «Гамлет» ҚазССР ҒА хабарлары. – А.: Ғылым, 1971.
25. Икрамова Р.Т. Драматургия В. Шекспира в переводе казахско-советских писателей. Канд.дис, – А., 1987.
26. Великий романтик Байрон и мировая литература. – М.: Наука, 1991.

27. Дубашинский И.А. Джордж Г. Байрон. – М.: Просвещение, 1995.
28. Нефесов М. Даниель Дефо. – М., 1960.
29. Урнов М. Дефо М. Мол гв. «ЖЗЛ», 1978.
30. Диккенс Ч. Собрание сочинений. – М.: худ. лит., 1957-60 г.
31. Катарский И.М. Диккенс. – М.: худ. лит., 1960.
32. Морозов М. Избранные статьи и переводы. – М.: худ. лит., 1954.
33. Смирнов А.А. Шекспир. Изд. «Искусство». – М., 1963.
34. Пастернак Б. Заметки и переводам Шекспировских трагедии. – М., 1956.
35. Шекспир В. Полное собр сочинений. В 8 томах Т-1. 3-110с. – М. – Л., 1937.
36. Шекспир В. Полное собр. сочинений 1886. А.И. Островский Усмирение своенравной.
37. Полное собр. сочинений. В. Шекспира «Укрощение строптивой». – СПб, 1899.
38. Реизов Б. Шекспир в мировой литературе. – М. Л.: худ. лит., 1964.
39. Аникст А.А. Творчество Шекспира. – М.: худ. лит., 1963.
40. Урнов И.В, Урнов Д.М. Шекспир его герой и его время. – М.: Наука, 1964.
41. Шведов Ю. Трагедия Шекспира» «Отелло». – М.: Высшая школа, 1969.
42. Әбдірахманов С. «Эдуард де Вэр» немесе «шын Шекспир» //Егемен Қазақстан, 2000.
43. Чуковский К. Высокое искусство. – М.: Сов. писатель, 1988.
44. Динамов С. Зарубежная литература. – М.: худ. лит., 1960.
45. Кашкин И.А. «Эрнест Хемингуэй. Критико-биографический очерк». – М.: худ. лит., 1966.
46. Джек Кайли: Таким я его знал. (Перевод В.В.Кузнецова Лен/д, «Васильевский остров», 1991.
47. Грибанов Б. Эрнест Хемингуэй: Герой и время.
48. Старцев А. От Уитмена до Хемингуэя. – М., 1981.
49. Уитмен У. Листья травы. Перевод с английского. – М.: худ. лит., 1982. – 495 с.
50. Макаатаев М. Уолт Уитмен. – Алматы: Жазушы, 1969. – 68 б.
51. Литературные связи и проблемы взаимовлияния, межвузовский сборник. Изд. ГГУ. Горький, 1986. – 116 с.
52. Мендельсон М. Марк Твен «Жизнь замечательных людей». – М.: Молодая гвардия, 1964.
53. Марк Твен. Ознакомьтесь с биографией претендента. – М.: Правда, 1985.

54. Марк Твен. Приключения Гекльберри Финна. – М.: Детская литература, 1962. Перевод с английского Н. Дарузес.

55. Марк Твен. Гекльберри Финнің басынан кешкендері. Екінші басылуы. Орысшадан аударған Мұса Дінішев. – А.: Жазушы, 1967.

56. Марк Твен. Романы, рассказы, статьи, речи. Избр. произв. Т-1 Гос. из. Художественная литература. – М., 1953.

57. Твен Марк. Үміткердің өмірбаянымен таныс болыңыздар: (орысша ықшамдап аударған Т. Ахметов. – Оңтүстік Қазақстан, 1985 17 тамыз).

58. Твен Марк әңгімелері (аударған Әбен Сатыбалдиев) Жазушы, 1968.

59. Твен Марк Избранные произведения Т-1 Переводы с английского. – М.: худ. лит., 1953.

60. Дж.Гревельян. История Англии от Чосера до королевы Виктории. – Смоленск, «РУМЧ», 2002.

61. Козаровецкий В. Возможен ли перевод сонетов Шекспира? Литература учеба. № 1 январь-февраль, 2009.

62. Неупокоева И.Г. Общие черты европейского романтизма // Европейский романтизм. – М.: Наука, 1973. №2 март-апрель. (Маршак және қазіргі аударма).

63. Дубашинский И.А. Джордж Гордон Байрон. Биография писателя. – М.: Просвещение, 1985. – 144 с.

64. Зарубежная литература. – Воронеж: Родная речь, 1994.

65. Федоров А.А. Зарубежная литература XIX – XX веков, – М. 1989.

66. Агата Кристи. Әңгімелер. – А.: Жазушы, 1991. (Ағылшын тілінен аударған Ә. Ахметов.

67. Лондон Дж. Тандамалы әңгімелер / ауд. Б. Омаров. – А., Казембас 1960.

Американ әдебиеті

1. История литературы США. т. 1.2. – М.: Наследие, 1997.

2. Мендельсон М. Современный американский роман. Песнь о

3. Лонгфелло Г.У. Гайавата. М. Поэмы. Стихотворение. – М.: худ. лит., 1987.

4. Новиков В.И. Вчитайтесь в «Песнь о Гайавате». – М.: Знание, 1982.

5. Ронгонен Л.И. Г.У. Лонгфелло и его поэма «Песнь о Гайавате». – М.: Высшая школа, 1982.

6. Тугушева М.Т. Бичер-Стоу. Хижина дядя Тома. – М., 1983.

7. Земсков В.Б. Габриэль Гарсиа Маркес. Очерк творчества. – М.: худ. лит., 1986.

8. Американская литература. Краткая информация Изд. Информ агентство. – США, 1994.
9. История американской литературы. Под.ред. проф. Н.И. Самохвалова. Уч.пособие. Ч 1,2, – М. Изд.Просвещение , 1971. (2 кітап)
10. Засурский Я.Н. Американская литература XX века. Изд. – Московского университета, 1966.
11. Лидский Ю.Я. Очерк об американских писателях XX века. Изд. «Наукова Думка». – Киев, – 1960.
12. Мендельсон М. Жизнь и творчество Уитмена. – М.: Наука, 1969.
13. Чуковский К. Мой Уитмен. – М.: Прогресс, 1966.
15. Эдгар Аллан По. Собр. Сочинений в 4-х т. Т. 1. – М.
16. Аллан Герви. Эдгар По. – М.: Деловой центр.
17. Американская литература. Проблемы романтизма и реализма. Краснодар, 1975.
18. С. Иванько Фенимор Купер “ЖЗЛ” М.: Молодая гвардия, 1990.
19. Садагурский А.С. Джек Лондон: Время, идей творчество, – Кишинев, 1978.
20. Богословский В.Н. Джек Лондон. – М., 1985.
21. Балтроп Роберт Джек Лондон человек, писатель,
22. Стоунг Ирвинг Моряк в седле. – М.: Книга, 1987. Балтроп - Роберт Джек Лондон: человек писатель, бунтарь
23. Богословский В.Н. Джек Лондон. – М.: Просв, 1964.
24. Стоун Ирвинг. Моряк в седле. – М.: Книга 1987.
25. Джек Лондон Полное соб.соч Т 10.
26. Джек Лондон Сочинения в семи томах. Т1-II рассказы. Гос Изд. худ лит., – М., 1954.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
I. Ежелгі Грек және Рим әдебиеті, аудармалары	6
Ежелгі грек әдебиетінің тарихы	6
II. Ағылшын әдебиеті және қазақша аудармалары	61
Ағылшын әдебиетінің тарихы және даму кезеңдері	61
III. Американдық әдебиеті және аударылу кезеңдері	216
Американдық әдебиетінің даму тарихы	216
ҚОРЫТЫНДЫ	346
ӘДЕБИЕТТЕР	349

Ғылыми басылым

Тараков Әнуар Сауатұлы

**ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІ ЖӘНЕ
КӨРКЕМ АУДАРМА**

Автордың редакциясымен шығарылды
Компьютерде беттеген *А. Қалиева*
Мұқабасын көркемдеген *Р. Шанғараев*

Мұқабаны безендіруде колданылған суреттер сайты luxfon.com

ИБ №7508.

Басуға 16.09.2014 жылы кол қойылды. Пішімі 60x84^{1/16}. Көлемі 22,18 б.т.
Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №1749. Таралымы 100 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.

Жиекбаева А.Б. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің терминденуі. – 2014. – 168 б.

ISBN 978-601-04-0660-5

Монографияда ұлттық терминдер жүйесін жасаудағы көздердің бірі – араб, парсы тілдік бірліктерінің терминжасамға қатысты мәселелері қарастырылады. Еңбекті араб-парсы-қазақ тілдерінің салғастырмалы грамматикасы курсы, қазақ әдеби тілінің тарихы, терминтану сияқты теориялық курстардан дәріс оқуда пайдалануға болады. Еңбек тілші-ғалымдарға, ізденушілер мен студенттерге арналған.

Қарабаева Х.Ә. Қазақ тілі: тіл ұстартуға арналған оқу құралы. – 2-басылым. – 1-2 бөлім. – 2014. – 148 б.

ISBN 978-601-04-0651-3

Оқу құралы тілді үйретудің халықаралық стандарттарына сай белгіленген В2 деңгейі бойынша ЖОО-да қазақ тілін оқып үйренуге арналған.

Оқу құралында қамтылған мәтіндер танымдық-тәлімдік мәнімен ерекшеленеді. Жаттығу-тапсырмалар мәтіннің лексика-грамматикалық құрылымын меңгеруге бағытталған.

Молдабеков Ж. Шешендік: оқу құралы. – 2014. – 380 бет.

ISBN 978-601-04-0655-1

Оқу құралында шешендік сөз өнерінің, өзін танытудың өрнегі, тарихия-идеялық негіздері, оның шығыстық, батыстық, өлкелік, ұлттық түрлері қарастырылған. Қазақ әдебиеті мен мәдениетіндегі шешендік өнерге арнайы танымдық-философиялық және қолтаңбалы тұрғыдан талдау жасалынған. Шешен өнеріндегі тіл, діл, дін арақатынасы, қазақ шешендігіндегі идеялық айтыс-тартыстар, тұлғалық ой жарысы, тілдесудің қисыны, сұхбаттасу және үнқату мәселелері де зерделенген. Шешендік – білім түрі, тәрбие тәсілі, өнер тілі, сондай-ақ адамды тәрбиелеудің құралы, ұлттық мәдениетті жетілдіру жүйесі ретіндегі орны талданған. Сонымен қатар типтік бағдарлама, өзіндік дайындық сұрақтары, әдебиеттен қысқаша үзінділер, тесті сұрақтары ұсынылған.

Антология русскоязычной литературы Казахстана: монография / Б. Дждолдасбекова, Н. Томанова, Ж. Баянбаева, А. Азизова, К. Таттимбетова. – 2014. – 272 с.

ISBN 978-601-04-0688-9

В монографии собран и систематизирован материал, позволяющий понять хронологические и качественные границы русскоязычной литературы Казахстана, познакомиться с биографией, периодами творческого пути и поэтикой прозы писателя, определить место писателя в современном литературном процессе Казахстана XX-XXI веков. Одним из важных достоинств «Антологии русскоязычной литературы Казахстана» является насыщенность информацией, необходимой

при изучении литературы Казахстана. Авторским коллективом учтены все требования к подобного рода изданиям, использован энциклопедический, критический, исследовательский материал.

Жанабаев К. поэтическая система произведений жырау XV-XVIII веков: к начальным основаниям художественного перевода. – 2014. – 260 с.

ISBN 978-601-04-0653-7

В монографии прослеживаются закономерности формирования жанра, стиля и поэтической системы лиро-эпических произведений жырау XV-XVIII веков. Эти закономерности предстают как важнейшие начальные основания («первичные трансформации» всех уровней текста) всей художественной системы жырау и имеют ключевое значение как для исследования, так и для поэтического перевода их произведений с казахского языка на русский: точный способ их передачи – актуальная задача современного перевода.

Кітаптарды сатып алу үшін «Қазақ университеті» баспа үйінің сату және маркетинг бөліміне хабарласу керек. Байланыс тел: 8 (727) 377-34-11. E-mail: baspa@kaznu.kz, сайт: www.read.kz, www.magkaznu.com